

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА**

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«XVII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ
«XVII САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

ТОМ 16

**ПАВЛОДАР
2017**

ӘОЖ 378 (063)
КБЖ 74.58
Ж 33

Редакция алқасының бас редакторы:

Өрсариев А.А., с.ғ.д., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

Жауапты редактор:

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

Редакция алқасының мүшелері:

Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.И., Бексейітов Т.Қ., Испулов Н.А., Кислов А.П., Күдерин М.Қ., Свицерский А.К., Тоқтағанов Т.Т., Эрнзаров Т.Я.

Жауапты хатшылар:

Ажаев Г.С., Айгужинова Д.З., Акильжанов Р.Р., Альмишева Т.У., Андреева О.А., Антикеева С.К., Байдрахманова М.Г., Бектуров К.Б., Бергузинов А.Н., Богомоллов А.В., Дубинец Н.А., Еликпаев С.Т., Ельмуратов Г.Ж., Ельмуратова Б.Ж., Жақсыбаев Д.О., Жаябаева Р.Г., Камшибаев Ж.Ж., Карипжанова Г.Т., Ленков Ю.А., Молдакимова А.С., Мусабекова Н.М., Мусаханова С.Т., Рахметова А.М., Самекин А.С., Сарсембаева Г.А., Титков А.А., Ткачук А.А., Толужанова А.Т., Туганова Б.С., Туртубаева М.О.

Ж 33 «Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «XVII Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2017.

ISBN 978-601-238-587-8
Т. 16 «Жас ғалымдар». – 2017. – 547 б.
ISBN 978-601-238-745-2

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 378 (063)
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-238-745-2 (Т. 16)
ISBN 978-601-238-587-8 (общ.) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2017

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, с.ғ.д., А. Өрсариевтің алғы сөзі

Қымбатты қонақтар мен конференцияға қатысушылар!

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті жыл сайын игі дәстүрден жаңылмай, «XVII Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференциясы аясында жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының басын қосып келеді.

2001 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Сәтбаев оқуларының» мұраты: қазақтың бағына біткен біртуар ғалым Қаныш Сәтбаевтың еңбегін жастарға таныту, аманат ету.

Қ. И. Сәтбаев – туған халқының нұрлы болашағы үшін білімнің күдіреті арқылы күресе білген бірегей тұлға. Қазақ ғылымының қарашаңырағы Ұлттық академиясында қыруар ғылыми зерттеулер жүргізді. Ол кісі соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезеңде қазақ Академиясын өзі бас болып құрып, ғылымның бастауында тұрды.

Қазақстан ғылымы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі қастерлі де қымбат. Жасынан зеректік танытқан Қаныш аға өзінің бар ғұмырын ғылымға арнау туралы шешім қабылдағанда ол тек биік мақсаттарды көздеген еді. Қазақстанда геология мектебін қалыптастырып, жер асты қазба байлықтарын ел игілігіне жаратуы, осы салада көптеген ізбасар шәкірттерді тәрбиелеп шығуы өз алдына бір төбе. Жалғыз геология ғана емес, басқа ғылым салалары бойынша да талай азаматтардың ізденіс жолына түсіп, ғалым болуына өзінің ағалық және әкелік қамқорлығын көрсетті. Оның бүкіл өмір жолы, еліне сіңірген еңбегі, жасаған қызметі кейінгі жастарға үлгі-өнеге болды.

Жастарды ғылымға баулып, білімін шыңдау – біздің парыз. Оқу ордамызда он жетінші мәрте өткізіліп отырған халықаралық ғылыми конференция Қаныш Сәтбаевтай асыл ағамыздың із басарларына даңғыл салып, ғылымдағы игі дәстүрлерді жаңғырта түседі деген сенімдеміз. Өңіріміздегі білімнің қарашаңырағы – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қашанда дарынды да білгір, зияткер де қабілетті жастарды қолдауға асық.

Уважаемые участники конференции!

Поздравляю вас с открытием международной научной конференции молодых ученых, магистрантов, студентов и школьников «XVII Сатпаевские чтения»!

Примечательно, что традиционно конференция проходит в стенах нашего вуза в канун дня науки.

Имя Каныша Имантаевича Сатпаева, великого казахского ученого, из года в год дает особый импульс для становления и развития наших молодых ученых, студентов, школьников. Это очень важно для нашего университета, ведь именно здесь сосредоточена региональная научная и творческая мысль нашего региона.

Ученый всегда ставил на главенствующее место, помимо, несомненно, науки, – нравственность, образование, культуру. Это те столпы, на которых основывается сейчас стратегия деятельности нашего государства. И наш университет самым фактом проведения подобных научных конференций показывает, что дело Сатпаева живет: все мы – организаторы, участники – вносим посильный вклад во многие аспекты, обозначенные в научной деятельности нашего земляка.

Самым упорным и целеустремленным из вас завтра предстоит стать продолжателями великого дела великого академика Каныша Сатпаева – дела, направленного на благо всего человечества.

Для многих этот день запомнится первой победой, а для кого-то – станет первой попыткой, «пробой пера», в будущей череде научных побед и открытий. Но одно то, что вы находитесь сейчас в этом торжественном зале, уже говорит о вас как о победителях!

Я твердо убежден в том, что в будущем вы пойдете по пути науки и просвещения.

Это тяжелый, но благородный путь, на котором я от всего сердца желаю вам удачи и настойчивости!

**С. Торайғыров атындағы ПМУ
ректоры, с.ғ.д. А. Өрсариев**

1 Адам потенциалының жағдайы мен дамуы 1 Состояние и развитие человеческого потенциала

1.1 Интеллектуалды және мәдени-рухани даму 1.1 Интеллектуальное и культурно-духовное развитие

1.1.5 Әдебиет және филологияның өзекті мәселелері 1.1.5 Актуальные вопросы литературы и филологии

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕР

АБДРАХМАНОВА Г. С.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, «Сарышығанақ ЖББМ» КММ, Ақсу қ.

Біздің елімізде қазақ тілі мемлекеттік тіл. Соған орай оқу орыс тілінде жүретін мектептерде егемендік еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілін оқыту өмірлік зор маңызға ие.

Орыс мектептерінде қазақ тілі сабағының білімдік дәрежесі бүтіндей басқа. Өйткені, орыс сыныптарындағы қазақ тілін оқытудың әдісі де, оған қойылатын талаптары да өзгеше. Мақсаты – оқушыларды қазақша сөйлей білуге үйрету болады да, сол сөздерден сөйлем құрау үшін грамматикалық ережелер, анықтамалар сөз үйретудің техникасы ретінде қарастырылады.

Қазақ тілі сабағы әрі тартымды, әрі қызықты, әрі сапалы болуы әр пән мұғалімдерінің өзіне, білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне байланысты. Оқу-тәрбие негізі – сабақ. Сондықтан сабақ тартымды, әсерлі, мақсатты, айқын, қызықты және толық мәнді болуы тиіс. Ол-сонымен бірге басқа ұлт балаларына қазақтың әдебиеті мен мәдениетін, ғылымын, өнерін насихаттайтын пән.

Оқытушы сабақты дұрыс жоспарлап, мақсатын нақты белгілеп алмайынша дегеніне жете алмайды. Сабақтың мазмұнын, құрылысын, дәлдігін, жұмыс жүргізу тәсілін мұқият ойластыруы қажет. Сабақты жоспарлауға қандай негізгі талаптар қойылады. Олардың жобасы төмендегідей:

1 Оқушылардың сабаққа бар зейінін аударып және ықыласпен, ынта-жігермен тыңдауын ұйымдастыру.

2 Сабақтың тақырыбына сай мақсатын нақтылай білу.

3 Мұғалімнің материалды жеткізу шеберлігі, сезімі, тиімді әдіс-тәсілдері.

4 Көрнекі құралдардың нақтылығы, әсерлігі, мазмұндылығы.

5 Жағдаяттары өмірмен байланыстылығы, баланы ойлантуға, сөйлетуге, ықпалы етеді

6 Топпен, жеке оқушымен жұмыстың жандылығы, әртүрлігі.

7 Оқушылардың алдына проблема қойып, оны ізденіске бастау.

8 Оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыратын өз бетінше жұмыс беру.

9 Бағалау, оның тәрбиелік мәні.

10 Үй тапсырмасы уақытында түсіндіріп, үлгісін беру.

11 Осылардың ең бастысы-сабақтың жүйелігі [1, с. 76].

Мұғалімнің іскерлік сапасына төмендегідей талап-міндеттер қойылады:

– Сабақтың мақсаты айқын болуы.

– Материалды жан-жақты әрі түсінікті баяндауы.

– Басты мәселені бөле көрсетуі.

– Аудиторияны пәнге қызықтыру.

– Мәселе қозғап, пікір-сайыс туғыза білу.

– Сөйлеу мәдениетінің тартымдылығы, сөздерді анық айтуы.

– Алған материалдардың өмірмен байланысты, әрі тәрбиелік мәнінің маңызды болуы.

– Оқушылардың еркін жұмыс істетуі.

– Сабақта дидактикалық материалдардың жеткіліктілігі.

– Көрнекі құралдардың барлығы.

– АКТ- ны қолданылуы.

– Үйге тапсырма уақтылы, әрі дұрыс берілуі.

– Оқушылардың қателері дер кезінде түзетіліп отыруы.

– Бағалау нормалары сақталып, әділ бағалануы.

Әр сабақта осыларға қоса педагогикалық, психологиялық физиологиялық, гигиеналық талаптар қарастырылады.

Сабақты жоспарлағанда оқыту, үйрету, тәрбиелеу, дамыту шарттарын ескеруіміз керек.

1 Оқыту, яғни білім беру мақсаты. Ғылыми-теориялық жағынан не айтуға тиіспіз. Ол қандай мөлшерде, қалай қабылдануы керек.

2 Үйрету. Осы білгенін оқушы практикада қолдана ала ма. Ережеге байланысты тапсырманы оқушы қиналмай орындауы керек.

3 Тәрбиелеу. Ендігі бір жауапты кезең–тәрбиелеу, екінші әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушыларды көптеген қасиеттерге, имандылыққа, шеберлікке, еңбекке, тапқырлыққа тәрбиелеу.

4 Дамыту оқушылардың логикалық ойлауын қамтамасыз ету. Ой-өрісін шындай отырып, өмірге көзқарасын қалыптастыру. Бойындағы өнерін танып, бағыт-бағдар беру. Ғылымға қызықтыру.

Оқушыға беретін тапсырмаларда дәлелдейтін, түсіндіретін, пікірмен келісетін, келіспейтін, ұсыныс енгізетін, сын көзбен қарайтын, бір сөзбен айтқанда, баланы жан-жақты ойландыратын жұмыстар болуы керек [2, с. 112].

Оқушылардың сапалы білім алуына, сол пәннен алынатын міндетті білім дағдыларын меңгеруіне дұрыс бағытта жол ашу үшін, әр пән оқытушысы сол пәннің өзіне тән ерекшеліктеріне, сол пәнге тән оқытудың принциптеріне баса көңіл бөлгені жөн. Оқу орыс тілінде жүретін сыныптарда өзіне таныс емес тілдің дыбыстық құрамын, дыбыстардың айтылу нормасын, дыбыстық заңдылықтарын, оның грамматикалық құрылысын игеруге, ойын еркін жеткізуге, басқаның сөйлеуін түсінуге, жеткілікті дәрежеде сөздік қорын меңгеруге тиісті және қазақша сөйлеуге жаттығып, қазақ тілінде қарым-қатынас жасай алуы қажет. Тыңдаушыны мұндай дәрежеге жеткізу үшін, оқытудың өзіндік тәсілдері мен амалдары, жолдары бар. Сондықтан оқыту әдістемесі бұрыннан қалыптасқан шет тілдерді оқыту, орыс тілін оқыту әдістемелерінен оқып, үйренуіміз көп.

Қазақ тілін орыс сыныптарда оқыту барысында қазақ тілінің өзіндік басты ерекшеліктерін назарда ұстауымыз керек. Қазақ тілі сөз жасау жағынан жалғанбалы (АГГЛЮНАТИВТІ тілдер тобына жататыны бәрімізге мәлім). Сол себептен де қазақ тілінде жұрнақ түрлері көптеп саналады, сонымен қатар төрт түрлі жалғаудың беретін өзіндік мағынасы, сөзге жалғану кезіндегі варианттары да жеткілікті. Қазақ тілін оқытуда жақсы нәтижелерге жету үшін, мынадай басты бағыттарда жұмыс түрлерін жүргізген тиімді. Ең бастысы, оқушылардың қазақ тілінен тілдік қорын молайту. Ол үшін сөздік жұмыстарын үнемі жүргізу. Қазақ тіліндегі сөздер көп мағыналы және синонимдер мен омонимдерге бай. Сөйлемде осындай сөздердің мағынасын ажырата білуге, оларды тиімді қолдана білуге үйрету, оқушылардың тілдік қорын байыту оң нәтижелер береді.

Оқушылардың сөздік қорын байытуда сөздік жұмысының алатын орны ерекше, сабақ процесінде сөздік қорды байытудың мынадай жолдарын пайдалануға болады: мәтін бойынша сөздік қорды байыту.

Сөздік жұмысының енді бір саласы-әңгіме, өлең оқып, мақал-мәтел, жұмбақ жаттаумен байланысты.

Әр сабақта жаңа сөздерді, сөз тіркесін үнемі сөздік дәптерлеріне жазуын, жатталып отырылуын қадағалап отыру қажет. Әр сабақта

игерілген жаңа сөздер ауызша, жазбаша сөзде үнемі қолданылып отырғанда ғана сөздік жұмыстары нәтижелі болады. Сөздікпен жұмыс грамматикалық анықтамалар, жаттығу жұмыстарын, суретпен жұмыста, өлең, жұмбақ түсіндіргенде, сұрақтарға жауап бергенде де жүргізіліп отырады.

Жеке адамды қалыптастырып дамыту және оған жан-жақты терең білім беру мақсатында көптеген білім беру технологиялары ұсынылуда: дамыта оқыту технологиясы, саралап оқыту технологиясы, ойын технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, жоба технологиясы, ақпараттық-коммуникативтік технологиясы. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру, студенттердің белсенділігін арттыру барысында проблемалық сұрақтарды пайдалану, проблемалық ситуациялар туғызу. Тиімді оқытудың негізгі бір шарты – білімнің мазмұнын дәл, тиянақты анықтау. Негізгі ұғымдар мен мәселелерді, теория мен фактілерді қажеттілігі мен тиімділігіне сай іріктей білу, өз бетімен оқи білуге, білім алуға үйрету.

Уақыт талабына сай қазақ тілін оқытудың негізгі міндеттерін, оқушыларды сауатты жазуға, ойын, сөзін еркін сөйлеп, білікті, жан-жақты тәрбиелі азамат болуға тәрбиелеуді, қазақ тілін оқыту әдістемесін педагогика ғылымдарының жетістіктерімен ұштастыра білген, шығармашылықпен еңбек ететін, ғылыми дүние танымы кең ұстаз ғана атқара алады. Қазақ тілі сабағы құрғақ өтілмей мәдениетті сөйлеу, жазу дағдысымен ұштасып жатуы үшін, әрбір категорияның өмірде қолдану аясын ашатындай мақсат қойылуы керек. Бұл мәселені бүкіл сабақ процесінде сіңіріп, қайталап отыру керек.

Білімді меңгерту – оқушылардың танымдық талдау жасай отырып оны орынды пайдалана білуі арқылы жүзеге асатын құбылыс. Бұл оқушылардың есте сақтау, ойлау, даму қабілеттерін арттырады.

Қазақ тілі сабағында әдістерді тиімді пайдалану арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылықтарын арттыру, терең ойлау қабілетінің белсенділігін қалыптастыру, оқытудың жаңа технологиясы арқылы жүзеге асып келеді.

Бұл бағдарламаның қолдануға өте тиімді ғылыми негіздері ретінде Л. С. Выготский, Д. Дьюи, Ж. Пиаже еңбектерін атауға болады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің әр түпкірінен жиналған білім берушілердің еңбектерінің жиынтығы [3, с. 207].

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы:

Оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге дайындайтындығымен.

Сабақты өткізу барысында стратегиялардың барлығы үш кезең арқылы жүзеге асатын тиімділігімен; мұғалімнің сапалы сабақ өткізуіне мүмкіндік туғызу; оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерінің молдығымен; ғылыми-теориялық тұжырымдамаларының тереңдігімен.

Сын тұрғысынан ойлану сабақтарында оқыту, оқушыға үйрету емес, оқушылардың үйренуіне көмектесу жүзеге асырылады. Бұл жүйе оқытуды жаңаша ұйымдастырудың негізгі міндеттерін жүзеге асырады. Ұжымдық іс-әрекет білім игеруде ортақ қарым-қатынас құралына айналады. Білім алу мұғалім көмегімен оқушылардың білім деңгейіне қарап сараланып, оқушылардың өз еркімен жүзеге аса бастайды.

Қазіргі кезеңнің ең басты ерекшеліктерінің бірі ретінде жеке тұлғаның көзқарастары мен болмысына көңіл қоюдың артуын атап өту керек. Бұл бағдарламаның негізінде оқушылардың білімді өздігімен игеру идеясы жатыр. Оқушының пікірін бағалау, оқушыны тыңдай білу.

Білім беру-оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі. Қазіргі кездегі білім берудегі мақсат – жан-жақты, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру; мұғалімнің оқыту кезінде билік жүргізу әдісінен арылуы; оқыту кезінде білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушы екендігі, оқушылардың оқуға деген ынтасын күшейту, өз дербестігін дамыту.

Дамыта оқытудың В. В. Давыдов жасаған жүйесінің көздеген мақсаттарына жету тек баланың белсенділігіне байланысты. Осыған орай, бұл жүйенің әдіс-тәсілдері де оқушының белсенділігін ұйымдастыруды, талдап, көмектесіп отыруды көздейді [4, с. 7].

Мұғалім сабақ процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік береді, жауаптар тыңдалады.

Дамыта оқыту жүйесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Олар-ынтымақтастық, өзара сыйластық қасиеттер. Бұл технологияның маңызды тағы бір ерекшелігі – оқушыларды жақсы жаман деп бөлмей, барлық оқушылардың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызу. Нашар оқушының да өз шамасы келгенінше, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуі ойластырылған. Сол арқылы ол да өзін мүмкін дәрежеге дейін дамыта алады.

Әрбір ұстаз өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениетті жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға міндетті. Яғни сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану, студенттерді.

Жеке басын құрметтей отырып, білім беру – қазіргі оқытудың негізгі талабы. Өйткені оқушылардың бәрінің ойлау қабілеті бірдей емес. Сондықтан бұл мәселеге психологиялық тұрғыдан қарап, педагогикалық әрекет, әдістемелік шеберлікпен келу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М.М.Жанпейсова Модульдік оқыту технологиясы. - Алматы, 2002.
2. М. Жұмабаев. Педагогика. – Алма-Ата, 1992
3. Х. Дайана. Сыни тұрғыдан ойлаудың психологиясы, 2002.
4. «Қазақстан мектебі» журналы 2009

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЖИНАЛУ ЖАҒДАЙЫ

АБДРАХМАНОВА Р.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әрбір халықтың тілінде қорланып, қалыптасқан мақал-мәтелдер бір заманның ғана емес, әр түрлі заманның және біріне-бірі жалғасып, үздіксіз дамып келе жатқан ұзақ замандардың жемісі. Олай болса, халық даналығының ұйытқысы саналатын мақал-мәтелдер мен аталы сөздердің басқа түрлері де, жоғарыда ескерткен екі – ішкі және сыртқы – арнаның екеуі бойынша толығып, дамып отыратынын мойындағанмыз жөн.

Бұл екі арнаның екеуі де мұрагерлік дәстүрі негізінде қалыптасқан. Мақал-мәтелдердің ішкі арна бойынша адасуы, мәселен, қазақ халқы үшін өз ата-бабаларынан рухани мұра болып келе жатқан мақал-мәтелдерді оның тікелей мұрагері ретінде жадында сақтап, өз өмірінде қолдану бар да, бүкіл түркі әлеміне тән сол тәрізді байлықты «ортақ дүние» деп қабылдап, пайдалану тағы бар. Бұлардың екеуі де атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа рухани мұра боп ауысып, өз дүниесіне айналды. Ішкі арна мен сыртқы арна бойынша толассыз толығып отыратын даналық қорындағы мақал-мәтелдердің өзара мидай араласуы соншалық, оларды, тек тарихи-салыстырма

зерттеу арқылы болмаса, қарапайым жұрт бірінен-бірі ажыратып ала бермейді. Оның ең басты себебі: түркі әлеміне ортақ, оның көптеген тілдерінде қолданыста жүрген мақал-мәтелдердің, баршасы сол тілдердің дыбыстық, тұлғалық заңдылықтарына сәйкес өзгеріп, сол тілдерге икемделіп, өздерінің о баста қалыптасқан «төркін-тілінің» ерекшеліктерін жойып алатындығына. Мақал-мәтелдің бәрін бірдей қай заманда, қандай тарихи себептермен, этнолингвистикалық мотивтермен пайда болғанын дәйектеп, құжаттап айтып беру, әрине, мүмкін емес. Өйткені, ол мақал-мәтелдердің басым көпшілігі, тіпті «қазақ» болып саналатын 5 ғасырдың бер жағынан емес, өз бастауын соның ар жағындағы тарихи тұнықтан, алғашқы ру-тайпалар заманынан алады. Көпшілік жағдайда ата-бабаларымыздың аталы сөздері бейнелі мағынасын, өзекті идеясын сақтағанымен, тілдің тұрақты дамып отыру заңдылығына байланысты, берілу тәсілі, құрамдық-құрылымдық тұлғасы өзгеріп отыруы да мүмкін» [1, 250-280б.] – дейді Әбдуали Қайдар.

XIX ғасырда фольклор шығармаларын жан-жақты жинаған Ә. Диваевтың, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еңбектері де маңызды. Олар тікелей өз қолымен жүздеген мақал-мәтелдер, өлең-жырлар, ондаған ертегілер мен дастандарды әрі тікелей, әрі тұрғылықты, әрі экспедициялық жинау тәсілдері арқылы жазып алды. Сондай-ақ олар ел арасынан мысал әңгімелерді, халық даналығы көрінісі іспетті өсиет сөздерді, қазақтың тұрмыс-салтын дәріптейтін түрлі аңыз-әңгімелерді де жинады.

Ал, Ә. Диваев, Мәшһүр Жүсіп жинаған мақал-мәтелдер әр алуан тақырыптар қамтитынымен маңызды: әйелдер төңірегінде, семья, ағайын арасындағы қатынас, қойшы, байлық, кедейлік, достық пен қастық, қайырымдылық пен зұлымдылық, күншілдік пен қаталдық, сараңдық пен меймандостық, оқу – білім, хан мен халық туралы т.б.

В. В. Радлов, Ы. Алтынсарин, Г. Н. Потанин, Ә. Диваев, Мәшһүр Жүсіптердің фольклорды жинаушылық қызметтерін бөліп қарастырудағы басты себеп- бұларда тәсіл бар: арнайы жинау, конспект-жазба тәсілі (сюжетті басым алу), контакті тәсілі т.б.

Қорыта айтқанда, XIX ғасырда қазақ фольклортануы ғылымның жеке саласы ретінде қалыптаса бастады. Бұл процесс сол кездегі қоғамның саяси-әлеуметтік, тарихи-мәдени, экономикалық жағдайының ауқымында өтіп, ғылым мен әдебиеттің дамуына өз әсерін тигізді. Бастапқыда фольклор тек дерек көзі ретінде жиналса, сонынан кең түрде, академиялық т.б. сипатта да жинала бастады.

Үлкен жетістіктің бірі – мәтінді қалай жинау керектігі хақында ғылыми бағдарлама жарияланғаны деп айтуға болады. Демек XIX ғасырда фольклорды жинаудың маңызы, мақсаты мен шарттарының негізін қалаған Ш. Уәлиханов, В. В. Радлов, Г. Н. Потанин, Мәшһүр Жүсіп тәрізді ғалымдардың игі істері, өз кезегінде XX ғасырда жалғасын тапты.

XX ғасырдағы Қазақстанда фольклор үлгілерін жинау, зерттеу мәселесі 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін кең жолға қойылып, қоғамдық маңызы бар іске айналды. Партия мен үкіметтің бастауымен бұл жағдай қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің гүлденуіне әкеледі деп есептелді.

1920 жылдардың алғашқы кезеңдерінен-ақ үкіметтің арнаулы қаулысы бойынша бір топ ғылыми орталықтар жұмыс істей бастады: Қазақ оқу халық комиссариаты, Академиялық орталығының коллегиясы, Түркістан республикасының Халық комиссариаты советі жанындағы Қазақ ғылыми комиссиясы, Қазақ оқу халық комиссариаты жанынан ашылған Қазақ өлкесін зерттеу қоғамы және тағы басқа да Түркістан республикасы мен Түркістан өлкесінің қоғамдары мен мекемелері, Ғылым академиясының орталық өлкетану бюросымен бірігіп жұмыс істеді.

Қазақстан фольклортанушылары 1920 жылдарда халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап бастырады. Сөйтіп, бұл шаралар қоғамдық маңызы бар істің біріне айналады. Сондықтан да фольклорды жинау мәселелері сол кездің ғылыми съездерінің күн тәртібіне еніп, баспасөз бетінде ол жайлы пікір алысу басталған.

Фольклорды жинаудың қалыптасқан үш тәсілі бар: бірі – тікелей жинау тәсіл, екіншісі – тұрғылықты жинау тәсіл үшіншісі – экспедициялық тәсіл. Фольклорды контактілі түрде жинау дегеніміз: не жинаушы фольклорды ел арасынан арнайы іздеп, айтушыдан тікелей жазып алады, не жеке адамдар өз инициативасымен жинайды.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы қоғамда болып жатқан түрлі идеялардың күресі өз кезегінде фольклорды жинау, жариялау, зерттеу қызметтерінің мақсатты бағыт-бағдарын айқындап берді. Мәселен, «қанаушылар» – деп аталатындарға қарсы күрес, «бітіспес» делінген тап тартысы ұғымы әсері, артықша сипатта делінген социалистік құрылысты мадақтау, пролетарлық әдебиетті, әдебиеттің партиялылығын дәріптеу, қара шаруа мен жұмысшы қозғалысын насихаттау т.б. – бәрі кезең ерекшелігін танытумен бірге фольклор үлгілері жиналуы мен бағалануына пәрменді ықпал етіп отырды.

Жалпы, Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде қалыптаса бастаған фольклорды іздестіру дәстүрі Кеңес үкіметі тұсында, түрлі бұрмалауға қысымға ұшыраса да, негізінен алғанда, ерекше жандана түсті. Оған бірнеше себеп бар: біріншіден, жас Кеңес үкіметіне жеке өзінің саясатын ақтайтын шаруашылығы, идеологиясы, ғылымы, мәдениеті т.б. қажет болғандықтан фольклорды осы мақсатта пайдалану ниеті қоса туды. Сол үшін де арнайы қаражат көздері іздестіріліп, түрлі экспедициялар ұйымдастырылды. Екіншіден, Қазан төңкерісіне дейінгі фольклорды жинау жұмыстары, көбінесе жеке адамдардың еңбегі арқылы іске асса, сондай-ақ олардың біразына патша өкіметі тарапынан ақшалай көмек беріліп отырғаны да мәлім. Ал, патша өкіметі тарапынан беріле қалса, оның тек миссионерлік мақсатқа ғана пайдаланғаны белгілі.

XX ғасыр бас кезінде қызмет еткен белгілі жинаушылар: М. Ж. Көпеев, Ә. Диваев, Х. Досмұхамедұлы, Н. Пантусов, А. Мелков т.б. халықтық шығармаларды тыңғылықты іздестіру жұмыстарын жүргізе отырып, табылғанды сақтай білді. Олардың халық мұрасына жанашырлықпен қарап, қызғыштай қоруы арқасында Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңнің өзінде-ақ қазақ фольклорының мол мұрасының бір бөлімі әрі жинақталып, әрі сұрыпталынып, әрі жарияланып – бәрі қазақ фольклортану ғылымы үшін зерттеушілік жұмысқа қажетті материалдық негіз құрады.

Мәшһүр Жүсіп фольклорлық шығармаларды жазып алумен бірге, халық шығармалары жазылған жинақтар мен қолжазбаларды да жинай жүрді. Ол кезде халық шығармалары қазақ ауылдарына ауызша ғана емес, жазбаша да тарайтұғын. Мәшһүр Жүсіп алдымен қолжазбаның өзін қолға түсіруге тырысқан, ал иесі бермеген жағдайда көшіріп алуға көшкен. Мұндай жағдайда шығармаға «қолжазбадан» деген белгі соғып отырған.

Фольклоршы Мәшһүр Жүсіп халық ауыз әдебиеті нұсқаларын этнографиялық материалдармен байланыстыра жинады. Ол халық поэзиясын халықтың тұрмысынан бөле қарауға болмайды деп білді. Сондықтан да ғалым көптеген халық ауыз әдебиет нұсқаларын, әсіресе әдет-ғұрыппен байланысты өлең-жырларды, мақал-мәтелдерді тікелей тәсіл арқылы жинағанда, әдет-ғұрыптың өзін де бірге жазып алып, халықтың тұрмысында олардың атқаратын қызметін қоса көрсетіп отырған.

Мәшһүр Жүсіп түркітанушылардың көбімен байланысты болды. Оның ғылым құмарлығы, көзқарасы, іздену әдісі орыстың Шығыс зерттеу ілімінің арнасында қалыптасты. Мәшһүр Жүсіпке

тән жақсы қасиеттер – материалды контактiлi тәсiлмен жинастыру, зерттеу жұмыстарының кеңдiгi мен терең мағыналылығы, еңбек адамына iштартып, халықтың рухани мәдениетiн қадiрлей бiлу – оның iсiнен айкын сезiледi. Ол халықтық мақал-мәтелдерде көптiң ақыл-ойы мен сана-сезiмiнiң және өнерпаздығының сәулесiн көрдi.

Мәшһүр Жүсiп қазақ мақал-мәтелдерiн үздiксiз жинаушылардың бiрi. Ол Шымкент, Қазалы, Әулиеата (Жамбыл), Ташкент және Сырдария аймағының Түркстан ауданы айналасын аралап, ертегi, мақал, жұмбақтар, мысқыл әңгiмелер мен әдет-ғұрып өлеңдерiнiң нұсқаларын жиған. Мұнда Мәшһүр Жүсiп қиссаларды және халық поэзиясын жатқа бiлетiн, өз ойынан да шығаратын Сұлтанқожин Майлықожа сияқты сегiз қырлы талант иелерiн табады. Ол Майлықожадан мақал-мәтелдердi, лирикалық өлеңдер мен ғашықтық жырларды, ертегiлер мен мысқыл өлеңдердi жазып алады. Мәшһүр Жүсiп Шымкент уезiнде ауыз әдебиет мұраларынан аса көп бiлетiн дарынды жыршылардан қыз ұзатқан тойда айтылатын жар-жар, ау-жар өлеңдерiн және басқа да ертегi, мысқыл әңгiме, мақал, жұмбақ, жырлар жазып алған.

М. Ж. Көпеевтің өзiндiк жинаушылық ерекшелiгi бар екендiгiн де есте ұстаған жөн. Мәселен, Мәшһүр Жүсiп Көпеевтің қолжазбаларының кей жерлерiнде фольклорлық үлгiнi айтушының есiмiн нақты нұсқа басы мен аяғында атап кетуден гөрi, кейде не сөз арасы, не нұсқа iшiнде кiрiктiрiп жазып кетудi жөн көретiнi де бар. Ондағы себебi фольклорлық үлгiнi айтушы, не жеткiзушi есiмi ел жадында ұмытылмай, керiсiнше, жазылған мәтiнмен бiрге айтылып жүрсiн деген ойдан туындаған тәрiздi. Бұлай дейтiнiмiз, әдетте фольклортану әлемiнде фольклорлық үлгiнiң жазылып алыну паспорты не шығарма басында, не аяғында берiледi. Себебi бұл дүниелердi отырықшы елдер баспа арқылы кiтап етiп тез шығарады. Ал, ендi-ендi өзiнiң баспалары пайда бола бастаған ол кездегi қазақ елi арасында шығармалардың кiтап күйiнен гөрi, көбiнесе қолжазбалар түрiнде кең тарағаны белгiлi. Көшiп-қонуда жүрген ел iшiнде қолдан-қолға жиi өткен қолжазбалар бiр-бiрiмен араласпасына, тiптi беттерiнiң жоғалып кетпеуiне ешқандай кепiл жоқ екенi аян. Сол себептi М. Ж. Көпеевтің мұндай жинаушылық ерекшелiгiн фольклортану ғылымына қосқан өзiндiк үлесi деп бағалауға болады. Мәселен, «Қазақ түбi» деген әңгiмесiн Әбiлғазы Баһадүр хан шежiресiнен [2] алдым десе, қазақ мақалдарының бiразын Мұса Шорман қолжазбасынан алғандығы [3]. «Пайғамбар сөзi» «Шiп Алтуин мен Алайман» тәрiздi әңгiмелердi «Хадис-

Шарифтан» көшiргендiгi [4] сөз болады. Сондай-ақ осы қолжазба iшiнде М. Ж. Көпеев: «Шәкәрiм шежiресiнен Тобықтыны жазып алдым», – дегенi де бар [5]. Алайда бұдан, М. Ж. Көпеевтің негiзгi жинаушылық тәсiлi «қолжазбалардан көшiру» деген сияқты ой тумауы керек. Себебi мұндай жинаушылық әдiске ғалым жиi бара бермеген. Оған М. Ж. Көпеев жазып кеткен мына бiр сөздерi дәлел: «Өзi қазақ сөйлеген сөзi болған соң, басында қазақ әңгiмесiмен бастап, ақырын һәм қазақ сөзiмен тиянақтаттық Көпей баласы Мәшһүр-Жүсiп, нұсқадан көшiрiп жазған жоқ, қиялына келген сөздi жаза берген жоқ, алданыш-жұбаныш өмiр өткiзу үшiн жазған жоқ ...» [6], – делiнген. Бiр өкiнiштiсi бұл мәтiннiң қалған жерлерi iс-түссiз жоғалып кеткен.

Мәшһүр Жүсiп Көпеев фольклорлық нұсқаларды жинаудың тағы бiр түрi яғни дайын кiтаптарды пайдалану жағын да меңгерген: бiрi – ертеректе шыққан шығыс кiтаптары болса, бiрi – батыс елдер үлгiсiндегi кiтаптар т.б. Бiздегi бар деректерге сүйенсек, М. Ж. Көпеев Абдуғалисина, Абултарит, Сократ, Хакiм, Әл-Фараби, Сағди, Науаи, Фердоуси сынды ойшылдар мен ғалым-жазушылардың еңбектерiн сол өздерiнiң ана тiлiнде оқыған. Мәселен, М. Ж. Көпеев қолжазбасында: «Жетi жырау» аталған кiтап бар» [7], – дей отырып, уағыз-насихат, дiн, мақал-мәтелдер төңiрегiнде т.б. мәлiметтер келтiредi. М. Ж. Көпеев кiмнен не алса да көрсетiп отырған. Мысалы, «Бiр бай болыпты» деп басталатын мәтiндi келтiрейiк: «Байдың 3 ұлы болды. 2 ұлынан соң кенжесiне келiн түсiрмек болып, бәйбiшесiмен қыз үйiне барады. Бәйбiше түсiргелi отырған қызға үйдегi келiн туралы: – «Менi бiреуi – «қатқан кемпiр» десе, бiреуi – «қатқан ең» дейдi. Сен менi қалай айтар едiң? – деп сауал бередi. Қыз өте тапқыр екен: «Қатқан көндi жiбiтетұғын емен талқы бикешiң бiз боламыз», – деп жауап қайтарыпты. Мiне, осындай ғана шағын әңгiменiң өзiнде де Мәшһүр-Жүсiп кiмнен, қалай алғандығын жазып қана қоймай, ол әңгiме қандай жағдайда айтылғанын да хабарлайды: «Бұхарай Шәрiптен келген Бойбарлық қожа «Семiз ишан атанған Мiркүләлдин Мырзақұл ұғлы Саққұлақ Бопан ұғлының үйiне барғанда, қалтасынан алып, Ералы, Нұралының кенже балаларына қант, мейiз берiптi. Сонда Саққұлақ айтыпты», – [7] деп жазады. Мұндай мысалдар М. Ж. Көпеев қолжазбасында көптеп кездеседi. Фольклорды – тұрмыстың қажетi, елге бiлiм, тәрбие беретiн құрал деп бiлген ол әр мәтiннiң шығу тарихына, айтылу жағдайын, қалай тарағанын анықтап отырған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Шығармалары 17 том. / М. Әуезов. – Алматы: Жазушы, 1985. – 187 б.
- 2 Төреқұл Н. Даланың ділмарлары / Н. Төреқұл. Алматы : Қазақстан, 2001. – 588 б.
- 3 ҚР Білім және ғылым министрлігі. Орталық қолжазбалар қоры. -1177-папка.-Б. 222
- 4 ҚР Білім және ғылым министрлігі.ОФК.- 1645- папка.- Б. 47
- 5 ҚР Білім және ғылым министрлігі.ОФК .- 1645-папка. -Б. 3-5
- 6 ҚР Білім және ғылым министрлігі.ОФК.- 1645-папка.- Б. 97
- 7 ҚР Білім және ғылым министрлігі.ОФК.- 1170-папка.

ПРОБЛЕМНОЕ ОБУЧЕНИЕ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

АБДУКАИМОВА Н. Т.
учитель русского языка и литературы,
ОСШ № 108 имени Хамзы, г. Шымкент

Проблемное обучение является одним из наиболее эффективных средств активизации мышления ученика. Суть активности, достигаемой при проблемном обучении, заключается в том, что ученик должен анализировать фактический материал и оперировать им так, чтобы самому получить из него новую информацию. Другими словами, это расширение, углубление знаний при помощи ранее усвоенных знаний или новое применение прежних знаний. Нового применения прежних знаний не может дать ни учитель, ни книга, оно ищется и находится учеником, поставленным в соответствующую ситуацию. Это и есть поисковый метод учения как антипод методу восприятия готовых выводов учителя.

Умственный поиск – сложный процесс. Не всякий поиск связан с возникновением проблемы. Если учитель даёт знание ученикам и указывает, как его выполнять, то даже их самостоятельный поиск не будет решением проблемы. Ученики могут принимать активное участие в научно-исследовательской работе, собирая эмпирический материал, но не решая никаких проблем. Подлинная активизация учащихся характеризуется самостоятельным поиском решения проблем.

Цель активизации учащихся посредством проблемного обучения заключается в том, чтобы поднять уровень мыслительной деятельности

ученика и обучать его не отдельным операциям в случайности, стихийно складывающемся порядке, а системе умственных действий, которая характерна для решения нестандартных задач, требующего применения творческой мыслительной деятельности.

Суть активизации учения школьника посредством проблемного обучения состоит в активизации его мышления путём создания проблемных ситуаций, в формировании познавательного интереса и моделирования умственных процессов.

Проблемная ситуация и учебная проблема являются основными понятиями проблемного обучения, которое рассматривается не как механическое сложение деятельности преподавания и учения, а как диалектическое взаимодействие и взаимосвязь этих двух деятельностей [1, с. 16].

Проблемное преподавание определяется как деятельность учителя по созданию системы проблемных ситуаций, изложению учебного материала с его объяснением и управлению деятельностью учащихся, направленной на освоение новых знаний – как традиционным путем, так и путем самостоятельной подготовки учебных проблем и их решения.

Проблемное учение – это учебно-познавательная деятельность учащихся по усвоению знаний и способов деятельности путем восприятия объяснений учителя в условиях проблемной ситуации, самостоятельного анализа проблемных ситуаций, формулировки проблем и их решения посредством выдвижения предложений, гипотез, их обоснования и доказательства, а также путем проверки правильности решения. Как показали исследования, можно выделить наиболее характерные для педагогической практики типы проблемных ситуаций, общее для всех предметов [1, с. 30].

1 Его следует считать наиболее общим и распространенным: проблемная ситуация возникает при условии, если учащийся не знает способа решения поставленной задачи, не могут ответить на проблемный вопрос, дать объяснение новому факту в учебной или жизненной ситуации, то есть в случае осознания учащимся недостаточности прежних знаний для объяснения нового факта.

2 Проблемные ситуации возникают при столкновении учащихся с необходимостью использовать ранее усвоенные знания в новых практических условиях. Как правило, учителя организуют эти условия не только для того чтобы учащиеся сумели применить свои знания на практике, но и столкнулись с фактом их недостаточности.

Осознание этого факта учащимися возбуждает познавательный интерес и стимулирует поиск новых знаний.

3 Проблемная ситуация легко возникает в том случае, если имеется противоречие между теоретически возможным путем решения задачи и практической неосуществимостью избранного способа.

4 Проблемная ситуация возникает тогда, когда имеется противоречие между практически достигнутым результатом выполнения учебного задания и отсутствием у учащихся знаний для его теоретического обоснования [2, с. 42].

Возможности управления процессом учения состоит в том, что проблемная ситуация в своей психологической структуре имеет не предметно-содержательную, но и мотивационную, личностную сторону (интересы ученика его желания потребности, возможности и т.д).

Какие дидактические цели преследует создание проблемных ситуаций в учебном процессе? Можно указать на следующие дидактические цели:

Привлечь внимания ученика к вопросу, задаче учебному материалу, возбудить у него познавательный интерес и другие мотивы деятельности;

Поставить его перед таким познавательным затруднением, продолжение которого активизировало бы мыслительную деятельность;

Помочь ему определить в познавательной задаче, вопросе, задании основную проблему и наметить план поиска путей выхода из возникшего затруднения; побудить ученика к активной поисковой деятельности;

Помочь ему определить границы актуализируемых ранее усвоенных заданий и указать направление поиска наиболее рационального пути выхода из ситуации затруднения [2, с. 56].

Виды проблемного обучения

Проблемное обучение не может быть одинаково эффективным в любых условиях. Практика показывает, что процесс проблемного обучения порождает различные уровни как интеллектуальных затруднений учащихся, так и их познавательной активности, и самостоятельности при усвоении новых знаний, чем при применении прежних знаний в новой ситуации.

Виды проблемного обучения правильнее всего различать по соответствующим видам творчества. На этом основании можно выделить три вида проблемного обучения.

Первый вид («научное» творчество) – это теоретическое исследование, то есть поиск и открытие ученикам нового правила, закона, теоремы и т.д. В основе этого вида проблемного обучения лежит постановка и решение теоретических учебных проблем.

Второй вид (практическое творчество) – поиск практического решения, то есть поиск способа применения известного знания в новой ситуации, конструирование, изобретение. В основе этого вида проблемного обучения лежит постановка и решение практических учебных проблем.

Третий вид (художественное творчество) – это художественное отображение действительности на основе творческого воображения, включающее в себя литературные сочинения, рисование, написание музыкального произведения, игру и т.д. [3, с. 24].

Каждый из перечисленных видов проблемного обучения может протекать различной степенью познавательной активности ученика. Определение этой степени имеет важное значение для управления процессом формирования познавательной самостоятельности школьников [3, с. 42].

Проблемное обучение строится на основе принципа проблемности, реализуемого через различные типы учебных проблем и через сочетание репродуктивной, продуктивной и творческой деятельности ученика.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Махмутов М.И Организация проблемного обучения в школу. Книга для учителей- М.: Просвещение,1977 стр(16-30)
- 2 Махмутов М.И. Проблемное обучение. Основные вопросы теории.- М.: Педагогика, 1975 стр (40-56)
- 3 Кудрявцев Т.В.Проблемное обучение: истоки, сущность, перспективы.-М.:Знание,1991 стр (24-42)

КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АБДУЛЛАЕВА Қ. М.

п.ғ.м., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 37 ЖОББМ, Павлодар қ.

Қазақ прозасының зерттелу тарихына үнілсек, көптеген ғалымдардың сөз көркемдігіне ерекше назар аударғанын көреміз. Мұндай көркемдік элементтердің бірін – теңеулер кұрайды. Ғалым А. Байтұрсынов, Т. Қоңыров, Қ. Жұмалиев, Р. Сыздыкова т.б. еңбектерінде теңеуге қатысты біршама пікірлер айтылған. Жалпы, теңеу лингвистикалық категория ретінде қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттарының бәрінің де зерттеу нысаны бола алады.

Ойды бейнелі, айқын жеткізуде экспрессивті-эмоционалды бояуымен көзге түсетін теңеулердің маңызы ерекше. Халықтың дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы, салт-дәстүрі т.б. тұрақты теңеулерінен көрініс табады. Тілімізде көптеп саналатын бұл тіркестер тақырыбы, мағынасы, құрамы және көркемдік ерекшеліктері жағынан сан алуан.

А. Байтұрсынов өзінің еңбектерінде теңеуге қатысты біршама мәселелерді зерделеп, өзіндік тұжырым жасаған. Мысалы: «Теңеу, көріктеу, нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанымен, нәрсенің бейнесін суреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз. Сол мысалдар бойынша ғалым теңеуді екі түрге бөлген: 1) әншейін теңеу 2) әдейі теңеу. Бұл екеуінің арасындағы айырмасы сол: әншейін теңеу – әдетті теңеу болады. Мәселен, удай ащы, айдай жарық, күйедей қара дегендегі «удай», «айдай», «күйедей» деген сияқты сөздер, – дейді ғалым [1, 27 б.].

Ал қазақ тіл білімінде теңеуді тереңірек зерттеген Т. Қоңыров 1978 жылы жарық көрген «Қазақ теңеулері» атты монографиясында теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын ашып, оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан-жақты қарастырады. Еңбекте ғалым теңеуге мынадай анықтама береді: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [2, 7 б.]. Ғалымдар пікірін жинақтасак, Теңеу – ұқсас

белгілердің негізінде бір затты екінші затпен салыстыру нәтижесінде пайда болатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы.

Ал теңеулердің жасалу жолына келсек, ғалым Қ. Жұмалиев теңеудің көпшілігі зат есімге, есімше етістікке жалғанған -тай (-тей), -дай (-дей), -ша (-ше), және – дайын (-дейін) жұрнақтары арқылы жасалатындығын айта келіп, -тай (-тей), -дай (-дей) сөзге жұрнақ ретінде жалғанса ғана теңеулік мағына беретіндігін, ал көсемше етістік боп келген жерлерде теңеулік мағына бермейтіндігін ескерткен [3, 36 б.].

Қазақ тіліндегі -дай, -дей, -тай, -тей, -лай, -лей жұрнақтары бір-біріне вариант болып жұмсалады. Аталған жұрнақтардың әрқайсысына -дайын, -дейін, -тайын, -тейін форманттары вариант бола алады. Бірақ бұл өте көне құбылыс. Мұндай қолданыс көбінесе ауызекі тілге тән. Жұрнақтардың бір-біріне варианттылығы және -дай, -дей жұрнағынан кейін -ын, -ін қосымшасы қосылып айтылып, алғашқы түріне морфологиялық вариант болып жұмсалатыны И. Ұйықбаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы» деп аталатын еңбегінде айтылды [4, 141-б.].

Ғалым Р. Сыздыкова-дай жұрнағының -дайын варианты поэзия тілінде бұрын да, қазір де қатар қолданылатын бір-біріне «кезекші» элементтер екенін айта келе, қазіргі проза тілінде бұлардың бір ғана (көбінесе ықшам) варианты норма (немесе актив) екенін айтады [5, 18 б.].

Көркем әдебиетте ойдың тікелей шындығы көркемдегіш сөз арқылы тұтас бейнеге айналатынын байқауға болады. Сөздердің реңкін кіргізіп ажарлап, айшықтап көркемдік үйлесіміне келтірудің бірнеше түрлері бар. Сол көркемдегіш амал-тәсілдердің бірі – теңеу. Теңеуді ұтымды пайдаланған әр суреткер өз шығармасының көркемдік дәрежесін биікке көтереді.

Ө. Нұрпейісов – ХХ ғасырдың алғашқы жартысында қазақ даласының әдебиетте көркем суретін салған осы кезеңнің суретшісі, табиғат, қоғам, адамдар туралы толғанып тебіреністер жасаған көркемсөз шебері. Ө. Нұрпейісовтің жазушылық әлемі көркемдегіш сөздерге толы. Оның бір шоғырын теңеулер кұрайды. Жазушы теңеулері қазақтың айналасын қоршаған табиғат көріністерінен, күнделікті тұрмыстық зат, бұйымдарынан тұрмыс-салтынан, шаруашылық, кәсіп сияқты тіршілік әрекеттерінен алыналды. Мәселен, Құдайменде іркіт күйған мөстей, майға бөгіп лықылдап тұрған денесін шайқап ырқ-ырық күлді [6, 82 б.]. Осы мысалдағы

ірікті құйған мейтеуі теңеуі біріншіден, адамның толық, жұмыр денесін бейнелесе, екіншіден, ұлттық өрнектің жемісі.

Табиғат көріністерін сөз еткенде де, теңеулерді жиі қолданады, бұл тәсіл, біріншіден, айтпақ ойына әсерлі үн берсе, екіншіден, табиғатты мәпелеп, сүйсіне суреттеу байқалады. Мысалы, Бұлттан арылған көк аспан жарқырап ашылыпты: тек сон-ау шалғай шетінде, көк жиек пен көк теңіздің дәл бір жымы білінбей жалғасып кеткен жерінде теңгедей ақ бұлт көрінеді: о да аспаннан жылжып түсіп, көк теңіздің бетінде адасқан сеңдей боп ығып бара жатқандай [6, 296 б.] деген мысалдағы теңеулер халық құлағына жат емес, таныс суреттеулер.

Қарымды қаламгер өзінің прозаларында кейіпкер бейнесін сомдауда теңеулерді өте ұтымды пайдаланады. Мысалы: Артып кеткен ажар-көркі болмаса да, қара торы, екі беті бұлтиған дөп-дөңгелек зерен жүзді. Дөнге тойған бұлдырық тәрізді тұла бойы да тығыншықтай [6, 182 б.] дегенде, жазушы тәрізді сөзінің көмегімен жасалынған теңеуді пайдаланған. Қаламгер кейіпкерді бұлдырыққа теңейді. Мұндай тәрізді сөзінің көмегімен жасалған теңеулер Ж. Аймауытов прозаларында да бар. Оған мынадай мысал келтіруге болады: Енді, Ақбілек әкесіне масыл болды. Бала ұстаған емес, жұртқа тамашалаушы маймыл ұстап отырған кісі тәрізді. Ақбілектің қырсығынан ақсақал өзін масқара болып, абыройынан айрылғандай көрді. Міне, ақсақалдың өз баласына түзу қарай алмай, қашқақтап жүргені сол еді. Қызғаныш, жиреніш, өкініш, аяныш, ыза, қорлық бері ұласып, оның тірі қалып, көзге күйік болғанына бармағын шайнап, зығырланар еді [7, 285 б.].

Ж. Аймауытов прозасының тақырыптары да алуан түрлі болып келеді. Әсіресе, төрт түлік мал теңеу образын жасауға негіз болған. Мысалы: Бір мезгілде өкірген сиырдай қараңғы түнді күнірентіп, қатындардың дауысы баж ете түсті. Жан шошырлық бажылға дір етпеген жүрек қалмады. Сөйтсе, апанда теңселіп, серейіп жаққан бәйбішенің үстінен шыққан екен. Мамырбай өгіздей өкіреді, сылқ ете отыра кетті. Ауыл қойдай маңырап, қозыдай шулап жатқанда, дүрсілдеткен атты кісінің тықырын шеттегілердің құлағы шалып қалды [7, 171 б.].

Алаңсыз отырған бейбіт ауыл тіршілігін бұзған оқиғаның әсерін, кейіпкерлердің жан күйзелісін өгіздей өкірді, қойдай маңырады, қозыдай шулады сияқты тұрақты теңеулер арқылы әсерлі де, нақты бейнелеп жеткізген. Жазушының мұндай тұрақты теңеулерді қолданып қана қоймай, олардың тұлғалық-құрылымдық

түрлерін өзгертіп, жаңа тың тіркестер жасап, фразеологиялық қорды байытуға өз үлесін қосып отырғанын да көреміз. Ж. Аймауытов прозасынан мынадай мысалдар келтіруге болады: Әуелгі кезде Ақбілек қолға түскен құралайдай, екі көзі мөлдіреп, көп ит анталаған күшіктей құнысып, маңайындағы жанның бәрін жан алғыштай көріп, үркіп, елегізіп жүрсе де, анасын ауылын ойлап, аузына дәм салмай, аштан қатып бүк түсіп көрсе де, әрі-беріден соң шыбын жаны түскір шыдатпады, мезгілсіз өле алмады [7, 175 б.].

Ақбілектің аянышты, ауыр халін бейнелеу үшін оны аңның әдемісі құралайға, дәрменсіз күшікке теңесе, төңірегіндегі жұртты қорқынышты жаналғышқа теңеу арқылы Ақбілектің қайғылы халін оқырман жанына әсер етер бейнелі көрініс арқылы берген.

Мұндағы «қолға түскен құралайдай», «көп ит анталаған күшіктей» деген теңеулер – авторлық тіркестер. Халықтық теңеулер қаламгер қолданысында жаңаша бір реңк түр бояуға енген.

Теңеулерді көркемдеу тәсілдің бірі ретінде қолданған Ж. Аймауытов прозасында -дай, -дей, -тай, -тей жұрнағының көмегімен жасалған теңеулерді жиі кезестіреміз. Мысалы, Құлтуманның аузы-мұрны маймылдың тұмсығындай қомпайып, сорайып, адырайып, ақымақ болды да қалды. Мына сияқты көк айыл, кер ауыз қатынға неғып шыдап жүргеніне өзі де таң қалды [7, 399 б.].

Маймылға теңелген кейіпкердің шарасыз күйінде кекесін де бар. Қазақтың байырғы, дағдылы теңеулері жазушы қолданысында түрленіп шығарма тілін шырайландырады. Мұндай -дай, -дей, -тай, -тей жұрнағының көмегімен жасалған теңеулер Қ. Кемеңгерұлы прозасында да ерекше орын алады. Арқаның ерке желі жорғадай жылжып, өрден ылдига құлағанда, торғындай толқыған салалы көк шалғын бұйраланып, жаңа түскен келіншек құсап тәжім еткендей. Марқа құлын жасырынғандай көкөрай дариясында белуардан сүнгіп, шағаладай шаңқан үйлер арқасын күнге беріп, мүлгіп тұрды. Ақ меруерт көбіктен қанат жайып, арқаның кербез сұлуындай бұрандап, күн сәулесіне күлімдеп сылдыр қаққан бұлақтың мөлдір суы ауылды қуалай белдеулеп ағып жатты [8, 250 б.].

Берілген мәтінде «жорғадай», «торғындай», «жаңа түскен келіншек құсап тәжім еткендей», «марқа құлын жасырынғандай», «арқаның кербез сұлуындай» деген теңеулер арқылы жаратылыстың сондай бір жадырау шағын өте әсерлі бейнелеген. Оқиғанда сырлы сурет, жазғы табиғаттың бейнелері көз алдыңызға көлбендейді. Ынтызар сезіміңізді оятып, көңіліңізді көтереді.

Теңеулердің енді бір жолы Т. Қоңыров көрсеткендей, -ша, -ше жұрнағының көмегімен жасалады. Ж. Аймауытов прозасында -ша, -ше жұрнағы арқылы жасалған теңеулердің де көркемдік-эстетикалық қуаты күшті болып келеді: Кабинетінде отырып, өмір өткен комиссарша маңғзданып, оқта-текте аққу сұңқ-сұңқ етеді. Көдеге таласқан қатындарша ию-қию болып, бажылдасып қаздар жатыр [7, 43 б.]. Сондай-ақ іннен шыққан қасқырларша, бәкіше бүктеліп, кірпіше жиырылып, т.б. теңеулерді кездестіруге болады.

-Ша, -ше жұрнағы арқылы жасалған теңеулерді жазушы Ә. Нұрпейісов прозасынан да ерекше орын алады. Мысалы: Тілеу-Қабак байы жас балаша елп ете қалды [6, 452 б.]. Торшолақ бала өзі білетін оң жақтағы шымылдық тұтқан биік керәуетке... аяғын мысықша басып келеді [6, 115 б.] дегенде, жазушы кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін, жүріс-тұрысын суреттеу үшін жас балаша, мысықша теңеулерін пайдаланған. Сөйтіп, қаламгер қазақ прозасын тың сурет, бейнелермен, теңеулермен байытқан. Ә. Нұрпейісов сөздерге алуан түрлі мағына дарытып, ойды нақты әрі әсерлі жеткізу үшін теңеулерді өте ұтымды қолданған.

Қорыта келе, прозалық туындыларды әсем теңеулерсіз көз алдымызға елестету мүмкін емес. Ә. Нұрпейісов, Ж. Аймауытов, Қ. Кеменгерұлының прозалық туындыларында Т. Қоңыров атап көрсеткендей, түрлі жолдармен жасалған теңеулердің көпшілігі қолданылады. Әр қаламгердің теңеуі оның эстетикалық әлемінен хабардар етеді. Аталған жазушылардың прозаларында теңеу жасаушы амал-тәсілдердің мол болып келуі – қаламгер дүниетанымының кеңдігін аңғартады. Мәселен, Ә. Нұрпейісов кейіпкер бейнесін суреттегенде, Ж. Аймауытов алаңсыз отырған бейбіт ауыл тіршілігін бұзған оқиғаның әсерін, кейіпкерлердің жан күйзелісі мен шарасыз күйін бейнелегенде, Қ. Кеменгерұлы туған жер табиғатын әсерлі суреттегенде т.б. мақсаттарда ұтымды жұмсаған. Теңеудің басты ерекшелігі қандай затты, құбылысты болсын, я қандай затпен, құбылыспен болсын салыстырса да, айналып келіп, адамның іс-әрекетін, сын-сымбатын, қалып-күйін т.б. қасиеттерін сипаттауға бағытталады. Сонымен, тілдік талдауға түскен проза тілі, қаламгерлердің өзіндік жеке стилі, сөз қолдану ерекшелігі мен шеберлігі қазақ әдеби тілінің дамуына үлес қосқаны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.
- 2 Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978.
- 3 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы – Алматы: Жазушы, 1984. -114 б.
- 4 Ұйықбаев И. Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы. – Алматы: Ғылым, 1976. –141 б.
- 5 Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – Алматы: Ғылым, 1970. –173 б.
- 6 Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. – Алматы: Жазушы, 1973. – 840 б.
- 7 Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы. – Алматы, 2012. – 280 б.
- 8 Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-том. - Алматы: Алаш, 2005. - 320 б.

РУХАНИ КӨСЕМДІК – ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТІҢ ШЫҢЫ

АБДЫҚАДЫРОВА Т. Р.

ф.ғ.д., Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Философия ғылымдарының докторы, профессор А. Айталы «Ұлттану» атты еңбегінде ұлттық қасиеттер мен құндылықтарды, ұлттық мемлекет, мәдениет, идеология дін, оқу-тәрбие мәселелерін сөз етіп, ұлттық теориялық тұрғыда зерттеп, бүгінгі күн тұрғысындағы өзекті мәселелерге тоқталады. Қазақ мемлекетінің отаршылдық езгі мен социалистік кезеңде үзіліп қалғандығын анықтайды. Ұлттық мемлекеттің енді қайта түлейтіндігін айта отырып, қазақ халқының дәстүрлі емес мемлекеттік жүйесінің болғандығын егжей-тегжейлі баяндайды. Ол: «Қарға тамырлы қазақ» өзі өмір сүріп отырған, тұрмыс тіршілік болмысын, ел-жұрт арасындағы қарым-қатынастарын, жақсы-жаман жағдаяттарын ой елегінен өткізіп отырған. Соты, қаралаушысы мен ақтаушысы жоқ заманда жер мен жесір дауын, рушілік, руаралық, басқа да ел арасындағы дау-жанжалдарды әділ шешіп отырған. Ел аузындағы «Халық айныса кім түзейді?», «Ата тұрып ұл сөйлесе ер жеткені болар», «Қадірсіз десең халқымнан сұра», «Халқыңа әділ бол», «Бірлігі кеткен ел жаман», «Айыпты айып жусың, ашуды ақыл қусын», «Жетесізден би қойсаң, парадан аузын жия алмас», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман

жок», «Қара жерге халық ие» т.б. шешендік сөздердің астарында бүгінгі билік басындағыларға да, қарапайым халық өкіліне де ғибрат аларлық өсиеттерге тұнып тұр», – деп көрсетеді. Адамды ата тегіне қарамай, адамгершілігіне, қабілетіне қарай адал бағалау халықтық демократизмнің шынайы белгісі екендігін айтады.

Ел арасында елді бағындыра да, бағына да білетін дәстүрлері болған. Шығыс халықтарында соның ішінде қазақ халқында да ел басқаратын адамның өкімі қаншалықты шексіз болса, сонымен бірге оның ел алдындағы, ар алдындағы, құдай алдындағы жауапкершілігі де аса салмақты болған. Көне индиялық Ману қолжазбаларында (шамамен 2000 мың жыл бұрын) тек шындықты айтатын, заңды білетін, ойланып ақылмен іс қылатын билеуші шынайы адал болады деген. Ел билеуші салқын қандылықпен, өзінің, өзіне жақын адамдарының теріс қылықтарын айыптап отырған. Оның ағайын туыстары айыпты өзгелерден анағұрлым артық төлеген. Дара билік Шығыста ел билеушісін ерекше жоғары мәртебелі орынға қойған. Ол әртүрлі күштердің арасалмағын реттеп, таразы басын теңестіріп, тәртіпке үйрететін, заңды негізде әділдікті мойындататын. Халық руханиятында халықты бір қолдан басқаруды мақұлдаған дана сөздері де көп-ақ. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса сақа қой», «Бас-басыңа би болсаң манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің», т.б. деген пікірлерден халқымыздың ел билігіне деген көзқарасы, елді билейтін тұлғаларына деген арман-тілектері, заңды негіздегі әділдікті аңсағаны байқалады [1, 43].

Көрнекті ғалым, тарихшы Манаш Қозыбаев: «Қазақ“ -Азияның кілті мен құлпы» саналған сахарасының шетінен ХҮІ ғасырдың аяғында бір-ақ шыққан ел» екендігін ескере келе, қазақтың қасындағы көршілерінен үнемі зорлық көріп келгендігіне кеңінен тоқталады. Қазақ өзі бейбіт ел болғанымен, табиғи болмысы тыныштықты аңсайтын, өздігінен ешкімге тиісе қоймаса да «қос бүйірден екіге бөлінген жоңғар-қалмақ қазақ даласына 1599-1750 жылдар арасында үзбей ойран салып келгендігін, 40 жылға созылған оқтын-оқтын (1623, 1643, 1720-1740 ж. ж.) үздіксіз шабуылынан азып-тозған Қазақ еліне жоңғарлар үстемдігін оздырғанын, оның соңы орыс патшасы отаршыл саясатын жүргізуімен аяқталғанын айтады [2, 72-76 б.].

Қаламгер-ғалым Ақселеу Сейдімбек «Қазақ әлемі» атты еңбегінде қазақтың этникалық мәдениетіне, дәстүрлі фольклоры мен этнографиясына, ұлттық тарихына, рухани болмысы мен таным зердесіне қатысты соңғы пайымдауларға тоқталады. Ол:

«Отаршылдықтың тақсиретін тартқан жүздеген ұлттар мен ұлыстар сияқты қазақ халқы да ең ауыр кезеңді социализм тұсында өткерді. Бұл орайда адамзат баласының ұзақ тарихындағы ең үлкен, ең ауыр қылмыс ХХ ғасырда ҚСРО (СССР) деп аталатын ұлы империяның аясында жүзеге асты деп тұжырым жасауға болады», – деп жазады. Ойын одан ары қарай: «Бір ұрпақтың көзалдында өткен екі бірдей дүниежүзілік соғыстың миллиондаған құрбандары да емес; ол – миллиондаған адамды бас бостандығынан айырған лагерьлердің архипелагы да емес; ол-технократтық жабайылық тудырған экологиялық сүргін де емес; ол-соғыссыз-ақ 4 миллион қазақты қырып тастаған геноцидтік саясат та емес; ол-тұтас ұлттардың қазақ даласына жер аударылуы да емес немесе тың игеру науқанын желеу етіп 3 миллион славянның Қазақстанға басып кіруі де емес; ол-керек десең қырық жыл бойы (1949-1988) қазақ даласында бейбіт халықтың ортасында сынақ үшін жарылған 500-ге тарта жарылған атом бомбасы да емес...

Ол қылмысты былай деп тұжырымдауға болады: адамзат баласының тарихындағы ең үлкен қылмыс – социалистік системаның тотаритарлық өктемдікпен 200-ден астам ұлтты мидай араластырып жіберуі болды. Нәтижесінде жүзге тарта ұлттар жойылып кетті Яғни ғасырлар бойы қалыптасқан жүзге тарта төлтума мәдениет мәңгілік жоқ болып, жұмыр жердің мәдени-рухани болмысы солғын тарты. Мұндай ауқымдағы қасіретті адамзат баласы бұрын сонды басынан кешкен емес»-дейді [3, 441].

Ұлт бойына батпандап сінген отаршылдықтың дертін қазақ халқы өз жүрегін емдеу арқылы, тұманданған санасын сейілту арқылы, рухани сауығуға өз болмысын парықтау арқылы жетеді. Мұны тура мағынасында да, бейнелі мағынасында да «Рухани жаңғыру», – деп атаймыз дейді Ақселеу Сейдімбек.

Біз педагогикалық, психологиялық, философиялық сөздіктердегі тұлғаға, ұлттық тұлғаға байланысты анықтамаларды, түркі ойшылдарының, әлемдік, ресейлік және өз ғалымдарымыздың ұлттық тұлғаға және ұлтымыздың бойындағы рухани құндылықтарымызға байланысты айтқан ой-пікірлерін жүйелеп талдай отырып, ұлт мәселесі, оның зиялы қауымының іс-әрекеті, жалпы адам болмысының ерекше қасиеттері сол ұлттың өсіп өркендеуіне ықпал етпей қоймайтынына көз жеткіздік.

Ұлттық тұлға – жеке ерекшелік қасиеттерді бойына сіндірген, ешкімді қайталамайтын өзіне ғана тән қасиеттері бар, белгілі бір қоғамда өмір сүретін және сол қоғамға бейімделген, ұлтының

рухани құндылықтары мен ұлттық ерекшеліктерін жете меңгерген, биологиялық, әрі рухани тіршілік иесі бола алады деп тұжырымдадық. Сонымен ұлттық тұлға дегеніміз – ұлтының рухани қажетін өтейтін, соған өзінің саналы ғұмырын арнайтын адам деген анықтама бердік. Халық ойының, өркениет құндылықтарының иесі болған ұлттық тұлғалар әрқашан да халық, өз ұлты алдындағы рухани көсемдік қызметін адал атқарған және тарихи тұлғалар осындай қасиеттері арқылы ерекшеленген. Ұлтты басқарушы зиялы қауым рулық-жүздік танымнан жалпы ұлттық санаға, дүние-танымға өтуге, ұлт ретінде әлемдік кеңістіктегі өз орнын анықтап алуға, барлық рухани дағдарыс түрлерінен арылуға қызмет еткен тұлғалар.

Ежелгі шығыс философиясында адам және тұлға туралы айтылған ұлағатты ұғымдарға тоқталсақ: Ертедегі шығыс философиясы – көне дәуір көрінісі, түрлі дәстүр ауқымы, талпынған ойдың ағымы, дұрыс жолдың негізі, мәдени жеңістің бағдары. Шығыс философиясы дегенде алдымен ертедегі қытай, үнді, византия, египет, тұран, араб мұсылман ойшылдарының шығармашылық жетістіктері мен ағымдық дәстүрлерін айтамыз. Біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырдың аяғында пайда болған ежелгі Қытай философиясында конфуцийшілдық бағыты ең көрнектісі деп есептеген.

Кун Фу Цзы (б.д.д. 551-451 ж. ж.) ата анасынан ерте айрылған ол тек он бес жасында ғана білімге құштарлық таныта бастайды. Елу жасында ол өз мектебін қалыптастырады. Оның шәкірттері ұстазының және өздерінің ой пікірлерін, қағидалары мен тұжырымдарын жинақтап «Әңгімелер мен пікірлер» (Лун юи) деген конфуцийшілдық ілімді дүниеге келтірген. Қытайдың көптеген ұрпақтары бұл кітапты үлгі тұтып, басшылыққа алған. Кун Фу Цзы өз ілімін адамдар арасындағы қарым-қатынасқа, тәрбие мәселелеріне негіздейді. Осыған орай ол мына ұғымдарға көп көңіл бөледі. Олар: «тең орта», «адамгершілік» және «өз ара сүйіспеншілік». Осы үш ұғым бірігіп «дао» (Дұрыс жол) ұғымын құрайды. Әр адам осы даоның жолымен өмір сүруі қажет деп көрсетеді.

«Дао дә цзин» – «ішкі» дүние туралы, ақылды адамның «ішкі» жан дүниесін реттейтін және сыртқы дүние бейнесінің мән-жайын талдайтын трактат [4, 67].

Адам – жер мен Аспан арасындағы сансыз заттардың ішіндегі «ен құндысы» өз табиғатына тереңірек үңілген зерделісі (Дун Чжуншу) дей отырып оның табиғи қабілеттерін төмендегіше саралаған. Адам бес бірдей табиғи қабілетті – адамгершілікті (Жень), әдептілікті (Ли), әділеттілікті (Бу жень), даналықты (Чжи) адамдықты (Чен) бойына

сіңірген деп көрсетеді. Сонымен, жақсылыққа, игілікке деген көзқарас адам өмірінің айнасы деген Конфуций тоқтамында үлкен мән бар екендігі анық. Қытай философиясында, «Адам өмірге келісімен өз үлесін алады». Бірақ адам үшін халықты жақсылыққа үйрететін патша керек. «Патша халықтың болмысын қалыптастыратын Аспанның пиғыл-ниетін аяқтайды және жалғастырады» (Дун Чжуншу) дейді. Аспан мен жерге ондағы адамдарға қамқорлық жасайтын іштей жетілген, дара даналарды Қытай философиясында көргені мен есіткеніне мән беретін, жан мен тән жарасымдылығын іздейтін, өзгені мінез құлқына еліктей бермейтін, адамдық тұлғасы жоғары адамдарды «ұлағатты, мәртебелі адам», деп қабылдаған. Яғни Қытай философиясында тұлғалық қасиеттердің қатарына ұлы ұстаздың сөзімен айтқанда: «Ескіні тура қайталаған жаңаны біледі», я болмаса «Көпті тыңдап дұрысын таңдаймын таңдағаным еремін, көпті бақылап, көргенімді есте сақтаймын. Осындай әдіспен білімге жетемін», – дей отырып болашақтың жарқын болуына ата-баба дәстүрінің тигізер үлесін дәріптейді.

Ислам философиясы – жалпы және жалқы алғанда мұсылман ойшылдарының философиялық мұраларына берілген атау. Ислам философиясы философиялық ойлау жүйесі тұрғысынан басқа философиялармен ортақ. Ислам философиясының пайда болуына, қалыптасуына ықпал еткен екі негізгі арна бар. Біріншісі Құран мен Сүннет. Құран Кәрім негізінен діни мәтін болып табылады. Діннің философияның барлық мәселелеріне қатысы бар. Дін де, философия да Алла, әлем, адамның рухы мен осылардың өз-ара қарым-қатынасына, жақсылық пен жамандыққа, таңдау еркіндігі мен ерік, өлімнен кейінгі өмірді қарастырады. Осы мәселелерді қарастырған кезде бұған қоса әлем, шындық, болмыс пен олардың қасиеттері, адамның пайда болуы мен тағдыры, дұрыс пен бұрыс, уақыт пен кеңістік, қозғалыс пен тұрақтылық, өткінші өмір сияқты мәселелерді де анықтайды [5, 6].

Мұсылман философтарының бірі – Ибн Арабидің түсінігінше адам жалпы мағынада универсумның ең жетілген болмысы. Адам-Құдай мен дүниенің арасындағы дәнекер, ол ғарыштық болмыс пен жер болмысының бірлестігін құрайды. Сондықтан адам өзін-өзі жетілдіруге тиісті, осы жоғарғы парызды өтеу – адам өмірінің мағынасын және оның біртұтас, сыртқы міндеттерін орындай алуы. «Жетілген адам» – адамгершіліктің үлгісі, жақсылық пен жаманшылық өлшемі, адамның өзін-өзі танытатын жолды аша білуі, дегенді айтады. Ибн Арабидің «жетілген адам» деуінде өз ісіне өзі

жауап бере алатын, дүниетанымы терең, ғарыштық болмыс пен жер болмысының бірлестігін құрауға бірден-бір дәнекер, адамдықтың ең жоғарғы сатысы адамгершілік пен жақсылықтың өлшемі болуы керек. Сонымен «жетілген адам» өзгелерден қабілеттілігімен, қайырымдылығымен, ізденімпаздығымен, ойлылығымен озуы тиіс [4, 189].

Ақыл парасаттың білім жүйесінде үлкен қызмет атқаратындығын саралағандардың бірі – Аль-Газали (1058-1111). Ол діни догматиканың ықпалынан шығу үшін шындықты іздейді сонымен бірге, ақыл-парасаттың төрт мағынасын анықтайды. Ақыл-парасат деген ұғымды:

- адамды жануардан айыратын сапа, ойша дерексіз ғылымдар мен білімді қабылдайтын, күрделі ойлану өнерін меңгеретін қабілет;
- мүмкіннің мүмкіндігін, мүмкін еместің мүмкінсіздігін білдіретін кейбір қажетті білімдер;
- өмір көрген, тәжірибесі мол адамнан қабылданатын білім;
- іс-әрекеттің салдарын танытатын және сүріндіретін құмарлықты ұғындыратын қылықты бақылатқызатын қабілет.

Алланың осы тартуын иемденген адам бақытты және ол нағыз білімге жетеді, деп түсіндіріледі.

Ибн Сина үшін ақыл – қабілеттіліктің жоғарғы сатысы, шындықтың өлшемі. Өзінің білімділер кітабында («Даншинам»), «Ақыл таразысына түспеген қандай білім болмасын, ол дәлелді және шыншыл бола алмайды» – дейді. Ибн Сина үшін, қажетті мән жасампаздығы Құдайға тән және тең, «абсолютті даналық», «парасатты пайымдылық» деп түсінеді. Ибн-Сина барлық парасаттылықты, пайымдылықты, даналықты, қабілеттілікті саралайтын шындықтың өлшемі білімде дей отырып, оның барлығы Құдайға тән деп болжайды.

Ибн-Рушдтың тоқтамы бойынша: ақыл ғана заттарды сол табиғи күйінде қабылдай алады, талдайды, «сөйтіп нағыз ақиқатқа» жеткізеді, нағыз білім-шындыққа шығар жол, шындықпен тоғысатын сабақтастық» – дей отырып, шындықты тек діни іліммен ғана шектеуге болмайтындығын айтады. Ол адамдарды-қара дүркін топтар, теологтар және философтар деп бөледі. Философтарды «құдай жарылқағандар» деп олардың рөлін жоғары бағалайды. Шындықтың тәсілі – парасаттылық пайымда, нағыз білімді түсіндіру тек тандаулылардың, философтардың үлесі дегенді баса көрсетеді.

Мұсылман философтары ілім, білім мәселелеріне үлкен мән берген. Американдық шығыстанушы Ф. Розентал араб әдебиетіндегі

білімнің мағыналары мен анықтамаларын дәлелдеген. Білімнің адам өміріндегі мәнін, әсерінің шексіз екендігін Ф. Розентал мойындай отырып, білімге мынандай анықтамалар берген:

Білім дегеніміз – таным процесі, табысу түрі, тану жолы. Кез келген тіршіліктің саласында, барлық іс-әрекеттің бастауын, тану жолын білім арқылы анықтауға болады.

«Білім-танитын нәрсенің қажеттігін айқындайды»; Білім дегеніміз жанның өз мақтасын айқындауы; сөйтіп оны жүректегі шынайы сенімін орнықтыру; Білім-заттардың ақылдағы формасы, интеллектпен сол көріністі түсіну; Білім-танушының ойы, қиялы және есте сақтауы [6, 67-83].

Қысқасы білім – таным, танушының ойы мен сенімі, даналығы, іс-әрекет тәжірибесі, сауаттылардың қоғамы және қозғаушы күші. Адам баласының бойындағы тану мен танып білушілік, ойлану қажеттілігі, өз мақсатын айқындап оған жету, жүрегіндегі шынайы жылылықтың болуы, айналасын дұрыс қабылдап ой түюі, оның барлығын ақылға, парасаттылыққа салып тексере білуі. Міне, осы сияқты игі қасиеттердің барлығы білім арқылы келетіндігін мұсылман философтары нақты етіп көрсете білген. Бұл айтылған пікірлерден түйетін ойымыз білімді адамдар еш ауқытта өзгені өкінішке қалдырмайды. Әл-Фарабидің сөзімен айтсақ, «Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу», – деген сөз. Ал, білім қуған жанның ойы күнделікті күйбеңнен көп алыста жататындығы да ақиқат. Сонымен қатар, шын білім – ақиқат, анық білім болатыны да түсінікті. Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу деген сөз десек, қазіргі жаһандану заманында білімді болу арқылы ғана жер бетінде мәңгілік ел болып қалатынымыз да шындық. Білімді адамның бойында рухани көсемдік болады десек, бұл қасиетті – тұлғалық қасиеттің шыңы, – деп айтар едік.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Айталы А. Ұлттану. – Алматы: Арыс, 2003. - 226 б.
- 2 Жұмбаев М. Педагогика. - Алматы: Ана-тілі, 1992. - 160 б.
- 3 Ақселеу Сейдімбек. Қазақ әлемі. Алматы, 1997. - 464 б.
- 4 Жақан Молдабеков, Аманжол Қасабек. Шығыс философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 300 б.
- 5 Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ислам философия. 4том. – Алматы, 2005. - 534 б.
- 6 Ф. Розентал «Торжествования». М. 1978. - 67-83 б.

ПРЕЦЕДЕНТТІ МӘТІНДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚЫЗМЕТІ

АБДЫХАНОВА Б. А.

докторант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ.

Лингвистикалық құбылыстарды зерттеудегі антропоэлектік бағыт тіл мен мәдениетті семиотикалық тұрғыдан туыстас сипатқа ие болған құрылымдар ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Л. Н. Мурзин оның себебін адамның тіл мен мәдениет арасын байланыстырушы негізгі буын екендігімен түсіндіреді [1, 165].

Тіл мен мәдениеттің семиотикалық туыстығы оларды өзара байланыста зерттеуге, ұлттық мәдениеттегі, ұлттық тілдегі, әлеуметтік-қоғамдық өмірдегі мәтіндердің қызметін зерттеуге мүмкіндік тудырады. Осының барлығы мәдениетті ерекше семиотикалық деңгей ретінде қарастыруға негіз болады. Ғалымдар мәтінді мәдениет контекстінде қарастырудағы тағы бір маңызды аргументке тоқталады: «ол аргумент адамның жалпы әлемдегі және жеке алғанда мәдениет әлеміндегі таптырмас орнымен байланысты: адам – мәтін жасаушы және мәтін нысаны, мәтін пәні; адам – бір мезгілде әрі автор – адресант, әрі адресат. Антропоэлектілік – мәдениет шығармашылығының маңызды белгісі» [2:32].

Тіл мен мәдениет және мәтін арақатынасын зерттеуші ғалымдар: «Мәдениеттанудың қазіргі түсінігі бойынша мәтінді жай ғана сөйлеу әрекеті немесе айтылымдардың қағазға түскен жиынтығы деп анықтауға болмайды. Мәтін – белгілі бір мағынаға ие болатын таңбалық жүйелер жиынтығы. Мәдениеттің кез – келген құбылысы адамдардың таңбалық жүйе көмегі арқылы жасалған мәтін болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда мәтінді – мәдениеттің «жаны мен тәні», ал мәдениеттің өзін белгілі бір мәтіндер жүйесі ретінде түсіндіруге болар еді. Сондықтан мәдениетті тану мәтінді тану дегенді білдіреді. Мәтін негізгі ақпарат иеленуші болып табылады» [3, 24]. Осы айтылғандардан біз мәтін мен мәдениеттің үйлесімділігін көреміз, мәтін мәдениет атрибуттарын танытушы деген пайымдауды оқимыз.

Көркем мәтінді мәдениет феномені ретінде қарастыру мәтіндердің қасиетін ашуда зор мүмкіндік беретіндігі анықталды. Осы мәселеде мәтінге тән қасиет деп интертекстуалдылық категориясына назар аударылды [4, 15]. Ю. М. Лотман интертекстуалдылыққа «әдеби эволюция процесіне кірігуін анықтайтын кезкелген мәтіннің (бәрінен бұрын көркем мәтіннің) онтологиялық қасиеті» деп

сипаттама бере отырып, интертекстуалдылықты әртүрлі аспектіде қарастырды. Референция теориясы тұрғысынан, интертекстуалдылық мәтіннің ақиқатқа (к действительности) және басқа мәтінге (мәтіндерге) көпреференттілік қатыстылығы деп анықтама берді. Ақпарат теориясы тұрғысынан, интертекстуалдылық мәтіннің тек өз тәжірибесі есебінен ғана емес, басқа мәтіндерден ақпарат жинақтау қабілетін көрсетеді. Мәдениеттану тұрғысынан, интертекстуалдылықты мәдени дәстүрлер түсінігі – мәдениеттің семиотикалық жадымен теңдестіруге болады деп анықтады [5].

Бүгінгі таңда интертекстуалдылық теориясы көркем шығармаларды зерттеудің әдіснамалық негізі ғана емес, сондай-ақ ғылыми еңбектердің, бұқаралық ақпарат құралдарының, жарнамалардың, саяси дискурстың, кино өндірісінің де әдіснамалық негізі болып табылады (Д. Б. Гудков; С. А. Казаева; Н. В. Королева; Э. М. Аникина; О. С. Боярских; С. Л. Кушнерук; Прохорова; М. В. Терских; С. С. Чистова; О. А. Ворожцова; А. П. Чудинов; М. Б. Ямпольский).

Попова интертекстуалдылық теориясының ауқымының кеңеюімен, интертекстуалдылықтың зерттеу алаңында көркем шығармалармен тікелей байланысы жоқ зерттеу нысандарының пайда болуы прецеденттілік теориясының дамуына жол ашқанын, оның міндетіне мәдени сабақтастық пен мәдени жалғасымды (континуальность) қамтамасыз ететін вербалды феномендерді зерттеу жататындығын айтады [6, 14].

Интертекстуалдылық концепциясының прецеденттілік теориясы мәселелерімен байланысында табиғи заңдылық бар, себебі сөз болатын тілдік бірліктер екі жағдайда да артефакт ретінде танылып, өздері қолданысқа түскен мәтіннен бұрын өзге мәтіннің контексті болған [7, 55]. М. Я. Дымарский интертекстуалдылықтан прецеденттілікті тілдік категория ретінде ажыратып қарауға мүмкіндік беретін белгісі ретінде прецедентті феномендердің кездейсоқ қолданылмайтындығын факт ретінде есептеуді ұсынады, прецедентті феномендер үнемі әдейі, бір мақсатпен қолданылып, «өзім-өзге» оппозициясын өзектендіреді, ал интертекстуалдылық көркем шығарманың онтологиялық (болмыс) қасиеті ретінде түсініледі және ол автордың еркінен тыс көрініс табуы мүмкін деген пікір айтады [7, 55]. Ю. М. Лотманның интертекстуалдылыққа «әдеби эволюция процесіне кірігуін анықтайтын кезкелген мәтіннің (бәрінен бұрын көркем мәтіннің) онтологиялық қасиеті» деп берген сипаттамасы бар. Дегенмен Н. С. Бирюкова прецедентті феномендердің

үнемі қандай да бір мақсатты көздеп қолданылмайтындығын айтады, ғалымның айтуынша мәтіндегі қандай да бір сөз қолданысының әдейі / әдейі емес қолданылғандығын анықтайтын маркерлер үнемі толық көрініс таба бермейді [8, 36]. Сондай-ақ С. Л. Кушнеруктың лингвотанымдық тұрғыдан қарастырғанда прецеденттілік түсінігі кең мағынада түсінілетін интертекстуалдылық феноменінің бір қыры, оның қызметі өзара әрекеттескен субъектілер санасындағы инвариантты жалпыұлттық бөлік құрайтын элементтерді зерттеу арқылы қарым-қатынастың ұлттық – мәдени ерекшелігін анықтаудан көрінеді деген көзқарасы прецеденттілікке қатысты тұжырымдарды толықтыра түседі [9, 27]. Бұл жағдайда интертекстуалдылық прецеденттік феномен семантикасындағы мәдени – маңызды ақпаратқа сүйені отырып, адресант пен адресаттың өзара қарым-қатынас жасау қабілеті тұрғысынан зерттеледі. Ресей ғалымдары интертекстуалдылық пен прецеденттік ұғымдарын зерттеуде С. Л. Кушнеруктың пікірін негізге алу прецеденттік феномендерді ерекше ұлттық мазмұнға ие және бүтін бір мәдениеттің, сондай-ақ жекелеген дискурстар мен мәтіндер арасындағы қарым – қатынасты жүзеге асыратын құбылыс ретінде интертекстуалдылықтың материалдық белгілері, оның тезаурустық формасы деп қарастыруға мүмкіндік беретінін айтады. (Э. М. Аникина, Л. Г. Бабенко, Г. В. Денисова).

Бірқатар ғалымдардың пікірінше, интертекстуалдылық күзiреттiлiктiң (компетенция) негiзiнде танымдық құрылым жатыр, бөлiнбейтiн және бөлшектенбейтiн танымдық бiрлiктер, олар «ықшамдалған» («свернутое») бiлiмдер, болмаса көрiнiстер [10, 64]. Себебi танымдық құрылымда сақталған ақпараттарда қоршаған әлем туралы мәлiметтер ғана сақталып қоймайды, сонымен қатар тiлдi бiлу және тiл туралы бiлiм орнығады, олар лингвистикалық және феноменологиялық танымдық құрылымдар болып бөлiнедi. Лингвистикалық танымдық құрылымдар тiлдiк күзiреттiлiк негiзiнде қаланады және тiл туралы заңдар, олардың синтаксистiк құрылымдары, лексикалық қор, фонетико – фонологиялық құрылым, оның бiрлiктерiнiң қызмет ету заңдылықтары мен сол тiлде сөйлесiм (речь) құрау туралы бiлiмдер мен түсiнiктер жиынтығын қалыптастырады. Феноменологиялық танымдық құрылым экстралингвистикалық және тiл табиғаты феноменi туралы, яғни тарихи оқиғалар, табиғат заңдары, өнер шығармалары, оның iшiнде әдеби шығармалар және т.б. туралы бiлiмдер мен түсiнiктердi қалыптастырады

[10, 63]. Н. С. Олизьконың көзқарасы бойынша, мәтінді қабылдау кезінде тілдік кодтарды ажырату (расшифровка) үрдісі жүзеге асырылады, осы себепті бірінші кезекте лингвистикалық танымдық құрылым өзектендіріледі, ары қарай талдау кезінде мәтіннің терең мағынасын ажырату (расшифровка) үрдісі іске қосылады, бұл кезеңде феноменологиялық танымдық құрылым өзектендіріледі [11, 33]. Олай болса, мәтінді түсіну үрдісі, сондай-ақ оны қабылдау мен талдау танымдық құрылымды өзектендірумен байланысты, ол мәтінде прецеденттік феномен арқылы көрініс береді. Бұл тілдік бірліктер сананың вербальды деңгейіне жатады, ал олар беретін түсініктер сананың концептуальды деңгейіне жатады [10, 63].

Прецеденттілік мәселесі лингвотаным және лингвомәдени парадигмалар төңірегінде қарастырылатын мәселелер қатарынан да орын алады. Лингвотанымдық тұрғыдан алатын болсақ, прецедентті бірліктер арқылы ықшамдалған түрде (в свернутом виде) таратылатын ақпараттың танымдық мәнінің өзектенуі және жаңа ақпаратты сақтау қабілеті қарастырылады. Прецедентті бірліктер арқылы жеткізілетін ақпараттың мәдени мәні осы бірліктерді лингвомәдени аспектіде зерттеуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдағы зерттеулерді, мысал үшін, В. Г. Костомаров және Н. Д. Бурвикова, В. В. Красных В. А., Г. Г. Слышкин, Д. Б. Гудков, В. В. Леденева, Ю. Н. Караулов сияқты ғалымдардың еңбектерінен көре аламыз. В. В. Леденева прецедентті феномендердің әртүрлі ұрпақтың ұлттық мәдениет иелерінің рухани еңбегінің жемісінің көрінісі ретінде, сондай-ақ халықтың менталдығын репрезентациялау қабілетіне қарай прецедентті феномендерді қазіргі таңда ғалымдардың мәдени кеңістіктің ядролық элементі деп қарастыратындығын айтады. Прецедентті элементтерді зерттеу арқылы ұлттың ойлау жүйесіне тән ерекшеліктері мен заңдылықтарын тани түсеміз. Көркем шығармаларда ұтымды қолданылған прецедентті элементтер шығарманың көркемдік деңгейін арттырады, ұлттың таным-түсінігі мен пайымдауларынан мол хабар береді. Прецедентті мәтіндердің менталдық сипаттарын зерттеу, оны ұлттық болмыс пен ұлттық таным көрсеткіші ретінде тануға бағытталған зерттеулер ұлт өмірінен, дүниетанымынан беретін ақпарат қорын молайтады. Ассоциативтік таным қалыптастырады. Мысалы, танымал ақын ағамыз Исраил Сапарбаевтың өлеңдерінен ұлттың ассоциативтік бейнесін көруге болады:

Қазақты жанаша таныстыру

Қолындай Қарымбайдың қалтылдаған,

Сараңның айтпай-ақ қой салтын маған.
... Сол Алла ағыл-тегіл пейіл беріп,
Қазақты Атымтай ғып жаратқандай! [12, 8-9].

ДЕ...

Хақ тағала:

Досың болып жүреді тап қасыңда:
«Орға, жарға түсем, – деп, – отқа, суға!»
Қағынғанда соғылған сойқан салып,
Қанша пенде сор кешіп, шоқ басуда?..
Туысың да,
Болады қандасың да,
Алыста емес,
Ол сенің дәл қасыңда!
Бір-бір тантық жетеді тамашаңа,
Бір-бір Жантық жетеді жан басына!.. [12, 87].

АТЫ ЖОҚ

Айналайын, Атажұрт, шашы ағарған,
Босқан елің аттады босағаннан.
Безіп кетсін Бекежан айдалаға,
Тұра келсін Төлеген Қособадан!
Шен-шекпен,
Алтын, алқа – кірі қолдың,
Келмейді кеңсе ішінде «шіріп, өлгім...»
Қош көрген хансарайдан жансарайын
Бүгінгі Жиреншенің бірі Менмін! [12, 157].

ҚҰДАЙЫ БАР ҚҰЛДЫҢ ДА!

Пенде екенің кәдімгі
Пешененмен мәлім-ді.
Артық болмас білгенің
Аяз бидей әлінді [12, 173].

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Қасида
Саяқты санға қосып сыртта қалған,
Адал жар,
Азаматқа жұп бола алған
Көремін өмірсерік өнегесін
Ақжүніс, Қамқа, Назым, Құртқалардан..
Аңызбен аты жеткен заманға осы,
Атына құрбан болар адам басы
Аяулы Қыз Жібек пен Баян сұлу –

Даланың Данаясы, Мадоннасы! [12, 243].

КЕРТОЛҒАУ

Тінкткілеп, тіміскілеп теңіз, көлді,
Судан да, құрғақтан да кен ізделді.
Қазылып, қайда барсан, «Қорқыт көрі»,
Қағынып, қабынбаған неміз қалды?! [12, 284].

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА БАЛАСЫ

Толғау

...Өзіңе-өзің жаудайсың,
Өнбейтін істі даулайсың.
Төрінді жатқа жайлатып,
Төсекте жатып аунайсың.
Аузыңмен орақ орасың,
Тіліңмен оны баулайсың.
Атымтай сенің неңді алған,
Қожанасырдан аумайсың [12, 304].

Осы өлең жолдарындағы жиынтық бейнелер: Қарымбай – дүниеқоңыз, сараңдықтың, Атымтай – жомарттықтың, Жантық – екіжүзділік пен арамдықтың, Төлеген – ерліктің, батырлықтың, Жиренше, Аяз билер – шешендіктің, данышпандықтың, Ақжүніс, Қамқа, Назым, Құртқа, Қыз Жібек, Баян сұлулар – сұлулықтың, ақыл-парасаттың, шынайы махаббаттың, ғашықтықтың, адалдықтың, нәзіктіктің, Қожанасыр – аңқаулықтың, туралықтың ассоциациялары. Танымал жазушы Қ. Жұмаділовтің «Адамның кейбір мінездері» атты әңгімесіндегі: «Аяз би деген кісі өткен өмірін ұмытып кетпеу үшін, баяғы жырттық тонын төріне іліп қояды екен» [13, 365], Т. Ахметжанның «Сұлу мен суретші» атты әңгімесіндегі: «Шығармашылық еңбектің бар мехнатын өзі арқалап, соның бар құрметін қожайынға сыйлай салған қожанасырлығына тұңғыш рет зығырданы қайнады» [14, 115], «Тозақ оты» әңгімесіндегі: «Жұрттың бәрі Аяз би емес қой, ақылдан бұрын айбынын, пайдасынан бұрын найзасын жұмсайды» [14, 215], Д. Амантай: «Бірде Арлан бір мәртебелі тойға домбыра жасап апарды. Сонда, ол күн астындағы Күнікей қызды көрді. Күн астындағы Күнікей қыз күлімсіреген күйі шешесімен қолтықтасып бірге жүрген еді» [15, 103] шығармаларындағы прецедентті қолданыстар мәтіннің қуатын арттырып тұр. Осы прецеденттік есімдерді қазақ мәдени өмірінен бейнелі, әрі терең ақпарат беретін этномаркерлі қолданыстар деуге болады. Н. Уәлиев: «Халық өзінің өткен дәуірлердегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің

аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген» - деп баға береді [16, 12].

Ақын-жазушылар тіліндегі прецедентті қолданыстарды лингвотаным, лингвомәдени теориялары тұрғысынан зерттеу арқылы тілдің қызметін, әлеуетін тереңдей анықтауға мүмкіндік аламыз. Прецедентті мәтіндерді тану, ұғыну мен түсінудің үлкен мәні бар, себебі оларды түсіну арқылы біз нақты бір ұлтқа тиесілі ақпарат аламыз. Прецедентті мәтіндер белгілі бір тіл мен мәдениеттің көрінісі болғандықтан, оқырмандарын өз ұлтының тарихы, мәдениеті, дүниетанымы, философиясымен таныстырады, аралық байланыс орнатады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мурзин, Л. Н. Язык, текст культура // Человек - культура - текст. - Екатеринбург, 1994
- 2 Бабенко Л.Г., Казарин Ю.В. Лингвистический анализ художественного текста. Теория и практика. – Москва: Флинта, 2003
- 3 Тіл мен мәдениет. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары. – Алматы: Жазушы, 2005
- 4 Чумак-Жунь И.И. Художественный текст как феномен культуры: интертекстуальность и поэзия. - Москва, 2014
- 5 Лотман Ю. М. Внутри мыслящих миров: человек - текст - семиосфера - история. М.: Языки русской культуры, 1996.
- 6 Попова М. К. Феномен прецедентности и преемственность культур. - Воронеж, 2004.
- 7 Дымарский, М. Я. Прецедентность и художественность. - Воронеж, 2004
- 8 Бирюкова Н. С. Восприятие студентами прецедентных феноменов, используемых в современной массовой коммуникации. - Екатеринбург, 2005
- 9 Кушнерук, С. Л. Сопоставительное исследование прецедентных имен в российской и американской рекламе. - Екатеринбург, 2006
- 10 Красных, В. В. «Свой» среди «чужих»: миф или реальность? - Москва : Гнозис, 2003
- 11 Олизько, Н. С. Интертекстуальность как системообразующая категория постмодернистского дискурса: на материале произведений Дж. Барта. - Челябинск, 2002
- 12 Исраил Сапарбай. Шығармалар жинағы 3 том, Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2012

13 Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы, Птом. - Алматы, 2004

14 Талаптан Ахметжан. Шығармалар жинағы, I-том. - Алматы «Жалын баспасы», 2006

15 Дидар Амантай. Қарқаралы басында. Алматы, 2010

16 Нұрғелді У. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. - Алматы, 2007

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ

АБЖАЛОВА Ұ. С.

магистрант, «Тұран-Астана» университеті, Астана қ.

Мақалада қазақ тілін оқытудағы педагогикалық жағдайлар қарастырылды. Қазіргі білім беру жүйесіндегі педагогикалық оқыту технологиялары зерттелінді. Іс тәжірибеден мысалдар келтірілді.

XXI ғасыр – әлемдік жаһандану ғасыры. Ұлттық мәдениеті мен дәстүрін, тілі мен дінін сақтай отырып, білімі мен ғылымын тұтастандыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері экономикасының өсімі мен әлеуметтік проблемаларды шешудің басты кілті білім мен ғылымда деп танып, білім саласындағы реформаларын жүзеге асырылу үстінде. Біз де тіліміздің өркендеуіне, өлмеуіне елім, жерім дей алатын азаматтың өсіп-өнуіне үлес қосуымыз керек. Қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімдердің ең басты түпкі мақсаты – тіл үйрету, тілді дұрыс қолдана білуге дағдыландыру, әрбір шәкірттің өз ана тіліне деген табиғи сүйіспеншілігін арттыру деп ойлаймын.

XXI ғасыр – ақпараттар ғасыры. Ақпараттандыру саласында болып жатқан жаңалықтардың барлығы да оқушының жаңадүниесіне әсер етеді.

Жаңа білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Жаңа білім парадигмасы баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын алдыңғы орынға қойып отыр. [1] Қазіргі педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Жаңа білім беру технологиясының басты қағидалары – оқытуды ізгілендіру, өздігінен дамытын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп, өсіруші, тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны өмірге дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше түс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. ХХІ ғасыр - шығармашыл тұлға тәрбиелеу ғасыры. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауын арттыру мен шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану және оның тиімді әдістемесін жасау өзекті мәселеге айналып отыр. Қазіргі кезде әдебиеттерде даму бағытын қамтитын педагогикалық жағдайды жақсарту үшін 50-ден астам оқыту технологиялары қолданылып жүр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне ену үшін педагогикалық жағдайларға көңіл бөліну керек. Осы тұрғыдан педагогикалық жағдайға анықтама беруді жөн санаймын [1].

Педагогикалық жағдай.

1 педагогикалық үрдістегі мұғалім арнайы беретін немесе спонтанды пайда болатын шарттар мен жағдайлар жиынтығы. Мақсаты – оқушыны қоғамда және еңбекте болашақ белсенді субъекті ретінде қалыптастыру және дамыту, оны жеке тұлға ретінде қалыптастыру;

2 маңызды эмоционалдық көріністермен қатар жүретін және қалыптасқан өзара қарым-қатынасты қайта құруға бағытталған, қарама-қарсы нормалар құндылықтар мен қызығушылықтар негізінде мұғалім мен оқушы арасындағы қысқа мерзімді әрекеттесу [3].

Қазіргі таңда оқытудағы педагогикалық жағдайларды жақсартуда оқыту технологияларының мынадай түрлерінің элементтерін өз сабағымда қолданамын.

- 1 Дәстүрлі оқыту
- 2 Дәстүрден тыс оқыту
- 3 Дамыта оқыту
- 4 Деңгейлеп оқыту
- 5 Сатылай талдап оқыту
- 6 СТО
- 7 Үш өлшемді деңгейлеп оқыту
- 8 Модульдік оқыту технологиясы
- 9 Ойын арқылы оқыту
- 10 Проблемалық оқыту
- 11 Түсіндіре оза оқыту
- 12 Бағдарлап оқыту технологиясы
- 13 Тірек белгілері арқылы

14 Білім беруді ізгілендіру технологиясы

15 Интерактивті оқыту

16 Зерттеу – жобалау оқыту технологиясы

Осы технологияларды қолдану барысында оқушы бойында жеке тұлғалық қасиеттерді дамытуға болады. Қолданылып жүрген жаңа педагогикалық технологияның негізінде:

- Әрбір оқушының жеке және дара ерекшеліктері ескеріледі;
- Оқушылардың қабілеттері мен шығармашылықтары артады;
- Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдылары қалыптасады.

Қазақ тілін оқытудағы педагогикалық жағдайларды дамытудағы өз іс-тәжірибеммен бөлісем:

Оқыту барысында алдыма қойған мақсатым – туған тілдің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, ертең өмірден орынын таба алатын, өзіне сенімді, нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені байыта білу керек.

Осы алдыма қойған мақсатымды жүзеге асыру жолында сан қилы тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы сабақтың сапасын арттыруға көңіл бөлемін. Өткізетін сабақтарымның мазмұны мен құрылымын үнемі өзгертіп, аралас, интегралдық семинарлар, диспут, саяхат сабақ, ойын, баспасөз конференциялары, модульдік, концерт сабағы, деңгейлеп оқыту, блок, сахналандырылған, т.б. оң нәтижелерге жетіп отырамын.

Тәжірибемде, модульдеп оқытуда, оқушы білімді өздігінен пайдалана білу сияқты іскерлік дағдылармен қаруланады. Менің тарапымнан баламен өзара ортақ тіл таба отырып, оқушы мәдениетін көтеруге ықпал жасау жағы ескеріледі.

Қазақ тілін оқытудағы педагогикалық жағдайларды жандандыруға жаңа технология әдістерін қолдану – бұл әр баланың жүрегіндегі сезім - талшықтарын, қиялындағы ойды ояту, шығару, қабілетін ашу. Логикалық ойлау қабілетін дамыту, шығармашылығын жетілдіру. Баланың тапқан жаңалығын сыртқа шығару, талдау. Қазақ тілін оқытуда қай технологияны сабақта қолдансаң да, осы тұжырымды басшылыққа алу керек. Сонда ғана оқушылардың білім сапасын арттыруға қол жеткізе аламыз. Осы орайда, «Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер», – деген Жүсіпбек Аймауытовтың сөзін айта кету артық болмас.

Орыс педагогі К. Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына қазақ тілін оқытудағы педагогикалық жағдайға сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев жолдауында айтқанындай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесі жүргізіліп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б

2 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы

3 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған экономика ғылымдарының докторы, профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 482 б. ISBN 9965-808-85-6

4 С. Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. 88-б

РАЗВИТИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ ДОШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ПРИОБЩЕНИЕ ИХ К МАТЕМАТИЧЕСКОМУ ТВОРЧЕСТВУ

АБТРАХИМОВА Т. Р.

воспитатель, первой категории, ГККП «Ясли-сад №27», г. Павлодар

Уровень образования и интеллектуальный потенциал общества в современных условиях приобрели характер важнейшей составляющей национального богатства, а образованность человека,

профессиональная мобильность, стремление к творчеству и умение действовать в нестандартных условиях, становится основой прогресса, устойчивости и безопасности страны.

Дошкольному детству отводится особое место в жизни человека, научно доказано, что 70 % основы всех знаний и умений закладывается именно в дошкольном детстве. Отсюда видно, какой это насыщенный и продуктивный период в жизни человека. И как важно именно в этот период раскрыть потенциал каждого ребенка.

Для развития будущей успешной личности, умеющей принимать креативные решения и действия, необходим запас знаний и умений в соответствии с запросом современного общества.

Поэтому, именно в дошкольном детстве необходимо заложить потребность в творческом поиске, умение ставить вопросы и находить нестандартные решения, в соответствии с возрастными особенностями.

Творчество, умение придумывать, создавать новое – наибольшим образом формирует личность ребенка, развивает у него самостоятельность и познавательный интерес. С возникновением вопросов «Почему?» открывается новая эра в развитии ребенка. Это начало мотивации дальнейшего развития личности, формирования познавательного интереса, желания узнать что-то новое, происходит зарождение интеллектуальной активности.

Освоение первых математических умений по формированию элементарных математических представлений – это развитие умственных способностей и развития интеллекта ребенка в целом. Для продуктивного обучения необходимо вовлечение детей в активную познавательную деятельность, способствующую развитию их творческих способностей. А значит, вся работа должна быть интересной, запоминающейся и доступной пониманию ребенка в соответствии с возрастными возможностями.

Для результативности всего учебно-воспитательного процесса по развитию познавательной активности дошкольников через приобщение их к математическому творчеству я создала в группе центр «Юные математики». В центре собран и систематизирован дидактический и игровой материал по теме, который постоянно пополняется и обновляется.

В центре есть хозяйка – Королева Математики, и ее помощники – гномы: Гном «Да – Нет-ка», Гном «Соединяй-ка», Гном «Дели – Давай-ка», Гном «Рассуждай-ка», Гном «Загадай-ка – Разгадай-ка», Гном «Думай-ка», Гном «Посчитай-ка». У гномов есть

отличительные знак – шапочка каждого гнома раскрашена в один из цветов радуги, имеется свой логотип. Весь материал центра распределен по блокам и каждый гном отвечает за свой блок.

Использование инновационных технологий помогло мне выстроить учебно-воспитательный процесс в соответствии с запросом современного общества и создать у дошкольников ситуацию успеха.

Гном «Да–Нет-ка» – формирует представления о математических понятиях: алгоритм (последовательность действий), кодирование (сохранение информации с помощью специальных символов), декодирование информации (расшифровка символов и знаков), кодирование со знаком отрицания (расшифровка символов и знаков). Для данного блока создала дидактические пособия, игры, на основе технологии «БлокиДьенеша».

Гном «Соединяй-ка» – через практические действия с конкретными предметами формирует наглядно-действенное и наглядно-образное мышление. Создала пособия и игровой материал на основе «Палочек Кюизенера»: использование «чисел в цвете», которые позволяют развивать у дошкольников представление о числе на основе счета и измерения.

Гном «Дели – Давай-ка» – развивает приемов мышления: анализ (выделение свойств объекта, или самого объекта из группы, или группы объекта по определенному признаку) и синтез (соединение различных элементов в целое), т.е. умение делить целое на его части и соединять части в целое. Разработала игры с геометрическими фигурами «Поезд фигур», «Что из чего?», «Найди не достающую часть» и др. Использую технологию «Развивающее обучение», которая задействует зону ближайшего развития, активизирует мыслительные процессы.

Гном «Рассуждай-ка» – открывает механизм логических построений, вырабатывает умение формулировать, обосновывать и доказывать. Создала подборку игр «на доказательство», такие как «Объясни почему», «Докажи...» и др. Использование в этом блоке «Игровой технологии» позволяет создать мне мотивацию для раскрепощения ребенка, умения высказать свою точку зрения, раскрыть свой творческий и интеллектуальный потенциал.

Гном «Загадай-ка – Разгадай-ка» – использую при работе с задачами. По своей природе дети любознательны, поэтому легко включаются в решение простых творческих задач: отыскать, отгадать, раскрыть секрет, составить, видоизменить, установить соответствие, смоделировать, сгруппировать, выразить математические

отношения и зависимости любым доступным способом. У детей вырабатывается способность самим находить ответ на неизменный вопрос: «как?» В этом блоке использую «Игровую технологию» и «Личностно-ориентированную технологию», которая дает мне возможность в центр обучения ставить личность ребенка, направлять деятельность на развитие и реализацию его природного потенциала и активизацию мыслительных процессов.

В этом же блоке, в качестве математических развлечений, использую головоломки, задачи-шутки, логические упражнения. Они интересны по содержанию и занимательны по форме, отличаются необычностью решения, позволяют развивать дошкольникам смекалку.

Гном «Думай-ка» – в этом блоке собран разноуровневый занимательный математический материал (многофункциональные карточки, индивидуальные карточки, математические кубы, игровизор и т.д.), 15 % которого разработано на опережающее развитие. Ценно то, что я даю возможность проявлять инициативу детям, идущим «на опережающее развитие», в обучении детей, менее активных или часто болеющих. В этом блоке использую так же «Игровую технологию» и технологию «Развивающее обучение».

Гном «Посчитай-ка» – в этом блоке дети работают с цифрами. Математические вычисления – это одна из высших функций человеческого мозга. Только человек обладает способностью к счету. Общеизвестно, что детей следует учить считать как можно раньше, поскольку это будет способствовать физическому развитию мозга, а следовательно и того, что мы называем интеллектом. В этом блоке разработала множество игр и упражнений, разноуровневых заданий по работе с цифрами и счетом. Разработала пособия «Волшебные часы», «Накорми цаплю», «Продолжи ряд», «Посчитай на оборот» и т.д.

Использую инновационную технологию «Круги Луллия». Это предметно-развивающая среда, с помощью которой создается благоприятная игровая ситуация. Пособие многофункциональное, позволяет, на ряду, с математическими задачами формировать навыки сотрудничества, взаимодействия и самостоятельности.

Весь материал центра «Юные математики» легко доступен детям, практичен, изготовлен по правилам дидактики дошкольной воспитания и обучения.

Для результативности учебно-воспитательного процесса использую индивидуальную, групповую и фронтальную форму работы.

Индивидуальную и групповую формы – использую в утренние и вечерние часы, прежде всего, с детьми у которых наблюдается низкий и средний уровень развития, часто болеющими детьми. Фронтальную форму работы преимущественно в организованной учебной деятельности.

Для целостного педагогического процесса применяю главный педагогический принцип: сотворчество педагогов, детей и родителей. Использование «Проектной технологии» дало возможность приобщить родителей моей группы к учебно-воспитательному процессу.

Воспитанники и родители регулярно готовят проекты «Волшебная страна Математика» («История цифр», «Ребусы», «Круги и квадраты вокруг нас» и т.д.), позволяющие не только формировать и развивать у дошкольников простейшие логические структуры мышления и математические представления, но и интерес к решению поисковых, познавательных, творческих задач и разнообразной интеллектуальной деятельности.

Большое значение имеет само выступление ребенка – так как он переживает состояние успеха! Именно этот эмоциональный подъем дает возможность каждому ребенку почувствовать себя лидером, занять позицию: «Я могу!»

«Вы хотите, чтобы ваши дети были способными и талантливыми? Тогда помогите им сделать первые шаги по ступенькам творчества, но... не опаздывайте, и, помогая, думайте сами»./Б. П. Никитин/.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Литературный материал с математическим содержанием. Михайлова З. А., Непомнящая Р. Л., Санкт-Петербург 1993 г.
- 2 Школа 2100. Программа подготовки дошкольников по математике. Л. Г. Петерсон.
- 3 Раз – ступенька, два – ступенька... Часть 1 и 2. Л. Г. Петерсон, Н. П. Холина. Баласс. – 1998 г.
- 4 Математика до школы. А. А. Смоленцова, О. В. Пустовайт. СПб: Акцидент – 1998 г.
- 5 Логическая азбука для детей 4 – 5 лет. В. Г. Гоголева. СПб: Детство – Пресс – 1998 г.
- 6 Математика для малышей. А. Н. Харченко. Краснодар: 1995 г.
- 7 Праздник числа. В. В. Волина. М: 1993 г.
- 8 Веселая арифметика. В. В. Волина. Екатеринбург: 1999 г.

9 И учеба, и игра: математика. Т. И. Тарабанина, Н. В. Елкина. Ярославль: 1997 г.

10 Детям о времени. Т. И. Тарабанина. Ярославль: 1996 г.

11 Обучение с увлечением. С. И. Агеева. М: 1991 г.

12 Учимся считать. А. Дорофеева. М: 1997 г.

13 Логическое мышление. А. Дорофеева. М: 1997 г.

14 Игры, задания и упражнения математического содержания. Л. И. Ермолаева. Иркутск: 2000 г.

15 Игровые занимательные задачи для дошкольников. З. А. Михайлова. М: 1990 г.

16 Математическое развитие. Образовательная система «Детский сад 2100» О. В. Матросова . Волгоград :2011 19.

РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ПРИ РАБОТЕ С ТЕКСТОМ НА УРОКАХ РУССКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

АКЫЛБЕКОВА М. Н.

учитель русского языка и литературы, СОШ № 12, г. Павлодар

Согласно требованиям современной образовательной программы по предмету «Русский язык» выпускник школы должен свободно пользоваться устной и письменной речью в разных жизненных ситуациях, владеть различными видами речевой деятельности: грамотно писать, бегло и осознанно читать, хорошо говорить, правильно понимать чужое устное высказывание и уметь слушать. В реалиях Павлодарского региона выпускники, как правило, отвечает этим требованиям. Но следует помнить, что приоритетной целью современной системы казахстанского образования является развитие функциональной грамотности школьников. Что это значит? Это значит - научить применять предметные знания в реальных, жизненных ситуациях.

Как известно, Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 годы для совершенствования качества образования в Республике Казахстан был утверждён еще в 2012 году. Общие ориентиры развития функциональной грамотности определены в Государственной программе развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы.

В современном, быстро меняющемся мире функциональная грамотность становится одним из базовых факторов, способствующих активному участию всех людей в социальной, культурной, политической и экономической деятельности, а также обучению на протяжении всей жизни.

Согласно Национальному плану главными функциональными качествами современной личности являются инициативность, способность творчески мыслить и находить нестандартные решения, умение выбирать профессиональный путь, готовность обучаться в течение всей жизни. Все данные функциональные навыки формируются в условиях школы.

Итак, предметные знания хорошо усвоены. Теперь нам необходимы такие задания, которые будут развивать в нем все вышеперечисленные функциональные качества личности. Для этого, на наш взгляд, необходимо перейти от фронтальных форм обучения классного коллектива к индивидуальной форме обучения каждого ученика, избавить учащихся от излишних теоретических знаний и заданий, которые перегружают их. Также обновление форм и методов обучения позволит сделать обучение более практичным и ориентированным. Кроме того, будет способствовать установлению партнерских и дружелюбных отношений между учителем и учениками и реализации одного их эффективных подходов – лично ориентированного обучения.

Нами накоплен некоторый багаж наработок в этом направлении, с которыми хочется поделиться. При составлении заданий для развития функциональной грамотности при работе с текстом опираемся на уровни мышления соответственно таксономии Блума, которые формируют мыслительные навыки высокого порядка. Для формирования навыков мышления высокого уровня необходимо и обязательно задействовать именно мыслительные умения высокого порядка, а именно: уровни «анализ», «синтез», «оценка». Для этого используются глаголы, описывающие высшие и более низкие навыки мышления в соответствии с уровнями пирамиды Блума. Надо отметить, что составление такого рода заданий всегда вызывает определенные трудности, так как для каждого уровня заданий необходимо учитывать определённые вопросы и мыслительные операции, которые необходимо выявить у обучаемого. Ниже приводятся тексты, которые апробированы нами в практической деятельности на протяжении 2014-2015 учебного

года. К каждому приведены задания по уровням в соответствии с таксономией Б. Блума.

Летом

Однажды мама пошла за земляникой и взяла меня с собой.

День был солнечный, жаркий. Но только мы подошли к лесу, вдруг набежала синяя тучка, и из неё посыпался частый крупный дождь. А солнце всё продолжало светить. Дождевые капли падали на землю, тяжело шлёпались о листья. Они повисали на траве, на ветвях кустов и деревьев, и в каждой капле отражалось, играло солнце.

Дискурсивтілік ғалымдар тарапынан публицистикадағы мәтіннің «өмір сүруінің» амалы ретінде қарастырылады. Публицистикалық дискурс мәтін және мәтіннен тыс элементтердің (мәзмәтін, интермәтін, гипермәтін және т.с.с.) бір-бірімен өзара әрекеттестігінде орын алады, соның арқасында «адресант – адресат» коммуникативті тізбегіндегі байланыс нақтылана түседі. Осылайша, дискурс публицистикалық мәтіннің динамикалық аспектісін іске асырады. Нәтижесінде дискурсивтілік публицистикалық мәтіннің ерекше қыры болып танылып, оның келесі белгілерін айқындайды:

- 1 Ситуативтілік (айтылымның орны және уақытымен тығыз байланыс);

2 Әлеуметтік бағыттылық (айтушының дискурсивті мақсат-мүддесіне сай осы жағдайдағы әлеуметтік әрекеті);

3 Автор мен аудитория арасындағы өзара қатынастың іске қосылуы;

4 Аудитория тарапынан хабарламаны (мәтін) қабылдау әрекетінің іске асуы;

5 Автордың/басылымның нақты мақсатының болуы.

Публицистикалық мақаладағы осындай дискурсивтіліктің арқасында тілші мен оқырманның яғни адресант пен адресаттың арасындағы диалогтік қатынас қалыптасып өрбиді. Осыған орай біз публицистикалық дискурстың сендіру, оқырманның санасына ықпал ету сияқты әрекеттерді жүзеге асыратын күрделі дискурстардың бірі екендігін айта аламыз.

Публицистикалық дискурстың тағы бір ерекше қыры – ондағы коммуниканттардың (қарым-қатынастың қатысушылары) көп қырлылығы. Егер ауызша дискурс кезінде адресат пен адресанттың рольдері нақты бір жеке тұлғаларға тиесілі болса, жазбаша дискурста, әсіресе осы газет-публицистикалық дискурс түрінде реципиенттің орнында жасы, ұлты, діні, саяси және өмірлік ұстанымдары бойынша әр алуан, саны жағынан ауқымды аудитория болады да, ақпаратты жеткізуші тарап та көп жағдайда бір адаммен шектелмейді. Бұл сол мақаланың тапсырыс берушісі (оның басылып шығуына себепкер болған тұлға), авторлар ұжымы немесе, тіпті, тұтас бір газет редакциясы болуы мүмкін.

Заманауи публицистикалық шығармаларда авторлық «меннің» күшейіп, еркінсігенін байқауға болады. Мерзімді басылымдар алғаш жарық көре бастаған кезде газеттердің саны аз болып, оларды зиялы қауымның шамамен барлық өкілдері оқығандықтан, ол кезде тілшілер оқырмандарға болған оқиғалар жайлы ақпаратты сол қалпында жеткізумен шектелді. Бара-бара газет-журналдардың да, журналистердің де саны өсіп, қоғам өмірінің дамуымен оқырмандардың қызығушылықтары да артуына орай тілшілер өз мақалаларын жариялауда олардың тек қана мазмұнды болуына ғана емес, сонымен қатар реципиенттердің көпшілігі үшін әсерлі болуына да үлкен мән береді. Адресаттар бұл мақаланы оқып, газетті жауып тастамай, кейін оған қайта оралуға, осы мерзімді басылымды тағы да сатып алып, ондағы аталмыш автордың туындыларын үнемі оқып отыруға деген құлшынысының оянуы – заманауи журналистердің басты мақсаттарының бірі. Сол үшін тілшілер өз шығармаларын жазған кезде түрлі көркемдегіш құралдарды пайдаланып, сан

алуан амал-тәсілдерге жүгінеді. Тақырыпқа қатысты өзіндік ойын білдіріп, осы бір авторлық бағалаудың негізінде оқырманның пікірін өзінікімен салыстыруға, ойша пікірталасқа түсуге, басқаша айтсақ, «диалогке» шақырады. Осылайша, бүгінгі журналист – бақылаушы, бағалаушы тұлға. Ол да оқырман сияқты қоғамның қарапайым қатардағы өкілі ретінде реципиенттерге мейлінше жақын болуға тырысады. Сөйтіп, автордың өзі мәтіннің ерекше бір қыры, жазушы, баяндаушы әрі кейіпкер ретінде қарастырылады [1, 60].

Автор адресатпен тығыз қарым-қатынаста болады. Ол адресаттың орнында мұғалім де, саясаткер де, бизнесмен де, қарапайым жұмысшы да, ересектер де, жасөспірімдер де, дін өкілдері де, атеистер де, байлар да, кедейлер де болуы мүмкін, басқаша айтсақ, публицистикалық дискурстың адресаты деп риторикалық әсер етушілік объектісі болатын коммуникация нысаны мен жағдайына байланысты сараланған адамдар тобын (әлеуметтік ұжым, қоғам және олардың ұстанатын қоғамдық пікірі) атауға болады [2, 103].

Әдетте, әр тілші өзінің типтік адресатын өзі құрастырып алуға тырысады. Мақаласын әзірлеп, жарияламас бұрын журналист өзінің әлеуетті оқырмандарының дүниетанымын, өмірлік құндылықтарын, қызығушылықтары мен талап-тілектерін алдын-ала болжап, ескеріп, соған қарай өзгерістер енгізеді. Осының барысында публицистикалық дискурста тән әсер етушілік қызметті жүзеге асыру үшін публицистикалық мақала авторлары нақты тілдік құралдарды тандап, оларды «кәдеге жұмсайды».

Публицисттің коммуникативті мақсаты – оқырманды автордың болмысты түсінуі, авторлық көзқарастың орындылығына ғана емес, сондай-ақ оның дұрыстығына сендіру. Сөйтіп, публицистикалық мәтін түгелдей дерлік осы бір авторлық мүддеге сәйкес ұйымдастырылады. Кез келген публицистикалық мәтінде автордың өзінің стратегиялық мақсаты – адресатты көндіру, оған ықпал етуді – іске асыруға мүмкіндік беретін интенциялық мәтін құрушы категориялардың тұтас парадигмасын (жүйесін) байқауға болады. Бұл парадигмаға келесілер жатады:

1 Публицистикада берілген концептілерді/атауларды бекіту тәсілі ретіндегі идеологиялық;

2 Бағалау арқылы сендіру; стилистикалық-идеологиялық категория ретіндегі атау;

3 Мәтіннің стилистикалық үндестілігі;

4 Астарлы сендірудің лингвистикалық механизмі ретіндегі интерпретация (тілдік түрлендіру) [3, 98-105].

Басқаша айтсақ, публицистикалық мәтіндегі автордың берілген ойы авторлық және әлеуметтік бағалау, мәтіннің атауы мен стилистикалық «әрленуін» таңдау, сонымен қатар журналист баяндайтын оқиғалар мен фактілерді интерпретациялау яғни түсіндіру арқылы бекітіледі. Осылайша, журналист адресаттың жеке дара әлемнің концептуалды көрінісіне өзіндік авторлық ойын, көзқарасын енгізуге тырысады.

Мәтіндегі автор ролінің көрініс табу деңгейіне байланысты оның үш түрін бөліп қарастыруға болады:

1 Дараланған автор өзінің пікірін (оң сипаттағы болсын, теріс сипаттағы болсын) ашық білдіреді, оның мәтіні авторлық «менге» тұнып тұрады. Мысалы: «Жоғары лауазымды шежуніктердің ішінде екі адамның ғана туған күнін біледі екенмін. Оның бірі – президент Нұрсұлтан Назарбаев, ал екіншісі – Шымкент қаласының әкімі Ғабидолла Әбдірахымов. Парламент палаталары төрағаларының немесе премьер-министрдің қай күні дүниеге келгенін білмеймін. Интернетті ақтарып іздегенмен, ақпарат, деректер толып жатқан миында туған күндер қала бермейді ғой. Ал жоғарыдағы екі азаматтың ұмытылмайтын себебі – ол жыл сайын еске салынып тұрады. Президенттің туған күні Астана күнімен, яғни мемлекеттік мерекемен бірге тойланады. Әбдірахымовтың туған күні жергілікті, республикалық ақпарат құралдарында кеңінен атап өтіледі. Туған күнін БАҚ, қарапайым халық елеп-ескеріп, құттықтап жатқан бұдан басқа әкімді білесіз бе? Қаланың әкімі қызметімен-ақ Әбдірахымов президентпен бәсекелес болуға көшкен бе дейсің осыдан кейін.» («Әр сөзі – «Хит», әуресі – «ШЫМКЕНТСИТИ» шым қаланың әкімі президентпен бәсекелес болуға көшкен бе?» - Жас Алаш. – 26.01.2017);

2 Жалпыланған автор өзін редакция ұжымымен бірлікте қарастырып, газеттің атынан сөйлейді: «Күні кеше Мемлекеттік билік тармақтарындағы өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі жұмыс тобының отырысы президенттің қатысуымен Ақордада өтті. Назарбаевтың өзі бұл мәселені «демокриталандыру үдерісі» мен «уақыттың талабына» теліді. Жұмыс тобының мүшелері де мұны бірауыздан «дер кезінде» қолға алынған шараға балады. Алайда билікті бөлісудің қазақстандық үлгісін демократияның дәрегейіне жатқызуға бола ма, болмай ма? Билік бөлістен үлес алатын үкімет пен парламент президентке жалтақтамай жұмыс істеуге дайын ба?

Міне, мәселе осында болса керек. Жалпы, өз ойымызды оқырманға ұғынықты жеткізу үшін отырысқа қатысқан жұмыс тобының мүшелерін таныстырып, олардың нендей ұсыныс жасағанын, қандай заңдарға өзгеріс енуі мүмкін екенін айтып әңгімені көбейтпей, бірден негізгі мәселеге көшейік. Президенттік билік Қазақстанға қажет пе, әлде президенттің өзіне керек пе? Бұған әркім әртүрлі жауап берері даусыз. Бірақ біз оған тоқталмай, президенттің уәждеріне құлақ түрейік.» («Билік өкілеттігін бөлісу автократияны демократияның «шәлісімен» бүркеу емес пе?» – Жас Алаш. – 26.01.2017);

3 Деперсонализацияланған автордың «бар-жоғы» мәтінде шартты түрде білінбейді: «Еліміздің бірнеше өңіріндегі сияқты, 26 қаңтарда Көкшетау қаласының «Тәуелсіздік» алаңында Ақмола облысының әкімі Сергей Кулагиннің қатысуымен Алматыдағы ХХVIII Дүниежүзілік қысқы Универсиада алауын жағу рәсімі өтті. «Алау эстафетасының» тұғыры Ұлы Отан соғысында Батыр атағын екі мәрте алған Талғат Бигелдинов пен Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің ескерткіші жанында орналасуы жігерлі халқымыздың рух қайнарын тасытуда. Көкше аспанында мың сан еріктілер шырқаған «Қазақстан, алға!» әні қалықтағанда «Тәуелсіздік» алаңы тебіреніске бөленді. Универсиаданың өңірлік алауын дүбірлі доданың бас кейіпкері – балапан «Сұңқар» жақты». («Универсиада алауы ел аралап жүр» – Егемен Қазақстан – 27.01.2017).

Ал публицистикалық дискурстағы коммуниканттардың мөлшері мен лауазымына орай авторлардың келесі түрлері белгілі:

1 Жеке дара/ұжымдық;

2 Жеке/көпшілік/әлеуметтік.

«Жеке» адресат пен әлеуметтік адресаттың арасында да авторлардың көптеген түрлері орналасады: насихаттаушы, айтыскер, редактор, шежіреші, суретші, талдаушы (аналитик), зерттеуші және т.б. [4, 39].

Публицистикалық дискурста автордың ролі қаншалық салмақты болса, адресаттың маңызы да соншалық үлкен. Тілшілер өз мақалаларын жазуда өзінің әлеуетті аудиториясының тілдік тәжірибесіне сүйеніп, олардың өмір сүру салты мен әлеуметтік мәртебелерін сипаттайтын дүниетанымына жақын элементтерді қолданады. Қазіргі публицистикалық мәтіндерде адресаттардың мынадай түрлерін бөліп қарастыруға болады:

Зиялы қауым өкілдері;

Үлгілі ортаның өкілі;

Қарапайым адам [5, 98].

Адресант адресатты сендіру үшін публицистикалық дискурста барлық қол жетімді тілдік құралдарды қолданады, соның ішінде логикалық дәлелдерге ғана емес, манипуляциялық айла-әрекеттерге де жүгінеді. Осы тұрғыда публицистикалық мәтін күрделі иерархиялық құрылым болып табылады, онда лингвистикалық сендіру тәсілдерінің екі түрлі жолы бар:

1 Эксплицитті (ашық) – оқырманның санасына әсер ететін ашық сендіру әрекеті;

2 ИмPLICITТІ (жасырын) – мәнмәтін (контекст) негізінде оқырманның соқыр сезіміне (подсознание) тікелей әсер ету.

Осылайша, публицистикалық мәтін сендіру, нандыру және манипуляциялық айла-амалдары бір-бірімен тығыз астасқан дискурсты құрайды [6, 28].

Публицистикалық дискурстың астырында жатқан осындай манипуляциялық айла-әрекеттер оның прагматикалық қырын айқындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Фильчук, Т.Ф. Современный публицистический дискурс в контексте постмодернистской парадигмы / Т.Ф. Фильчук // Вестн. Харьк. ун-та. Серия: Филология. – 2010. – № 58. – С. 57 – 62.

2 Присяжнюк, Т.А. Дискурс печатных СМИ vs. Газетно-публицистический стиль Т.А. Присяжнюк, Р.З. Назарова Известия саратовского университета. Серия. Филология. Журналистика. 2012. – № 4. – С. 102 – 106.

3 Каминский, П.П. Принципы исследования публицистики на современном этапе / П.П. Каминский // вестн. Моск. ун-та. Журналистика. – 2011. – № 62. – С. 97 – 105.

4 Солганик, Г.Я. Автор как стилиобразующая категория публицистического текста / Г.Я. Солганик // Вестн. Моск. ун-та. Сер. 10. Журналистика. – 2001. – № 3. – С. 22 – 24.

5 Каминский, П.П. Принципы исследования публицистики на современном этапе / П.П. Каминский // вестн. Моск. ун-та. Журналистика. – 2011. – № 62. – С. 97 – 105.

6 Гутнер, М.Д. Пособие по переводу с английского языка на русский общественно-политических текстов / М.Д. Гутнер. – М.: Высшая школа, 1982. – 164 с.

ДИСКУРС ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АСАНБАЕВА Е. Б.

магистрант, МФК-21 тобы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЖҮСІП Қ. П.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тіл – адамзаттың басты құндылықтарының бірі, оны басқа жаратылыстардан ерекшелендіріп тұратын «құрал». Қазіргі уақытта тіл антропологиялық не әлеуметтік тұрғыда болсын, жеке дара құбылыс ретінде емес, адамның тіршілік әрекетінің бірден-бір құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Тілді қолдану ерекшелігі әлеуметтік, тарихи, коммуникативті, экономикалық, мәдени, рухани және тағы басқа көптеген аспектілерге байланысты, олар сөйлеушілердің алдына қойған белгілі бір мақсаттарына жету құралдары қызметін атқарады. Тілдің мұндай ерекшелігі оның пәнаралық сипатын айғақтап, жаңа бағыттағы зерттеулерге негіз болады. Осындай зерттеу бағыттарының бірі – дискурс. Бүгінгі таңда дискурс заманауи ғылым салаларының өзекті тақырыптарының біріне айналды. Тіл білімінен басқа бұл мәселені философия, антропология, әлеуметтану, психология, мәдениеттану және т.с.с. зерттеу нысанына алып отыр. Аталмыш түсініктің осындай көп қырлы табиғаты оның қазіргі уақыттағы ғылыми өзектілігін айқындайды.

«Дискурс» термині (ағылш. – «discourse») латынның «discurrere» «талқылау», «келіссөз», тіпті «бажылдасу» деген түсініктерінен шыққан. Ғалымдар бұл терминнің алғаш рет Қайта өрлеу дәуірінде қолданыла бастағанын алға тартады [1, 26]. И. Т. Касавин атап көрсеткендей, қайта өрлеу кезеңіндегі философия, риторика және теология «дискурс» түсінігінің қалыптасуы мен дамуына өз әсерін тигізді. Кейін бірте-бірте ол ғылымның басқа салаларында да талқыланып, қолданыла бастады. Айталық, И. Кант өзінің зерттеулерінде «дискурсивті» деп пайымдау, ойлау арқылы танылатын түсініктерді қарастырып, оларды тек көріп тамашалау арқылы танылатын «интуитивтікке» қарама-қарсы қояды [2, 79].

Дискурс бұл – сөйлесім, тілдік әрекет процесі, сөйлудің амалы. Ғылымда әлі күнге дейін дискурстың барлық қолданылу аяларын қамтитын айқын әрі жалпыға ортақ түсінігі жоқ. Сондықтан да ол тілдің қызмет етуін зерттеп тануды тура не жанама түрде болсын өзінің мақсаты етіп қарастыратын лингвистика, әдебиеттану,

семиотика, әлеуметтану, философия, этнология және антропология сияқты бір қатар гуманитарлық ғылымдардың көп қырлы термині болып табылады. Бұл сөздегі екпіннің дұрыс қойылуы әлі күнге дейін нақтыланбағанының өзі оның көп мағыналы әрі жіті зерттеліп бітпеген табиғатын көрсетеді: екпіннің сөздің екінші буынына түсуі жиі кездескенімен, бірінші буынның күшейтіліп айтылуы да сирек емес.

«Дискурс» терминінің лингвистикадағы қолданылуына тоқталатын болсақ, оны алғашқы рет өзінің «Дискурс-анализ» мақаласының атауында қолданған американдық тілші ғалым З. З. Харрис [3, 95] болғанымен, аталмыш түсінік тіл білімінде тек екі онжылдықтан кейін ғана кең қолданысқа енді. «Дискурс» ұғымының лингвистикадағы қолданылуында да біршама ерекшеліктер бар, десе де олардың барлығында да сөйлесім, мәтін және диалог дәстүрлі түсініктерін дамытып, нақтылау талпыныстарын байқауға болады. Бір жағынан, дискурс коммуникативті жағдайда қарастырылатын сөйлесім ретінде танылып, жеке тұлғаның сөйлеу әрекетінен гөрі анағұрлым айқын байқалатын әлеуметтік мазмұнға ие категория болып айғақталады. Екінші жағынан, заманауи дискурсивті анализ ой (сөз) алмасу арқылы жүзеге асатын коммуникативті жағдайдағы ақпарат қозғалысының заңдылықтарын зерттеумен байланысты болып, диалогтік әрекеттің құрылымы баса назарға алынады. Мұндайда дискурс ұғымын орнықты құрылым ретіндегі мәтін туралы дәстүрлі түсініктен ажырату үшін дискурстың динамикалық сипатын айқындап алған жөн.

Осы күнгі лингвистика ғылымында «дискурс» термині мағына жағынан «мәтін» түсінігіне жақын, алайда оның тілдік қарым-қатынастың уақыт еншісінде өрбіп дамитын динамикалық сипатын ұмытпаған дұрыс, ал мәтін, өз кезегінде, тілдік әрекеттің нәтижесі ретіндегі статикалық яки орнықты, тұрақты объект ретінде қарастырылады. Ғалымдардың көбі дискурстың «қарамағына» екі компонент – оның әлеуметтік табиғатына тән тілдік әрекеттің динамикалық процесі мен дискурстың нәтижесі (яғни мәтін) – кіреді деп топшылайды. Шынымен де, дискурс «мәтін» түсінігінен анағұрлым кең ауқымды қамтиды. Сондықтан бұл екі ұғымды бірінші орнына бірі қолдану қателік болар.

Енді біреулері дискурсты диалог ретінде қарастырады. Дискурс кез келген коммуникативті акт секілді екі негізгі субъектінің – айтушы (автор) мен адресаттың болуын топшылайды. Егер айтушы мен адресаттың рольдері кезек-кезек алмасса, оны «диалог»

деп атаған дұрыс; ал егер дискурс барысында (немесе оның көп бөлігінде) айтушының ролі бір ғана адамға тиесілі болса, мұндай дискурс монологқа жақын болып келеді. Монологты бір ғана қатысушыдан тұратын дискурс ретінде қарастыруға болмайды, онда да адресат қажет. Монолог пен диалогты көп жағдайда бір-біріне қарама-қарсы қойғанымен, сайып келгенде, монолог бұл – диалогтың ерекше жекелеген түрі [4].

Дискурс өзінің құрылымы бойынша бір-біріне қарама-қарсы екі басты рольдің – айтушы мен адресаттың – болуын қамтитындықтан, тілдік қатынастың бұл түрін екі бағытта қарастыруға болады. Дискурс жайлы ғылыми еңбектерді саралайтын болсақ, оларды үлкен екі топқа бөліп қарастыруға болады: бірі дискурстың құрылымын зерттесе, екіншісі адресаттың дискурсты қабылдап түсінуін қарастырады. Одан басқа дискурсты ешбір субъектінің тарапынан емес, оларды біріктіріп тұратын мәтін тұрғысында ғана зерттеп тану да кездеседі.

Бұған дейін лингвистиканың басты зерттеу объектісі тілдік жүйе деп қарастырылып келсе, соңғы уақытта ешбір тілдік бірлікті/құбылысты олардың қолданылу аясы, дискурсивті аспектілерінен тыс толық қанды түсініп қабылдауға болмайтындығы жиі айтылып келеді. Сол себепті де дискурсивті анализ заманауи лингвистиканың маңызды бөлімдерінің бірі болып саналады.

Осылайша, дискурс – экстралингвистикалық факторлары, когнитивті элементтерімен бірлікте қарастырылатын әрекеттегі (коммуникативті жағдайдағы) тілдесім, мәтін, коммуникативті құбылыс; сөйлеуші мен коммуникациялық жағдайдың жекелей және әлеуметтік ерекшеліктерін қамтитын қозғалыстағы тіл.

Дискурс мәселесін сөз еткенде, «институционалды дискурс» деген түсінікті сырт айналып өтуге болмайды. Институционалды дискурс ұсынылған лауазымдық-рольдік қатынас аясындағы коммуникацияны (қарым-қатынасты) білдіреді. Қазіргі қоғамда институционалды дискурстың сан алуан түрлерін атап өтуге болады: саяси, дипломатиялық, әкімшілік, экономикалық, педагогикалық, әскери, медициналық, діни, іскери, жарнамалық, спорт, ғылыми, сахналық, публицистикалық және т.т. Қоғамдық институттар бір-бірінен ерекшеленгенімен, кей жағдайда ортақ тұстары да болады, сонымен қатар олар тарихи тұрғыда өзгерістерге «бейімделгіш» болғандықтан, уақыт өте келе бірі-бірімен сабақтасып не болмаса бірі екіншісінің айрықша түрі ретінде ұсынылуы сирек емес, сол себепті де бұл қатып қалған тізім емес екендігін

ескерген жөн. Институционалды дискурс екі құрамдас бөліктің негізінде қалыптасады: оның мақсаты және қарым-қатынастың қатысушылары. Әр дискурстың өзіндік мақсат-мүддесі болады: саяси дискурста – билікті жаулап алу әрі ұстап қалу, педагогикалық дискурста – қоғамның жеке дара тұлғасы атанар өскелең ұрпақты әлеуметтендіріп, тәрбиелеу, спорттағы дискурста – белгілі бір спорт саласында алдына қойған мақсатқа қол жеткізу, жоғары жетістіктерге жету, өзінің қабілеттерін шыңдау және т.с.с. Ал олардың қатысушыларына келетін болсақ, әдетте, бұл – сол әлеуметтік институттың өкілдері және оларға жүгінетін тұлғалар. Әр институт өкілдерінің арасындағы қарым-қатынастың да қыр-сыры көп: айталық, командир мен солдаттың арасындағы қатынасты дәрігер мен науқастың немесе саясаткер мен дауыс берушінің арасындағы қатынаспен салыстыруға келмейді. Осылайша, әрбір институционалды дискурс үшін лауазымдық және жеке тұлғалық қатынастардың өзіндік сипаттары тән. Мұндай қатынастардың бірден-бір ерекшелігі публицистикалық дискурста байқалады. Аталмыш еңбекте біз осы дискурс түрін саралап зерделемекшіміз.

Тілдің әлеуметтік құбылыс ретінде қарым-қатынас жасау, хабар жеткізу және ықпал ету сияқты маңызды қызметтерді атқаратындығы белгілі. Осы қызметтерді іске асыру барысында тіл жүйесінде функционалды стильдер қалыптасты. Экстралингвистикалық негізде қалыптасып, сөйлесімнің мақсаты мен мазмұнына тікелей байланысты болатын мұндай стильдердің бір-бірінен басты айырмашылығы – олардың әрқайсысына тән лексико-фразеологиялық, кейде синтаксистік құралдардың қолданылуы және тілдік құралдардың тілдесім барысында жалпы ұйымдасуында.

Публицистикалық дискурста тілдің ақпараттық (жаңа ақпаратты хабарлау) және әсер етушілік (үгіттеу, ықпал ету) қызметтері іске асырылады. Мұнда көтерілетін тақырыптар сан алуан: қоғам қызығушылығын тудыратын мәселелер (саяси, экономикалық, діни, философиялық т.б.), күнделікті тұрмысқа қатысты сұрақтар, әлемдік деңгейдегі өзекті жайттар, мәдениет пен тәрбиеге қатысты мәселелер. Публицистикалық дискурс қоғамдық-саяси әдебиеттерде, мерзімді басылымдарда (газет, журнал), шешендік (ораторлық) сөздерде және т.б. қолданыс табады [5, 109].

Публицистикалық дискурстың бірнеше жанрлық түрлерінің ішінде мерзімді басылымдар яғни газет-журналдар кең таралып, халық арасында үлкен сұранысқа ие болды. Газет тілінің негізгі ерекшеліктеріне келесілер жатады:

1 ақпараттық қанықтықпен қатар жүретін тілдік құралдардың үнемділігі, ойдың мейлінше қысқа түрде жеткізілуі;

2 тілдік құралдардың неғұрлым ұғынықты болатындай етіп тандалуы (газет – бұқаралық ақпарат құралдарының көп таралған түрлерінің бірі);

3 қоғамдық-саяси лексика мен фразеологияның қолданылуы, басқа стильдерге тән лексиканың (терминологиялық лексика) публицистика мақсатына сай қайта қарастырылуы;

4 аталмыш стильге тән тілдік стереотиптер мен тұрақты қолданыстардың кездесуі;

5 жанрлық түрлердің сан алуандығы және осыған байланысты тілдік құралдардың стилистикалық қолданысы: көп мағыналылық, сөзжасамдық қорлар (авторлық неологизмдер), эмоционалды-экспрессивті лексика т.б.;

6 тақырыптар мен жанрлардың көптігімен байланысты публицистикалық стильдің белгілерін басқа стильдердің (ғылыми, ресми іс-қағаздар, көркем әдебиет, ауызекі) айрықша қырларымен үйлестіріп біріктіру;

7 тілдің көркем-суреттеу құралдарын, соның ішінде стилистикалық синтаксис құралдарын (риторикалық сұрақтар, параллелизм, қайталаулар, инверсия және т.б.) қолдану [6, 28].

Бұл аталған белгілер газеттің барлық жанрларына тән болмауы және публицистикалықтан басқа да дискурс түрлерінде кездесуі мүмкін. Жалпы, лексикалық және грамматикалық құралдардың «қатып қалған» тұрақтылығы тіл білімінде сирек кездеседі. Бірақ олардың белгілі бір стильде басым қолданылуы, онда үнемі кездесетін тілдік құралдардың болуы аталмыш стильдің өзіндік белгілерін құрайды.

Осылайша, газет-публицистикалық дискурсы саяси, экономикалық, мәдени, спорт және т.б. қоғамдық өмірдің көптеген аяларын қамтитын, оған қызмет ететін дискурс түрі болып табылады. Публицистикалық дискурс саяси әдебиетте кездеседі, бірақ оның басым бөлігін бұқаралық ақпарат құралдары – газеттер, журналдар, радио, теледидар құрайды. Осылардың ішінде түрлі лингвистикалық зерттеулердің объектісіне мерзімді басылымдар яғни газет-журналдардың тілі жиі алынады. Бұл, біріншіден, мерзімді басылымдардың заманауи қоғамды түрлі жаңалықтардан хабардар етуші озық бұқаралық ақпарат құралдарының бірі екендігімен байланысты болса, екіншіден, журналистердің, газет редакцияларының басқа басылымдардан ерекшелену үшін өздерінің

жаңалықтары мен ақпараттарын мейлінше әсерлі де қызықты жеткізу мақсатында тілдік құралдарды сан алуан лексикалық, грамматикалық, синтаксистік және стилистикалық амалдарға сай қолдануымен байланысты.

Институционалды дискурстың кең тараған түрлерінің бірі ретінде публицистикалық дискурстың да өзіндік мақсат-міндеті мен субъектілері (қатысушылары) болады. Публицистикалық дискурстың, әсіресе газет-журналдардың, басты мақсаты, ең алдымен, адресатқа белгілі бір жаңалықты, хабарды жеткізу болса, екіншіден, оны өзіндік мүдделерге (автордың/журналистін/сөйлеушінің ойы) байланысты қоғамға ықпал ету үшін қолдану. Басқаша айтсақ, журналист өзінің газет мақаласы арқылы оқырманды, радиодағы диктор өзінің сөзі арқылы тыңдарманды, көпшілік алдында сөйлеуші оратор айтқаны арқылы тыңдаушы қауымды белгілі бір іс-әрекетке не ойға ашық түрде болсын, жасырын болсын итермелеуі публицистикалық дискурстың әсер етушілік қызметін айғақтайды. Бұл жерде аталмыш дискурстың қатысушылары да анықталады және олардың қайсысы болмасын (газет тілшісі және оқырман, теледидардағы жаңалықтардың жүргізушісі және көрермен, радио дикторы және тыңдарман т.с.с.), бұл дискурста кірісе отыра, ондағы субъектілердің қалыптасқан «лауазымдық қатынастарына» келісіп, оларды қабылдайды. Яғни бірі жаңалықты не қандай да бір ақпаратты жеткізе отыра, дискурс алаңын ұсынушы ретінде болса, екіншісі (саналы түрде болсын, белгілі бір жағдайларға байланысты болсын) сол ақпаратты қабылдау үшін аталмыш алаңға қадам басқан реципиент ролінде болады.

Публицистикалық дискурстың (газет-публицистикалық дискурсының) бірден-бір ерекшелігі – мұндағы ақпарат мақала авторының бағалауымен (ойымен) қоса беріледі. Бұл дискурстың мәтіндері адресаттардың үлкен мөлшерін қамтуға мүмкіндік береді. Публицистикалық дискурс арналары арқылы қабылданған ақпарат қоғамдық санада әлемнің саяси, мәдени, тілдік бейнелерін қалыптастырады. Публицистикалық мәтінде автордың оқырман жайлы ойы оның жанр түрін ғана емес, сонымен қатар мақала жазудың стилін, мәтін көлемін, ондағы көркемдеуіш құралдардың қолдану жиілігі т.б. көптеген факторларды анықтайды. Басқаша айтсақ, журналист өзінің әлеуетті оқырмандарының қызығушылықтарын, өмірлік ұстанымдарын, тұрмыс дағдыларын болжай отыра, соған қарай «көсіледі»: реципиенттердің басым көпшілігі, айталық, заңгер болса, сәйкесінше, өз мақаласын жазуда автор көп сөзділіктен алыс

болуға тырысып, мәтінде юриспруденцияға қатысты мейлінше көп түсініктерді пайдаланып, тіпті оларды жанаша түрде қолдана отыра, оқырмандардың қызығушылығын оятуға тырысады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Касавин И.Т. Текст. Дискурс. Контекст. Введение в социальную эпистемологию языка. – Москва: Канон, 2008. – 437 с.
- 2 Кант И. Сочинения в шести томах. Том 3. — М., 1964, 799 с.
- 3 Ленкова, Т.А. К проблеме публицистического стиля и письменного дискурса СМИ / Т.А. Ленкова // Вестник Челябинского государственного университета. – 2010. – № 43. – С. 94 – 97.
- 4 Клушина, Н.И. Публицистический текст и его стилистические особенности [электронный ресурс] / Н.И. Клушина // Медиаскоп: электронный научный журнал факультета журналистики МГУ им. М.В. Ломоносова. – URL: <http://www.istina.msu.ru/publications/article/3794698/>
- 5 Ляпун, С.В. Газетная публицистика в парадигме лингвистических исследований XXI в. / С.В. Ляпун Вестник Адыгейского государственного университета. Сер. 2. Филология и искусствоведение. – 2011 № 1. – С. 109 – 115.
- 6 Казак, М.Ю. Специфика современного медиатекста / М.Ю. Казак // Лингвистика речи. Медиастилистика: колл. монография, посвященная 80-летию профессора Г.Я. Солганика. – М.: Флинта: Наука, 2012. – С. 320 – 334.

ЭПИКАЛЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ ТОЛЫМСЫЗ ҰЙҚАСТАР СИПАТЫ

АСЕТОВА Ж.

магистрант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Бізге ертеден таныс эпикалық жырлардың өте әсем тілмен жазылғанын білеміз. Жырлар мазмұны мен формасы, сюжеті мен құрылысы жағынан үйлескен, қисынды болып келеді. Әр акын-жыраудың жыр жазу стилі әр түрлі. Соның ішінде өлеңді құбылтып, оған әсемділік беретін сан түрлі әдебиет тәсілдерін қолдану да әркімнің өз қалауында. Мысалы, эпикалық жырлардағы өлеңнің құрылысына тоқталатын болсақ, дәлірек, өлеңнің ұйқасы жайлы айтар нәрсе көп. Ежелгі орта ғасыр поэзиясының туындыларымен

салыстыратын жағдаяттар молынан кездеседі. Өлең тармақтарының соңында ұйқасатын сөз ішіндегі дыбыс, буын сәйкестігіне қарай ұйқастың түрі – толымсыз ұйқас болып табылады. Ұйқас тармақ соңында қатар келетін сөздердің үнемі барлық буындарын бірдей қамти бермейді. Кейде үйлесім, үндестік болу үшін тек соңғы буындардың дыбыс сәйкестігі ғана жеткілікті болады. «Шора батыр» жырындағы бұл үзіндіде сөз ұйқасы соңғы сөздің бірдей қайталануынан байқалады. Өлең тармақтарының соңында бір сөздің тіркесінің бірнеше қайталанып келуі эпифора тәсілінің қолданылғанын аңғартады.

Атысарға жау таппай,
Алысарға ер таппай,
Тіресерге тең таппай,
Қайда кеткен бұл жұрттың
Найза ұстаған батыры?! («Шора батыр» жыры)

2 Тармақ соңындағы ұйқасушы сөздердің барлық буыны ұйқасқа негізделмей, үндестік, үйлесім болу үшін дыбыс сәйкестілігі соңғы буындарында ғана болады. Мысалы:

– Мен бір азық қазғанмын,
Су таба алмай, азғанмын,
Жоқ жоғалтқан, сергелден,
Жоқ іздеген, жазғанмын.

Айналайын аңдызым,
Мандайында құндызым,
Төбемдегі жұлдызым,
Көріскенше күн жақсы.

Осы шумақта тармақ соңындағы белгіленген сөздер толығымен ұйқаспай тұр. Оған себеп – сөз бойындағы дауысты-дауыссыз дыбыстардың әртүрлі болуымен қатар, буын сандарының әркелкі болып келуі. Мұнда тек қана біркелкі жалғанған қосымшалардың арқасында үйлесім болып, ұйқастың толымсыз түрі жасалып тұр.

3 Қарма-қарсы шабысты,
Айқай-сүрен салысты.
Қол төбелес, жұдырықпен
Қоян қолтық алысты.
Тайсалмастан айқасты,
Батырлар күшін байқасты.
Сенгір таудай соқтығып,

Дариядай толқып шайқасты, – деген жыр жолдарында да сөйлемнің соңындағы буындардың қайталануы байқалады.

4 Кейде тармақ соңында ұйқасқа шығарылған сөздердің жуан не жінішке болып келуі де үйлесімділікті мейлінше әлсіретеді:

Қарма-қарсы шабысты,
Айқай-сүрен салысты.
Қол төбелес, жұдырықпен
Қоян қолтық алысты.
– Ат болсаң осындай бол желден жүйрік,
Сәулетті тұлпарымның күміс құйрық.
Тұлпарым көңілімдегі қолға түсті,
Көремін төуекел деп болса құйрық.(Алпамыс батыр)

Хан алдында келісті,
Ханға сәлем берісті,
Қол алысып көрісті.

5 Сөз бойындағы дауыссыз дыбыстардың басым көпшілігі сәйкес келгенімен, дауысты дыбыстардың да артикуляциялық жағынан әртүрлі болып келуі де ұйқас сапасын төмендетіп, толымсыз ұйқастың жасалуына себепші болады немесе керісінше. Мысалы, «Көрұғлы» жырында:

Тоқсан қара құлы бар,
Тоқсан тоғай малы бар,
Дүниеқор сол байдың,

Дүниеде жалғыз зары бар, - қайталамалар алдындағы ұйқасқа негізделген сөздердегі дауыссыз дыбыстардың басым көпшілігі артикуляциялық тұрғыда сәйкеспейді.

Эпикалық шығармалардағы толымсыз ұйқастың тағы да төмендегідей түрлері кездеседі:

1 Ұйқас құраушы бір буынды сөздерде тек бір дыбыстың айтылуда сәйкеспеуінен ұйқас толымсыз болып шығады. «Көрұғлы» жырынан мысал келтірсек:

– А, бәйбіше, тұр! – дейді,
Қойдан қошқар ал – дейді,
Құдай жолына шал!» – дейді.
– А, Бозмұнай, Бозмұнай,
Дәулетті берген бар Құдай,
Ертеңмен кеткен о қойға
Жете алмаймын жүрсем де,
Сен алпысқа жеткенде,

Мен елуден өткенде,
Жігіттік күн кеткенде,
Кәрілік қарсы жеткенде,
Енді берсін, не Құдай,
Бермесе Құдай, қайтесің?!
- Қошқарды қимай айтасын.

Дыбыс не буын саны сәйкеспесе, ұйқастың толымсыз шығуына себепші болады. Мысалы, «Шора батыр» жырында:

Шапыр-шұпыр төбелес,
Көргенге толық бір кеңес.
Дөңбектей құлап гүрс етіп,
Қараман батыр жығылды.

Мысалдарға қарап, эпикалық жырлардағы толымсыз ұйқастардың жиі қолданылу сипатын байқаймыз. Дауыссыз дыбыстардың басым көпшілігі сәйкес келгенімен, дауысты дыбыстардың да артикуляциялық жағынан әртүрлі болып келуі де ұйқас сапасын төмендетіп, толымсыз ұйқастың жасалуына себепші болады немесе керісінше. Сонымен қатар, ұйқас құраушы бір буынды сөздерде тек бір дыбыстың айтылуда сәйкеспеуінен ұйқас толымсыз болып шығады. Сонымен толымсыз ұйқастардың қандай жағдайда орын алатынын көреміз.

Негізінен қайталамалар кез келген жырда кездеседі. Ол өлең құрылысын, ұйқасын келтіру мақсатында қолданылады десек қателеспейміз. Батырлар жырында мұндай редифтер молынан кездеседі. Редифтер жол басында, жол ортасында және жол соңында кездесуі мүмкін. Сонымен қатар бұл қайталамалар әр түрлі сөз таптарынан келеді. Бұны дәлелдеу үшін батырлар жырынан бірнеше мысал келтірейік:

Жол басында
«Алпамыс батыр» жырында:
А) мекен пысықтауыш:
Кей жерде жатып ыңкылдап,
Кей жерде жатад қыңкылдап.
Көбелектей көзі жоқ,
Перзенттен басқа сөзі жоқ
Б) сан есім:
Бір қабылан көріпті.
Бір ағашты паналап,
Өкпенің тұсын сығалап,
Сыбаға оғын беріпті.

В) зат есім:
Құлға қызым тиеді.
Құлға қызым тигесін,
Қандай қорлық көреді?!»
Осыны ойлап Сарыбай,
Бөліне көшіп жөнөді.
Г) толықтауыш:
Отауды келіп түреді,
Отауды келіп түргенде,
Көк даңғыл келіп ұрады.
Бетіне самал тигесін,
Алпамыс бала құлады
Ғ) сын есім:
Темір үйді салдырды.
Темір үйге тастады
Шұбар атты кіргізіп.
Аптада берді бір бау шөп,
Ашықтырып жегізіп.
Он күнде суды бір беріп,
Шөлге де қойды көнгізіп.
Ж) анықтауыш:(Алпамыс батыр)
Жылқыға қарай жөнөді,
Жылқыға келіп қараса
Көз жетпейді шегіне,
Қандай тұлпар тап болар
Алпамыс қыран бегіне.

Жол ортасында:
А) етістік
Малы шықты қорадан
Күңіреніп Қоңырат,
Жүгіре шықты алдынан.
Есіткен халық қалмады
Ханы менен қарадан.
Қыз-бозбала, жас-кәрі
Қалмапты ешкім қаладан.

В) белгісіздік есімдік
Баз біреулер ешкі алып,
Баз біреулер қойды апты.

Бір алғаны екі алып
 – Ойламапты ұятты.
 Баз біреулер қолдан ап,
 Баз біреулер ұрлапты.
 Г) көмектес септік шылауынан болған
 Қобыланды батыр жырында:
 Заманы бірге сырласқа
 Жылы бірге жылдасқа,
 Жасы бірге құрдасқа.
 Ғ) етістіктен болған сын есім
 Мен ноғайлы елінің
 Елден шыққан ерімін
 Артық туған шерімін,
 Азулы туған бөрімін.
 Жол соңында
 А) көмекші есім сөз: (Шора батыр)
 Жығылғанын білген соң,
 Жауырыны жерге тиген соң,
 Жұдырықтай жас бала
 Үстіне аттай мінген соң,
 Бақырайып көзі астында
 Қараманның жатқанын
 Қазақ, қалмақ көрген соң:
 – Қалмады намыс, ар, – дейді.
 В) зат есім: (Ер Бегіс)
 Айналайын жан балам,
 Қарадан туған хан балам.
 Қалмақ жауды қуа көр,
 Атаңнан туған ұл болып,
 Белді бекем буа көр.

Г) сан есім:
 Тегіс, Көгіс батырлар жырында:
 Атаң келді жетпіске
 Анаң келді жетпіске,
 Бүкшендеп жұмыс істейді.
 Ғ) көмекші сөз:
 Тама батыр жырында:
 Мен ноғайлы деген ел едім,
 Елден шыққан ер едім.

Асыл туған төре едім,
 Азулы туған бөрі едім.
 Қарасай, Қазі жырында:
 Ж) етістік:
 Артынан шауып барады,
 Шапса да жете алмайды,
 Артында қалып барады.
 Атқан оқтай зыркырап,
 Боз жорға келіп барады.
 Қарадөң батыр жырында
 З) етістік:
 Он беске жасым толғанда,
 Талаптанып жол шектім,
 Азғана емес мол шектім,
 Енді қашан жетермін.

Ж) модальды сөздердің қайталануы:
 Аяулыда алты ат жоқ,
 Тобылғы жүнді торы ат жоқ,
 Сылдырдан еді сырғасы,
 Мақпалдан еді дорбасы,
 Сенделіп жүр жорғасы,
 Он атым және қабат жоқ.
 Қобыланды батыр жырында:
 З) көсемше жұрнақтарынан болған:
 Әулие қоймай қыдырып,
 Етегін шеңгел сыдырып,
 Жеті пірге танысқан.
 Әулиеге ат айтып,
 Қорасанға қой айтып,
 Қабыл болған тілегі.
 Едіге батыр жырында:
 көсемше жұрнақтарынан болған:
 Бетінен сүйіп егіліп,
 Көзінен жасы төгіліп
 Кемпір сорлы бұл қалды.
 Едіге батыр жырында:
 И) барыс септігінен болған:
 Тұрмаспын – деп қалаға,
 Кетер болды далаға.

Қатын менен балаға
Токтамыс болды садаға [136].

Қобыланды батыр жырында:

А) ілік септіктен болған:

Барғысы келіп батырдың

Токтамайды табаны.

Естемістей еріннің

Таусылғасын амалы,

Батасын беріп қол жайып,

Жад қылады құданы.

И) тәуелдік жалғаудың 3 жағынан болған:

Күнде киік аулайды,

Кездесе жауын жаулайды,

Жылқыда жатып Қобыланды

Екпіні оттай қаулайды.

К) табыс септігінен болған:

Қобыландыдай баланы,

Биені көріп сынады.

«Мынау жатқан көп жылқы

Кімдікі?» деп сұрады.

«Сонау тұрған биені».

Алпамыс батыр жырында:

А) көсемше жұрнақтарынан болған:

Кемпірің балпайып,

Бұты кетті талтайып,

Бір баланың зарпынан

Отыра алмады жантайып [136].

В) Модаль сөздердің қайталануы:

Салбыраған жүні жоқ

Жалыннан басқа түгі жоқ.

Қасқырды іздеп табады,

Садағынан тартқан оқ.

Г) шығыс септігінен болған:

Мен де соны дөп көрдім,

Жиделі Байсын жерінен

Қоңырат-үйсін елінен,

Бір жас бала келеді.

Төрехан батыр жырында:

Болымсыз етістік жұрнақтарынан

Төреханды өлтірме,

Басына қорлық келтірме.

Төреханды өлтірсен,

Хандық түгел боқ та жоқ (36).

Көсемше жұрнақтарынан болған:

Өкпесі оттай қабынып,

Алтын айдары шұбалып.

Мақпалдай беті қуарып

Мезгілсіз келген жандардың

Алдынан шықты қуанып (76).

Есімше жұрнақтарынан болған:

Алпыс балта сындырған,

Достың көңілін тындырған,

Дұшпанның көңілін қалдырған,

Қысқа күнде қырық шапқан,

Ораққа кімнің шарасы (206).

Сайын батыр жырында:

Есімше жұрнақтарынан болған:

Алдаға тілі тимеген,

Түстік жерге жүрмеген

Бес уақытта ақ намаз

Бірәуін қаза қоймаған.

Бір Құдайды ойлаған (26).

Модаль сөздерден болған:

Қарсы шабар ұлы жоқ,

Артынан іздеп келетін

Қатарланған халқы жоқ.

Құл кеңесіп жатыр деп

Байға айтқан кісі жоқ

Онымен байдың ісі жоқ (56).

Көсемшеден болған:

Алдына алып сүйгізіп,

Алғашқы атын білгізіп,

Ұл қызығын көрмедім.

Астыма жорға мінгізіп,

Үстіме қамқа кигізіп

Орынды жерге бергізіп,

Алаштан бекзат келтіріп,

Қыз қызығын көрмедім (86).

Ілік септігінен болған:

Мына жатқан жылқымның,
Кел, қарасын көрмей жүр.
Ұйықтап жатқан құлынның
Кел, ұйқысын бұзбай жүр (346).

Мысалдардан байқайтынымыз, қайталаудың қандай түрі болмасын өлең – жырға сән беретіні анық. Яғни қайталамалар өлең ұйқасын түрлендіріп, оған ерекше сипат береді. Эпикалық жырлардағы редифтердің, яғни қайталамалардың ерекше сипатын да оңай ажыратып алуға болады. Редифтердің өлеңнің басында, жол ортасында және жол соңында кездесіп, олардың қандай сөз табынан келетінін де анықтап жазуға болады. Мұны жоғарыда берілген мысалдар бойынша көреміз.

Сонымен қатар эпикалық жырларда сөз және сөз тіркестерінің тармақ басында, ортасында және тармақ соңында тұрып ұйқаса беруі өзінше морфологиялық сипатқа ие болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Бабалар сөзі»сериясынан, «Алпамыс батыр»(А.Нысанов нұсқасы Астана 2006),
- 2 Батырлар жыры, Алматы 2007, 4 том.
- 3 «Қобыланды батыр», aldiyar.kz
- 4 «Бабалар сөзі»сериясынан,Төрехан батыр (Н. Саркин нұсқасы).

КЛАССИКАЛЫҚ ҮЛГІДЕГІ ӘНДЕРДІҢ ЖАҢА ӘУЕНДЕГІ ОРЫНДАЛЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

АСКАРОВА К. А.
музыка пәнінің мұғалімі, № 42 ЖОМ, Павлодар қ.

Классикалық әндер халқымыздың мәдени өмірінде, сахналарында, ел арасында өз орнын толықтай алды деп айтуға болады. «Классикалық ән» ұғымы Тәуелсіз мемлекет мәртебесімен тұстас өркен жайып келеді. Классикалық ән қатарында Абай Құнанбайұлының әндерінің шоқтығы биігі десек артық айтқандық емес. Ұлттық мәдени мұраның көрсеткіші классикалық әндер екені белгілі.

Зерттеудің өзектілігі: Бүгінгі таңдағы ғылым мен білім беру жүйесіндегі озықтық ұстанымдарды жүзеге асырудың бір жолы – өнер тұрғысындағы үдерістерді іске қосу.

Классикалық ән арқылы этномәдени тәрбие беру үдерісінде тәрбиелеу деп қазақ халқында қалыптасқан өзіне тән классикалық шығармашыл орта болған. Ол орталар әртүрлі жанрлардан тұрған. Өнер арқылы тәрбие беру дегеніміз тек бір-екі ғасыр кеңістігін қамтитын ұғым емес екені ескеріледі. Ол қазақ жұрты болғаннан бері жанрлық мәнде дамып отырғаны зерделенді. Нәтижесінде этникалық өнерден этникалық тарихы құрылатыны байқалады. Өнер мектебі зерттелімінің негізгі нысаны – халықтық әлем, дүние, ғалам туралы көз алдына елестейтін суретінің көрінісі.

Өкінішке орай, жоғарыдағы талдаулардан шығарар қорытынды классикалық әндер жайлы зерттеу еңбектердің – жоқтың қасы екенін көрсетеді.

Демек, талдау үдерісінде аталған мәселенің шешілу қажеттілігінің өткірлігі мен оның ғылыми-педагогикалық мәнде зерттелмеуінің арасында қарама-қайшылықтар анықталды. Бұл қайшылықтардың шешімін іздестіру зерттеу проблемасын анықтап, тақырыпты «Классикалық үлгідегі әндердің жаңа әуендегі орындалымы және оның тәрбиелік мәні» деп, таңдауымызға себеп болды.

Ғылыми жаңалығы: Классикалық әндерінің саяси-қоғамдық мәні.

Ғылыми болжамы:

- 1 Жаңа әуеннің шығу тарихы оның тыңдармандарға тигізер әсері.
- 2 Классикалық үлгідегі әндердің тәрбиелілік мүмкіншілігі.
- 3 Классикалық үлгідегі әндердің жаңа әуендегі нұсқасын оқытудың жолдары.

Қазақ халқының мақтаныш етер асыл мұра, рухани жәдігерлерінің ішінде ғасырлар сүзгісінен өтіп, бүгінгі күнге жеткен көл-көсір – ән қазынасы ерекше орын алады. «Құлақтан кіріп, бойды алар, Әсем ән мен тәтті күй. Көңілге түрлі ой салар, Әнді сүйсең, менше сүй», – деп ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлы жазбақшы, адамның жүрегіне ерекше әсер етіп, қуаныш, мұң, тәтті арман, сағыныш пен інкәрлік сезімдерді ұялатып, қалың ой құшағына бөлейтін - ән, күй мен жырларға қазақ баласы қашан да ішкі жандүниесінен ерекше орын беріп, оны биікке қойған. Ән мұрасы - қазақ жанының ғасырлар көшінде шаң баспаған сырлы айнасы, халық рухының ықылымнан тіл қатқан тірі куәгері. Қазақтың жаны

мен бітім болмысынан жаралған әндерінің әлемдік мәдениетке қосар үлесі шексіз екені сөзсіз. «Абай бастаған ұлтымыздың аса бай ән өнерін дамытуға Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Балұан Шолақ, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Әсет, Естай, Нартай, Кенен сияқты халық композиторлары өлшеусіз үлес қосып, оны сапалық жаңа биікке көтерді. Олардың мол шығармашылық мұрасы қазақ операсы мен балетінде және классикалық музыкалық туындыларда кеңінен пайдаланылып, әлемнің ең әйгілі музыкатанушылары тарапынан жоғары бағаға ие болды. Қазақтың кәсіби ән өнері, әсіресе XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өз дамуының шырқау биігіне жетті. Қазақ өнерінде сал-серілердің пайда болуы кәсіби ән өнерінің шарықтап дамуымен тығыз байланысты құбылыс. Қазақ даласының әр қиырынан Біржан, Ақан, Мұхит, Кенен сынды сал-сері тұлғалардың шығуы әншілік дәстүрлер мен өңірлік мектептердің қалыптасуына зор ықпал етті. Александр Затаевич бүкіл қазақтың даласын шарлап, әніміздің інжу-маржандарын жинап «Қазақтың 1000 әні» атты кітап шығарғанын және кітапта «1000 ән» деп аталғаны болмаса, қазақтың әндері де күйлері де болғанын атап өтті. Соның ішінде 46 әннің мәтіні берілді. «Ән-жобасы дүниеге келген кезде орыс композиторы С. Аксаков айтқан екен: «Мұндай мәдени мұра тудырған халық шын мәнінде бақытты халық», деп. Екінші бір орыстың жазушысы М. Горький «1000 ән» жобасын қарап шығып: «Бұл болашақ Бетховендер, Моцарттар, Шопендер, Мусоргскийлер үшін баға жетпес қазына ғой», деп бағалаған. Шындығында солай болып шықты. Брусиловскийдің төрт бірдей операсы – «Қыз Жібек», «Ертарғын», «Жалбыр» мен «Дударайы» «Қазақтың 1000 әні» жинағынан алынған әндерден тұрады. Тек қана «Қыз Жібек» операсында 30-ға жуық қазақтың әндері мен күйлері пайдаланған». Бір кездері Шоқанның жан досы қазақтың даласын емін-еркін аралаған Григорий Потанин: «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай болады», деп айтқан екен [1,153б.].

Абай Құнанбайұлы қазақ музыкасынан ерекше орын алады. Оның бізге әр қилы болып жеткен әндерінің сан жағын алғанын өзінде белгілі қорытынды шығаруға жететін маңызы бар. Оны айтып отырғаным – ауыз дәстүрлікке байланысты (нота жазуы жоқ кез деген мәнде) басқа қазақ әншілерінің шығармалары сияқты Абай әндері де көптеген түрлерімен, өзгертулермен бізге жетті. Өз заманындағы ән, күй шығарған композиторлары сияқты. Абай да нота сауатын аша алмады. Сондықтан музыка шығару жөніндегі қолында болған құрлы Біржан, Ақан, Жаяу Мұсадан артық болған жоқ. Бірақ да тек

өзінің музыкалық қабілетіне, бар дауысына, домбыраға сүйенеді. Бірақ Абайдың музыка шығаруға келу жолы ерекше болды. Ұлы орыс халқының мәдениетімен таныс, оның демократ ақын-жазушыларының шығармаларын оқығандағы арқасында .

Абай Құнанбайұлы ән – күйдің өзіне ғана баға беріп қоймай, оның орындалуы жайлы да өткір пікір айтқан. Ол әннің басқа жағын қоя тұрып, басталу кезінің өзін суреттейді, неге олай екенін түсіндіреді;

Көбінесе ән басы келер ащы,

«Кел тында!» деп, өзгеге болар басшы,

– дейді. Бұл кездегі концерт залы, клубы бар жердегі тындаушы көпшілікті қоңырау немесе шам сөндіріліп-жағу арқылы тәртіпке шақырып, тыныштандырып барып ән бастайтын жағдай жоқта, «тәртіпсіз», шулап отырған халықты, әнші алғашқы айқайы арқылы «Тыңыштылығыңдар! Тындаңыздар! Бастаймын!» - деген сияқты ескертіп алады. Екінші жағынан бұл «айқай» күні бұрын жарнама жайып, радио арқылы хабарлайтын жағдай жоқта, дауыс жететін жердегілерге «Кел мұңдалап» құлақтандыру міндетін де атқарады. Ал күйшілердің бас пернелерде көп тұрып қалатыны да, тындаушыны өзіне қаратып, біраз тыныштандырып алып барып, бастауды күтуі болу керек. Оның үстінде домбыраның дауысы нашар, алқақотан отырған алтықанат киіз үй ішінен аспайды. Сондықтан олардың бастауы әнішінің бастауынан да ерекше [2,596.].

Абайдың:

Қаңқылдап біреу ән салса,

Біріне бірі жуықтап,

Тебінісіп, камалар,

Тоқтатып болмас сырықтап,

– деп, осы бір жайды, халықтың музыканы аса жақсы көретінін, әлгі әншінің даусына жиналып қалатынын айтқан болу керек.

Әннің тек басталуы емес, оның орындау белестеріндегі неше алуан кездесетін нақыстарына да тоқтайды:

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,

– деген төрт ауыз сөзінде көп нәрсе жатыр – ау! Шананда да кейбір әндерде әнші шырқап, көтеріп, жоғары дыбыстарға барып алып, шығарманғың мазмұнына байланысты, төмен түспей, қалықтап тұрып алады. Міне, біртіндеп, сорғалап, баспалдақтай түсіп, алдыңғы кейпін өзгерте, тамылжыта келіп, «керім толғап» ақырын «қоңыр – күңгірт» етіп барып бітіреді. Осымен қабат қай шығарманың болса да аяқ бітісінің үлкен мәні барын білген Абай:

Сол жерінде ойыңмен араласшы, – деп, әдеби шығарманың да, музыкалық шығарманың да аяққа қорытуы жазушы, ақын, композитордан шеберліктің биік дәрежесін тілейтінін ескертеді. Бұл сияқты орындаудағы көзге бірінші түсетін басты кезеңдерді айта отыра, Абай ұсақ кезеңдеді де байқап, олардың да «үлкен іске» қатысты барын көрсетеді:

Домбыраға қол соқпа,
Шымырлатып бір-бірлеп,

–деп, тақтай сабалап, көркем шығарманың көркін кетіретіндерді де көш жөнекей шалып өтеді.

Әнді, күйді шығару бар да, орындау бар. Жақы шыққан ін жаман орындаушыға кездессе «арықтап» қалады. Кейде «ауыздан шыққанда өңі қашатын көңілдегі көректі ой» сияқты болады. Абайдың заман қойған шегінің нәтижесінде болған шығарушы мен орындаушы арасындағы еңбек бөлісу жоқ кездің өзінде-ақ, сол екеуінің түрлі мамандық, шеберлік екенін түсінгенін көреміз. Ол өзінің «кішкене» дауысымен ән шығарып беріп қана қоймай, жоғарыда айтылғандай, айналасындағы орындаушылардан да сыны, ақылмен, өзі тәрбиелейді, баулыды. Олардың орындалу әдісіне өзі араласты, белгілі орындаушылық дәстүр құрды. Қысқасы Абайдың шығармашылық – шығарғыштық жағымен қатар оны орындау жөніндегі айтқандарының әлі күнге үлкен мәні бар [3,486.].

Осы әңгіменің басында айтылғандай, Абай поэзияда орыстың алдыңғы қатарлы әдебиеттік көріністерінен үйреніп, өзінің өлең жаңа өндіріп, дүниеге көзқарасынада алға басушылық түйінде болып, өнердің қоғамдағы орнының жаңа адам тәрбиелеудің күші екенін сезіп, «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген сияқты, әнді тек еркіннен жазған жоқ. Әннің қазақ халқының рухани байлығының ішінде өткір қаруның бар екенін білді. Ол ән шығару әдісінде жаңа интонациялық дәстүрін меңгөді. Сол дәстүрде де ән шығарды. Ол осы кезде қайсы бір әдебиеттіге қазан бұзалар сияқты «он бір буынды өлеңнің омыртқасын» сындыру арқылы жаңалық табымын деген жоқ. Керісінше жаңа өлең формаларына сол он бір буын арқылы келді. Ал музыка да Абай Біржанның, Ақынның салып келген музыкалық ізін, дәстүрін кирату керек демей, қайта Арқа әндерінің асқақ үндерін өзі есіткен орыс, украин халық әндерінің, қаланың демократиялық ән үлгілерінің, орыстың романстық лирикасының үлгерімін қабыстырып, түрлі бояудан келіп, жаңа бір сапалы түр тапты [4, 83 б.].

Абай Құнанбайұлы ендігі бір топ өлеңін жастарға арнап, өсер буынды оқу, білім нәрінен сусындауға шақырады. Ақын өзінің әрбір ойын түпкі мақсаты – адам болу, толық адам атты өзіндік танымымен байланыстырады. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ақынның бұған дейін айтылып келген адам болу жайындағы ойлары біршама жүйеленіп, тиянақтала түседі. Ақын шығармашылығындағы осы өлеңнің ерекше орны туралы кезінде М. Әуезов өте жақсы айтқан. Ақынның кейінгі өлеңдерінде ерекше бөліп айтатын үш қасиеті бұрынырақ жазылған осы өлеңінде елес беріп өтеді. Абай атаған бес асыл іс негізінен толықтықты танытатын үш қасиетті құрайды: талап пен еңбек қайратты танытса, терең ойыңыз – ақыл, ал қанағат пен рақым жүректен туатын қасиеттер. Сонда «Малға достың мұны жоқ малдан басқа» өлеңіндегі:

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Бістық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек,

– деген ақындағы өзіне ғана қатысты түйінді, қорытынды ойдың алғашқы нышаны ертеректе-ақ көріне бастағаны байқалады. Абайдың өзге ақын-жазушылардан бөлек болатын жағдайы осы адам болу мен адамгершіліктің жүйелі жолын, өзіндік танымын жасай білуімен. Абай Құнанбайұлы қазақ музыкасынан ерекше орын алады. Оның бізге әр қилы болып жеткен әндерінің сан жағын алғанын өзінде белгілі қорытынды шығаруға жететін маңызы бар. Оны айтып отырғаным – ауыз дәстүрлікке байланысты (нота жазуы жоқ кез деген мөнде) басқа қазақ әншілерінің шығармалары сияқты Абай әндері де көптеген түрлерімен, өзгертулермен бізге жетті. Өз заманындағы ән, күй шығарған композиторлары сияқты. Абай да нота сауатын аша алмады. Сондықтан музыка шығару жөніндегі қолында болған құрлы Біржан, Ақан, Жаяу Мұсадан артық болған жоқ. Бірақ да тек өзінің музыкалық қабілетіне, бар дауысына, домбыраға сүйенеді. Бірақ Абайдың музыка шығаруға келу жолы ерекше болды. Ұлы орыс халқының мәдениетімен таныс, оның демократ ақын-жазушыларының шығармаларын оқығандағы арқасында. Қазақтың әдебитінде бірін-сонды болмаған жаңалықтар тудырды, өлеңдеріне жаға өлшеу ырғақ енгізді. Оның бәрі де қырағы адамның жаңа заман желін, оның баяғы ырғақ, жүріске қанағаттанбайтының түсінуге шықты. Жаңа өлшеулі, жаңа формалды өлеңдері Абайдың музыкалық шығармашылығына тікелей әсер етті. Абай әндерінің мелодикасы, ырғағы, формасы өзіне дейінгі келген қазақ әндеріне ұқсамады. Бірінші жағдай – Абай әндерінің әрқайсысының өзіне меншікті өлеңі болады. Қазақтың

халықтық дәстүріндегі он бір буынды өлеңге келетін болса, өннің сөзін білмейтін не ұмытқан адамның: «Қарағым айналайын келдің қайдан» деп айта беретіндей «еркіндік» мұнда жоқ. «Сегіз аяқты», «Көзімнің қарасы» сөзімен айта алмайсын. Міне, бұл жәй – музыка мен сөздің кәсіпқойлық дәрежеде қосылуы болады. Осының өзі айта қалғандай жаңалық болды. Абай Құнанбайұлының өндерін халық бірден түсініп кетті, бірден ауыздан ауызға қағып алып кетті десек, ол үскірт пікір болар еді. Абай өндерін түсінбегендер артығырақ болады. Әр кезде де жаңалыққа жаны жақын жастар жағы Абай өндерін бірден алып кетті. Одан кейін әншілер, өлеңшілер өздерінің музыкалық шығармашылығын байыту, жаңаландыру мақсатында Абай өндерін орындап кетті. Біреулері Абайдың асыл сөздерін сүйіп, халыққа жаю үшін айтып бергенде, жеткізе алмай жатса да, Абайдың өндерін сол сөздермен қоса орындауға мәжбүр болды. Ал Абай айналасындағы әншілер Абай өндерін жақсы орындау қалпына келтіріп алып ауыздары, аяқтары жеткен жерге жалғасытырып жүреді [5, 121 б.].

Қорыта келгенде, жоғарыдағы ой-пікірлерден біздер қазақ халқының классикалық өндерінің негіздері ежелгі дәуірден бүгінгіге дейін сабақтасып келгенін аңғарамыз. Мұнымен бірге аймақтық, өңірлік айырмашылықтар бар екеніне талдау барысында көз жеткіздік. Классикалық өндер әуен және күй өнерімен салыстырғанда қоғамда орындалу барысында басымдық мәнде екені байқалды. Мұнымен бірге классикалық өндердің ізгілік пен зандылықты асыл мен жасықты, ақ пен қараны ажыратуға тәрбиелілік мүмкіндігі зор екеніне маңыз береміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Методическая культура педагога-музыканта: учеб. пособие / под ред. Э.Б.Абдуллина. – М., 2002. – 238 с.
- 2 Музыкальная психология: Хрестоматия /сост. М.С.Старчевс. – М.,1992.– 380с.
- 3 Сағымбеков М., Көпбаев А. Мектепте өткізілетін лекция-концерттерді ұйымдастыру, Алматы, 1994 ж.
- 4 Ұзақбаева С. Өміршең өнер өрісі. Алматы, Мектеп, 1988 ж.
- 5 Ұзақбаева С. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халықтық дәстүрі. Алматы, 1993 ж.

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА СРЕДСТВАМИ ТЕАТРАЛЬНО-ИГРОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

АХМЕТОВА Ж. Ж.
воспитатель средней группы, ТОО «Ясли-сад «Еркетай»

Воспитательные возможности театрализованной деятельности широки. Участвуя в ней, дети знакомятся с окружающим миром во всем его многообразии через образы, краски, звуки, а умело поставленные вопросы заставляют их думать, анализировать, делать выводы и обобщения.

С умственным развитием тесно связано и совершенствование речи. В процессе работы над выразительностью реплик персонажей, собственных высказываний незаметно активизируется словарь ребенка, совершенствуется звуковая культура речи, ее интонационный строй.

Можно сказать, что театрализованная деятельность является источником развития чувств, глубоких переживаний и открытий ребенка, приобщает его к духовным ценностям. Но не менее важно, что театрализованные занятия развивают эмоциональную сферу ребенка, заставляют его сочувствовать персонажам, сопереживать разыгрываемые события.

Таким образом, театрализованная деятельность – важнейшее средство развития у детей эмпатии, т.е. способности распознавать эмоциональное состояние человека по мимике, жестам, интонации, умения ставить себя на его место в различных ситуациях, находить адекватные способы содействия.

«Чтобы веселиться чужим весельем и сочувствовать чужому горю, нужно уметь с помощью воображения перенестись в положение другого человека, мысленно стать на его место» Б. М. Теплов

Содержание театрализованных занятий

Безусловно, что в театрализованной деятельности огромную роль играет воспитатель. Следует подчеркнуть, что театрализованные занятия должны выполнять одновременно познавательную, воспитательную и развивающую функции и ни в коем случае сводится к подготовке выступлений.

Содержание театрализованных занятий включает в себя:

- Просмотр кукольных спектаклей и беседы по ним;
- Разыгрывание разнообразных сказок и инсценировок;

– Упражнения по формированию выразительности исполнения (вербальной и невербальной);

– Упражнения по социально-эмоциональному развитию детей дошкольного возраста;

– Поэтому содержанием таких занятий является не только знакомство с текстом какого-либо литературного произведения или сказки, но и жестами, мимикой, движением, костюмами.

Построение среды для театрализованной деятельности.

Среда является одним из основных средств развития личности ребенка, источником его индивидуальных знаний и социального опыта. Предметно-пространственная среда должна не только обеспечивать совместную театрализованную деятельность детей, но и являться основой самостоятельного творчества каждого ребенка, своеобразной формой его самообразования. Поэтому при проектировании предметно-пространственной среды, обеспечивающей театрализованную деятельность детей, следует учитывать.

– Индивидуальные социально-психологические особенности ребенка;

– Интересы, склонности, предпочтения и потребности;

– Любознательность, исследовательский интерес и творческие способности;

– Возрастные и полоролевые особенности;

Значение театрализованной деятельности невозможно переоценить. Театрализованные игры способствуют всестороннему развитию детей: развивается речь, память, целеустремленность, усидчивость, отрабатываются физические навыки (имитация движений различных животных). Кроме того, занятия театральной деятельностью требуют решительности, трудолюбия, смекалки. А как загораются глаза малыша, когда взрослый читает вслух, интонационно выделяя характер каждого героя произведения!

Театрализованные игры всегда радуют, часто смешат детей, пользуясь у них неизменной любовью. Дети видят окружающий мир через образы, краски, звуки. Малыши смеются, когда смеются персонажи, грустят, огорчаются вместе с ними.

С удовольствием перевоплощаясь в полюбившийся образ, малыши добровольно принимают и присваивают свойственные ему черты. Разнообразие тематики, средств изображения, эмоциональность театрализованных игр дают возможность использовать их в целях всестороннего воспитания личности.

Театральные игры рассчитаны на активное участие ребенка, который является соучастником педагогического процесса. В ходе занятия стремлюсь достичь продуктивного результата через коллективное творчество. Отмечаю и поощряю каждое удачное творческое решение, стремлюсь воспитывать в детях уверенность в своих силах.

Они могут включать в себя музыкальные или немзыкальные пластические упражнения или игры, либо с веселые скороговорки, психогимнастику, дыхательные упражнения, артикуляционную гимнастику, цветотерапию и другие здоровые сберегающие технологии.

Итогом всей работы является готовый спектакль, при этом отслеживается результат речевого и коммуникативного развития ребенка, навыки эмоциональной саморегуляции.

Предполагаемые умения и навыки к концу года:

Уметь произвольно напрягать и расслаблять отдельные группы мышц.

Ориентироваться в пространстве, равномерно размещаясь по площадке.

Уметь двигаться в заданном ритме.

Уметь коллективно и индивидуально передавать заданный ритм по кругу или цепочке.

Находить оправдание заданной позе.

На сцене выполнять свободно и естественно простейшие физические действия.

Владеть комплексом артикуляционной гимнастики.

Уметь менять по заданию педагога высоту и силу звучания голоса.

Уметь произносить стихотворный текст в движении и разных позах

Знать и четко произносить в разных темпах текст вслух, шепотом и беззвучно.

Уметь прочитать наизусть стихотворный текст, правильно произнося слова и расставляя логические ударения.

Уметь строить диалог на заданную тему, самостоятельно выбирая партнера.

Уметь подбирать рифму к заданному слову.

Уметь сочинять рассказ от имени героя.

Уметь составлять диалог между сказочными героями.

Уметь согласовывать свои действия другими детьми, находить контакт в отношениях.

Безусловно, при наличии определенных условий, планомерной работе, включение детей в театрализованную деятельность позволяет им в интересной форме с опорой на ведущую деятельность - игровую, расширить свой коммуникативный опыт и опробовать его в этой деятельности. Ребенок начинает чувствовать, что прекрасное может быть и то, что не всегда понятно и обычно.

Осознает, что не существует истины одной для всех, ребенок учится уважать чужое мнение, быть терпимым к различным точкам зрения, учится преобразовывать мир, задействуя фантазию, воображение, общение с окружающими людьми. Формируется думающий, чувствующий, любящий и активный человек, готовый к творческой деятельности в любой области.

ЛИТЕРАТУРА

1 Давайте играть! Музыкальные игры и песни для детей младшего и среднего школьного возраста // Составитель И. В. Кошмина.

2 Дзюба П. П. Сказка на сцене: сказки – мюзиклы, пасхальные и рождественские постановки/ П. П. Дзюба.- Ростов н/Д: Феникс,2005.-224с.: ил.- (сердце отдаю детям)

3 Горохова Л. А., Макарова Т. Н. Музыкальная и театрализованная деятельность в ДОУ:

4 Интегрированные занятия / Под ред. К. Ю. Белой - М: ТЦ Сфера, 2005.-64с- (Программа развития) .

5 Горшкова Е. В. От жеста к танцу. Словарь пантомимических и танцевальных движений для детей 5-7 лет. Пособие для музыкальных руководителей ДОУ. –М.: Издательство «Гном и Д»,2004.-144с.

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУ

АЯТХАН Б.

1 категория оқытушысы, Еңбек орта мектебі, Павлодар қ.

Мектеп жасына дейінгі баланың дүниетанымын, ой өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байыту, эстетикалық талғамын арттырып, адамгершілікке баулу ісінде көркем әдебиеттің алатын орны

ерекше. Жетекші ғалымдар мен практиктер жүргізген көптеген педагогика-психологиялық зерттеулер нақты мектепке дейінгі жастың зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік және эмоционалды дамуын анықтайтын шарт екендігін дәлелдеді. Уақтылы берілген мектепке дейінгі білімнің балаға, оның фундаментальді білімінің дамуына тигізер үлесі зор. Әрине, мектеп жасына дейінгі сәбилердің әдеби шығармаларды оқи алмайтыны мәлім. Олар әдеби шығармаларды тәрбиешінің мәнерлеп оқып беруі бойынша ғана сөз сырын санасына ұялатады. Ертегі, шағын әңгіме, өлең, мақал-мәтел, жұмбақ сияқты балаларға лайықты көркем сөз жанрларының ежелден-ақ тәрбие ісінде зор көмекші екені белгілі. Балабақшада тәрбиеленбеген, әлі мектеп жасына жетпеген ауылдық жерлердің сәбилері кішкентай күнінен өз әже-аталары мен әке-шешелерінен естіген халық ауыз әдебиеті нұсқаларынан нәр алып өсетіні белгілі. Мұндай шығармаларды сәбилер қызыға тыңдайды, жылдам жаттап алады. Мысалы: «Торғай», «Бақа-бақа балпақ», «Қарғалар», «Санамәк», тағы басқалар сияқты халық өлеңдері ойнақы тілімен, қайталама сөзімен, музыкалық үнімен бөбектерді баурап, сөз өрнегіне баулиды. Сол себепті де «Балабақшада оқыту және тәрбиелеу бағдарламасында» 2 жастан 3 жасқа дейінгі балаларға әдеби шығармаларды оқу, тіл дамыту жұмысы арнайы бөлім, 2-ден 3 жасқа, 3-тен 4 жасқа дейінгі балаларға халық ауыз әдебиеті үлгілерінен «Бесік жыры» сияқты ойнақы өлеңдер, санамақтар берілді.

Мектеп жасына дейінгі балаларға оқып беретін шығармалар, негізінен, үш салаға бөлінеді:

- 1) ауыз әдебиеті нұсқалары;
- 2) классик жазушылардың шығармалары;
- 3) қазақ жазушыларының шығармалары.

Осы саладағы шығармалар тәрбиешіге арналған бағдарламалық материалда нақты жүйеге бөліп берілген. Қазақ елінде тұңғыш рет «Психология», «Педагогика» құралдарын жазған Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаевтар өз еңбектерінде балаларды жан-жақты дамыта тәрбиелей отырып, олардың психологиялық үрдістерін (ақыл-ой, қиял, есте сақтау, зейін, т.б.) жетілдіру, ана тілінде сөйлеуге үйрету мәселесіне ерекше назар аударды.

Көркем шығармаларды тыңдауға бала сәби кезінен-ақ құмартып, қызығады. Қысқа ертегі, өлең оқып берсе, тез жаттап алады. Жаттау арқылы оның тілі жетіледі. Әдеби кейіпкерлердің жақсы ісіне сүйсінеді, жаманынан жиренеді – бойын қорқыныш билейді. Сәбилерде жақсы және жаман іс-әрекет жөнінде түсінік

пайда болады. Сөйлеу тілі жетіле түседі. Ал тілінің дамуы – баланың бойында қабылдай – ести білу сияқты психологиялық процестердің бірте-бірте қалыптасуына негіз болады. Мектепке дейінгі балалардың сөз қорының басым көпшілігінің зат есім, етістік сөздерден болатыны, ал сын есім, сан есім, есімдік, тағы басқа сөздердің сөз таптарының аздығы көрініп жатады. Сондықтан сөзге үйрету ісінде заттың түр-түсі, формасы, кейде түрі ұқсас заттарды салыстыра отырып жауап алу, білмегенін түсіндіру қажет. Сөз – тілдің негізі. Көркем мәтіндегі сөздер тілдің бейнелік құралдары болып табылады. Қылыштай кесіп түсетін өткір де дәл, сезімге әсер етіп, сөйлеуде жандандыратын, ойлаудың икемділігі мен тездігін дамытатын, балалардың сөздік қорын жетілдіре түсу қызметін атқаратын болғандықтан, сабақтың барысында баланың жүрегін толқытып, бойын балқытып, қиялын шарықтататындай жағдай туғызу керек. Мектепке дейінгі бағдарламада бала тілін дамыту жұмысына баса көңіл бөлінген. Бұл жағдай құбылыс емес, керісінше, баланың техникалық қасиеттерінің дамып-жетілуіне әсер ететін үрдіс. Сондықтан мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту жұмысы – тәрбие жұмысының ұйытқысы. Балалардың сөйлеу белсенділігін арттырып, ой-өрісін кеңейтіп, бағдарлай білуге үйретіп, қатынас құралы ретінде көркем шығармаларды пайдаланудың маңызы аса зор. Көркем шығармаларды оқып беру, оқылған шығарма мазмұнын айтықсу барысында баланың ойлау қабілеті, тілдік қоры дамып, ой-өрісі кеңейеді, айналадағы өмірмен, үлкендердің еңбегі, жан-жануарлардың тіршілігі, төрт түлік мал, олардың төлдері, пірлері, пайдасы, ұлттық салт-дәстүрлерімен танысу арқылы жан-жақты рухани дамиды, адамгершілікке, әдептілікке, еңбексүйгіштікке, бауырмалдылыққа тәрбиеленеді. Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні зор, балаларды жақсылыққа баулып, жамандықтан аулақ болуға үгіттейтін өнеге сөздердің мағынасын талдап, соған орай белгілі бір қорытынды жасалады. Балалардың өмірге көзқарасын кеңейтіп, сөздік қорын байытуға бағыт беру, сөз шеберлерінің ғажайып өнерін сипаттауда балаларға көркемдік білім беру мен әсемдік сезімін дамыту, туған жерінің сұлулығы мен байлығын түсініп, бағалай білу қасиетін қалыптастыру – аса маңызды міндет. Мектепке дейінгі тәрбие саласындағы ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі – халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ана тілінде түрлендіріп, сол арқылы баланың тілін дамыту. Әрбір қазақтың қара домалағының өз ана тілінде сөйлеуі, осы тілде ойлау қабілетінің дамуы – ұлттық мінез-құлқының қалыптасу жолы. Ана тілінің

қадір-қасиетін жастайынан түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар, таза, пәк, инабатты, биязы, сыпайы болып өсетініне өмір тәжірибесі куә. Мектеп жасына дейінгі балалар айналадағы өзін қоршаған дүниеден, табиғат, тұрмыс-тіршіліктен алған әсерін, көрген-білгенін ойымен қорытып, сөз арқылы іске асырады. Баланың өмірді танып-біліп, сезініп, түсіну, қабылдауда қолданар басты құрал – сөйлеу тілі. Балалардың ой-өрісін дамытып, оларды әдеби тілде сөйлеу деңгейіне жеткізу, сөздік қорларын байыту сияқты басты мақсатқа жету үшін алға мынадай талаптар қойған жөн:

- Баланың әр сөзіне толыққанды жауап беріп, жіберген қателерін қайтып қайталамайтындай етіп түзетіп отыру;
- Екеуара диалог түрінде сөйлесіп, монолог құрап үйрету;
- Баланың өз бетімен сөйлемдер құрастыра алатындай шығармашылық қабілетін дамыту. Дәлірек айтқанда, өз бетінше ертегі, әңгіме, өтірік өлең шығаруларын қолдау;
- Баланың өз ойын толық және түсінікті етіп жеткізе білуіне көмектесу;
- Күнделікті оқу-тәрбие үрдісінде мақал-мәтел, аңыз-әңгімелер, жұмбақ жасыру, ертегілер кеңінен пайдаланылады. Осылардың қай-қайсысы болса да баланың сезімін селт еткізіп, ойына оралып, тіліне үйірленіп, сөзге әсерлендіреді.

Тәрбиеші мәнерлеп оқуға даярлану үшін алдымен сөйлеу техникасына жаттығу, дыбыстау мүшелерінің қызметін дұрыс меңгеру керек. Тәрбиеші көркем шығарманы мәнеріне келтіріп, әсерлі оқу үшін алдымен өзінің дыбыстау мүшелерінің қызметін жетік біліп, әрбір тіл дыбысы қалай жасалады, қалай оқылады дегенге баса назар аударып жаттығуы қажет. Баланы ана тілінде анық, таза, сөйлеуге үйрету ісінде жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, ертегі айтқызудың маңызы зор екендігін зерттеу нәтижелері дәлелдеген. Мысалы: Жаңылтпаш. Халық баланың тілін ширату үшін, оған сөз үйретіп, сөздік қорын молайтып, дүниетанымын дамыту мақсатында жаңылтпаштар ойлап шығарған. Балбөбектің тілі шығып, балдырған жасында сөздік қоры молая бастаған кезде, кейбір дыбыстарды айта алмай немесе қинала айтады. Тілін мүкістендірмей, мүдірмей сөйлеу үшін, қиналып айтатын дыбыстары бар сөздерді бала неғұрлым жиі-жиі дыбыстап айтып, жаңылмай жаттықса, сөйлегенде де мүдірмей, өз ойын толық жеткізетін болады. Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тілін ардақтау, сөз қадірін білу сезімі қалыптасып, ой-қиялы дамиды, сөздік қоры молайды. Жаңылтпаштарды халық бала психологиясы мен тілінде

мүкістерге сәйкес шығарған. Тілі шыға бастаған жас бөбекпен, тілі шыққан балдырғандардың тілінде көбінесе «р» дыбысы мен «и» дыбысын, «ш» дыбысы мен «с» дыбысымен шатастыру байқалады. Әдетте, бес жастағы баланың сөздік қоры 2500-3000 сөзге көбейеді. Бала зат пен құбылысты айналадағы болмыс тобын дұрыс айтуды біледі. Сөзді қолдану процесінде баланың сөйлеуі шындалып жоғары, ретке жетіледі. Алты жастағы баланың сөйлемінде буынды, дыбысты қалдырып, немесе ауыстырып алуы болмайды. Бала тілінде синоним, антоним, бейнелеуіш сөздер пайда болады да, еш қиындықсыз зат есімдерге жұрнақтар қосып, сөздерді, түрлендіре айта алады. «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды, естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді адам болады» деген Абай атамыз. Жас ұрпақты өзінің ана тілінде еркін, мүдірмей сөйлеуге үйрету үшін әдеби сөйлесу дағдыларын меңгертуге өлең мен әндер жаттату, диалогтарды тыңдату, сөз шеберлері, атақты сахна шеберлерінің орындауында ұнтаспада жазылған поэтикалық шығармалар мен көркем сөзді тыңдаудың ерекше мәні бар. Өйткені нақышына келтіріп, аса шеберлікпен оқылған поэзия мен көркем сөздің баурап алатын күші ерекше.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2010 жылы 10 ақпандағы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Халыққа Жолдауы. // Егемен Қазақстан. 30 қаңтар. 2010 ж. [11, 296.]
- 2 Н. Ә. Назарбаев. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана. 2004. [4, 186.]
- 3 «Балбөбек». Қазақ балабақшаларына арналған бағдарламалар. 2-басылым. Алматы. 2006. [3, 96.]
- 4 Ш. Ахметов. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, «Мектеп», 1974. [17, 256.]

Р. ТОҚТАРОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

БАЙДАУЛЕТОВА Г. Т.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
БАРАТОВА М. Н.
ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Рамазан Тоқтаров романының көзге айқын түсетін бір жаңалығы, Абайдың өз заманының орыс білгірлерімен терезесін тең ұстайтындығы. Үстінен арызды қардай борататын Үзікбай Абайдан кешірім сұрап, аяғына жығылады. Абай кешіреді. Қасында отырған Михаэлс кеңсабалыққа түсінбей қалады. Өз кінәсін толық түсініп жетпеген адамға кешірім жасау қалай болар екен деп аңтарылады. Сонда Абай Үзікбай туралы: « - Ол да адамның баласы ғой. Түсінеді... – дей отырып, өзін көп қинаған ойының қорытындысындай етіп: – Жақсылыққа жақсылық әр кісінің қолынан келеді. Жамандыққа жақсылық ер кісінің ғана қолынан келеді. Соны ұқса, маған жасаған бар қиянатынан бір күнде ада болғаны – деді» [1, 454].

Бұл жерде ұлы Абайдың аузына сөз салып, олай баспа, былай жүр деп қақпайлап тұрған орыс көрінбейтіні хақ. Қайта біз:

«– Ибрагим, сен жаратылыстың бел баласысың. Сенің бойыңа оның бар қасиеті жүкқан. Сондығыңнан өзге жұрттан асып туғансың» [1, 455], – деп бас иіп жалбырап тұрған Михаэлсты көреміз.

Немесе Долгополовпен ой сайысын еске алайық. Абай Долгополов секілді парасатты жанның «революция» десе, көзі шырадай жанып, іштей райланып отыратынын түсінбейді. Марғау, тыныш жатқан даланың астан-кестенін шығаратын дауыл сұрапылынан шошынады. «Құдай өзі әдейілеп жібермесе, адамның қолымен жасалатын ондай кесапаттан не керегі бар» [1, 556] – деп дағдарған қалып білдіреді.

Мұнда өз жолын өзі табатын Абай даналығына, Абайша толғанып тебіренуге Рамазандай қалам иесінің жақындай түскені байқалады. Долгополов әлдене кітаптардан дәйек сөз тауып, соны басшылыққа алғысы келсе, Абай кітап сөзін өзіміздегі барымызбен, нәрімізбен салыстырып бағалайды.

«Абай жолында» қазақ халқының ұлы орыс халқымен тарихи достығы барынша дәріптеледі. Маңызды идеяның халқымыз үшін қаншалықты шешуші маңызы бар екенін Әуезов көрегендікпен, суреткерлік асқан қуатпен жеткізе білген.

Мұхтар Әуезов Ресеймен ара қатынастың күнгейін осылай суреттесе, теріскей жағына көп бара бермеді. Соңғы тақырыптың не

себепті роман-эпопеяда кең өрістелмегені ұлтшылдығы үшін қараңғы үй дәмін де татқан жазушының аянышты хал-ахуалынан түсінікті болса керек. Міне, осы ақтандақ тұстарға, орыс отаршылдық езгісіне жаңа заман жазушысы шүйлігеді. Рамазан романының Абайдай кейіпкері қазақ даласына Ресей империализмі қала, қала емес-пәле салып, өзіне өзіңді кірме етіп қойғанына наразы.

Романның «Толғақ (Кенесары-Құнанбай-Қодар)» деп аталатын бірінші кітабына кеменгер ұлттық ақынымыз Мағжан Жұмабаевтың «...Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң, Толғанып қарауым сол баяғыға...» деген өлең жолдары эпиграф етіп тегін алынбаған. Жазушы Құнанбайдың ауыр, қатты характеріне сыналап отырып ұлттық оң мінез енгізеді. (Құнанбайдың Кенесары қозғалысына іш тартқандығы, жасырын түрде қолқабыс еткендігі). Кенесары – Мағжанның сүйікті қаһарманы – романның алғашқы беттерінде ұлт жағалауын желбіретеді. Тағдырдың өзіне айбат көрсеткен Қодарға дейін ұлт тағдырын өз тағдырымен байланыстырып, терең ойларға беттейді. Осы тұстарда, шығарманың прологы мен эпилогында философиялық публицистика Рамазан романының стильдік дара қасиеттеріне айналып отырған.

«Жұлдыз құрбандық» аталатын екінші кітап Шоқан, Достоевский, Құдайберді секілді шоң ойшылдарға арналғанда, бүгінгі тәуелсіз Қазақстанымызда ел болып, жұрт болып ойласатын арман-тілектерімізге қозғау салынатын сан алуан салиқалы пікірлер ағытылады. Халиолла, Михаэлис, Шәкәрім «Қызғаныш» атты үшінші кітап ұлттық идеяны қаулап, «Хақиқат мекені» дейтін төртінші кітап ұлы Абайдың интеллектуалды, ойшыл ортасын кеңейте түседі (Саққұлақ шешен, Мұса мырза, Долгополов). Бесінші кітап аты – «Нұрсипат». Бұл кітап бұрын Мұхтар Әуезов кеңес цензурасы ауызға да алуға тыйым салған Әлихан Бөкейханов секілді боздақтарға орын береді. Бұларды тәуелсіз Қазақ елі жазушысы енді Абай дәстүрлерін жалғастырушы, Абай мектебінің дарынды шәкірттері, ел-жұрт үмітіндей қабылдайды. Абай айналасында жоғарыда аталған есімдермен бір лекте сұлтан Шыңғыс, хазірет Ахмет Риза, Мәшһүр Жүсіп жүреді.

Осы жұлдызды ортада Абай тұлғасы жаңа туған айдай жарқырайды. Абай «Қазағым, қалың елім, қайран жұртым» деп, күллі қазақ аспанына көтерілген дана көсем, ел ағасы, ұлт тұлғасы тұрпатында бейнеленген. Рамазан романындағы «Кенесары мен Абай – қасиеттің екі басы» делінсе, бұл тек осы жазушының өз ойынан өнген пікірі. Шығарманың қай тұстарында бұрынғы эстетикалық,

этикалық идеяларға сырт беретін постмодернизм әсері сезіле ме, деп қаласың [2, 68]. Этикалық қалып-нормадан тым шығандап шығып кетпесе де, Қодар мен Қамария арасындағы қытыққа тиетін әңгіме шиесі әжептәуір тарқатылады. Ата мен келін жақындастығы... Қазақты жағасын ұстатқызған сұмдық оқиға... Әуезовтың даңқты туындысында Қодар мен оның келіні дарға нақаттан тартылған делінеді. Қазалары Құнанбай мойнына жүктеледі. Жерге тоймайтын ашқарақтығынан жазықсыз жандарды өлімге қиған...

Рамазан Тоқтаров романы болса, Қодар мен Қамария екеуінің сорлы тағдырын да еске алады. Қамария: «Осы үйге түскеннен екі көзім балаңызда емес, сізде болады», - дейді. «Содан шошындым ғой. Қара бастырғалы тұр ғой бұл Құдай екеуімізді де», - деп жауап береді келініне атасы Қодар. «Құдай қара бастырса, Құдай өзі кешірсен пе?» - дейді Қамария [1, 139].

Трагедия махаббат сайқымазағы, тағдыр тәлкегі боп көрінеді. Сондықтан сайтан азғыруына роман кешірімді көзбен қарайды. Ар-ұждан сызығынан өтіп кете жаздап барып, сандырақтаған күйдегі Қодардың нақ құлағының түбінен: «Сенің күнәң кешілді...кешіледі» - деген бір күдіретті үн естіледі [1, 139].

Рамазан романы нағыз кіршіксіз ақ махаббат күйін романының соңғы беттерінде шертеді. Абайға «Айттым сәлем, қаламқас», «Көзімнің қарасы» атты атакты өлеңдері мен әндерін қандай қыз айттырды екен деп, жүрген жұрт үшін сол жұмбақ енді шешілгендей. Біреудің қара жамылып отырған жесірі Зүһра ханым – Зуратай Абайға ғашық. Абай да кетәрі емес. Абайдың басын дуалаған Зуратайдың сұлу көркі де емес, «өзі білетін барша әйел затынан бөлектеніп тұрған ішкі жан-дүниесі» [1, 563]. Ондай жаны сұлу адамның махаббаты бөлек. Бөлектігі сондай, ғашық жүректің ең асыл сезімдеріне тіл бітіреді. Рамазан роман-хамса туындысымен ұлы Абайға жаңа бір ескерткіш-ғимарат орнатты десек, Зуратай туралы махаббат хикаясы сол ғимараттың күміс бағанасы болмақ.

Қазақ әдебиетіндегі роман жанрының қалыптасу, даму жолында тарихи шындық эпикалық шығарманың сипатына тән басты поэтикалық ерекшелік ретінде қолданылады. Әдебиеттану ғылымының теориялық қисыны бойынша, бұл өзекті мәселе көркем шығармалардың халық тарихын негізге ала жасалатын поэтикалық ерекшелігі тұрғысында бағаланады: «Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақты құбылыстар, болған уақиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады.

Тарихтың, халық өмірінің шынайы болмысын елестету арқылы өткеннің сипаты танылады. Алайда, әдеби шығармадағы тарихи шындық – көркемдік бейнелеу тәсілімен берілетін өмір шындығы, яғни көркемдік шындық» [3, 95].

XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың бас кезіндегі қазақ прозасындағы көптеген романдар ұлттық тарихымыздағы бұрын айтылмай келген көптеген мәселелерді тарихи шындықпен бейнелеудің поэтикалық заңдылықтарын игеруімен ерекшеленді. Қазақтың көркем прозасында өзіндік суреткерлік қолтаңбасымен танылып қалыптасқан көрнекті қаламгерлердің жаңа романдары ұлттық және әлемдік әдебиеттің классикалық үрдістерін байыта, тереңдете түсті. Д. Досжановтың «Алыптың азабы», «Ақ орда», Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», М. Мағауиннің «Мен», Б. Тілегеновтың «Тұйық өмірдің құпиясы», С. Елубаевтың «Ақ боз үй», Қ. Шабданұлының «Қылмыс» атты романдары қазіргі қазақ прозасындағы реализм көркемдік әдісінің шынайы үлгілері ретінде оқырмандарына ұсынылды. Аталған романдардағы тарихи тұлғалар (Кенесары, Құнанбай, хакім Абай, Д. А. Қонаев т.б.) және олардың заманы, уақыт пен кеңістік аясындағы қарама-қайшылықтар қазақтың ұлттық тарихына көркемдік уақыт, көркемдік шындық, поэтикалық жинақтау, авторлық шешім және т.б. шығармашылық ерекшеліктер тұрғысында қамтуымен байқалады. Аталған романдардың тақырыптық, идеялық-композициялық желісіне алынған кезеңдер қазіргі тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихының қайта қарастырылып, жаңаша бағаланып жатқан мемлекеттік бағдарымен толық үндеседі.

Қазақ әдебиетінің соңғы онжылдықтарда жарық көріп жатқан көрнекті көркем туындылары – ұлттық санамыздағы көркем ойлаудың көрсеткіштері. Әдеби шығармалар мен ғылыми зерттеулердің мыңжылдықтар белесінде қалыптасқан қазақ өркениетін танытатын тарихи-мәдени құндылықтардың барлығында шынайы болмысымен толық қамту аясында жазылып жатқанын байқаймыз [4, 17]. Бұл орайда, Қазақ өркениеті атты жаңа ғылыми-методологиялық бағытты қалыптастырушы көрнекті ғалым Е. С. Омаровтың тұжырымы назар аударарлық [5, 15]. Қазақстан Республикасы атты мемлекеттің мыңжылдықтар белестерінен өткен Қазақ өркениетінің заңды жалғасы екендігін көркем әдебиет шығармалары, оның ішінде аталған қазіргі романдар шоғыры көркемдік-эстетикалық бағдар ретінде ұстанады.

Тарихи романдардың идеялық-композициялық желісіне арқау болған басты кейіпкерлердің әдеби прототиптері – тарихи тұлғалар.

Көркем шығармаға оның ішінде эпостық әдеби тек жанрының ең көлемдісі ұлы әңгімеде – романда тарихи тұлғаның кейіпкер тұғырында сомдалуы арқылы қазақ өркениетінің ата-бабалардан кейінгі ұрпақтарға жалғасқан дәстүрлі сипаттары жинақталады. Нақтылап айтқанда, сөз арқауындағы тарихи тұлғалар (Кенесары, Құнанбай, хакім Абай т.б.) – қазақ өркениетінің ұлттық және әлемдік көрсеткіштері.

Қаламгерлер романдарының мазмұны мен пішіні жүйесіндегі эпикалық көлемде тарихи тұлғалардың өмір сүрген кезеңдері келбетін, қоғамдық-әлеуметтік оқиғаларды, қазақтың ұлттық-этнографиялық дәстүрлі болмысын, тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынастар мәдениетін, жақсылық пен жамандық жағаласқан қарама-қайшылықтар әлемін – бәрін де тарихи шындықпен бейнеледі. Мысалы, қазақ тарихындағы көрнекті тұлғалардың бірі Құнанбай қажы Өскенбайұлы (1804-1885) әдеби тұлғасының жазушы Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасында жаңаша көркемдік шешіммен сомдалғанын көреміз. Суреткер М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай өмірі ресей империясының қазақ даласын отарлауға арналған 1822-1868 жылдары жүзеге асырылған реформалары аралығындағы уақытты қамтиды. Зерттеуші-жазушы Б. Сапаралы «Құнанбай қажы» атты тарихи-әдеби кітабында суреткердің автоцензуралық сақтықпен осы тұлғаны бейнелеудегі өзіндік ұстанымына жаңаша баға береді [6, 12]. Шынында да Құнанбай мен оның баласы Абайды, олардың қоғамдық-әлеуметтік, тұрмыстық ортасын тарихи шындықты негізге ала отырып, поэтикалық астарлы, мегзеулі сипаты терең қатпарлы қалыппен суреттеуде М. Әуезов ұстанған көркемдік шешімнің ұлағаты мол.

Жазушы Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасының төрт кітабында (бірінші кітап «Толғақ», екінші кітап «Жұлдыз күрбандық», үшінші кітап «Қызғаныш», төртінші кітап «Хақиқат мекені») Құнанбай бейнесінің шынайы тарихилықпен, тарихи шындықпен бейнеленгенін көреміз. «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасындағы аталған кітаптарда Құнанбайдың тарихи шындықпен бейнеленуі мынадай поэтикалық жинақтаулармен берілген: біріншісі – Құнанбайдың әулетін, туған ауылын, аймағын аузына қаратқан ақылдылығымен, шешендігімен, қамқоршы басшылығымен даралануы; екіншісі – Ресей империясының басқару жүйесінің әкімшілік тұтқасын (аға сұлтандығын) иеленуі, қазақ қауымын өзіндік көзқарастары ыркында басқару мақсатында күрделі қайшылықтарға

толы қызметтерімен әрекет етуі. Жазушы романда Құнанбайдың өмір жолын қырық бір жасында ұлы Абайдың дүниеге келгеннен бастап, сексен екіде бақиға аттанған сәтіне дейінгі аралық кезеңінің тарихи деректі оқиғаларын қамтыған. Романда Құнанбайдың бұрын қалың жұртшылыққа беймәлім болып келген іс-әрекеттері, басынан өткерген қиыншылық оқиғалары тарихи шындық заңдылығымен өрілген. Ең бастысы – Құнанбайдың қазақ елінің тағдыры, ұлттық-азаттығы үшін күрескен Кеңесары ханға оның ізіне ергендерге тілеулес болғандығы. «Кеңесарыны Ұлытауда ақ киізге көтеріп хан сайлағандардың ішінде қазақтың белді билерімен үзенгі қағыстыра жүріп өз әкесі Өскенбай да болды, бірақ түгел соңына ермеді» [1, 24] деген әрекет жалғастығын Құнанбайдан да көреміз. Кеңесары ханның ставкасын орыстың жазалаушы отряды қоршап алғанда, олардың намаз оқып отырғанын желу етіп, «Кеңесарыны оқтан қорғап қалған» [1, 24] әрекетін автор кейіпкердің шынайы көзқарасымен сабақтастыра баяндап түйіндейді. Романда Құнанбайдың қазақ жұрты үшін өзінің патшалық әкімшілік басқару билігін, аға сұлтандығын ағартушылық-әлеуметтік мақсаттарына пайдалануға ұмтылған әрекеттері айқын көрінеді. Қазақ халқын біржола отырықшы етіп, оқу білім, мәдениет жетістіктерін игеруге ұмтылысы (қазақ және орыс мектеп ашуды үкіметтен сұрауы, Қарқаралыдан мешіт салуы, өзінің меккеге қажылыққа баруы, Меккеде қазақтар жататын арнайы үй салдыруы, т.б.) – деректілікте негізделі өрнектелген.

Құнанбай өмірінің бұрын қамтылмай келген деректі шындығы Шыңғыс және оның баласы Шоқан Уәлихановқа қарым-қатынасы еді. Романда жазушы көркем шығарманың әдеби сипатын байытатын тарихи шындық поэтикасының тәсілі көркемдік ойлауға тән сюжеттік эпизодтар жасаған. Жай кезде өр мінезді, тәкаппар, қатал Құнанбайдың Шыңғыс төремен алғашқы диалогындағы қалпынан хан тұқымдарын, төрелерді сыйлаған қазақы тектілік мінез-құлық қасиетін айқын танымыз [1, 124]. Осы кездесуден соң Шыңғыстың Санкт-Петербургтегі Эрмитажға барғанда төрт бұрышты шынының ішіне салып қойған Кеңесарының бас сүйегін көрген сәттегі жан күйзелісін айтқан әңгімесі арқылы жазушы құлдық бұғауына мәңгілік шырмалған ұрпақтарға арналған күрескер ата-бабалар айбатын анық білдірген: «Сол арада тістері ырсиған жалаңаш бас сүйектің өзі маған тіке қарап: «Немене, келдің бе? Арманыңнан шықтың ба? Аңырап бір қалғанда білерсіңдер менің қадірімді!» деп, сарай ішін жаңғырықтыра ақырғандай болды» [1, 125].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Токтаров Р. Абайдың жұмбағы: Роман-хамса. – Алматы: Әл-Фараби, 1999. – 752 б.
- 2 Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде. Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 томдық. Т. 10. - Алматы, 2006. – 368 б.
- 3 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырғандар З. Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
- 4 Әйтімов М. К. Қазіргі қазақ романы: Тарихи шындық және көркемдік шешім. Филол.д...автореф. – Алматы, 2010
- 5 Адамзат өркениеті-тарих және қазіргі заман. Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары, 5-9 шілде 2005 ж. – Алматы: Университет «Қайнар», 2005. – 266 б.
- 6 Сапаралы Б. Құнанбай қажы. – Алматы: Ер Дәулет, 1995. – 288 б.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

БАИЗБАЕВА Т. С.

учитель русского языка и литературы, Красноармейская СОШ,
Павлодарский район, с. Красноармейка

Сегодня основная цель обучения – это не только накопление учеником определённой суммы знаний, умений, навыков, но и подготовка школьника как самостоятельного субъекта образовательной деятельности. В основе современного образования лежит активность и учителя, и, что не менее важно, ученика. Именно этой цели – воспитанию творческой, активной личности, умеющей учиться, совершенствоваться самостоятельно, и подчиняются основные задачи современного образования.

На уроках русского языка мы применяем следующие приемы: ассоциативный ряд, опорный конспект, мозговая атака, эссе, ключевые термины, дидактическая игра и др.

Данные приемы позволяют задавать проблемные вопросы и создавать проблемные ситуации, активизируют учебную деятельность учащихся, повышают познавательный интерес, способствуют развитию критического мышления [1].

На уроках используем элементы различных инновационных технологий, также применяем такие нетрадиционные формы: деловая игра, семинар, зачёт, викторина, путешествие, исследование.

Чаще всего нами используются дидактические игры. Они способны вызвать интерес к занятиям по русскому языку т.к. игра занимает важное место в жизни и развитии ребенка. Если ребёнок включается в дидактическую игру, изучаемый материал становится для него более доступным, интерес к учебной деятельности резко возрастает, значительно повышается работоспособность. Важная роль занимательных дидактических игр состоит еще и в том, что они способствуют снятию напряжения у детей, создают положительный эмоциональный настрой в ходе урока. Мы обратили внимание, что на таких уроках детям не скучно, им интересно.

Психологом нашей школы проводилось анкетирование по изучению учебной мотивации и большинство детей отметили, что им интересно на уроках, где учителя используют игры.

На стадии рефлексии на своих уроках используем эссе.

Эссе помогает учащимся подытожить знания по изученной теме. Каждый ученик старается самостоятельно изложить свое мнение по данной теме, важен еще и тот факт, что учащиеся не могут списать друг у друга.

Самостоятельности и раскрытию творческого потенциала учащихся способствуют нетрадиционные формы домашнего задания: художественное чтение, составление конспекта и опорных таблиц, подготовка иллюстраций к литературным произведениям, лингвистическое исследование текста, создание видеоклипов по литературным произведениям, инсценировка художественного произведения, создание самостоятельных литературных произведений различных жанров [2].

Учащийся может почувствовать себя в роли автора, иллюстратора, учителя. Именно такие домашние задания активизируют мышление, заставляют ребёнка обобщать, систематизировать материал по теме, позволяют ему максимально проявлять свои творческие способности.

Невозможно представить современный урок без информационно-компьютерных технологий, их применение делает урок современным, привлекательным для детей.

Мы в своей работе используем компьютер на всех этапах обучения: при объяснении нового материала, при закреплении, при повторении, при контроле знаний, умений и навыков.

Основной задачей уроков русского языка, по нашему мнению, является обучение умению выражать свои мысли, чувства, эмоции языковыми средствами. Поэтому, в ряд основных задач на уроках мы

ставим перед собой задачу - научить мыслить, выражать свои мысли в устной и письменной форме, анализировать ответы одноклассников, принимать участие в спорах по тем или иным вопросам и т.д.

Большое место в преподавании русского языка занимают творческие самостоятельные работы. Работа творческого характера повышают интерес детей к учению, развивают их наблюдательность, учат их самостоятельно решать поставленные цели [3]. Важно и то, что в творческих письменных работах проявляются индивидуальные качества учащихся и особенности их языка. При этом важно, чтобы практические задания выполнялись школьниками не механически, а сознательно, нужно добиваться, чтобы в практическую работу дети вносили элементы творчества. В этих целях употребляем задания «объясни», «докажи», «сравни» и т.д.

Большим подспорьем в усвоении ЗУНов является выполнение домашних заданий. По результатам исследований американских ученых, домашние задания достигают порой обратного результата: вместо серьезной работы по самообразованию - бесчисленное копирование учебников, поголовное списывание и зубрежка. Вместо пользы - вред, вместо радости - отчаяние. Чтобы избежать этого, следует практиковать нетрадиционные виды домашних заданий по каждой теме: составление словарей, наглядных пособий, таблиц, схем, алгоритмов [4]. Наряду с традиционными, привычно скучными упражнениями можно давать задания творческого характера. Это может быть написание сказок, стихотворений, придумывание загадок, кроссвордов.

Можно внести в название темы домашнего сочинения чуточку фантазии, чтобы ребенок с удовольствием взялся за выполнение задания.

Используя опыт своих коллег применяем на уроках сочинение «Как я провел день», где просим написать его от имени собаки, кота, муравья, вместо привычного сочинения «Моя комната» предлагаем написать сочинение «Моя комната в 2030 году». Также применяем и такое задание на дом: по вырезанной из журнала фотографии придумать историю, иллюстрацией к которой могла бы стать эта фотография. На следующем уроке выбирается лучшая работа. Такие виды работ раскрепощают мысль, развивают воображение, смекалку, заставляют посмотреть на мир свежим взглядом.

Практика показала, что детям нравятся такие домашние задания, они вызывают у них неподдельный интерес, всем интересно послушать сочинение друг друга.

Подводя итог, хотим сказать, что использование элементов инновационных технологий на уроках способствует росту активности учащихся на уроках, формированию положительных мотивов учения, активной жизненной позиции, что в совокупности и вызывает повышение эффективности обучения.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Энциклопедия педагогических технологий: Пособие для преподавателей. – Спб.: КАРО, 2014. – 368 с.
- 2 Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения или как интересно преподавать Учебное пособие. Алматы, 2014
- 3 Фридман Л. М., Маху В. И. Проблемная организация учебного процесса.— М.:Просвещение, 2013.-325с.
- 4 Беспалько В. П. Слагаемые педагогической технологии. – М.:Знание, 1989.-425с.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СТАТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК ҚАТЫНАСТЫҢ БЕРІЛУІ: КӨМЕКШІ ЕСІМДЕР МЕН ҮСТЕУЛЕР

БЕЙСЕНОВА А. Қ.

қазақ тілі сабағының мұғалімі, Беген орта мектебі, Бесқарағай ауданы, ШҚО

Кеңістік – заттың қоршаған ортаға қатысты алғандағы орналасуы немесе қозғалыс орны. Кеңістік қатынас екі түрлі: статикалық және динамикалық болады. Қазақ тілінде кеңістік қатынастар тілдік жүйенің лексикалық қабатынан да, грамматикалық жүйесінен көрінеді. Қазақ тіліндегі кеңістік мағына лексика-грамматикалық тәсіл арқылы берілуге бейім болып келеді. Тіл үйрету процесінде оқу материалы ретінде кеңістік қатынасты түсіндіруде функционалды-семантикалық өріс теориясын басшылыққа алу тиімді.

Функционалды-семантикалық өріс дегеніміз – белгілі бір семантикалық категорияға негізделіп, семантикалық қызметінің ортақтығына қарай өзара әрекеттес келетін грамматикалық және лексика-грамматикалық, сондай-ақ әр түрлі аралас (лексика-синтаксистік т.б) тілдік құралдар тобы [1, 11 б.].

Қазақ тіліндегі кеңістік мағынаны беретін лексикалық бірліктерді профессор З. Күзекова мета сөздер деп атап, оларды төртке топтастырады: абсолют мағыналы кеңістік сөздер – кеңістік,

орын, аумақ, ендік, аймақ және т.б.; кеңістіктегі бағытты білдіретін сөздер; релятив мағыналы ортасы, жоғары, төмен, арты, жаны және т.б.; кеңістік өлшемді білдіретін параметрикалық есімдер – ұзындық, ұзын, қалың, қалыңдығы, ені, биіктігі, кең, биік және т.б. [2, 89-90 бб.].

Қазақ тіліндегі кеңістік мағынаны беретін лексикалық бірліктер қолданылу белсенділігі бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. Біз мақалада кеңістік қатынастың функционалды-семантикалық өрісіндегі лексикалық бірліктерге, атап айтқанда үстеулер, көмекші есімдер және параметрикалық зат есімдердің функционалды-семантикалық ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Кеңістік қатынастың функционалды-семантикалық өрісінің ядросында көмекші есімдер мен мекен үстеулер орналасады. Ал параметрикалық зат есімдер негізінен ғылыми мәтіндерде ойды жеткізуге қатысты негізгі көрсеткіштер болып табылады, тұтастай алғанда жалпы кеңістік қатынастың функционалды-семантикалық өрісінде шеткері аймақта орналасады.

Үстеу – қимыл-әрекеттің мекенін, орнын және бағытын білдіреді [3, 547 б.]. Үстеу сөздер осы семантикалық ерекшелігіне байланысты кеңістік мағынаның екі түрлі статикалық та, динамикалық та сипатын білдіреді. Ал динамикалық сипатты беруінің өзі іштей екіге сараланады: нысанға жақындауды (бері) және нысаннан алыстауды (ары, әрмен) көрсетеді. Сонымен қатар, кеңістіктің статикалық сипатын да бере алады: осында, мұнда, анда. Осымен байланысты болса керек, профессор З.Күзекова «үстеулер кеңістік мағынаны үш өлшемде бере алады» деп жазады [2, 90 б.]. Статикалық кеңістік қатынас заттың және қимылдың орнын, мекенін білдіреді және мұндай мағынаны білдіретін үстеулер қатарына осында, мұнда, төменде, жоғарыда сөздері жатады. Мысалы: - Мен мұндамын, - деп қатарда тұрған жігіттердің арасынан Бақтияр шыға келді (М. Ғабдуллин). Осында тұрып жатқанымызға үш жылдан асып барады (М. Сатыбалды). Менің қолшатырым жоғарыда қалып кетті. Динамикалық кеңістік мағына заттың кеңістіктегі қозғалысымен байланысты анықталады және оған әрі, бері, әрмен, бермен, ары-бері сөздері жатады. Сонымен қатар, мұнда үстеуі де кейде контекстке қарай әрі статикалық, әрі динамикалық кеңістік қатынасты сипаттайды. Мыалы: Мұнда, мұнда кел, - деп қолын бұлғап шақырды («Жыл – он екі ай»).

Көмекші есімдер - қазақ тіліндегі кеңістік қатынасты берудің басты құралдарының бірі. Ең алдымен көмекші есімдерге тән ерекшеліктерге тоқталайық:

1 көмекші есімдер зат есімдердің шеңберінде қарастырылатын сөздер болып табылады;

2 көмекші есімдердің дербес лексикалық мағынасы солғындап, олардың білдіретін мағынасы белгілі бір дәрежеде өздері қатысты болған сөздермен тіркесіп келгенде нақтыланады;

3 қазақ тілінде барлық көмекші есімдер қазіргі қалпында көмекші сөз ретінде қолданылғанда тәуелдік жалғауы тұлғасында келеді, ал онымен қатысты айтылатын зат есім ілік септік тұлғасында тұрады;

4 кеңістік мағыналы көмекші есімдер зат есімдермен түйдектеліп келіп, кеңістіктегі орынды нақты, дәл көрсету қызметін атқарады.

Жалпы қазақ тіліндегі көмекші есімдерді М.Оразов екіге бөліп қарастыруды ұсынады: кеңістік мағынада ғана қолданылатын көмекші сөздер және әрі кеңістік, әрі мезгілдік мағынада қолданылатын көмекші есімдер. Басқа көмекші есімдер арқылы берілетін мағыналар осы негізгі екі мағынаға қосымша болып табылатындығын айтады [4, 15 б.].

А. Ысқақов көмекші есімдердің синтаксистік қызметі мен морфологиялық формаларында бір-бірінен айтарлықтай айырмашылықтары болмайтындығын ескере отырып, оларды семантикалық жағынан ғана жіктеуді ұсынады. Ғалым семантикалық жағынан жіктегенде көмекші есімдердің бір-біріне мәнделес және қарсы мәнделес болып келетіндігін ескеру қажеттігін айтады [5, 208 б.].

Жалпы кеңістік мағыналы көмекші есімдерді заттың асты және үсті, іші және сыртын, жаны мен айналасын сипаттайтын сөздер алты топқа бөлуге болады. Қазақ тіліндегі көмекші сөздер мыналар: алды, арты, асты, айналасы, төңірегі, жаны, қасы, маңы, тұсы, үсті, сырты, іші, ортасы, басы, түбі, ұшы, қарсысы және т.б..

Асты – көмекші есімі. Мағынасы жағынан үсті сөзіне антонимдес болып келіп, заттың жерге қараған жағы дегенді білдіреді. Түсіндірме сөздікте бұл сөзге мынадай анықтама берілген: «Заттың үстіне қарама-қарсы жағы, беті» [6, 44 б.]. Бұл осы асты сөзінің негізгі мағынасы кеңістік мағынаны білдіру болып табылады. Қазақ тіліндегі асты сөзінің функционалды-семантикалық өрісі мынандай:

Заттың үстіңгі бетіне қарама-қарсы төменгі жағы, кеңістік мағына: Диванның астына лақтыру, қандай «жоғары мәдениет, биік интеллект» (Д. Исабеков);

Асты сөзі киім атауларымен тіркесіп келіп, бір заттың сыртынан немесе сыртындағы заттың ішінде, астында деген мағынада қолданылады. Мысалы: Шапанның астынан тұншыға сылдырлаған шолпының да мөлдір үні құлақта тұр (М. Әуезов);

Қыр, төбе сөздерімен тіркесіп келіп, арғы жағында деген мағынада қолданылады: Мына қырдың астында менің туған ауылым.

Ағаш және ағаш түрлерінің атауларымен тіркесіп келіп, кеңістік мағынасында қолданылады және осы жағдайда түп сөзімен синонимдес болып келеді. Мысалы: ағаштың асты – ағаштың түбі.

Үсті – көмекші есімі. Қазақ әдеби тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігінде бұл көмекші сөздің дефинициясы былайша анықталған: «Үсті - бір заттың астына қарама-қарсы жағы, үстіңгі беті, жоғарғы жағы [7, 87 б.].

Заттың үстіңгі жағына қатысты кеңістік білдіретін үсті көмекші есімі:

– біріншіден, беті сөзімен синонимдік қатар құрайды: үстелдің үсті – үстелдің беті;

– екіншіден, асты көмекші есімімен антонимдік қатар құрайды: орындықтың үсті – орындықтың асты;

– үшіншіден, үсті сөзі мәнмәтінде түрлі мәнделес қолданылады. Қазақ тілінде бұл аталған көмекші есім ілік септік тұлғасындағы зат есімдермен матаса байланысып келіп, негізінен кеңістік мағынаны білдіргенімен, басқа да функционалды-семантикалық ерекшеліктерге ие болып келеді. Атап айтқанда, төмендегідей мағыналарда да қолданылады:

– бір заттың жоғарғы немесе үстіңгі жазық беті: төсектің үсті;

– адамның өн бойы, үсті-басы: Үстіме әдемі көк көйлек киемін;

– бір нәрсенің сыртынан деген мағынада: көйлектің үстінен орамал жамылыпты;

– қасы, маңы деген мағынада: Ауылдың үстінен үлкен жол өтеді;

– біреу туралы деген мағынада: Менің үстімнен шағым айтыпты;

– оқиғаның болып жатқан мезгілін көрсету: сабақтың үстінде хат жазу. Талданып отырған көмекші сөздің қолданыстағы мағыналары мұнымен шектелмейді. Бізге қажеті үсті көмекші етістігінің кеңістік мағынаның білдіру болғандықтан, басқа мағыналарына тоқталуды жөн санамадық.

Осында көрсетілген үсті сөзінің бірнеше қолданыстағы мағынасының ішінде көрсетілген алғашқы төрт мағынасы кеңістік мәнді білдіреді. Бұл мағыналарды қолданыстық жиілігіне қарап, функционалды-семантикалық өріске орналастыратын болсақ, кеңістік өрісінің ядросы ретінде бірінші заттың жоғарғы беті деген бірінші мағынасы орналасады. Мысалы: Бағанадан байқап тұрғам, маған бастықтың аттың үстінде отырғаны бір түрлі қызық көрінді. Шіркін, сол кезде жер үстінде біздерден бақытты жан болды ма екен?! Қашан барсаң, жинаусыз төсектің үстінде шалқасынан түсіп, домбырасын тықылдатады да жатады.

Кейде үсті сөзінің қандай мағынада, кеңістік мағынасында немесе мезгілдік мағынаны білдіруі үшін қолданылғаны мәнмәтін арқылы ғана айқындалады. Мысалы: Дастарқан үстінде әр үйден келген бауырсақ, туралған таба нан, қазан жаппа, ірімшік-күрт, сүтке шыланған талқан (С. Мұратбеков). Дастарқанның үстінде біраз ән шырқалды (М. Сатыбалды). Сонымен қатар, соңғы сөйлемде үсті сөзімен түйдектеліп келген тіркес әрі кеңістік, әрі мезгілдік мағынаны да білдіреді. Яғни Ән қашан шырқалды? және Ән қайда шырқалды? деп те сұрауға болады. Тағы бірер мысал: Мен сабақ үстінде отырып не оқып, не қойғанымды білген жоқпын (С. Мұратбеков). Шай үстінде әңгімелеріміз ұсақ-түйек үй тірлігі төңірегінде: «Су әкеліп қойдың ба?», «Отын жардың ба?» тәріздес болды да, қоңыр сыыр туралы ешқайсымыз жарып ауызға алмадық (С. Мұратбеков). Осы сөйлемдерде асты сызылған сөздер кеңістік мағынамен қатар, мезгілдік мағынаны да білдіріп тұр.

Кеңістік қатынастың үстеу сөздер арқылы берілуінде мынандай ерекшелік бар: біріншіден, үстеулер кеңістіктегі орынды дәл және нақты анықтамайды, олардың семантикалық құрылымында сілтеп көрсету мәні ғана бар. Ал нақты кеңістіктегі орынды білдіру үшін үстеу сөздер контекстке немесе жағдаятқа, тіпті кейде екеуіне де тәуелді болып келеді. Екіншіден, үстеулер кеңістік мағынаның екі сипатын да, статикалық әрі динамикалық кеңістік мағынаны бере алады. Олардың нақты қандай кеңістік мағынаны білдіруге қызмет етіп тұрғандығы тағы да контекст және жағдаят арқылы анықталады. Осымен байланысты үшіншіден, тіл үйрету үдерісінде А1 деңгейінде үстеулердің статикалық кеңістік мағынаны беру қызметін ғана, басқаша айтқанда осында, мұнда, жоғарыда, төменде сөздерінің зат орналасуы мен кимылдың өту орнын көрсету мағынасын ғана оқу материалы ретінде алған дұрыс. Ал динамикалық кеңістік мағынаны білдіруі сәйкесінше келесі деңгейлерде қарастырылады.

Ал үсті көмекші есімі ілік жалғаулы зат есіммен түйдектеліп келіп, біріншіден, нақты кеңістік мағынаны білдіреді; екіншіден, мезгілдік мағынаны білдіреді; үшіншіден, кеңістік әрі мезгілдік мағынаны білдіреді. Соңғы жағдайда, аталған көмекші есімнің қандай мағынада қолданылғаны сөйлеушінің прагматикасына байланысты болып келеді. Енді үсті көмекші есімінің кеңістік мағынасының тіл үйрету үдерісінде қай деңгейде қандай мағынасының берілгені дұрыс деген сауалға келсек, кеңістік мағынаның көмекші есім сөздер арқылы берілуін А1 деңгейінде берілмегені дұрыс деп санаймыз. Өйткені мұнда екі сөздің тіркесімі және олардың аранайы грамматикалық тұлғаларда, «бірінші сөздің ілік септігінде келуі + көмекші есім» келуі тіл үйренушіге біршама қиындық туғызады; екіншіден, А1 – деңгейінде кеңістік қатынастың лексикалық бірліктерінің ішінен өрісте мекен үстеулерді, атап айтқанда осында, мұнда сөздері орналасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Теория функциональной грамматики: Введение. Аспектуальность. Временная локализованность. Таксис. – Л.: Наука, 1987. – 352 с.
- 2 Күзеева З.С. Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы. –Астана, 2015. – 180 б.
- 3 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
- 4 Оразов М. Көмекші сөздер. –Ташкент: Наурыз, 1997. – 185 б.
- 5 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы, 1964.
- 6 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 2-том. А-Б. –Алматы: Арыс, 2006. –744 б.
- 7 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15-том. Ү-Я. –Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. –824 б.

ТІЛ МЕН ФИЛОСОФИЯ САБАҚТАСТЫҒЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ҚАЗІРГІ БАҒЫТТАРЫ

БУХАРЗАДА М.

Еңбек орта мектебінің оқытушысы, I категория Павлодар қ.

Ежелден тіл ғылымы философиямен тығыз байланыста дамып келген. Тіл туралы алғашқы дәйекті пікірді гректің әйгілі философы

Аристотель айтқан. Қазіргі ғылымдар өз бастауын философиядан алса, олардың арасында лингвистика философиямен етене араласып, өз кезегінде философияның дамуына да өз ықпалын тигізген. Өйткені адамның сана-сезімі мен абстрактылы ойлау жүйесінің тілмен тікелей байланысы бар. Тіл білімі философиямен, біріншіден, методологиялық қағидалар жағынан байланысса, екіншіден, зерттелетін ортақ мәселелері жағынан жақындасып байланысады. Философия күллі ғылымдардың, соның ішінде тіл білімінің де әдіснамалық негізі болып саналады, ғылымдардың дұрыс бағытта дамуы үшін бағыт-бағдар сілтейді. Лингвист ғалымдар диалектикалық материализмнің барлық құбылыстарды бір-бірімен өзара байланыста қарау, бір-біріне шарттастығы тұрғысынан қарау керек дейтін талабын басшылыққа ала отырып, тілді басқа құбылыстармен өзара байланысы тұрғысынан зерттейді.

Тілдің мәні, оның таңбалық сипаты, тілдің шығуы мен дамуы, ойлау мен тілдің арақатынасы және т.б. мәселелерді зерттеп шешу үшін философия тіл біліміне бағыт-бағдар сілтейді, аталған мәселелерді шешудің принциптерін белгілейді. Тілдің теориялық мәселелерін тек жалпы тіл білімі ғана емес, сонымен бірге тілдің философиясы да қарастырады. Жалпы тіл білімі тіл туралы ғылымның бір саласы болып саналса, тілдің философиясы философия ғылымының бір саласы болып саналады да, ортақ мәселелерді бірлесе зерттейді. Тілді оның формасы мен мазмұнының бірлігі, байланысы тұрғысынан зерттегенде ғана, оның дамуының жалқы заңдары мен жалпы заңдарының табиғатын ашып айқындауға және түсінуге болады. Міне, осы мағынада тіл білімі белгілі дәрежеде философиялық ғылым болып табылады, нақты тілдік құбылыстарды зерттеумен бірге, тілдің философиясына қатысты мәселелерді де қарастырады. Бұл айтылғандың бәрі тіл білімі мен философия ғылымдарының өзара байланысты ғылымдар екенін көрсетеді. Филология ғылымы философиядан бастау алып, сан-салаға жіктеле дамып, адамзат мәдениетін зерттеуге үлес қосады. Қазіргі ғылымдар өз бастауын философиядан алса, олардың арасында лингвистика философиямен етене араласып, өз кезегінде философияның дамуына да өз ықпалын тигізген. Өйткені адамның сана-сезімі мен абстрактылы ой тую жүйесінің тілмен тікелей байланысы бар.

Тіл – сан ғасырлық адам танымының, адам санасының туындысы. Танымды жалпы түрде адамның әлемге әлеуметтік, тарихи тұрғыдан дамыған қатынасы деп анықтауға болады. Таным ғылыми және ғылыми емес деңгейлерде де жүзеге асырылады.

Танымның ғылыми емес деңгейі – қарапайым, діни, көркемдік. Ғылыми таным дегеніміз – жүйелілік, білімдердің негізділігі, ғылымның тілі, ғылыми зерттеулердің әдістері мен құралдары сияқты ерекше белгіге ие танымның түрі болып табылады. Ғылыми таным танымның әдістері мен формаларын екі түрлі деңгейде қолданады, олар: эмпирикалық таным әдістері, теориялық таным әдістері. Ғылым адамзат қызметінің басқа да салаларымен тығыз байланысты және қазіргі замандағы жалпы адамзаттық мәселелерді шешудегі жетістіктерді анықтайды. Ал ғылым тілсіз өмір сүре алмайды. Тіл – өмірдің өзегі, қоғамның айнасы. Тілдің дамуы мен қоғамның дамуы бір-бірімен тығыз байланысты құбылыстар. Тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі мәні мен қызметін қоғамдық ғылымдар, оның ішінде философия ғылымы қарастырады. Ал ұлттық сана, ұлттық болмыс дамыған сайын соған сәйкес ұлт философиясы да, ұлттық тіл де дамып, жетілу үстінде болады. Тіл туралы ғылымның қазіргі заманғы даму сатысына позитивті білімнен тіл туралы теориялық-әдіснамалық кең аядағы терең білімге өту қондырғысы тән. Өйткені бұрын сыртқы лингвистикалық факторлар ретінде қарастырылып келген экстралингвистикалық құбылыстар қазіргі лингвистикада интралингвистикалық (ішкі) құбылыстар ретінде қарастырылуда.

Тіл туралы қазіргі ғылымдағы осындай жаңа интралингвистикалық мәселелер қатарына тіл мен мәдениет, тіл мен қоғам, тіл мен діннің арақатынасы мәселелерімен қатар тіл мен философияның өзара байланысы туралы мәселе де жатады. Тіл философиясына тіл, болмыс (шындық, қоршаған әлем) пен ойлаудың арақатынасын зерттеуге бағытталған зерттеу салалары, сондай-ақ осы байланысты бейнелейтін әрі қайталайтын теориялық-әдіснамалық білімдер кіреді. Бұл салалар – тіл, болмыс пен ойлау - әр түрлі лингвофилософиялық концепциялар тұрғысынан түсіндірілуі мүмкін. Тіл философиясының міндеті бұл жағдайда болмыс пен сананың арақатынасын тілдік тұрғыдан анықтауға барып тіреледі. Қазіргі гуманитарлық ойларда тіл философиясы жалпы түрде анықталады, онда «философиялық ережелер тілдің ең жалпы заңдарын түсіндіру үшін қолданылады, ал тіл мәліметтері, өз кезегінде, нақты уақыт тудырып отырған кейбір философиялық мәселелерді шешу үшін қолданылады». Бұл анықтамадан тіл философиясына қатысты зерттеулердегі лингвистикалық және философиялық бағыттағы тілдің гносеологиялық мәртебесіндегі айырмашылық белгілі болып отыр. Екі бағытта да мәселе үш сала – тіл, болмыс пен ойлау туралы болғанымен, бұл бағыттағы

тіл философиясы үшін аталған салалар тең емес. Бірінші типтегі зерттеулер үшін негізгі зейін тілге, оның мәніне, мақсатына, шарттарына, формасы мен өмір сүру заңдылықтарына бағытталған. Екінші типтегі лингвофилософиялық зерттеулерде бұндай бағыт міндетті емес.

Қалған екі салаға – болмыс пен ойлауға келетін болсақ, олар бірінші типтегі лингвистикалық зерттеулерде өзінен-өзі қарастырылмайды, негізінен олардың тілмен қатынасы тұрғысынан – тілдің мәні мен өмір сүруі мәселелері категориясы тұтастығы рөлінде көрінеді. Екінші типтегі зерттеулерде болмыс пен ішінара ойлау да жеке пән ретінде көрінеді, бірақ оларды тану үшін де тілге жүгінеді.

Европалық дәстүрде тіл философиясы өз бастауын классикалық антик дәуірінен алады, ол тіл туралы ғылым бастау алған қайнар көз болып табылады. Ғасырлар бойы (Сократтан стоиктерге және александрияшыларға дейін, Европада аристотельдік ренессанс кезеңінен латындық ортағасырға дейін) тіл таза «философиялық пайымдаудың» нысаны болды. Ойшылдардың тілге қызығушылығы тұтастай философиялық сипатта болды. Былайша айтқанда, антик дәуірінде тіл философиясы сол дәуірдің негізгі философиялық мәселесі – зат, ой мен сөздің арақатынасын шешу барысында туындайды. Одан әрі тіл философиясы европалық мәдениетте философия ағынында да, теология, логика, лингвистикада да дамиды. Әсіресе XX ғ. философия бірқатар дәстүрлі тақырыптар мен негізгі ережелерді ығыстыра отырып дамыды. Жалпы алғанда, тіл мәселесі қазіргі философияда біржарым ғасыр бұрынғы секілді жетекші рөл атқарады, философияда тілді зерттеу негізгі болып табылмайтын екіншілік сипатта болса да, бұл мәселе философия аясында жай ғана көптеген мәселелердің бірі болып қалған жоқ. Бірақ, француз философы Ж. Деррида айтқандай, бұл мәселе ешқашан соншалықты ауқымды әр түрлі ғылым салаларының зерттеу көкжиегі, гетерогенді дискурс тақырыбы, әр түрлі әрі әр жақты әдістер мен идеологиялардың саласын қамтыған емес. Қазіргі европалық философиялық ойларда тіл мәселесі философияда деонтологияға ағымына қарсы тұруға тырысушылықпен байланысты, сондай-ақ тілге негіз болған адам танымы мен мәдениетіне базистік негіз іздеу бағытындағы дәстүрлі философиялық мәселелерден туады.

Лингвофилософиялық мәселелер қарқынды түрде XX ғасырда философиялық герменевтикада, оның екі нұсқасы - «онтологиялық герменевтика» (М. Хайдеггер) мен «лингвистикалық герменевтика», немесе мәтін герменевтикасында (Х.-Г. Гадамер, П. Рикер)

қарастырылады. Ал лингвистикалық герменевтика тіл мен ойлаудың арақатынасын олардың болмысқа қатысымен байланыстырады. Тіл мен философияның арақатынасына қатысты маңызды мәселенің бірі «философияның тілі», оның бір жағынан тілмен, екінші жағынан философиямен, оның тілімен байланысы. Тіл мен философияның өзара байланысы туралы идея адамның дүниені тануының екі формасы ретінде орыстың діни философиясында терең дамыды (П. А. Флоренский, А. Ф. Лосев, В. В. Бибахин). Тіл мен философияның байланысы туралы тақырыптың бір қыры ана тілі мен ұлттық философияның байланысына, сондай-ақ тіл мен философиядағы идиоэтникалық пен әмбебаптыққа қатысты. А. Ф. Лосевтің пікірінше, «кім грек тілін түсінсе, сол грек философиясын да түсінеді». Тіл мен философияның теңдігін ана тілі мен жалпы тілдің ұстанымына негіздеп, Бибахин былай дейді: «біздің тіліміз баяғыда-ақ орыс философиясының тілі, Ресей философиясының тілі ғана емес, бүкіл философияның тіл болатын уақыт жетті». Лингвофилософиялық зерттеулер философия, тіл туралы ғылым және басқа да ғылым түрлері секілді пәнаралық кеңістікке шығуы мүмкін. Тілді талдаудың кендігі мен оның өмір сүру аясына байланысты тіл философиясында үш негізгі қондырғы-бағдарламаны бөліп көрсетуге болады:

Біріншісі – имманенті – семиологиялық, мұнда тіл «өзімен өзі және өзі үшін» қатынастар мен әр түрлі бірліктер жүйесі» ретінде қарастырылады. Бұл қондырғы структурализмде көрініс тапқан (Ф. де Соссюр).

Екінші қондырғы – антропологиялық, мұнда тіл адам мен оның әлемі контекстінде қаралады, жалпы тіл білімінің негізін салушы В. фон Гумбольдттың, неогумбольдшылар мен соған ұқсас концепциялардан көрініс табады.

Үшінші қондырғы – (тео)антропоғарыштық, мұнда тіл кең аяда – Құдай, адам, ғарыш кеңістігінде қарастырылады (мәселен, С. Булгаковта). Тіл мен философияның байланысы тақырыбы гуманитарлық ойдың ең күрделі мәселелерінің бірі болып қала береді. Ойшылдардың әрбір ұрпағы мәңгі сұраққа өз жауабын береді. Қандай да бір танымның бастапқы нүктесі тіл арқылы қалыптасқан әлем, жаратылыстанушы да, тарихшы да, тіпті философ та затты бастапқыда тіл қалай жеткізсе, солай таниды. (Э. Кассирер).

Осы уақытқа дейін тіл мәселелерімен тек тіл мамандары айналысып келді. Тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі мәні мен қызметін ғылыми тұрғыдан анықтауға қоғамтанушы ғалымдар –

философтар, әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылар, әлеуметтік психология мамандары қатыспады. Соның салдарынан тіл дамуына пәрменді ықпал ететін қоғамдық-әлеуметтік факторлар назардан тыс қалып отырды. Тіл мәселелерін дамудың негізгі мазмұнын құрайтын диалектиканың заңдарына сүйене отырып, философиялық таным тұрғысынан зерттеу ғана аталған мәселені шешуде өз нәтижесін бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Жазу әдебиеті Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. [261, 298б.].
- 2 Байтұрсынов А. Тіл ғылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. [348, 448].
- 3 Абақан Е.М. Тілдің мәдени философиясы. – Алматы: Айкос, 2000. [184 б.].
- 4 Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов – қазақ тіл білімінің негізін салушы. А. Байтұрсынов творчествосына арналған ғылыми конференцияда сөйлеген сөзі Қазақ әдебиеті. – 1990. – 20 шілде. [36, 43б.].

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ СӘНДІК ОЮ-ӨРНЕКТЕРІ

ДУРСУНОВА Д. И.

№110 З. Хусанов атындағы жалпы орта мектеп Шымкент қ.

«Қазақ халқының сәндік ою-өрнектері» - деп аталатын бұл жұмысым қазақ халқының ең таңдамалы деген 5000-нан астам көркем безендірілген ұлттық көне бұйымдардың негізінде жасалып отыр.

Бұл тақырыпты алу себебім: қазіргі кезде қазақтың нағыз ою-өрнектері ұмытыла бастағандай, өйткені заманның ағымына байланысты еуропа мәдениетіне, өнеріне еліктеу көп байқалады.

Қазақ халқында оюлап жасаған бұйымдардың әр түрлі байлықтары бар. Соның ішінде сырмақ, текемет, түс киіздің алуан түрлері, айшықтап кесте тіккен қоржын, әбдіре, сандық тыстары, тағы сондай, үй тұрмысында қолданылатын айна қап, аяқ қап, кереге қап сияқты заттар кездеседі.

Оюлап киіз басу тек қазақтың ғана еншісіне тиетін өнер емес, мал шаруашылығымен айналысатын басқа да көшпелі елдерге тән, ортақ нәрсе. Киіз басумен Қазақстанның барлық бөлігінің

тұрғындары айналысқан. Бір қызық жері, пайдаланатын зат біреу, ол жүн, ал осыдан жасалған киіздің әр жүзге, әр руга тән өзіндік ерекшеліктерін анық байқауға болады. Өрнектің көрнектілігі халық шеберін ой-қиялына, суреткерлігіне байланысты әр жерде әр түрлі. Оюларды түсіріп болған соң киізді басуды әрі қарай жалғастырады. «Пісіре» келе өрнектік жүндер киізбен бірігіп белгілі бір нақтылығын, түзулігін жойып, әсем бір суретке айналады.

Көлемі жағынан киіз үйіге тұтастай дерлік төсеуге жететін төсеніш киіздің бір түрі - текемет. Текеметтің көлеміне қарай ірілі - уақты сәндік әшекей өрнектері болады. Әлбетте, өрнекті киіздің негізгі түрін ашатын басқа бір айшықты түстен салады. Ол көбіне мынандай «8» ирек болып келеді. Жартылай басылған әлі толық бірікпеген киіз үстіне басқа түсті жүннен созып өрнек салады. Текеметтің екі жақ басына ұзынынан бойлай екі қатар қара ою түсіріліп, екі жақ көлденеңіне қара ою бір-ақ қатар жүргізілген. Бұл текемет оюларының жағынан да, орналастыру тәртібі жағынан да сырмаққа өте жақын.

Сырмақ - әр түрлі киізден ойылып жасалатын төсеніш киіздің бір түрі. Сырмақ басу негізінде Орта жүзде Арғын (Қарлық), Найман, Керей, батыста - Қыпшақ руларында көп тараған. Сырмаққа салынар ою қошқар мүйіз тектес өрнек. Ол өте дәлдікпен (симметриялық) орналасып, бір-біріне жалғасып, сырмақтық шетіне бір бөлек салынады. Бір ғажабы өрнектің аяқталар жерінде ою кез келген жерінен бөлінбей, бір қошқар мүйіз тұтастай салынып барып аяқталады. Ал осының өзінен, жоғарыда айтылғандай оюды тұтас түсіру үшін, оюды ояр алдында нақты есеп болуын қажет етпей ме? Орталық Қазақстанда кездесетін сырмақтар оюы үш - төрт ою бірігіп бір квадрат немесе ромбы құрайды да тұйықталыш әрқайсысы өзінше жеке тұра - ды. Кейбір жерлерде оюды өсімдік тектес етіп әр түрлі гүл бүрлеріндей сәндеп беру кездеседі. Өрнектеп гүл бейнелеу әсіресе біздің Шымкент облысы тұрғындарының бұйымдарында көп қолданылған.

Қазақтың халық шеберлерінің тағы қатты - көңіл беліп, сәндеп безендірген бұйымдарының бірі - түс киіз. Түс киіз киіз үйдің жасауы ретінде сән берер жиһаз болғанмен керегеден суық ұрмас үшін жылулық қасиеті тағы қатты ескерілген. Сондықтан да оны да қалың киізден жасап, үстінен әдемілеп, көркемдеп мәнерлі өрнек түсіреді.

Сәндеп безендірудің көркемдік шегіне жеткізе жасалған өзіміздің Шымкент жерінде түс киіздің ерекше түрлері кездеседі. Үлгісі гүл шоқтарына ұқсас тұтасып жатқан өрнектің бір-бірімен

шектелер жерін, жігін айыру қиын. Ою киіз бетіне тұтасынан шұғадан ойылып, кестеленіп басылған. Түс киіздің екі жақ көлденеңі мен басына жиектей отырып осы үлгіде бірақ ірірек ою ұсталған. Бұл оюлардың түсі, ортаңғы бөліктегі ою мәнерін аша түседі. Ал 2-ші суретте керсетілген түс киіз оюларының орналасу тәртібі жағынан алдыңғыға қарағанда басқарак. Мұнда ісмер оюының айшықтырақ, бірден көз тартар жағын қарастырған. Бір топ оюды топтастырып ромбы ішіне алып, ромбы қабырғасын, оюдың негізгі түсінен басқа ашық түсгі оюмен жағалай жүргізіп шектеп қойған. Содан соң ромбыны сыртынан үлкен төрт бұрыш ішіне алған. Сонда қарап отырсаңыз түс киіздің тұтас оюы ромбы, одан төрт бұрыш түс киіз жиегі - тік төрт бұрыш ішінде жіктеліп сонадайдан айшықтылығымен тартады.

Түс киіздің орта бөлегінде жасыл мақпал үстіне қызыл шұғадан ойылып тұтас өрнек жапсырылады. Оюы ширатылған мүйіз тектес болғанмен кейбір тұсында дөңгеленген теңгені елестетеді. Бұл Батыс Қазақстанда кездесер ою үлгілеріне ғана тән нәрсе. Оюдың шегін сары жіппен жиектеп біз кестелеп тіккен. Бұл жасыл түске қызыл мәнерді одан сайын айшықтай түседі. Түс киіздің екі жағы мен басына жалпақтау етіп көк мақпал ұстаған. Оған да қатарлап ортаңғы үлгіге қарағанда уақтау, сол тектес қызыл шұғадан ою түсірген. Осы екі түске түскен өрнекте ала-құлалық байқалмайды, қайта тұтастық сезіледі. Ол ісмердің жасыл, сары, қызыл бояуларды үйлестіре білуінде.

Қазақ халқының атадан балаға таралып келе жатқан тағы бір өнері - зергерлік. Металдан түрлі әшекей бұйымдарын дайындауда қазақ шеберлері көп ғажап үлгілер қалдырып кетті. Халық таланттары - зергерлер металды әшекей бұйымна айналдыруда өте биік талғаммен қарап, қолданылар орнына қарай өзіндік нақыштарды таба білді. Әйелдердің түрлі жүзік, білезік, алқа, сырға, шолпы секілді сәндік әшекейлерімен қатар, белбеу, аттың айыл-әбзелдері, төсек, әбдіре сынды үй мүліктері бәрі-бәрі алтын, күміс, сүйекпен нақышталып, өрнектеліп, безендіріледі. Соның ішінде әсіресе күміс көп қолданылған. Талғамы биік халық таланттары күмістің қасиеті мен қадірін ескере отырып, орнын тауып қолдана білді. Қазақ зергерлерінің қолынан шыққан заттар қарапайым да сәнді, оюлары мен нақыштарының анық, байсалды да байыпты өрнектелуімен ерекшеленеді. Оларға әсіресе қызыл, арзан-қол әшекей мен әлем-жәлем бояу жат. Күмісті көркемдік құралына айналдыруды зергерлер пайдаланар жеріне қарай нақыштау, бедерлеу, қалып

арқылы дайындау, ойып күміс орнату, күміске ақық тас орнату, қарайту сияқты түрлі әдіс -тәсілдер қолданды.

Шымкент зергерлерінің қалдырған сәндік заттары өз алдына бір төбе. Олар сыртқы түрімен де, жасалу ерекшеліктерімен де басқаларға ұқсамайды. Той думандарда, ойын-сауықта әйел адамдар тағынар сәндік әшекейлерге : оңіржиек -ақық тас орнатылған күміс баулы екі жақ оңірге тағылар әшекей, сондай қымбат тасты жүзіу, салпыншақ сырға, әдемі түймелер жатады. Бұл аталғандардың бәрі де өте нәзіктікпен шебер дайындалатын болған.

Әшекейлік заттар өнері, келісті нақышы жағынан түркімен, қара-қалпақ зергерлік бұйымдарына өте ұқсайды, дегенмен әрқайсысына тән өзіндік ұлттық айырмалары жоқ емес.

Беті тегіс келген күміс әшекей бұйымы бетіне тұтастай майда түйіршік тастардан өрнек салынатын болған. Бертін келе кейбір шеберлер әшекей бұйымының бетіне алтын жалатып үстің ақық таспен безендіре бастады.

Әйелдер тағар әшекейдің бірі сырға, халық таланттары қалдырған сырғаның алуан үлгілері бар. Олар да таза алтын, күмістен соғылып әр түрлі нақышталып, гауһар, ақық тас орнатылып безендірілген. Оның қайсыбіреулері тіпті иыққа дейін түсіп тұрады. Ал ондай ауыр сырғаларды құлақтың артына бұрымға тағып қоятын болған.

Қазақ халқының ерте ғасырдан келе жатқан өзіндік көркем өнерінің тағы бір түрі сүйектен ойып бедерлеп өрнек түсіру. Қазақ даласынан табылған көне байлықтар -әшекейлі сәндік бұйымдар, аттың айыл-тұрман әбзелдері, тіпті тас дәуірінің соңғы кезінің мүліктері екенін білдіреді. Бұдан халқымыздың ою-өрнек өнерінің тамырының тереңінен алынатын, сүйектен өрнектеп, әшекейлі бұйым жасаудың өте ертеден -ақ келе жатқанын дәлелдейді. Сүйектен ойып өрнек салушыларды қазақтар «шебер» деп атаған. Шеберлердің есімі көпке әйгілі болып, қалаған заттарын жасауға жұрт күншілік жерден келіп жататын көрінеді. Сүйекпен ағаш бұйымдардың бетін, аттың қамыт - сайман, ер-тұрманын, музыкалық аспаптардың бетін безендіреді. Көп жерлерде өрнектелер заттың бетін тұтастай жұқа сүйектен қаптап тастайды. Содан соң әр сүйек сынықтарына жекелей өрнек түседі. Сүйекпен әшекейленген бұйымдарындағы өрнектерінің түрі, құрылысы, мазмұны жағынан киіз оюларына өте ұқсас. Сүйекте бе-дертер оюларды да бояйтын.

Болғандықтан сырмақ -текемет оюларына ұқсастығы жақындай түседі.

Кейінгі жылдары біздің облысымызда ою ойылған сүйек астына ашық түсті шұға, мақпал төсейтін болған - көбіне қызыл, қара түстен. Олар сүйектің оюларының арасынан керініп негізгі түстің міндетін атқаратын. Бірақ жаңадан жасалған кезде болмаса ол ұзаққа бармайтын. Шұғаның түсі тез оңып, не шіріп, желініп кететін. Сондықтан бұл әдіс халық арасына жаппай тарамдады. Әрбір жерде ғана кездеседі.

Кейбір қымбат бұйымдарды безендіргенде сүйек пен күміс қатар қолданылды. Шымкент мұражайларында осы аталғандай күміспен, сүйекпен қатар көркем өрнектелген заттар көп.

Халық арасында сүйектен жасайтын шеберлердің жұмысы қатты бағаланады. Сүйекпен өрнектелген ағаш бұйымдары тек өте ауқатты үйлерден ғана кездеседі. Ал осының есесіне ағаштан ойып шебер көркемдеп істелетін нақыштар күнделікті үй тұрмысы бұйымдарында қазақ жерінің барлық бөлігінде дерлік ұшырасады.

Ағаштан ою ою, яғни ағаштан түйме тую де халқымыздың ертеден келе жатқан дәстүрлі өнерлерінің бірі. Тіпті киіз үйдің ағаш бұйымдарының бірі дерлік үйдің сәндік жиһаздарына сай керемделген десек артық айтқандық емес. Ағашқа ойылар оюдың көркемдік мәнері үйге көрік берерліктей нәзік нақышталған, басқа да бұйым- дардағы ою -өрнекпен түрі-түсі жағынан ұқсас тіпті толықтырып тұрушы әсем, сәнді келеді.

Халық шеберлері ағаштан ойып түрлі ыдыстар да дайындайтын. Астау, тостаған, налуан түрлерін жасаған. Соның бірі қайыннан ойылып істелген қымыз ішетін тостаған. Тостағанды қолға ұстауға жеңіл әрі ыңғайлы жұқа етіп ояды. Қонаққа қымыз ұсынар тостағандарды күміс түйіршігімен және ірі асыл тастармен нақыштайтын еді.

Күнделікті тұрмыста қолданылар шартабақ сияқты ағаш ыдыстарды мәнерлеп өрнектеу сирек кездеседі. Аяқ -табақтардың қызға жасауға, не құрметті қонаққа арналатындары күміспен нақышталатын әшекейлеуде кейде күмістің қарайтылған түрі қолданылды.

Міне енді жұмысымызды қорытындылай келе осыдан талай ғасыр бұрынғы ата-бабаларымыздың қолөнерімен, сәндік ою үлгілерімен таныстырып, кең қазақ даласының әрбір руларының керемет мұраларымен бетпе-бет кездестіретін « Қазақ сәндік ою -өрнектері» деп аталатын бұл жұмысымызды аяқтауға да таяумын. Бұл жұмы- сымдағы берілген суреттер қазақ өнерінің қыр-сырын аша түседі. Қазақ халқының ою-өрнек өнері ерекше бай, оның

ашық та анық бояулары, салтанаты да сәнді оюлары ерекше көз тартады. Айшықты сырмақ, текеметтері, мәнерлі өрнекті ағаш төсек сандықтары, әр түрлі тактадан тұратын әдемі алашалары, түс киіздерінің бояулары мен өрнектері үйлесіп, үндестік тауып, бояулар симфониясын құрайды. Талай ғасырлар бойы даламен сырласып көшіп-қонып жұрт ел халық, табиғаттан сұлулықты тани біліп, бояуларды табиғатпен астастыра қолданды. Ақ отаудың киізіне басылған қызыл ою халқымыздың ақ жарқын бейнесіндей сәнді де көңілді рай танытады. Аты бимәлім көптеген халық шеберлерінің қол таңбалары ғасырдан-ғасырға мұра болып таралып келеді. Оның әрбір ұрпақ өкілдері көркемдік жағынан қолданылар орнына қарай сәндік бояудың, әшекей мен ою- өрнектің соңғы үлгілерімен байытып отырады.

Ұлттық ою-өрнектерді қазіргі күнделікті тұрмысымызға ендіруге еліміздің суретшілері, өнер саласының қызметкерлері ат салыса еңбек етуде. Көне мұралардағы оюларды бүгінде Алматы кілем тоқу фабрикасының тоқыған кілемдерінен, керамикалық заттардан, түрлі әшекей бұйымдарынан қазір де көптеп көруге болады.

БАТЫРЛАР ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ

ДҮЙСЕНОВА М.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Кез-келген халықтың ғасырлар бойы туып, жетіліп, кемелденіп отыратын өнері мен мәдениеті болады десек, соның бір арнасы – фольклор. Халық ауыз әдебиеті шығармаларының ішіндегі тарихилығы басым салалардың бірі – эпикалық жырлар. Эпикалық жыр дегеніміз не? Фольклортанушылар зерттеулеріне сүйенсек, грек тілінен алынған эпос сөзі мағынасының өзі әңгімелеу, тарихтап айту дегенді білдіреді екен. Яғни, ол өмір шындығын мол қамтып, кең суреттейтін және адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты танытатын іргелі де күрделі жанр. Эпостың туу, қалыптасу тарихы адамзат тарихымен тығыз байланысты. Қай халықтың болсын ертеден ауыздан-ауызға таратып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырып келе жатқан әдеби туындыларының басым бөлігі – эпостық жырлар. Эпостық шығармаларға арқауы болған өмір

шындығы. Онда автордың немесе жекелеген адамдардың көңіл-күйі ғана емес, бүкіл халықтың тұрмыс-тіршілігі мен тарихи тағдыры көрініс табады.

Біз осы мақаламызда эпостық жырлардың генезисі мен тарихилығы жөнінде сөз қозғамақпыз. Бұл тақырыпта жазылған зерттеулер қатарында қазақ ғалымдарынан Р. Бердібай[1] мен Б. С. Қорғанбековтің[2] еңбектерімен қатар қазақ фольклорының тарихилығы[3], фольклор шындығы[4] туралы жазылған зерттеулерді айтуымызға болады.

Профессор Р. Бердібайдың фольклор саласындағы еңбектерінің ішінде қазақ эпосының генезисін, даму жолдарын, жанрлық ерекшелігін сипаттайтын зерттеулері ерекше құнды. Ғалым эпикалық жырларды талдайды. Сондай-ақ Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Е. Исмаилов сияқты зерттеушілер эпосты көбінесе тақырыптық және хронологиялық белгілеріне сәйкес жүйелеп топтаған болса, Р. Бердібаев дастандық туындыларды жанрлық және стадиялық сипатын қоса қамтып тексеріп, ғылыми жаңалық әкелді: күллі эпикалық репертуарды: көне (архаикалық), қаһармандық (классикалық), ғашықтық (романдық) және тарихи эпос деп төрт топқа бөледі[1,б.179].

Эпикалық жырлар эпостық және лиро-эпостық деп бөлінетіні белгілі. Осы екі түрі де қазақ фольклортану ғылымында терең зерттелген.

Эпостық жырларға жататын батырлар жыры ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан саласы. Батырлар жыры отанды сүю, басқыншы жаудан ел қорғау, халық үшін ерлік еңбек ету идеясынан туған. Басқыншы жаудың шабуылдарына қарсы аттанған, одан ел жұртын қорғап қалған батырларды, олардың ерлік істерін ардақтап халық аңыз-әңгіме, жырына қосқан. Сондай-ақ, халық адал еңбекті, еңбек адамдарының көпшілік үшін жасаған істерін де жырлаған, оған да ерлік сипат берген.

Батырлар жыры бір ғасырдың ғана жемісі емес. Ол халықтың ертедегі тұрмыс-тіршілігіне, тарихына, қоғамдық өміріне байланысты туып, солармен бірге жасасқан. Сондықтан да батырлар жыры өзінің қалыптасып даму барысында көптеген өзгерістерге ұшыраған. Ертеректегі тарихи кезенді, жаугершілік заманды осы жырлардан байқауға болады. Онда әр кезеңнің әсері көрініс береді.

Қазақтың ауыз әдебиеті халықтың ертедегі тұрмыс-тіршілігіне, тарихына байланысты туды десек, мұны батырлар жыры жайында да айтуға болады. Батырлар жырының алғашқы ұсақ үлгілері сонау

ерте заманда, патриархтық-рулық құрылыс кезінің өзінде-ақ туа бастаған екен. Зерттеулерге жүгінсек, сол кезде қазақтың тарихта аттары мәлім рулары: үйсін, қаңлы, қоңырат, керей, қыпшақ, т. б. өздерінің ру тәуелсіздігін сақтап қалу үшін күрескен. Мұндай күрестер кезінде әр рудың батырлары өз руларын қарсы жақтың шабуылдарынан қорғап қалу жолында ерлік жасаған. Олардың бұл жолдағы ерлік істері ру арасында өлең-жырға, аңыз-әңгімеге айналып отырған.

Қазақта батырлар жырының көбірек туған кезі XIV— XVIII ғасырлардың арасы екен. Осы аталған кезеңдерде бүгінгі қазақ халқының көне тарихында бірнеше елеулі оқиғалар болып өтті. Тарихтың айтуынша, XV ғасырға дейін қазақ деген тұтас халық болмаған, жеке бытыраңқы рулар болған. Олардың бәрі «ноғайлы» деген жалпыға бірдей атпен аталған. Кейіннен, XV ғасыр ішінде, бұл рулардың көпшілігі бір жерге қосылып, содан былай қазақ хандығы құрылған.

XIII ғасырдың басында монғолдардың Шыңғыс хан бастаған шапқыншылары Қазақстан мен Орта Азияға жорық жасайды. Әскери күші мығым құрылған Шыңғыс хан жергілікті халықтарды соғыса отырып, өзіне күшпен бағындырып алады. «Бағынған» жерлерді Шыңғыс хан өз балаларына, туған-туысқанына, нояндарына бөліп береді. Олардың әрқайсысын жеке ұлыс, яғни мемлекет деп жариялайды. 1240 жылы Шыңғысханның баласы Жошының ұлысы құрылады. Мұны тарихта Алтын Орда деп атаған. Бұл жайлар бізге тарихқа қатысты зерттеулерден белгілі.

Кейіннен алтынорданың ыдырағаны да мәлім. Алтын Орда ыдырағаннан кейін, оның орнына үш хандық құрылады. Олар: қырым, қазан, Астрахан хандықтары. Бұлардың арасында да талас-тартыстар, ел талаушылық әрекеттер күшейе түседі. Осындай талас-тартыстың ауыртпалығы еңбекші бұқараға түседі. Ақыры халық оған көніп отыра бермей, қарсы күреседі. Осы айтылған тарихи оқиғалар батырлар жырының тууына әсер етеді.

Батырлар жырының тарихилығын зерттеген ғалымдар батырлар жырының тууына зор әсер еткен екі жағдай болғанын айтады. Біріншісі жоғарыда айтылған жайлар болса, екіншісі — қазақтар мен қалмақтардың арасындағы қарым-қатынастар, көп заманға созылған күрестер.

Батырлар жырынан белгілі қалмақтарды жоңғарлар деп те атайды. Қазақ халқының тарихына үнілсек, қалмақтың өздерімен көршілес жатқан қазақ елі еді. Қалмақтың шонжарлары қазақ еліне

үнемі шабуыл жасап келген. Қазақтардың шұрайлы жерін, кең қонысын, мал-мүлкін тартып алуды, қазақ елін құл етуді мақсат етеді. Бұл бір қайғылы кезең тарихта «Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама» деген атаумен белгілі.

Ер жүрек ұлдары бар, рухы мықты қазақ халқы үнемі бұға бермей, күш біріктіріп жауға қарсы күреске аттанады, әскери жасақтар құрады. Бұларды адал ниетімен халқын сүйген ер жүрек батырлар бастайды. Қазақтар алғаш рет қалмақ басқыншыларына Бұланты, Аягөз өзендерінің бойында қатты тойтарыс беріп, жауды жеңеді. «Қалмақ қырылған» деп аталатын жер де бар.

Міне, қазақтың ертедегі батырлар жыры жоғарыда айтылған тарихи кезендердің, ұлы оқиғалардың елесін беру негізінде туып қалыптасады. Бұдан, әрине, батырлар жыры тарихи құжат деген ұғым тумайды. Көркем шығармалардың қандайы болса да, белгілі оқиғалардың тарихи құжаты болып табылмайтыны аян. Батырлар жыры да сондай. Олар өткендегі оқиғалардың сәулесін елестетуші; тарихи оқиғаларды суреттеу негізінде туған көркем шығарма болып қана танылады.

Қорыта келгенде, қазақта батырлар жырының тууына осы аталған екі жағдай үлкен әсер етті деуге болады. Бұдан, әрине, бергі заманда яғни XIX ғасырдан бергі жерде батырлар жырын шығармаған деген ұғым тумайды. Соңғы кезде де батырлар жыры туғандығын айтады зерттеушілеріміз.

Батырлар жырында қызылбастар мен қалмақтар жиі аталады. Жырларда батырлар үнемі соларға қарсы күреске шығады. Ертеде туған батырлар жырында ел қорғаған ерлердің алысатын жаулары не қызылбастар немесе қалмақтар болып келеді. Бір жырдың өзінде қызылбас пен қалмақ аралас жүреді. Мұның себебі не және олар кімдер?

Қызылбастар дегенді ирандық монғолдармен байланыстырады. Монғол хандары атты әскерден жасақтар құрады. Олар көбіне ат үстінде соғысады. Осындай жағдайда жауларынан өздерін айыру үшін ирандық монғолдар бастарына қызыл бөрік қиеді. Осыдан барып оларды «қызылбас» деп атаған деседі. Олар қыпшақтардың кең қоныс, шұрайлы жерлерін тартып алуды көкसेген. Өздерінің жер-су, қоныстары үшін қызылбастарға қарсы күресіп, қарсылық көрсеткен, ерлік жасап, соғысқан ел қыпшақтар болған.

Мәселен, «Қобыланды батыр» жырында:

Үмітін үзіп келеді,
Қараспан тауды жайлаған,
Қалың қыпшақ елдерден.
Намаздігер өтті енді,
Мезгілі шамның жетті енді,
Қобыланды мен Бурылдың,
Уәдесі бітті енді.
Немесе:
Қараман өзі келеді.
Келіп сөйлей береді:
Артық туған Қобыланды,
Айбалтам тасқа өтпейді,
Жамандар сөзді кектейді,
Жүрмеймісің батырым,
Қызылбастың еліне,
Хан жігіті жасауыл
Хан қасында қайдақтар,
Қатыны жоқ бойдақтар,
Отыз төре қызылбас –
Үй басынан он сомнан
Жатып жеген бейбақтар.

Қылыштасып екеуі
Қарсыласып шабысты.
Итерісіп тұрысты,
Ат тізесін бүгісті.
Бүге, бүге тұрысты,
Тебінгіге тер қатып,
Қырық мың атты Қызылбас.
Алдына қойдай қамалды.
Қамалмасқа бола ма,
Кез қылды құдай қабанды.
Қабанның ойны жаман-ды,
Қырық мың атты қызылбасқа
Тұтам қылды заманды.
Беркітіп соққан ақ Дәуіт,
Қалмақтың қалың қолынан,
Шашақты найза жолынан,
Бұл әскердің өзінен,
Қылышының жүзінен
Тая жүрсем, маған серт!
(«Қобыланды батыр» жыры)

Осындай сұрапыл айкастар кезінде әр жердегі қыпшақ рулары күш біріктіріп, бір-біріне жәрдем берген, сырт жауға қарсы аттанған. Қыпшақтың әскери жасақтарын ер жүрек, жауынгер батырлар бастаған. Олар қан майданда қас дұшпанмен соғысып елдерін қорғап отырған. Сыртқы жаулармен арпалысқан күрес жағдайларында батырлар әскер жасақтарының басшысы есебінде үлкен қызмет атқарған. Сондықтан да олардың ел қорғаудағы ерлік істерін, батырлықтарын халық ардақтап жыр еткен.

Міне, ертеде шыққан жырларды қазақ (қыпшақ) батырларының алысатын жаулары қызылбастар болып келуі жоғарыда көрсетілген тарихи шындықпен байланыстырады. Ал бергін келе, қазақ жеріне шабуыл жасаушылар қызылбастар емес, қалмақтар болады. Қалмақтарға қарсы күресіп, ел-жұртын қорғап қалған батырлар жайында да көптеген аңыз-ертегілер, өлең-жырлар туады, оларда ел қорғаған батырлар ардақталады. Мұндай жырлар, біріншіден, жаңадан, тыңнан шығарылса, екіншіден, ертедегі жырлар соңғы кездің оқиғасын суреттеп көрсету үшін қайта өңделеді. Бұл жырларда, бір жағынан, қалмақ басқыншыларына қарсы қазақ

халқының ерлік күресін негізге алса; екінші жағынан, осы күресті көрсету үшін ертедегі жырларды да пайдаланады. Халық арасында ертеден айтылып келген кейбір батырлар жырына жаңа мазмұн береді. Осы аталған кезде туған жырлардың кейбіреулерінде қазақ батырларының алысатын жаулары не қызылбас, не қалмақ болып келуі осыдан болу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бердібаев Р. Қазақ эпосы (жанрлық және стадиялық мәселелер). – Алматы: Ғылым, 1982. – 232 б.
- 2 Қорғанбеков Б. С. “Шора батыр” эпосы және оның ұлттық варианттары (генезис, тұтастану, тарихилық мәселелері): Филол ғыл канд. автореф. – Алматы, ҚР ҒМ-ҒА, 10. 01. 09. 1998. 25 б.
- 3 Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 328 б.
- 4 Фольклор шындығы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 264 б.

ҚАҒАРМАНДЫҚ ЭПОСТЫ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ЕЛЕМЕСОВА Г. Н.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ауыз әдебиетінің бағзы заманнан ескірмей ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырған күрделі де мол бір саласы – батырлар жыры. Бұл жырларды жыршы-жыраулар ғасырлар бойы қобызға немесе домбыраға қосып, белгілі бір әнмен айтып, ауыздан-ауызға таратып келген. Қазақ батырлар жырындағы басты қаһарман елін сүйген батыр, ал оның басты мақсат-мұраты – халқын, Отанын басқыншы жаудан қорғау. Батырлар жырының көпшілігінде халықтың түбегейлі мұң-мүдесі көкселеді. Батырдың халыққа қамқоршы болу арманы, сол жолдағы іс-әрекеті жырлануы арқылы оның өз-үй ішіне, өз руына деген сүйіспеншілігі де айқындалады. Батырлар жырларынан ерте замандағы баласы жоқ қарттың, бастаушысы жоқ елдің басқадан жәбір-жапа көретіні де танылады. Басқыншылардан қорғайтын батыр жайлы жырлар ел қиялында осындай зарығу, торығу тұсында туады [1].

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің ел арасынан жиналуы он тоғызыншы ғасырдан басталады десек, мұны батырлар

жыры жөнінде айтуға болады. Батырлар жыры да ел арасынан ХІХ ғасырдың ішінде жазылып алына бастады. Бұған, әсіресе, Ш. Уәлихановтың, В. Радловтың, Н. Ильминскийдің, Г. Потаниннің, А. Васильевтің, Ә. Диваевтың, т.б. жинап бастырған батырлар жыры дәлел. Дегенмен батырлар жырының молынан жиналған кезі кеңестік дәуірде болды. Қазақтың Ұлттық ғылым академиясының қолжазба қорында батырлар жырының, көлем жағынан ғана алғанда, алты мың баспа табақтай материалы болуы – кеңестік дәуірде ауыз әдебиетін жинау ісіне көп көңіл бөлініп келе жатқандығын сипаттайды.

Батырлар жырын зерттеу ісі де кеңестік дәуірде қолға алынды. Батырлар жыры жайында газет, журналдық мақалалардан бастап, кандидаттық, докторлық диссертацияларға дейін еңбектер жазылды, орта мектепке арналған оқу құралдары көлемінде зерттелді. Қазақтың батырлар жырын зерттеуде С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, А. С. Орлов, Н. С. Смирнова, Т. Сыдықов секілді әдебиетші-ғалымдар бірсыпыра жұмыстар жүргізді. Бұлардың еңбектері ірілі-ұсақты кемшіліктері бола тұрса да, батырлар жырын ғылыми тұрғыдан зерттеудің алғашқы бастамасы еді.

Батырлар жырын зерттеуде қате-кемшіліктер де болмай қойған жоқ. Кейбір еңбектерде батырлар жыры сын көзімен қаралмай, барлығын бірдей халықтық деп бағалау, асыра мақтау басым болды.

Бертін келе батырлар жырының барлығын бірдей халыққа жат деп көрсету кейбір әдебиетшілер мен тарихшылардың еңбектерінен орын алды.

Шынына келгенде, батырлар жыры жайында орын алған бұл екі көзқарастың екеуі де теріс, зиянды еді. Батырлар жырының барлығын кіршігі жоқ, таза халықтық шығармалар деп бағалау немесе олардың бәрі де халыққа жат деп көрсету – тарихқа жасалған үлкен қиянат болып табылады.

Батырлар жырының, тіпті жалпы ауыз әдебиетінің ерте заманда, халықтың жазу-сызу өнері болмаған кезінде туғандығын, олар ауызша туып, ел арасында ауызша айтылу арқылы тарағандығын, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша айту негізінде жеткендігін, осының негізінде әр түрлі қоғамдық, таптық тілектерге сәйкес талай-талай өзгерістерге ұшырағанын еске алсақ, әрбір жырдың жай-күйі ашыла түспек. Кейбір жырлардың алғашқы нұсқасы халықтық ортада туып, кейіннен оны үстем таптың иемденіп кеткенін де аңғарамыз.

Сондықтан біз батырлар жырын сөз еткенде оның туу, ел арасына тарау жайын, қандай жағдайда және қалай болғандығын

еске алуға тиістіміз. Жырды зерттегенде, оқытқанда, талдағанда екі мәдениет туралы ғылыми ілімге сүйене отырып, шын мәніндегі халықтық жырларды ала білуіміз керек. Батырлар жырының барлығын таза халықтық немесе бәрі де халыққа жат, керексіз мүлік деп қараушылықтың зиянды екендігін есте тұту қажет [2, 54-55 б.].

Қазақ фольклоры көлемінің молдығы, мазмұндылығы және көркемдігінің тереңдігі жағынан еш халықтың рухани мұраларынан кем түспейді. Жұртшылығымызға мәлім батырлар жырларының арасында бірнеше ғана эпизодтан құралған туындылар немесе батырдың бір ғана ерлігін көрсететін қысқа да әлденеше ерлік оқиғаларды бір адамның басына жинақтап, композициялық жағынан ажырамас бір бүтін дәрежесіне көтерілген күрделі де кесек ауқымды туындылар баршылық. Мысалы: «Алпамыс», «Қобыланды», тағы басқа. Бір батырдың ғана ерлігі емес, көптеген батырлардың ерліктерін жалғастыра суреттейтін эпопеялық сипатқа ие болған циклды эпостардың болуы қазақ халқының рухани мұрасы аса мол, әсіресе, жыршылық дәстүрі өте жоғары деңгейде дамыған ел екендігін аңғартады. Бұның екі түрлі себебі бар: біріншіден, өзінің өткен тарихында сан қилы қайшылықты тағдырды бастарынан кешіріп, көптеген ғасырларға ұласқан. Ондай қиыншылықтарға мұқалып қалмай, қайта өршілдік рухын күштей түскен халқымыздың рухының асылдығына байланысты. Екіншіден, тек қазақ мәдениеті үлгілерінің халық арасына ауызша таралуы, ұрпақтарға мирас етіп қалдырылуы ауызша түрде жүзеге асып келетіндігіне қарамастан, қазақ ауыз әдебиетінің байлығы және көркемдік мазмұндылығы Қазан төңкерісінен бұрынғы орыстың ірі ғалымдарының да назарын ерекше аударады. Атақты орыс ғалымдары, түркітанушылар В. В. Радлов, Г. Н. Потанин, т.б. қазақ фольклорын жоғары бағалады. Академик В. В. Радлов құрастырған «Образцы устной литературы тюркских племен» деп аталатын он томдық жинақтың үшінші томында қазақ, бесінші томында қырғыз, жетінші томында ноғайлы дәуірінен кейін ғана қонысы бөлектенген ноғай, қырым татарлары сияқты халықтардың фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілерін жариялай отырып, төмендегідей қорытындыға келеді.

«...Өздерімен туыстас түрік тектес елдермен салыстырғанда, қырғыздар да, қазақтар да сөзге шешендіктерімен ерекше көзге түседі. Олардың шешендіктеріне шынында да, таң қалмасқа болмайды. Қазақтар сөйлегенде ешбір мүдірмей, күрмелмей, есіп жүре береді, ойларын дәл, айқын етіп бере білумен қатар сөз, сөйлемдерін белгілі бір дәрежеде әдемілікке безейді, әңгімелесіп

отырғанның өзінде, жай сөйлемінде, не жайылма сөйлемінде болсын, ырғақ анық байқалып және жиі кездеседі.

Сонымен бірге қазақта суырыпсалмалық – мейлінше кең тараған өнер. Аз-кем тәжірибесі бар ақындар жиындағылар туралы табанда өз жандарынан өлең шығарып, әдемілеп жырлап беруге мүмкіншіліктері мол» [3, 41-45 б.].

Бұл айтылғандардың бәрі де қазақ халық ауыз әдебиетінің байлығын дәлелдейтін фактілер, ғылыми қорытындылар десек, зерттеу жұмысымызда сөз еткелі отырғанымыз – эпостық жырлар зерттелуінің жай-күйі.

Қазақша батырлар жыры деп аталатын эпикалық поэмалар ерте заманнан бері халықтың жан азығы қызметін атқарып келген, көбінің қай ғасырда пайда болғаны белгісіз, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауызша түрде берілу жолымен замандар бойы сақталып, игілігімізге айналып отырған қымбат қазына. Бұл жырларды әуелде белгілі ақындар шығарса да, жыршы-айтушылардың репертуарына еніп, ұжымдық өңдеуден өтіп, ұзақ уақыт бойы ауызша айтылуы барысында бастапқы авторлардың аты-жөні ұмытылып, халықтың ортақ меншігіне айналған. Батырлар жырын айтушылар да, бізге жеткізушілер де – жыршылар.

Халық ауыз әдебиетін жинау, оны бастыру мәселесі XIX ғасырдың алғашқы жартысында қолға алынады. Осы кезде бұл мәселемен өндіре айналысқан ғалымдардың ішінен жоғарыда аталған ғалымдармен қатар Ш. Уәлиханов, Н. Ильминский, А. Е. Алекторов, А. Н. Васильев, т.б. ілтипатпен ауызға алуға тиіспіз. Бұл ғалымдар қазақ ауыз әдебиетін тек қана жинап қоймайды, жинаған материалдарын сол уақытта орыс және қазақ тілінде шығарып тұрған газет-журналдар мен өзге де басылымдарда жариялады, кейбіреулерін жеке кітапша етіп шығарады. Сөйтіп қазақ ауыз әдебиетіне жұртшылықтың көңілін аударып, әлемдік мәдениет қорына қосарлық үлкен қазына екендігін танытты. Енді сол қазақ эпосының көркемдігі, мазмұндылығы, танымдық-тәрбиелік мәні жөнінен дүние жүзі халықтарының кез келген інжу-маржанымен иық тіресе алатын төрт үлгісіне тоқталайық.

Қазақ эпосының шоқтығы биік туындылары болып табылатын бұл төрт жырдың ішіндегі ең көнесі – «Алпамыс батыр». Зерттеушілер оны Түрік қағанаты дәуірінде (7-8 ғасыр) айтылып, таралып келген жыр деп есептейді. Содан бері қанатын кең жайып қазақ, өзбек, татар, башқұрт, қарақалпақ және алтайлықтарда осы уақытқа дейін сақталған. Ғасырлар бойы әр халық өзінше жырлап, өндегендіктен,

сюжетінде, композициялық құрылымында өзгерістер пайда болып, сол халықтың өзіне тән төл туындысы болып кеткен. «Алпамыс батыр» жыры – алуан нұсқаларға тармақталып, күрделіленген көп эпостың бірі. Қазақтарда «Алпамыс» эпосының қазақша нұсқалары халық аузынан XIX ғасырдың аяғында қағаз бетіне түсіріле бастады. Қазақтың «Алпамыс батырының» ең алғашқы басылымы 1896 жылы Жүсіпбек Қожа Шайхисламұлының баспаға дайындауымен жарық көрді. «Алпамыс» жырының нұсқаларында қазақ эпосының өзге де үлгілеріндей, халықтың тарихи көзқарасы мен арман-мұраты, олардың өмірлік тәжірибесінің нәтижесі болып табылатын дүниетанымы айқын сезіледі. Жырдың барлық құрамдас бөлшектері жырдың негізгі өзегі болып табылатын жұртшылықта ел қорғау, тәуелсіздікті сақтау жолындағы күреске шақыру идеясына қызмет етеді. Алпамыстың туған еліне, үй ішіне деген сүйіспеншілігін бейнелейтін айшықты эпизодтар – осы айтқанымыздың айқын айғағы [3, 73-75 б.].

«Алпамыс батыр» және «Манас» жырларының ұқсас қасиеттері біршама. Түркі тектес халықтар өз әдебиеттерінің тарихын бәріне ортақ ертедегі жазу-сызудан, әдеби нұсқалардан, жеке ақын шығармаларынан бастайды. Басқаша айтқанда тегі бір, түрі бір туыстас халықтар өз әдебиетінің тарихын бертіндегі ұлт болып қалыптасқан шақтан емес, бірге жүріп тіршілік еткен бәрімізге ортақ дәуірден бастайды, бұл әбден заңды. Сонда XV ғасырға дейін жасалған әдеби шығармалар, мәдениет ескерткіштері түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ болып, олардың ертедегі әдебиет тарихы бір болып келеді. Бізге жеткен бұл ескерткіштердің таза бір тілде жазылғаны кездесе бермейді. Сондықтан да ол мұралар қазақ, қырғыз, татар, өзбек, башқұрт т.б. түркі халықтардың ортақ қазынасы, әрқайсысының заңды игілігі болып есептеледі [4, 56-60 б.].

«Манас» - тарихи заманнан таулы Азия қыратында ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан қызықты жыр, қырғыздың айтулы мұрасы. Бұл жырды алғаш рет қағаз бетіне түсіріп, оны әдебиет дүниесінің белгілі бір кеніші еткен ғалым Шоқан Уәлиханов еді. Шоқаннан бес-алты жыл кейін жырды көптеген ғалымдар зерттей бастайды.

1942 жылы Кембридж сериясымен шыққан «Манас» жыры кейіннен бірталай өзгертіліп, кеңес ғалымы В. М. Жирмунскийдің қатысуымен жаңадан толықтырылып шығарылды. Бұл кітаптың бірнеше беттері «Манас» жырына арналып, оның қазақ әдебиетіне де байланысы бары айтылған. Лондон университетінің профессоры

А. Хатто «Манас» жырын биік ғылым сатысында зерттеп, ондағы эпизодтарды, қаһармандардың тарихи бейнесін анықтайды.

Осы келтірілгендерден-ақ қырғыз халқы жасаған «Манас» жырының дүниежүзілік әдебиеттен алатын орны қандай екенін айқын көруге болады.

«Алпамыс батыр» - Алпамыс батыр жайындағы эпикалық шығарма, түркі тілдес көптеген халықтарда кездеседі. Оның көлемді, көркем жырланған нұсқалары өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт, алтай халықтары арасында да мол тараған.

«Батырлар жырының» екінші кітабында «Алпамыс батыр» жырының әр уақытта жарияланған үш түрлі нұсқасы енгізілген. Олар: «Алпамыс батыр», «Алпамыс батырдың қиссасы», «Қисса Алпамыс». Осы аталған шығармалардың бәрі де қартайғанша сүймеген перзенттің ащы зарын, сол перзент жолында көрген есепсіз меңнат-азапты суреттеуден басталады. Сәл ғана өзгергені болмаса, «Алпамыс», «Алпамша», «Алып Манаш», «Алпамыша минэн Барсын хылуу» жырларындағы кейіпкерлердің аты да (Байбөрі-Байпарак-Байбура; Алпамыс - Алпамша - Алып Манаш - Алпамыш; Гүлбаршын-Гүлбарчин-Барсын хылуу), тағдыр, іс-әрекеттері де өте ұқсас.

Бамсы, Алпамыс, Алпамыш, Алпамша, Алып Манаш, Алып Бамсы деген ер есімдерінің өзі де осыны аңғартады.

Енді эпостардың сюжеттік ұқсастықтарына салыстырмалы талдау жасап қаралық. Әрине, осыншалықты мол әрі сан салалы материалды жеріне жеткізе, сарқа талдау жасаймыз деген ойдан аулақпыз. Себебі жырлар әрқилы әрі ұзақ замандар бойына туып қалыптасты және бұларға әр алуан жыршылардың шығармашылық қатынасы болды. Бұларда сюжеттік қарама-қайшы жәйттер де көп.

Дегенмен біз екі жырдың ішінен сюжеттерінің ұқсас жағына ғана назар аудардық. «Алпамыс батыр» жырында Алпамыс аңғалдықпен Тайшық ханның құрған торына түсіп қалып, жеті жыл зынданда отырады. Тайшық ханның қызы Қарагөзайымның серкелерін бағатын Кейқуаттың көмегімен зынданнан шығады. Көкөзек деген жерде Тайшық ханмен кездесіп, оны өлтіреді де, Кейқуатты сол қалмақ еліне хан сайлайды. Өзі Тайшық ханның жалғыз қызы Қарагөзайымды некелеп алып, қырық қыздың басы Нарзангүл (Жүрметүс – Майкөт-Сұлтақұл нұсқасында) деген қызды Кейқуатқа қосты. Ал «Манас» жырында да осыған ұқсас оқиға бар. Қалмақтың Шооруг ханы Қашқарды жаулап алды. Оған қарсы аттанған Манас Шооругпен Көкөзек деген жерде кездесіп, ақыры оны жеңді. Ол

елге Арғын Ажыбай дегенді хан қылып қойды. Өзі Шооругтың қызы Ақылайға үйленеді.

Осы үзінділердегі оқиға ұқсастықтары, хан мен батырдың кездескен жері кімді де болса ойландырады. Тек кейіпкерлердің аттары ғана өзгеше. Дегенмен тағы бір көңіл аударарлық деталь бар. Тайшық хан Кейкуаттың нәсілін түрікпен дейді:

Сонда Тайшық сөйлейді;

– Ей, Кейкуат, кел,- деді,

– Қалмақтың ханы мен – Тайшық,

Нәсілің түрікпен сен, - деді.

Ал Кейкуат Қаракөзайымды қалмақ дейді:

Кейкуат сонда сөйлейді,

Сөйлегенде бүй дейді:

– Базары пышақ балдақы,

Нәсілің сенің қалмақы.

Көп ішінде қинадың


Сырынды айт деп, салдақы[5,256 б.].

Кейкуат түрікпен (түрік) болмаса, Қаракөзайымды қалмақ демес еді ғой. Ал «Манаста» Ажыбай Арғын руынан шыққан: «Аргин Кадын Ажыбай» қалмақ Шооругтың қол астында жүрген.

«Манас» жырында Манастың әкесі Жақып Қытайдың Бээжин (Бейжин) шаһарының билеушісі Эсен (Ежен) ханан көп қорлық, зорлық, қиянат көріп, ақыры Алтай асып Іле арқылы Алатауды баурайлап, Ешкөлмес, Қордай, Маңқан жеріне жер аударылады.


Манас – Қараханнан тараған Жақыптың ұлы, ал Манастың әйелі Қаныкей де Қараханнан тараған Темірханның

Таблица 1



Қазақтың кәрі құлақ қариялары әрбір эпос айтушысының дәстүрден шықпай, тарихи сюжеттерді бұрмаламай жеткізуін қадағалап отырған, «Алпамыс батыр» жырының түрлі нұсқаларындағы ономастикалық атаулар арасында айтарлықтай айырма жоқ. Мысалы, қоңырат (өзбек) нұсқасында Алпамыс генеологиясы мынадай:

Таблица 2



Екі эпостың да бас қаһарманы – ата –анасының қорлық көріп, қиналып, әулие - әнбиелерге сыйынып, басына түнеп, құдайдан жалбарынып тілеп жүріп, ақыры ол тілегін Бабай түкті шашты Әзиз қабыл алып, түсінде аян беріп туған бала. Аян бергенде, екеуіне де бір ұл, бір қыз болатынын ескертіп, ұлдың ел қамқоры батыр, ер болатынын айтады. Ұлдың атын Манас (Алпамыс), қыздың атын Қарлығаш қой деп айтып кетеді.

Қазақтың ауыз әдебиеті халықтың ертедегі тұрмыс тіршілігіне, тарихына байланысты туды десек, мұны батырлар жыры жайында да айтуға болады. Батырлар жырының алғашқы ұсақ үлгілері сонау ерте заманда, патриархтық-рулық құрылыс кезінің өзінде-ақ туа бастаған. Сол кезде қазақтың тарихта аттары мәлім рулары: үйсін, қаңлы, қоңырат, керей, қыпшақ, т.б. өздерінің ру тәуелсіздігін сақтап қалу үшін күрескен. Мұндай күрестер кезінде әр рудың батырлары өз руларын қарсы жақтың шабуылдарынан қорғап қалу жолында ерлік жасаған. Олардың бұл жолдағы ерлік істері ру арасында өлең-жырға, аңыз-әңгімеге айналған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әбдезұлы Қ. Батырлар жыры. – Алматы: Жазушы, 2003. – Б. 30-70
- 2 Әбілқасымова К., Тамаев А. Қазақ фольклористикасы. – Алматы: Білім, 2007. – 236 б.
- 3 Батырлар жырының зерттелуі // Қазақ тілі мен әдебиеті. №6. 2004. – Б. 73-75
- 4 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 287 б.
- 5 Батырлар жыры. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2007. – 256 б.

ФОРМИРОВАНИЕ НАВЫКОВ КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

ЕЛЬШЕБАЕВА С. М.

учитель английского языка, СОПШДО №17, г. Павлодар

Оценивание – необходимый компонент образовательного процесса, представляющий собой сбор и анализ информации об успеваемости учащихся на текущих и итоговых стадиях обучения. Цель, задачи, предмет, объект, принципы, методы, формы и инструменты оценивания должны быть понятны всем субъектам образовательного процесса – администрации школы, учителям, родителям и самим учащимся.

Критериальный подход к оцениванию работ, учащихся все более и более популярен в современной школе, скорее всего потому, что такой подход помогает осуществлять, прежде всего, обратную связь, позволяющую всем участникам процесса (и учителям, и ученикам, и родителям) понимать уровень освоения изучаемого материала. Чем более содержательной будет обратная связь, тем конструктивнее может быть реакция на нее.

Критериальное оценивание – это подход, в рамках которого используются разные виды, формы и методы оценивания и самооценки. Критериальное оценивание подразумевает ряд принципиальных установок для учителя:

- 1 Оцениваться с помощью отметки может только работа учащегося, а не его личность;
- 2 Работа учащегося сравнивается не непосредственно с работами других учеников, а с эталоном (образом отлично выполненной работы);

3 Эталон известен учащимся заранее;

4 Разработан четкий алгоритм выведения отметки, по которому учащийся может сам определить свой уровень достижения и определить свою отметку;

5 Оценивать можно только то, чему учат, поэтому критерий оценивания – конкретное выражение учебных целей;

6 Общие учебные цели по предмету являются критериями оценивания достижений учащихся по данному предмету и позволяют обобщать результаты, выявленные отдельными работами учащегося.

Цель критериального оценивания – констатирование уровня усвоенности знаний и сформированности умений и компетентностей у учащихся к определенному периоду времени и определение соответствия полученных результатов требованиям стандарта. Критериальное оценивание позволяет учителям:

- разработать критерии, способствующие получению качественных результатов;
- иметь оперативную информацию для анализа и планирования своей деятельности;
- улучшить качество преподавания;
- улучшить качество обучения;
- выстраивать индивидуальную траекторию обучения каждого ученика с учетом его индивидуальных способностей и особенностей;
Қазақ әдебиетінің соңғы онжылдықтарда жарық көріп жатқан көрнекті көркем туындылары - ұлттық санамыздағы көркем ойлаудың көрсеткіштері. Әдеби шығармалар мен ғылыми зерттеулердің мыңжылдықтар белестерінде қалыптасқан қазақ

өркениетін танытатын тарихи-мәдени құндылықтардың барлығын да шынайы болмысымен толық қамту аясында жазылып жатқандығын байқаймыз.

Қаламгерлер романдарының мазмұны мен пішіні жүйесіндегі эпикалық көлемде тарихи тұлғалардың өмір сүрген кезеңдері келбетін, қоғамдық-әлеуметтік оқиғаларды, қазақтың ұлттық-этнографиялық дәстүрлі болмысын, тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынастар мәдениетін, жақсылық пен жамандық жағаласқан қарама-қайшылықтар әлемін – бәрін де тарихи шындықпен бейнеледі.

Әдебиет – белгілі бір қатып қалған стандартқа жүгінбейтін өзгеше әлем. Әр жазушы сол әлемді өз ұғымына, түсінігіне, өмірді тану өзгешелігіне қарай ашады. Сәбитте жазушылық өнерімен ешкімге ұқсамайтын, жаңа тың бейне ашуға құқылы. Оның шығармаларының түрі, құрылысы да басқаға ұқсауға міндетті емес. Жазушы мазмұнды өзі қалаған түрге сыйғызып ашады. Сәбит шығармашылығы да осындай, әдебиеттегі көп түрлілікті байыта түсуге ұмтылысымен ерекшеленеді. Аталған романдардың қазақ халқының бір ғасырлық өмірін тұтастай панорамалық суретке сыйғызып, әр оқиғаны бөлек-бөлек жазылған хикаядай әдебиеттің таныс үлгісімен суреттеуі де көңілге қонады. Оның образдары да анық, бейнелеу, суреттеу құралдары да бай. Мәселен, Сәбит Досановтың шығармашылығындағы көркемдік шеберлікке тоқталып көрейік.

Тәуелсіздік идеясы Сәбиттің азаматтық кредосы болғанына оның соңғы шығармалары куә. Бұл кезеңде ол өнімді еңбек етіп, “Қылбұрау” (2003), “Ұйық” (2005), “Тұйық” (2007) атты романдар жазды. XX ғасырда қазақ халқы бастан кешкен өмір шындығын панорамалық суреттер арқылы бейнелеу бұл романдардың өзіндік ерекшеліктері болып табылады. Өмір шындығын белгілі бір нақты кезең мен ондағы адамдардың қақтығысына, ізденісіне негіздеу, уақыт, іс-қимыл мөлшерін шағындап ашумен бірге ұзақ мерзімдік тарих қозғалысын әр тұстағы маңызды оқиғалар арқылы ашу тәжірибесі де әдебиетке жат емес. Сәбит соңғы романдарында осы әдісті пайдаланады. Оның алғашқы екі романында XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқы басынан кешкен оқиғалар легі — Қазақстандағы орыс отаршылдығының күшеюі, шұрайлы жерлерді қоныс аударған орыс шаруаларына тартып әперу, қазақ зиялыларының осындай зорлық пен жергілікті халықты өгейсітуге қарсы күресі, ұлттық ояну проблемалары, ұлт-азаттық қозғалысының тууы мен орыс революцияларының Қазақстанға әсері, төңкерістен

кейінгі жағдайлар, жекеменшіктегі малдарды тәркілеу мен ұжымдасу шаралары, малынан айрылған қазақтардың аштан қырылуы, тағы басқа ғасырдың халық тағдырында айрықша із қалдырған оқиғалары қамтылады. Бірақ жазушы осылардың бәрін тәптіштеп хроникаға айналдырмайды. Заман шындығын нақты эпизодтар мен адамдар тағдырын ашу жолымен бейнелейді. Жеке-жеке оқиғаларды біріктіріп, тұтастырып тұратын характерлерді ұстайды да, солардың тағдыры арқылы бүкіл ғасырға, белгілі бір дәуірге тән шындықты суреттеуге ұмтылады. Қалған кейіпкерлер мен оқиғалар негізгі желі еқосымша қызмет атқарады.

Көрнекті жазушы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», белгілі қаламгерлер С. Жұбатырұлының «Абыржы», Қ. Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны» романдарында уақыт шындығы Арал теңізі тартылуының экологиялық зардаптарын реалистік сипатпен қамтуымен ерекшеленеді. Реалистік сипат пен көркемдік қиял тоғысуы арқылы эпикалық шығармалардағы кейіпкер мен табиғат, қоғамдық-әлеуметтік орта байланыстары аясындағы поэтикалық мағына айқындалады. Өмір шындығы ортасындағы жеке кейіпкерлер тағдыры мен табиғат тынысын сабақтастырып, тіршілік қозғалыстары мен құбылыстарының баламаланып суреттелу тәсілін қолдану арқылы жазушылар өмір философиясын айқындайды. Бұл орайда, Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының идеялық-композициялық құрылысындағы үш кейіпкер (Жәдігер, Бәкізат, Әзім) арқылы Адам – Табиғат – Қоғам тағдырларының біртұтас өріліммен, бір-біріне баламаланумен берілетін психологиялық сипат болмысын аңғарамыз.

Қазақ ұлты тағдырының бейнеленуіндегі тарихилық пен көркемдік қиял тұтастығы Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі салтанат құрған жаңа тарихы басталған XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасыр басындағы қазақ прозасы романдарынан байқалады. Бұл орайда, көрнекті жазушы Д. Досжановтың романдарын айтуға болады. Жазушының «Алан» (1993) атты романының тарихилығы шығарма желісінің 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысты құжаттық деректерге, нақты прототиптерге сүйене жазылған реалистік сипатымен танылады. Романның он бір тараудан құралған композициясы, сюжеттік бөліктері авторлық эпикалық баяндаулармен, философиялық толғаныстармен, психологиялық талдаулармен, кейіпкерлердің монологтарымен, диалогтарымен, т.б. поэтикалық тәсілдермен өрнектелген. Роман тарауларының

басты кейіпкерлері – XX ғасырда өмір сүрген, қызметтері Қазақстан тарихына қатысты болған адамдар. Бұлар – көркем шығарма поэтикасы заңдылығы бойынша прототиптер. «Алан» романындағы прототиптілік негізділігін сақтай отырып, бірақ көркем шығарма талабына орай әдеби тұлға тұғырында бейнеленген тарихи қайраткерлер тұлғаларын көреміз. «Алан» романында жазушы кейіпкерлерінің сомдалуында олардың оңашадағы ойланулары-толғанулары, кейбіреулердің түс көрулері және т.б. тәсілдерін шығарма композициясында мол қолданған. Романдағы тарихилықтың көркемдік қиял арқылы романтикалық-реалистік сипатпен танылуы – кейіпкерлерінің нағыз ұлтын сүйген шын ұлтшыл-отаншыл көзқарастарын даралай танытатын тұстарында айқындала түседі.

Қазіргі қазақ прозасының романдарында тарихилық пен көркемдік қиялдың тұтаса өрілуі – қаламгерлердің классикалық әдебиет үрдістерін шығармашылықпен игеруінің көрсеткіштері. Әлем әдебиеттерінің әдеби тек жанрлары шығармаларындағы көркемдік шындық поэтикасы заңдылықтарын игеру арқылы қазақ әдебиеті де өркениеттегі өзіндік ұлттық бояулы болмысымен танылуда. Қазақтың ұлттық рухани құндылықтары дамуының өркениеттегі жетістіктері арқылы мемлекетіміздің беделі де нығая түсері ақиқат.

Ойымызды түйіндей келе, қазақ сөз өнері тарихындағы прозалық шығармалар жазу үрдісі кенжелеп пайда болды, бірақ XX ғасырдың басынан аяғына дейін қазіргі XXI ғасырдың бас кезінде де аса мол өнімділікпен, шапшаңдықпен дамыған екпінімен келеді. Толассыз жарық көрген қазақ қаламгерлері романдары-эпостық әдеби жанрының әлем әдебиеттерінде мол өркендеген үлгілерінің қазақ сөз өнері кеңістігінде де кеңінен дамығандығын дәлелдеді. Қазіргі қазақ романының эпикалық және психологиялық ерекшеліктері тарихи шындық пен көркемдік шешім арқылы шығармашылық шеберлікпен жүзеге асырылуда. Бұл – қазақ әдебиетіндегі классикалық үрдістердің жетіле жалғасуының көрінісі.

Әр адамның өмір жайлы түсінігі әр түрлі. Автордың ішкі сезімі мен көркем шығарма кейіпкерінің ойы тоғысып, бір идеяға негізделеді. Шебер қаламгер оқиғаны қызықты етіп, оқырман сүйсініп, образға еніп кететіндей қиюластырады. Оқырманның кімнің кім екенін дұрыс тануына жағдай туғызып тосын мінез-құлықтар мен әр алуан қарым-қатынасты керемет деталь, штрихтар арқылы бейнелейді. Әсіресе, шығарманың ортасында шытырман

астарлы оқиғалардың келуі оқырманды өзіне еріксіз баурап алады. Балаларға арналған көркем прозаның өмір танытушылық мәнін ашуда қазақ жазушыларының таланты таудай болып көрініп тұрады. Жұрттың бәрі біле бермейтін, өзіндік елеулі айырмашылығы бар бір ортаның шындығын қалың оқушы қауымға әсерлі жеткізіп берер қадір-қасиеті өз алдына бір төбе, қоғамдық мәнін танытуға да аса мән береді. Қазақ шығармаларында жасандылық кем де-кем. Оқырман өзі оқыған көркем дүниенің кереметіне келіскендей, оқуға шын ықыласымен кірісіп кеткенін өзі де байқамай қалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырғандар З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
- 2 Рахымжанов Т. Романның көркемдік әлемі. – Алматы: Рауан, 1997. – 223 б.
- 3 Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 376 б.
- 4 Сыдықов Т. Қазақ тарихи романының көркемдік тіні. – Алматы: Ер-Дәулет, 1996. – 164 б.
- 5 Қазақ прозасы: Хрестоматия. Үш томдық / Құрастырған және алғы сөзін жазған Х.Ж.Сүйіншәлиев. 1-том: 564 б.; 2-том: 564 б.; 3-том: 548 б.). – Алматы: Ғылым, 2001.

ЛИНГВОАКСИОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ЖИЛИЩА С ПОЗИЦИИ «СЪЕМНОЕ/ ВРЕМЕННОЕ/ РАЗДЕЛЯЮЩЕЕ С КЕМ-ЛИБО»

ИМАНБАЕВА А. Н.

магистр русского языка и литературы, ГУ «Железнодорожная общеобразовательная средняя школа № 1», с. Железинка Железинского района

Современная лингвистика в системе научного знания характеризуется рядом признаков. В первую очередь, среди них следует отметить антропоцентризм и интегральность. Давая характеристику понятию антропоцентризм, В. А. Гуреев отмечает: «акцент на изучение языковой компетенции говорящего, лингвистическую интуицию носителей языка», «проблема врожденности», «креативности», «учет личности коммуникантов и их знаний» [1]. В фокусе научного исследования находится человек

с определенным набором присущих ему свойств (речь, ментальность, культура, принадлежность к этносу и прочее) [2; 9].

По мере накопления знания (аккумуляции) может наступить период, когда существующие законы и принципы перестают работать: происходит смена научной парадигмы (скачок). Для современной лингвистики таким скачком стало обращение к постнеклассической парадигме.

Указанная парадигма основана на принципе антропоцентризма, согласно категория языка рассматривается относительно фигуры человека. В рамках антропоцентрической парадигмы наблюдается развитие дисциплин интегрального характера: психолингвистика, когнитивная лингвистика, лингвокультурология и другое. З. К. Темиргазина отмечает, что «антропоцентрическая парадигма предполагает первоочередную ориентацию научных исследований не на объект познания, как в классической методологии, а на субъект познания – человека в совокупности всех его признаков: личностных, национальных, социальных» [3, с. 6].

В рамках антропоцентрической парадигмы в 90-е годы прошлого столетия на стыке наук выделилось новое направление в лингвокультурологии – лингвистическая аксиология, или лингвоаксиология, объектом которой являются категория оценки, ценностное отношение человека к объектам окружающей действительности. Предметом оценивания может быть абсолютно любой срез реалий: погодные условия, ландшафт местности, характер человека, температурный режим, место проживания и.д. В данной статье в качестве предмета оценивания рассматривается фрагмент объективной реальности – жилище с позиции «съемное/ временно/ разделяющее с кем-либо».

Съемное жилье, дом предполагает, в первую очередь владение определенным видом жилья за определенную плату, сумму, вносимую за какой-либо временной промежуток. Граница перехода съемного жилья во временно весьма зыбкая: Выиграв сто тысяч, загадочный гость Ивана поступил так: купил книгу, бросил свою комнату на Мясницкой...Нанял у застройщика две комнаты в подвале маленького домика в садике. (М. Булгаков «Мастер и Маргарита»); Здесь снимал роскошную холостяцкую квартиру во втором этаже по широкой лестнице с широкими дубовыми перилами Виктор Ипполитович Комаровский (Б. Пастернак «Доктор Живаго»). Надо отметить, что жилье входит в разряд «мое», не переходит в разряд «не мое/чужое» при соблюдении определенных условий – вносимая сумма

платы за квартиру: В стареньком особнячке, где мне принадлежал этот подвал, знали, конечно, видели, что приходит ко мне какая-то женщина... М. Булгаков «Мастер и Маргарита»).

В современном обществе, где присутствует тяготение к собственности, все-таки положительно оценивается собственное жилье, а съемное расценивается как временное, поэтому человек считается, в большинстве случаев, как несостоявшийся, без рода постоянной деятельности, а, следовательно, не совсем надежный:

– Не могу же я взять тебя с собой...

Она вдруг отчаянно выговорила:

– Почему?

Он быстро подумал:

«Да, почему, почему?»

И поспешно ответил:

– У меня нет дома, Таня, я всю жизнь езжу с места на место... В Москве живу в номерах... И ни на ком никогда не женюсь... (И. А. Бунин «Таня»).

Осознание факта отсутствия собственного жилища, возможности остаться без дома создает чувство тревожности: Ей приходило в голову, что сейчас придет управляющий выгонять ее из дома, что позор ее будет объявлен всему миру. Она спрашивала себя, куда она поедет, когда ее выгонят из дома, и не находила ответа (Л. Н. Толстой «Анна Каренина»). Таким образом, наличие собственного жилья является важным признаком оценивания не только собственно жилья, но и владельца, человека.

Интересен случай, когда наличие собственного жилья оценивается не положительно, а отрицательно. Человек, как и любое животное, биологический вид должен владеть определенной территорией. Но в силу ряда обстоятельств он должен делить свою территорию, в данном случае дом, квартиру, с кем-либо, что в ценностной картине мира имеет знак «минус». Как правило, это коммунальная квартира, либо общежитие. Но надо отметить, что если в общежитии человек (в основном, студент) находится временно, то в коммунальной квартире он может прожить всю жизнь: -Слуга покорный,- трубил Амвросий,- представляю себе твою жену, пытающуюся соорудить в кастрюльке в общей кухне дома порционные судачки а натюрель! (М. Булгаков «Мастер и Маргарита»).

Предметы обихода, общие комнаты могут являться местом столкновения интересов различных людей, а собственность как

одна из главных черт человеческой личности не позволяет отнести предметы со значением «общий» к полюсу «хорошо». Человек, имеющий отдельное жилье, все критерии комфорта, вытекающие из этого, оценивается как «благополучный»: Маргарита Николаевна не знала ужасов житья в совместной квартире (М. Булгаков «Мастер и Маргарита»). Из примера видно, что героиня жила достаточно хорошо, поскольку имела отдельный дом, место, где могла уединиться, место, который ограждает от внешнего мира.

Однако совместное сосуществование не всегда носило отрицательный оттенок: Степа Лиходеев... очнулся утром в той самой квартире, которую он занимал пополам с покойным Берлиозом, в большом шестизэтажном доме... (М. Булгаков «Мастер и Маргарита»). Также следует отметить, что важное значение имеет то обстоятельство, с кем жилье разделяется, с какими людьми: Паша жил в комнате, которую Лара сама приискала и сняла ему у тихих квартирохозяев в новоотстроенном доме по Камергерскому, близ Художественного театра (Б. Пастернак «Доктор Живаго»).

Отдельно следует остановиться на видах жилища, являющихся собственно временными, поскольку характер постройки, их назначения не позволяют им выполнять функцию постоянного жилища. Это туристические палатки, шалаши рыбаков, охотников, егерей.

Для человека важно иметь постоянное жилище, это выражено в устойчивых сочетаниях: пустить корни, коренные жители. Постоянная смена жилья, временное неустоявшееся состояние оценивается негативно, что отражено в сочетаниях перекаати-поле, прыгать с места на место, голь перекатная и пр. Постоянное жилье считается очагом, а во многих культурах очаг считался важным местом в доме, к нему относились трепетно, очаг ассоциировался с понятиями огонь, пища, жизнь: О да, было и временное жилье – в Солянке и Гнаденфлюре на Волге, при медпункте в ауле, но оно не стало, не могло стать священным очагом, оно не успело одушевиться, обрести облик родимой обители, осталось в сознании как бы случайным пристанищем, просто до поры до времени крышей над головой (Бельгер Г. «Пепелище»). Таким образом, следует отметить, что назвать дом очагом можно при наличии какого-то определенного чувства к нему, когда он (дом) становится не только объектом нудушевленного мира, предметом пользования, но также с ним связываются понятия «привязанность, определенная судьба, события», которыми дорожит человек: Второй дом, дом-очаг, долгие годы хранивший душевное тепло, нежность, прилежность и старание

моих родителей и их детей, сложился в тихом ауле, в Северном Казахстане, на месте ссылки... (Бельгер Г. «Пепелище»).

Кроме указанных отношений к собственности в связи человек – жилье (жилище), имеется еще один вид отношений – временное владение чужим жилищем без взноса платы, когда основанием предоставления комнат являются дружественные, приятельские отношения с кем-либо: Иван Иванович на правах приятельства занимал у богача Кологривова две комнаты во флигеле управляющего. Этот домик с примыкающим к нему палисадником находился в черной, запущенной части парка со старой полукруглой аллеей въезда (Б. Пастернак «Доктор Живаго»).

Таким образом, для человека важно иметь не просто жилище, временное или постоянное, являющееся местом ночевки, проживания, но особенно важно то наполнение, которое приобретает дом в течение жизни человека в нем. Это относится в первую очередь к духовной стороне жизни человека: Второй дом, дом-очаг, долгие годы хранивший душевное тепло, нежность, прилежность и старание моих родителей и их детей, сложился в тихом ауле, в Северном Казахстане, на месте ссылки (Бельгер Г. «Пепелище»). Дом как бы вбирает, впитывает атмосферу, царившую в нем, поэтому для проживающих в нем людей ценен каждый предмет, который отражает и вмещает воспоминания. Можно отметить, что для человека дом является местом, когда вся семья может собраться вместе, и в этом случае важна проекция открытости, когда каждый найдет в нем то, что необходимо ему. Кроме того, обращается внимание на наполнение дома, когда он представляется в виде сосуда, вбирающего тепло, с которым люди его строили/обустраивали. Душевное тепло особенно важно для человека, чтобы он чувствовал свое предназначение, свое начало в окружающем мире: И третий родительский дом, в Ташкенте, в Байсунском тупике, долгие годы служивший благословенным приютом всех детей (нас было четверо), всех внуков, правнуков, зятьев, снохи, близких и дальних родичей, знакомых, шумная и просторная усадьба, притягивавшая всех своей открытостью, щедродушием, свободой, семейным теплом и уютом; дом, не родителями построенный, купленный, но ими достроенный, заверченный облагороженный, ухоженный, обжитый, согретый их душой, любовью и тщанием (Бельгер Г. «Пепелище»).

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Гуреев В.А. Проблема субъективности в когнитивной лингвистике//Известия РАН. Серия литературы и языка, 2005. Т.64.-№ 1.-С.3-9.
- 2 Демьянков В.З. Когнитивная лингвистика как разновидность интегрирующего подхода// Вопросы языкознания, 1994.-№ 4.-С.17-31.
- 3 Темиргазина З.К. Современные теории в современной и зарубежной лингвистике. Павлодар, 2009.-134с.

ҚАЗАҚ ЭПОСЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ІҢКӘРБЕКОВА А. Т.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Күні кешегі тәуелсіздік алғанымызға дейінгі уақыт аралығындағы тарихқа көзқарасымыз да мүлде басқаша болатын. Елдік, ұлттық, тарихымыз өзге жұрттың тарихымен тығыз байланыстырылып, соның бір саласы ретінде ғана бағаланып, мәдени мұрасы мардымсыз, ғылым, білімнен алыстау жұрт ретінде таныту саясатын басымыздан кешіргеніміз жасырын емес. Рухани тәуелділікте болған елдің ғылыми көзқарасында, ой-тұжырымында да еркіндік болмайтыны белгілі. Бұл қазақ фольклорының көркем де құнды саласы эпосқа қатысты мәселелерде анық көрінді. Алайда халқымыз бодандық бұғауынан құтылып, ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігіне қол жеткізген тұста болашақ ұрпақты ана тілімізде, қазақи ұлттық рухта, ата-бабаларымыз сақтап, бізге жеткізген қазынаны рухани қажетіне қарай орынды жаратып, ұлттық мәдени мұра негізінде тәрбиелеу бірінші орынға шықты.

Эпос (грекше epos –баян, әңгімелеу, тарихтап айту)- көркем әдебиеттің байырғы, негізгі тектерінің бірі, дәлірек айтқанда, өмір шындығын мейлінше мол қамтып, кең суреттейтін, адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты танытатын іргелі, күрделі жанр [1, 308 б.]. М.Әуезов : «Қазақ эпосы көне замандардан басталады. Орхон-Енисей мұраларында, ескі мұраларды қазу үстінде анықталған құлыптас жазуларында өлген батырлардың, рубасыларының соғыстары, ерлік істері мәңгілікке жазылып қалған. Бұл жазулар ерлік дастандардың үзіндісі тәрізді» – деп жазды [2, 326 б.].

Қай халықтың болсын, эпостық жырлары баяғы ата-бабалар заманынан бермен қарай ауыздан-ауызға тарап, жыршыдан жыршыға, ақыннан-ақынға ауыса отырып, заманнан – заманға өткен сайын түзелуде болды. Сөйтіп, халыққа кең тарап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып, біздің заманымызға келіп жетті. Батырлар жырын жыраулар қобызға, домбыраға қосып, бір мақаммен немесе күй сарынымен орындаған.

Шығыстың ғұлама ғалымы Әл-Фараби: «Эпос- мейлінше көркем, немесе әдеттен тыс эмоциялық күшімен ләззат беретін поэзия түрі»-десе, [3, 26 б.] М.Әуезов өз еңбегінде: «Батырлық эпос дегеніміз шет жаулардың шабуылынан тайпалар мен жеке руларды қорғаған, халықты ауыр апаттардан сақтаған керемет күшті батырлардың қаһарман өмірін, соғыстағы ерлік істерін жырлайтын сюжетті (оқиғалы) дастандар... «батыр» деген сөз халықтың түсінігінше ержүректі, әділ, қайрат иесі адам қаһарман»-деп жазған [4, 394 б.].

Қ. Жұмалиев « Әдебиет теориясы » атты ғылыми еңбегінде: «Эпостық жырдың ең ескі және көлемді түрінің бірі-эпостық поэма немесе батырлар жыры. Батырлар жыры жазу болмаған уақытта туып және ауызша айтылатын. Бұларды шығарушылар халық ақындары болды. Халық ақындары әр түрлі тарихи оқиғаларды, сол оқиғаға қатысып тамаша ерлік жасаған халық батырларының ерліктерін, өз Отанын қорғағаны ерлік істерін суреттеген [5, 155 б.].

Батырлар жыры халық басындағы тарихи кезеңдерге, елеулі әлеуметтік оқиғаларға байланысты шыққан. Батырлар жыры халықтың елін, жерін сыртқы жаулардан қорғау мақсатынан туған. Қазақтың батырлар жыры бірден-ақ бір бүтін ұзақ жыр бола салған емес. Бұлар әуелде батырдың әр түрлі оқиғаларда істеген ерліктері жөнінде жеке жырлардан құрастырған. Бір ақынның аузынан екінші ақынға көшкенде дастан толысып, оқиғасы қалындап, молыға түсіп отырған. Ақын дарындылығына сай, оның басты кейіпкері - батыр өмірінің жеке көріністерін тартымдырақ, батырдың ерліктері мен қызық оқиғаларға толтырып, жырды көбінесе жағымды кейіпкердің атымен атаған. Батырлар жырында халықтың арманы, тілегі, мақсаты жырланады. Жырдағы батыр өз жерін қорғау, халыққа зорлық - зомбылық көрсетушілерді жазалап, бейбітшілік орнату - батырдың басты міндеті болып табылады.

Эпостың бас қаһарманы- ерекше күш иесі, ержүрек, халқы, елі үшін аянбай күреске шыққан батыр. Оның образы кең мағынасындағы синекдоха тәсілі арқылы көп адамдардың бойында

болатын жақсы ізгі қасиеттерді бір кейіпкердің бойына жинақтау арқылы жасалады. Батыр елін сүйген, атамекенін, халқының арнамысын қорғау, елдігін сақтау үшін ата жауына қарсы жан қияр ерлік көрсеткен. Батырлар жырындағы Қобыланды, Алпамыс, Тарғын, Қамбар сияқты ерен ерлер бойынан осы қасиеттерді айқын табамыз. Жырда батыр тек ерен ерлігімен ғана емес, адамгершілік қасиеттерімен де, жан ізгілігімен де көрінген. Олардың ата-анасына, бауырларына, туыстарына деген мейірімінен, жарына деген адалдығынан мұны айқын аңғарамыз.

Батырдың образынан халқымыздың патриоттық рухын, ең асыл, биік идеалды, қаһарман туралы көзқарасын көреміз. Эпостық жырға жататын шығармалардың негізгі өзгешелігі - мұнда қандай да бір оқиғаны, жәйіт - жағдайды баяндап айту тәсілі қолданылады.

Батырлар жырында ел қорғау жолындағы халықтың басынан өткерген батырлық, ерлік істері жырланады. Батырлар жыры - батырлардың ерлік істерін дәріптеу, туған жерді, елді сүю, Отанын сыртқы жаулардан қорғау, өз елін басқаларға тәуелді етпеу, сол арқылы жас ұрпақты Отаншылдыққа, елжандылыққа, өжеттіктік, батылдық, қайсарлық рухта, ерлікке тәрбиелеу идеясынан туған халық ауыз әдебиетінің көлемді жанрлық түрлерінің бірі.

М. Әуезов қазақ батырлар жырының тегі туралы: «Қазақтағы батырлар жыры ескі заманнан басталады... Бұрынғы түрік, монғол дәуірі жүрген заманда, Алтын Орда, Ақ Орданың күндері айтылатын жерлері бар. Ноғай, қырым, қыпшақ, қырғыздардың бір жалаудың астында бір ел болып жүрген кездерін айтады. Бұл- түрік жұрттарының жік-жікке бөлінбей тұрған күндері. Бірін-бірі жат демей, бауыр көріп жүрген кездері»-деп жазады [2, 256 б.]. Н. И. Кравцов: «Эпос-не поэтическая обработка сказания, а особый путь сохранения исторической действительности в народной памяти» - деп анықтама берген [6, 128 б.].

XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқының ауыз әдебиетіне арналған кітаптар мен мақалалар жолжазба сипатында болғанын Ш. Ыбыраев өз еңбегінде айтып кетеді. Мысалға, А. Левшин қазақ фольклорының түрлерін XII-XIII ғасырлардағы Европаның рыцарлық романдарымен салыстырады. Соған қарағанда әңгіме батырлар жыры немесе лиро-эпостар туралы сияқты - деп Ш. Ыбыраев атап көрсетеді. [7, 6 б.]

Жоғарыда аты аталған ғалымдардың қазақ эпосын басқа халықтардың эпосымен салыстырып, пайымдаулар жасағаны болмаса, эпосқа қатысты жазбалардан тарихи-этнографиялық

жайларды ғана байқаймыз. Зерттеуші В.Радловтың ғылыми еңбектерін қарастырғанда тұңғыш рет қазақ ауыз әдебиетін дидактика, эпос, лирика деген жанрларға бөліп, жүйелегенін білдік. Ғалымның «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи» деген көп томды еңбегінің үшінші томын қазақ эпосына «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Ер Көкше», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырлары мен тамаша қазақ ауыз әдебиетіне ерекше назар аудара отырып, халық ауыз әдебиеті туындыларының көркемдігі жайында: «...Қазақтардың басқа тайпаларынан суырып салып айтуға ұста, тамаша шешендігімен ерекшеленеді»-дей келе, алғаш қазақ фольклорының үлгілерін кітап етіп жариялап, қаһармандық жырлар мен аңыздауларды «батыр ертегілер» деп атаған [8, 100 б.].

Эпосты салыстыра зерттеу саласында В. М. Жирмунскийдің 1974 жылы жарыққа шыққан «Тюркский героический эпос» деп аталатын еңбегінде «Манас», «Алпамыс», «Едіге», «Қорқыт» жырларының версиялары мен варианттары туралы пікір айтқан [9, 56 б.]. Түркітанушы ғалым В. В. Радлов тағы бір еңбегінде «Образцы устной литературы тюркских племен» деп аталатын он томдық жинақтың үшінші томында қазақ, бесінші томында қырғыз, жетінші томында ноғайлы дәуірінен кейін ғана қонысы бөлектенген ноғай, қырым татарлар сияқты халықтардың фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілерін жариялап отырып, төмендегідей қорытындыға келеді.

«Өздерімен тұтас түркі тілдес елдермен салыстырғанда, қырғыздар да, қазақтар да сөзге шешендіктерімен ерекше көзге түседі. Олардың шешендіктеріне, шынында да, таң қалмасқа болмайды. Қазақтар сөйлегенде ешбір мүдірмей, күрмелмей, есіп жүре береді, ойларын дәл, айқын етіп бере білумен қатар сөз, сөйлемдерін белгілі бір дәрежеде әдемілікке безейді, әңгімелесіп отырғанның өзінде жай сөйлемде, не жайылма сөйлемде болсын, ырғақ анық байқалып және жиі кездеседі. Сонымен бірге қазақта суырып салмалық- мейлінше кең тараған өнер. Аз-кем тәжірибесі бар ақындар жиындағылар туралы табанда өз жандарынан өлең шығарып, әдемілеп жырлап беруге мүмкіншіліктері мол»-деп жазды [10, 69 б.]. Ғалым Н. С. Смирнова эпос жанрын зерттегенде өзінен бұрын жазылған фольклористика жетістіктеріне сүйеніп, қазақ эпосы патриархалдық-рулық қауымның ыдырап, патриархалды-феодалдық қоғамның қалыптаса бастаған кезінде туған-деп, қазақ эпосын екі түрге бөлетінін айта келіп, эпосты батырлық, тұрмыс-салттық деп бөледі.

Батырлық эпосқа ерлік, ел қорғау тақырыбы басым болады. Тұрмыс-салттық эпосында махаббат, сүйіспеншілік тақырыбы басым деп, қазақ эпосында жанрлық синкретизм болатынын айтады [11, 104 б.]. Орыс ғалымдары А. М. Астахова, В. П. Аникин, Н. И. Кравцов, В. Я. Пропп, А. С. Орловтың еңбектерінде қазақ эпостарын орыс былиналарымен ұқсас сарындастықтарына салыстыру жасаған. Академик А. Орлов: «По казахский нет особого термина для обозначения богатырских былин. Они называются просто «жыр» т.е. «песня», стих или «Кыса» - слово, заимствованное с арабского, которое значит «рассказ». К числу древних казахских богатырских былин относятся былины о Едыге, Кобланды, Тархыне, Шоре, Саине, Камбаре и Алпамысе батырах»-дейді [12, 245 б.]. Бұл айтылғандардың бәрі де қазақ халқы ауыз әдебиетінің байлығын дәлелдейтін фактілер. Осынау көркемдік құндылығы аса жоғары халықтық мұрамыздың ел арасынан, әр түрлі дерек көздерінен жиналып, тұтастырылып, өңделіп, ғылыми тұрғыдан зерттелуіндегі игі бастамаларды қазақ ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Омар Қаралов, Ә. Диваев, Жүсіпбек Шайқы – Исламұлы, М. Әуезов, Б. Кенжебаев, С. Мұқанов, С. Сейфуллин, С. Торайғыров, А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханов, М. Ғабдуллин, Қ. Жұмалиев, Р. Бердібай, Х. Досмұхамбетұлы, І. Жансүгірұлы, Ә. Марғұлан, Ә. Тұрманжанов, М. Жолдыбаев, Е. Ысмайылов, М. Шафиғи, М. Қаратаев, Ә. Қоңыратбаев, М. Мағауин, М. Ғұмарова, Т. Бекхожин, Қ. Жұмалиев, Ү. Сұбханбердина, Б. Адамбаев, М. Байділдаев, Т. Сыдықов, С. Қасқабасов, т.б. жинаушылар жалғастырды. Қазақ фольклористикасының атасы саналатын Ш. Уәлиханов әкесі екеуі Н. Ф. Костылецкийдің (Омбы кадет корпусының белгілі оқытушысы), В. И. Штейргельдің және В. Ладыженскийдің өтініші бойынша қазақ ауыз әдебиетінің таңдаулы нұсқаларын қағазға түсіре бастады [13, 328 б.]. Ол қазақ эпосы жөнінде «Көптеген батырлық жырлары Алтын Орданы Тоқтамыс билегеннен кейін болған аласапыран бүліншілік кезеңімен байланысты туған» - деп, айта келіп, « Қазақ поэзиясының түрлері туралы » еңбегінде: « Эпостық жырлар - халықтың тарихын, әдет-ғұрпын, салтын білудегі асыл қазына »-деп бағалап, оны келешек ұрпаққа жеткізу қажеттігін көрсетті [13, 250 б.]. Ш. Уәлихановтың 1861 жылы қазақтың батырлар жырының біразын Жұмағұл деген жыршыдан жазып алады. Оны орыс тіліне аударып, кітап етіп бастырмақ болады. Осы жөнінде Г. Н. Потанин: «Шоқан қазақтың ауыз әдебиеті туралы жинаған,

жазған материалдары үлкен бір папка еді. Оның біразын өз көзімен көрген едім» - деп, сол материалдардың кейін жоғалып кеткенін айтады [14, 29 б.]. Осы жұмысымыздың барысында ерекше айта кететін құнды дүние - зерттеуші Ш. Уәлихановтың жинаған қазақ эпос жырларының кейбірі осы күнге дейін Ленинградтағы ғылыми орындарда сақтаулы екенін айта кеткіміз келеді. Атап кетсек, «Ер Көкше», «Ер Қосай», «Едіге», «Қамбар батыр», «Орақтың жыры», «Манас» жырының бір тарауы, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Жазушы, 1976. – 308 б.
- 2 Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. 19 т. – Алматы: Жазушы, 1984. – 206 б.
- 3 Әл-Фараби. Сауалдар және олардың жауаптар трактаты. // Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – Алматы: Рауан, 1999. – Б. 113
- 4 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Қазмемкөркембас, 1962. – 428 б.
- 5 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Жазушы, 1960. – 185 б.
- 6 Кравцов Н.И. Устная эпическая традиция во времени. – Москва. – 1989. – 428 с.
- 7 Ыбыраев Ш. Қазақ эпосы. Салыстырмалы және жүйелі зерттеудің мәселелері – Алматы. – 1987. – 176 б.
- 8 Радлов В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дзюнгарской степи. – Спб, 1870. Т.3
- 9 Жирмунский В. Тюркский героический эпос. – Москва: Просвещение, 1998. – 320 с.
- 10 Радлов В. Образцы устной литературы тюркских племен. 10 т. – Москва : Просвещение, 1999. – 355 с.
- 11 Смирнова Н.С. Казахская народная поэзия. – Алматы: Мектеп, 1967. – 129 б.
- 12 Орлов А.С. Казахский героический эпос. – М: Просвещение, 1945. – 125 с.
- 13 Уәлиханов Ш. Собрание сочинений в 5т. Т.2. – Алматы: Наука, 1962. – 257 б.
- 14 Потанин Г. Н. Казахский фольклор в собрании Г. Потанина. Отв. Ред. Н. Смирнова. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 229 с.

СОДЕРЖАТЕЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ В КОНТЕКСТЕ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

КАМАЛОВА Е. И.

учитель русского языка и литературы общеобразовательной средней школы села Жана жулдыз Железинского района

«Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками: казахский язык – государственный, русский язык как язык межнационального общения и английский язык – язык успешной интеграции в глобальную экономику» (Н.А. Назарбаев)[1, с.19].

В условиях интенсивной интеграции культурных сообществ значительно трансформируется и классическая модель образования, которая при сохранении своих базовых основ начинает генерировать и осваивать новые идеи. Одно из таких новшеств проявляется в устойчивой тенденции формирования полиязычного образования, которое представляет собой действенный механизм, способствующий развитию демократического типа мышления и поведения, коммуникативных навыков и толерантности во взаимодействии социальных субъектов.[3, с.61]

Формирование полиязычной личности необходимо начинать со сравнительного изучения иностранных языков с опорой на родной язык. В современном мире, полиязычном и мультикультурном, как никогда актуальна проблема сопряженности языков. Начинать изучение того или иного языка необходимо со знакомства с минимальными единицами речи - звуками. Поэтому первым этапом в обучении языкам – фонетическая система. Но фонетику следует изучать не изолированно от других уровней языка, интегрируя с лексикологией, морфологией.

Задачами полиязычного воспитания являются:

- 1 Научить видеть общее и различное в фонетическом языков;
- 2 Формирование фонетической грамотности учащихся;
- 3 Создание положительной мотивации к изучению языков;
- 4 Развитие логического, образного, критического мышления;
- 5 Воспитание разносторонне развитой личности, адаптированной к условиям глобализации в развивающемся государстве.

Рассмотрев в сравнении классификации букв и звуков, учащиеся поймут различие в произношении звуков, познакомятся со специфическими звуками, их акустической характеристикой. Так, например, в казахском языке гласные могут быть мягкими

и твердыми, тогда как в русском и английском языке данная характеристика присуща согласным звукам.


Важно уделить внимание особенностям ударения в разных языках. Так, если в казахском языке ударение, как правило, имеет закрепленное место, то в русском языке оно подвижное, свободное, в английском же языке есть двуударные и безударные слова. Иногда перестановка ударения используется при переводе слов с русского на казахский: созвучие слов сохраняется, меняется лишь место ударения (в казахских словах ударение переносится на последний слог). Например, тарелка – төрелке, ящик – жәшік, чайник – шәйнек.

При воспитании полиязычной личности в нашей стране необходимо включить изучение закона сингармонизма, что является основополагающим в системе казахского языка. Суть данного закона заключается в единообразии (гармонии) гласных звуков. В русском языке бытует множество тюркизмов. Одним из заданий для учащихся можно предложить из ряда тюркизмов указать те, которые отражают данный закон.

Так, например, в слове карандаш, восходящему к тюркскому карындаш, при заимствовании гармония гласных не нарушена. Тогда как в слове беркут (от тюркского бүркіт) при заимствовании происходит перегиб, и слово меняет свою фонетическую структуру. Аналогичное наблюдение можно провести над словами калита, шашлык, бурдюк, деньги, богатырь, барсук, баклажан, арбуз, калита, урюк.

При сопоставлении классификации слогов в казахском, русском и английском языках будет выявлено, что классификации довольно разные. Общим является наличие открытых и закрытых слогов. Задания могут быть направлены на характеристику слогов в словах, переведенных на три языка. Например:

Таблица 1

	Қазақ тілінде	На русском языке	In English
	А Б А А Б о-рам-жа-пы-рақ А – ашық Б - бітеу	ПО ПЗ ПО ка-пус-та П – прикрытый О – открытый З - закрытый	CS Cab-ba-ge CS – closesyllable OS - opensyllable

При изучении фонетической системы трех языков необходимо рассмотреть особенности соответствия/несоответствия буквенного

и звукового состава слов. Во всех языках есть явление двойной роли гласных звуков. В русском и английском языках к тому же есть непроносимые звуки. Это важно знать для соблюдения орфоэпических норм того или иного языка. Здесь уместна будет поисковая работа с текстом: надо выписать слова, в которых количество букв и звуков не совпадает.

Чтобы изучение языков было не утомительным и интересным, было направлено на развитие образного и логического мышления, сопутствовать ему должно решение занимательных заданий, которые можно организовать с помощью многочисленных стратегий развития критического мышления.

Например, игра «Крестики-нолики», вопросы к которой сформулированы на разных языках:

Таблица 2

№	Сұрақтар* Вопросы* The Questions
1	В каком языке согласные звуки бывают мягкими и твердыми?
2	Қай тілде қырық екі дыбыс бар?
3	What has language got the soft and hard vowel sounds?
4	Қай тілде айыру және жінішкелік белгілер жоқ?
5	В каком языке одна и та же буква служит для обозначения и гласного, и согласного звука?
6	What language has free stress?
7	Қай тілдерде дыбысталмайтын дауыссыздар кездеседі?
8	Фонетическая система какого языка подчиняется закону сингармонизма?
9	What has language got nine specific sounds?

Таблица 3 – «Верно - неверно»

	Дәлелдемелер Утверждения The statements	Дұрыс Верно True	Бұрыс Неверно False
1	В казахском языке 37 букв.		+
2	Russian has 44 sounds.		
3	Ағылшын тілінде екпінді және екпінсіз дыбыстар бар.		
4	В казахском языке буквы «У» и «И» образуют три звука.		
5	Ағылшын тілінде «У» әрпі гана екі дыбыстан тұрады.		

Сопутствующим помощником должен быть трехязычный терминологический словарь.

Полиязычная компетенция представляет собой не просто владение несколькими иностранными языками. Полиязычная компетенция – это владение системой лингвистических знаний, умение выявлять сходное и различное в лингвистической организации различных языков, понимание механизмов функционирования языка и алгоритмов речевых действий, владение метакогнитивными стратегиями и развитой познавательной способностью. [5, с.213]

Полиязычная компетенция делает возможной и успешной деятельность по самостоятельному овладению основами незнакомых ранее языков, поэтому компетенция полиязычия может рассматриваться не только как владение несколькими иностранными языками, но и как способность к изучению иностранных языков, владение «чувством языка», желание и умение самостоятельно изучать иностранные языки.

ЛИТЕРАТУРА

1 Концепция развития полиязычного образования в Республике Казахстан. - Караганда: Изд-во КарГУ, 2008. - С. 19.

2 Методологические аспекты полиязычного образования // Сер. гуманитар. наук. - Алматы: Білім, 2008. - № 3 (2). - С. 298-304.

3 Концептуальные аспекты профессионального образования в условиях полиязычия. // Научное пространство в Европе.- Болгария: София, 2008. - Т. 13. - С. 57-62.

4 Теоретические истоки научной разработки проблематики полиязычного образования // Совет ректоров. - М.: Академия, 2008. - № 11. - С. 71-74.

5 Б.А.Жетписбаева, С.С.Аязбаева. Полиязычное образование: теория и методология. - Алматы: Білім, 2008. - С. 343.

БИЗНЕС АУДАРМА АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

КОНРАТБАЕВА Ш.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Бизнес аударманың артықшылықтары ретінде төмендегі қағидаларды тануға болады. Бизнес аудармамен шұғылданушылар ұстанатын қағидалар:

- жетікті мамандар қызметтері;
- сапалы аудармалар;

– кәсіби көзқарас;

– қызметке жауапкершілікпен қарау.

Әрбір аудармашы ең алдымен өзі аударатын материалға қанық болуы, кәсіптік білім деңгейінің жоғары болуы, түпнұсқаның мазмұнына, ерекшеліктеріне баса назар аудару қажет. Қызметкерлері – өз жұмысының мәнін түсіне білетін және аударма қызметі саласындағы зор тәжірибелері бар білікті мамандар. Сонымен қатар жетістіктері мен жауапкершілігі жоғары болуы тиіс. Аударма қызметі тікелей қаржымен қатысты болғандықтан, кез келген аударма бюролары нарық шарттарына сай келуі керек. Алған тапсырысты жауапкершілікпен орындау басты орында.

Тиянақтылық. Тапсырыс өз мерзімінде орындалатынына кепілдік беру. Аудармашылар материал ресімделген сәттен бастап бір сағат ішінде аударуға кіріседі.

Маманданған аудармашылар. Әрқайсысы өз саласына маманданған болуы тиіс.

Жетілдірілген технология. Әр аударманы редактор оқып шығады. Сапаны бақылау қателерді азайтады.

Әділ баға. Сапалы аударма.

Дербес менеджер. Барлық талаптарыңыздан әрқашан хабардар боп жүретін дербес менеджермен жұмыс қойлайлылығын бағалай аласыз.

Құпиялылық. Құпиялылықты сақтау шартпен және ішкі стандарттармен кепілдендірілуі тиіс.

Редакторлар - тіл қолданушылары. Тіл қолданушысы қажеттілікке қарай аудармаға редакция жасай алады.

Корректорлар– сала бойынша мамандар. Белгілі бір сала маманы (қаржыгер, заңгер, инженер) қажеттілікке қарай аударманы түзете алады.

Ұзақ мерзімді әріптестік. Ұзақ мерзімді әріптестік және клиенттерге адал қызмет ету.

Икемді баға саясаты. Тапсырыстың көлемі мен мерзіміне, клиенттің қалауына қарай жеңілдік беру мүмкіндіктері қарастырылуы мүмкін. Бұл да өз кезегінде тапсырысты молайтуға септігін тигізеді.

Жұмысқа шығармашылық көзқарас. Аударманың бастапқы мәтініндегі ақпаратты барынша дәл беруге тырысу.

Осы үддеден шығу аудармашыдан кәсіби біліктілікті талап етеді. Ауызша аударма жасайтын, жедел аударма, халықаралық тілдер, шығыс және сирек тілдерді қоса алғанда, әлемнің барлық тіліне аудару және сол тілдерден аудару.

Бизнес аудармада менеджерлердің рөлі ерекше. Олар аудару үрдісін ұйымдастырып, бақылап отырады. Клиентке кәсіби кеңес те береді.

Жазбаша аудармалар. Оларды былайша жіктеп көрсетуге болады:

– қаржы және банк құжаттарын аудару (инвестициялық, қаржы және лизинг компаниялары, банктер қаржы құжаттарын аудару үшін тапсырыс береді);

– мұнай-газ тақырыбындағы мәтіндерді аудару;

– құрылыс құжаттамасын аудару;

– медициналық мәтіндерді аудару (анықтамалар, сырқатнамалар, препараттар мен құрал-жабдықтар нұсқаулығы, мақалалар, медицина тақырыбындағы диссертациялар мен кітаптардың аудармасы);

– жарнаманы аудару;

– ғылыми мәтіндерді аудару;

– Бұқаралық ақпарат құралдарын аудару;

– экономикалық мәтіндерді аудару.

– заң құжаттамасын аудару (келісім шарттар, келісімдер, жарғылар, жеке құжаттардың кәсіби аудармасы);

– тағам өнеркәсібіндегі аударма;

– логистика саласындағы аударма;

– энергетикалық тақырыптағы мәтіндерді аудару;

– металлургиядағы аударма;

– автомобиль тақырыбындағы мәтіндерді аудару;

IT саласындағы мәтіндерді аудару (Аудармашылар арасында – бағдарламашылар, жүйелік әкімгерлер, сайттар құру және оны ілгерілету, БЖ жасау және енгізу жөніндегі мамандардың болуы да жоғары нәтиже береді).

Аударма тапсырысын онлайн режимде ресімдеуге болады. Барлық қажетті құжаттар мен материалдарды, сондай-ақ дайын аударманы жеткізу қызметі де қарастырылады. Бұл айтылған жайлар аударма бюросының нарықта ұзақ әрі табысты еңбек етуінің кепілі.

Бизнес аудармамен шұғылданушы бюрлар гид қызметін де ұсына алады. Мәселен, гид-аудармашылар – Қазақстан тарихы мен Павлодар қаласын жақсы білетін кәсіби мамандар мен энтузиастар. Өзіңізбен алдын-ала келісу арқылы тобыңызға арналған жеке маршрут әзірленеді. Мәселен, Павлодар қаласы бойынша экскурсия жүргізу маршруты:

– Г. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі

– Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер музейі

– Павлодар облыстық көркемсурет музейі

– Майра Шамсутдинова атындағы ән шығармашылық мұражай-үйі

– Шафер мұражай-үйі

– Павел Васильетің мұражай-үйі

Есімдері берілген...

С. Торайғыров атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы.

Павел Васильев атындағы қалалық орталық кітапхана.

Бұқар Жырау атындағы әдебиет және өнер музейі.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті.

Иса Байзақов атындағы Павлодар облыстық филармониясы.

Мәшһүр Жүсіп атындағы орталық мешіт.

Майра атындағы ән шығармашылығы мұражай-үйі және т.б.

Экскурсиялық қызметтер әр тілде жүргізіледі (орыс, казак, ағылшын, неміс, француз, түрік, араб және т. б.).

Ауызша және жазбаша аударманың ерекшеліктеріне орай бағасы да әр түрлі. Екеуінің аудармашыға қоятын талабы түрліше болады. Ауызша аударма мен жазбаша аударманың өзіне тән жеңілдіктері мен қиыншылықтары бар. Ауызша аудармада - аудармашыдан тез түсініп, қолма-қол аудару талап етіледі. Бірақ, сөйлеушінің стилін сақтауға, нақтылыққа, жинақтылыққа ерекше жоғары шарт қойылмайды. Бейнелеу жағында көп еркіндікке ие болады. Бір сөзді, бір мазмұнды бірнеше түрлі синонимдермен ауыстырып аудару алады. Оның есесіне оларды түсінбей қалған сөздерді біреуден сұрауға сөздіктерді пайдалануға мүмкіндігі болмайды. Ал жазбаша аудару - аудармашыдан мол білімді, қалам қуатының күшті болуын, мазмұнды дәл бейнелеп беруді, көбірек ойланып толғандуды қажет етеді. Түпнұсқаға адал бола отырып, мазмұнды толық қамтуға, түпнұсқаның стиліне бойынуға міндетті болады. Сөз сөйлемге, грамматикаға, нақтылыққа, логикаға, емлеге баса көңіл бөлінеді. Ауызша аудармаға қарағанда сөздік пайдалану, қайта-қайта қарап тексеріп шығу, өзгерту мүмкіндігі мол болады.

САБАҚТАРДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

КУРБАНОВА А. Т.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 6 жалпы орта білім беру мектебі,
Павлодар қ.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйуін түйгенінше айтуға жарая. Айта білетін адам табылса, тіл пайдалануға әрқашан жарайды. Тек айта білетін адам табылуы қиын», – деген. XXI ғ мектебінің мақсаты жас жеткіншектерді жауапкершілігі жоғары, парасатты, адамгершілік мәдениеті қалыптасқан, өмірге икемді, ұлтжанды тұлға қалыптастыру. Заманауи мектептерде мұғалім өз пәніне қызығушылықты арттыру мақсатында, оқушыларды пәнге қызықтырып, әр түрлі технологияларды қолдану қажет. Мен сабақта сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданамын.

Тіл мен ойлау бір-бірімен тығыз байланысты. «Адамдардың көбі ойлауды бастамас бұрын дүниеден де өтеді. Және де ойлауды бастамас бұрын да дүниеден өтеді». Бертран Рассел (цит. по: MacMillan Publishers, 1989). Демек, адамдардың басқа тірі ағзалардан айырмашылығы – ойлау қабілеті.

Сын тұрғысынан ойлау (ағылш. critical thinking) – негізделген нәтижелерді тұжырымдап, заттар мен оқиғаларға талдау жасауға қоданылатын және дәйекті бағаларды шығаруға, түсіндіруге, сонымен қатар, қорытындыларды жағдай мен мәселелерге орынды қолдануға мүмкіндік беретін пікірлер жүйесі [1].

Сын тұрғысынан ойлау – адам өз сеніміне, келген ақпаратқа күмән келтіретін ойлау түрі.

Кез келген қоғамда сын тұрғысынан ойлау деңгейіне көшу – бұл қоғамның өркеніет дамуының алғышарты болып табылады деген пікір бар[2].

Ұлылығымыз – ойымызда. (Блез Паскаль (1623–1662))

Кітапты оқумен ғана адам жақсы ойлауға үйренбейді. Сын тұрғысынан ойлауды кейде бағытталған ойлау деп атайды, себебі ол көздеген нәтижені алуға бағытталған. Ойлай алатын адамдар оларға ол не үшін қажет екенін біледі және де жоспарланған жұмыс үшін қажетті барлық күштерін жұмылдырады.

Сын тұрғысынан ойлауды қолданбаса, оны меңгерудің қажеті жоқ. Көбінесе студенттер, балалар емтихан кезінде, сұрақтарды, тапсырмаларды алып, оларға тез жауап береді. Ал біраз ойланып,

жауаптарын жоспарласа, емтиханды қиналмай тапсырушы еді. Сонымен, жоспарлау — сын тұрғысынан ойлауға апаратын бірінші және өте маңызды көрінбейтін қадам. Әрбір адам өз-өзін жаттықтырып, өзінде жоспарлау әдетін дамыта алады. [3].

Мектептердегі өзгерістер, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру мұғалімнен оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуды ерекше талап етеді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы оқу үдерісін зерттеуге, оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруға бағытталған инновациялық технологияларға жатады. Бұл амал оқушыларда жаңа білімді іздеуге, оны тың жағдайда қолдану, шығармашылық іс-әрекетте тәжірибені қалыптастыруға көмектеседі. Сын тұрғысынан ойлау жаңа идеяларды шығарып, маңызды мәселелерді шешуде болып табылатын жаңа мүмкіндіктерді көруге септігін тигізеді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын американдық ғалымдар Ч. Темпл, К. Мередит және Д.Стилл ұсынған. Сын тұрғысынан ойлау рефлекссті ойлау болып табылады, «өз менін» сезінуге көмектеседі. Сын тұрғысынан ойлау — адам ойының негізі, идея мен ақпараттың қарым-қатынасы. Сын тұрғысынан ойлау туралы ойлау мен іс-әрекет мониторингі жайында айтып отырғанындай айтуға болады.

Сын тұрғысынан ойлаудың басты мақсаты — оқушының өздігінен білім алуға көмектесетін интеллектуалдық қабілеттерін дамыту. Өз білімін жетілдірудің негізгі жолы — сын тұрғысынан рефлекссті ойлауды дамыту, рефлексияға үйрету, жоғары дәрежедегі когнитивті және метакогнитивті қабілеттерін дамыту [4].

«Сын тұрғысынан ойлау» технологиясын түсіну үшін кейбір ақпаратты қарастырайық. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз педагогтің бағыттауымен оқушының өз бетінше білімді игеруі. Нәтижесінде неғұрлым дамыған оқушының жеке тұлғасы қалыптасады. Бұл технологияның мақсаты сынауға емес шындалған ойлауға үйрету. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л. Ситл, Куртис С. Мередит, Чарльз Темпл Жоба негізі Ж. Пиаже, Л. С. Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің бірін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Жоба әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың терең де еркін ойлауына, үздіксіз еңбектену білуіне жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес. Дәстүрлі білім беру кезіндегі

оқушыны сын тұрғысынан ойлайтын оқушымен салыстырған кезде нәтижесі жоғары болған.

Сын тұрғысынан ойлау үш бөліктен тұрады:

Біріншіден, сын тұрғысынан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады. Ал сабақ сыни тұрғыдан ойлау принциптеріне негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін және бағалауларын басқалардан тәуелсіз құратын болады. Біз үшін басқа біреу сыни ойлай алмайды, біз барлығын өзіміз үшін жасаймыз. Сонымен қатар ойлау өзіндік сипатқа ие болғанда ғана сыни тұрғыдан ойлағандық болып есептеледі. Өз бетінше ойланып, мәселені шешу үшін бостандық керек.

Сыни тұрғыдан ойлауда идеяның ерекше болуы міндетті емес: басқаның пікірімен міндетті түрде келісу емес, керсінше келіспеуіміз де мүмкін. Бұл біздің құқымызды дәлелдейді. Сыни тұрғыдан ойлайтын оқушының ой бостандығы кең болғандықтан өзгенің пікіріне жиі келісе бермейді. Бұл тұлғаның қоғамдағы пікірін, орнын анықтайды.

Екіншіден, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, оны еске сақтап айту қабілеті жоқ, керсінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыруы мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін.

Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Жалпы адамзат баласы тумысынан білуге құмар болып келеді. Өзінің жеке қызығушылықтарымен қажеттіліктеріне жауап беруге талпынады.

Төртіншіден, сыни тұрғыдан ойлау көңілге қонымды дәлелге ұмтылады. Саналы дәлелдер арқылы жаңалық ашуға бейім келеді.

Сын тұрғысынан ойлауда оқушы болжайды, зерттеп, қорытып, өз ойын жеткізеді, негізін ашады, сұрыптайды, талқылайды, сын көзбен қарайды, пікірін дәлелдейді, пікір алмасады, ортақ пікірге келеді, мақсатқа жетеді, өзін-өзі басқарады, топпен жұмыс істеуге үйренеді, жан дүниесін өзгертеді, ойлауды дамытады, қызығушылықты дамытады, кез-келген сабақты меңгертеді, оқушы өзін-өзі тәрбиелейді.

Осымен де байланысты, баланың жанына берілетін «азықты» - білім мазмұнын әдістемелік сын тұрғысынан ойлау жағынан ғана емес, оқушының жан болмысымен байланыстыра отырып даярлау қажет. Оқушының қазақ тілі сабақтарында сын тұрғысынан, ойлау тұрғысынан оқушының ойлауы мен тілін дамыту, дүниетанымын қалыптастыруда қазақ тілі пәніне үлкен міндеттер жүктеледі.

Қазақ тілі сабақтарында әрбір жұмыс түрлері мәтінмен жұмыс, жаттығулармен жұмыс, суретпен жұмыс, грамматикалық, лексикалық, фонетикалық талдау т.б. Мәселен, мәтіндермен жұмыс істеу кезінде оқушылар әр мәтін мазмұны мен ондағы негізгі ойды талдап, талқыға салу мәселесін көтере отырып, жақсы мен жаман жақтарын жаң-жақты таратып айта алады. Мәтін мазмұны оқушысының кең дүниетанымын қалыптастыруға толығымен қызмет атқара алады. Өздерін толғандырған мәселе жайында түрлі сұрақтар қоя отырып, ой қозғай алады. [5].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Критическое мышление: отчет об экспертном консенсусе в отношении образовательного оценивания и обучения» (Critical Thinking: A Statement of Expert Consensus for Purposes of Educational Assessment and Instruction. Executive Summary) // Dr. Peter A. Facione (Dean of the College of Arts and Sciences, Santa Clara University), перевод Е. Н. Волкова

2 Турчин В. Ф. Глава 8, раздел 9 // «Феномен науки»

3 Психология критического мышления Дайана Халперн 4.4 ISBN: 5-314-00122-5 Год издания: 2000 Издательство: «Питер»

4 Муштавинская И.В. «Рефлексивные модели обучения. Технология развития критического мышления» [3].

5 Қабдешова Ә. Сын тұрғысынан ойлау Қазақ тілі мен әдебиеті. № 10.

ТІЛДІ ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

ҚАЗИЕВА Б. Ә.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б. М.

ф.ғ.к., профессоры, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әлеуметтік лингвистикалық зерттеуде тіл білімінде кең тараған лингвистикалық әдістермен қатар әлеуметтану ғылымына тән анкета, интервью алу, алынған анкета мен интервью мәліметтерін талдау және математикалық статистикалық әдіс қолданылады. Әлеуметтік лингвистиканың анағұрым кең тараған әдістері:

- 1) сырттай бақылау;
- 2) анкета алу;
- 3) сұхбаттасу;

- 4) түрлі деректерді беретін құжат көздеріне талдау жасау;
5) эксперимент жүргізу[1,б.34].

Сырттай бақылау. Бұл – зерттеуге қажет материалдарды көзбен көріп, құлақпен есту арқылы жинау әдісі. Көзбен көріп, құлақпен есту арқылы қажетті материалдарды жинау бақылау әдісінің ерекшелігі болып табылады. Сырттай бақылау әдісі:

– адамдардың жасын, жынысын, т.б. әлеуметтік белгілерін және мінез-құлқын сұрау не түсіндіру арқылы емес, тікелей көзбен көру арқылы болады;

– қажет мәліметтерді сұралушының өзі айтуына немесе айта алмауына, өзі туралы айтқысы келу-келмеуіне байланысты емес.

Сырттай бақылау әдісінің артықшылығы зерттеуші мен зерттелуші нысанның арасындағы тікелей байланыс.

Анкета. Кез келген анкетаның кіріспе, негізгі және қорытындыдан тұратын үш құрамдас бөлігі болады. Кіріспеде зерттеудің кімнің жүргізетіндігі, анкета алуға мақсат пен міндет және анкетаны толтыру тәсілі көрсетіледі. Анкетаны қалай толтыру керектігі жайлы нұсқау беріліп, сауалнамаға қатысушыларға алғыс айтылады. Анкетаның негізгі бөлігін толтыруға айрықша мән беріледі. Себебі жүргізілетін зерттеудің нәтижелі болуы осы бөлікке байланысты. Қорытынды бөлігінде сұралушы жайлы мағлұматтар толтырылады. Онда сұралушы тұлғаның жынысы, жасы, қай жерден білім алғаны, әлеуметтік жағдайы, тұратын жері, туған жері (ұзақ тұрған жері), балалық шағының өткен жері, әлеуметтік жайы, шығу тегі (ата-анасының туған жері мен әлеуметтік жағдайы) туралы сұрақтар беріледі. Мәселен, аймақтағы нақты тілдік жағдайды талдау үшін зерттеу жүргізетін болсақ не туралы сұрақтар қоюмыз керек? Бұл туралы сауалнама бірнеше бөлімнен тұратын сұрақтарды қамтиды. Қамтылатын сұрақтарды тізбектеп көрсетсек:

I. АЙМАҚТАҒЫ ТІЛДІК АХУАЛ

1 Өз ана тіліңізді көрсетіңіз

2 Сіз облысыңыздағы (қалаңыздағы, аулыңыздағы, университетіңіздегі т.б.) тілдік ахуалды қалай бағалайсыз (жауаптың бірнеше нұсқасын көрсетуіңізге болады)

II. ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ОЛАРДЫ МЕНҒЕРУ ДӘРЕЖЕСІ

3 Өзіңіздің қазақ тілін қай дәрежеде меңгергеніңізді 5 балдық жүйемен бағалаңыз:

4 Өзіңіз келесі салаларда қолдануда қай тілге артықшылық беретініңізді көрсетіңіз:

Таблица 1

№	Қолданыс аясы	Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Басқа тіл:
1	Жұмыс				
2	білім беру мекемесі				
3	отбасындағы қарым-қатынас				
4	достармен, таныстармен қарым-қатынас				
5	бос уақытты өткізуге арналған қоғамдық орындар: кинотеатрлар, кафе-мейрамханалар, театрлар, клубтар, үйірмелер				
6	қоғамдық орындар: базарлар, дүкендер, халыққа қызмет көрсету орындары, қоғамдық көлік				
7	газет-журнал оқу, телебағдарламаларды көру				
8	көркем әдебиетті оқу				
9	ғылыми әдебиетті оқу				
10	Іс жүргізу				
11	Ғаламтор				
12	Түрлі әуестіктер				

5 Сіздің ұжымыңызда ең жиі қолданылатын қай тіл?

III. ТІЛДІК ДАМУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

6 Сіз өзіңіз бен балаларыңызға қазақ тілін оқу қажет деп санайсыз ба?

8 Сіз өзіңіз бен балаларыңызға орыс тілін оқу қажет деп санайсыз ба?

9 Сіздің пікіріңізше, облысыңызда(қалаңызда, аулыңызда, университетіңізде т.б.) орыс тілін дамыту ісінде қандай проблемалар бар?

10 Сіз өзіңіз бен балаларыңызға ағылшын тілін оқу қажет деп санайсыз ба?

11 Сіздің пікіріңізше, облысыңызда(қалаңызда, аулыңызда, университетіңізде т.б.) ағылшын тілін дамыту ісінде қандай проблемалар бар?

IV. ХАЛЫҚТЫҢ ТІЛДІК АХУАЛ ҮДЕРІСТЕРІ ЖАЙЫНДА ХАБАРДАРЛЫҒЫНЫҢ ДӘРЕЖЕСІ

12 Сіз Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 ж. 28 қаңтардағы халыққа жолдауымен, 2020-шы жылға дейінгі тілді дамыту стратегиясымен таныссыз ба?

13 Сіздің пікіріңізше, ҚР-дағы мемлекеттік тілді қолдану деңгейі қандай?

14 Сіздің пікіріңізше, ҚР-дағы орыс тілін қолдану деңгейі қандай?

15 Сіздің пікіріңізше, ҚР-дағы ағылшын тілін қолдану деңгейі қандай?

16 Соңғы жылы Қазақстан Республикасындағы тілдік ахуалда қандай өзгерістер болды?

V. ХАЛЫҚТЫҢ ТІЛ САЯСАТЫ МЕН АЙМАҚТАҒЫ ЖОСПАРЛАУДАН КҮТЕТІН ҮМІТІНІҢ СИПАТЫ

17 Облысыңызда(қалаңызда, аулыңызда, университетіңізде т.б.) мемлекеттік тілді меңгеру үшін қажетті жағдайлар бар ма?

18 Қалай ойлайсыз, облысыңызда(қалаңызда, аулыңызда, университетіңізде т.б.) белсенді тіл саясатын жүргізу қажет пе?

19 Тіл саясатын жүргізу қажет деп ойласаңыз, ол қандай нысанда және қандай іс-шаралар арқылы іске асырылуы тиіс? (Бірнеше жауап нұсқасын көрсетуіңізге болады)

VI. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚОЛДАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҒЫМСЫЗ СТЕРЕОТИПТЕР МЕН ТЕРІС ҰҒЫМДАР

20 Қалай ойлайсыз, мемлекеттік тілге көшіруде мәжбүрлеу тетіктерін қолдану керек пе?

21 Сіздің пікіріңізше, мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін арттыруға және оны қолдану аясын кеңейтуге не кедергі болып отыр?

VII. ТІЛДЕРДІ МЕҢГЕРУГЕ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТОЛЫҚ КӨЛЕМДЕ ПАЙДАЛАНУҒА КЕДЕРГІ ТУҒЫЗАТЫН СЕБЕПТЕР

22 Сіздің тағы бір тілді меңгергіңіз немесе біліміңізді тереңдеткіңіз келе ме? (қасына себебін жазыңыз)

23 Қалай ойлайсыз, ҚР-ның мемлекеттік мекемелерінде мемлекеттік тіл неге толық көлемде қолданбайды?

24 ҚР-да мемлекеттік тіл мемлекеттік емес секторда неге толық көлемде қолданылмайды деп санайсыз?

VIII. ХАЛЫҚТЫҢ АЙМАҚТАҒЫ ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСҚА ҚАНАҒАТТАНУ ДӘРЕЖЕСІ

25 Өз аймағыңыздағы ономастикалық жұмыстың қалай өткізіліп жатқанына (яғни көшелерге, аудандарға, мектептерге, саябақтарға, ауылдарға, су қоймаларына т.с.с. атаулар беру ісіне) көңіліңіз тола ма?

26 Сіз қазақ тілі саласында жүргізіліп жатқан терминологиялық жұмысқа (терминдердің, қолданылуына, реттелуіне, жаңа терминдердің жасалуына) қанағаттанасыз ба?

IX. КЕҢЕСТЕР

27 Сіздің пікіріңізше, халықтың мемлекеттік тілді оқып-білуге деген қызығушылығын арттыру үшін, жергілікті билік органдарының саясатында қандай әдіс-тәсілдерді қолдану қажет?

28 Соңғы бөлімінде өзі жайлы толық мағлұмат береді. Онда жынысы, жасы, білімі, ұлты, тұрғылықты жері, қызмет ететін саласы көрсетілуі тиіс.

Сонымен қатар сауалнаманың ұнаған, ұнамаған тұстары, идеясы, техникалық тұрғыдан іске асырылуы және басқа да пікірлері сұралуы тиіс. Анкетаның мазмұны, сұрақтардың қойылуы, жауап нұсқалары, т.б. нақты, жүйелі болуы тиіс. Анкета сұрақтарына жауап берушілер санының көп болуы нақты тұжырымдар жасауға негіз болады.

Сұхбат. Әлеуметтік лингвистикалық зерттеулерге материал жинастыру мақсатымен сұхбаттасуда әңгімелесушіге алдын-ала жоспарланған сұрақтар қойылады. Анкета алу әдісінен сұхбаттасудың ерекшелігі белгілі бір мәлімет берушімен тікелей байланыста болу болып табылады. Сұхбат алушы сұхбатты ұйымдастырады, сұрақтар қояды, әңгімелеседі, алынған жауаптарын жазып алып отырады, сұрақты түсінбеген кезде түсіндіреді. Зерттеуге байланысты кейбір мәліметтерді анықтауда тікелей тілдесудің артықшылығы алдын-ала дайындалған сұрақтардан басқа әңгіме үстінде қосымша сұрақтар

коюға мүмкіндік болады. Сол арқылы кең көлемде, жан-жақты материал жинақталады. Сұхбат жүргізушінің міндеті:

- сұраққа жауап берушілермен байланыс орнату (қажетті сұралушыларды табу, оларды зерттеуге қатысуға шақыру, сұхбат бойында жылы қарым-қатынас орната білу);
- сұхбаттың сұрақтарын дұрыс қоя білу;
- жауаптарды дұрыс тіркеу.

Түрлі деректерді беретін құжат көздерін талдау. Түрлі деректерді беретін құжат көздеріне баспаға түскен материалдар мен қолжазбаларды, магнитофон және басқа да түрлі техника көмегімен лентаға түскен жазбаларды жатқызамыз. Әлеуметтік лингвистикалық ақпараттарды жинаудың қайнар көздері демографиялық статистика материалдары (халық санағы, азаматтық акт жазбалары, шаруашылық және үй кітаптары); түрлі есептер, хаттамалар мен бұйрықтар, ғылыми құжаттар, үкімдер, өндірістік-техникалық, мәдени-ағарту мекемелері, еңбек ұжымдары, баспасөз материалдары, теледидар, радио, кино және т.б. жалпы коммуникация құралдары болып табылады[2,б.38].

Тереңдетілген сұхбат әдісі алдын ала әзірленген сценариймен және дайындалған сұрақтар бойынша жүргізілді. Әдетте тереңдетілген сұхбат сұхбаткерлерден сауалнамада ескеру киын болатын сұрақтарға толық жауап алуға мүмкіндік береді. Сұхбаттың бұл түрінде сұхбаткерге жағымды әсер етіп, тандап алынған тақырыпта ұзақ әрі толық пайым жасауға бағытталған техникалар мен әдістемелер қолданылады. Өз кезегінде бұл жалпы алғанда елеусіз болып көрінгенімен, зерттеу міндеттерін шешу үшін аса маңызды болып табылатын мәселелерді және сұхбаткердің көзқарастарын айқындауға мүмкіндік туғызады. Сұхбаттың бұл түрі сұхбаткермен бөгде адамдарсыз жеке кездесу немесе, зерттеу сипатына қарай, телефон арқылы жүргізіледі.

Эксперимент. Зерттелетін жайды жоспарлы түрде басқару арқылы себебі туралы болжамдар тексеріледі. Тәжірибенің құрылымы оны ұйымдастыру мен өткізу кезеңдеріне тікелей байланысты. Зерттеу нысаны түрлі әлеуметтік топтардың, ұжымдардың, қауымдардың өкілдері болады. Қажеттілігіне орай тілші бір тәжірибені сол тұлғамен бірнеше рет қайталауы мүмкін. Сондай-ақ тәжірибе жасаудағы негізгі мақсатын сақтай отырып, тәжірибе тактикасын ауыстыруға болады. Эксперимент жасау бірнеше кезеңнен тұрады:

- алғашқы кезеңде тәжірибенің теориялық негізі белгіленеді. Зерттеудің нысаны, міндеттері, болжамы анықталады;
- бұдан кейінгі кезеңде сынақ өткізудің бағдарламасы жасалады;
- бағдарлама арқылы тәжірибе жүзеге асады;
- соңғы кезеңде тәжірибе барысында алынған нәтижелер талданып, бағаланады, алға қойған міндет орындалды ма, зерттеу болжамы дәлелденді ме деген сауалдарға жауап беріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қалиев Б. Жалпы тіл білімі. Алматы, 2000
- 2 Қадырова Б.М. Әлеуметтік лингвистика. Павлодар, 2016

РОЛЬ СЕМЬИ В ОБУЧЕНИИ И ВОСПИТАНИИ ДЕТЕЙ

МАКЕНОВА К. Т.

социальный педагог, Пеньковская СШ, Қызылжарский район, СКО

Воспитание ребенка начинается с рождения, с колыбели, когда мама улыбается ребенку, радуется ему - это уже воспитание самой глубокой нравственности. Поэтому, родители являются первыми и основными учителями ребенка до его поступления в школу и выполняют эту роль в дальнейшем. Влияние семьи на ребенка сильнее всех других воспитательных воздействий. В семье формируются те качества, которые нигде, кроме как в семье, сформированы не будут.

Школа – «второй дом» для детей. Поэтому любовь к школе, помогающей найти себя, свое место в жизни, - одна из наших главных задач. Здесь важно знакомство с традициями школы, класса (дни рождения, походы, встречи с выпускниками, праздничные мероприятия - народные, календарные и тематические). Подготовка к ним (беседы, подбор материала, репетиции, оформление) и само проведение должны вызывать положительные, яркие эмоциональные переживания у учащихся [1, с. 37].

Эффективность работы школы по воспитанию детей во многом зависит оттого, насколько она взаимодействует с семьей. Ведущую роль в организации сотрудничества школы и семьи играют классные руководители. Именно от их работы зависит то, насколько семья понимает действия, проводимые школой по

отношению к обучению детей, и участвуют в их реализации. Одна из важнейших задач классного руководителя - способствование единению, сплочению семьи, установлению взаимопонимания родителей и детей, созданию комфортных, благоприятных условий для развития ребенка. Успешное ее решение возможно, если в основе воспитательной работы заложена идея сотрудничества педагогов, родителей и детей. Положительным результатом сотрудничества для педагогов становится повышение уважения со стороны родителей и общества в целом, улучшение межличностных взаимоотношений с ними, повышение авторитета в глазах детей, родителей, большая удовлетворенность своей работой, более творческий подход к ней [2, с.3].

Для родителей результатом взаимодействия становится лучшее знание детей и школьных программ, уверенность в том, что при обучении учитываются их мнения и пожелания, ощущение своей значимости в школе, укрепление семьи и улучшение общения с детьми. Для детей – лучшее отношение к школе, к учебе, развитие их знаний и умений, успешное социальное положение.

В связи с вышеизложенным перед школой стоят сложные и многогранные задачи работы с семьей.

Работой с семьей в школе занимается и социальный педагог.

Главная цель социального педагога – это мобилизовать внутренние силы семьи на преодоление кризиса. Любая работа социального педагога в семье начинается с изучения этой семьи анализ проблем и определение пути выхода из кризиса.

Для оказания помощи семьям организованы различные центры социальной службы, приюты и др.

Социальный педагог, непосредственно работающие с детьми может по сути своей профессиональной деятельности, внести посильный вклад в дело укрепления семьи. На сегодняшний день социальный педагог рассматривает семью, как социальную среду, которая коренным образом определяет ситуацию развития ребенка в период детства. Но в тоже время, на современном этапе, социальный педагог испытывает значительные трудности: бывает трудно установить суть проблемы, разобраться в причинах тех или иных нарушениях. Поэтому социальному педагогу необходимо подключаться к организации процесса взаимодействия учителя, семьи и ребенка, приложить все усилия для оптимальной, результативной работы.

Семья – снована на браке или кровном родстве малая группа, члены которой связаны общностью и взаимной моральной ответственностью и взаимопомощью, отношения между мужем и женой, родителями и детьми, также учитывается средний размер семьи, состав семей, осуществляемый по различным основаниям (числу поколений в семье, числу и полноте супружеских пар, числу и возрасту несовершеннолетних детей), деление семей по социально-классовым признакам[3,с.40].

Для семьи как малой социальной группы характерно наличие ряда общественных целей, которые изменяются на разных жизненных циклах; частичное различие в интересах, потребностях и установках членов семьи; опосредованность совместной деятельности. Следовательно, от того в какой мере супруги и другие члены семьи способны и готовы заботиться друг о друге, сочувствовать, сострадать, сопереживать, объединять усилия для преодоления трудностей, проявлять терпимость и снисходительность, зависят благополучие и долголетие семьи.

Все множество проблем, связанных с современной семьей можно разделить на следующие группы.

- 1 Социально-экономические проблемы
- 2 Социально-бытовые проблемы
- 3 Социально-психологические проблемы
- 4 Проблемы стабильности современной семьи
- 5 Проблемы семейного
- 6 Проблемы семей группы риска [3, с. 78].

Из этого следует, что современная семья переживает не лучшие времена: упадок престижа семьи, экономическая нестабильность, жилищные проблемы и т.д привели к несущей потребности профессионального вмешательства социального педагога для детей и их родителей, для поддержки их личного статуса жизни.

Современные условия жизни очень жестокие. Они бьют по самой уязвимой, но важной части человеческого общества — по семье. Семья в мире большого выбора, новых технологий и услуг теряется, возникают проблемы семьи. Не только как подструктуры общества, но и как самостоятельные системы. Именно эти проблемы разрушают семью изнутри.

Этого допускать нельзя, иначе общество тоже станет разрушаться. Нужно помогать и поддерживать семью. Эту задачу может и должен осуществлять социальный педагог.

Итак, работа социального педагога — создать в семье ощущение безопасности, он должен быть твердо убежден правильности своих действий, быть спокойным четко излагать свои цели клиентам, с которыми собирается работать.

Социальный педагог должен постоянно усваивать новые методы и приемы работы с семьей, понимать механизм их воздействия и ответственно подходить к их применению.

Оказывая помощь другим людям, он должен отличаться от других профессионалов не только специальными знаниями, но и особым отношением к своим клиентам. С одной стороны, он должен признавать и уважать их права как личности, а с другой учитывать неповторимость внутреннего мира каждого человека, что не терпит общего подхода. Для установления контакта социальный педагог должен научиться смотреть на мир глазами своего клиента – с позиции клиентацентризма.

Социальный педагог сталкивается с разными семьями. Это семьи где ребенок живет в постоянных ссорах родителей, где родители пьяницы или наркоманы, хронически больные или инвалиды.

Требуется повседневная защита социальным педагогом, когда в семье нет отца или матери и ребенок воспитывается у бабушки или родственников, когда во время запоев или загулов родителей ребенок остается одиноким.

Именно в таких семьях у ребенка наблюдаются отклонения в поведении. Когда в семье нет контактов, когда к ребенку относятся формально.

Социальный педагог таким семьям необходим так как современные школы занимаются только обучением, а 2\3 родителей испытывают трудности в воспитании ребенка.

Задача социального педагога – это разрешение кризисных ситуаций, и их своевременное предупреждение, и нейтрализация.

Социальный педагог кроме педагогических проблем решает также социальные, экономические, медицинские и психологические задачи. Главная цель социального педагога в работе с семьей – мобилизовать внутренние силы семьи на преодоления кризиса.

Но даже то, что совершается на сегодня в этой сфере, не маловажно и статистика показывает хорошие результаты работы. Ведь социальные педагоги предлагают все усилия, чтобы семья педагогически, психологически, социально и материально развивалась правильно и гармонично.

Здоровая семья – залог светлого и счастливого будущего для детей, взрослых, общества и человечества в целом.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Березина В., Ермоленко Г. Социальный педагог в школе. // Воспитание школьников, 1994, № 2. – С.205.
- 2 Бруднов А., Березина В. Социально-педагогическая работа в школе. // Воспитание школьников, 1994, №1. – С.2-3.
- 3 Василькова Ю.В. Лекции по социальной педагогике (на матер. отеч. образования). – Изд.2-се. - М.: изд-во ГФ «Полиграфресурсы», 1998.

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

МАТАЙБАЕВА Ж. С.

қазақ тілі және әдебиет пән мұғалімі, Павлодар қаласының № 6 жалпы орта білім беретін мектебінің, Павлодар қ.

Қазіргі заманауи білім беру жүйесіне технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттілігі күшейіп келеді. Елбасымыз Н. Назарбаев айтқандай: «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» сөздерін ұстана отырып, сабақ беруде қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды қолданамын. Қазіргі білім берудің жаңа жүйесінің жасалынуы, білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің жаңаруы бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашылық бағытта еңбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді.

Сапалы білім – ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Бүгін мектеп партасында отырған оқушыларымыз ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету – мұғалімнің басты міндеті.

Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Сонда бала өзі ізденуші, бір-біріне үйретуші, ал мұғалім бағыт беруші, нұсқаушы. Бұл тәсілдің басқа технологиялардан ерекшелігі жеті модуль арқылы іске асады.

Әйгілі зерттеуші Л.С.Выготскийдің «Дәстүрлі оқыту-бала дамуына тек қондырғы болып, дамуға стихиялы әсер етсе, яғни, «дамудың соңында жүрсе», жаңаша оқыту-«дамытуды өзімен бірге ала жүреді» – деген болатын. Сондықтан тек дәстүрлі оқытумен шектеліп қалмай, мұғалім әрқашан ізденісте болып, өзіне және шәкірттеріне тиімді жақтарын қарастырып отыруы тиіс.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияға интернет, теледидар, электрондық поштаны жатқызуға болады. Мұғалім ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы оқушылармен байланысын жеке-дара жақындаса алатындай жолмен жүргізуге мүмкіндік алады. Мультмедия кабинетінде электрондық оқулықпен сабақ берудің тиімділігі көп:

1 Мұғалім оқушы білімін бағалауды компьютерге жүктейді. Бұл бағалау көрсеткіштерінің нақты, дәл болуын қамтамасыз етеді.

2 Оқушы жеке жұмыс жасайды.

3 Мұғалім сыныптағы оқушылардың жағдайын толық көріп, әрбір оқушының қабілетіне қарай онымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндігі ашылады.

Сонымен қатар, пәндерді оқыту әдістемесіне интернет жүйесін қосу сапалы білімнің қайнар көзі болар еді. Интернет жүйесі арқылы оқыту оқушылардың өзара ақпарат алмасуын мүмкін етеді, танымдық қызметін арттырады, білім алуға қызығушылық өсіп, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады. Оқушылардың мұндай қабілеттерін ашып, танымдық іс-әрекетін қалыптастыратын әрине, мұғалім екені даусыз. Оқытудың бұл жүйелерінде мұғалім тек басшылық жасайды, әрі ұйымдастырушы, бағыттаушы рөлінде болады.

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникативті технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуды ақпараттық – коммуникативті технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда.

Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық- коммуникативті технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуды және одан әрі жетілдіруде.

Білім – болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзырет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникативті технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзыреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелері. Құзыреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірбиеде қолдана алу қабілеті блып табылатын жаңа сапа.

Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастырудың басты мақсаты – оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.

Ақпараттық-коммуникативті технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Ақпараттық-коммуникативті технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

- өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web – сайттар ашу;
- жалпы компьютерлік желілерде пайдалану;
- бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау (мультмедиялық технологиялар);
- қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқытту процесін ұйымдастыру.

Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады.

Заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда.

Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттырудың ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың тиімді жолы – интерактивті тақтаның көмегімен өткізілген сабақтар. Сабақтарда арнайы флипчарттар дайындалып, үй тапсырмасын тексеру, жаңа тақырыпты ашуда, бекіту сұрақтарына әр түрлі тапсырмалар дайындалынады. Тапсырмаларды орындалу барысында оқушылардың ынтасы артып, сабаққа белсене қатысып отырады.

Презентациялық технологиялар. Бұл технология, бір жағынан, оқушыларға жаңа материалдарды (иллюстрациялар, фотографиялар, бейнелік, дидактикалық материалдар, т.с.с.) көрнекі түрде көрсету құралы болатын болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды дайындауды және оны қолдану үрдісін де жеңілдетеді. Алдын ала жүргізілген презентациялар технологиясын пайдалану балалардың оқуға деген ынталылығын арттырып, сабақтың қызықты өтуін қамтамасыз етіп, оған дайындалу мерзімін қысқартады. Көптеген сабақтар Power Point бағдарламасында жасалады. Сонымен қатар, компьютерді пайдалана отырып, оқушы өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге, шығармашылығын дамыту мақсатында мұғалімнен алған тапсырмалар бойынша әртүрлі слайдтық презентациялар жасап, сабаққа дайындала алады. «Мақал-мәтелдер», «Жұмбақтар» т.б. өз беттерімен жасаған презентациялары оқушылардың өзіндік іс-әрекетке деген белсенділігін арттырады.

Тест тәсілін қолдануды жүзеге асыру үшін жан-жақты ойластырып, әдістемелік нұсқаулар, әдістемелер болуы қажет. Компьютер көмегімен тестік бақылау өткізуге болады. Компьютер бір мерзімде топтың, не сыныптың білімін тексеруге мүмкіндік береді. Әсіресе тест сұрақтарын орындау кезінде тиімді әдіс болып саналады. Мысалы, тақырыптар бойынша тест сұрақтары компьютерге енгізілген, сол бойынша өткен материалдарды оқушылар есіне түсіруге болады.

Ақпараттық технологиялардың оқу үрдісінде қолданылуы оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ақпараттық технологияның міндеті – оқушыларды білімге қызығушылығын, ізденушілікке

баулу. Заман талабына сай сабақта қолданылатын электрондық байланыс оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тындаумен қатар, түсінбей қалған сәттерін қайталап көруге, тындауға және алған мағлұматтарды нақтылауға мүмкіндік береді. Өз сабағымда оқушыларды шығармашылыққа жұмылдырып, электронды оқулықты пайдаланамын.

Тіл білімі саласындағы мәліметтер мөлшері, кез-келген басқа саладағы секілді күннен күнге көбейіп жатыр. Бүгінгі таңда біз желінің көмегімен мәліметтерді іздеуді, өңдеуді, сақтауды және жүзеге асыруымыз ыңғайлы, сенімді және тез болып табылады. Интернет желісінде ұстаздарға, оқушыларға арналған әртүрлі сайттар мөлшері күннен күнге көбеюде. Интернет сайттары бойынша пән мұғалімі оқушылармен жұмыс істеуге қолданылатын мәліметтерді пайдаланып, өзін-өзі жетілдіруіне мүмкіндігі мол. Сіз өзіңізге қажет мәліметті тергенде интернеттегі іздеуші машина енгізген сөзіңіз бойынша көптеген әр түрлі мәліметті береді. Білімді интернет жүйесінде игерудің тиімділігі – оқушыны сабаққа қызықтыра білудің бір түрі. Қорыта айтқанда, электронды оқулықтар мен интерактивті тақтаны өз дәрежесінде қолдануды үйренген оқушылар пәнге деген құштарлығы артады. Мұғалімнің ақпараттық мәдениеті – өмір бойы жаңалық іздеп, оны табу. Ізденіс – мұғалім өмірінің өзегі. Міне, ақпарат кеңістігін терең меңгерген мұғалім өзінің ақпараттық мәдениетінің биіктігімен, жан-жақтылығымен, кәсіби шеберлігімен, іскерлігімен ерекшеленетіндігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Болашаққа іргесін бірге қалаймыз» Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауы 2011ж.
- 2 Қазақстан Республикасының білім туралы заңы
- 3 К.Жантөлва.Қазақ тілін ақпараттық технологиялар жүйесімен үйрету.// Қазақстан мектебі,№3,2013,-21- бет.
- 4 Ә.М.Нұрмағамбетова. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу үрдісінде пайдалану.// Педагогикалық альманах,№3-4,2010,-64-бет.
- 5 А.Ғабитқызы. Кәсіби құзыреттілік және жаңа ақпараттық технологиялар.// Қазақстан мектебі, №11,2012,-5-бет.

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ДАРАЛЫҚ СТИЛІ

МАХАНБЕТОВА Д.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЖҮСІП Қ. П.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Өркімнің өзінше сөз саптау шеберлігі болады. Даралық стилі қалыптасқан қаламгерлеріміздің туындысын тіпті кейде авторын оқымай тұрып-ақ тауып аламыз. Бұл үшін, әрине, ол автордың сөз саптауымен, шығармаларымен таныс болуымыз тиіс. Бұл туралы әдебиет зерттеушілеріміз: «Өнер тарландарын бір-бірінен өсте шатастырмайсың. Әрқайсысы өзінше сөйлейді, өзінше толғайды, өзінше нақыштайды. Радиодан мысалы, музыкалы концерт бергенде, орындаушы әншінің есімдері көбінесе аталмайды. Ал ән сүюші қауым әнді айтып тұрған шынайы өнер адамы кім екенін айна-қатесіз таниды. Себебі әр әншінің өзіне ғана тән әуен-сазы, стилі, шеберлігі бар. Сол секілді ақын, жазушылардың да әрқайсысының өзіндік стилі бар. Олардың стильдері бір-бірінен өзгеше, бөлек. Демек, өнердің қай саласында болсын шынайы суреткер өзіндік өрнегімен, нақышымен көрінеді. Ақын-жазушы тек өзіндік қолтаңбасымен, даралық суреткерлігімен, өз стилімен айқындалады. Онсыз өнер иесі жоқ. Демек, стилін таныту дегеніміз – ақынды таныту деген сөз. Әр ақынның стиль ерекшелігін оның шығармасындағы көркем компоненттерін тану арқылы айқындауға болады» - деген [1, б.36].

Стильді өнер ерекшелігі ретінде қарастырған Қ. Жұмалиев шығарманың композициясын, жанрлық ерекшелігін және автордың тақырып таңдауын да стиль ретінде қарастырады [2]. Стиль туралы ой түйіндейтін болсақ, әр қаламгердің өзіне ғана тән суреттеу стилі, сөз саптау мәнері бар. Оны даралық стиль дейміз.

Зерттеушілер тарапынан «Маржан сөздің марқасқасы» атанып жүрген М.Ж.Көпеев суреткерлік шеберлігімен танылған тұлғаларымыздың бірі. Ақын суреткерлігі барлық шығармаларында көрініс беріп отырады. Осы суреттеу, көркемдеу тәсілдеріне қарай, біз сөз шеберінің даралық стилін танимыз.

М. Серғалиевтың пікірінше, «стиль – заттың негізгі белгісі мен қасиетін білдіретін ерекше көрінісі, сипаттық бейне ұқсастығы немесе белгілі бір ойды, идеяны білдіруде жалпы халыққа тән тілдік құралды пайдалану амалының жиынтығы. Стиль – әдеби дамудың деңгейі мен бағыт-бағдарын тануда, көркем шығармашылықты бағалауда ерекше орны бар ұғым. Эстетикалық категория ретінде

стиль – шығармашылық процестің, көркемдік ойлау процесінің, көркемдік қарым-қатынастың, туындының факторы болып табылады» [3, б.8].

Стиль туралы жазылған зерттеулерде поэзия жанрын толықтай талдау үшін, өлеңнің тақырыптық-идеялық мәнін ашып, жанрын айқындап, қаламгер стилін танытып қана қоюдың жеткіліксіз екендігі айтылады. Қаламгердің бейнелілік тудыратын тілдік құралдарды жұмсау ерекшелігін де таныту қажет. Поэзияның көркемдік ерекшелігін айқындау үшін, сол туындыдағы ажарлау және құбылту құралдарын танытудың мәні зор. Өлеңде қолданылған ажарлау және құбылту құралдары арқылы біз ақынның өзіндік келбетін, стилін, тілдік шеберлігін, ұлттық болмысын, дарындық талғамын тани аламыз. Мәселен, мына өлең жолдарынан М. Ж. Көпеевтің өзіндік даралық стилі, суреткерлік шеберлігі көрінеді. Мәшһүр Жүсіпте діни сөздердің қатысымен жасалған эпитеттер мол:

Жаратты пайғамбардың асыл нұрын [4, б.14]

Ізгі дұға алғыс бар бас-басыңа [4, б. 13]

Сахи адам – бір Алланың сүйер құлы [4, б.76]

Тура жол түзу бастар оңған жаққа [4, б.117].

Дінді аса жоғары дәріптеген Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінде осындай діни мазмұндағы тұрақты эпитеттер бар. Тіл мен дін байланысы өте ежелден келе жатқан байланыс. Мәселен, белгілі бір лексикалық бірліктің, яғни сөздің пайда болуы туралы қарастырғанда діни ұғымды білдіретін сөздер табиғатына да ерекше көңіл бөлінеді. Себебі олар біріншіден, ең көне, ежелгі сөз ретінде танылса, екіншіден, мұндай сөздердің көп өзгеріске түспейтін тұрақтылығы ескеріледі.

Мәшһүр Жүсіп тура жол тіркесін Аллаһ Тағаланың Ақ жолы, адалдық, имандылық деген сөздердің баламасы ретінде қолданады.

Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманы ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі - теңеу. Мұнда Мәшһүр Жүсіп Көпеев өз шығармаларында заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді: Лапылдап тал отындай жанайын да; Шабыт қыл қыран құстай шарыққа ұшып; ... Жылқыдай жау айдаған кетсең жытып; Қазылған жолдай болып қалсын ізің; Сылдырлап шығар едік ақ шыныдай; Болаттай кез келгенді кеспес пе едік; Біз жүрміз үкі құстай, күзетіп боқ; Шәйт қыл, қыран құстай аспанға ұшып; Жалғанды басып, жаншып, судай

кешіп; ... Қоңыраудай құр сылдырлып, іште дән жоқ; Бал мен қант ләззатындай сөйледім сөз; Бұлбұлдай заманымда жүрдім сайрап.

Ақын өлеңіндегі қай теңеуді алмайық, суреттеліп отырған нәрсені не құбылысты тура біздің көз алдымызға әкеліп, олар туралы дәл, нақты ұғым қалптастырады. Бұл ретте теңеу белгісіз затты белгілі затқа айналдырып, өлеңдегі авторлық идеяға қызмет етіп тұр. Ақын жоғарыда аталып өткен өлең жолдарында адамды, өз өзін отқа, құсқа, жылқыға, жолға және эпитетті теңеуді де әсем етіп қолданады, яғни ақ шыныдай деп, дерексіз затқа қоңырауға, бал мен қант ләззатына, бұлбұлға теңейді. Ақынның даралық стилін мына өлең жолдарынан анық байқаймыз:

Ал егер душар болса жаман қатын,
Қорсылдап шақырғандай есек затын.
Жыландай сүйір тілін сұғып, жаншып,
Күннен-күн артылпай ма кесапатын!...
Сөз айтса, қол сырнайдай тақылдайды,
Өз сөзін, өзі төре мақұлдайды.
Бір жұмыс, оған айтпай, байы істесе,
Суырдың айғырындай шақылдайды[4].

Бұл жолдарда Мәшһүр Жүсіп Көпеев жаман әйелдің қандай боларын суреттейді. Жаман әйелді жыланға, қол сырнайға, суырдың айғырына теңеу арқылы жаман әйелдің бейнесін көз алдымызға тура елестетеді.

Айқындау сияқты, теңеудің де құны сонылығында, ойламаған жерден өзгеше өрнектер жасап, құлпырып, ойнап тұруында, орнымен қолданылуында. Ақын өлеңдерінде жай теңеулермен қатар, бүтін бір құбылысты бірнеше сөзбен бір бөлек ұғымға көшіріп тұрған күрделі теңеулер де бар екенін көреміз.

Тілде өткір сөз, сөзі мірдің оғындай тұрақты тіркестермен берілетін сөздің ащы да уытты сипатын Мәшһүр Жүсіп жанған шокқа, қалақ оққа теңейді.

Кем де емес кейбір сөзім жанған шоктан,
Өркімге ауыр тиер қалақ оқтан.
Сөз осал бола қалды не қылғанда,
Шақпақтай от шығады шағылғанда[4].

Немесе, сөзді қолға түсе бермес гауһарға теңеп, құнын биіктетеді:

Білуші зер қадірін зергер болса,
Сөз асыл жауһар сондай кеннен шыққан.
Болғанда ақыл - дария, ауыз - садап,

Сөз - гауһар, сол садатпен алған жарып.

Бас қосқан мерекеледе жақсы-жаман,

Шешендер - мәуелі ағаш, сөз бір жеміс[4].

Метафоралық тіркестерді жұмсауда да ақынның қолтаңбасы көрініп отырады. Мәселен, өтіріктің бәйге алуы(Бәйге алды талай өтірік шыннан озып), өтіріктен ау жасау(Өтіріктен ау жасап, бұрыш қиып), өтірік өрттей лаулап жанып жатыр (Өтірік оттай лаулап жанып жатыр, Ессіз жұрт көбелектей барып жатыр); Өсектен көпір(Баянауыл, Қызылтау арасына Қожа жүрген өсектен көпір салып) және т.б.

Келтірілген тіркестердің барлығын да авторлық қолданысқа жатқызамыз. Ақынның өз қаламынан туған сөз құбылтулар. Өсек айту дегеннен гөрі өсектен көпір салу әлдеқайда әсерлі әрі бейнелі. Былайша алғанда, өсек пен көпірдің еш байланысы жоқ. Көпір сөзінің «екі жақты жалғастырушы» мағынасы жаңа бір мағынаның тууына, яғни «өсекті бір елден екінші елге тасушы», себеп болған.

Ұлттық сөз өнерінің өзіндік өрнегін айқын, терең де өрелі ойға толы көркем мұраларды беруде Мәшһүр Жүсіптің поэтикалық дүниесі ерекше теңдесі жоқ туындылар екендігіне тағы бір көз жеткіздік.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ақшолоақов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. -Алматы, «Мектеп», 1983.
- 2 Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. -Алматы, 1966. – 384 б.
- 3 Серғалиев М. Стилистика негіздері. -Астана. - 2006. -271 б
- 4 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 1-том. –Павлодар: ЭКО, 2003.- 436 б.

ЯЗЫКОВОЕ ВОСПИТАНИЕ И СОЦИАЛИЗАЦИЯ ЛИЧНОСТИ ЧЕРЕЗ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ СЕМЬИ И ШКОЛЫ В КОНТЕКСТЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

МУКАТАЕВА Ж. Т.
учитель, Малыбайская СОШ, г. Павлодар

Современная модель языкового воспитания и социализация личности школьника в контексте национальной идеи «Мәңгілік Ел»

призвана поддерживать многонациональность страны в условиях глобализации мира и оказывается возможным средством развития культуры в практику воспитания и обучения. Реализация данного Проекта «Знание языков-путь к успеху» предполагает содействие, чтобы подрастающий человек мог определить свое место в жизни, привить уважение к другим культурам, убедить, что знание языков - путь к успеху.

Актуальность темы: многообразие мира, языков, культур определяет в настоящее время философию межкультурного взаимодействия. В Послании «Мәңгілік Ел» Глава государства коснулся и проблем развития языков. Он выдвигает принцип триединства в языковой политике.

Цель проекта:

Осознание важности и необходимости поликультурного воспитания.

Создание благоприятных условий для обеспечения взаимопонимания школы и семьи в социализации личности ребёнка, мотиве изучения языков, раскрытия индивидуальности, творческого потенциала в рамках идеи «Мәңгілік Ел», формирование качеств, способствующих ориентации в современном поликультурном обществе.

Задачи:

– Просветительская – повышение педагогической культуры родителей. определение эффективных форм развития языковых способностей.

– Консультативная – поиск методов эффективного воздействия в процессе приобретения учебных навыков изучения языков.

– Коммуникативная – обогащение опытом культуры взаимодействия семьи и школы, формирование коммуникативной культуры учащихся.

– Предполагаемые результаты реализации проекта

– Повышение психолого-педагогической культуры родителей.

– Ориентированность личности на гуманистические ценности.

– Видение и учёт социально-педагогических проблем семьи.

– Бесконфликтная гражданская позиция личности в обществе.

– Реализация собственного «Я» для развития языковых способностей.

Проблема. Необходимость разработки новой концепции языковых предметов, обогащение образовательных дисциплин поликультурной проблематикой. Семья и школа – два важных

института социализации детей. Их воспитательные функции различны, но для всестороннего развития ребенка необходимо их взаимодействие. «Если хочешь помочь ребенку, помоги его родителю», - отметил Н. Пезешкиан [5, с.67].

Решение проблемы. Поликультурное воспитание -это новое направление, которое привлекает нашу страну и является педагогической реакцией на проблемы глобализации в современном мире, межличностные и межэтнические конфликты, политические и религиозные противоречия.

Идея Елбасы «Мәңгілік Ел» становится главной темой нашей национальной идеологии. Президент не просто призывает построить «Мәңгілік Ел», он заложил начало этому великому делу. «Сегодня мы должны провести индустриализацию страны, сохранить язык и религию, единство народа, строить добрососедские отношения с сопредельными странами, дать детям достойное образование, развивать науку и добросовестно трудиться».[2, с.2]

В этой связи интересными представляются следующие вопросы: Что думают по поводу педагоги, как они относятся? Эту идею воспринимаем с полной поддержкой. Во-первых, это национальное единство. Во-вторых, высокая духовность. Экономический рост на основе индустриализации и инноваций. Это Общество Всеобщего Труда. Общность истории, культуры и языка. Это глобальное участие страны в решении общемировых проблем. На основе «Мәңгілік Ел» мы воспитываем учащихся. (таблица 1)

Нас, педагогов, волнует вопрос: Как сформировать социально адаптированную личность? Каким должен портрет выпускника школы? В результате изучения психолого-педагогической литературы и педагогического опыта создается следующий портрет личности: образованный, нравственный, знающий языки, способный самостоятельно принимать решения в ситуации выбора, способный к сотрудничеству, к самосовершенствованию.

Таблица 1 – Языковое воспитание и социализация личности школьника

№	Наименование темы проекта	Этапы	Исполнители
1 год	«Языковое воспитание и социализация личности школьника через взаимодействие семьи и школы в контексте национальной идеи «Мәңгілік Ел»	«В семье единой» Двуязычие в школе	Педагоги, родители, ученики
2 год		«Знание языков-путь к успеху»	
3 год		«Поликультурное воспитание в казахстанской школе»	

Язык – это основное средство социализации личности в информационном обществе. Социализация – двусторонний процесс: с одной стороны, усвоение ребёнком социального опыта путём вхождения в социальную среду, т.е. воздействие среды на человека; с другой – воздействие человека на среду через его деятельность. Понятие «социализация» тесно связано с такими понятиями, как «воспитание», «обучение». Социализация личности начинается в семье с первых лет жизни, в школе – с отношения к предмету, проявления самостоятельности, готовности к диалогу и работе в группе.

Ученые (В. И. Загвязинский, А. Ф. Закирова) выделяют стихийную социализацию [6, с.43]. Проблемой является поиск методов нейтрализации действия негативных факторов стихийной социализации (влияние асоциально настроенных сверстников на личность ребенка, интернет-зависимость, агрессивное окружение). Практика показывает, что школа продолжает предоставлять набор определенных знаний. Учителя не учитывают специфику подросткового возраста и современную ситуацию в информационном развитии общества. «Учебный процесс продолжает строиться через классно-урочную систему, в которой учитель остается носителем информации», – утверждает Ш. А. Амонашвили [4, с.48]. Следствием является резкое падение интереса к процессу обучения. Решением проблемы мы сейчас и занимаемся. Например, создание такой образовательной среды, в которой учащийся будет занимать активную личностную и социальную позицию, раскрываться как субъект учебно-воспитательной деятельности.

Речь идет об «информационно-коммуникационной среде, вовлекающей учащихся в процесс межличностного и межкультурного общения» [3, с.94]. Технология социализации личности школьника

на основе действенного владения языком будет технологией продуктивного успеха. (Таблица 2) Проблема «язык как средство социализации личности» в лингвистике четко не сформирована, однако следует отметить, что еще А.А.Леонтьевым были проведены исследования в раскрытии этой проблемы. [8, с.65]

Таблица 2 – Социализация учащихся по направлениям

Возраст	Направление	Задачи
1 класс	«Ученик и его семья»	Знание традиций своей семьи и школы
2 класс	«Ученик и его друзья»	установление дружеских взаимоотношений в коллективе
3 класс	«Ученик и школа»	творческое отношение к учебному труду, развитие языковых способностей
4 класс	«Ученик и его родной край»	ценностное отношение к природе
5 класс	«Ученик и его здоровье»	знание здоровьесберегающего режима, стремление активно участвовать в делах класса, школы, семьи;
6 класс	«Ученик и его свободное время»	формирования умение выражать себя в доступных видах творчества; интерес к полиязычию;
7 класс	«Ученик и общество»	отрицательное отношение к нарушениям порядка, к невыполнению человеком своих обязанностей.
8 класс	«Человек и его возможности»	обучение решению задач, связанных с нормами права и проблемами морального, языкового саморазвития
9 класс	«Человек и труд»	уважение к труду и творчеству, формирование навыков самостоятельности.
10 класс	«Личность ученика и его интеллектуальные возможности»	потребность в созидательной деятельности, положительном отношении к труду как средству самоутверждения
11 класс	«Ученик -патриот и гражданин»	ценностное отношение к Родине, отечественному культурно-историческому наследию.

Школа должна представлять собой образовательную среду, в которой, с одной стороны формируется личность, а с другой стороны, происходит социальное, профессиональное и гражданское самоопределение. (Рис.3) На это указывает и национальная идея Н.Назарбаева «Мәңгілік Ел» и образовательная программа «Новая казахстанская школа»: «Главные задачи современной школы –

раскрыть способности каждого ученика, воспитать порядочного гражданина, патриота своей страны, готового к жизни. Обучение должно построено так, чтобы выпускники могли самостоятельно ставить и достигать серьёзных целей, умело реагировать на разные жизненные ситуации»[1, с.3].



Рисунок 3 – Практическая работа

Языковое воспитание преследует три цели: уважение и сохранение культурного многообразия; поддержка равных прав на образование, развитие в духе общенациональных, духовных ценностей. Это одновременно

приобретение знаний и соответствующее воспитание. (Табл 4.)

Эффективное воспитание возможно при условиях:

- 1 Управление процессом социализации целенаправленной организации внеклассных мероприятий.
- 2 Учет возрастных и индивидуальных особенностей.
- 3 Преемственность детского сада и школы в изучении языков.
- 4 Организации участия педагогов дополнительного образования.

Таблица 4 – Основные этапы реализации проекта

I. Подготовительный этап (Информационно – накопительный)	
1	Диагностика с целью выбора оптимальных форм взаимодействия семьи и школы.
2	Ознакомление с передовым отечественным и зарубежным опытом.
3	Изучение эффективных инновационных форм и методов взаимодействия. Анализ результатов анкетирования с участием психолога, языковедов, с целью планирования совместной работы по воспитанию, в том числе языковому, знакомство с формами сотрудничества.
4	Планирование просветительской работы с родителями с целью влияния на становление взаимоотношений в семье и повышение уровня воспитательного потенциала. Составление перспективного плана проекта. Проведение коучинг-сессий среди педагогов школы.
5	
6	
II. Основной этап (Перспективный план реализации проекта)	
1	Выстраивание концепции и выделение приоритетных задач воспитания и социализации личности учащихся.
2	Внедрение полиязычных курсов, кружковых занятий, репетиторства.
3	Вынесение на рассмотрение плана проекта, утверждение форм сотрудничества, обсуждение совместных мероприятий.
4	Организация тематических программно- информационных консультации “По предметам” (совместно с учителями-предметниками).
5	Проведение праздников, конкурсов, соревнований, предметных недель.
6	Изучение английского учителями, не владеющих языком.
III. Заключительный этап	
1	Подготовить и провести тренинги для учащихся и родителей.
2	Организовать мероприятие “Знание языков-ключ к успеху”.
3	Презентация проекта «Поликультурное воспитание школьников».
4	Проведение и обработка повторного анкетирования учащихся и родителей, для выявления эффективности системы воспитательных мероприятий.
5	Подведение итогов реализации проекта. Исправление недочетов проекта.

Критерии эффективности

- 1 Наличие материалов динамики развития способностей детей.
- 2 Создание условий, обеспечивающих оптимальное развитие детей.
- 3 Данные исследований, подтверждающих положительные отзывы всех участников учебно-воспитательного процесса
- 4 Программы с включением поликультурного и билингвального компонентов воспитания и образования школы.
- 5 Желания детей и родителей продолжать изучение иностранных языка.

В соответствии с заявленной темой, гипотезой и целью, структура работы построена таким образом, что в начале рассматриваются общие вопросы социализации, языкового или

коммуникативного воспитания учащихся, а затем – вопросы воздействия на указанные процессы средств педагогики информационных технологий с учетом конкретных примеров.

Введение трехязычного спецкурса на практике (из опыта работы).

В нашей школе ввели курс «Машхуроведение», который проводится на трех языках: на казахском, русском и английском языках. Цель курса – знакомить с творчеством М-Ж. Копеева-поэта, публициста. Чтение и говорение на трех языках курса способствуют формированию читательских навыков; развитию лингвистических способностей учащихся. У детей появился интерес к переводу. Спецкурс, проводимый на трех языках позволяет повысить роль полиязычия и общий уровень литературного образования школьников. Мы работаем с Научным центром «Машхуртану» ПГУ им. Торайгырова Центром в тесном сотрудничестве. Опытом работы я поделилась на Областной конференции «Формирование коммуникативной, языковедческой и культуроведческой компетенции учащихся».

Школа должна работать на будущее своих учеников и стараться создать все условия для успешной социализации личности.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Закона «Об образовании РК» (29.12.2012 г.)
- 2 Послание Н.Назарбаева «Мәңгілік Ел» 2015 год
- 3 Алексашина, И. Ю. Глобальное образование: проблемы и решения: Дайджест / СПб.: СпецЛит, 2004.
- 4 Амонашвили, Ш.А. Размышления о гуманной педагогике / М., 1995.
- 5 Молдабекова Р.Б. Духовно-нравственное воспитание-приоритет новой молодежной программы. Открытая школа. Алматы. Информац-методический журнал №4(95)2010г.
- 6 Назарова М.Д. Проблема социализации личности школьника.- М.:Наука, 2003.
- 7 Пассов, Е. И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению — М., 1989.
- 8 Ресурсы материалов Интернета. Булыгина Д. А. Социализация личности учащихся основной школы в условиях информационно-коммуникационной среды ОУ// Педагогическое мастерство: материалы междунар. науч. конф. (г. Москва, апрель 2012 г.). — М.: Буки-Веди, 2012.

АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ – ТІЛДІ ДАМУДЫҢ ҚҰРАЛЫ

МУКЫШОВА А. Т.
тәрбиеші, № 20 сәбилер бақшасы, Кенжекөл ауылы

Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаев қазақстандықтарды біріктіруші басты фактор болып саналатын қазақ тілін одан әрі дамытуға барлық күш-жігерді жұмсау қажеттігін бірнеше рет атап өтті. Сонымен бірге, елімізде тұратын барлық этнос өкілдерінің өз ана тілінде еркін сөйлеуіне, оқуына және тілдерін дамытуына қолайлы жағдай жасау қажет. Тілдерді қолдану және дамытудың, білім мен ғылымның 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламалары іске асырылуда [1, 3 б.].

«Тәрбие – тілден басталады» шынында халқымыз ана омырауынан ажырамаған кезден-ақ бөбегінді ана тілінің ақ уызымен ауыздандыра баста. Ана тілі – адамның ғұмыр бойғы серігі, рухани қуаты, күрестегі құралы!, деген. Ал қазіргі кезде техниканың неше түрі отбасында бар. Сол себепті көп жағдайда, балалар ұзақ уақыт жансыз техникамен бірге қалады. Ал ол техника – машиналар сияқты қалай бұрсаң солай болады. Баланың миы белсенді қызмет жасауы үшін қажетті тәрбие жағдайын қамтамасыз етуге жансыз нәрсенің (техниканың) күші жетпейді. Осыны білген ата-бабамыз: бесік жырымен бөбегінді тербете біл, ертегі айтып, естілікке үйрет, аңыз - әңгімелер айтып, елінің тарихымен таныстыр. Бүгінгі бөбекке қамқорлық жасаған адам ертеңге еңбек сіңіреді, деген.

Ұлттық сананың ең негізгі белгісі – әр ұлттың тілі, өзін-өзі танып білуі, өзін өзге ұлттардан айыра білуі, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді бүкіл адамзаттың мақсаттары мен мүдделеріне ұштастыра білу. Абай қазақтың өткенін жақсы білді. Өз заманының құбылыстарын терең түсінді. Ұлттық пиғыл, әдет-ғұрыпты «құлақтан кіріп бойды алар» психологиялық өлең жолдарымен өрнектеп болашаққа жол сілтеді. Туған халқының болмыс-бітімін, психологиясын бейнелеп, тайға таңба басылғандай көрсете отырып, көкірек көзін ашуға бар күшін, өнерін жұмсады.

Осы орайда, Ғарифолла Есім жолымен жүріп мынаны аңғарамыз: Абай өлеңдері мен қара сөздерінде байқау, байқағыштық, ес, ойлау, қиял, сезім, ақыл, мінез, қайрат, тағы басқа «жан қуаттарын» (психологиядағы құбылыстарды) қарастырады. Абай жеке адамның дамуындағы іс-әрекет рөлін, ондағы мотивациялық

өріс жүйелері: мақсат, қажеттіліктер, түрткілер жөнінде көптеген пікірлер айтқан [2, 282 б.].

Ендеше, ауыз әдебиеті – әуелі жеке дарындардың дулы ауыздарынан шығып, кейін оны халық қалап, қастерлеу, жаттап, жадында қалдырып, ғасырлар бойы өндеп, өркендетіп, қадірлеп қалыптастырып, асылым деп ақыл-санасына сіңірген ауыз әдебиетінің үкілі үлгілері – мәдени мұрамыздың ең құнды қазынасы. Ол – ұрпақ тәрбиесінің күн сәулесіндей әсерлі нұрымен от алатын ой тамызғы болып, жанды жалындататын, қиялды қияндататын, ақыл-сананың айшықты көріністерін бейнелейтін қасиетті, киелі мұра.

Шешендік сөз – тек ауыз әдебиеті жанры ғана емес, дүние туралы ой байламы, дүниенің тегі жөніндегі белгілі бір тиянақты көзқарастық позицияны арқау еткен тұжырым, әлемді рухани игерудің формасы, басқаша айтқанда, табиғат, адам мен қоғам зандылықтары туралы болжаулар, пайымдар мен ақыл-ой жиынтығы.

Санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мазақтама, тақпақ, жырлар мен ертегілер, аңыз әңгімелер бәрі де тілді, ойды дамытып, тәлім-тәрбие беріп, дүние танытатын ғаламат туындылар.

Халық педагогикасының бұл саласы ғасырлар бойы бала тәрбиесіне өз өрнектерімен әсер етіп, қазіргі көркем әдебиет нұсқаларымен дамып келеді.

Ал, халықтың мақал-мәтелдері педагогикамен қатар, философиялық дәрістердің де түсініктемелеріне арқау бола алады.

Мақалдар – нақыл, өсиет түрінде айтылған философиялық ой түйіндері, сөз мәйегі. Мақалдар, көбінесе өлеңдік өрнекпен, сабырлы, салмақты ырғақпен айтылады, қара сөзбен, яғни шешендікпен айтылған мақалдар да бар. Мақал, негізінен екі бөлімнен құралады. Бірінші бөлімде пайымдау, екінші бөлімінде ой қорытындысы айтылады. Тура мағынада («Еңбек етсең ерінбей. Тояды қарның тіленбей»), ауыспалы мағынада («от жақпаған үй қорамен тең, адам кірмеген үй – моламен тең») қолданылатын мақалдарды, көбінесе халық шығарған. Жыраулар мен ақындар, ел басылар мен батырлар, зиялы адамдар шығарған мақалдар мен мәтелдер де көп.

Мәтелдер, негізінен, тұжырым тұспалы өлеңде сынар тармақты, қара сөзде нұсқалы сөз ретінде айтылады. «Өлең сөздің патшасы – сөздің сарайы», «Қызым саған айтам, келінім, сен тында», т.б. Мәтелдер де тура мағынада. «Қадірінді білгенге жұмса» деп және ауыспалы мағынада «Тікен гүлін қорғайды» деп айтылады.

Қазақ халқы – сөз қадірін біліп, қасиетті сөзді қастерлеп, аузынан тастамай, өнеге ретінде данышпандығын өлең өрнектерімен,

терең мағыналы сөздермен зерделеп келе жатқан халық. Ауыздан шыққан мәтелдер мен мақалаларды үздіксіз пайдаланып, үлгі етіп, ұрпақ тәрбиесіне парықтап пайдалану дәстүрге айналған.

Қазақтың мақал-мәтелдердің көбірек қамтитын тақырыптары: елдік, ынтымақ, тірлік туралы мақал-мәтелдер.

Туған жерге туынды тік.

Ит тойған жеріне,

Ер туған жеріне.

Өз елім - өлең төсегім.

Отан – оттан да ыстық.

Бала ұрпақты баулу, тәрбиелеу – аға ұрпақтың, мойнына жүктелетін тарихи парыз, игілікті уәзипа.

Бабамыз Абай баланың бойына алты асыл қасиет пен үш асыл мінез-құлық сіңіру парыз деген. Біріншіден зерде-зейін; 2) өнер-өріс; 3) тапқырлық, талап, ерлік; 4) жігер-күш; 5) қайрат қару; 6) білім. Міне, осы алты қасиетпен қатар үш асыл мінез: 1) елі мен туған-туыс, жұрағат-жекжат, дос-жолдасқа адал болу; 2) өте әділетті болу; 3) шындықты тура бетке айту.

Қазақ халқы өз ұрпағын бесікке салғаннан бастап, оның ақыл-ой тәрбиесінің негізі – терең ойлау мен пайымдау екендігін ұрпаққа жан-жақты ұғындырған.

Санамақтарды халық, негізінен, жас балаға сан үйрету мақсатымен шығарған. Санамақтар әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Санамақтардың түрлері көп, оның үстіне жаңадан қосыла береді.

Атау ұйқастырып санау арқылы бала әрі сан үйренеді, оның үстіне санға аты ұйқасқан заттарды танып біледі:

Бір дегенің – білеу,

Екі дегенің – егеу,

Үш дегенің – үскі,

Төрт дегенің – төсек,

Бес дегенің – бесік,

Алты дегенің – асық,

Жеті дегенің – желке,

Сегіз дегенің – серке,

Тоғыз дегенің – торқа,

Он дегенің – оймақ,

Он бір қара жұмбақ.

Балалар бақшасында балдырғандарға санамақтардың сан алуан түрлерін үйретіп, оны айтқызу, санамақ шешімдерін дұрыс

шешкендердің білімін бағалап, оларды мадақтай білу керек. Кейбір санамақтарды және олардың ұйқасты шешімдерін әнге қосып айтуға болады.

Нақты бір зат туралы тұспалдап, ұқсатып, бейнелеп айту арқылы баланы ойлату, танымдық, білімдік, ұғымдар мен түсініктерді ойқиял елегінен өткізіп, тұжырым жасап, шешімге келуде тапқырлық пен дүниетанымдық дәрежесін байқау үшін, халық ертеден-ақ жұмбақтардың алуан түрлерін шығарған. Ертегі жұмбақтар:

Апаң, апаң –

Ескі шапан,

Иір қобыз,

Жарық жұлдыз (түйе)

Сияқты, көбінесе мал шаруашылығына байланысты және:

Сүмбіл теректі,

Жасыл желекті,

Ертеден қалмайды,

Жауға керекті (найза)

Сияқты қару-жарақ, құрал-саймандар туралы болған.

Заман өзгерген сайын халық педагогикасы жаңа мазмұнды жұмбақтармен толыса береді. 19-20 ғасырда бу машиналары, электротехника, радио, телеграф, самолет, ракет, космос кемелері т.б. техникалық, мәдени прогрестерге байланысты жұмбақтар туды.

Жұмбақтардың дүниетанымдық, ой дамытарлық мәнімен қатар, тәрбиелік мәні ерекше. Өйткені жұмбақ айтысу, жұмбақтарды жаттау кезінде тәрбиеленуші өзінің білімін дәрежесін байқап, көруге талпынады, жауапкершілікке бейімделіп, өнерге талпынушылығы артады.

Баланың жасы өскен сайын оларға айтылатын ертегілердің мазмұны да күрделілене түскен. Ертегі – бала таным-тіршілігін, ақыл-ойын дамытуда тамаша құрал екенін естен шығармаған жөн.

Халық баланың тілін ширату, үшін, оған сөз үйретін, дүниетанымын дамыту мақсатында жаңылтпаштар ойлап шығарған.

Балбөбектің тілі шығып, балдырған жасында сөздік қоры молая бастаған кезде, кейбір дыбыстарды айта алмай немесе қинала айтады. Тілін мүкістендірмей, мүдірмей сөйлеу үшін, қиналып айтатын дыбыстары бас сөздерді бала неғұрлым жиі-жиі дыбыстап айтып, жаңылмай жаттықса, сөйлегенде де мүдірмей, өз ойын толық жеткізетін болады. Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тілін ардақтау, сөз қадірін білу сезімі қалыптасып, ойқиялы дамиды, тәлім алады.

Жаңылтпаштарды халық бала психологиясы мен тілінде болатын мүкістерге сәйкес шығарған. Тілі шыға бастаған жас бөбекпен, тілі шыққан балдырғандардың тілінде көбінесе «р» дыбысы мен «и» дыбысын, «ш» дыбысын «с» дыбысымен шатастыру байқалады. Әсіресе, тілдің алдыңғы дірілмен айтылатын «р» дыбысын айту алғаш көптеген бөбектерге қиын сияқты болып көрінеді. Сондықтан жаңылтпаштар да, көбінесе «р» дыбысын қатар айтуға құрылған:

- Дегенде, әй, Тайқарбай, әй, Тайқарбай,

Қойынды май жусанға жай, Тайқарбай.

- Тайқарбай, Майқарбайлар толып жатыр,

Әй, Тайқарбай, дегенің қай Тайқарбай?

Жаңылтпаштарды жаңылмай айтудан, жаңылтпаштарды білуден озып шыққан баланы ынталандырып, мадақтап, сыйлық беріп мерейін арттыру қажет.

Балалар бақшасында тіл ширату, көркем сөз оқу, тақпақ айтуға балдырғандарды жаттықтыру үшін арнайы уақыт бөлініп, эстетикалық тәрбие жұмыстары жүргізіледі, мүмкіндігінше жаңылтпаштарды әнге қосып айтуға да болады. Балалар бақшасында ұйымдастырылған жаңылтпаш айтысудың мәні зор. Ол үшін, тәрбиеші күні бұрын жоспар жасап, керекті жаңылтпаштарды топтай білу керек. Әрине, тілі өте мүкіс, көбінесе логопедиялық дәріс алып жүрген баланы ондайда ұятқа қалдырып, сағын сындырудан сақ болған дұрыс. Өйткені жаңылтпаш айтудың психологиялық әсері де ерекше. Әсіресе, жаңылтпаштық жаттығулар арқылы «р» дыбысына тілі келіп, сөзді мүдірмей айтуға үйренген баланың қуанышы қойнына сыймай, өмірдің өткелінен өткендей әсер алады.

Халқымыздың сан ғасырлық тыныс-тіршілігінің өзіндік ерекшеліктерінен туындаған ұлттық тәлім-тәрбиеге қатысты салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары да мол «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» дегендей, атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуді арман етіп «шыншыл, әділетті, иманды болу сонау ата-бабамыздан келе жатқан дәстүріміз» [3, 22 б.].

Тәрбиенің үздіксіздігі – баланың күн тәртібіндегі барлық іс-әрекетінде жүретін процесс. Шынында да, жас бала үшін мәселені шешудің бірінші құралы - оның практикалық іс-әрекеті. Бала мәселені шешу үстінде өзіне берілген затпен тікелей әрекет жасайды. Мұның мәнісі шешілуге тиісті нәрсенің көрнекті түрде берілуінде және қолымен, яғни, практикалық дене әрекетінің қатысуымен

шешілуінде. Ойлаудың осы сатысындағы маңызды ерекшеліктердің бірі - сөздік өрнектер арқылы ойлау, тіпті жас баланың ең «ақылды» деген маймылдың ойлауынан түбегейлі айырмашылығы да осы арада. Сөз арқылы тәжірибенің жинақталуы баланың біртіндеп сөздік логикалық ойлауға мүмкіндіктер береді.

Ойлау мен практикалық іс-әрекеттің, ойлау мен сөйлеудің, ойлау мен сезімдік бейненің арасында аса күрделі, құбылмалы және сан алуан қатынастар бар. Бұл қатынастар тәрбиешінің күнделікті пайдаланып жүрген оқыту тәсілдеріне, жатығуларға байланысты да өзгеріп отырады.

Сөздің сырын ұғына, түсіне келе бала жалпылау мен жинақтауды, салыстыру т.б. ой тәсілдері мен формаларын практикада қолдана алуға үйренеді. Ойлаудың жоғары сатысында ой процесінің қызметі күрделене түседі, сөз – логикалық ойлау құдыретті күшке айналады.

Ойлау үстінде адам бұрын есте сақталған біліміне сүйенеді, оның эмоция, сезім әрекетінде белсенділік туады, қызығуы, темпераметі жанданады, бұлар адамның ойлау қызметіне өң беріп, мақсатты іске бағыштайды.

Ойлау сөз арқылы жарыққа шығады. Енді осы қағидаға орай сөйлеу туралы бірер түйін келтіріп кетейік:

Тіл – қоғамдық құбылыс, ол – қарым-қатынас құралы. Бұл – оның негізгі қызметі. Сөйлеу дегеніміз – тілдің көмегімен әр адамның бір-бірімен қарым-қатынас жасау процесі. Сөйлеудің жалпылау қызметі арқылы заттар мен нәрселердің мәнді және елеулі ерекшеліктері белгіленеді. Ал сөйлеудің коммуникативтік функциясы арқылы адам өз білімін өзгелерге жеткізеді. Сөйлеудің алғашқы функциясы ішкі психикалық іс-әрекет интериоризация деп аталса, коммуникативтік функция сыртқы психологиялық әрекет экстериоризация басқа адамдармен қатынас жасауға бағытталған. Бұл өзгелерге арналған дауыстай сөйлеу қарекеті.

Сөйлеу алдымен сыртқы, ішкі: болып, біріншісі ауызша және жазбаша, болып, ал ауызша сөйлеудің өзі диалог пен монолог болып бөлінеді. Диалог сөйлеу көбінде: екі адамның бір-бірімен тікелей қарым-қатынас жасауы үшін қолданылады. Ал монолог сөйлеу – тәрбиешінің сабақты түсіндірудегі басты құралы.

Балаларға іштей сөйлеудің функциясы және механизмі туралы да түсіндіру қажет. Іштей, үнсіз сөйлеуді оның мидағы резерві десе де болады. Сөйлеу әрекеті – ми сыңарларының талдау, жинақтау қызметі мен байланысып жатады. Бұл жөнінде И. П. Павлов:»... тіл ең әуелі сөйлеу органдарынан ми қабығына баратын кинестезиялық

тітіркенулер, екінші сигналдар - сигналдардың сигналы болып табылады да, жалпылауға мүмкіншілік береді, ал соңғысы бізге ғана тән ең жоғары ойлауды құрайды».

Балада сөйлеуді дамыту және оны тәрбиелеу ерекше назар аударатын мәселе. Оқу - тәрбие барысында балалардың сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін арттыру аса маңызды мәселелер екендігін, балаларды сөйлеу мәдениетіне төселдіруде бірлесе атқаратын жұмыстары да сан қилы екендігін естен шығаруға болмайды. Бұл жөнінде психология оқулықтарында бір сыдырғы мағлұмат берілген [4, 614 б.].

Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Тәрбие ісі – «ой шұңқыры», қыры мен сыры мол, неше түрлі тәсіл, әдістерді қажет ететін аса күрделі процесс. Бұл жерде, осы айтылғанның бір жағына ғана, яғни тәрбие негізгілерінің бірі – тәрбиеленушілерге талап қоя білу, оның нәтижесін қадағалап отыру мәселесіне тоқталмақпыз. Адамға дұрыс талап қойылмаса, тапсырылған іс уақытында қадағаланбаса, біртіндеп берекесіздік пайда болады. Сондықтан балаға кішкентай кезінен бастап шамасы келетін талаптар қойып, міндеттер жүктеп, олардың орындалуын бақылап отырмаса, жас өскінді жауапкершілікке, өз борышын дұрыс түсіп білуге машықтандыру қиын.

Шара қолдану мәселенің түпкі себебін іздеуден басталуы қажет, өйткені, әр уақытта да себепсіз ештеңе болмайды. Сондай-ақ, кісінің теріс қылықтарын айыптап, тиісті жаза қолданып отыру белгілі талаптарға сәйкес жүргізілуі тиіс. Бұлардың кейбірі мына төмендегілер: біріншіден, жазалау әр уақытта әділ, адамның кінәсіне лайықталып берілуі қажет. Екіншіден, жаза әр уақытта бала санасында із қалдырып, оны жақсы жолға итермелейтіндей етіп берілетін болсын. Үшіншіден, жаза жеңіл түрден ауырға қарай, әр бұзақылықтың өзіндік ерекшелігіне қарай қолданылуы қажет. Төртіншіден, шәкірттің теріс қылығының ақ-қарасы нақты тексеріліп, оның бұрыннан белгілі ерекшеліктері (білімі, қабілеті, жалпы мінез-құлқы, т.б.) ескеріліп отырылсын. Бесіншіден, тәрбиеші бұл шараны аса байсалдылықпен, оның жеке басын тәлкек етпейтін түрде ұйымдастырылғаны абзал. Тәрбие тәсілдері мен тетіктерінің осы айтылғаннан басқа да сан алуан түрлері болатыны әркез тәрбиешінің есінде болуы тиіс.

Қорыта айтқанда, тәрбиеші – мектепке дейінгі мекемедегі басты тұлға. Қазіргі уақыт талабына сай жаңа стандарт талабы бойынша оқу-тәрбие жұмысын кешеді түрде ұйымдастыруда жаңашыл тәрбиешілердің негізгі тәрбие құралы ауыз әдебиет болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 147 Жарлығымен бекітілген Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы Астана, 2015 жыл

2 Оразбекова К.А. «Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында» – Алматы: Дәуір, 2000 – 544 бет.

3 Табылды Ә. Қазақ этнопедагогикасы: Оқу құралы. – Алматы: «Білім», 2004 – 288 бет.

4 Жарықбаев Құбығұл Бозайұлы Жантану оқулығы жоғары және арнаулы орта оқу орындарының, сондай-ақ университеттер мен пединституттардың педагогика және психология бөлімінің студенттеріне арналған. – Алматы, 2008 – 632 бет.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН ОҚИТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

МУХТАШ Х.

бастауыш сынып мұғалімі, Жамбыл орта мектебі, Ақсу қ.

Халық ауыз әдебиеті-талай ғасырлардан келе жатқан мұра, сарқылмас бай асыл қазына. Қазақ халқының бай салт дәстүрі мен әдебиетінің келер ұрпаққа берер тәрбиесі көп. Соның ішінде халық ауыз әдебиетінің маңызы ерекше. Жазу сызу болмаған кезде халықтың ой-арманынан шыққан әңгімелер, жұмбақтар, тілдерін ұштаған жаңылтпаштар, өткір тіл, ұшқыр ойдан шыққан мәтелдер, бейбіт, зұлымдықсыз, әсем өмірді аңсағанда шыққан қиял-ғажайып ертегілердің бәрі баланың тілін дамытып, ой өрісін арттыруда ерекше рөл атқарады. Балалар да ертегі тыңдап, бір-біріне жұмбақ жасырғанды, жаңылысып жаңылтпаш айтқанды, тұрмыс-салт жырларын айтқанды ұнатады. Халық ауыз әдебиетінің салалары көп. Олар ертегілер, батырлық жырлар, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, өтірік өлеңдер. Осы салаларды балалардың жас ерекшелігіне қарай және оларды

жалықтырып алмайтындай етіп, сана-сезіміне әсер ету арқылы қызықтыра отырып, бойларына сіңіру, әрі олардың тілдерін дамыту үлкен жауапкершілікті талап етері хақ. Өйткені сәби жастан бастап балаларға ертегі тыңдатып, халық ауыз әдебиетімен сусындату келешек ұрпақ ойының ұшқырлығына, тіл байлығына, сана-сезімінің өсіп дамуына көп әсерін тигізеді деп ойлаймын.

«Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде» болғандықтан әдебиеттік оқу сабағында оқушыларға тақпақтарды жалаң жаттатып, ертегілерді құр оқытып қана қоймай, оны оқушының санасына сіңіріп, мағынасына терең бойлатуға тырысамын. Сондай-ақ ежелгі ата-бабаларымыздан жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызды, тарихымызды балалардың жадына жастайынан сіңіріп өсіруіміз шарт.

Мектептің бастауыш сатысында оқушыларды тәрбиелеу мәселесі ең негізгі талаптардың бірінен саналады. Қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінің барлығы дерлік балаға өмір танытарлық қызмет атқарары сөзсіз. Баланы тәрбиелеу ісіне қажетті барлық мүмкіндіктер ауыз әдебиеті үлгілерінен табылады.

М. Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінің баланың психологиясына тигізер әсер-ықпалына терең мән береді. Қазақтың бесік жырының баланың есту сезіміне, ертегілердің ақыл-ойына, мінез-құлқына, тілін, қиялын дамытуға тигізетін әсерін дәйектеп көрсеткен.

Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда халық ауыз әдебиетінің кейбір үлгілерінен қысқаша мағұлматтар, үзінділер беріледі. Әсіресе, батырлар жырынан үзінділер, аңыз-әңгімелер, ертегілер, шешендік сөздер және тағы басқалар 1-4 сыныптарда қысқаша берілген. Қазақ халқының сан жылдардан бізге сақталып жеткен ауыз әдебиетінің үлгілерінде халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрпы да молынан көрініс тауып отырады. Ауыз әдебиет үлгілерінің мазмұнымен таныстыра отырып, рухани мәдениет үлгілерінің де танымдық мәнін оқушыларға түсіндіру-бүгінгі мұғалімнің басты міндетті. [4, 9 б.]

Халық ауыз әдебиетінің түрлері көп. 1- сынып оқушыларына қысқаша қызықты ертегілер, өлең жырлар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, санамақтар сондай-ақ мазактамаларды пайдалана отырып, балалардың тілін, ой-өрісін, дүниетанымын, қиялын дамытады

Халықтық шығармалардың ішінде ертегілердің балаларға тигізетін әсері ұшан теңіз.

Халықтық ертегілер-халық өмірін бейнелейтін фантастикалық негізге құрылған оқиғалы көркем шығарма. Ертегінің бай фантастикасы балалардың ойына қозғау салып, өмірдің неше алуан сырларын танытады, сана-сезімі мен ақыл-ой қызметінің дамуына, ерте қалыптасуына көмектеседі. Ертегіні балар сүйсіне тындайды, себебі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа айтылып, әбден екшеліп, халықтың даналы, тапқырлық ой пікірлері жинақталып, көркем әрі жеңіл тілмен берілетіндігінде. Ертегі оқиғасы басталатын жерден-ақ қызықты, ұшқыр қиялды болып келеді де, баланың ойын бірден қызықтырып, еліктіріп әкетеді. Халық ертегілерінің ішінде балалар арасына кең тарағаны- хайуанаттар жайындағы ертегілер. Ондай ертегі кейіпкерлерінің өмір сүру жолындағы, қарым-қатынастар жасаудағы айла тәсілдері балаларға ой салады. Бұл ертегілер баланың санасын оятып, мақсат-мұрасына жетуге үйретеді. Бұл жөнінде Мұхтар Әуезов: «Ертегілер жас баланың ой-санасын оятып, қиялының шарықтап өсуіне әсер етеді.», -деп көрсеткен. Хайуанаттар жайындағы ертегілердің бәрін алып қарасақ та, баланың ұғымына сай, түсінуіне жеңіл, күлкілі, қызықты болып айтылады. Ертегілерде балаларға ой салатын екі сипат бар. Олар: Ертегі бәрі кейіпкерлерінің мінез өзгешеліктерін, сырт көріністерін, күн көрінісін байқайды. Есту, тыңдау арқылы олар енді тікелей білуге, зерттеуге құштарланады. Екіншіден хайуанаттар жайындағы ертегілер арқылы оны мысал ете отырып, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, олардың мінез-күлқын салыстыра отырып, байқайды. [1, 55 б.]

Жаңылтпаштар-балаларға арналған ойнақы да қызықты жанр. Тіліміздегі қиын айтылатын дыбыстар мен сөздерден, сөз тіркестерінен тұратын жаңылтпаш жанры бала тілін ұстартуға жаттықтыратын таптырмас құрал. Әсіресе жаңылтпаштар жас балалардың тілі келе бермейтін р, ш, с, қ дыбыстарын дұрыс, анық айтуға; сондай-ақ ш-с, з-с, а-ә, о-ө, ү-ү, ы-і, қ-ғ, к-г, н-ң дыбыстары бар сөздерді алмастырмауға; кейбір дыбысталуы ұқсас, мағынасы әр басқа сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс айтуға үйретеді. Жаңылтпаш адамды өнерге, ойын дамытуға, тілін жаттықтыруға үйрететін этнопедогогикалық туынды болып есептеледі. Жаңылтпаш-баланың ойлау қабілетін дамытуда, тілін ширатуда, дүниетанымын дамытуда маңызы зор. Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тілін ардақтау, сөз қадірін білу сезімі қалыптасып, ойы қиялы дамиды, тәлім-тәрбие алады. Кейбір шешендік сөздер мен қанатты сөздердің және ертегілер мен мақал-мәтелдердің төркіні

осы жаңылтпаштармен де ұштасып, жалғасып жататынын көруімізге болады. [3, 88 б.]

Жұмбақтар балалардың ойын өсіріп, танымын кеңейтумен қатар тілін де дамытады. Жұмбақтың шешуін айту кезінде балалар сипаттау, пайымдау, дәлелдеу тәсілдерін үйренеді. Өз ойын дұрыс, дәлме-дәл, нақты, керекті сөздермен жеткізуге тырысады. Жұмбақтың шешуін сипаттау тілімен айтқан кезде нәрсенің (заттың) түрін, түсін, көлемін, дәмін, салмағын және т.б. білдіретін сөздерді пайдаланады. Пайымдау тілімен айтқан кезде егер де, сондықтан да, сол себепті, солай болғанда, яғни және т.б. сөздерді қолданады. Дәлелдеп айтқан кезде біріншіден, екіншіден, үшіншіден, тағы да және т.б. сөздермен ойын реттеп, тәртіптеп, жіктеп жеткізеді. Жалпы алғанда, жұмбақ – адамның дүниетану жолындағы ой - өрісін, қиялының белгілі бір сатысын көрсететін ұшқыр ойдың бір түрі. Жұмбақты шешу адамның зеректігін, ақыл-парасатын, білімін байқатады. Жұмбақ жанырына тән ерекшелік – көлемі шағын, құрылымы жұп – жұмыр, шымыр болып, аз сөзбен көп нәрсені айта білуге бейімділік. Жұмбақ сөйлемдері көбіне қысқа, жинақы келеді. Қазақ жалпы жұмбақты адамдардың білім деңгейін, парасатын аңғартатын үлкен өнер деп есептеген, сондықтан ақындар, ел ішіндегі шешен, би, т. б. данагөй, қадірменді адамдар бір-біріне жұмбақ жолдап, ақыл - ой сынасып, таным салыстырған. Жұмбақ қара сөз түрінде де, өлең түрінде де, ақындық айтыс түрінде де кездеседі. Осы жұмбақтардың қай-қайсысы болса да халықтың ғасырлар бойы жинаған тәжірибесіне негізделіп, оның тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, ұлттық дәстүрімен тығыз байланысты туып, дамып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған.

Мақал-мәтелдермен жұмыс жүргізу баланың ойлануын және қиялын қарыштатады, сезімдерін сергітеді. Халықтың ой топшалуына, сөз зергерлігіне сергектікпен қарауға, оның мағынасына мән беруге үйретеді. Мақал-мәтелдер баланы нақты ойлауға, сөздің астарлы мағынасын терең түсіне білуге жетелейді.

Қазіргі жаһандану заманында өскелең ұрпақты сана-сезімі, ақыл-ойы қазақи ұлттық құндылықтарды жоғары бағалайтын, бар асылды бойына сіңірген саналы ұрпақ етіп тәрбиелеуде мақал-мәтелдің алар орны ерекше. Әр бір мақалды оқи отырып оның мағынасын түсініп, өмір жолына бағыт алып, кез келген әрекетке қорытынды жасап, саралай білуде даналардан шыққан асыл сөздің пайдасы тиері сөзсіз. Ұлттық құндылықтарымызды, салт-

дәстүрімізді мақтан етіп, қаймағы бұзылмаған қалпында ұрпақтан - ұрпаққа қалдырумызға мақал-мәтелдегі ақылдың пайдасы тиеді.

Батырлар жырында ел қорғау жолындағы батырлардың ерлік-істері жырланатындықтан, оның шәкірттердің бойына елжандылық, Отансүйгіштік, ар-намыс, батылдық, адалдық, сөзге беріктік тәрізді қасиеттерді дарытуда рөлі ерекше. Қандай шығарма болса да, оның негізгі мақсаты – тәрбие. Ауыз әдебиеті – балалардың ой-санасы мен мінез-құлқын қалыптастыратын тарихи мектеп. Ал батырлар жыры – сол мектептің маңызды құралы. Батырлық жыры эмоциялық әсермен тыңдаушының ынтасын арттырып, көріктілігімен көкейге қонады; ол шаттандырады, ондағы трагедиялық және қуанышты жайларды тебірене сезініп, ыстық жаспен, ынталы ықыласпен қабылдайды. Сондықтан ақын болмаса да, асыл жырларды жаттап алушылар көп болған. Жаттампаздық құрғақ жаттау емес, жадына жақсыны сақтап, өнегелі өмірге пайдалана білуді халық әрқашан да мақсат еткен. Ел Ер Тарғындай ер болуды, Қобыландыдай батыр болуды, Қамбардай қамқоршы болуды ұрпақтарына үлгі еткен.

Шешендік сөздер қазақ ауыз әдебиетінің күрделі де көркем бір саласы болып табылады. Қазақтың дәстүрлі шешендік сөздерін: шешендік толғау, шешендік арнау, шешендік дау деп шартты түрде үшке бөлуге болады. Шынайы шешендік қиялдан тумайды, өмірлік оқиғалардан, табиғи құбылыстардан туады, көп жылдық тәжірибе мен сан рет қайталау арқылы сыннан өтіп халық мойындаған қағидаға, даусыз ақиқатқа айналады. Оның үстіне әр дәуірдің әр түрлі сөз шеберлерінің талғамынан, толғауынан өтіп шешендік сөз “тілге жеңіл, жүрекке жеңіл” тиетін сүйкімді үн мен ырғаққа ие болады. Қоғам қашанда дарынды қабілетті адамдарға мұқтаж. Дарынды адамдар қатарын көбейту үшін олардың сөйлеу тілі және танымын дамыту керек. Сондықтан біз, мұның негізі халқымыздың даналықпен айтқан шешендік сөздерінде жатыр деп қарастырдық. Қазіргі кездегі оқу-тәрбиенің міндеті осы тың жатқан дүниені, даналыққа құрылған қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді, шешендік өнерді жас ұрпақтың бойына қалыптастырып, сол арқылы рухани байлығын арттыру. [2, 115 б.]

Қазақ халқы әділеттілік пен адамгершілікті, ақылдылық пен батырлықты ертеден-ақ өте жоғары бағалап әңгімеге, ән-жырға арқау етіп отырған. Халықтың ауыздан – ауызға тарап, бізге жеткен ертегі, аңыз-әңгімелерінің барлығында да ақылдылық пен ақымақтық, адалдық пен арамзалық, жақсылық пен жауыздық қатар көрсетіледі. Ауыз әдебиеті үлгілерінің тәрбиелік маңызы орасан

зор. Оларды оқу арқылы балалар қарапайымдылық, кішіпейілділік, қайырымдылық, адалдық сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді.

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу үлгілері, сөзге қызығушылығы мектептің алғашқы сыныптарында қалыптасатын болғандықтан оларға ұлттық тәрбие бере отырып, халықтың сан ғасырдан бізге дейін сақталып жеткен салт-дәстүр, әдет – ғұрып негізінде тәрбиелеу, қазақ халқының ешкімге ұқсамайтын, өзіне ғана тән төл мәдениетін бойына сіңдіру – бастауыш сыныптарда атқарылатын жұмыстардың негізгі мақсаты болуы шарт.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М, Әдебиет тарихы, Қызылорда, 1927, 55бет
- 2 Жұмалиев Қ, Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері, 1958, 115 бет
- 3 Ғабдуллин М, Қазақ халқының ауыз әдебиеті, 1972, 88 бет
- 4 «Бастауыш мектебі» журнал, 2015, 9бет

РАМАЗАН ТОҚТАРОВТЫҢ «БАҚЫТТЫ ҚҰЛДЫҚТЫҢ АҚЫРЫ» АТТЫ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ МАҚАЛ - МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

НУРГОЖИНА Н. А.
магистрант, «Тұран-Астана» университеті, Астана қ.

Қазақ тілінің байлығын, көркемдігін ашып көрсететін тілдегі сөздер тобының бірі – мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдерді зерттейтін ғылым паремнология деп аталады. Грек тілінен аударғанда паремия сөзі нақыл, тәмсіл деген мағынаны білдіреді. Мақал-мәтелдер негізінен халық арасында ауыздан – ауызға таралып сақталғаны баршаға мәлім.

30-жылдардан бастап қазақ мақал – мәтелдерін жинақтап, жүйелеп, жариялап келген әдебиетші ғалым Өтебай Тұрманжановтың тұжырымы былайша: «Мақал мен мәтелдер – ауыз әдебиетінің ең байырғы, ең көне түрі; ол ғасырлар бойы халықтың ұқыптап сақтап келген еңбек тәжірибесінің жиыны, ой - пікірінің түйіні, аңсаған асыл арманының арнасы, өмір тіршілігінің айнасы, көнеден жаңаға, атадан балаға, қалдырып келе жатқан, тозбайтын, тот баспайтын өмірлік өшпес мұра», - деп анықтайды [1.3].

Қазақ ғалымы С.Н.Нұрышевтың анықтамасы бойынша: «Мақал – ауыз әдебиетінің қазақ халқының өмірін барлық жағынан кең түрде қамтып алынған жанрларының бір түрі» [2.128]. «Мақалдар халықтың қуанышы мен күйінішін, даналығы мен өмірден алған тәжірибесін жарыққа шығарудың бұқара арасында неғұрлым көп қолданылатын формаларының бірі болып қана қойған жоқ, оның үстіне моральдық заңдар жинағы сияқты болып кетті, мақал көбінесе елеулі талас- тартыстардың, дау – жанжалдардың тағдырын шешетін өте маңызды дәлел ретінде қолданылатын болды».

Ертеде ауыз әдебиетінің үлгілерін зерттеген В. В. Радлов, Әбубәкір Диваев, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев және сонымен бірге А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлы, Х. Досмұхамбетұлы, С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов сияқты қазақ халқының арыстары елеулі зор үлес қосқан. Кейінгі кезде мақалдар мен мәтелдерді жинастыру мен зерттеуге қазақ қаламгерлері арасынан Мұзафар Әлімбаев, Балтабай Адамбаевтар ерекше еңбек сіңірді.

Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Шоқан Уәлиханов. Ш. Ш. Уәлиханов пен Л. И. Березин архивтерінде XIX ғасырдың елуінші жылдарында ел аузынан жазып алынған екі жүзден аса мақал-мәтел сақталған. Қазақ фольклорын жинап жариялаушылар: Ш. Ибрагимов, М. Терентьев, Ы. Алтынсарин, Я. Лютшь, Ф.Плотников, Н. И. Гродеков, А. А. Васильев, П. М. Мелиоранский, А. А. Диваев, Н. Ф. Катанов, Н. Н. Пантусов, В. В. Катаринский т.б. болды.

Қазақ мақал-мәтелдерін зерттеген ғалымдардың бірі – Рахметолла Сәрсенбаев. Ол «Қазақ мақалдары мен мәтелдерінің лексика-стистикалық ерекшеліктері» дейтін кандидаттық диссертациясында мақал мен мәтелдердің құрылымын, лексикасын, стилистикасын қарастыра отырып, оған талдау жасаған.

Мақал-мәтелдерді көркем мәтінде қолдану тәсілдері ғалымдардың ерекше назарын аударады. Олар баяндаудың не басында – тақырып ретінде, ортасында – пікір жалғастыру үшін, не аяғында қорытынды ретінде қолданылады. Сонымен қоса олар тиянақты ойды білдіреді.

Қазақтың рухани мол мұрасы мақал-мәтелдер Рамазан Тоқтаровтың «Бақытты құлдың ақыры» атты шығармасында көптеп көрініс тапқан.

Рамазан Тоқтаровтың «Бақытты құлдың ақыры» атты шығармасындағы мақал - мәтелдердің қолданысы әр қырлы екені байқалады.

Романда мақал-мәтелдер жайдан-жай айтылмайды, белгілі мақсатты ойды жүзеге асыру үшін қолданылады, оларды пайдалану тәсілінің бірі тиянақты ойды білдіріп, тыңдаушының сезіміне ерекше әсер ету үшін пайдаланылады.

Жазушының мәтінде мақал құрылыс жағынан екі, үш бөлімді болып, тиянақты ойды білдіреді. Мақалдардың алдыңғысында іс әрекеттің шарты мен жағдайы айтылып, соңынан сол пікірді қорытындылап түйіндейді. Мәселен, «Жыланды үш кессең де, кесіртке құрлы әлі бар» деген, бағы тайып тұрса да өзі ұқсаған түбі шикі Катковпен әлі де біраз шырғаласар шама онда болатын. (Р. Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 150 б.);

«Аналы жетім – еркелі жетім, әкелі жетім – арсыз жетім» деген бар, үсті – басы таза, сүйкімді көрінгенімен, тұла бойынан әлдебір күтімсіз, бапсыздық сезіледі. (Р. Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 244 б.);

Мақал-мәтелдердің халықтық қолданысынан ауытқымай қолданылуы жазушының жиі қолданылатын тәсілінің бірі:

«Қазаншының еркі бар – қайдан құлақ шығарса» деген мақалды білмеуші едің? (Р. Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 205 б.);

Жаман айтпай жақсы жоқ, осы сапардан оралуым қиындаса, баяғы іс деп біл. (Р.Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 98 б.);

«Құланның қасуына мылтықтың басуы» (Р. Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 182 б.);

«Алтынның қолда барда қадірі жоқ, маған бала болатын бала әне сол еді, не керек», -деп отырады. (Р. Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 165 б.);

Халықтық қолданысынан өзгеріссіз қолданылған мақал-мәтелдерден тағы да мысалдар:

Тағы да бір мысал: «Жүргенге жөргем ілінеді» деген, алғашқы жылдары табыссыз да болған жоқ. (Р.Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 172 б.); Бұл берілген халықтық қолданыстан ауытқымаған мақал-мәтелдерде тұлғалық өзгерістер болмаса да айтылар ойға эмоциялық реңк үстеп тұрғаны белгілі.

Әкесі жер ауып кеткен, ағасы Михаилдың өлі-тірі екені белгісіз «суға кеткен тал қармайдының» керімен сілімтік Катковтың етегінен ұстаған түрі ме? Тек жалғау арқылы өзгеріске енгізген.

Автордың тағы бір қыры - өз мәтінде мақал – мәтелдерді жанадан енгізген:

«- Сен екеуіңді біздің айналасың қыздары: «Ағайынды қоңыр қаз, үлкеннің басы таз» - дейді. (Р. Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 244 б.);

«Жер жүзінде бәрі уақыттан қорқады, уақыт Мысыр мазарынан қорқады» деген сөз бар. (Р. Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 227 б.);

«Қыздың жаны - әкеде»деп өзің айта беретіңсің. (Р. Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 103 б.);

«Мың қораға – бір кесек» деген, қазір орталарыңа түсі бөлек бір тентек кіріп кетсінші, тым-тырақай қаша жөнелмесеңдер, маған келіңдер. (Р.Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 215 б.);

«Қартайғаныңды кейінгі жастан біл» деген осы – ау? (Р.Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 210 б.);

«Еркек тоқты - құрмалдық» деп, ғазиз басын ел-жұрты үшін өлімге тіккен бір көзсіз ер неге шықпайды? -(Р.Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 10 б.);

Мақал-мәтел тұлғасына тән тұрақтылыққа қаншама берік және тіл үшін нормаға айналған стандарт болса да, компоненттерін өзгертіп айтуға байланысты автордың еңбегінде инварианттар да жоқ емес. «Ақыр заманның баласы аласа туар, өзіңменен жағаласа туар» деген. (Р. Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 68 бет)

Мақал-мәтелдердің әртүрлі өзгерістерге, тұлғалық модификацияларға ұшырауы салдарынан пайда болған, тіл практикасында бір-ақ рет қолданыс табатын түрлерін инварианттар деп атаймыз. Инварианттық өзгерістер автордың тек өз еркінде, образы мен бейнелешілік әсерін, эмоция-экспрессивтік қуатын бойында сақтай отырып, пайдаланатын талантына байланысты. Мысалға, «Құдайдың шайтанынан адамның сайтаны күшті» деп неге айтқан? Халықтық қолданыстағы «Құдайдың сайтанынан, адамның сайтаны жаман» мақалының «жаман» сөзін «күшті» сын есіміне алмастыру арқылы мағына үстеген.

«Бұлай айтып қаламын деп өзі ойламаған, ауыздан шыққан сөз – атылған оқ» (Р. Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 247 б.); халықтық қолданыстағы нұсқасы «Айтылған сөз – атылған оқ», яғни «ауыздан шыққан сөз» тіркесін «айтылған сөз» тіркесімен алмастыру арқылы қолданған.

Орыс халқының мақал-мәтелін өзгертпестен, сол қалпында қолдануы автордың тағы бір қыры: «Тоналмаған үй, таланбаған мүлік қалмасын, қирағаны қирап, бүлінгені бүлініп болсын, «Семь

бед, один ответ», қиындық, шығынсыз ешқандай революция жүзеге асқан емес.» (Р. Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 157 б.);

Мақал - мәтелдер белгілі бір тілде сөйлеуші халықтың өткен өмірі мен даналығы бойында сақтап, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа үзілмей ауысып келе жатқан асыл мұра, рухани қазына болып саналады.

Мақал – мәтелдерді жазушылардың қолдану аясы әр түрлі. Мысалға, «Қорқақты көп қуған батыр болады» мақалын Р. Тоқтаров «Бақытты құлдың ақыры» шығармасында былай қолданса, «Қорқақты көп қуған батыр болады», Кеңесары шыққанша ғана екен бұлардың ереуілдеп атқа қонып жүргені, (Р.Т - 216 б.);

М. Әуезов «Заманхат» әңгімесінде «Қазақ бұрын пәлендей батыр еді, ақылды, адал еді деп, құр сөзбен желіктіріп, осы күнгі жұртты батыр, намыскер қыла қояйын деген ой менде жоқ. Онымен халық селт етіп, қалпын аудармамайтыны белгілі. Бірақ заман ыңғайы еріксіз қорқақты көп қуып батыр қылды ма, өздігінен сүйегіне сіңген мінезі ме еді, әйтеуір бұрынғы қазақтың бұл күнгіден бар мінезі ірі екені анық еді. Бұған ешкімнің дауы жоқ» - деп сұраулық шылай арқылы әсерлеп жазған. («Жас азамат» газеті, 1918 жыл 15.10., №7-8 сандарда)

Р. Тоқтаров шығармасындағы мақал – мәтелдер тақырыптық жағынан әр түрлі. Кейіпкердің ішкі жан дүниесін, психологиясын сипаттауы: «Апа, апа, жігітіңнің міні жоқ, қалтасында дымы жоқ» деп айна алдында сөзденіп, кипақтап тұратыны көз алдынан кетпейді. (Р. Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 90 б.);

Халықтың тіршілігін суреттеу мақсатында: «Жырттық үйдің де құдайы бар» деген, бұлар соны дәтке қуат етіп, тағы біраз күн тым-тырыс отырып қалды. (Р. Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 68 бет)

Жауынгерлік сипаты: «Бәрі арығын білдірмес, итке жүнін кампайтардың» кері, қырға шапқан жазалаушы милиция отрядтарымен белдесіп айқасады. (Р. Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 104 б.);

Сыйластық сипат: «Жолдасың соқыр болса, бір көзінді қысып отыр» деген, ана қасымдағы орыстың көңілі үшін ғой. (Р. Тоқтаров. Бақытты құлдың ақыры, 221 б.);

Сондықтан да бұрыннан келе жатқан даяр материал болғандығына қарамастан, жұрт мақалдарды айтуға да, сонымен қабат тыңдауға да соншалықты құмартып тұрады. Мақал-мәтелдердің адам баласының өмірінде қамтымайтын саласы жоқ. Соның бәрін аз сөзбен көп мағыналы етіп білдіреді. Мақал-мәтел

әр заманның өзіне лайық туып көбейіп отырады. Р. Тоқтаровтың шығармаларында қолданылған мақал-мәтелдердің дені халықтық сипаттағы мақал-мәтелдер болып келеді. Автор оларды негізінен түпнұсқа күйде берген.

Р. Тоқтаров ұлттық тілдің бай қазынасы – сөздік құрамын мейлінше шебер пайдаланып, әр сөзін, сөйлемін, тұтас мәтінін мәнерлі, өткір шебер тілмен өрнектеген және оларды белгілі бір стильдік мақсатпен ұтымды пайдаланып отырған. Мақал-мәтелдер автордың мәтнінде арнайы кіргізу тәсілдерін қолданады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ө. Тұраманжанов. Қазақ мақал-мәтелдері. Алматы, 1997 ж.
- 2 С. Нұрышев. Қазақтың халық мақалдарының даму тарихынан. Алматы, 1959 ж.
- 3 М. Ғабдуллин Қазақ халқының ауыз әдебиеті, А., 1958 ж.
- 4 Т. Қоңыров. Қазақ теңелері. Алматы, 1980 ж.

Қ. МЫРЗАЛИЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

НУРКИНА Н. А.

оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТІЛЕУБЕРДІ Г. Қ.

оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жанр мәселесі – әдебиеттану ғылымындағы маңызды мәселелердің бірі. Әрбір көркем шығарманың жанрлық ерекшеліктері сол шығарманы жазған автордың қаламгерлік ерекшеліктеріне байланысты болады. Мысалы, әр жазушы осы жанрға бұрын-соңды ешкім енгізбеген өзіндік өзгешелігін енгізеді. Қазақ әдебиеттануында жанр мәселесі көп зерттелген тақырып. Осы жанр мәселелерін қарастырып, зерттеген еңбектердің қатарына қазақ әдебиеттануындағы ең алғашқы жанр мәселесі қарастырылған еңбектерді жатқызуға болады, ол еңбектер: А. Байтұрсынұовтың «Әдебиет танытқыш», Қ. Өмірәлиевтің «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі: XIX ғасырдың бірінші жартысы», М. Қаратаевтың «Туған әдебиет туралы ойлар», т.б. зерттеу еңбектері. Сонымен қатар М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, М. Қаратаев, Б. Шалабаев, З. Ахметов, С. Қирабаев, М. Базарбаев, Р. Бердібаев, Т. Кәкішов, М. Хасенов, Н. Ғабдуллин, Т. Қожекеев, Ә. Нарынбетов, Т. Әбдірахманова,

Ш. Елеуенов еңбектері де қаламгерлердің шығармашылығына, жанр, стиль және әдеби әдіс мәселелерін саралауға арналған.

Жиырмамыншы ғасыр ұлттық жазба әдебиеттің алтын ғасыры болып саналады. Бұл кезеңде қазақ поэзиясы мен прозасы бұрын болмаған көркемдік деңгейге көтерілді. Әсіресе, қазақ поэзиясы дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік келбетін суреттей отырып, көркем бейненің мінез-болмысын, қарым-қатынасын, ой-аңсары мен ішкі жан-дүниесін терең ашты. Осындай ерекше қасиет сол кезде қалам тартқан ақындардың көпшілігінің лирикасында айқын байқалды. Солардың бірі де бірегейі – поэзия әлемінде өзіндік өрнегі бар тамаша ақын, Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырзалиев. Бұл мақала осы ақынның шығармаларының жанрлық ерекшеліктерін қарастыруға арналған.

Қадыр Мырзалиев – XX ғасырдағы қазақ поэзиясының жан-жақты өсіп-өркендеуіне, кемелденуіне және болашақ ұрпақтың ұлттық рухын қалыптастыруға ерекше еңбек сіңірген ақын. Қазақ поэзиясының дамуына зор еңбек сіңіріп, көркемдік жағынан үлкен үлес қосқан Қадыр Мырзалиевтың шығармашылығы әрқашан жоғары бағаланып, оқырмандарының ыстық ықыласына бөленіп келеді. Қадыр Мырзалиев – қазақ поэзиясын ұлттық нақыштармен өрлеген, ұлттық көркемдік ойлау дәстүрін жалғастырған және жаңа ерекше көркем образдар тудырған ақын. Қазақтың ұлттық поэзиясына өзінің қайталанбас ерекше бір көркемдік әлемімен келген Қадыр Мырзалиевтың шығармашылығы қазақ әдебиетінің тарихына өшпес мұра ретінде енді. Ақынның озық үлгідегі тамаша туындылары қазақ әдебиетінің алтын қорын байытып, ұлтымыздың рухани қазынасына айналды.

Қадыр Мырзалиев өлеңдерін тұтастай алып қарайтын болсақ, олардың тақырыбы, мазмұны – адам, оның бойындағы сан мың алуан сезімдер, ойлар, адамның өмірге деген құлшынысы, көзқарасы, оның түрлі толғаныстары, адамның табиғатпен байланысы, адамның тағдыр-тіршілігі болып келеді. Бұлардың қай-қайсысы да тақырып, мазмұн ретінде жаналық емес, сан рет толғанған сырлар, жырланған шындықтар, әбден шиыр болған тақырыптар мен мазмұндар. Бірақ осы тақырыптар мен мазмұндардың қандайы болмасын, Қадыр ақынның тілінде жаңа қырынан, бұрын-соңды ешкім айтпаған соны мағынада, тың пішінде көрінеді.

Қадыр Мырзалиев шығармаларының табиғаты да өзінше. Ондағы тақырыптық идея да әр алуан. Алайда өлеңін қай тақырыпқа арнаса да ақын негізгі нысанасы – адамды, оның еңбегін, дәстүрін,

тұтастай тұлғасын танытуға ұмтылады. Мұны бүкіл әдебиеттің тақырыбы десек те болады. Дегенмен, ақын біткеннің негізгі тақырыбы ортақ болғанмен, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі де болатыны белгілі. Адамды жырлауда Қадыр ақынның да өзіндік ерекшелігі, өзіндік мәнері, өзіндік қолтаңбасы айқын көзге шалынады.

Қадыр Мырзалиев еңбегі арқылы өзінен кейінгілерге ұстаз боларлықтай ақын. Оған дейін қозғалған тақырыптардың бәрі де сол кездегі барлық ақынға тән, ортақ құбылыстар болатын. Ал Қадыр Мырзалиев болса осыған дейін сан мың рет айтылып кеткен нәрседен өзгеше ой түйіп, әр тақырыпқа өзіне ғана тән ерекшелік дарыта білген ақын. Сонымен қатар Қ. Мырзалиевтың бұрын басқа ақындар көп бара бермейтін ойшылдыққа баруы, оны сол тұстың өзінде-ақ өзгелерден даралап, алда әлі айтар тың пікір, соны ойларының бар екенін аңғартқан болатын. Енді ақынның өлеңдерін жанр жағынан топтастырып көрсек.

Қадыр Мырзалиевтың ойлану өлеңдері. Ақынның лирикасы сансалалы, көп тақырыпты, орасан зор, ауқымды дүниелер. Ғалымдар зерттеулеріне сүйене отырып, ақын өлеңдерін жанрлық табиғаты жағынан топтастыру кезінде толғау өлеңдерін талдай отырып, оны шартты түрде философиялық өлеңдер деп топтастыруды жөн санадык. Философиялық өлеңдерін «ойлану өлеңдері» деген атпен жеке алып қарастырдық. Ақынның философиялық өлеңдеріне тоқталар болсақ, дүние жайлы толғана отырып, қоршаған ортамыздың тылсым сырларын, өмір заңдылықтарын өзінше ұғып, өзінше пайымдағанын көреміз. Өмір жайлы ойларын, толғауларын, оның кейбір тылсым, түсініксіз сырларын әр ақын әр түрлі жеткізеді. Ақынның «Аспан әсері» атты өлеңінде:

Көрсетпейді ғашықтарды күлгін бақ,
Күлгін бақта құшақтағы гүл қымбат...
Жеткен талай сері түннің түбіне
Жымындайды қыз-жұлдыздар қылмындап.
Отыздағы ойлы азамат, ал ақтал!
Орман кезіп нағып жүрсің далақтап?!
Отыз күннің басын шауып түсірген
Қылыш-Ай тұр қақ төбеңде жалақтап!

Бұл сырлы өлеңінде ақын уақытын бос өткізіп жүрген жастарға ой тастайды. Осындағы «күлгін бақ», «сері түн», «қыз-жұлдыздар», «қылыш-ай», деген метафоралармен «қылмындап», «далақтап», «жалақтап» деген экспрессивтер қатар келіп, кантракт тудыра

отырып, ерекше эмоциялық сезімдік қуат беріп тұр. Өлеңде осы екпін тоқталмай аяғына дейін асқақ тенеулермен көркем кестеленген. Ақын сол арқылы ой тастаған.

Қадыр Мырзалиев поэзиясында да адам туралы, өмірі туралы ой толғап, өмір сырын әр түрлі қырынан, атап айтқанда, эстетикалық, философиялық, биологиялық, психологиялық, дүниетанымдық тұрғыдан қарастыруға ұмтылғандығын байқаймыз.

Ақын ойлау, ойлану деген ұғымға үлкен мән береді, оны өмір, болмыстың, дүниенің ғажап сырларына терең бойлау, не нәрсені болсын ақылмен сынап, ұғып түсіну мағынасында алып қарайды.

«Адам жылап туады, жатады жұрт жұбатып,
Және жылап өледі, өзгені де жылатып.
Жылайтыны туа сап – жамандар бар қинайтын,
Жылайтыны өлерде – жақсылар бар қимайтын».

Өлең әркімді өзінің өзгеше философиялық тереңіне тартып, оқыс ойға шомдырады:

«Жанартаудың сөнгендері – даңқты,
Атылмаған жанартаулар – қауіпті».

Ақын өлеңдері «адам», «тағдыр», «өмір», «махаббат», «имандылық» т.б. сияқты философиялық-танымдық тақырыптар құрайтынын аңғарамыз. Ақынның қазақ халқы жайлы жазылған өлеңінде үлкен сыр жатыр.

Қадыр Мырзалиевтың тұспал өлеңдері. Тұспал өлеңдер қатарына Қадыр Мырзалиевтың «Қаладағы қартайған ат» өлеңін жатқызуға болады:

Қаладағы атты «пырақ» деп атай отырып ақын даланың еркін өскен сәйгүлігінің бүгінгіжайын ойлы көзбен қаратады. Жүйрік қыран аттың сұлыға қанағаттануы, жаралы андай болуы оқырман жүрегін шымырлатпай қоймайды.

Ал боз пырақ
Ұмытып көк шалғынды,
Дорбадағы сұлыға мөз болады.
Қорғаншақтар бишара жаралы андай,
Қолдануға болады шара қандай?!
Қазақтары қаланың қарайды оған,
Жүйрікке емес,
Соғымға қарағандай!

Қадыр Мырзалиевтың мұң өлеңдері. Қазақ ақын-жазушылары өз шығармашылықтарында халық жайлы ой толғамай өткен емес. Ел өмірінің келеңсіз жақтары, жетістіктері мен кемшіліктері, жақсы-

жаман жақтарына ақын күйіне де, ренішпен күңірене, кекете де, кейде түйрей айтып, қатты сынайды. Ақынның туған еліне, жұртына бей-жай қарай алмайтынын, сүйіспеншілігі мен жаны ашитындығын аңғарамыз. Ақынның халқының жақсы қадір-қасиеттерін бағалайтынын бағалай отырып, кемшіліктеріне күңіренетіндігіне, елінің болашағына сенетіндігіне өлеңдері арқылы көз жеткіземіз. Мысалы ақынның «Қазақтарға» өлеңіне назар аударсақ:

Керегіне жұмсай алмас күшін де
Кемшілік бар үлкенімде, кішімде.
Сәл ертерек ошағының оты өшкен:
Қазақтардың бір қайнауы ішінде!
Тауым биік, Көлім тұнық, Жерім кең,
Кім болса да бізге дос боп көрінген.
Бір жантайса тұру қиын, жайылып
Жүрген малын қайыруға ерінген.
Қай заманда бұл даладан қашты мұң?!

Қоршаған табиғаттың ластануы да ақын қаламына іліккен. Қадыр Мырзалиев «Ақша қар» атты өлеңде экологиялық мәселелерді былай дейді:

Аяз сорған алқап анау боп-бозақ
Ал шаһарда көк түгіннен жоқ мазан.
Тиіп кетсең бұтағына қайыңның,
Мойынына сауылдайды ақ тозаң.

Бұл өлеңін мұң өлеңдер қатарына жатқызу себебіміз: халық көкейіндегі келеңсіз жайттар, халықты қынжылтатын жайттар бандалған. Ақын қаладағы экологиялық көріністерді сипаттап береді. Көк түгін, шаң-тозаңның көптігі сонша, қайыңның бұтағына тиіп кетсең болды мойынына ақ тозаң сауылдайды. Жалпы алғанда, Қадыр Мырзалиев өлеңдерінен табиғат, экология жайлы оқуға болады. Осы тақырыптағы өлеңдері ізденген адамды бей-жай қалдырмайды, үлкен бір Табиғат атты тылсымға жетелейді.

Қадыр Мырзалиевтың салыстыру өлеңдері. Салыстыру өлеңдері – қазақ лирикасының жанрлық түрі ретінде шартты түрде бөлінген түрі. Салыстыру өлеңдерін поэзиямыздан жиі кездестіруге болады. «Өтірік пен шындық» өтірік пен шындықты салыстыра отырып, адам мінезін сынайды.

Қара қағаз айтқан сөздің удай шындық екенін,
Біле тұра иланбайтын, иланғысы келмейтін.
Құмалақшы десе болды, өздері енді өлетін
Құрметтейтін құдайдайын, соған асып ел етін

Оның айтқан бар сөзінің бал өтірік екенін
Біле тұра иланатын, иланғысы келетін...

Ақын өтірік пен шындықты салыстыруда шындықты уға, өтірікті балға теңейді.

Ақынның «Шындық» атты өлеңінде адамның жақсы, жаман қасиеттері салыстырыла айқындалады.

Ақындық шығар айыпты,
Әлі білмен себебін.
Өлеңге айтып қойыппын
Өмірдің айтпа дегенін.
Өтірік жырдың қайдағы
Болмайсың жетіп шетіне.
Ақиқат – сөздің қаймағы,
Тұрмайды шықпай бетіне.

Өлең қорытындысында «Ақиқат – сөздің қаймағы, Тұрмайды шықпай бетіне», -деп қорытындылайды.

Қадыр Мырзалиевтың үгіт-насихат өлеңдері. Өлең сөздің қуаттылығы, суреттілігі, қоғамдық өмірмен, халықтың тұрмыс-тіршілігімен, сезімімен жалғаса дамыған жағдайда ғана кемелдене түспек. Халық шығармашылығының поэтикалық тілінің күші, қарапайымдылығы, табиғилығы көптің дүниетанымын, көркем ойының әлеуметтік бейнесін өмірмен, тарихи шындықпен тығыз байланысты көрсете білуінде.

Қабат-қабат бұлт төнсе де басыңа,
Қабағынды шытпа, жігіт, жасыма!
Біз шегінсек,
Біз жеңілсек,
Біздерді
Байқап тұрып,
Не істемекші жас ұлан?!
От ішінде,
Өрт ішінде күйгенде,
Басыңды име,
Тізе бүкпе,
Именбе!
Ер еңкейсе еңкейеді
Жалғыз-ақ
Туған жердің топырағын сүйгенде!
Ақын бүгінгі жастарды жігерлендіріп, мойымауға шақырады.

Қадыр Мырзалиевтың сауал өлеңдері. Ақын өлеңдерінің ішінде сауал өлеңдері де кездеседі. Бұл жай ғана сауалдар емес, бұл үлкен ойды білдіретін риторикалық сауалдар болып табылады.

Атын бар ма? – бақыттың үлкені сол,
Атын жоқ па? – сол үлкен сордың бірі.
Атын жоқ па? – жерледі жаманың да,
Атын бар ма? – ерледің заманыңда.
Атын жоқ па? – жоқшылық иығыңда,
Атын бар ма? – молшылық табаныңда.

Қадыр Мырзалиевтың табиғат тақырыбындағы өлеңдері. Қадыр Мырзалиевтың жырлаған тақырыптарының бірегейі, ауқымдысы – табиғат тақырыбы. Тіршілік, табиғат тақырыбы дүние жүзі әдебиетіндегі ірі классик ақындардың барлығының да шығармаларынан орын алады. Бірақ әр дәуірде, әр елде әрбір ұлт, әрбір халық табиғатты әртүрлі жырлады. Біреулер табиғат арқылы өмір сүрді, біреулер табиғатты суреттеу арқылы өзінің көңіл-күйін, көзқарасын көрсетті. Ал енді біреулер өмірдегі сан алуан тақырыптарды қойып, табиғатты ғана жырлады. Қалай болғанда да, табиғат тақырыбы көркем әдебиеттен үлкен орын алды. Табиғатты жырлау – сонау ауыз әдебиетінен бастап, күні бүгінгі поэзияға дейін ешқашан үзілмей жалғасып келе жатқан дәстүрлі үрдіс. Табиғат – поэзияның нысаны ғана емес, ақынға қуат беретін, шабыт беретін, өлеңнің өңін кіргізетін сұлулықтың қайнар көзі.

астра	1) ақкекіре 2) жұлдызгүл 3) кашкаргүл	aster	[ˈæstə]
атавизм	1) атавизм 2) арғытектік белгі	1) atavism 2) reversion 3) throwback	1) [ˈætəvɪz(ə)m] 2) [rɪˈvɜ:ʃ(ə)n] 3) [ˈθrəʊbæk]
атмосфера	атмосфера	atmosphere	[ˈætməsfɪə]
аутосома	Аутосома	1) autosome 2) euchromosome	1) [ˈɔ:təsəʊm] 2)
ацентрический	ацентрлік	1) acentric 2) akinetic	1) [əˈsentrɪk] 2) [ˈækiˈnetɪk]
аэроб	Аэроб	aerobe	[ˈe(ə)rəʊb]
аэробный	1) аэробты 2) аэробтық	aerobic	[e(ə)ˈrəʊbɪk]

Словарь биологических терминов имеет цель помочь школьникам при переводе на русский и казахские языки английских слов специального научного характера. Знание биологических терминов на английском и казахском языках позволит ученику расширить познавательные возможности и вызывать интерес к дальнейшему изучению предмета. Словарь рекомендуется как дополнительное пособие для учащихся и преподавателей.

ЛИТЕРАТУРА

1 Кондубаева М.Р. Научно-исторические основы формирования культуры речи двуязычного учителя-словесника: автореф. дис. ... д-ра пед. наук. – Алматы, 1995. – 339 с

2 Полиязычное образование – важнейшая стратегия развития Казахстана. Чан. День Лам.// Успехи современного естествознания. – выпуск № 7. – 2013. – с.130.

3 Приказ Министерства образования и науки Республики Казахстан от 19 марта 2004 года № 228 О проведении эксперимента по

введению трехязычного обучения в общеобразовательных школах Республики Казахстан (с изменениями, внесенными приказом Министерства образования и науки РК от 08.04.04 г. № 294) http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1048062#pos=1;-298

4 Дамблтон К.У. Русско-английский биологический словарь. London: Oliver&Boyd. – 1964. с.512

5 Русско-казахский словарь биологических терминов / М. Закиров, К. Елемесов, К. Каимов, № Алма-Ата Рауан. – 1991.

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫ ЖӘНЕ МӘШҮР ЖҮСІП

РАХАТЖАН А.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар к.

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар к.

Қазақтың ғашықтық жырларын кезінде қазақтың белгілі фольклортанушылары: Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы т.б. қағаз бетіне түсіргені белгілі. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырының қай кезде пайда болғаны жөнінде ғалымдар әрқилы болжам айтады. Бір топ зерттеуші бұл жыр Жошы ұлысында дүниеге келген десе, екінші топтағы оқымыстылар Ноғайлы дәуіріне телиді. Ал, үшінші топтағы ғалымдар аталмыш эпостың пайда болуын Қазақ хандығымен байланыстырады. Бұлардың бәрінен өзгеше пікірді М. Әуезов пен Ә. Марғұлан ұсынады. М. Әуезов 1927 жылғы кітабында былай деп жазады: «Қозы Көрпеш нағыз қазақ жұртының әңгімесі болса да, өлгенше ескі заманның әңгімесі. Бұған дәлел – барлық түрік жұртына тегіс жайылғандығы, екіншісі, елдің салтын суреттеген жерлерінен білінеді... Меніңше, «Қозы Көрпештің» өте ескілігін білдіретін дәлел: осы әңгіменің якут (саханың) ішінде болғандығы, олар мұсылман емес. Алыс солтүстікке кеткеніне көп заман, қазақтан оларға «Қозы Көрпеш» әңгімесі артынан қуа баруға қисынбайды. Ол ел жалпы түрік шеңберінен жырылып кеткен күнінде осы жақтан ала кеткен жолдасы болуға лайық. Олай болса, «Қозы Көрпеш» тым кәрі әңгіме болуға керек» [1].

Ал, Ә. Марғұлан былай деді: «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырының қай кезде шыққанын жақсылап айыратын белгінің бірі – оның күмбезі. Бұл күмбез өте ерте уақытта, исламнан көп бұрын, ғұн заманында не Түркі қағанаты кезінде тұрғызылған белгі» [2].

Осы еңбегінің тағы бір жерінде Ә. Марғұлан бұл күмбездің, оның ішіндегі тас мүсіндердің жасалған мезгілі - Түркі қағанаты, яғни VI-VIII ғасырлар шамасы» деп нақтылай түседі [2, 5 б.].

М. Әуезовте де, Ә. Марғұланды да «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырының бізге жеткен осы күнгі үлгісі жайында емес, сол жырдың ең ескі, түпкі сюжеті туралы деп ойлаймыз. Егер бұл эпостың қазіргі түрік халықтарындағы (айталық, башқұрттағы, қазақтағы, алтайлықтардағы) нұсқаларын жалпы мазмұны, кейіпкерлері, мифтік ситуациялары мен жер-су атаулары, т.б. компоненттері бойынша салыстыра қарасақ, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлудың» ең алғашқы, түпкі сюжеті, шынында да, сонау Түркі қағанаты тұсында пайда болғанына көз жеткізуге болады. Оған дәлел көп [3].

Алғашында Алтай өлкесін мекендеген түркілерде әңгімеленген жігіт пен қыздың үйлену тарихы туралы сюжет Түркі қағанаты ыдырап, туыс тайпалар жан-жаққа ауа көшіп кеткенде әр тайпаның меншігіне айналып, солармен бірге әр жаққа тарайды. Сөйтіп, ол Алтайдан Еділге дейінгі аралықта әңгіме, ертегі түрінде айтылады. Әр ұлыс-тайпа өзінің барған жерінде сюжетке өз қосымшасын қосады. Біреуінде сюжеттің мифологиялық сарыны күшейе түссе, екіншісінде оқиға қоюлана түседі, сөйтіп, алғашқы сюжет кеңейеді, әр жанрда көріне бастайды. Жігіттің үйленуі қиындатылып, неше алуан кедергілер мен жағдайлар енгізіледі. Біреуде аңыз, біреуде ертегі, біреуде өлең болып баяндалады, бірақ тұтас жыр әлі тумайды.

Жүйелі жырдың әдепкі үлгілері Алтын Орда заманында пайда болған тәрізді. Тарихтан белгілі: бұл мемлекеттің құрамында қыпшақ тілді түркілер басым болды. Әділін айтқанда, ол империяның тұрғындары осы күнгі қазақ, ноғай, татар, башқұрт, алтай, т.б. этностардың бабалары еді. Сөйтіп, баяғыда Алтайдан тараған түркі тайпалары, ықтиярсыз болса да, бір мемлекетке енген, өзара қарым-қатынасын қайтадан күшейткен. Осы тұста әрқайсысы өзінше айтып жүрген жігіттің үйленуі туралы сюжетке негізделген әңгіме-аңыздар, ертегі-өлеңдер енді топтаса бастайды, фольклорлық тұтастану процесіне түседі. Соның нәтижесінде сюжет бұрынғыдан да күрделенеді, қосымша оқиғалар, эпизодтар пайда болады, кейіпкерлердің саны көбейеді. Бірте-бірте жүйелі жырдың нұсқасы қалыптаса бастайды.

Алайда, бұл үрдіс Алтын Орданың ыдырауына байланысты қайтадан үзіледі. Үлкен мемлекеттің орнында пайда болған хандықтар әрқайсысы өзінше өмір сүріп, өзінше дамиды. Қазан, Астрахан, Қырым және Қазақ пен Сібір хандықтары халқының

құрамы тағы да осы – қыпшақ тілді түркілер болады. Олар енді бәрі айтып жүрген сюжетті тағы әрқайсысы өзді-өзіне алып кетеді, сөйтіп, «Қозы Көрпеш» жырының осы күнгі әр ұлттық нұсқасының алғашқы үлгілері туады.

Жеке отау тігіп, өз мемлекетін құрған қазақ халқы бұл сюжетті үлкен жырға айналдыра бастайды. Қазақ елінің тұрмыс-тіршілігі мен өмір салты эпикалық дәстүрді қайтадан жаңғыртады, елдік пен ерлік мәселесін көтеріп, бұрынғы қаһармандық эпостарды жырлаумен қатар, кейінгі жаулармен шайқастарда ерекше көзге түскен батырлар мен хандар, сұлтандар туралы жаңа туындыларды, яғни тарихи жырларды өмірге әкеледі. Ежелгі аңыз-әңгімелерді қайта түлетеді. Бұндай процеске Қозы мен Баян тарихы да түседі, оның сюжеті тұтастанады, оқиғалары мольғады, кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен тартысы ширға түседі, кейбірі өзгеріске ұшырайды. Енді Қозыға қастандық істейтін адам – қалмақ Қодар болады. Сөйтіп, Қазақ хандығы тұсында «Қозы Көрпеш – Баян Сұлудың» эпостық негізі қаланады, ол таза жыр формасына көшеді.

Алдың бізге жеткен қалпындағы нағыз көркем шығармаға айналуы – XVIII және XIX ғасырға тұспа-тұс келеді. Бұл кезеңде қазақ елі, басқа да біраз түркі халықтары сияқты Ресей империясына қарайды. Бұл оқиғаның қайшылықты салдары көп болды. Бір жағынан, халық басқа жұртқа бодан болып, ұлттық тәуелсіздігінен айырылса, екінші жағынан, бұрын жиі болып тұратын сыртқы шапқыншылықтан құтылды. Ата жауы болған жоңғарлықтардың шапқыншылығынан құтылған соң қазақ фольклорында қаһармандықтан гөрі лирикалық сипат алға шықты. Осы тұста батырлық және тарихи жырлармен қатар романдық эпос та ең өріс алып, ақындар мен жыршылар байырғы «Қозы Көрпеш» тарихын үлкен, кең құлашты эпосқа айналдырады. Енді ежелгі сюжет көптармақты, эпикалық пафосты, нағыз сөз өнеріне лайық көркем туынды болып баяндалады. Шығарманың сюжеті бірнеше есе өсіп, кеңейіп, композициялық жүйеге түседі, сөйтіп, жырдың басталуы, коллизиясының дамуы, шарықтау шегі, аяқталуы – түгелімен бір ізге келеді. Сонымен бірге кейіпкерлердің образдары сомдалады, олардың тартысы күшейеді. Эпостың тілі көркем, бейнелі сипат алады. Көптеген ескі мифтік ұғымдар шеттетіліп, шығарма біршама реалистік, романтикалық сарынға ие болады.

Эпостың басты тақырыбы – сүйіспеншілік мәселесі жаңаша, сол кезеңге сәйкес түсіндіріліп, жырланады. Қозы мен Баян – бір-біріне жай ғана ғашық болған жігіт пен қыз емес. Олар екі әкенің

сертін орындаушылар болып суреттеледі. Сөйте тұра, олар бірін-бірі көргенде үлкен сезімге бөленіп, шын ғашықтарға айналды. Жалпы, бізге жеткен жырда сүйіспеншілік пен имандылық, адалдық пен адамгершілік мәселелері ең басты, ең негізгі болып көрсетіледі.

Сонымен, XVIII-XIX-ғасырларда «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры ежелден келе жатқан сюжетті мүлде жаңа сапаға көшіреді, жаңаша әңгімелейді. Жігіттің үйленуі туралы ескі әңгіме ендігі жерде махаббат үшін күрескен екі жастың тағдырын баяндайтын әдемі жыр ретінде орындалатын болады. Талантты ақын-жыршылардың арқасында бұл шығарма елдің сүйіп тыңдайтын жырына айналып, бүкіл Қазақстанға тарайды. Орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкиннің бұл жырдың мазмұнын Орал өңірінен жаздырып алуы – осының айғағы.

Қазіргі шақта «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырының бізде хатқа түскен 3 мәтіні бар. Олар Қазақстанның әр түкпірінен жазылып алынған. Кейбірі – жыр түрінде, енді біреулері – проза үлгісінде, ал кейбірі – орыс тілінде. Қалай болғанда да, мұншама текстің болуы – бұл жырдың халыққа өте қымбат, сүйікті шығарма екенін көрсетеді.

Бұл жыр сюжетінің өте көне екенінің тағы бір дәлелі – оның бірнеше түркі халықтары фольклорында болуы. Мәселен, айтылмыш жырдың татар халқында 28 мәтіні хатқа түссе, башқұрт елінде – 10 шақты, ал, алтай жұртында 6 мәтін жазылып алынған. Аталған халықтарда жырдың негізгі сюжеті – жігіттің үйленуі. Бұл көне сюжет әр халықта әр түрде баяндалған. Мысалы, алтайлықтарда сюжет мифологиялық сипат алған. Ол батырлық эпосқа айналған және мұнда кейіпкерлер де, оқиғалар да ертегілік әрі мифтік сарында бейнеленген. Біздің байқауымызша, алтайлықтардың нұсқасы ең алғашқы сюжеттің көне белгілерін молырақ сақтаған сияқты.

Башқұрт версиясында да ертегілік мотивтер мен мифологиялық кейіпкерлер ұшырасады. Алайда, олардың архаикалық мәні сәл өзгерген. Мысалы, бас кейіпкерге қастандық істейтін болып дию мен перілер көрсетіледі және олар алтай нұсқасына қарағанда басқа мақсатпен, яғни басқа себепке байланысты қас болады. Олар Қарабайға да, оның баласы Қозыға да мұсылман болғандары үшін дұшпан. Ал, Қарабай мен Қозы көмек беруші болып ақ сәлделі әулие көрінеді, ол өзі желеп-жебеп жүрген бас қаһарманға ылғи Мұхаммед пайғамбарды есте ұстап, соған сиынып жүруді өсиет етеді.

Көне сюжеттің, атап айтқанда, кейіпкерлердің исламдық сипат алуы, әміресе, татар версиясында басымырақ. Жалпы, татар тіліндегі мәтіндер ертедегі сюжеттің дастанға айналғанын аңғартады.

Олардың барлығы дерлік сюжеттің Сібір татарларынан жазылып алынған және бәрі қара сөз түрінде, тілі, негізінен, қазақшаға жақын. Мәтіндердің ішінде өлең жолдары кездеседі және бақташылық өмірдің белгілері айқын көрінеді, тіпті, кейбірварианттарының мазмұны қазақтікімен бірдей, әрі татар тұрмысында баяғыда ұмытылған мал шаруашылығы мен оның ұғымдарын сақтап қалған. Мысалы, Қозы қой бағып, оны кешке қораға айдап келеді, отардағы кәрі қойлар Қозыны танып қояды, т.с.с. Әсіресе, өлеңмен айтылатын жайттерде ескі бақташылық, салшылық өмірдің белгілері, қазіргі татар тілінде жоқ мал атаулары, көшпеліліктің іздері мол.

Қазақтың «Қозы Көрпеш – Баян Сұлуына» келер болсақ, қай нұсқасын алсақ та – төгіліп тұрған жорға жыр, жарқырап тұрған сөз маржаны, нағыз классикалық эпостың өзі. Ол өзінің таза поэзиялық үлгіде болғанымен ғана емес, сондай-ақ образдардың сомдалуымен, композициясының жүйелігімен, тілінің өрнектілігімен, әуенділігімен және көне діни нанымдар мен мұсылмандық түсініктерді шебер ұштастыруымен, көшпелі-бақташылық тіршіліктің өзіне ғана тән әсемдігін даланың қатал дүлейлігімен жымдастырып, бәрін жарасты етіп көрсете білуімен басқа халық версияларынан оқшауланып тұрады. Әрине, мұндай көркемдік көп ғасырдың жемісі, талай жыршы-ақындардың еңбегі. Жоғарыда айтқан бірнеше халықтың нұсқаларын салыстыра қарағанда осы жырдың сюжеті оу баста әңгіме, ертек түрінде айтылғаны байқалады. Мұны «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырының композициялық құрылымынан айқын көруге болады. Жырдың құрылымдық реті мынадай:

1 Балалар (ұл да, қыз да) әкелері үйде жоқ кезде, бір мезгілде дүниеге келеді.

2 Қозы өзіне айттырылған қызды іздеп, сапар шегеді.

3 Қозы болашақ қайын атасының аулына келеді. Ол өзінің пішінін өзгерткен; оны ешкім танымайды. Ол қыздың әкесіне малшы болады.

4 Қозы өзінің қайын атасымен қақтығысқа түседі, оны жеңеді, сөйтіп, сүйікті Баянымен қосылады. Бірақ қапыда мерт болады.

Кейбір нұсқаларда:

5 Дұшпандарын жеңіп, Қозы Баянға үйленеді, сол елді билейді.

6 Қозы өзінің атамекеніне қайтып келеді, балалы болады. Баласы әкесінің ісін жалғастырады.

Міне, бұл – жырдың шартты түрдегі схемасы. Ертегілерде де кездестіреміз. Әдетте, қазақ ертегілері көбінесе болашақ кейіпкердің дүниеге келуімен басталады. Ол туардан бұрын әкесі

әртүрлі себептермен үйде болмайды: ол ұзақ жолда жүреді, немесе басқа жұртпен соғыста болады, я болмаса жас нәрестенің дауысын естігенде қуаныштан жүрегім жарылып кетер деп, әдейі үйден кетіп қалады т.с.с.

Дүниеге келген бала ержетіп, өзіне жар іздеуге аттанады. Ол небір қиындықтардан өтіп, болашақ әйелінің еліне келеді. Оны ешкім білмейді, ол енді қыз әкесінің өте ауыр шарттары мен талаптарын орындауға мәжбүр болады. Кейбір ертегіде кейіпкер өзінің қайын атасымен күш сынасып, шайқаста жеңіп шығады. Қыз әкесі амалсыздан оған қызын, патшалық тағын береді. Сөйтіп, әлгі жігіт қайын атасының тағына отырады. Содан соң ол біраз уақыт осы елді билеп тұрады да, әйелін алып, еліне аман-есен оралады.

Ертегідегі бас кейіпкердің қайын атасының тағына отыруы мен қайын жұртында біраз уақыт мекендеуі – ежелгі матриархат дәуіріндегі дәстүрдің елесі. Ол дәстүр бойынша үйленген жігіт әйелінің елінде тұратын болған. Мұны матрилокалдык неке деп атаған. Ол XX ғасырға дейін Африка мен Океанияның, Индонезия мен Солтүстік Американың байырғы тұрғындарында сақталған [4]. Бұл дәстүрдің басты ерекшелігі – үйленетін жігіт қыздың үйіне бір-екі жыл жұмыс істеуге міндетті. Оған достары да жәрдемдескен. Егер болашақ күйеу бала жұмысты нашар істесе, оған қызды бермейтін болған.

Міне, қызды алу үшін оның үйіне қызмет ету дәстүрі – қалыңмалдың ең ескі, алғашқы түрі десе болады. Қызды осылай «сатып» алу әдісі – ертегілердегі қыз әкесінің жігітке қиын шарттар қою мотивінің арғы түбірі, көне тәркіні. Және жігіттің ол шарттарды еш сөзге келмей орындайтыны да – сол дәстүрдің көмескі сарқыншағы. Әлбетте, бұл өте ескі дәстүр және ол фольклорда сол қалпында емес, өзгерген түрде көрініс береді, себебі ол дәстүрдің өзі өмірден өшкен. Сөйтіп, болашақ күйеу баланың қалыңдықтың үйіне, руына атқарған істері енді ертедегіде болашақ қайын атаның жігітке орындалуы өте қиын тапсырмаларына айналды, яғни бұл жерде фольклорлық поэтика әсер етеді. Енді ертедегі тапсырмалар – жігітті сынау болып қабылданады. Бұл эпосқа да енеді.

Қозы Көрпештің айттырылған қызы – Баянды іздеп, оның аулына басқа кейіпте, танылмай келуі, Қарабайдың малын бағуы, ақыр аяғында, Қарабай мен Қодарды жеңіп, сүйгеніне қосылуы, сол елді билеп, бірнеше жыл тұруы – көркем эпостың поэтикасына сәйкес көрсетіліп, оның әдемі композициялық желісіне арқау болған. Әлбетте, бұдан «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры – ертегі екен деген ой тумауға тиіс. Бұл жерде әңгіме, біріншіден, түпкі

сюжеттің тым көне екендігі және ол сюжет әу баста әңгіме-ертегі түрінде баяндалғандығы туралы болып отыр. Өте ерте заманда туған әңгіме-ертегі біртүрлі-бірте эпосқа айналған. Ол ұзақ уақыт аса күшті эпикалық дәстүрдің құшағында болғандықтан эпос жанрының ең басты қасиеттерін бойына сіңірген, сөйтіп, орта ғасырларда әдемі жырға айналған. Жігіттің үйленуі туралы ежелгі сюжет батырлық мәндегі емес, екі жастың сүйіспеншілігіне арналған, ғашықтық мәндегі жырға айналған.

Сөз жоқ, бұл жырдың тууы оп-оңай болған жоқ. Ол ұзақ уақытты қажет етумен бірге сыртқы жаулармен ұдайы соғыс жүріп, тек батырлықты дәріптеген заманда ерлікті айтпай, махаббат сезімін жырлау белгілі дәрежеде алғашқы авторлар мен жыршылардан батылдықты әрі шеберлікті талап еткен еді. Оның үстіне адамның отбасы мен некесіне арналған жыр шығару да сол дәуірдегі қоғамның рухани, имандылық мәселесін көпшілік алдына жайып салумен бірдей болатын. Мұның өзі ондай жырды жұртшылық қалай қабылдайды деген де сауал туғызуы мүмкін еді. Жас жігіттің ұрыста ерлік көрсетудің орнына жеке басын күйттеп, қыз іздеп, сергелденге түскенін және қыз бен жігіттің қиындықтарға қарамай, бір-бірін сүйіп, махаббат үшін күрескенін баяндайтын жырды тарату үшін алғашқы авторлар мен жыршылар сол заман ауанына сәйкес көркем шешім тапқан. Олар екі жастың өз бақыты үшін күресін – олардың әкелерінің антын орындау үшін күрес етіп көрсеткен. Яғни Қозы мен Баянның тағдыры, олардың өзі әлі тумай тұрғанда, Сарыбай мен Қарабайдың ежелден келе жатқан ежеқабыл салты бойынша құда болып серттескен сәтте шешілген еді, ал Қозы мен Баян осы салтты орындаушылар ғана деген мәндегі жыр етіп шығарған. Осының арқасында жыр әлеуметтік-имандылық проблемаларын және жеке адамның бас бостандығы мен махаббат еркіндігі туралы идеяларды ашық айта алған. Осылай жігіттің үйленуі туралы ежелгі ертегі таза махаббат жайындағы үлкен романдық эпосқа айналған және өз уақытының қоғамдық, әлеуметтік мәселелерін қамтып, өмір шындығын біршама дәлдікпен суреттей алған. Екінші сөзбен айтқанда, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры – нағыз көркем туынды болып шыққан, алайда, бұл жолда ол талай өзгеріске ұшырап, жөндеулерден өткен. Мұхтар Әуезов «Бізге мәлім болған «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырларының кейбір варианты – ерте заманның өзіне байланысты айтылса, енді біреулері бергі XVIII-XIX ғасырда өңделіп, жаңғырған. Және кейде «ноғайлы» деген ескі атаулары жойылып, оның орнына Кіші жүздің Шеркеш

руы, не Орта жүздің Бағаналы (Найман) руларының оттары аталады. Бірақ бұл нұсқалардың қай-қайсысын алсаңыз да, алғашқы сюжет асылы – біреу. Әр дәуірдің, әр жердің ақындары өз ортасындағы тыңдаушыларының ыңғайына тартқанымен, оның негізгі мазмұны, оқиға желісі бір арнаға саяды» бір арнаға саяды» [5], - деп жазады.

Ұлы Мұхаң бір эпос туралы ғана айтып отырса да, жалпы фольклор теориясының бірнеше заңдылығын қамтып кеткен. Оның бірі – фольклорлық процестің ерекшелігі. Яғни бірде-бір фольклорлық шығарма кейінгі ұрпаққа сол алғашқы қалпында жетпейді, оның түпкі сюжеті сақталады, бірақ ауыздан-ауызға көшкенде оқиға күнгірт тартады. Қоспалар көбейеді, айтушылардың ой-пікірі енеді немесе тыңдаушылардың талабы ескеріледі. Екінші заңдылық – фольклорда болатын тарихи тұтастану (циклизация). Мұндай тұтастануды әр дәуірдің шындығы, фактісі, оқиғасы, адамдары араласып кетеді. Себебі әр дәуір мен қоғамның талабы бойынша бұрынғы шығарма қайта жаңғырып орындалады да, сол шақтағы көкейкесті делінетін қажеттіліктер шығармаға енеді, сөйтіп, не ескіні ығыстырады, не өзгертеді, не қатар пайдаланады. Мұхаң айтып отырған «ноғайлының» ығысып кетуі осыдан. Үшіншісі – географиялық тұтастану. Әдетте, жырдың өзінің ареалы болады, оқиға белгілі бір өлкеде өтеді. Сонымен қатар жыршылар өзі жүрген жерлерді, немесе өзінің ру-тайпасы мекендеген аймақты, я болмаса тыңдаушылардың өлкесін қосып отыруға тырысады. Осылай кейде бір шығарманың бөлек варианттарында кейіпкердің іс-әрекеті тұрақты аралдан басқа да жерде өтіп жатады.

Осы айтылған заңдылықтар «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» эпосында да бар. Мұнда тағы ғұмырнамалық тұтастану да айқын, яғни шығармада бас қаһарманның туғанынан бастап қаза болғанына дейін, демек, оның бүкіл ғұмыры қамтылады. Тіпті, Қозы мен Баянның өмірге келуіне дейінгі жағдай, яғни перзентсіз екі қарияның жай-күйі баяндалады, ал, мұны ғылымда «пролог» деп атайды. Мұндай пролог дүниеге келетін кейіпкердің келешекте ерекше адам болатынын, оның Құдайдан тілеп алған бала екенін көрсету үшін пайдаланылады. «Қозы Көрпеш» жырының кейбір варианттарында эпикалық жанрдың тағы бір дәстүрі қолданылады. Ол – Қозы мен Баянның арманына жетіп, Күлеп деген баласының болғанын әңгімелейтін эпилогтың болуы. Міне, осының бәрі «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры біздің дәуірімізге жеткенге дейін талай өңделіп-өзгергенін, шындалып-шымырлағанын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991. 2-басылуы. Б. 115-116
- 2 Марғұлан Ә. Қозы Көрпеш – Баян Сұлу кешені. – Алматы, 1994. – Б. 23
- 3 Қасқабасов С. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры және түркі эпостық дәстүрі // «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» эпосы және түркі әлемі. – Алматы, 2003. – Б. 6-11
- 4 Косвен М. Матриархат. Этнографические материалы // Ученые записки МГУ. Вып. 61. История. – М., 1940. Т.2. С. 92, 93, 103, 120, 125, т.б. Першиц А. И., Монвйт А. Л., Алексеев В. П. История первобытного общества. – М., 1983. – С. 74-76, 141-142
- 5 Қазақ әдебиетінің тарихы (1-том). – Алматы, 1960. – Б. 511-512

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ СЫН ТАРИХЫНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

РАХИМОВА Г. И.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
БАРАТОВА М. Н.
ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Халық бар жерде шығармашылық өмір, өнер бар, белгілі көзқарас, эстетикалық талғам бар, халықтың көркем сөз өнеріне деген сыншыл көзқарасы бар. Әдеби сын халық өмір сүрген мезеттен бастап пайда болды. Жалпы қазақ әдебиеті сынын сөз еткенде оның негіз алатын бастаулары мен нәр алатын тамырларының бар екенін естен шығармаған жөн. Ол сөз жоқ, біріншіден, өз елінің бай мұрасы болуы мүмкін, Ал, екіншіден, басқа елдің мәдениеті, әдебиеті мен салт-дәстүріне деген ынтызарлықтың болуы. Үшіншіден, басқа ұлттың мәдени байлықтарын игеру арқылы өз ұлтының ғылым қорын молайтып, бір халықтың тілінен екінші халық тіліне аударып, сол халықтың мәдени жетістіктерін көпшілік игілігіне жарату сияқты шаралар. Мұның барлығы сөзсіз әдеби байланыс нәтижесінде жүзеге асады. Сол сияқты әдебиет сынын алып қарайтын болсақ, қазақ топырағында нәр алып, гүлдеуі, әрі қарай дамуы үшін де әдеби байланыс қажет болды.

Әдебиет сынының тарихы ертеден басталады. Бұл ретте сыншы Т.Кәкішевтің пікіріне сүйенеміз. Ол өз қазақ әдебиеттану ғылымының

тарихи белестерінен сынның туып, даму, қалыптасуының үш кезеңін атап көрсетеді.

Бірінші кезең – қазақ әдебиет сынының туу дәуірі. Ол үдеріс Қазан төңкерісіне дейін пайда болды.

Екінші кезең – қазақ әдебиет сынының жанр ретінде қалыптасуы және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Бұл үдеріс 1917-1937 жылдардың арасын қамтиды.

Үшінші кезең–қазақ әдеби сынының өсіп-өркендеу және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі, 1938-1985 жылдар аралығы.

Төртінші кезең– қазақ әдебиетіндегі тың серпіліс, жаңа тынысы басталған, ұлттық бет-бейне мен болмысын айшықты көрсетуге жол ашылған дәуірі, 1991-2014 жылдар аралығы.

Қазақ әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымының соңғы екі кезеңі дау туғызбайды. Ал, бірінші кезең, яғни Қазан төңкерісіне дейін әдеби сынның туу дәуірі жайлы әрқилы ой-пікірлер бар. Адамзат жасаған жақсылықтың барлығын Қазан төңкерісінің жетістіктерін әкеп саю сияқты бір саясаттың болғаны рас. Қазақ әдебиеттануын дәуірлуде бірінші кезең жетістіктерін мойындамау сияқты пікірлердің болуы кеңестік саясаттың салқыны тигенге ұқсайды.

Ал екінші кезеңді алатын болсақ, ол өзі өншілеген дәуір ішіндегі қажеттіліктен туындаған. Қазақ әдебиет сынын дәуірлеу жөнінде арнайы сөз етіле бастаған. Ол сол кезеңдегі рухани қажеттілікті өтеу мақсатында пайда болып, қолға алына бастаған құбылыс болатын-ды.

Үшінші кезеңде барлық мүмкіндіктер қолданылып, әдебиет сыны жан-жақты зерттеле түсті. Осы кезеңде әдебиеттану ғылым деген толыққанды атқа ие болып, алғашқы оқулықтар шығарылып, өз оқырмандарына ұсынылып үлгірді.

Төртінші кезеңге тәуелсіз Қазақстан әдебиетінің бағыт-бағдарына баға беріп, оның аяқ алысы мен тынысын бағамдап отырған сынды жатқызамыз. Бұл кезеңдегі сын көбінесе мерзімдік баспасөз беттеріндегі жекелеген шығармаларды немесе тұтас бір қаламгердің шығармашылығын талдау түрінде беріліп келеді.

Қазақ әдебиеті сынының тарихын зерделеуде оның қазақ топырығында туып, даму заңдылығын ашып алған абзал. Қазақ жерінде өрістеуі үшін оның бастау алған арналары болғанын естен шығармаған жөн. Ғылым жер бетіндегі бүкіл адамзатқа ортақ болғандықтан, алғашқы әдебиет туралы ой-пікірлер, сыни көзқарастар Платон, Аристотель, әл-Фараби, Аристарх, Буало,

Дидро есімдерімен байланысты. Әдеби сынға тұңғыш еңбек арнағандар да осылар болатын.

Қорқыттың сөз өнері туралы көзқарасы, «Қорқыт ата кітабындағы» әдеби фольклорлық мұра да - сыншыл ойдың алғашқы сілемдері. Қорқыттың желмаясына мініп алып, Жерұйықты іздеуі, әр аймаққа барген бағасы, әр мекеннің табиғатын терең талдауы - сөз күдіреті арқылы жеткен құнды қазына. Ж. Баласағұнның «Құтты білік» (11 ғ.) поэмасы - түркі халықтарының ортақ қазынасы. Шешендік сөз, мақал- мәтел, ой-толғамдары бар сексен бес тараудан тұратын жәдігерде сөз өнерінің артықшылығы сипатталады. Ғалым А.Егеубаев: «кітаптағы сөздер туысқан халықтармен қатар қазіргі қазақ тіліне де үндес» деген еді. Кітаптағы «ақыл көркі-тіл, тілдің көркі-сөз», «таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді», «тілінді бақ, басың аман қалады», «сөз – ойдың көрінісі, «тіл мен сөз-көңілдің айнасы»,- деген пікірлер – сөз өнеріне деген эстетикалық талаптың көрінісі.

Ал Қожа Ахмет Иассауидің «Диуани хикмет» кітаптарында сыншылдық көзқарастардың бой көрсетуі, сопылық поэзия үлгісі, адамгершілік, әдепке насихаттауы, шешендік ақыл, сөздері – сыни көзқарастың көріністері. Кітап төрт жүз шумақтан тұрады, күллі түркі әлемі қадір тұтатын бағалы еңбек. Өмір сүрудің жалпыға ортақ қарапайым қағидаларын ұсынып, кездесіп қалатын әділетсіздіктер туралы сыни көзқарасын айтып, адамгершілік қасиеттерді ұсынған. М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түркіnde» сөз өнері жайлы ойлы сөздер бар. Мысалы, «Тәрбие басы – тіл», «Жақсы адамға сөз ереді», «Ауыз көркі – тіл, тілдің көркі – сөз».

Сондай-ақ, жыраулар поэзиясында да сыншылдық көзқарастардың болғандығын байқау қиын емес. XV – XVIII ғасырларда қазақ-ақын жырауларының поэзиясында философиялық ойлар, дидактика басым. Өмірге сын көзбен қарап, ойға түйгендерін кейінгі ұрпаққа өсиет ретінде ұсынады. Қазтуған, Тәтікара, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жырау сияқты жыраулардың ой-толғамы–қазақ халқы үшін өмірді түсінудің кілті. Адамдардың моральдық болмысына қойылған талап, олардың толғауларында тіл туралы поэзиялық шумақтар бар. Осының барлығы болашақ қазақ әдеби сынының қайнар көздері, бағыт алар бастаулары еді.

Ал қазақтың төл топырағында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қолға алына бастады. Қазақ әдебиеті алдында М. Әуезов айтқандай: «Әуелі қазақ елінің өз қанынан туып, өз сүтімен өскен ескіліктің ұлы денесін туғызып алу керек. Шеттен келген нәрсенің сарыны ғана емес, мазмұны да бөтен. Сондықтан оларды да тексеріп,

ұғынып түсіну үшін, жалғыз ғана қазақ топырағындағы көлеңкесіне қарап тон пішу керек емес. Әрқайсысын тудырған жағдай мен себепті әуелі шыққан ұясынан бастап ұғыну керек» еді [1].

Ауыз әдебиеті – әдебиеттану ғылымы бастауларының бірі болып табылатындықтан және әдебиет сыны оның құрамдас бөлігі болғандықтан, оның қалыптасу үдерісінде алатын орны ерекше. М.Әуезов айтқандай: «Өткен күннің әдебиеті біздің сүюімізді тілемейді. Сүюімізбен семірмейді де, түрленбейді. Жек көруімізбен жоғалып та кетпейді. Ескі әдебиеттің түрлерін білу, бетін ұғу, ағымын түсіну өзіміз үшін керек. Бүгінгі әдебиетке жол салып, дұрыс бағыт береміз дегенде, жалпы қазақ әдебиетінің өткен күнін, бүгінгі қалпын һәм келешегін де түгел түсіну керек. Сонда ғана ақиқатқа жақын сөйлеуіміз мүмкін» [2].

Халық ауыз әдебиетінің үлгілері халықтың рухани қажетін өтеп, бізге дейін жетті. Ауыз әдебиетіндегі ару қыздар мен батырлар бейнесі, мыс. Қыз Жібек, Құртқа, Тайбурылдың шабысы – көркемдік құбылыстың бірі. Ақындар айтысы- суырып салма өнері, сөз өнерінің жарысы – көркем эстетика. Көркем әдебиет – халықтың сөз өнеріне деген ғасырлар бойы қалыптасқан сыншыл көзқарасының, халықтық эстетиканың көрінісі.

Батырлар жырындағы көркем ойлар, ертегілердегі сыни пікірлер, мақал, мәтелдердегі тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, аңыз әңгімелердегі суырып салып айтқыштық пен тапқырлық, билер сөзінің философиялық мәні, лироэпостық жырлардағы тұрмыс, тіршіліктің ғажайып суреті, «Қыз Жібектің көшінің суреттелу сипаты», жұмбақтардағы астарлы ойлар, айтыс өнеріндегі сөз құдіретінің ерекшелігі, сөз байлығы әдеби сынның тууына септігін тигізгені анық.

Қазақ халық ауыз әдебиетінде ерлік пен ездік, адамшылық пен зұлымдық, достық пен қастық, адалдық пен опасыздық, бір-бірімен қашаннан бері арпалысып келе жатқан құбылыс екенін саралайтын шығармалар көп. Халық әшейін ермек үшін емес, осы өмірде пайдалану үшін шығарған кереғарлықтың ақ-қарасын айыра отырып, өзінің көзқарасын білдірген. Сондықтан да халықтық эстетика әдеби сынның бастауы, қайнар көзі болып табылады. Ауыз әдебиетінің қай үлгісі болмасын халықтық эстетиканы, оның сыншыл көзқарасы мен парасатын танытып отырады. Өйткені, көркемдік ләззат алу, әсемдік пен сұлулықты ардақтау, озық үлгі-өнегеге бастау, жамандықтан жирендіріп отыру – халықтық талап-талғамның жемісі, сыншылдық көзқарастардың нышандары.

Қазақ ауыз әдебиетінің көркемдік, идеялық сапалары аса жоғары классикалық үлгілерін парықтауда әдебиет сынының рөлі зор болды. Ол жазба әдебиетінің, ғылымның дамуымен бірге өрбіп отырады. Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, А. Құнанбаевтың әдебиетке қатысты айтқан ойлары қазіргі қазақ әдеби сынының бастау алар қайнар көзі деуге болады.

Сонымен қатар қазақ халқының бай әдебиетіне, соның ішінде ауыз әдебиетіне деген басқа ұлт өкілдерінің назар аударып, зерттеу жұмыстарының жүргізілуі де өз ықпалын тигізді. Г. Потанин, Ә. Диваев, В. Радлов, К. Березин, Н. Пантусов сияқты ізгі ниетті басқа ұлт өкілдері қазақ халқы ауыз әдебиеті бай үлгілерінің бірнеше түрін жинап, бастыруға тырысты. Олар жинаған материалдарын жан-жақты зерттеп, біршама тұжырымдалған ғылыми ой-пікірлерін білдіріп отырды. Қазақ халқының ұшан-теңіз даласындай шетсіз де шексіз мүмкіндігі бар ауыз әдебиетінің сырлы сөздері мен астарланған мағына-мәні өте терең мұраларын жинаған орыс ориенталистерінің еңбектері Міржақып Дулатов айтқандай: «... халықтың бай ауыз әдебиетін жинауда жанып тұрған шырақ еді».

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15-том. – Алматы: «Жазушы», 1984.-328 бет.

2 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 19-том. – Алматы: «Жазушы», 1985. – 398 бет.

СИНОНИМ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ТАБИҒАТЫ

РАХМЕТОВА А. А.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

КАРИПЖАНОВА А. О.

қауымдастырылған профессоры, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тілдік қатынастың жүзеге асуы хабардың, ақпараттың айтылуына, жеткізілуіне, қабылдануына тікелей байланысты. Қандай болмасын, хабардың түрі тілдік қарым-қатынас арқылы лексикалық тұлғалардың қатысымымен жүзеге асады. Осы тұрғыдан келгенде, тілдік бірліктердің де, тұрақты тіркестердің де өзіндік атқаратын қызметі бар.

Қатысымдық әрекетте басты көңіл бөлетін нәрсе – тілдік тұлғалардың жеке қолданылуы емес, олардың бір-бірімен өзара байланысқа түсу арқылы белгілі бір ойды, пікірді жеткізуге себепші болатын заңдылықтары. Тілдік бөлшектер өз алдына жеке, дербес тұрғанда қарым-қатынас құралы бола алмайды, сондықтан мұндай жағдайда түсінісу де болмайды. Белгілі бір хабарды жеткізу мақсатында әрбір сөз нақтылы мағынаны білдіру арқылы бүтіндей жүйелі байланысқа түседі де, адамның ойын екінші біреуге түсінікті етеді [1, 57 б.].

Сөз жеке тұрғанда зат не құбылыстың аталымы ғана болып табылады. Ол басқа тілдік тұлғалармен өзара мағыналық байланысқа түсіп, ойды жеткізу арқылы қатысымдық қызмет атқарады. Бірақ сөздің жеке қолданылуының екінші жағы да бар. Егер сөз белгілі бір ойды жеткізу мақсатында атаулы сөйлем ретінде қолданылса, ол дербес лексикалық тұлға есебінде емес, қатысымдық тұлға тұрғысында жұмсалады.

Қатысымдық тұлға ретінде жеке сөз бен тұрақты сөз тіркестерінің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Егер сөз хабар беру мақсатымен қоса жауап алуды қамтамасыз етсе, онда бұл қатысымдық әрекеттің жүзеге асқандығын білдіреді, ал тек баяндау үшін айтылса, ол хабарлау (ақпарат) ғана болып табылады.

Тұрақты сөз тіркестерінің қатысымдық ерекшеліктері олардың құрамында бірнеше сөздердің тіркесіп келуі жағынан көрінбейді, керсінше, сол бірнеше сөздердің қатыса келіп, әрі атаулы, әрі экспрессивті мағынаны білдіру арқылы қатысымдық және ақпараттық мәнге ие болуына қатысты қарастырылады. Мысалы, «қой аузынан шөп алмас» деп айту арқылы адам мінезінің жуастығын, момындығын атап қана қоймай, сонымен қатар оған мінездеме де беріп, оның өзіндік ерекшелігін сипаттаймыз. Осындай мінездеме берілген жанмен қандай қарым-қатынас жасауға мүмкіндік болатындығын да түсініп, соған қарай өзімізді бейімдейміз.

Тұлға хабарлау мақсатында қатысымдық бірліктерді қолдану арқылы экспрессивті және прагматикалық коммуникация функциясын жүзеге асырады және қатысым жағдаятының өзгеруіне байланысты қатысымдық бірліктерді түрлендіре алады. Ол қатысым жағдаятын ескере отырып, тілдік бірліктерді қатысым бірліктері ретінде қолданады. Яғни, қатысымға түсуші тұлға алдымен өзінің жадындағы сөздерді, сөз тіркестерін және тұрақты тіркестерді айтылымға сәйкес іріктеп алады, содан кейін грамматикалық ереже

негізінде аталған бірліктерді байланыстырып, ой мен танымның жүйелі көрсеткішін құрады.

Тұрақты тіркестің мағыналық, экспрессивті-эмоциялық ерекшелігіне сай адамдар арасындағы қатысымдық байланыстың алғышарттары қалыптасады. Қатысымдық қасиеттеріне қарай фразеологиялық сөз тіркестері мағыналары жағынан ұқсас болып келуі арқылы бір-бірімен синонимдік қарым-қатынаста жұмсалады. Мұндай жағдайда мағыналары сәйкес бірнеше сөздер бірыңғай синонимдік қатар жасайды. Бұл тұрақты тіркестердің мағыналық, экспрессивтік сипаты бір-бірімен күшейе түседі де, сөйлеу тілінде заттың, құбылыстың сын-сипатын айқындай түсу үшін пайдаланылады. Мысалы: тайға таңба басқандай – соқырға таяқ ұстатқандай – бесенеден белгілі – айдан анық т.б. Мұндай бір синонимдік қатарға бірнеше тұрақты сөз тіркестері бірігіп келіп, ашық, белгілі, айқын деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар бұл тіркестер өте айқын, тым ашық, анықтың анығы деген экспрессивтік мағынаға да ие болады.

Фразеологиялық синонимдерге мағынасы жағынан жақын немесе барабар тұрақты тіркестер жатады. Олар қандай да бір құбылысты әр басқа сипаттауы жағынан өзінің грамматикалық және функционалдық рөлдеріне қарай ұқсас болады.

Көркем сөздің өзіндік ерекшелігі – бейнелілігі десек, оның бір көрсеткіші фразеологизмдердің тілдік қолдану аясында компоненттер құрамының сан жағынан мол, сапа жағынан икемді болып келетін синонимдігінен де көрінеді.

Синонимдік фразеологизмдер екі фразеологизмнің бір ұғымды білдіретіндігімен түсіндіріледі, олар бір топқа жатса да, семантикалық немесе стилистикалық жағынан айырмашылықтары болады. Синонимдік фразеологизмдердің бірнеше белгілері: 1) бір ұғымды білдіреді; 2) бір топқа жатады; 3) мүшелерінің арасында семантикалық немесе стилистикалық айырмашылықтар болады; 4) лексикалық-семантикалық үйлесімділігі жақын және ұқсас болып келеді.

Фразеологиялық синонимдер бір-бірінен көбінесе семантикалық белгілеріне, стилистикалық бояуына, қолданылу аясына, сөз байланыстарына қарай сараланып жіктеледі [2, 69]. Сонымен қатар Н.М.Шанский фразеологиялық синонимдерді бір сөз табынан жасалатындығын, олардың құрылымдық-грамматикалық белгілеріне қарай ұқсас және әр түрлі болатындығын және бірдей лексикалық үйлесімділікте болатынын айтады [2, 72].

Лингвистикалық әдебиеттерде фразеологиялық синонимдерді анықтауда зерттеушілердің пікірлері бір жерден шығып отыратыны анықталды. Яғни, синонимді фразеологизмдер – құрамдас компоненттері түрлі болып келген, мән-мағынасы жағынан үйлес, өзіндік стильдік реңктерімен ерекшеленіп тұратын тұрақты тіркестер. Фразеологиялық синонимдер арасында жалпы мағына жуықтығы болғанымен, бірінде бар компонент екіншісінде ұшыраспайды. Нақтырақ айтсақ, синонимдес фразеологизмдердің компоненттері мүлдем бөлек болып келеді де, беретін мағыналары біреу болады.

Өзара синонимдес фразеологизмдердің синонимдігі бірдей дәрежеде бола бермейді. Фразеологизмдердің ең жоғарғы синонимдігі олардың кез-келген контексте бір-бірінің орнына еркін қолданыла беруінен байқалады. «Фразеологиялық синонимдерді бірінің орнына бірін ауыстырып қолдану төмендегі шарттарға байланысты іске асады:

- фразеологизмдердің семантикалық жағынан жақындық дәрежесіне байланысты;
- синонимдердің құрылымдық жүйесіне байланысты;
- фразеологизмдердің стилистикалық сипаты мен эмоционалдық бояуына байланысты, т.б.» [3, 75 б.].

Фразеологиялық синонимдер стильдік мәні, табиғаты жағынан әр түрлі болып келеді де, берілген ұғымның жаңа белгісін, жаңа реңін жан-жақты айқындап аша түседі. Бұл тәріздес фразеологизмдердің негізінде түрлі көркем образ жасалады. Сондықтан фразеологиялық синонимдердің өздеріне лайықты «орын тепкен мекені» - көркем шығарма. Ақын-жазушы белгілі бір ойды, болған оқиғаны нақты, көркем етіп жеткізіп, оны түрлі-түсті бояумен әшекеюде фразеологиялық синонимдерге иек артатыны сөзсіз.

Қазақ тіліндегі мағыналас фразеологизмдердің семантикасын, құрылымын, құрамын, стильдік ерекшеліктерін арнайы зерттеген Г. Смағұлова олардың қазақ халқының өзіндік ұлттық ойлау ерекшелігі – дүние шындығын көркем образбен қабылдауы, шешендік сөз өнерін ұлт менталдығы ретінде көрсетуі, қазақ ұлтының психологиялық терең болмысын байқататынын, мағыналас фразеологизмдердің жақындығы шындық өмірдегі бәріне ортақ ұғымдарды білдіретін тірек сөздер арқылы анықталатынын және сол тірек сөздердің мағынасы мағыналас фразеологизмдердің тобын, қатарын түзуге негіз болатынын айтады [4, 3 б.].

Лексикалық синонимдер сияқты фразеологиялық синонимдер белгілі бір ұғымды білдіріп, соның айналасына топталғанымен,

өзара бірдей емес, іштей айырмашылықтары болады. Лексикалық синонимдерге қарағанда фразеологиялық синонимдер ойды анық, дәл әрі образды жеткізуде таптырмайтын тілдік құрал. Ұғымды нақтылауда мағыналас тіркестер мәнерлілік, суреттілік арқылы жан-жақты дәлдікпен беруге ұмтылады. Мысалы, езу тарту, мырс ету, езу жимау, екі езуі екі құлағында, көзінен жас аққанша күлу, ішек-сілесі қату сияқты синонимдік фразеологизмдер «күлу» кимылының бірте-бірте сатылап күшейе түсетінін білдіріп, әр түрлі стилистикалық реңк туғызып тұр.

Мағыналас фразеологизмдерді зерттеген ғалым Г.Смағұлова «Қазақ тіліндегі мағыналас фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктері семантикалық синонимдер және стильдік синонимдер аралығында сөз етілуі тиіс. Бұл ең алдымен тұрақты тіркестер синонимдерінің стильдік қолданысы туралы айтылатын үлкен әңгіменің негізі болмақ», – деп, мағыналас фразеологизмдердің қызметін анықтаған. Біз синонимдік фразеологизмдердің стильдік синонимдер аралығында, яғни жұмсалымдық негізде сөз етілуін қарастырамыз. Себебі жұмсалым болғанда тілдік бірліктердің қатысымдық табиғаты айқындала түсетіні белгілі.

Осы тұрғыдан келгенде көркем әдебиеттегі синонимдік фразеологизмдер үлкен жүк арқалап тұрады. Көркем әдебиет арқылы тіл дамыту, тілдік қордағы тілдік бірліктердің алуан түрлілігі тілдік әлеуетті арттыруға негіз болады. Сондықтан халықпен бірге жасап келе жатқан тұрақты тіркестерді М-Ж. Көпеев шығармаларынан да іздеді және олардың синонимдік қатарларын да шығармаларында ұтымды пайдалана білгенін байқадық. Мағыналас фразеологизмдер ретінде ақынның өзіндік фразалық оралымдары, халық тілінде кездесетін түрлері кездеседі.

М-Ж.Көпеев шығармаларындағы синоним фразеологизмдер бір-бірінен стильдік қолданылуы мен өзінің эмоционалды-экспрессивті әсері жағынан ерекшеленеді.

Мысалы:

- Қуға қу кез болады әлдеқайдан,
- Талайдың күйген аузы осындайдан. [5, 59 б.].
- Бір көзім ашылмаған сорым қайнап,
- Күнелттім өмір бойы ит-құс жайлап. [5, 54 б.].
- Қапшығын қайыршылық тоқып алған,
- Өнер жоқ бұлар білмей қапы қалған. [5, 18 б.].
- Дүниеде қалған жан жоқ аяп күшін,
- Қайраумен шықыр-шықыр отыз тісін. [5, 19 б.].

Ұқпасқа айтқан сөзім кетер ағып,
Талайды қан қақсатқан тілім шағып. [5, 7 б.].
Бұл бір сөз бола қалды көкей кескен,
Қан жұтып талай шаһбаз, заһар ішкен. [5, 7 б.].
Дүние үшін жанның бәрі қайғы жеген,
Ешкімді күйдірмеймін тіптінеген. [5,19 б.].

Осы өлең жолдарындағы күйген аузы (аузы күйеу), сорым қайнап (соры қайнау), қапы қалған (қапы қалу), қайраумен шықыр-шықыр отыз тісін (тісін қайрау), қан қақсатқан (қан қақсау), қан жұтып (қан жұту), заһар ішкен (заһар ішу), қайғы жеген (қайғы жеу) тіркестері налу, ызалану, қайғыру мағынасын беретін мағыналас фразеологизмдер. Бұл фразеологизмдер бір мағынаны берсе де, әр өлең жолдарында әр түрлі реңкте көрінеді және жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, синоним фразеологизмдердің арасында лингвистикалық қана байланыс болады. Себебі бір сатыдағы стильдік қолданыста тұрса да, әр фразеологизмнің эмоционалды-экспрессивті қасиеттері әр түрлі. Синонимдік фразеологизмдердің жоғарыда аталған белгілеріне қарай олар бірінің орнына бірі жұмсала алмайды. Себебі әрқайсысының экспрессиясы әртүрлі. Осы мағыналас фразеологизмдер арқылы ақын бірде жансыз затқа жан бітірсе, бірде пасық, надан адамдардың мінезін суреттеп, кейіпкер бейнесін ашуда тиімді стилистикалық амалдарды қолданады.

Сондай-ақ төмендегі тұрақты тіркестер де осының дәлелі:

Толқын жайын білмеген қырсықтылар,
Салы суға кетпекші, соры қайнап. [5, 21 б]
Түн болса, алар тыныштық біраз жатып,
Шаршағаннан сілесі әбден қатып. [5, 22б]
Бұл сөзге түсірейін түстей жорып,
Түсірмесем, шаршайсың дымың құрып. [5, 84 б.]

М.Ж. Көпеев шығармаларындағы фразеологизмдердің стилистикалық қолданылуын, фразеологиялық варианттылық пен синонимияны қарастыру барысында ақынның тұрақты тіркеске жаңаша бір өң бергенін және олардың құрылымдық-семантикалық жағынан өзгерістерге ұшыратуға икемді екенін байқадық.

Кісі боп шықпасам да өзім қырға,
Айтқан сөзім құлаққа болды сырға. [5, 19 б.]
Бойтұмар басқаларға болған сөзім
Өзімді қылмас тіпті аяқ асты [5, 20 б.].
Болды екен Мәшһүр шешен қандайында,

Басылған күдірет мөрі таңдайында. [5, 48 б.].
Құлақтың құршы қанған жақсы сөзді
Не зәмзәм, не болмаса дерсін көусар. [5, 66 б.]
Қалайың, қалсам өзім, айдалада,
Болсын да сөзім сырға құлақтыға. [5, 75 б.]

Осылайша ақын синонимдік фразеологизмдер арқылы сөздің күдіреттілігін көрсетеді. Мұндай мағыналас фразеологизмдерді ақын шығармаларынан көптеп кездестіруге болады. Олардың барлығы да шығармаға жаңаша бір өң беріп, стильдік жағынан дара екендігін дәлелдеп отырады. Мысалы:

Дос қой деп ішкі сырын түгел айтып;
Сөз сөйлеп тарқатайық ішкі шерді;
Барады бір ашылмай ішкі кірім;
Тарқамай бұл жалғаннан ішкі шерім;
Шын жақсы ішкі өнерін жасырмаса;
Өлеңмен көңіліндегі мұнын айтып.

Көкірегім – қан, жаспенен толған көзім;
Көз жасы жылаулының болар қабыл;
Жас ағып жүре бердік көзімізден;
Көп жұртты көз жасына қылсаң куә;
Көз жасы көп жылаумен сел болады;
Жүзіме көрінгендер көз салсын деп;
Көз салып бірін-бірі шамаласқан;
Залымдар көзімізді алар ойып;
Хакімдер атып тастар көзін жойып.

Сиқырына неше түрлі көз жетпейді;
Көз жетпес қулығына адамзаттың;
Жол үсті, түстік жаман көзге,-дейді;
Жоғалып ешкіні алған кетті көзден;
Түсірдім жұрт көзіне риза бол
Қыран құс көңіл ашар, жүйрік тазы;
Жүздеген мұңлылардың көңілін ашқан және т.б.

Тілдік қолданыста жеке сөздерге қарағанда, тұрақты сөз тіркесінің баяндау, хабарлау, әсіресе сипаттау ерекшелігі басым. Сондықтан да қатысымдық қызмет атқаратын фразеологиялық сөз тіркестері жеке сөзбен мағынасы жағынан сәйкес болғанымен, тепе-тең бола алмайды. Фразеологиялық тіркестер сөздерге тек балама болады да, эмоционалды-экспрессивті реңкті білдіреді. Осындай қасиетіне байланысты фразеологиялық сөз тіркестері көбінесе стильдік мақсатта жұмсалады.

Қорыта келгенде, қазақ тілі пәнін оқыту кезінде лексикалық білім беру барысында оқушылар сөздердің лексикалық мағынасын игеру ғана емес, оның сөйлемде пайдаланылуы, грамматикалық мағынасы және ол мағынаның қолданылуы бойынша жаттықтыру жұмыстарын жүргізеді. Бұл дағдыландыру жұмысы сол сөз бен сөз тіркестерінің сөйлеу әрекетіндегі мақсатқа сай қолдана білу икемділігін арттыра отырып, сөздік қорын саны жағынан ғана емес, сапа жағынан да арттыруға ықпал етеді.

Бала тілінің дамуы өзі қарым-қатынас жасайтын ортасының ұйымдастырылуына байланысты, сондықтан баланы ең алдымен сөйлей білуге, қарым-қатынас жасауға жаттықтыру көзделуі керек.

Тіл мәні мен мазмұны баланың қарым-қатынас жасау үшін ана тілінің жүйесі мен заңдылықтарын игеруіне, сол игерілген білім мен дағдыларын өзін қоршаған өмірдегі ұғымдар, пайымдау негізінде ойлау икемділіктерін арттырып, күнделікті қарым-қатынас пен өз тәжірибесінде түрлі орындар мен ахуалдарға орай пайдалана білу шеберліктерін қарастыру болып табылады.

Адам ой әрекетімен ашылған заңдылық, байланыс, тәуелдік қатынастар тілдің сөздік және грамматикалық тұлғаларында өмір сүреді. Ой танымының жоғарғы сапасы ретінде де, үрдіс ретінде де ойлау мен сөйлеудің осы бірлігінен туындайды. Демек, тіл дамыту – ой дамыту. Ойлау, сөйлеу әрекетін туғызады. Сөйлеу әрекетінің жүйелі, мазмұнды болуы ақыл-ой амалдарына: талдау, жинақтау, нақтылау, абстракциялау, жалпылау, салыстыру, жіктеу, қорытындылау дағдыларына байланысты. Тіл дамыту әрекет дәрежесінде жүргізіліп, қарым-қатынастың табиғи түрінде, пікір айту оқытудың түрткілері арқылы жүргізілсе нәтижелі болады. Осы тұрғыдан келгенде көркем әдебиеттің, ондағы тілдік бірліктердің қолданымдық табиғатының орны ерекше. Өйткені сөздерді тиімді қолдану қатысымдық әрекеттің нәтижелі жүргізілуіне әсер етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Оразбаева Ф. Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: Білім, 2000. - 208 б.
- 2 Шанский Н.М. Фразеология современного русского языка. - Москва: Высшая школа, 1969. – 231 с.
- 3 Жуков В.П. Русская фразеология. – Москва: Высшая школа, 1986. – с.180
- 4 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. -196 б.
- 5 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 2 т. – 456 б.

К ПРОБЛЕМЕ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ АНТРОПОЛОГИИ РУССКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

РУДЬ А. С.

магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Данная работа посвящена рассмотрению - в самом общем виде - значимой сегодня проблемы антропологического наполнения русской литературы, для чего необходимо обозначить основные вехи истории антропологии вообще и художественной антропологии в частности.

Термин «антропология» впервые встречается у Аристотеля, который употребил его для обозначения области знания, изучающей преимущественно духовную сторону человеческой природы [1, с. 634]. Несколько иное значение этому термину придавал Магнус Хундт из Лейпцига. В его книге «Антропология о достоинстве, природе и свойствах человека и об элементах, частях и членах человеческого тела», вышедшей в 1501 г., обобщены имевшиеся в тот период анатомические сведения о человеке. В 1533 г. появился труд итальянца Г.Капелла «Антропология, или рассуждение о человеческой природе», содержащий данные об индивидуальной изменчивости морфологических признаков человека. Следующей вехой в истории антропологии является выход в свет в 1594 г. сочинения Касмана, первая часть которого называется «Антропологическая психология, или учение о человеческой душе», вторая – «О строении человеческого тела в методическом описании» и посвящена морфологии человека. Естествоиспытатель XVII в. Й. Риолан свою книгу «Анатомия или антропология» посвятил строению человека. Немецкие философы конца XVIII - начала XIX в. (И. Кант, Г. Гегель и др.) представляли антропологию как науку, изучающую законы развития общества, мировоззрения и бытия. Французские энциклопедисты придавали термину «антропология» очень широкий смысл, понимая под ним всю совокупность знаний о человеке. Разные представления о термине «антропология» вытекают из многогранности человека - особенностей его биологии, психологии и общественно-культурной организации.

С середины XIX века в рамках нормальной анатомии человека стали обобщаться знания о его морфологической изменчивости в зависимости от расовой принадлежности и климата. Известный французский анатом и основоположник антропологической школы в Париже П.

Брока охарактеризовал антропологию как науку, занимающуюся естественной историей человека. Немецкие анатомы-антропологи И. Ф. Блуменбах, И. Ранке, Р. Вирхов придавали большое значение изучению морфологической изменчивости человека.

И до настоящего времени в науке нет единой трактовки термина «антропология». В Англии, США, Латинской Америке, Франции и Бельгии под антропологией понимается ряд наук. Изучением культуры, цивилизации, общественных систем, этнических особенностей занимается культурная антропология. Биологию человека, его изменчивость во времени и пространстве рассматривает физическая антропология.

Антропологический поворот, констатируемый в гуманитарном знании XX столетия и характеризуемый как качественно новый этап развития науки, определил еще большее расширение значения термина «антропология».

В XX столетии давно известный смысл узкоспециального содержания антропологии как науки о человеке расширяется: философская антропология, религиозная, художественная. Последний вариант предполагает изучение вопроса о том, что такое человек (его судьба, назначение, будущность) в художественном изображении, будь то живопись, музыка, архитектура, литература. В нашем случае речь пойдет о художественной антропологии русской литературы, а именно: что такое человек в ее представлении.

Сравнительно с литературой западноевропейской, русская молода. Еще в начале XIX в. русские мыслители признавали отсутствие у нас литературы. В 1833 г. Пушкин пишет незаконченную статью «О ничтожестве литературы русской». В конце первой половины XIX в. Белинский сообщает, что у России есть своя литература, но европейского значения она не имеет. Но уже в 1878 г. Тургенев объявил (на Конгрессе писателей в Париже), что русская литература стала общеевропейской. Такого стремительного развития не знала ни одна литература, сейчас с этим отдаленно может быть сопоставлена (с необходимыми оговорками) лишь латиноамериканская.

Причина интереса к русской литературе заключается в этой самой художественной антропологии: а) взгляд русской литературы на человека оказался новинкой для западноевропейского читателя; б) архаическое отношение к слову как силе мироустроительной и миропереустроительной, от чего Западная Европа давно отвыкла.

Художественный текст в русской литературе не делится на целое без остатка, и его нельзя ни понять, ни истолковать «до конца» — всегда остается «тайна», побуждающая очередные поколения разгадывать ее. Поэтому художественное произведение читается и читается, хотя исчезла действительность, его породившая. Художник (писатель), конечно, дитя своего времени, но никогда не помещается в нем. Эта тайна художественного произведения, загадка творчества, коренящаяся в тайне человека, — одно из убеждений современной эстетики, которая анализирует опыт художественной антропологии.

Исследователи давно обратили внимание на то, что вся ткань художественного произведения охватывается «идеей человека», «высшей точкой зрения» писателя, которая выражается в целом всего произведения, пронизывая его, «пробиваясь в нем» [2, с. 50]. Отсюда правомерность существования такого понятия, как «художественная антропология», представляющая собой стержень художественной литературы. При этом она ставится в один ряд с биологией, психологией, социологией и другими науками, изучающими человека под определенным углом зрения, т.е. рассматривающими лишь одну из сторон его сущности. Классическим примером собственно литературно-антропологических исследований стали публикации Б. Т. Удодова, изучающего классику XIX века в русле историко-литературного и теоретико-методологического направлений «Подход к человеку как сложнейшему и самоценному целостному феномену, — пишет ученый, — позволяет видеть в русской классике своеобразную художественную антропологию, долгое время питавшую, а во многом и восполнявшую русскую философскую антропологию XIX-XX вв.» [3, с. 17].

В отечественных трудах по теории литературы вопрос о принадлежности «художественной антропологии» к самостоятельным отраслям научного знания практически не затрагивался до конца XX века, хотя основания для этого уже были заложены в таких известных трудах, как «Автор и герой в эстетической деятельности» М. М. Бахтина [4], «Психология искусства» Л. С. Выготского [5], «Человек в литературе Древней Руси» Д. С. Лихачева [6]. Большим шагом вперед в решении стала монография В. В. Савельевой «Художественная антропология», в которой объектом рассмотрения стал человек как «объект искусства» и «субъект собственного искусства». Согласно взглядам В. В. Савельевой, человек выступает со-творцом таких универсальных феноменов культуры, как «художественный текст» и «художественный мир».

Именно потому, что и художественный текст, и художественный мир созданы человеком-творцом, «присутствие антропологического начала в них, несомненно. Это касается и конкретных образов-персонажей, населяющих художественный мир. Именно поэтому можно утверждать, что каждый автор создает свой образ человека, т. е. свою художественную антропологию, которая может быть выделена в отдельную область знаний, подобно религиозной антропологии, философской, педагогической, психологической» [7, с. 376], - полагает литературовед.

«В область художественной антропологии, - по мнению В. В. Савельевой, - входит: осмысление, интерпретация и разноаспектное изучение 1) образов-персонажей, которые появляются как результат трансформации и фантазийного воссоздания человека в авторском художественном мире и в поэтике конкретных художественных текстов, а также 2) форм присутствия автора-человека в созданном им художественном мире и порождаемых им художественных текстах» [7, с. 376].

Важность обращения к образу человека, его сущности, судьбы, предназначения и будущности, представленных в художественном произведении, определяется необходимостью разработки вышеизложенного подхода и фиксации понятия «художественная антропология» в двух значениях: 1) совокупность представлений человека о самом себе в художественном творчестве; 2) новое направление в гуманитарной мысли.

Ныне русская литература отчетливо видится феноменом всемирной духовной культуры, и это выводит ее за рамки национального значения, поскольку вопрос, ею поставленный (после Лермонтова он стал одним из главных), есть вопрос всемирный, касающийся судьбы каждого человека. Вненациональная природа литературы, выросшей в национальной среде, является новым условием, обнаруженным в XX столетии. И потому исследование антропологического наполнения русской словесности сегодня как никогда актуально.

ЛИТЕРАТУРА

1. Аристотель. Соч.: в 4-х томах. Т. 4. М.: Мысль, 1984. - 830 с.
2. Москвина, Р. Р. Человек как объект философии и литературы / Р. Р. Москвина, Г. В. Мокронос. - Иркутск: Изд-во Иркут. ун-та, 1987. - 200 с.
3. Удодов, Б. Т. Пушкин: художественная антропология / Б. Т. Удодов. - Воронеж: Изд-во ВГУ, 1999. - 304 с.

4 Бахтин, М. М. Эстетика словесного творчества / М. М. Бахтин. - М.: Искусство, 1986.-445 с.

5 Выготский, Л. С. Психология искусства / под ред. М. Г. Ярошевского. -М.: Педагогика, 1987. 344 с.

6 Лихачев, Д. С. Человек в литературе Древней Руси / Д. С. Лихачев. - М.: Наука, 1970. - 180 с.

7 Савельева В. В. Художественная антропология и творчество писателя. - Усть - Каменогорск - Алматы, 2007. - 410 с.

8 Лермонтов М. Ю. Герой нашего времени. – М.: Художественная литература, 1985. - 479 с.

НЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНУІ

САБЫРЖАН С.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мектепте оқылатын қазақ тілі курсының лексика тарауы тіл білімі салаларының ішіндегі мағыналы да мәнді және өзге тараулармен тығыз байланыста үнемі қайталанып отыратын өзекті саласы болып табылады. Себебі бұл тарауда тілдің негізі саналатын “сөз” туралы, оның басты белгісі – мағынасы туралы жан-жақты білім мен оны күнделікті өмірде қолданудың түрлі жолдары көрсетіледі.

Мектеп оқулықтарындағы соның ішінде 5- сыныптың қазақ тілі оқулығындағы неологизмдерді қарастыра отырып, қолданылған терминдердің көпшілігі кенес дәуіріндегі оқулықтарға енген терминдерге қарағанда қазақша баламасының ұсынылуын ұтымды жағы деп санауға болады. Мысалы 5- сыныпта «Жаңа сөздер» деген тақырып бар. Бұрынғы оқулықтарды «Неологизмдер» деп аталған терминнің «Жаңа сөздер» деп ұсынылуы құптарлық жайт. Оқулықта: «Тілде жаңа ұғымдарды білдіретін сөздер жаңа сөздер немесе неологизмдер деп аталады»[1,70],-деген анықтаманы ұсынады.

5-сыныптың «Кәсіби сөздер. Термин сөздер» деген тақырыбында: «Белгілі бір кәсіппен, шаруашылық саласымен шұғылданатын адамдар арасында қолданылатын, көпшілікке бірдей түсінікті бола бермейтін сөздер кәсіби сөздер деп аталады. Кәсіби сөздер екі салаға бөлінеді:

1 Қолөнершілікке байланысты кәсіби сөздер

2 Ауыл шаруашылығына байланысты кәсіби сөздер», - дей келе, термин ұғымына түсініктеме береді: «Термин сөздер – ғылым мен техника, өндіріс саласында қолданылатын арнаулы заттар мен ұғымдардың атауы болатын сөздер. Қазақ тіліндегі термин сөздер екі түрлі жолмен жасалған.

1 Баламасы бар термин сөздер: 1) жергілікті және көне сөздерден жасалған термин сөздер: универсал – әмбебап, устав – жарғы, рынок – нарық, комплекс – кешен, администратор – әкім, т.б. 2) тілімізде бар сөздерді біріктіру арқылы жасалған термин сөздер: семья – отбасы, музей – мұражай, герб – елтаңба, гимн – әнұран, паспорт – төлқұжат т.б.

2 Қазақша баламасы жоқ интернационалдық термин сөздер: коэффициент, синус, куб, азон, аммиак, карта, материк, глобус, синтаксис, диалект, антоним, дисфемизм т.б.» [2,83-84 бб]. Терминдердің қазақша баламасы бар бола тұра, орыс тілінен енгізілгені анық.

Қазақ тілі оқулықтарында лингвистикалық терминдерден басқа ғылым салаларының терминдері де кездеседі. Мысалы 5- сынып оқулығында берілген жаттығуларда «Тропиктік аймақ» деген мәтін берілген. Оқушы лингвистикалық терминдермен қоса география ғылымының терминдерін қоса меңгеруі қажет. Бұл бір жағынан оқушының сөздік қорын молайтса, екінші жағынан шет тілінен енген сөздер оқушы ұғымына ауыр тиюі мүмкін.

Бұл мәтінде глобус, солтүстік жарты шар, оңтүстік жарты шар, экватор, тропикалық белдеу, саванна.

Бұл интернационалдық терминдер, орыс тілі арқылы енген терминдер 5-сынып оқушыларына түсіндіру мұғалім шеберлігін қажет етеді. Оқулыққа енгізілген мәтіндердегі терминнің молдығы оқулықтың ұтымсыз жақтары деп анықтауымызға болады. Бұл мәтіннің орнына бала ұғымына сай, жеңіл мәтіндерді ұсынған жөн болар еді.

5-сыныпта лексикалық материалдарды оқушыға меңгерткенде ескеретін бір жайт – жеке сөз ешқашан өз бойындағы бар мүмкіншілікті толық бере алмайды. Лексикалық мағынасы бар сөздердің өзін бір мағынасымен шектеу қиын. Өйткені тіліміздегі сөздердің әрқайсысы алуан түрлі мағынаны береді. Сөздердің тура және ауспалы мағынасын, көпмағыналы сөздерді, омоним, синоним, антоним сөздерді оқушыларға меңгерту – олардың тілінің қалыптасуына, ойын нақты, әрі көркем әсерлі жеткізулеріне, сөйлесу

тілінде бірсөздің бірнеше қайталауын болдырмауға, нақтырақ айтқанда шешен сөйлеуге, ойын дәл жеткізуге ықпалын тигізеді. Оқушыларға жаңа сөзді меңгертуде грамматикалық дағдыларды қалыптастыру, дыбыстарды дұрыс айта білу, сөз тіркестерін дұрыс құрастыра білу, жаңа сөздерді күнделікті қолдана білу, мағынасын меңгеру, жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құру қабілеттерін дамыту – жаңа сөздерді меңгерудің алғы шарттары болып табылады. Неологизмдерді оқытудың ұтымдылығы: жаңа сөздердің мағынасын жете меңгере отырып, өз ойын нақты және дұрыс жеткізуге, жаңа сөздерді дұрыс, өз мағынасында қолдана білуге жаттығады. Сөздік қоры молаяды, меңгерген сөздердің белсенді сөздік қорға айналуын іске асырады. Неологизмдердің есте сақталуын қамтамасыз ету, әр сабақ сайын олардың білім деңгейін тереңдету мақсатында сөздердің синонимдік қатары қоса беріліп, қолдану машығындағы айырмашылықтарын түсіндіру - оқушының ойын дәл, анық жеткізуіне, сөздерді тауып қолдана білуіне, мәдениетті сөйлеуіне, сөздік қорының толығына тигізетін ықпалы мол. Оқушыларға теориялық білім беруде көбінесе неологизмдер мен термин сөздер, басқа тілден енген терминдер мен байырғы сөздер арқылы жасалған терминдер жеке дара жіктеліп оқушылардың талдауына ұсынылып отырылуы керек. Бұл жұмыс түрлері оқушылардың дипломатиялық іскерлік әрекеттерін, тұжырымды және шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда ерекше роль атқарды. Ал ғылымның басқа салаларына тән терминдердің берілуі оқушылардың сөздік қорын молайтуда, ойлау қабілетін дамытуда, байланыстырып мәдениетті сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда таптырмайтын дидактикалық материалдар бола алады. Ғылым тілі бірізділікті, нақтылықты талап етеді. Синонимияға, жарыспалылыққа, көпмағыналылық пен үндесімсіздікке, жүйесіздікке жол бермеу үшін терминологиялық жұмыстар үнемі жүргізіліп отырады. Орыс терминтанушыларының еңбектерінде бір терминнің бірнеше нұсқасы қолданылатын жағдайлар жиі кездеседі. Біздің ғалымдарымыз кейде осы терминдердің барлық нұсқаларын қабылдап, жарыспалылыққа жол беріп алып жатады. Қазақ тілі мен әдебиетті оқу, пайдалану барысында көптеген синоним терминдер бар екеніне көз жеткізуге болады. Ондай мағыналас терминдер терминтанушыларының өз арасында да қиындық туғызады. Ал бұл саланы пән ретінде жаңа оқи бастағандар мен аудармашыларды, іс жүргізушілерді, терминді қызмет барысында пайдаланушы өзге де түрлі мамандық иелерін мүлде жаңылыстырады. 6-сыныпта терминдерді анықтап,

қай ғылым саласына жататындығын ажырат деген тапсырмалар ұсынылады. Әлеуметтік жағдайға, мемлекеттік аралық қатынастарға байланысты қазақ тіліне енген терминдер берілген. 18-жаттығу, 20- жаттығуларда республика, грамматика, лаборатория, формула деген көне грек, рим мәдениетінен келе жатқан терминдер; бюллетень, симфония, кассир, опера, касса, газет - итальян тілінен енген сөздер; геометрия, физика, экономика, термометр, телеграф, телефон, т.б. грек, латын тілдерінен енген сөздер; чемпион, руль, рельс, клуб, вокзал – неміс тілінен енген сөздер ұсынылған. Берілген терминдер қазіргі уақытта қазақша баламасы қолданылып жүрсе де, оқулықта халықаралық термин ретінде берілген[3]. Чемпион, автовокзал – қазіргі таңда жеңімпаз, сапаржай болып қолданысқа енгізілуде. Қазақ тілі терминологиясының құрамы қазір кеңес кезіндегіден өзге тіл терминдерінен көп тазартылды. Алайда, әлі де тілімізде термин алмасу ретімен келген терминдер баршылық және ол терминология салаларының бәріне қатысты. Мәселен, акварель, актер, актриса, анонс, аншлаг, ассисент, балет, гармония, гобелен, диалог, директор, дублер, интернет, интервал, кабаре, кадр, картина, клуб, концерт, прима, реализм, режиссер, экран, эпилог, эффект т.б. осы сияқты термин алмасу жолымен келген шетел терминдері 2000 жылғы мәдениет және өнер сөздігінде берілген. Осы келтірілген терминдерді қазақ тілінің байырғы сөздерімен беруге болмады дегенге сенгіміз келмейді. Осындағы акварель, актер, балет, диалог, директор, картина, клуб, концерт, эффект тағы басқаларының халық арасында қолданылып жүрген баламалары бар. Мысалы, бояу, әртіс, би, пікірлесу, бастық, сурет, ойын-сауық үйі, ән-күй, күшті әсер т.б. Мамандар ойланып, оларға баламаны тілден табуға болады деген пікірдеміз. Осындай жағдай терминологияның басқа салаларында да баршылық. Мәселен, географияны бірсыпыра уақыт жағырафия, математиканы есеп пәні деп келдік. Бұл жағдайлардың бәрі алмасқан терминдер жөнінде әлі де ойланатын жайлар барын аңғартады. Бірақ бұл ойлар термин алмасу қажет емес дегенді білдірмейді. Термин алмасу қашан да болады, тек орынды болуы керек. Орынсыз термин алмасу тілді шұбарлау болатыны сөзсіз. Біз бұл жағдайды кеңес кезеңінде басымыздан өткіздік. Қазір орынсыз алынған шетел терминдерінен арылу кезеңіндеміз. Бұл әрекет әлі де жүргізіле береді деуге болады. Осы бағытта көп томдық сериялы сөздіктер 2000 жылдарда шығарылып, ол Мемлекеттік сыйлық алғаны белгілі. Бұл сөздіктер бірсыпыра терминдерді байырғы сөздермен ауыстырғанын да баспа бетінде пікір

айтушылар атап жатты. Сонымен бірге кемшіліктер ішінде тілдің толық пайдаланбағаны да көрсетілді. Қазақ тілінің мол байлығын орынды игере отырып дамыту кез-келген ғылымдар жүйесіне еш кедергі келтірмесі анық. Керісінше тілде еркін қолданылатын термин баламалары түрлі өзекті мәселені ашып беру жолында түсініксіздікті жоятын мол пайданың көзіне айналмақ. Кейбіреудің қазақша жазған өмірбаяндарынан «жанұя», «пәлен уақытта туылған» деген сөздер көп кездеседі. Терминком «отбасы» сөзді қабылдаған. Өйткені, «Отан – отбасынан басталады», бұған «отағасы», «от басы – ошақ қасы» деген көптеген сөздерді қосыңыз. Қалай дегенде де терминдерді қазақшаландыру үрдісі жұртшылық сұранысы тұрғысынан кең қолдау табуға. Ес жиып, есейген ұлттың әлемдік өркениетіне нендей өзіндігімізбен барамыз, соған еркін апаруға тіліміздің қауқары жете ме деген саналы толғаныстан туындайтын заңды әрекет бұл. Термин баламаларының төл тілімізден орынның иемденуі «мемлекеттік тіл мәртебесі үшін, әсіресе, оның негізгі тармақтарының бірі – ғылым тілінің қанат жаюы үшін аса шара» екендігі халыққа кеңінен түсінікті. Тілімізде бұрын жалпыхалытық сөз болған, ал қазір физика ғылымының термині қызметін атқарып жүрген (терминденген) сөздердің саны біршама. Олардың қатарына бөлшек, дыбыс, жарық, кедергі, көлем, күш, қуат, өріс, сәуле, шама деген сияқты түбір сөздер мен ағын, аққыштық, ауырлық, беріктік, жылдамдық, кеңестік, қаттылық, қозғалыс, қондырғыш, қысым, өткізгіш, серпімділік, сұйық тартылыс, таратқыш, тербеліс, толқын, тұтқырлық, тығыздық, үйкеліс, деген сияқты туынды сөздерді де, балқу, булану, жылу, кернеу, қайнау, сығылу, сыну, тұйықталу, шашырау, үдеу, үйкелу деген сияқты етістіктің қимыл атау формаларын да жатқызуға болады. Бұлардың бәрі тілімізде ежелден қолданылып, келе жатқан байырғы сөздер. Олар кейінгі кезде мағыналарын өзгертіп, терминдік қызметке көшкен. Сол қызметі арқылы бұл сөздер физика ғылымының өркендеп дамуына, ол ғылымды жастарымыздың оқып-үйренуіне, түсуіне көп көмегі тигендігі дәлелденуді қажет етпейді. Оның үстіне бұл сөздердің тіліміздің байи түсуіне септігінің болғандығын да теріс дей алмаймыз.

Осы уақытқа дейін отандық ғалымдар тарапынан жарық көрген үлкенді-кішілі терминологиялық әдебиеттерді, сөздіктерді алып қарар болсақ, оларда кездесетін қазақша терминдердің саны баршылық. Мысалы қазіргі қазақ фонетикасы іргелі теориялық қисындардың ықпалымен және күнделікті практикалық мұқтаждықты

өтеу барысында жаңа зерттеу әдістерін игеріп, ғылыми аппаратын байытып, әр түрлі қондырғыларды кенінен пайдаланып жатыр. Сөйтіп мамандар осыған орай үздіксіз туындап отырған жаңа ұғымдарды тұрақтандырып, олардың атауларын орнықтырып отыр. Терминжасау ісі фонетика саласының зерттеушілері үшін де ғылыми ізденістерді талап етті. Қазіргі фонетика саласындағы қазіргі терминжасам үрдісін көрсететін терминдер қатарын ғалым Ә.Жүнісбек ұсынады.

Олар:

Жасалым фонетика – сөйлеу мүшелерінің дыбыс жасауға қатысын зерттейтін фонетика саласы (артикуляционная фонетика)

Айтылым фонетика – дыбыстың ауа кеністігіндегі табиғатын зерттейтін фонетика саласы (акустическая фонетика)

Естілім фонетика – дыбыстың түйсінім белгілерін зерттейтін фонетика саласы (перцептивная фонетика)

Үндесім фонетика – дыбыстың әуез құрылымы мен жүйесін зерттейтін фонетика саласы (сингармоническая фонетика)

Кұрақ – қазақ тілінің физиологиялық айтылым бірлігі

Дыбыс (буын, сөз) құрақ – құрақтың дыбыс құрамына байланысты түрлері

Сән құрақ - салтанатты сөйлеу дағдысына арналған тіл-кұрал

Әуен құрақ- ән сөзін қазақы айту дағдысына арналған тіл-кұрал

Ем құрақ- тіл-кұлақ мүсін емдеуге арналған тіл құрал

Бедер құрақ – қазақ зағиптарына арналған әліпби

Тіл (әріп, сөз)- сауат ашуға арналған ойын-кұралдар

Тоғысым

Тоғысыңқы

Жуысым

Жуысыңқы [4]

Алайда, осыған қарамастан қазақ тілі мен әдебиеті саласындағы термин мәселелерінің бізде әлі де зерттелмей жатқанын, оларға қазақша балама берудің жеткілікті дәрежеде қолға алынбай отырғандығы, берілсе де ол ұғымдар атауларының ғылыми айналымға түспей жүргенін көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ тілі. 5-сынып. Алматы:Атамұра, 2005 ж

2 Қазақ тілі. 4-сынып. Алматы:Атамұра, 2005 ж

3 Қазақ тілі. 6-сынып. Алматы:Атамұра, 2005 ж

4 Жүнісбек Ә. Ұсынған терминдер // Терминологиялық хабаршы. Астана, 2003. №4 (6)

ТІЛДІ ДАМУДА ТІРЕК СЫЗБАЛАРДЫҢ РӨЛІ

САФИТОВА Г. Қ.

мұғалім, №6 ЖОМ, Павлодар қ.

Еліміз өз тәуелсіздігіне көл жеткізіп, саяси-әлеуметтік және экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан уақытта терең білім, сауатты ұрпақ тәрбиелеу – негізі міндеттердің бірі.

Әлемдік саяси аренада Қазақстан Республикасының өзіндік салмағын пайымдау оның ұлттық білім жүйесінің жоғары дәрежеде дамуымен байланысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев ел халқына жолдауында Қазақтың ел болуы, ұлт тағдыры – оның келешек мектебінің болып құрылуына тіреледі деп атап көрсетті.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілі пәнінің көздейтін мақсаты – қазақша сөйлеуге, өз ойын басқаға түсіндіре алатын дәрежеге жеткізу. Сондықтан қазақ тілі сабағында оқытушыдан қалайда оқушыны сөйлетуге, сөйлеу тілін дамытуға жағдай туғызу керек. Тіл үйрену, тіл ұстарту адамның ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Ойлау қабілетін дамытудың негізгі әдістерінің бірі жаттығу жұмыстарын тиымды ұйымдастыру болып табылады. Жаттығулар екі топқа бөлінеді:

1) тілдік жаттығулар;

2) сөйлеу жаттығулары.

Екінші тілді үйрету ісінде сөйлеу жаттығуларының атқаратын рөлі зор. Әдетте сөйлеу жаттығуларына сөйлем және сөз тіркесін құрастыру, мазмұнында жаздыру, сұхбат құрастыру, мәтіннің мазмұнын айту жатады.

Оқушылардың сөйлеу қабілетін дамыту, мәтін бойынша сұхбат құрастыруда, мәтіннің мазмұнын айтқызуға тірек сызбалардың берері мол: өткен сабақтарды бекіте отырып, оқушыны жаңа ізденіске жетелейтін бірден-бір әдіс.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда тірек сызбаларын пайдалану оқушылардың танымдық қабілеттерін, тіл шеберлігін ұштайды.


Тірек сызбасын сабақта кенінен пайдалану – мұғалімнің жан-жақты дайындалуына, уақытты ұтымды өткізуіне әсері зор.

Өз тәжірибемдегі қазақ тілі сабақтарында қолданылып келе жатқан тірек сызбалардың тиімділігі туралы айтқым келеді. Тірек сызбалар – негізінде барлық оқушылардың сөйлеу тілін арттыру мақсатында пайдаланылатын тәсілдің бірі.

Тірек сызба жаңа тақырыпты жеңіл түсінуге, есте сақтап қалуға көмектеседі, сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, ойлау қабілетін арттырып, сөйлемдер құрастыра үйретуге мүмкіндік береді.

Тірек сызбаларды қолдану арқылы төмендегі әдістерді дамытуға мүмкіндік тұғызамын.

Диаграмма 1



Грамматикалық материалдарды және лексикалық тақырыптарды оқытуда тірек сызбалардың қолданылуы тілді дамытуға, сөздік қорды молайтуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға (сөйлеу, айту, жазу, оқу) ойлау қабілетін дамытуға, ойын қазақша жеткізе білуге үйретеді. Тірек сызбаларды оқушы толық меңгеріп алса, сөйлем құрау, сөйлемді, сөзді талдау, өз ойын жеткізу жеңіл болады.

Тіпті үлгерімі төмен оқушылар үшін де тірек сызбалар олардың жұмыс істеу қабілеттерін арттырып, дамытады.

Морфологиядан «Сөз таптарын» оқыған кезде мынадай тірек сызбаны қолдана отырып сөйлемге толық морфологиялық талдау жасау өте қолайлы.

Зат есім = $\frac{\text{дара}}{\text{күрделі}} > \frac{\text{негізгі}}{\text{тыұнды}} > \frac{\text{жалпы}}{\text{жалқы}} > \frac{\text{жанды}}{\text{жансыз}} > \frac{\text{көп}}{\text{тәу}} > \frac{\text{жік}}{\text{септ}}$

Сын есім = $\frac{\text{дара}}{\text{күрделі}} > \frac{\text{негізгі}}{\text{тыұнды}} > \frac{\text{сапалық}}{\text{қатыстық}} > \frac{\text{жай шырай}}{\text{күшейтпелі}} > \frac{\text{салыстырмалы}}$

Сөйлем және сөйлемнің түрлерін оқып біткен соң, сөйлемге құрамына қарай синтаксистік талдау жасатқанда мына тірек сызбаны қолданамын.


Сөйлем = $\frac{\text{жай}}{\text{құрмалас}} > \frac{\text{хабарлы (.)}}{\text{лепті (!)}} > \frac{\text{сұраулы (?)}}{\text{жақсы (баст. бар)}} > \frac{\text{жақсыз (баст. жоқ)}}{\text{толымды (барлық сөйлем мүшелері бар)}} > \frac{\text{жайылма (тұрлаулы, тұрлаусыз)}}{\text{толымсыз (бір сөйлем мүшесі жоқ)}}$

Тірек сызбаны пайдалану оқушыны сөйлеу үшін емес, олардың оқу-таным белсенділігін арттыру, ой-өрісін кеңейту үшін қажет. Мұндай тірек схемалардың тиімділігі, біріншіден, түгел сыныптағы оқушыларды қамтиды, екіншіден, сөйлем құрастыруға, сұрақ қойып, оған жауап беруге көмектеседі, үшіншіден, әңгіме құрастырып, оны әңгімелеп беруге үйренеді және есінде сақтауға ықпалын тигізеді, төртіншіден, оқушыны пәнге қызықтырады, ынтасын арттырады және мұғалімге сенімді көмекші. Осы арқылы оқушылар киын тақырыпты жеңіл меңгереді, үлгерімі нашар оқушылар да белсенділік арттырады.

Тірек сызба 5-11 сыныптардың бағдармаласы бойынша жасалады. Жеке-жеке тақырыптар бойынша беріледі. Тірек схема оқушылардың алған білім дағдыларын тексеруге, өтілген материалды одан әрі тануға, жаңа материалды түсіндіруге бейімделіп жасалады. Әрбір тірек схема үлгісін сыныптағы оқушыларға жететіндей мөлшерде көбейтуге болады, не болмаса тақтаға ілініп қойылады. Осындай тәсілді қазақ әдебиеті сабағында да қолдануға болады.

Төменде 5-11 сыныптарының қазақ тілі сабақтарында қолданылатын тірек схеманың белгілі адамдарға арналған үлгілерін ұсынамын.

Диаграмма 2 – Тірек сызбалардың үлгісі



Тірек сызбалар – барлық оқушылардың сөйлеу тілін арттыру мақсатында, олардың оқу-таным белсенділігін арттырау және ой-өрісін кеңейту мақсатында пайдаланылатын тәсілдердің бірі.

Тірек сызбалар арқылы оқушылар кез-келген тақырыпқа әңгіме құрастырып, өз ойларын оңай жеткізеді, ауызша тілді дамытады, сөздік қорын молайтады, ауызекі сөйлеуге дағдыланады. Тірек сызбалардың тағы бір тиімділігі сабақтың сапасын арттырады, оқушылардың белсенділігін, ойлау және еске сақтау қабілеттерін дамытып, қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттырады.

Уақыт талабы мұғалімнен сабақты қызықты, тартымды өткізе білуді көп шығармашылық ізденісті, білімділікті, тапқырлықты қажет етеді. Оқушылардың белсенділігін, жеке дара жұмыстануын ынталандыру, жеке көзқарастарының қалыптасуын, дамуын, оқу еңбегінің нәтижесі тиімді болуын талам етеді.

Сондықтан ортақ іс-әрекетті ұйымдастыруда негізгі мақсат – әрбір жеке оқушының дамуына, таным ерекшелігі мен іс-әрекеттің дұрыс ұйымдастырылуына үлкен жауапкершілікпен қарау...

ӘДЕБИЕТТЕР

1 А.Т. Маденова. Опорные схемы по казахскому языку. «Алматы Атамұра». 2010

2 Б. Қаппасова. Оқушы анықтамасы «Арман ПВ баспасы». 2012

3 Б. Түймебаев. Қазақ тілі сабақтарында тірек сызбаларды қолдану «Атамұра». 2009

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ БІЛІМ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ, ИНТЕРАКТИВТІК ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

САДВАКАСОВА Ж. Е.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, КММ «Абылай хан атындағы орта мектеп-балабақша», Шығыс Қазақстан облысы, Ұржар ауданы, Ұржар ауылы

XXI ғасыр-білімділер ғасыры болмақ. Білімділерді аялап тербетер, баптап өсірер тәрбие керек.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев жолдауында: «Ертенгі келер күннің бүгін гіден де нұрлы болуына, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән», – деп атап көрсетті. Сондықтан бүгінгі күні қазақстандық мектептің алдында үлкен міндет тұр: білім

беруде жаңа әдіс-тәсілдер енгізу, зерттеулер мен жаңалық ашуда «Алтын ғасырға» ену, оқытудың шығармашылықтың әдістемелерін қайта қарау.

Оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру, рухани өлемін байыту, сабаққа деген ынтасын арттыру, дарындылығын дамыту-негізгі мәселелердің бірі. Сонымен қатар оқушылардың шығармашылығын дамыту сабақтың оқу материалын терең игеру-мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты.

Бүгінгі бала-ол болашақ әлем, сондықтан көп мәселелердің шешу жолын өз сабақтарында оқушының танымдық және шығармашылық қызметін белсендіретін жаңа технологияларды меңгеріп, пайдаланудан көрдім. Өзімнің педагогикалық қызметімде білім ұстаханасы, жаңа технологиялар, интерактивті әдістер сияқты оқыту формаларын пайдаланып келемін.

Әлемдік оқу үрдісінің өзегі-жаңа технологиялар екені мәлім. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданады.

Осы тұрғыда арнайы технологиялық ақпараттық құралдар негізіндегі педагогикалық технологияларды біз қазақ тілі сабақтарында кеңінен пайдаланамыз. Олардың қатарында интерактивті тақта, интернет ресурстарымен жұмыс, мультимедиялық кітапхана, қашықтан жүргізілетін сабақтар, диспуттар мен тренингтер және т.б. бар. Жаңа технологиялармен білім беру мен тәрбие жүйесін бірдей қамтуымен ерекшеленеді. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден-бір жолы.

Ақпараттық технологияларды пайдаланып оқыту мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- оқу материалын терең түсіну;
- оқу мотивациясының артуы;
- алған білімнің неғұрлым ұзақ уақыт есте сақталуы;
- білім беруге жұмсалатын шығымның азаюы және т.с.с.

Заман талабына сай күнделікті сабақ барысында бейне және аудио құрылғыларды, теледидарды компьютерді, сондай-ақ электронды оқулықты, интерактивті тақтаны қолдану оқушылардың тілді үйренуге деген белсенділігін арттырып, ең бастысы олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды.

«Интерактив» сөзі ағылшынның «interakt» (бірге «cin» «act» әрекет ету) деген сөзінен кірген, яғни «жоғары белсенділікті дамыту» дейді.

Ұстаздар қауымы да, оқушылар да жаңа интерактивті технологияларды оқу үрдісінде пайдалану артықшылықтарын өте жоғары бағалады. Бүгінгі күні көптеген оқу сыныптары мен оқу дәрісханалары интерактивті тақталармен жабдықталған. Біріншіден, жалпы білім беру мектептеріндегі оқу үрдістері қызықты да көрнекті болды, ал орта және жоғары білім беру мектептері кәсіби білімін тереңдете түсуге үлкен мүмкіндіктер алды. Интерактивті технологияларды дамыту арқылы біз өз уақытымызды және күшімізді үнемдеу мүмкіндігін аламыз, ал үнемделген ресурстарды өз қалауымызша пайдалана аламыз. Интерактивті технологиялар білім беру жүйесінде мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, оқу үрдісінде терең де сапалы білім беруге жол ашып, ерекше орын алып отыр.

Жаңа ғасырға-жаңа технологиялар. Жаңа ғасырда ақпараттармен алмасу-бұл тек монитор мен клавиатура емес. Біздің алдымыздан интерактивті тақта мен кіріктірілген тест жүйелері сияқты мүлде жаңа өлшемді технологиялар ашылады. Интерактивті тақтамен және проектормен жұмыс кезінде бейне слайдтар және компьютерлік анимациялар жасауға мүмкіндік аламыз, сонымен қатар, тақта алдындағы жұмысыңыз бормен жұмыс істеп отырған секілдік қарапайым да жеңіл болады. Аға буын өкілдері үшін кітап қандай маңызды орын алса, бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін ғаламдық дамыған технологиялар сондай маңызға ие. Интерактивті технологияларды әр сабағымызда пайдалана алсақ, интеллектуалдық қабілеті дамыған, коммуникативтік дағдылары қалыптасқан, алған білімдерін практикада пайдалана білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыра аламыз деп есептеймін.

Оқытудың интерактивті технологиялары-бұл оқушылардың ұжыммен бірге әрекет етуіне негізделген, өзара іс-қимылға, бір-бірін толықтыруға бағытталған, оқушының бұл үдерістен тыс қалуына мүмкіндік бермейтін оқу формасын ұйымдастырудың тиімді жолы деп есептеймін. Бүгінгі күні қоғам өмірінің көптеген салаларында интерактивті технологиялар пайдаланылады. Интерактивтік өзара іс-әрекет-бұл компьютермен жұмыс істеді толық меңгеру, яғни электронды пошта, электронды хабарландыру тақтасы, онлайн тақырыптық пікір алмасулар, аудиоконференциялар, видеоконференциялар, ақпараттармен және файлдармен алмасу, бірінғай желілік және т.б.

Интерактивті құралдармен көмегімен материалдарды беруде қандай мүмкіндіктерге қол жеткіземіз?

1 Тұсаукесер (презентация), баяндамашының өз баяндамасын толық жеткізуге мүмкіндік;

2 Оқу материалын көрсету, экран алдында суреттермен қоса жазбаша мәліметтер бере алу мүмкіндігі;

3 Интерактивті тақтаға жазылған барлық мәліметтерді сақтап, басып, электронды пошта арқылы жіберу мүмкіндігі;

4 Дәріс кезінде интерактивті тақтада берілген оқу материалын жазып алып, бірнеше рет пайдалана алу мүмкіндігі.

Интерактивті тақтаның артықшылықтарына тоқталатын болсақ; арнайы бейнекамераларды пайдалана аламыз, мәтіндермен, объектілермен жұмыс істей аламыз, кез келген ақпараттарды сақтай аламыз.

Еttuminate live бағдарламасы бойынша әлемнің әр мемлекеттеріндегі серіктестіктерге тұсаукесер өткізіп, өз жұмысымызға оңай және тез пікірлер ала аламыз.

Activote көмегімен тест өткізіп, нәтижесін экранға шығарып оқушылар назарына ұсына аламыз.

Интерактивті тақтамен жұмыс істеу барысында тыңдаушылардың зейін аударуын жақсартып, оқу материалы тез меңгеріледі, нәтижесінде әр тыңдаушының оқу үлгерімдері артады.

Ал, интерактивті технологиялардың міндеттері қандай?

Біріншіден, тыңдаушылардың білім алуға деген берік уәждемесін қалыптастыру.

Екіншіден, тыңдаушылардың шығармашылық шешімдерінің көмегімен білімді меңгерудің жаңа формалары мен құралдарын іздеу.

Оқытудың интерактивті жүйелерін мектептерде қолдану-бұл білім берудің жаңа ұстанымы- «Білім алады қарқындалу». Оқытудың интерактивті технологиялары мен әдістері арқылы интенсивті білім беру жүйесінде оқушылар жай тыңдаушы ғана емес, белсенді қатысушы және серіктес ретінде қатысуына қол жеткізе аламыз.

Promethean LTD интерактивті электронды тақталарын қолдану қазіргі заман технологияларын пайдалану арқылы білім сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Алайда, оқу үрдісінің қарқындылығын арттыруда ұстаздардың, оқытушылардың ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану құзыреттілігі қалыптасқан және оқу, тұрмыстық, кәсіби міндеттерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы шешу қабілеті бар ма деген сұрақ туындайды. Себебі білім беру саласындағы негізгі тұлға-ұстаздарымыз бен оқытушылар. Әр білім беру мекемелеріне жан

беріп, оны қозғалысқа келтіретін, әр оқушыны келешекке жетелейтін мұғалім. Сондықтан бүгінгі күні білім беру ісінде оқытудың тиімді де жаңа технологияларын кеңінен тартып, күнделікті қолданысқа ендіретін ұстаздарымыздың шеберлігі ең маңызды мәселе болып табылады.

Қазақ тілі сабағында АҚТ мүмкіндіктерін қолдану арқылы, интерактивті модульдік технология қағидаларын іске асыру барысында оқушылардың танымдық белсенділіктерін, білім сапасын, қазақ тіліне деген қызығушылығын жоғарлатуға көмектеседі.

Осы жерде модульдік технологияның ерекшеліктеріне тоқталып біраз түсініктеме берген жөн. «Модуль» деген-қандай да бір жүйенің бөлігі, яғни оқу процесінің ортақ құрылымы, бірақ әр түрлі мазмұны бар жеке бөліктерден тұрады. Модульдік оқыту технологиясы баланы оқытып қана қоймай, оның танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға, оқу процесін «диалогтік» қарым-қатынас негізінде құруға тиімді болып саналады. Әр оқу модулі әр түрлі сағат сандарынан тұрады. Зерттеулеу көрсеткендей,

7-12 сағаттан тұратын оқу модулі ең тиімді болып саналады. Модульдік технологияның әр бөлігінде АҚТ мүмкіндіктерін қолдануға болады. Мысалы, кіріспе бөлімінде Power Point бағдарламасын немесе электрондық оқулықтарды қолдануға болады. Оқушылар Интернет жүйесінен керекті суреттерді түсіріп әкеліп, фотоаппарат арқылы флипчарт кітапханасын толықтыру барысында қызығушылықтары артып, білім сапасы жоғарлайды.

Ал, сөйлесу бөліміне көшкенде:

– аспаптар панеліндегі «Мәтін» құралы арқылы клавиатура аспабын таңдап, мемлекеттік тілде сөз тіркестерін, мәтінді тез теруге дағдыланады.

– үй тапсырмасын тексеру, өткен сөздерді қайталаған кезде «Нысанды өңдеу», «перде», «прожектор» қолдануға болады. Тек аз уақыттың ішінде оқушылардың білімдерін тиімді анықтауға мүмкіндік береді.

– телеграф аспабы арқылы сабақтың тақырыбын жазуға болады және оқушылар сабақтың тақырыбына қайта-қайта назар аударып отырады.

– оқушылар есту, көру сезім мүшелері арқылы мәтінді меңгерту мақсатында флипчарт бетіне мәтін теріліп жазылады, музыканы да қосуға болады.

– мұғалім Power Point бағдарламасында жасаған слайдтың флипчарт бетіне ауыстырып, аспап панеліндегі құралдарымен әр түрлі жұмыс жүргізе алады.

Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы оқушылардың білімін тексеру үшін әр тарауды аяқтаған кезде, немесе жаңа сабақты бекіткен уақытта «сұрақ-жауапты» қолдануға болады. Барлық оқушылардан бір уақытта жауап алуға мүмкіндік береді. Ол үшін интерактивті тақталардың арнайы activate құралдарын қолданады.

Тестілеудің нәтижелерін құрылған график арқылы тексеріп, сол уақытқа бағалауға болады. Бұл жүйе тұйық оқушылардың ойын білдіріп, білімі нашар оқушылардың қызығушылығын арттырады. Оқушылар жауаптарын құпия түрде бере алады. Осы аталған бағдарламалардың мүмкіндіктерін сабақта қолдану мұғалімнің уақытын үнемдеп, оқушыларды қазақ тілін білуге қызықтыра түседі. Сонымен қатар нәтижелермен сол сәтте таныстыруға болады.

Қазақ тілін оқыту процесінде ActivStudio бағдарламасын қолданғанда осындай мәселелер анықталады.

Өз жұмысымда электрондық ресурстарды қолданамын: мультимедиялық бағдарламалар, Интернетте табылған материалдар, Интерактивті тестілер, бағдарламалар. Олар сабақты түрлендіреді және қызықты етеді, балаларды әр түрлі жаңа технологияларды пайдалануға үйретеді. Көптеген оқушылар Интернет жүйесінде өткізілген олимпиадаларға, байқауларға, тестілеуге қатысып жатады. Интернетті пайдалану мұғалімнің күнделікті жұмысында, т.б. жаңа технологияларды танып, өз біліктілігін көтеруде әсері мол. Өз жұмысымда мен күнделікті интерактивті тақтаны пайдаланып отырамын. Осы тақтаның ең үлкен артықшылығы-көрнекілік және интерактивтік. Тақта арқылы берілген, оқытылған материалдың көрнекілік, интерактивтік мүмкіндіктерін арқылы оқушылар тапсырманы қорықпай орындап, түгелдей жұмысқа белсенді түрде қатысып отырады.

Мен өзімнің сабағымды презентацияларды қолданамын.

Презентацияларға жасау материалдарды таңдап алуда, презентацияның құрамын ойластыруда, мұғалімнің үлкен көмегі қажет. Интернеттен алған материалдарды пайдаланамыз, жазбаша біліктіліктерін арттырамыз, сөз қорларын кеңейтеміз және шәкірттеріміздің оқуға деген тұрақты бейімін қалыптастырамыз.

Біздің бақылауымызша, жастардың интерактивті құралдар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше

болатындықтан, бұл жерде білім алушының ойлау қабілеті, түсінігі ғана емес, сонымен қатар қабылдау, есте сақтау жоғары деңгейде болады.

Ойымды аяқтай келе қазақ тілі мен әдебиетін жаңа технологиямен жұмыс істеуде әрбір педагог өзі таңдаған әдістемелік жолын тың идеяларға негіздей білсе, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруда жақсы нәтижеге жетері анық. Мұғалім өз пәнінен терең білуімен бірге ақпараттық жағынан өте сауатты, шығармашылықпен жұмыс істейтін тұлға болуы тиіс. Міне, сондықтан да мен оқудың жаңа технологияларын шебер меңгерген ұстаз ғана сапалы білім бере алады деп санаймын.

Ұрпақ-келешек қоғам иесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени ғылыми өрісі озық азамат етіп тәрбиелеу әр педагогтың қоғам алдындағы борышы деп білемін.

ФОРМИРОВАНИЕ КЛЮЧЕВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ, ОБУЧАЮЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

САДРИДЕНОВА Б. Н.

учитель русского языка и литературы, Чернорецкая СОШ № 2,
Павлодарский район

*Слово – это одно из самых необыкновенных
чудес, какие мы можем наблюдать в мире.
Лев Успенский*

В последние годы учителя нередко сталкиваются с наличием серьезных недостатков в развитии коммуникативной компетентности детей. Учащиеся часто не умеют аргументировать свои выступления, делать обобщенные выводы или просто свободно и произвольно общаться друг с другом. Зачастую они стараются заменить живую, культурную речь стандартной житейской мимикой и жестами, то есть примитивными невербальными способами общения. Такие ребята затрудняются в создании самостоятельных, связных, обобщенных устных и письменных высказываний. Большие трудности у многих детей вызывают пунктуационная и орфографическая грамотность. К сожалению, многие не только не могут грамотно оформить свою мысль, но и попросту не умеют мыслить. У некоторых учеников

современной общеобразовательной школы наблюдается отсутствие необходимого интереса к родной речи. Казалось бы, русский язык – это тот привлекательный материал, который способствует созданию речевой среды на уроке, может воодушевить ребёнка и раскрыть его для общения. Но практика показывает, что уроки русского языка не относятся к числу любимых и вызывают затруднения учащихся, а неприятие русского языка порождает внутреннюю глухоту ко всему остальному. Нельзя ни отменить, ни игнорировать телевизоры, телефоны, компьютеры – они избавляют растущее поколение от необходимости писать письма, читать книги.

В настоящее время перед учителем русского языка стоят наиболее важные вопросы: как справиться с ситуацией тотальной речевой безграмотности наших учеников? Безграмотности не только орфографической и пунктуационной, но и общекультурной, от которой зависит воспитание их нравственности, развитие их мыслительных способностей.

Формирование у ребёнка ценностного отношения к языку должно стать одной из важнейших задач школьного лингвистического образования. Учитывать детей любить слово, понимать его, уметь пользоваться им, уметь отличать от другого, исконно русское от заимствованного, книжное от разговорного – цель уроков русского языка.

Цели образования сегодня определяются в соответствии с запросами общества, с современными подходами к развитию образования. Современное образование связано, в первую очередь, с развивающей и воспитательной функциями, с личностно-ориентированными технологиями обучения русскому языку и литературе. Это предполагает необходимость всестороннего развития речевых способностей ученика, формирования языковой компетенции. Понятие «компетенции» в методике преподавания русского языка в школе связано, в первую очередь, с поисками более точного, строгого определения целей обучения с выявлением уровней владения языком, иначе говоря, с ответом на вопрос, как ученик владеет языком. Под компетенцией в современной методике понимается совокупность знаний, умений и навыков, которые формируются в процессе обучения русскому языку и обеспечивают овладение им и, в конечном счете, служат развитию личности школьника.

Исходя из такого понимания компетенций, описание их включает в себя знания, которые должны быть усвоены, и умения,

и навыки, которые в соответствии с деятельностным подходом должны быть сформированы.

Такое двухкомпонентное описание компетенций достаточно в обучении русскому языку как иностранному. Однако, цели обучения русскому языку рассматриваются всеми методистами в системе школьного образования, которое решает не только задачи обучения, но и воспитания. Целью становится не просто усвоение суммы знаний и формирование умений, но и развитие личности школьника, его интеллектуальных и творческих способностей, ценностных ориентаций, мотивов, интересов. В связи с этим рассмотрение компетенций в аспекте преподавания русского языка в школе обязательно предполагает и наличие третьего компонента – тех целей, которые должны быть достигнуты в развитии личности обучающегося.

В программу по русскому языку в настоящее время введены понятия «коммуникативная компетенция», «языковая компетенция», «лингвистическая компетенция», «культуроведческая компетенция». Для того чтобы учащиеся в полном объеме могли овладеть вышеперечисленными компетенциями, целенаправленную систематическую работу по развитию устной и письменной речи детей надо начинать с первых дней пребывания в школе. Это позволит обеспечить преемственность в обучении русскому языку при переходе из начальной школы в среднюю, из средней в старшую.

Современный этап развития методики преподавания русского языка характеризует новые подходы к определению целей обучения и выбору конкретных технологий и методик.

Кратко охарактеризуем содержание компетенции каждого типа.

Языковая компетенция – способность учащихся употреблять слова, их формы, синтаксические конструкции в соответствии с нормами литературного языка, использовать его синонимические средства, в конечном счете, – владение богатством языка как условие успешной речевой деятельности.

Лингвистическая компетенция представляет собой результат осмысления речевого акта учащимися. Она включает в себя знание основ науки о русском языке, предполагает усвоение комплекса лингвистических понятий. Лингвистическая компетенция предполагает формирование представлений «о том, как устроен русский язык, что и как в нем изменяется, какие ортологические аспекты являются наиболее острыми», усвоение тех сведений о роли языка в жизни общества и человека, благодаря которым воспитывается

устойчивый и постоянный интерес к предмету, чувство уважения и любви к русскому языку. Наконец, лингвистическая компетенция включает в себя и элементы истории науки о русском языке, о ее выдающихся представителях. Лингвистическая компетенция предполагает и формирование специальных умений и навыков по русскому языку, классификацию которых впервые представил профессор М. Т. Баранов. Среди специальных умений и навыков прежде всего выделяются учебно-языковые (учебно-познавательные) умения и навыки, включающие в свою очередь умения опознавать изучаемые языковые и речевые умения, отличать одно явление от другого; классификационные: умения делить языковые явления на группы и аналитические умения: производить частичные и полный фонетический, морфемный, словообразовательный, морфологический, синтаксический и стилистический разбор.

Лингвистическая компетенция обеспечивает познавательную культуру личности школьника, развитие логического и творческого мышления, памяти, воображения учащихся, овладение навыками самоанализа, самооценки, а также формирование лингвистической рефлексии как процесса осознания школьником своей речевой деятельности.

Для владения языком важны умения и навыки употребления тех или иных слов, грамматических конструкций в конкретных условиях общения, или коммуникации (от лат. связываю, общаюсь). Именно поэтому в обучении языкам выделяется третий тип компетенции – коммуникативная. В значении, близком к этому термину, в литературе иногда используется термин речевая компетенция.

Коммуникативная компетенция – это способность понимания чужих и порождения собственных программ речевого поведения, адекватного целям, сферам, ситуациям общения. Она включает в себя знание основных понятий лингвистики речи (в методике преподавания их обычно называют речеведческими – М. Т. Баранов, Г. М. Иваницкая, В. И. Капинос, Т. А. Ладыженская, М. Р. Львов и др.) – стили, типы речи, строение описания, повествования, рассуждения, способы связи предложений в тексте и т.д.; умения и навыки анализа текста. Однако охарактеризованные знания и умения еще не обеспечивают общения, адекватного коммуникативной ситуации.

Очень важное место в коммуникативной компетенции занимают собственно коммуникативные умения и навыки – выбрать нужную языковую форму, способ выражения в зависимости от условий

коммуникативного акта, – т.е. умения и навыки речевого общения сообразно коммуникативной ситуации.

В настоящее время уже определены компоненты ситуации, или речевые условия, которые диктуют говорящему выбор слов и грамматических средств. Это, во-первых, взаимоотношения между собеседниками (официальные/неофициальные), их социальные роли. Нет сомнения, что характер речевого общения будет разным в зависимости от того, с кем мы общаемся, каков социальный статус говорящих: ученик, учитель, студент, каков их возраст, пол, интересы и т.д. Во-вторых, место общения (например, общение учителя с учеником на уроке, во время перемены, в туристическом походе). Третий, очень важный компонент речевой ситуации, – цель и намерения говорящего. Так, приказ, просьба или требование, конечно, будут отличаться от сообщения, информации или их эмоциональной оценки, выражения благодарности, радости, обиды и т.д.

Таким образом, собственно коммуникативные умения и навыки – это умения и навыки речевого общения с учетом того, с кем мы говорим, где говорим и, наконец, с какой целью. Безусловно, что формирование их возможно лишь на базе лингвистической и языковой компетенции.

Современный период развития методики преподавания языков характеризует обостренный интерес к культуруносной (кумулятивной) функции языка, к обучению языку как средству приобщения к мировой и национальной культуре. Изучение языка должно развивать культуроведческую (этнокультуроведческую) компетенцию, которая обеспечивает формирование русской языковой картины мира, овладение национально маркированными единицами языка, русским речевым этикетом.

Так, например, овладение русским языком в его когнитивной (познавательной) функции обеспечивает лингвистическую компетенцию. Коммуникативная функция реализуется в коммуникативной компетенции, культуруносная (кумулятивная) – в культуроведческой.

Всем известна сложность и многоаспектность целей и задач обучения русскому языку. Введение в научный обиход и практику преподавания понятия компетенция дает возможность определить их более четко и точно. К примеру, основные задачи обучения русскому языку можно конкретизировать следующим образом:

– формирование лингвистической компетенции, включающей в себя овладение знаниями о языке как общественном явлении

и развивающейся системе систем, языковые уровни которой взаимосвязаны, об устройстве и функционировании русского языка, необходимыми сведениями о русистике; овладение умениями и навыками анализа явлений и фактов языка, формирование навыков оценки своей деятельности, полученных результатов, т.е. самоанализа, самокоррекции и рефлексии;

– совершенствование языковой компетенции, включающей овладение богатством самого языка, владение всеми нормами литературного языка, включая нормы правописные (орфографические и пунктуационные);

– совершенствование коммуникативной компетенции, предполагающей не просто овладение различными видами речевой деятельности в разных сферах общения на основе речеведческих знаний, но и развитие личности обучающегося, формирование его коммуникативной культуры;

– формирование культуроведческой компетенции, которая включает совокупность знаний о культуре русского народа в контекст мировой культуры, о его социально-культурных стереотипах речевого общения, о языковых единицах с национально-культурным компонентом значения, осознание значимости родного языка в жизни народа и отдельного человека, его социокультурное развитие, формирование национального самосознания и общероссийского гражданского сознания.

Таким образом, пользуясь понятием компетенции, имеем возможность более точно, полно и в то же время конкретно определить:

– цели преподавания русского языка в школе на всех ступенях обучения;

– содержание учебного предмета «Русский язык»;

– цели конкретного урока;

– критерии и уровни усвоения материала и владения языком.

Учителя должны формировать языковую личность, в совершенстве владеющую устной и письменной речью. Развитие речи – главная задача уроков русского языка в общеучебном умении, поэтому требуется постоянная систематическая работа в этом направлении. Речь – это сложнейшая человеческая деятельность, причём творческая деятельность, включающая в себя умение наблюдать, мыслить, фантазировать, а также слушать и слышать; прежде всего, выучивается говорить тот, кому есть что сказать, поэтому стоит обучать детей не техническому оформлению

высказываний, а речевому мышлению, речевому творчеству, а также адекватному восприятию чужой речи.

Формирование устойчивых навыков устной и письменной речи ведётся:

- на уроке;
- после уроков (всеми многообразными формами внеклассной работы);
- в ходе индивидуальной, самостоятельной работы учащихся.

Формирование и развитие языковой компетенции, несомненно, прерогатива предмета «русский язык», однако она может быть признана и надпредметной компетенцией, которая должна совершенствоваться в процессе изучения всех учебных предметов в школе, в условиях единого речевого режима.

«Сильный, но не закаленный человек подобен крепости с толстыми высокими стенами, в которой забыли поставить ворота» - гласит народная мудрость.

Не поздно закалять свой организм в любом возрасте, но лучше начинать с дошкольного возраста, так как это период, когда закладываются основы здорового образа жизни, формируются правильные привычки, которые в сочетании с обучением дошкольников методам совершенствования и сохранения здоровья, приведут к положительным результатам.

Так что же такое закаливание?

Закаливание – это прекрасное и доступное средство профилактики заболеваний и укрепления здоровья.

Принципы закаливания:

- 1 Систематичность использования закаливающих процедур
 - 2 Постепенность увеличения силы раздражающего воздействия
 - 3 Последовательность в проведении закаливающих процедур
 - 4 Учёт индивидуальных особенностей ребенка и состояние его здоровья
 - 5 Комплексность воздействия природных факторов
 - 6 Положительно – эмоциональное отношение ребенка к закаливающим процедурам
- Правила и противопоказания
- Закаливание в детском саду может проводиться при определенных условиях:
- 1) Закаливание должно проводиться регулярно. Перерыв в закаливании уменьшает сопротивляемость организма к простудным заболеваниям.
 - 2) Закаливание начинается со слабых раздражителей и затем переходит к сильным. Это касается постепенного понижения воды, например, в ванночках для ног или температуры в помещении.
 - 3) Закаливание должно учитывать индивидуальные особенности организма и здоровья ребенка. Залогом успешного закаливания является также положительный настрой ребенка.
 - 4) на закаливание в детском саду должен дать «добро» врач.
- Последний пункт особенно важен, ведь существует еще и ряд противопоказаний, когда закаливание ребенку не рекомендуется, а именно:
- если еще не прошло пяти дней после заболевания или профилактической прививки;
 - если еще не прошло двух недель после обострения хронического заболевания;
 - карантин в детском саду
 - повышенная температура у ребенка вечером;
 - страх у ребенка перед закаливанием.
- По каким признакам определить, эффективно ли закаливание?
- 1) Настроение – жизнерадостное, спокойное, ребенок нормально реагирует на окружающее.
 - 2) Самочувствие – бодрое, ребенок всегда готов к действию, активно участвует во всех играх и занятиях.
 - 3) Утомляемость – нормальная, наблюдается умеренная усталость.
 - 4) Аппетит - хороший, активно ест все предлагаемые блюда, во время еды не отвлекается.

5) Сон – спокойный, глубокий, засыпает быстро (через 5-15 мин.), время сна отмечается расслабления мышц, ребенок не пробуждается от звука и света.

Формы закаливания:

1) Закаливание воздухом

Прогулки на свежем воздухе (соблюдение режима прогулок), вне зависимости от погоды, ежедневно, в течение года (одежда по сезону) – все группы

Свежий воздух – замечательное средство закаливания детского организма!

Прием детей на улице (все группы, кроме 1 младшей группы в период адаптации)

Утренняя гимнастика на воздухе (июнь – август) – от 3-7 лет

Физкультурные занятия на воздухе - в течение года (10-30 мин., в зависимости от возраста) – от 3 до 7 лет

Воздушные ванны – после сна, ежедневно, в течение года (5-10 мин., в зависимости от возраста), а также в течение дня – все группы.

Облегченная одежда – в течение дня ежедневно, в течение года – все группы

Выполнение режима проветривания помещения (по графику), ежедневно, в течение года (t воздуха + 20) – все группы

Дневной сон с открытой фрамугой (t воздуха +15 +16), ежедневно, (июнь – сентябрь); Сон без маечек (от 3 – 7 лет)

Контрастные воздушные ванны – после сна, на физкультурных занятиях

(12 – мин., не менее 6 перебежек по 1–1,5 мин., t воздуха +13 +16; t воздуха +21 +24) - от 3-7 лет.

Дыхательная гимнастика: во время утренней зарядки, на физкультурном занятии, на прогулке, после сна, ежедневно, в течение года.

– Хожение босиком по массажным коврикам – после сна, ежедневно, в течение года.

2) Закаливание водой

Влажные обтирания - мягкая варежка (индив. для каждого ребенка), смоченное водой полотенцем – от 3 – 7 лет.

Обливание ног – после сна (нач. t воды +36 +18 +36); 2 недели, потом интервал 2 недели, в течение года (от 3 – 7 лет).

Умывание – после каждого приема пищи, после прогулки, после сна (t воды + 28 +20) , ежедневно (все группы).

Контрастное обливание рук по локоть – после сна (нач. t воды +18 +20 - 20 – 30 сек. (все группы).

Игры для закаливания рук:

Водопад – ребенок набирает воду в емкость и, сливая ее, создает водопад, другой ребенок подставляет под него ладони.

Игры с мылом – маленькие куски мыла опускаются на дно таза. Ребенок ловит их ладошками.

Выжми мочалку – взрослый предлагает ребенку наполнить миску водой с помощью губки, набирая в нее воду и отжимая потом в миску.

Сквозь сито – ребенок льет воду из стакана в сито. Спросите у него, почему вода утекает?

– Полоскание рта – после каждого приема пищи (50 – 70 мл воды t воды + 20) , ежедневно - 3 раза в день (от 3 – 7 лет)

– Полоскание горла – после сна (нач. t воды + 36 до + 20), ежедневно (от 4 – 7 лет)

3) Закаливание солнцем

Отдых в тени

Солнечные ванны на прогулке

Солнечные ванны – после сна (в помещении)

Гимнастика после сна

1) Спокойная музыка (релаксация)

2) Упражнения, лёжа в кровати

3) Упражнения, сидя в кровати

Точечный массаж

Самомассаж с помощью индивидуальных массажных мячей

4) Упражнения возле кровати (на коврик)

5) Хожение босиком по массажным коврикам.

Самое главное – не прекращайте закаливания!

Только профессиональная компетентность педагогов дошкольного образовательного учреждения, любовь к своей профессии и, конечно же, к детям, способствуют сохранению и укреплению здоровья детей. Дети – будущее нашего общества. И, следовательно, от нас зависит его благополучие.

ЛИТЕРАТУРА

1 Е. Н. Вавилова «Укрепляйте здоровье детей». Изд. «Просвещение», М. 1986г. Т. Е. Харченко «Утренняя гимнастика в детском саду». Изд. «Мозаика — Синтез», М. 2007г. О. Н. Урбанская «Воспитателю о работе с семьей». Изд. «Просвещение», М. 1977г.

МӘШҲҮР-ЖҮСІПТІҢ СИНТАКСИСТІК ШАРТТЫ МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕРІ

САРСЕКЕЕВА А. К.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Сөз – лексикалық бірлік. Сөз – белгілі бір заттың, құбылыстың, іс-әрекеттің атауы болатын ұғыммен байланысты болады. Ұғымның мазмұны мағынаны тудырады. Мағына дыбыс арқылы сыртқа шығады. Дыбыс – сөздің материалдық қабыршығы. Дыбысталу – сөздің сыртқы формасы, мағына – сөздің ішкі мазмұны (көз, қалам).

Сөз болу үшін:

Форма тұтастығы болу керек;

Сөз мағынасының әуел баста пайда болу жолының ажырату мүмкіндігінің жоқтығы (сөздік қормен байланыстылығы)

Тілде даяр қолданылуы.

Әрбір сөзде белгілі бір мағына болады. Заттар мен құбылыстар сөз арқылы белгіленеді де, сөздердің білдіретін ұғымы мен мағынасы арқылы белгілі болады. Зат пен құбылыс болмаған жерде немесе олардың ұғымы болмаған жерде сөз де болмайды. Заттар мен құбылыстар тілдегі сөздерден тыс және оларға тәуелсіз өмір сүреді, бірақ олар сөздер арқылы аңғарылады [1, 496].

Сөз мағынасы – күрделі құбылыс. Сөз білдіретін мағына біркелкі бола бермейді. Әдетте сөз мағынасы екі тұрығыдан, екіге бөлініп қаралады: лексикалық мағына және грамматикалық мағына [2, 69].

Лексикалық мағынаның типтері В. В. Виноградов классификациясы бойынша:

1 Номинативті немесе тура мағына;

2 Фразеологиялық байлаулы мағына;

3 Синтаксистік шартты мағына [3, 26].

Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаев та В. Виноградовтың жоғарыдағы топтастыруын басшылыққа ала отырып, сөз мағынасын сөздердің шындық өмірдегі заттар мен құбылыстарды білдіруіне, тарихи пайда болуына, өзара тіркесімділігіне, стилистикалық қызметтеріне қарай топтастырып, қазақ сөздерінің лексикалық мағыналарын кейінгідей топтастырады:

1 Атауыш (тура) мағына – Ауыс мағына

Абстрактті мағына

Меңзеу мағына

2 Түпкі (алғашқы) мағына – Туынды (кейінгі) мағына

Омонимдік мағына

Синонимдік мағына

Антонимдік мағына

3 Еркін (атауыш) мағына – Фразеологиялық (байлаулы) мағына

Синтаксистік шартты мағына

4 Бейтарап мағына – Бейнелі (баяма) мағына

Кәсіби-терминдік мағына [4, 85]

Сөздің сөйлемде белгілі бір синтаксистік қызмет атқаруына байланысты туған лексикалық мағынасы синтаксистік шартты мағына деп аталады [4, 80]. Сөз бен оның білдіретін ұғымының арасында ешқандай табиғи байланыс болмағандықтан, бір сөз бірнеше затқа, құбылысқа ортақ атау болып ауысып қолдана береді.

Күнделікті сөз қолданыныста адамның жақсы не жаман қасиеттерін шартты түрде затқа тікелей бағыттамай, басқадай заттар арқылы соған салыстырма ретінде қолданады. Айталық, наданды айуан(хайуан) деу; момынды, жуасты өгіз не қой аузынан шөп алмайтын деу; қайсарлыны қасқыр деу; айбарлы, ержүректіні арыстан деу; айлакер, қуды түлкі деу; өзәзілді шайтан деу; суға жүзгішті балық деу; мейірімсізді, қатыгезді тасдеу; қаһарлы адамды айдаһар деу; жеңілтек адамды көбелек деу; өншіні бұлбұл деу; көрегенді қыран, көріпкел деу – сөйлеу тіліндегі қалыптасқан шартты мағыналар.

Синтаксистік шартты мағына -дай, -дей жұрнағы арқылы да жасалады. Оның бір мағынасы теңсүлі болғанымен, екінші мағынасы істің екінші шартын білдіріп тұрады.

Мәшһүр- Жүсіп шығармаларында синтаксистік шартты мағынадағы сөздер өте көп. Мәселен, Тұрышев Айтмұхамбет Қасмбайұлының жинақтаған кеспекаттамаларында мынадай сөздерді жолықтырамыз: түлкі (қу): Байғыздай тас жастанып, тауда жатпай (байыз тауып жату, тыныштық); Бұлбұлдай жағып жұртқа сайрағаным (өте білгір адам); Мүшелер терімізді малша сойып (жазалау); Нахақтан құсаменен қан жұтқызып (өкініш, қайғыру); Түлкіше құйрықтарын бұлаңдатқан (қулық); Қасқырша ауыз салып жұлып жатқан (қорқаулық); Түлкіше қылып хайла бұлаңдаған (қулық); Тауықтың қоразындай қокиланып (менсінбеу); Айтақтап әркім қосқан бір қу тазы (өтірікші); Ауыз жарар еті жоқ бір қу сүйек (арық); Құспене жоқпыз ба деп бір ит (кісі құрлы көрмеу); Жан-жағын қу блмасын жалмайтұғын (өтірікші, екі жүзді адам); Түлкідей

тышқан аулап (қулық); Арсалаң тазыға ұқсап (алып, шалып жіберу); Маймылдай құбылады (сайқалсу); Жыландай сырты шұбар (нашар адам); Қасқырдай арсалақтап (бір істі тындырандай); Сауысқанша шықылықтап (қыр соңынан қалмау); Шыбынды қазір көрсен қантқа қонған (бар болса қолыңда жақын жүретін адамдар) [5, 18].

Қазақ тіліндегі сөздер бұл тәрізді ауыс мағынаға өте-мөте бай. Олар жағымды мағынада да, жағымсыз мағынада да екіжақты қолданыла береді. Мәселен, Мәшһүр-Жүсіптің “Мастанып артқандықтан тәкаппарлық, Жүре алмай бара жатыр мынау есек” («Шайтанның саудасы») дегеніндегі мастанып, тәкаппарлық, жүре алмай деген сөздер адам бойындағы тойымсыздықты, өркөкіректілікті, қанағатсыздықты білдіріп, шартты мағынада қолданылып тұр.

«Шайтанның саудасы» – қоғамды жайлаған келеңсіздіктерді жинақтап, оны шеңу үшін шартты сюжет үлгісінде жазылған шығарма. Шынымен де, шайтанның базарға барып сауда жасауы – дерексіз, яки шартты ұғым. Шайтанның зорлықты, тәкаппарлықты, күншілдікті бір зат не бұйым секілді оңай сатуы – өмірде болмайтын шартты әрекеттердің жемісі. Шығарма басында Ғайса пайғамбардың “Жүрт барса, тері-терсек, жүн сатады, сататын малғұн сенің не пұлың бар?” деген сауалына шайтанның берген жауабы – шарттылықтың нақ өзі! “Бір есекке ылғи жалғанды” арту сөзбе-сөз ұғынсақ мүмкін емес, себебі жалған көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін дерексіз ұғым. Ал сол дерексізді бір есекке жүк ертіп артудың өзі оны заттандыру болып табылады [6, 100]

Артқаным бір есекке – ылғи жаман,
Жалғанда өтірік жоқ бұдан қалған.
Нанбасаң, еріп бірге, көр көзіңмен,
Базарға қызығымды қалай салған!

Жүгім бар бір есекке мікір-хайла,
Мұнымен келтіремін үлкен пайда.
Бір тиынға он тиын пайда аламын,
Көптің басы қосылған жиын-тойда.

Күншілдік бір есекке тиеп артқан,
Жібек, кендір арқанмен бұрап тартқан.
Базарға бұдан бұрын көп барғанмын,
Жерім жоқ бұл саудадан залал тартқан.

Артқаным бір есекке – өңкей зорлық,
Есепсіз мал табамын, қылмай ұрлық.
Мен алмай, оның малын кім алады,
Иттер бар көріп жүрген малдан қорлық.

Алдымыздағы өлең жолдарынан сол қоғам тіршілігін жайлаған: жалғандық, күншілдік, зорлық, тәкаппарлық, ашкөздіктің орын алғанын байқаймыз. Мысалы, күншілдіктің асып кеткені соншалық: ол «Жібек, кендір арқанмен бұрап тартқан,» – деп беріліп, нақты затты қалыпты елестетеді [7, 187]. Сондай-ақ зорлықты сату көмегімен есепсіз мал табуды жариялау да сол ұғым иесінің салмағы мен аумағын жайып салады. Ол аз болса, тәкаппарлықты әкеле жатқан есектің жүгі ауырлығы сондай, оны артқан есек «жүре алмай» бара жатыр. Ақын осы идеяны ұтымды бейнелеу үшін дерексіз ұғымдарды заттық күйге көшіріп, есекке артқан жаман, есекке мікір-хәйла (қастық-айла), бір тиынға он тиын пайда алу, күншілдік арту, зорлық арту, есепсіз мал табу секілді мәтіндік шартты мағыналары бар тіркестерді пайдаланған.

Ақын осындай шартты әрекеттерді іске асыра отырып, ел ішіндегі басқа да олқылықтарды жай ғана сынап өтпей, жіліктеп ашады:

Біреуі үн, біреуі пұттап май алады,
Біреу қой, біреу тайынша, тай алады.
Тәкаппарлық «жүгімді» қалтасы мол,
«Жетілген» надандыққа бой алады.

Томпып қалтасында жүрген сыймай,
Беруге ешбір жанға көзі қимай.
Алған соң тәкаппарлық сатып менен,
Дүрдиар өз үйіне өзі сыймай.

Бай біткен болғандықтан қарабауыр,
Арқасы ер салмастан болар жауыр.
Не айтып, не қойғанын білмес өзі,
Тырнадай өзін-өзі көріп ауыр.

Ақынның біреудің үн, біреудің пұттап май немесе қой, тайынша, тай алғанын баяндай келіп, тәкаппарлық секілді азғын дүниені байға беруі – тіпті әсерлі әрі қоғам шындығы. Байдың қалтасының көлемді (“томпып”) екендігі, оны ешбір жанға беруге қимай жүретіні, өз үйіне өзі сыймай дүрдиар – бәрі тәкаппар адам бейнесін біршама кең ашуға септігін тигізеді. Байлыққа мастанған надан адамды М-Ж. Көпеев “Алған соң тәкаппарлықты менен сатып, Дүрдиар өз

үйіне өзі сыймай” деп, шартты дүрдиер сөзінің мағынасы арқылы беріп тұр. Дүрдию деген – адамның масайып қалған шағындағы кимылы, бір жерге баса көктеп кіру бейнесі.

Мәшһүр-Жүсіп «Шайтанның саудасы» өлеңінде заттық мәдениет лексикасын да көп қолданған. Мәселен, тері- терсек, жүн, пұл, жібек, кендір, арқан, ұн, май, айран- асыр, ет, шай, арба, тай, тайынша, қой сияқты тұрмыс лексикалары кездеседі [8, 97].

Ауызекі сөйлеу тілінде базар сөзі тауарды алып- сататын орын деген мағынада қолданылса, Мәшһүр-Жүсіпте базар өтірік пен алдаудың мекені болып есептеледі. “Базарға айдап барып салсам қатар, Алдымен жетіп келер алыпсатар. Түк қоймай өтірігімнен талап алып, О да алдап, көрінгенді, дәмін татар.” Ал Ақан сері болса, базар, жәрмеңке сөздерін қызық, думан мағынасында жұмсай келе, “Жәрмеңке жастық уақыт өтіп кетіп, бұл күнде тоқталып тұр сол базарым,” – дейді. Сөйтіп, олар әртүрлі экспрессивті- эмоционалды мән тудырып отыр. Бұл сияқты ауыспалы тиянақсыз мағыналар белгілі мәтінде, сөйлем ішінде көрінетін болғандықтан, синтаксистік шартты мағына деп аталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Оқулық. 4- басылымы. – Алматы: Санат, 2003.
- 2 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі.–Алматы: Мектеп, 1975.
- 3 Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ., Қасабек Қ., Балтабаева Ж., Мұхаммади Қ., Рахметова Р., Көпбаева Ж. Қазіргі қазақ тілі. Оқу құралы.–Алматы: PrintS, 2005.
- 4 Қалиев Ф., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. 5 3- басылымы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006.
- 6 Тұрышев А.Қ. М-Ж Көпеев шығармаларының лексикасы. Монографияға қосымша. 7 II том.–Павлодар, 2004.
- 8 Алтын қауырсын. Шығармалар жинағы. Құрастырған: Шабажанова С.Қ.–Павлодар: Ертіс дарыны, 2012.
- 9 Мәшһүр-Жүсіп Қ. Әдебиетті оқыту мәселелері.–Павлодар, 2011.
- 10 Тұрышев А.Қ. М-Ж Көпеев шығармаларының этномәдени лексикасы. Монография.–Павлодар, 2004.

«ОҚУШЫЛАРҒА ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТІ МЕҢГЕРТУ» МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕК ҚҰРАЛЫ

СЕЙПОЛДАЕВА С. Д.

қазақ тілі мұғалімі, № 14 ЖББОМ, Павлодар қ.

Кез келген ұлттың фразеологизмдерді аса құнды лингвистикалық мұра. Мұнда сол халықтың дүниетанымы, ұлттық мәдениеті, салт-дәстүрі, сенімі, қиялы және тарихы жатыр. Фразеологизмдерді зерттеу арқылы тек тілдің өткені, түп-тамырын ғана емес, сол тілді қолданушы халықтың мәдениетінің тереңін білуге болады. Сондықтан да болар фразеологизмдерді жан-жақты зерттеуге деген қызығушылық толастамайды. Қазақ тілінің сұлулығы мен өткірлігіне, образдылығына ерекше назар аудару ерте басталған еді. «Язык киргизов (казахов) плавлен и красноречив, они остроумны и часто находчивы в вопросах и ответах, иногда даже удивительно ловки, и всяки, даже самый необразованный киргиз (казах) владеет языком в том стиле, в какой мы это в Европе замечаем только у французов и русских» [1, 70б.]. Қазақ сөз өнеріне осылай таңданған В. В. Радлов XIX ғасырдың 70-жылдарында-ақ сөз маржанын жинап бастырып шығарған. Оны 4 «Түркі сөздігінде» 7500-ден аса фразалық тіркестер кездеседі екен. Қазақ сөз өнеріне ден қойып, оның тағы бір асылы – мақал-мәтелдерін жинап бастырған да орыс ғалымдары – В. В. Катиринский мен П. М. Мелюранский. Қазақ тіл білімінде фразеологизмдерді теориялық жағынан зерттеу XX ғасырдан 40-жылдарынан басталды. Бұл мәселмен түбегейлі шұғылданып, арнайы зерттеу жүргізген – академик І. Кеңесбаев. Ғалым фразеологизмдерді танып білудің басты белгілерін көрсетіп, фразеологизмдер бұрын-соңды еңбектерде көбіне лексикология тұрғысынан зерттеліп келгендігін айтады. Фразеологизм байлығын тексеретін фразеология деген дербес лингвистикалық пән болатынын, ол пән қалыптасу үшін өз зерттеулерінде қазақ тілі фразиологизмдеріне тән белгілер мен сол белгілер негізінде оларды топтастыру, фразеологиялық синонимия, вариант, полисимия, омонимия т.б. мәселерді қарыстырады. Осы мәселерді жан-жақты зерттеуді фразеологизмнің стилдік ерекшеліктерін, құрам сипатын, компоненттерінің байланысу тәсілдерін, параллельді фразеологизмдер, фразеологиялық оралымдар жайлы танып-білуді болашақтың ісі деп, тұрақты тіркесті зерттеуші ғалымдарға бағыт береді. Фразеологияны

зерттеушілер академик І. Кеңесбаев көрсеткен әртүрлі бығыттарда жұмыс істеп жатыр. Фразеологизмнің варианттары, синонимиясы, полисемиясы, омонимиясы, этимологиясы жайлы да зерттеліп, үлкен еңбектер жазылды. Жеке авторлардың фразеологизмдерді қолдануы, аудармадағы фразеологизмдер компоненттерінің байланысуы, параллель фразеологизмдер жайлы да зерттеулер жетерлік. Әйтсе де, фразеологизмдердің әлі ашылмаған қыр-сыры мол тұрақты тіркес ұғымдарын оқытуда орта мектеп оқушыларын теориялық топтастырылған ұғым жасауға үйрету, яғни, орта мектеп оқушыларын теориялық ойлауы мен тілін дамыту; тұрақты тіркес туралы ұғымдарды оқытудағы негізгі мақсат – тұрақты тіркес туралы білім мазмұнын жаттандылықпен үйрету болып табылмайды, тұрақты тіркес туралы білім мазмұнын оқушы өз бетімен жасалатын көптеген ақыл-ой әрекеттерін орындау арқылы меңгереді.

Ал тұрақты тіркесті оқыту дегеніміз – тұрақты тіркес жөніндегі іріктелінген лингвистикалық оқу материалын жүйе әдісі бойынша сипаттаған, оқыту мақсаттарымен сәйкестендіре сабақтастырып, тұрақты тіркестерін модельдеуге, лексика-семантикалық және сөйлем құрауға қатысуындағы синтаксистік қызметтерін және мәтін құрауға қаншалықты қатыса алатын қызметін жаңа қырдан оқушыға таныту және соның негізінде әрбір танылған тұрақты тіркес туралы терминге ғылыми ереже жасай алатын деңгейге жеткізу болып табылады.

Оқушылардың өз бетімен ізденімдік-зерттеу жұмыстарын жүргізуі – міндетті түрде реферат немесе ғылыми баяндама жасау емес, ең бастысы – өтілетін морфологиялық тақырыпты ғылыми таным логикасына сай меңгеру болып табылады.

Орта мектепке тұрақты тіркесті оқытуда жаттығулардың алатын орны ерекше.

Бастауыш сынып оқушыларына арналған жаттығулар туралы профессор С. Рахметова былай дейді: «Балалардың тілі дамыған сайын мұғалімнің жетекшілігі азайып, жаттығуларды балалар өз бетімен орындайды. Алғашында мұғалім балаларға бақылау үлгісін көрсетіп, ойын жетектеп, тиісті сөздерді ауыздарына салып, басшылық етеді. Жаттығу балалардың ойын дамытатындай болуы тиіс»[93].

Н. Ж. Құрманова жаттығулар туралы былай дейді: «Жаттығулар оқушының білім меңгеруі барасында маңызды орын алады, өйткені, жаттығулар қандай да бір қызметтің, іс-әрекеттің негізін қалайды. Осындай маңызды қызметі бар жаттығу оқушының теориялық білім

алуында тиімді нәтижелерге қол жеткізуі үшін, оларды тиімділікпен жасау, нәтижелі орындау шарттарын ғылыми негізде анықтау керек.

Егер жасалған жаттығулар жүйесі тіл бірлігін оқыту барысында тиімді және оң нәтижелі болсын десек, онда жаттығулардың оқушының теориялық ойлауы мен тілін дамытуға үлесін қосуына саналы түрде бет бұруымыз керек»[94]. Осы пікірлерді негізге алып және соларға сүйене отырып, біз жаттығулар жүйесін мынадай түрде модельдедік: (1сызба).

Тұрақты тіркесті оқытуда жаттығу жұмысының мәні зор. Тақырып түсіндірілгеннен кейін жаттығу жұмыстары орындалады. Жаттығу нәтижесінде оқушылар алған теориялық білімдерін практикада тез де дәл қолдана алу дағдысына ие болады: біріншіден, оқушының білімін нақтылайды, әрі нығайтады. Екіншіден, өздігінен жұмыс істеуге жаттықтырады, ой қабілетін арттырады. Шәкірттердің алған білімдердің бекіту мақсатында жүргізілетін жаттығуларда мынадай талаптар қамтылуы тиіс:

1 Белгілі бір жаттығуларды орындау үшін оқушылардың сол жаттығуларды орындай алатындай білімі болуы шарт.

2 Жаттығу оқушының тілге қызығуын, ынтасын арттыруы тиіс.

3 Жаттығу кездесек болмай, белгілі бір жүйемен келуі, ұсынылуы керек.

4 Өз беттерінше жұмыс істеуге дағдыландыру.

5 Шығармашылықты талап ететеін жаттығулар көбірек болуы керек.

Жаттығу арқылы оқылып жатқан материалмен жүргізілетін оқу әрекеті жүзеге асырылады. Жаттығуларды орындау негізінде оқушылардың ақыл-ой әрекеттері, ақыл-ой қызметінің белсенділігі қалыптасады, дамытылады. Жаттығулар – бір мақсатқа бағытталған, өзара байланысты әрекеттердің тұтастығын көрсетеді. Ол әрекеттер тілдік және ой операциясының күрделенуіне байланысты бірінен соң екіншісі орындалады.

Сонымен бірге, қазақ тілі сабақтарында ойын түрлерін қолдануда, әйтеуір, осы көрсетілген жаттығулардың біреуі қолданылып жатады. Сондықтан жаттығу және жаттықтыру туралы әдістемелік әдебиеттерді мұғалімдер өз тәжірибелерінде шеберлікпен тиімді қолдана алатын болуы керек. Жаттығулар аналитикалық, синтетикалық және аналитикалық-синтетикалық түрлерге бөлінеді де, белгілі бір мақсатта орындалады. Осы пікірлерді негізге алып және соларға сүйене отырып, біз жаттығулар жүйесін мынадай түрде модельдедік:

Жаттығу арқылы оқылып жатқан материалмен жүргізілетін оқу әрекеті жүзеге асырылады. Жаттығуларды орындау негізінде оқушылардың ақыл-ой әрекеттері қалыптасып, ақыл-ой қызметінің белсенділігі дамытылады. Жаттығулар бір мақсатқа бағытталған, өзара байланысты әрекеттердің тұтастығын көрсетеді. Ол әрекеттер тілдік және ой операциясының күрделенуіне байланысты бірінен соң екіншісі орындалады. Жаттығулар оқушының білім менгеруі үдерісінде маңызды орын алады, өйткені, жаттығулар қандай да бір қызметтің, іс-әрекеттің негізін қалайды.

Сондай логикамен ұйымдастырылған теориялық білім мазмұны ғана оқушының санасына өзінің білімі түрінде қалыптаса алады. Өйткені, сол ұғымды тануда оқушы мұғалімнің баяндауымен біле салған жоқ, бірнеше ізденіс тапсырмаларын орындау арқылы тер төкті, өз бетімен шешімдер іздеді

1 Тұрақты тіркесті оқыту әдістемесі орта мектеп оқушыларының морфологиялық ұғым қалыптасуына тірек бола алатынын ғылыми-теориялық негіздер анықтап берді.

2 Орта мектеп оқушыларының тұрақты тіркес туралы ұғым қалыптастыру қабілеттерін арнайы іріктелген білім мазмұны мен арнайы жаттығулар жүйесі негізінде жүзеге асыруға болады.

3 Орта мектепте тұрақты тіркесті дамыта оқытуда «субъект-субъектілік» қатынас жүйесі ұстанылса ғана білім берудің гуманистік мақсаты жүзеге асырылады.

4 Орта мектеп оқушыларына тұрақты тіркесті дамыта оқытуда тәрбиелік негіздердің діні – адамгершілік идеясы бір сәт нысанынан түсірілмеуі керек. Сонда ғана, Абай іздеген «толық адам» яғни оқушының жеке тұлғасы қалыптасуына үлес қосылды деп айтуға болады.

5 Оқыту жүйесінде біржақтылық болмауы тиіс. Дәстүрлі оқыту жүйесінде барлық әдістемелік құралдар мұғалімге арналса, қазіргі кезде көп жағдайда оқушының бейнесі алынып жүр. Негізіне келгенде «субъект-субъектілік» қатынасқа негізделген дамыта оқыту жүйесінде мұғалім мен оқушының оқу-танымдық қызметте орындайтын әрекеттерінің біріне-бірі адекватты болуын қамтамасыз ететін әдістеме ғана өміршең бола алады.

Ойын жаттығулары.

Ойын – бұл тәртібіне өзіндік басқаруды жинақтайтын қоғамдық тәжірибені менгеруге бағытталған белгілі бір жағдайдағы іс-әрекеттің түрі. Ойын әрекеті баланың өсу жолымен тікелей байланысты. Мұғалімнің алдына қойған мақсаты – оқытудың түрлі

әдістерін пайдалана отырып, соның ішінде ең тиімді әдістерін алып, оқушыларға терең де сапалы білім беру. Сабақта, біздің ойымызша, мынадай ойын түрлерін қолдануға болады.

Сөз тіркестері туралы сөзжұмбақ.

Сөз тіркестерінің атын еске түсіруге көмектесетін суретжұмбақ (ребус).

1 Тұрақты сөз тіркесіне қатысты сөзөрім (кроссворд).

2 Сөзтуым (вордингворс).

3 Бұйдасөз (фильворл).

4 Тылсымсан (шифрограмма).

5 Құпияхат.

6 Басқатырғы (головоломка).

7 Бәйге.

8 Сақина салмақ т.б.

Қалай деп айтады?

1 – Жұмысқа иликпейтін еш нәрсеге икемі жоқ қаңқайып қалған адамды қалай деп атайды? (оқтау жұтқан)

– Жұмысқа епті, пысық адамды (он саусағынан өнер тамған)

2 – Отбасынсыз жалғыз басты адамды (салт атты, сабау қамшылы)

-Отбасылы бала-шағалы адамды (үйлі-баранды)

3 –Үлкен кісінің алғысын алу (өркеннің өскір)

– Үлкен кісінің наласына қалу (желкен қиылғыр)

4 – Алыс жер (ат шаптырым жер) – Жақын жер (таяқ тастам жер)

Осы көрсетілген грамматикалық-тілдік, сөйлеу, рефлексиялық, ойын жаттығуларын орындату барысында мұғалім мынадай дидактикалық – әдістемелік міндеттерді шешеді деп ойлаймыз:

*оқушылардың сөз байлығы молайып, сөйлеу шеберлігі жетіле береді;

*олар аз сөзбен көп мағына беріп, ойды өткірлеп, образды етіп айтуға, ауыз әдебиеті мен көркем әдебиетті жақсы түсінуге төселеді;

*тұрақты тіркестің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағыналарын менгереді;

*тұрақты сөз тіркестерін символдық және графикалық модельдеуге үйренеді;

*жекелеген сөздерден сөз тіркесін, сөйлем, мәтін құрап, грамматиканың функционалдық ерекшелігін танитын болады;

*шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында түрлі шығармашылық жаттығулар орындайды.

Қазіргі кезеңдегі қазақстандық педагогика саласы – жан-жақты және тез жетіле дамып келе жатқан ғылым саласы. Өйткені педагогика ғылым мен техниканың дамуынан артта қалатын болса, келесі 4-5 жылда соның салдарынан ғылыми прогресстің өзі де артқа шенігер еді. Сондықтан педагогика ғылымының дамуы, өзекті мәселелердің уақытылы күн тәртібіне қойылып, білім беру бырысының ерекше қарқынға ие болуы – жалпы қазақстандық дамудың маңызды бір өзегі болып табылады.

Осы қарқындылықтан қазақстандық мектептер де қалмауға тырысып келеді. Педагогика ғылымының зерттеу нәтижелерінің мектеп практикасына енгізілуі барысында мұғалімдердің ерекше ынталануы, шығармашылық ізденістердің көбейе басталатыны белгілі. Педагогиканың жанақталған көп ғасырлық тәжірибесі әрдайым жана ізденістерді туғызуға да негіз болып отырады. Осымен бірге әр ұлттың салт-дәстүрінде, халықтық педагогикасына да сақталған адам тәрбиелудің жинақталған практикалық тәжірибесі де педагогиканың дамуына себепші үлкен фактор болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Радлов В.В Средняя Зеравшанская долина // записи РГО. Отд. Этнографии.-1880.-Т.6-55с.
- 2 Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі.- Алматы: Ғылым,1977.-712 б
- 3 Құрманова Н.Ж. Қазақ мектебінде сөз тіркесі синтаксисін оқыту технологиясы.- Ақтөбе,2004.
- 4 Джусупов М. Социоллингвистические и лингводидактические проблемы языка как средства общения и предмета изучения // 2002. Златоуст.
- 5 Рахметова С.Р. Бастауыш сынып оқушыларының жазу тілін дамыту.Алматы 1969.
- 6 Ысқақова А. Қазіргі қазақ тілі- Алматы: Ана тілі. 1991.

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

СЕЙСЕНБАЕВА А.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Кейінгі кезде қазақ баспасөзінде қолданыста жиі кездесетін қысқарған сөздердің бірі – БАҚ. Бұқаралық ақпарат құралдарын

электрондық бұқаралық ақпарат құралдары және мерзімдік басылымдар деп екіге бөліп жүрміз. БАҚ-тың бұл екі түрінің де атқаратын қызметтері бірдей, яғни көпшілікке ақпаратты жеткізу.

Зерттеуші Б. Момынова «Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы)» деп аталатын ғылыми еңбегінде бұқаралық ақпарат құралдарын оқылтын (визуальды), тыңдалатын (аудиальды) және әрі тыңдауға, әрі көруге болатын (аудио-визуальды) үш түріне тоқтала келіп, олардың ортақ қызметтерін: біріншіден, ақпараттық функциясы, екіншіден, ақпаратты жеткізудегі комментарийлық-бағалаушылық функциясы, үшіншіден, ақпараттық ағартушылық-танымдық функциясы, төртіншіден, ақпараттық қоғам мүшелерінің дүниетанымына әсер ету функциясы, бесіншіден, ақпаратты жеткізуде жағымды эффекттер тудыру үшін тиімді тәсілдерді пайдалану функциясы деп санамалап көрсетеді [1,4-5].

Рас, жоғарыда зерттеуші көрсеткендей, БАҚ-тың қызметтері ортақ болғанымен, олардың ақпаратты жеткізуді бір-бірінен айырмашылығы да бар. Электронды ақпарат құралдары (теледидар, радио) ақпаратты аса бір ұшқырлықпен жедел түрде, яғни оқиганы болған жерінен сол сәтінде жеткізеді. Ал мерзімді басылымдар ақпаратты тап бір сондай ұшқырлықпен жедел түрде жеткізбегенмен де, ақпаратты тасқа басқандай қаттап қоюымен ерекшеленеді. Оның үстіне, көшпеліктің мерізді басылымдары қажет болса қалаған уақытында алып оқуына мүмкіндігі бар. Газеттің қоғамда атқарар қызметін ғалым А. Байтарсұновтың сөзімен айтар болсақ: «Әуелі, газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. ... дүниеде болып жатқан істер, сөйленіп жатқан сөздер – кімге пайдалы? Кімге зарарлы екендігін күні бұрын біліп, пайдалы болса, шаттанып, зарарлысынан сақтанып тұрады. Екінші, газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады.

Үшінші, газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп,білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетікпекші.

Төртінші, газет – халықтың даушысы. «Жұрттың» деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады» деген [2, 10]. Ғалымның

газеттің қоғамдық рөлі туралы ой-пікірлерінің мәні бүгінгі күні арта түспесе кеміген жоқ.

Бесіншіден, баспасөз – қоғамның айнасы болғандықтан, көпшілік айтар ойы мен сөйлер сөзін түзеп қана қоймай, тіл мәдениеті тұрғысынан да кейбір мәселелерде «газетте былай жазылған» дегендей, баспасөзде де жүгінері хақ. Сондықтан да халықпен күнбе-күн жүздесіп отыратын баспасөздердің тіл мәдениетін, әсіресе жазу мәдениетін қалыптастыруда да маңызы зор. Мерзімді басылымдар осындай ерекшеліктерімен электрондық ақпарат құралдарынан өзгеше болса керек.

Қазақ тіл білімінің көшбасшысы А. Байтұрсыновтың жоғарыда айтқан ой-пікірінен бастап, бүгінгі күнге дейін қазақ баспасөзі және оның тарихы, қалыптасуы, дамуы, қазақ баспасөзінің тілі, қазақ баспасөзінің жүйесі мен құрылымы т.б. туралы зерттеуші-ғалымдар Х. Бекхожин, Б. Кенжебаев, Ш. Сарыбаев, Ү. Субханбердина, Б. Әбілқасымов, Н. Қарашев, С. Исаев, Б. Момынова, О. Бүркітов, Ш. Мәжітбаев, А. Алдашеваның еңбектерінде тікелей сөз болады.

Бұдан басқа баспасөз тілі жайында қазақ әдеби тілінің даму тарихы, қазақ тілі білімінің әр түрлі салалары, функционалдық стиль, терминология, стилистика, тіл мәдениеті туралы жазған зерттеуші-ғалым І. Кеңесбаев, М. Балақаев, Ә. Қайдар, Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев, М. Серғалиев, Ә. Айтбайұлы, Б. Қалиұлы, Ә. Болғанбайұлы, Г. Смағұлова, Ш. Құрманбайұлы, т.б. еңбектерінде айтылады.

«Қазақ баспасөзінің тарихы әр кезеңдегі тарихи оқиғаларға байланысты зерттелуі қажет. Бұл қазақ халқының әлеуметтік өміріне, эканомикалық жағдайына тығыз байланысты зерттелуі тиіс деген сөз. Осылай зерттелгенде ғана баспасөздің қоғам дамуына атқаратын рөлі анықталады», дейді «Қазақ баспасөзінің тарихының очерктерін» жазған ғалым А.Бекхожин [3,45]. Осыған байланысты біз де баспасөз материалдары негізінде жазылған еңбектерді шартты түрде 3 кезеңге бөліп қарастыруға болады деп ойлаймыз:

1 Алғашқы қазақ газеттері тілі жөніндегі зерттеулер (1860-1918ж.ж).

2 Кеңес дәуіріндегі қазақ баспасөзі тілі жөніндегі зерттеулер (1920-1990ж.ж).

3 Тәуелсіз Қазақстанның қазақ баспасөзі тілі жөніндегі зерттеулер (1990 жылдан бастап осы кезеңге дейінгі).

Баспасөз тілінің зерттелуі жөніндегі ғылым-зерттеу жұмыстарымен танысу барысында зерттеу жұмыстарының басым

көпшілігі алғашқы қазақ газеттерінің тілімен байланысты екенін байқауға болады. Қазақ баспасөзінің тарихы ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ тілінде шығып тұрған екі газеттен басталады. Олар ұлттық баспасөзіміздің алғашқы қарлығаштары – «Түркістан уәлаятының» газеті (1870-1883 ж.ж.) мен «Дала уәлаятының» газеті (1888-1902 ж.ж.).

Ғалым Б. Әбілқасымовтың «Алғашқы қазақ газеттерінің тілі» атты еңбегінің сол кезеңдегі баспасөз тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктерін танып білуде орны ерекше. Осы еңбегінде ғалым: «Ұлт тілінде баспасөздің шығуы ең алдымен қазақтың жазба әдеби тілінің дамуына аса зор ықпал жасады, қазақ тілінде бұрын болмаған қоғамдық-публицистикалық, ғылыми-көпшілік әдебиеттер стильдерінің негізі қаланып, ресми іс-қағаздары стилі одан әрі жетілді», дейді [4,56]. Ғалым К. Бекхожиннің «Қазақ баспасөзі тарихының очерктері» (1860-1958ж.ж) атты еңбегінде Шоқан, Ыбырай, Абайлардың қазақтың демократиялық публицистикасы мен реалистік жазба әдебиетінің негізін қалаушы екені, одан әрі қарай мерзімді баспасөздің әр кезеңде қалай дамып, өркендегені туралы айтылады. Зерттеуші Н. Қарашеваның еңбегінде («Айқап» журналы негізінде) [5] алғашқы қазақ газеттерінің грамматикалық ерекшеліктері сөз болса, ал зерттеуші Ү. Субханбердинаның «Айқап» журналына зерттеу жүргізе отырып, «Түркістан уәлаятының» газетін көпшілікке жеткізуде, таныстырудағы еңбегі ерекше екенін айтқымыз келеді. Ғалым Ү. Субханбердина «Түркістан уәлаятының» газеті туралы: «Бұл газет – қазақ тілінде шыққан мерзімді баспасөздің тұңғыш, алғашқы қарлығашы. Сондықтан, мұның тілі республикамыздағы мерзімді баспасөз тілінің, публицистикалық тілінің алғашқы түрі болып табылады. Қазіргі кемеленген публицистикалық тіліміздің алғашқы бастамасы да осы «Түркістан уәлаятының тілі» деген болатын. Ал осы екі газеттің тілін салыстыра зерттеген ғалым Т. Қордабаева: «Бірде өзбек, бірде қазақ тілінде кезектесіп шығып тұрғанына қарамастан «Түркістан уәлаяты» газетінің тілі нағыз қазақ ортасында шыққан «Дала уәлаяты» газті тілінен едәуір таза және синтаксистік жағынан ықшамды, жеңіл еді» [6] деген ой айтады.

Ғалым Б. Кенжебаевтың «Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер» атты еңбегінің де баспасөзі зерттеуде зор маңызы бар. Сондай-ақ алғашқы мерзімді басылымның бірі – «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика, оның лексика-семантикалық топтары ғалым Б. Момынованың еңбегінде жан-жақты зерттелсе, ал

зерттеуші С.Сапинаның еңбегінде «Түркістан уәлаятының газетінің лексикасы» сөз болады.

Екінші кезең туралы айтар болсақ, кеңес дәуірі кезеңіндегі басылымдарды шартты түрде болса да іштей кезең-кезеңге бөліп қарастыруда зерттеушілердің топтастырулары әртүрлі екенін байқауға болады.

Ғалым Б. Момынова қазақ газеттері лексикасының қалыптасу кезеңдері төмендегідей кезеңдерге:

1 Алғашқы қазақ газеттері лексикасы кезеңі (1860-1918 ж.ж.)

2 Совет өкіметі жылдарындағы қазақ басылымдары лексикасы кезеңі

а) Совет өкіметінің алғаш жылдары шыққан газет лексикасы (1920-1940 ж.ж.)

ә) Ұлы Отан соғысы (1941-1945 ж.ж.) жылдан 1960 жылға дейінгі аралығы

б) 1960 жылдан 1985 жылдың аяқ шеніне дейінгі аралық

3 Қайта құру жылдарындағы басылым лексикасы (1985-1991 ж.ж.)

4 Қазіргі заманғы ұлттық баспасөз тілі (1991 жылдан, яғни егемендік алған кезден бергі уақыт) [1,130-131], – деп, бөліп қарауды ұсынса, ал ғалым Ш. Мәжітаева: «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» атты еңбегінде [7] мерзімді басылымдар тілін: 1) XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді баспасөз тілі; («Айқап», «Қазақ» материалдары негізінде); 2) 20-30 жылдардағы баспасөз тілі; 3) Соғыс жылдарындағы мерзімді баспасөз тілі деп қарастырады. Ғалымдардың топтастыруынан баспасөздің дамуының негізгі факторы ретінде қоғамдық саяси-әлеуметтік өзгерістерге сүйенгенін байқаймыз.

Ғалым Ш. Сарыбаев 20-30 жылдарындағы баспасөз туралы: «Осы дәуірдегі көркем әдебиет пен баспасөзіміз жаңа сөз жасауда, оны нормаға келтіруде, алуан түрлі стильдік әдістерді қолдануда немесе орыс тілінің игілікті әсері арқасында тілімізге еніп отырған мыңдаған терминдерді дұрыс пайдалану арқылы оларды қалың жұртшылық игілікке айналдыру бағытында зор еңбек сіңірді. Сол сияқты тіліміздегі басты артық һәм, дәріс, тәржіма, жүмлө, міллөт, отарба (пөезд), өткеше (пороход), күйсандық (пионио), төраға (председатель), қара айғыр (поровоз) сияқты қазақша аударылған сөздерден тазару бағытында да біздің баспасөзіміздің еңбегі зор» [8,9-10] – деп бағалайды.

Бірақ сол кезде баспасөзден тазартылған төраға (қазіргі қолданыста жиі), һәм (қазір баспасөзде сирек болса да кездеседі)

сияқты т.б. сөздердің қазіргі баспасөзде қайта қолданылып жүргенін көріп жүрміз.

Ғалым Ш. Мәжітаеваның «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» атты докторлық диссертациясының зерттеуші өзі қарастырып отырған кезеңдегі әдеби тілдің қалыптасу, даму көркем әдебиеті, ресми іс-қағаздар, ғылыми стиль және баспасөз тілі тұрғысынан жан-жақты зерделеген еңбек екенін атап өткен дұрыс. Ғалым осы еңбегінде баспасөзге: «Осы кезеңдегі қазақ тіліне енген неологизмдердің көбі газет-журналдар арқылы әдеби тілге еніп, қалыптаса түсті де, сол публицистикалық стильдік лексикалық қорына айналды. Сөз жасаудың лексика-семантикалық жолы баспасөз тілін дамытып, әдеби тіліміздің толығына, баюына ықпалы тиді» [7], – деп береді.

Осы кезең баспасөзі туралы жазылған зерттеулер көп емес. Соның бірі – ғалым С. Исаевтың «Қазақ әдеби тілінің совет дәуіріндегі дамуы» (1973ж.) атты еңбегі. Ғалым бұл еңбегінде кеңес дәуірінің 20-30 жылдарындағы әдеби тіліміздің лексикалық құрамы мен грамматикалық ерекшеліктерін 50-60 жылдардағымен салыстыра отырып зерттеу жүргізеді.

Ғалым Ш. Мәжітаеваның «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» атты еңбегінің зерттеуші өзі қарастырып отырған кезеңдегі әдеби тілдің қалыптасуын, дамуын көркем әдебиет, ресми іс-қағаздар, ғылыми стиль және баспасөз тілі тұрғысынан жан-жақты зерделеген еңбек екенін атап өткен дұрыс. Осы кезең баспасөздің тілі туралы жазылған зерттеуші Р.Барлыбаевтың «Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика» (1978ж.), А. Алдашеваның 1870-1890 жылдар аралығындағы мерзімді басылымдардағы жаңа қолданыстарға байланысты «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» (1991ж.) атты зерттеу еңбектерін атап өткен орынды.

Ал үшінші кезең – бұған дайын бір орталықтан басқарылып келген Кеңес Одағының құлап, орнына жаңа жүйедегі тәуелсіз мемлекеттің құрылуы, егемендікке ие болған елдердің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуы тіліміздің қолданыс аясының кеңейе түсуіне, сол арқылы баспасөздің дамуына да жағдай жасаған ерекше бір кезең болды.

Әрине, бұған дейін коммунистік идеологияның қағидаларымен өмір сүріп келген қазақ басылымдары үшін сол кезеңде жаттанды жолдан жаңа жолға түсуі, жаңа заманға икемделуі оңай болмады. Кейбір басылымдар оқырмандарынан айырылып, енуі бір басылымдар көпшілікке танылмай жатып-ақ жабылып жатты.

Дегенмен, өткен ғасырдың соңғы он жылдығынан бастап қазақ басылымдарының саны жағынан да, сапасы жағынан да көп өзгергені, көп өскені байқалады. Қазақстандағы баспасөздің қаншалықты өскенін төменгі сандық мәліметтерден көруге болады. Зерттеуші Б.Белғар еңбегінде: «Қазақстандағы баспасөз жағдайы 1989 жылы статистикалық мәліметі бойынша төмендегідей еді: журналдар – қазақ тілінде -13, орыс тілінде – 17, бюллетеньдер – қазақ тілінде – 6, орыс тілінде – 41 болса» дей келіп республикалық 15 газеттің 6-ы қазақ, 5-і орыс, қалғаны басқа тілде, облыстық 36 газеттің 18-і орыс, 18-қазақ, қалалық 23 газеттің 16-ы орыс, 6-ы қазақ, 1-і басқа тілде, аудандық 268 газеттің 145-і орыс, 119-ы қазақ, 4-і басқа тілде, жергілікті газеттердің 89-ы орысша, 9-ы қазақ тілінде, жалпы барлығы 443 басылымның 277-і орыс, 15-і қазақ, қалғаны басқа тілдерде шыққанын айтады [85,9-10]. Осы еңбекте 1996 жылы 1-қазандағы есеп бойынша республикада 1164 газеттің 215-і қазақ, 468-і орыс тілінде, 443-і екі тілде, 15-і басқа ұлттар тілінде шыққаны айтылады [8,80]. Көптеген басылымдар жаңа заман үнін халыққа жаңаша жеткізуде өмір талабына сәйкес өзгерістерге түсті. Кеңестік кезеңде «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұранмен, «КПСС (КОКП) шешімдерін жүзеге асырайық» деген сияқты толып жатқан шақыру, үндеулермен шығып орталықтың идеологиясын насихаттаған қазақ баспасөзінің әрқайсысы бүгінгі күні өздерінің арқалаған жүгі, айтар ойына байланысты өмір талабына сәйкес көптеген өзгерістерге түсті. Кейбір басылымдар заманға сәйкес аттарын өзгертіп жатса, енді бір басылымдар тарихи атауларына қайта ие болып жатты. Бұрынғы «Социалистік Қазақстанның» «Егемен Қазақстан» болып республика елтаңбасымен, «Лениншіл жас» газетінің «Жас Алаш» атын иеленіп, «Қазақ әдебиеті» газетінің әдебиетіміздің атасы ұлы Абай бейнесімен, «Ана тілі» – А.Байтұрсынұвтың бейнесімен қатар лингвист-ғалымның тілі туралы қанатты сөзімен, тәуелсіз басылым «Заң» газетінің – «Тура биде туған жоқ», халықаралық басылым «Түркістанның» – М. Жұмабаевтың әйгілі «Түркістан екі дүние есігі ғой» өлеңімен шығуы басылымның сырт келбеті мен ішкі дүниесінің үндестігін көрсетіп, газеттің ішкі мазмұнынан, айтар ойынан хабар беріп тұрғандай.

Газеттің ішкі мазмұнынан хабардар етуде газет айдарларының маңызы ерекше. «Мәртебелі тіліміздің қажеттілік категориясы қанша шектеулі болып келді десек те, ұлттық басылымдар өз есесін жіберіп жатқан жоқ. Барлық басылымдарда айдарлар қазақшаланған жоқ, бүтіндей қазақыланды» деп журналист С. Шүкірұлы айтқандай,

қазіргі басылым беттерінен «Толғауы тоқсан қызыл тіл» («Ана тілі» газеті), «Оймақтай ой», «Дүбірге толы дүние» («Егемен қазақстан» газеті), «Қыжыртпа сөз», «Алдаспан» («Жас Алаш» газеті) т.б. көптеген «қазақ айдарларды кездестіруге болады. Бұл – журналистердің не нәрсені болса да ұлттық ұғыммен беруге деген ұмтылмасын көрсетеді».

Осы кезеңде шыққан зерттеуші – ғалым Б. Момынованың еңбегінде қазақ баспасөзі, оның ішінде газет құрылымы, газет типтері, газет жанрлары, газет тақырыптары туралы жан-жақты сөз етіледі. Сондай-ақ осы кезеңде жазылған зерттеуші О.Бүркітовтың «Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі» [9] атты кандидаттық диссертациясының да қазақ баспасөзін зерттеуде зор маңызы бар. Орыс тіл білімінде газет тілі, газет жанрлары, газет типтері, газет лексикасы туралы Г. Я. Солганик, Л. Б. Глебова, И. П. Лысакова т.б. ғалымдардың еңбектерінде сөз болды.

Қазақ баспасөзінің тарихына байыптап қарар болсақ, оның қалыптасып дамуына қоғам өмірінде болып жатқан өзгеріс, жаңалықтардың әсері мол болатыны байқалады. Қоғамда болып жатқан жаңалықтарды тіл арқылы таңбалап қолданысқа енгізуде, ұлттық тілімізді дамытуда баспасөздің қызметі ерекше. Қазақ әдеби тілінің басқа салаларына (стильдік) қарағанда баспасөз тілі өзіндік ерекшеліктерімен қазақ әдеби тілінің дамуына жетекші роль атқарады.

Қандай да кезеңдегі әдеби тілдің дамуын баспасөз материалдары негізінде зерттеудің маңызы ерекше. Себебі, сол кезеңде қоғам өмірінде болып жатқан өзгеріс-жаңалықтардың барлығы ең алдымен баспасөзде тіл арқылы таңбаланып, баспасөз арқылы халыққа жетіп, кейбір сөздік құрамға еніп жатады.

Сондықтан белгілі бір кезеңдегі әдби тілдің даму ерекшеліктері бағыт-бағдарын айқындауда баспасөз материалдарын бірден-бір дереккөз, бірден-бір көрсеткіш ретінде пайдалануға болады.

Өткен ғасырдың 90-жылдарынан басталған өзгерістер қазақ баспасөзінің де жаңа бағытта, жаңа арнада дамуына алып келеді. Баспасөз саласында «ресми» және «тәуелсіз» деген ұғымдар пайда болып, соған сәйкес қазақ баспасөзі көптеген, жаңа тәуелсіз басылымдармен толыға түсті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Момынова Б. Газет лексикасы. (жүйсі мен құрылымы). – Алматы: Арыс, 1999. – 228 б.
- 2 «Қазақ» газеті. – Алматы, 1998. – 562 б.

3 Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очерктері. – Алматы, 1981.

4 Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1982. – 224 б.

5 Қарашева Н. Грамматические особенности языка казахской публицистики начала XX века (на материале журнала «Айкап») Диссерт. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1959. -125 с.

6 Қордабаев Т. «Түркістан уәлаяты газеті» тілінің кейбір ерекшеліктері // Қазақстан мектебі. 1964. №5. -22-28 бб.

7 Мәжітаева Ш. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. филол. ғыл. докт... дисс. – Алматы, 2000. -365 б.

8 Сарыбаев Ш. 1920-30 жылдардағы әдеби тілдің тарихына қатысты кейбір мәселелер // Қазақ тіл тарихы мен диалектологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1963. – 9-10 б.

9 Бүркітов О. Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі. ҚДА. – Алматы, 1996. -268 б.

НАЦИОНАЛИЗМ В СФЕРЕ МЕЖЭТНИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ: АСПЕКТЫ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

СЕМБИНА Ж.

магистр социологии, докторант, кафедра социологии,

ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, г. Астана

САЛИКЖАНОВ Р. С.

к. соц. н., доцент, кафедра социологии, ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, г. Астана

В данной статье предложены результаты нашего исследования целью которого было определить состояние этнического национализма молодежи страны в контексте угроз национальной безопасности Казахстана. В качестве объекта исследования мы выбрали социальные отношения казахстанцев в сфере этнических и межэтнических отношений.

Значимые политические процессы XX века, среди них этнополитические тенденции последних десятилетий имеют продолжение и в XXI веке. В числе многих – рост национализма, в его этническом проявлении. Следует отметить, что представления о механизмах взаимодействия этничности и политики являются вариативными. Формирование понятия национализм и этнонационализм складывалось под влиянием

конкурирующих трактовок природы национального единства и процессов межэтнического взаимодействия, а также различных методологических подходов и исследовательских парадигм.

Многие советские ученые, долгое время развивали примордиалистский и этноцентристский подходы Ю. В. Бромлея, редуцируя национальное к этническому (1).

Как известно, в советской науке национализм трактовался как враждебная пролетарскому национализму буржуазная идеология, в основе которой пребывает идея национального превосходства и национальной исключительности, а нация трактуется как высшая внеисторическая и надклассовая форма общности. Тем самым советская трактовка национализма низводила данный феномен до уровня политического и идеологического клейма и не делала его предметом серьезного научного анализа. С другой стороны отмежевавшись от национализма в политическом смысле, академическая теория национального вопроса советских обществоведов основывалась на единственном варианте, который был заложен еще в 30-е годы XX века, т.е. варианте культурной, а не политической нации.

Согласно этой теории, нация определяется как высшая форма этнической общности, а национальная государственность мыслится только как этнонациональная государственность. Однако за этим внешним фасадом национализма на практике присутствовало господство этнонационализма как в науке, так и в политике.

Современный уровень теоретического решения этнонациональных проблем определяют разработки западных исследователей. Так, например, Э. Геллнер рассматривает национализм как выражение новых форм социальной организации, основанных на стремлении народов к высокоразвитой культуре, поставленной под защиту и контроль государства (2).

По мнению Э. Д. Смитта, стремление защитить эту культуру и сложившееся на ее основе духовное единство с помощью государства и других социальных институтов и организаций и составляют основную питательную почву и мтовационную основу современного национализма (3).

Российские исследования последних лет, опирающиеся на новые методологические принципы и имеющие в своей основе обширные эмпирические исследования феномена национализма в его этническом варианте. Среди них работы Л. Дробжевой, посвященные выявлению особенностей вариации этнонационализма

в России (4). Не менее ценны социологические исследования А. Здравомыслова о влиянии этнических различий на конфликты в современных обществах (5).

Активные поиски в особенности российских политологов привели к значительному вкладу в осмысление общетеоретических проблем нации, национализма, этнонационализма (6). Среди них работы, посвященные отдельным аспектам формирования и функционирования национальных общностей – роли языка, анализу этнической психологии и сознания, конкретным национальным стереотипам, социально-политическим проблемам этноса и нации, политическим и национальным мифам (7).

Исходя из вышеизложенного отметим, что мы понимаем под этнонационализмом? Следует утверждать, что национализм, как доктрина и политическая практика, базируются на представлении, что основу государственности, хозяйственных и культурных систем составляют целостные общности под названием нации.

Так как наш исследовательский интерес лежит в плоскости изучения национализма в контексте национальной безопасности для себя определим, что национальная безопасность это защищенность жизненно важных интересов и прав личности, общества и государства в различных сферах жизнедеятельности от внешних и внутренних угроз, обеспечивающая устойчивое развитие страны. Можно согласится и с другим более расширенным определением, что национальная безопасность – совокупность официально принятых взглядов на цели и государственную стратегию в области обеспечения безопасности личности, общества и государства от внешних и внутренних угроз политического, экономического, социального, военного, техногенного, экологического, информационного и иного характера с учётом имеющихся ресурсов и возможностей.

Существуют два подхода относительно операционализации понятия национальная безопасность. Согласно первому, она рассматривается в контексте защиты национальных интересов, а согласно второму – базисных ценностей общества. В пределах обоих подходов возникает ключевая проблема – определение совокупности национальных интересов или совокупности национальных ценностей. Проблема может быть сведена к триаде вопросов: ценности национальные (интересы) – какие, кого, за счёт кого (чего) их защищать (реализовывать)?

Однозначно ответить на эти вопросы вне пределов политического процесса (компромисса) достаточно трудно. Когда понятие

национальная безопасность вошло в политический лексикон на Западе, оно использовалось в качестве синонима обороноспособности государства и фактически к середине восьмидесятых годов XX столетия под этим понятием главным образом понимали военную и политическую безопасность. С начала 90-х годов прошлого столетия в теоретических исследованиях, в философско-социологической и политической литературе понятие национальная безопасность и проблему её обеспечения рассматривают с учётом экономических, социо-культурных и других факторов.

Введенный в 2012 году «Закон Республики Казахстан о национальной безопасности» оперирует понятием «виды национальной безопасности», среди которых общественная, военная, политическая, экономическая, информационная, экологическая. Изучаемый нами вопрос этнического национализма имеет «выходы» на все перечисленные виды национальной безопасности, тем самым объясняя как происхождение этнонационализма, так и подсказывая решение имеющихся проблем в этой сфере.

Какова природа казахского национализма? Как считают современные политологии, в его основании нет какой-то стройной общей идеологии. Скорее это набор разрозненных одиночных игроков, которые не стремятся к единому организующему началу.

Правда, от этого казахский национализм не становится менее популярным среди населения и предстает как этническая идеология. В принципиальном плане он ничем не отличается от любого иного этнического национализма. На постсоветском пространстве этнический национализм называют еще титульным национализмом.

К гражданскому национализму призывает власть. Его казахстанской разновидностью и является политика межэтнического согласия и стабильности. В современных условиях только согласие этносов остается единственно верным основанием прогресса.

Кто продвигает казахский национализм среди молодежи?

Это представители различных элит: общественные деятели, писатели и поэты, журналисты, историки (профессиональные и непрофессиональные), музыканты, кинематографисты, другие деятели искусства. Объединяют их всех ценности казахского национального государства, независимости, языка, истории. И в этом, на наш взгляд, нет ничего плохого, наоборот надо было беспокоиться при отсутствии такового.

Некоторые политологи указывают и разъединяющие моменты казахского этноса. Например, отношение к вопросу о переходе

казахского языка на латиницу. Националисты хотят, чтобы все казахи принимали то, что они пропагандируют. Однако так исторически сложилось, что среди казахов много русифицированных людей, которые не разделяют их идеи относительно казахского языка, истории и других вопросов.

Следует отметить, что казахский национализм, его четко выраженные и, самое главное, устойчивые цели и призывы (сохранение и улучшение позиций и статуса казахского языка, усиленное внимание к истории и развитию казахской культуры, главенствование казахского элемента в общественной и политической жизни, как бы данные сферы ни определялись националистами или их противниками) на данный момент являются устойчивой идеологией.

Этот набор основных требований и нарративов, который сформировался в канун обретения независимости, в 1990-1991 годах, представляет собой достаточно целостную, хотя и немного узкую систему воззрений, за которой стоит множество разных движений, групп, отдельных личностей и т.д. Символизмом данной идеологии могут пользоваться и различные политические группы, которые не всегда можно отнести к сегменту казахских националистов. То есть получается, что идеология есть, но внятной политической или экономической программы, которая могла бы встать в оппозицию правящему режиму, нет. Так же, как нет и сильной политической структуры, объединяющей данные группы, - например, партии. Но очень много движений и таких вот «свободных радикалов» способных «оттянуть» на себя часть электората.

Какова социальная база казахского молодежного национализма?

База у казахского национализма обширная, и при желании ее можно распространить даже на сектор урбанизированной неказахскоязычной молодежи, хотя сам по себе и казахскоязычный электорат для таких идей достаточен. К сожалению, в социально уязвимых слоях казахскоязычного населения (в особенности молодежи) может назреть нездоровый кризис, и тогда «мягкий/позитивный» национализм способен будет перерасти в национализм настоящий, которого все и боятся, то есть в более серьезную проблему. Но национально сочувствующих казахов много, и в этом повинны не только казахские националисты. Политика нацстроительства после обретения независимости была и остается очень ситуативной, в ней соседствуют и тенденции казахского этнического национализма, и линия на стабильность и дружбу народов. Так что до населения

доходят и тот, и другой месседжи, но казахи в последнее время, о своих проблемах стали говорить больше.

С другой стороны, сегодня можно сказать, что внимание к казахскому национализму стало даже избыточным. Связано это, главным образом, с двумя причинами. С одной стороны, казахские националисты все активнее проявляют себя во внутриполитических дискуссиях. Последние несколько лет показали, что националистические лозунги имеют большой мобилизационный ресурс, поэтому власти не могут игнорировать фактор национализма, тем более с учетом преобладания казахов в общей численности населения. Сам по себе казахский национализм не является оппозиционным - это общественная среда, в которой власти работают и с которой им приходится считаться. Есть совпадающие позиции. Но есть моменты, где власти с националистами не согласны и сдерживают их в конструктивных рамках. В последнее время усилилось внимание к теме казахского национализма в русскоязычном сегменте СМИ республики и со стороны присутствующих в казахстанском информационном пространстве российских экспертов и журналистов. Отсюда более широкое освещение данной темы в печатных изданиях, в Интернете.

Казахский национализм надо рассматривать в нескольких плоскостях, где он будет иметь совершенно разное политическое значение и нюансы. Возьмем, например, вопрос национализма и тему защиты национальных интересов. В данном случае казахские националисты - это по факту первичная сигнальная система, которая срабатывает, если в казахском обществе возникает ощущение риска или угрозы. В нашем обществе гражданский патриотический сегмент слабо выражен. На фоне этой пассивности трибуну перехватывают те, чья лояльность к Казахстану сомнительна. С ними и вступают в дискуссию казахские националисты. Если рассматривать казахский национализм с позиции становления гражданского общества, то проблема гораздо серьезнее.

Усиление этнического фактора - это отражение низкого уровня гражданского сознания и признак слабого развития в стране политической системы. Получается, что тему патриотизма у провластных партий и у казахских националистов перехватить сегодня некому. В конструктивном поле такие силы отсутствуют.

Наконец, когда мы оцениваем фактор казахского национализма в плоскости задачи обеспечения межнационального мира и согласия, то становится понятным, почему власть должна сдерживать

и ограничивать национализм. Всегда существует риск, что умеренные лидеры националистического движения утратят свое лидерство и уступят инициативу радикальным элементам, что чревато потрясениями для внутривнутриполитической стабильности и межэтнического мира.

Таким образом, национализм - как доктрина и политическая практика, базируются на представлении, что основу государственности, хозяйственных и культурных систем составляют целостные общности под названием нации.

Следует отметить, что казахский национализм, его четко выраженные и, самое главное, устойчивые цели и призывы (сохранение и улучшение позиций и статуса казахского языка, усиленное внимание к истории и развитию казахской культуры, главенствование казахского элемента в общественной и политической жизни, как бы данные сферы ни определялись националистами или их противниками) на данный момент являются устойчивой идеологией.

База у казахского национализма обширная, и при желании ее можно распространить даже на сектор урбанизированной неказахскоязычной молодежи, хотя сам по себе и казахскоязычный электорат для таких идей достаточен.

Наконец, когда мы оцениваем фактор казахского национализма в плоскости задачи обеспечения межнационального мира и согласия, то становится понятным, почему власть должна сдерживать и ограничивать национализм. Всегда существует риск, что умеренные лидеры националистического движения утратят свое лидерство и уступят инициативу радикальным элементам, что чревато потрясениями для внутривнутриполитической стабильности и межэтнического мира.

Можно предположить, что неудовлетворенность бытовыми условиями проживания, проблемы с трудоустройством, присущее значительному числу молодых людей одной национальности, может стать причиной этнонационализма данной общности. Мы можем утверждать, что в условиях Казахстана есть еще группы и категории молодежи, которые причину своих невзгод ищут в национальной плоскости.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Бромлей Ю.В. Этнос и география. – М., 1972.
- 2 Геллнер Э. Нации и национализм. – М., 1991.

3 Smith A.D. Nation in Nationalism in a Global era. – Cambridge, 1995.

4 Дробижева Л.М. Возможность либерального этнонационализма / Реальность этнических мифов. М., 2000.

5 Здравомыслов А.Г. Социология конфликта: Россия на путях преодоления кризиса. М., 1995.

6 Проблема идентичности: человек и общество на пороге третьего тысячелетия // Вестник института Кеннана в России. - 2002. – Вып. 2. – С. 11-22; Социальные науки, расистский дискурс и дискриминационные практики. – СПб., 2001.

7 Уфимцева Н.В. Этнокультурная специфика языкового сознания. – М., 2000.; Почебут Л.Г. Психология социальных общностей. Толпа, социум, этнос. – СПб., 2002.; Гачев Г.Д. Миф. Национальный. Индивидуальный. – М., 2000.

«ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ (АКТ) ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ»

СМАҒҰЛОВА Г. Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, «М. Әуезов атындағы № 42 ЖОМ» ММ,
Павлодар қ.

«Баланың ынтасын артыру үшін
оқылатын нәрседен біржаңалық
болуы керек»

Жүсіпбек Аймауытов

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан – жақты, білімі қажет.

Қазіргі мұғалім:

Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын

Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін

Жанаша ойлау жүйесін меңгере алатын

Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын

Білімді, іскер, шебер болу керек.

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Қазіргі оқушы:

Дүниетаным қабілеті жоғары

Дарынды, өнерпаз

Іздемпаз, талапты

Өз алдына мақсат қоя білу керек.

Осындай тұлғаны дамыту үшін оқытудың жаңа технологиясы қажет. Оқыту үрдісінде осындай әдістерді пайдалану мұғалімнің өзінің шеберлігі қарай жүзеге асады.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Бүгінгі білім мазмұны мұғалім мен оқушының арасындағы байланысты субъективті деңгейде көтерудегі демократиялық бастамалардың барлығы мұғалімдер арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі мұғалімге тек пән мұғалімі ретінде қабылдау олқылық көрсетеді. Мұғалім қоғам айнасы.

Қазіргі таңда дәстүрлі оқыту әдістемесінің заман талабына сай толық білім беруге, меңгертуге кепілдік бермейтіндігін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр. Сондықтан жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту үрдісінде іске асу үшін оны технологияландыру қажеттілігі туады. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық – коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу - тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми - техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық - коммуникативтік технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп,

оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты.

Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне АКТ-ны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты. Ақпараттық процестерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы есептеу техникалары біртұтас күрделі жүйе болып табылады. Сол себепті, педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруда АКТ - ны оқып-үйрену және оны қолдану күрделі процесс болып табылады.

Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Коммуникация– ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым .

Ақпараттандырудың негізгі бағыты XXI ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Осыған сәйкес қазіргі білім жүйесінің ерекшеліктеріне – оның іргелілігі, алдын алу сипаты және оларға қол жеткізу мүмкіндіктері жатады.

Ақпараттық – коммуникациялық технология оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Оқу процесінде қолданылатын АКТ құралдарын орналастырудың бірнеше жолдары бар. Ең перспективтісі және мазмұндысы жіктелу критеріі ретінде АКТ құралдарын әдістемелік тағайындау облысы болатын жол болып табылады.

Ақпараттық – коммуникациялық технология құралдары оқушыларға жаңа ақпарат көздеріне жол ашады, жеке жұмыс пен білім алудың нәтижелілігін, тиімділігін көтереді, кәсіби дағдыларды қабылдау және бекіту үшін мүмкіндіктер береді, қашықтықтан оқытудың жаңа формалары мен әдістерін жүзеге асыруға мүмкіндіктер ұсынады.

Ақпараттық – коммуникациялық технология – мұғалімнің өз жұмыстарының әдістері мен ұйымдастыру түрлерін түбегейлі өзгертуге, оқушылардың жеке қабілеттелігін дамытуға, оқудағы пәнаралық байланысты күшейтуге, оқу процесін ұйымдастыруды үнемі жаңартып отыруға мүмкіндік береді. Ақпараттық – коммуникациялық технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады (1 - сурет).



1 сурет – Ақпараттық – коммуникациялық технологияның бағыттары мен міндеттері

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр.

Ақпараттық – коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

- Өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру
- Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;
- Бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау. (мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар).
- Қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Мақсаты: білім беруді ақпараттандыру жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде тиімді қолдану арқылы қазақ тілі пәнін оқытудың сапасын арттыру, оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқыту бағдарламалары сияқты бағдарламалық өнімдер қызмет етеді. Білім саласында компьютер оқушы үшін оқу құралы, ал мұғалім үшін жұмысшы болып табылады. Оның қолданылуы нәтижелі болуы үшін бағдарламалық құралдар толық түрде мұғалімнің және оқушының алдына қойған мақсатына жетуін және шығару жолдарын қамтамасыз ету керек.

Міндеттері:

- жеке тұлғаның дамуында маңызды роль атқаратын оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу;
- сол арқылы білім, білік, дағдының жоғары деңгейіне шығу;
- оқушының түрлі дара қабілеттерін арттыру;
- пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- пән бойынша білім сапасын арттыру.

Ирэна Веньяминовна Роберттің (педагогика ғылымының докторы) ғылыми-зерттеу еңбектерінде жаңа ақпараттық (коммуникациялық) технология құралдарын педагогикалық мақсатта қолданудың келесі негіздері белгіленген:

- 1 Ақпараттық технологиялардың негізінде оқу-әрбие үдерісінің барлық деңгейін қарқындату бағытында, яғни
 - оқыту үдерісі сапасы мен тиімділігін көтеру;
 - танымдық іс-әрекет белсенділігін көтеру;
 - пәнаралық байланыстарды тереңдету;
 - қажет ақпаратты іздеу тиімділігі мен көлемін кеңейту.

2 Оқып үйренушінің жеке тұлғасын дамыту, ақпараттық қоғам жағдайындағы өмірге өзіндік дайындықтар, яғни

- түрлі ойлау қабілеттерін дамыту;
- байланыс жолдары қабілеттілігін дамыту;
- күрделі жағдайлардағы шешім нұсқаларын ұсыну;
- компьютерлік графика мен мультимедиа технологияларын пайдаланып, эстетикалық тәрбиелеу;
- ақпаратты өңдеу және ақпараттық мәдениетті қалыптастыру;
- жағдай немесе мәселені моделдей білуді дамыту;
- тәжірибелі-зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыра білуді қамтамасыз ету.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде.

Білімді ақпараттандыру – қазақ тілін үйретудің басты талабы. Қоғамды ақпараттандыру үрдісінің дамуына байланысты тіл үйретудің мазмұны жаңарып отырады. Қазақ тілін үйретуде қолданылатын ақпараттық білім ортасы тіл үйренушінің ақпараттық сана-сезімінің, қатысымдық құзыретінің қалыптасуына зор әсер етеді.

Қазіргі жаппай ақпараттандыру заманында қазақ тілін үйрету мен ақпараттық технологияларды игеру жарыспалы түрде қолданылады. Ақпараттық қоғам кезінде оқытушы тіл үйренушілердің алдында жалғыз ақпарат көзі болмайды. Ол ақпарат алуды жеңілдететін аралық тұлға айналады. Адамзат өркениетінің іргелі сипаты қажетті ақпаратты іріктеп алу, жинақтау, өмірге бейімдеп өңдеу және тұтыну болып табылады. Ақпараттық қоғамда алғашқы компьютерлік сауаттылық пен оны пайдалана білуді меңгермейінше, белгіленген міндеттерді шешу үшін компьютерлік құралдарды пайдалана білмейінше қазіргі ғылым мен мәдениетте, өндірісте, іскерлік пен қоғамның басқа да саласында адамның шығармашылық әлеуметін толық пайдалану мүмкін емес. Сондықтан қазақ тілін үйретуде қатысымдық құзыреттіліктің жоғары белсенді

түрін дамыту ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолданғанда жүзеге асады.

Қазақ тілі сабақтарында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды (электронды оқулық) пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;

– қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;

– оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Мұғалім сабағында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық – коммуникациялық технологияны (электронды оқулық) пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі деп ойлаймын.

Электронды оқулықты қолдану саласы өте кең: электронды – оқыту жүйесі қашықтан оқыту үшін, өздігімен ізденіс барысында, жалпы білімге деген талпыныс бар оқушыларға өте тиімді. Қазіргі заман талабына сай мүмкіндігін көп дербес компьютерлерді өңдей отырып, тарау бойынша оқушылардың дағдыларды қалыптастыру, білім бақылау жұмыстарын бағалауға мүмкіндік береді. Осы арқылы компьютерлік технологияның дамуының тереңдетілуі білім сапасын жоғарылата отырып, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп түседі.

Электронды оқулықты пайдалану арқылы:

- сабақта техникалық құралдарды (компьютер), дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі;
- мұғалімнің ақпараттық – коммуникациялық технологияны меңгеруі;
- оқушының пәнге қызығушылығы;
- алынған білім, дағды деңгейі;
- білімнің тереңдігі;
- тексеру түрлері, бағалау;

– практикалық дағдыларды игеру мүмкіндігі артады.

Электронды оқулықты қолдана отырып оқушылар төмендегідей жұмыс жасауға мүмкіншілігі болады:

- Өтілетін материалдарды дұрыс әрі жеңіл түрде түсінуге;
- Оқушының өздігімен дайындалып, жұмыстың барлық кезеңдерінде өзін - өзі тексеруге;
- Жұмысты тиянақты түрде орындауға;
- Түсінбеген тақырыптарды шексіз қайталауға;
- Оқулықты сабақтарда қолданып, оқушының өз деңгейінде тапсырмаларды таңдауға;
- Қажетті материалдарды жылдам іздеп табуға мүмкіндік туғызады.

Қазіргі таңда мен өз сабағымда дайындаған электронды оқулығымды пайдаланып өтемін. Онда әр тарауда кестелер, жаттығулар қамтылған. Әр тараудағы тест сұрақтары, әр тапсырманың өзіндік жұмыстары оқушы білімін бақылауда және оқушының өз бетінше ізденісін туғызуда көмегі зор. Сонымен қатар тақырыпты қорытындылау үшін тест сұрақтары берілген. Бұл тест сұрақтарының нәтижесі әр оқушыға жауап беру деңгейіне қарай смайликпен бағаланып беріледі. Бұл әдіс оқушының білімін көтеруге, сабаққа ынтасын қалыптастыруға оң әсер ететіндігі сөзсіз.

Мәселен, сан есімді қорытындылау сабағымда электрондық оқулықты қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген зейіні, қызығуының ерекше артқандығы байқалды. Сонымен қатар ұмытып қалған ережелерді тапсырмалар арқылы еске түсіруге зор ықпал етеді, уақытты үнемдейді.

Мысалы, Тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып жазыңыз.

... мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні.

...наурыз-Халықаралық бірлігі күні.

...тамыз Қазақстан Республикасы Конституция күні.

...желтоқсан-Тәуелсіздік күні.

...наурыз-көктем,береке мерекесі.

Керекті сөздер. Он алтыншы,отызыншы,сегізінші,бірінші,жиырма екінші.

Тапсырма. Реттік сан есімнің тиісті жұрнағын жалғаңыз.

он бес, жеті, алпыс, үш, отыз, алты, екі, он, тоғыз

Керекті жұрнақтар.-ыншы,-ншы,-інші,-нші

Әр тарауда қайталау сабағында тест арқылы жұмысын жүргізуге болады. Мысалы:

8. Кімдер? сұрағына жауап беретін сөзді тап.

А) ұшқыштар

Ә) терезелер

Б) жылқылар

Ескерту. Тесттің «жауабы дұрыс» күлген смайлик, «жауабы бұрыс» болса жылап жатқан смайлик көрінеді. Осы тапсырмаларды орындағанда оқушылардың сауаттылығы жақсарып, сөз қорлары молайып, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай туғызады т.б. Жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды пайдалану тиімді.

Бұл жинақта 3-сынып бағдарламасында ұсынылған негізгі тақырыптар және қортындылау тапсырмалары жан-жақты қарастырылған. Қазақстан Республикамыздың мемлекеттік тілі – қазақ тілін жетік игеру үшін сөз құрамы, жай сөйлем түрлері, сөйлем мүшелері, сөз таптарынан гипермәтін (ереже), деңгейлік тапсырмалары, тест сұрақтарын кездестіруге болады. Осы ұсынып отырған жинақ оқушылардың білімін толықтыруға, алған білімін бекітуге қазақ тілі пәніне деген қызығушылығын арттыруға зор ықпал етеді деп сенеміз.

Мақсаты: Әдістемелік құралдың мақсаты - оқушылардың ой-өрісін кеңейту, алған білімдерін одан-әрі тереңдету. Өтілген тақырыптарды қаншалықты меңгерілгендігін анықтап және шығармашылық қабілеттерін, интеллектуалды жан-жақты тұлға етіп тәрбиелеу. Жинақта 3-сыныпқа тарау бойынша жас ерекшеліктеріне қарай тапсырмалар жинақталып алынған. Тақырыптық тестік тапсырмаларды орналастырғанда оқулықтардағы тарау реті сақталды. Бұл жинақта 3 сынып материалдары толық қамтылған. Бұл жинақта пән қызыл түспен, гипермәтін (ереже) көк түспен, тапсырмалар жасыл түспен, ал тест сары түспен боялған.

Міндеті: Оқушылардың ой-өрістерін кеңейту ойлау қабілетін дамыту. Сұрақтарға дұрыс жауап беру. Оқушылардың білімін толық ашуда оқытудың барлық әдіс-тәсілдері пайдаланылды. Қазақ тілін құрметтеуге баулу.

Күтілетін нәтиже: қазақ тілі жинағы 3-сыныпқа арналған көмекші құрал ретінде оқушылар мен ұстаздарға ұсынылып отыр. Бұл жинақ тест тапсырмаларын пайдалана отырып оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, шығармашылық жұмысқа бейімділігін арттыра отырып, ұйымшылдыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелейді. Бұл ерекшелік сөз жоқ оқушыларды жан-жақты дамуға, өз пікірін айта білуге, білімге деген құштарлығын, пәнге деген сүйіспеншілігіне ықпал етеді деген мақсатпен құрылды.

Сабақтың қызықты да түсінікті болуы мұғалімнің шеберлігі мен ізденімпаздығына тікелей байланысты. Әрбір мұғалім шығармашылықпен жұмыс істеген жағдайда ғана еліміздің саналы, дарынды азаматтарын тәрбиелеп шығуға мүмкіндік бар. Шығармашылықпен іздену мұғалімнің еңбегіне, ой-өрісінің толысуына көп көмегін тигізеді. Бүгінгі күн мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет-оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттыра білу, сол арқылы әр тақырыпты олардың санасына жеткізе түсіндіру.

Меніңше, осы оқыту жүйесінде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану төмендегідей нәтиже береді:

Ілімділік оқу материалын оқу бағдарламасы бойынша ғылыми негізінде ең жоғарғы дәрежеде меңгеріп шығуы және ілімдік білімін іс жүзінде тиянақты, саналы түрде қолдана білуі;

Ақпараттық технология мүмкіндіктерін қолданып, өз бетімен білімін толықтыруға дағдылануы;

Игерген материалдарын шығармашылықпен талдап, өңдеп, қорытындылап, өз көзқарасын қорғай алуы;

Жеке қабілеттеріне қарай шығармашылық жұмыстарға белсене араласып, белгілі бір ғылыми білім саласында өз мүмкіндігін көрсете алуы;

Ілімді жаңалық ашуға немесе ілімді іс жүзінде қолданудың жаңа жолдарын іздеуге ұмтылуы тиіс.

Жаңа коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқыту программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Білім саласында компьютер оқушы үшін оқу құралы, ал мұғалім үшін жұмысшы болып табылады. Оның қолданылуы нәтижелі болуы үшін бағдарламалық құралдар толық түрде мұғалімнің және оқушының алдына қойған мақсатына жетуін және шығару жолдарын қамтамасыз ету керек.

Енді электронды оқулықты пайдаланудың тиімді және тиімсіз жақтарына тоқталайық.

Тиімді жақтары

Тиімсіз жақтары

Оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалын іздеп отырмайды.

Оқушы оқулықты қажет етпей-ақ қазақ тілі пәнінен кез келген мәліметті алып, оқып үйренуіне болады.

Бағдарламаны меңгеруге арналған тест сұрақтармен қамтамасыз етілген.

Көрнекілік құралдарға деген мұқтаждықты азайтады.

Мұғалім әр оқушымен дербес жеке жұмыс жүргізуіне мүмкіндік туғызады.

Оқушының ой өрісін, дүниетанымын кеңейтуге, тану үрдісіне ықпал етеді.

Зерттеушілік қабілеті бар тұлға қалыптасады.

Психология-педагогикалық талаптардың жоқтығы.

Пәнаралық байланыстың аздығы.

Көрнекілік материалдарда бірыңғай таңдау.

Компьютердің графикалық мүмкіншілігінің қолданылуының нашарлығы және әлсіздігі.

Оқушының тіл мәдениетінің төмендеуі «тірі» қарым-қатынасқа түсе алмауы.

Жоғарыда айтылған тиімсіз жақтарды болдырмау үшін төмендегідей ұсыныс жасауға болады:

1 Компьютерді сабақтың белгілі бір кезеңдерінде ғана пайдалану;

2 Компьютерді пайдалану уақытын сақтау;

3 Компьютерді пайдалануда қауіпсіздік ережесін сақтау;

4 Дәстүрлі және электронды оқытуды кіріктіру арқылы жүргізу.

Себебі электронды оқыту – оқу пәнінің негізгі ғылыми мазмұнын қамтитын компьютерлік технологияға негізделген оқыту, бақылау, модельдеу, тестілеу т.б. бағдарламалар жиынтығы. Электрондық оқулық жай оқулықтарға өте тиімді қосымша мүмкіндіктер береді. Атап айтқанда:

Кері байланысты іс жүзінде тез арада қамтамасыз етеді;

Жай оқулықтағы кездеспейтін қосымша материалдарды электронды оқулықтардан қысқа уақытта табуға болады;

Гипермәтінді түсіндірмелерге өту барысында уақытты үнемдеуге көмектеседі.

Электрондық оқулықтарды қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығын жоғарыда айттық. Сондай-ақ мұғалімдер де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан қолдана алады.

Заман табына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды қазақ тілі сабағында пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Ой өрісі дамыған шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын

жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортақ міндетті өз мәнінде жүргізу қажет деп ойлаймыз.

Сонында, қорыта айтатын болсақ, АКТ - ның ғылыми тұрғыда артықшылығы жеке тұлғаның шығармашылық қабілеті, танымдық белсенділігі, өзіне сенімі артады, қосымша материалдарды молынан алады.

«Айтушы ақылды болса, тыңдаушысы дана болады» дегендей, сөзімді қорыта келе, сабақтарымда ақпараттық – коммуникациялық технология құралдарын қолданудың мынадай тиімді жақтары бар екеніне көз жеткіздім:

Оқушының оқуға деген ынтасы артады;

Әр оқушының жеке қабілеті айқындалады;

Үлгерімі нашар оқушыға көңіл бөліп, оларға көмектесу мүмкіндігі туады;

Жақсы оқитын оқушының тереңірек білім алуына жағдай туады;

Әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады;

Оқушы өз білімін бағалай білуіне бағыттауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағытталған тапсырмалар саны көбейгенде ғана, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз.

Демек, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы. Оқыту үрдісінде оқушылардың білім қорын молайтуға, белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі бар.

Қазақ тілі пәнін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы өте зор. Сондықтан, ізденген ұстаздан ғана шығармашыл, дарынды шәкірттің шығары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Информатика негіздері» журналы №1, 2010 жыл.

2 «Информатика негіздері» журналы №4-2008 жыл – Ж. Садыбекова «Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі»

3 Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша

құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

4 Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

5 «Информатика негіздері» журналы №1, 2010 жыл

6 Б.А.Әлмұхамбетова, М.А.Ғалымжанова «Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың қолданылуы» - 17 бет

7 Жүнісова Р.Қ. “Қазақ тілі сабағында оқушылардың ауызекі сөйлесуін еуростандарт негізінде ақпараттық коммуникативтік технологиялар арқылы дамытуды басқару”. - Ғаламтор желісі

8 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 8-бап.

9 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.

10 Роберт И.В., Панюкова С.В., Кузнецов А.А., Кравцова А.Ю. Информационные и коммуникационные технологии в образовании: Учебно-методическое пособие для педагогических вузов. / Под редакцией И.В. Роберт. - М.: ИИО РАО, 2006. - 374 с. (ғаламтор желісінен)

КӨРКЕМ МӘТІН ДИСКУРСЫНДАҒЫ САНДАР СУГГЕСТИЯСЫ

СУЮНДИКОВА М. М.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

КАРИПЖАНОВА А. О.

қауымд. профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Көркем мәтін дискурсындағы суггестиялық қасиет кейбір сандардың қолданысында да көрініс табады. Ұлттық дүниетаным бойынша тіліміздегі үш, жеті, тоғыз, қырық сияқты сандарға сенім білдіріп, иланып, киелі, қасиетті деп санаған.

Сандар жеке дара айтылған кезде, абстракт сандық ұғымдардың атаулары ретінде қолданылады. Олардың нақты мағыналары өзге сөздермен қарым-қатынасқа түскенде ғана айқындалып отырады. Кейбір сандар сандық мәнімен қатар басқа мағынада қолдануымен ерекшеленеді. Мұндай жағдай, әсіресе, осы сандардың тұрақты тіркестерде, аңыз әңгімелерде, жыр-дастандарда, салт-дәстүрлерде және басқа дүниетанымға байланысты қолданылғаны анық көзге түседі. Сонымен бірге, бұл құбылыстың тарихы да арыда жатқаны

байқалады. «Ертедегі мифопоэтикалық дәстүрлерде сан ұғымдарына киелі мән беріп, өн бойына космонимикалық мағыналар жүктеген. Адамзат қоғамында сандар діни, тәңірлік және әлемдік символдар ретінде қарастырылып, олардың бойында адам санасы жете қоймайтын құдіретті құпиялар мен сырлар жатқанына, сонымен қатар бұл құдіретті күштердің адамға жақсылық та, жамандық та алып келетініне сенген. Сан есімдер бойында мифопоэтикалық семантика мен символикалық қолданыстар олардың магиялық қасиеттерімен тікелей байланысты. Сан есімдер мифологемасы дара сандарда ғана емес, антропонимдерде, фразеологизмдерде де көптеп сақталынған» [1, 139 б.].

Сан атауларын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларынан да кездестіруге болады.

Бір саны – бұл тек Аллаға тән. Сонымен қатар бір саны белгілі бір бүтіндік, бірлік пен өркениеттікті білдіреді. Бір құдірет – он сегіз мың ғаламды жатарушы жалғыз Алла, бүкіл дүниені, адамзат пен тіршілікті жаратушы жалғыз Алла болса, бір саны жалғыз сөзімен мағыналас келуі түсінікті. Демек, бір саны белгісіздікті білдіру үшін де қолданылады екен. Мысалы, бір құдайдың ұрғаны, бір құдайдан тілегенім, бір құдай біледі, бір Алла өзің жар бола көр, бір Аллаға тәуекел деген тұрақты тіркестер халық тілінде қолданылады. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде бір сөзінің қатысуымен жасалған 129 тұрақты тіркес берілген. Алайда бір Алла тіркесі кездеспейді. Мәшһүр Жүсіп шығармаларында:

Махаббат үміткер боп бір Алладан [2, 7 б.]; Болмаса бір құдайдан үміт-куат [3, 32 б.]; Бір Алладан басқадан күдер үзіп [3, 241 б.], – деген тіркестер кездеседі. Ақын халық тілінде қалыптасқан тіркестерді қолданады. Бұл мысалдардағы бір санының прагматикалық қызметі бірдей. Бір санымен келген фраземалардың тіркесімділік қасиеті өте шектеулі екендігін Мәшһүр Жүсіп шығармалары арқылы да аңғаруға болады. Бұған жоғарыдағы мысалдар дәлел.

Екі саны – жұп сан болғандықтан, тұрақтылық, жұптылық символы болады және бинарлық жүйенің негізі болып табылады. Қарама-қарсылық ұғымы да бола алады. Мысалы: «Екі жақсы қосылса, бірін-бірі сыйлап өтер, екі жаман қосылса, бірін-бірі қинап өтер», «Екі сиыры бардың майы бітпес, екі қатыны бардың дауы бітпес», «Екі түйе сүйкенсе, ортасында шыбын өлер» деген мақал-мәтелер бар. Қазіргі тілде сақталған екі дүние: бұл дүние – фәни, о

дүние – бақи; екі мәңгілік: ай және күн және т.б. ұғымдар да қарама-қарсылықтың заңдылықтарына мысал бола алады. Мәшһүр Жүсіпте:

Жақсыға майда мінез әдеп болар,
Ол әдеп дін иманға себеп болар
Жүзінде екі дүние кемдік көрмей,
Құдайы қайда барса, медет болар [2, 172 б.].
Екі дүние нұры – ғылым [3, 35 б.].

Осындағы екі дүние – діни ұғым. Бірі – тірліктегі кез, бұл – жалған дүние, екіншісі – адам қайтыс болғаннан кейінгі кез, бұл – шын дүние. Екі дүние тіркесін басқа да қаламгерлерден кездестіре аламыз. Мысалы:

Дін де осы шын ойласаң, тағат та осы,
Екі дүние бұл тасдиқ – хақтың досы.
Осыларды бұзатын және үш іс бар:
Пайда, мақтан, әуесқой – онан шошы [4, 89 б.].
Екі өмірдің азығы – осы ұждан.
Әйтпесе оған бұл өмір төлеу емес,
Төлеуі – түпсіз рахат, тозбас заман [5, 25 б.].

Үш сөзі қазақ тілінде «жеті», «қырық» сандары да қасиетті саналады. Ертедегі адамдардың түрлі наным-сенімдерінен туындаған әр алуан ұғым-түсініктерге сәйкес фольклорлық шығармаларда да уақыт, кеңістік өлшемдерін белгілейтін бірқатар көркем бейнелеу құралдары қалыптасқан. Ауыз әдебиетіндегі батырлардың немесе жолаушылардың «үш күн, үш түн» жол жүруі, қырықкүншілік жерге аттануы, жеті басты айдаһарға тап болуы, жеті қат көкке шығуы немесе жеті қат жердің астына түсуі сияқты мысалдар жайдан-жай кездейсоқ дүниелер емес, белгілі бір наным-сенімге сәйкес туған ұғымдар деуіміз керек. Аталған сандар біраз фразеологизмдердің жасалуына да ұйытқы болған. Мифологиялық түсінік бойынша, әлем үш қабаттан тұрады: аспан, жер, жер асты. Сондай-ақ үш саны өткенді, қазіргіні, болашақты білдіреді. Қазақ халқы түрлі құбылыстарға баға беріп, олардың кейбір қасиеттеріне ерекше көңіл бөліп, бақылау жасаған. Тілімізде үш жұрт, Үш Жүз, үш күндік пәни, үш қайтара сәлем беру, ер кезегі үшке дейін, үш қайнаса сорпасы қосылмау, т.б. сияқты тұрақты тіркестер бар. Енді Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы үш саны кездесетін тіркестерді қарастырып көрейік.

Ілгергі айтылғандай, үш атамен
Нух нәби пайғамбарға келді және [3, 15 б.].

Ақын Құран хикаяларын өлеңге қосады. Үш ата деп отырғаны – Мұхамед-Мұстафа, Ыдырыс, Расул пайғамбарлар.

Жұрт есіркеп үш қат бөз орамаса,

Киімін жоқ кететін тағы киіп [2, 86 б.].

Үш қат бөз тіркесін пайдаланып, ақын жалған дүниеде қанағатшыл болу керектігін айтқысы келеді, адам баласы қанша бай болса да, бақиға тек үш қат бөз оранып кететінін айтады.

Үш жұртты өткізіпсің, ойлап тұрсаң [2, 181 б.].

Ақынның үш жұрт деп отырғаны халық қолданысындағы - өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты емес. Осы өлеңінде қаламгер адам өмірінің үш кезеңін, яғни, балалық шақ, жастық шақ, қарттық шақты айтады. Бұл ақынның өзіндік ерекшелігі, дүниетанымдық қабілеті болып табылады.

Төрт санының символикалық мәні қазақ танымында тұрақты бүтіндікті білдіреді. Халқымызда төртеу түгел болса, төбедегі келеді, төрт түлік, төр босағаң төрт болсын, жылдың төрт мезгілі, ғаламның төрт жағы (солтүстік, оңтүстік, шығыс, батыс), төрт құбыласы түгел сияқты ұғымдар бар. Мәшһүр Жүсіпте:

Молайып төрт түлігі санға жетсе [2, 111 б.].

Жатады төрт құлақта өлген адам [2, 173 б.].

Бірден кеп төрт аяғы үйлескен соң [3, 105 б.].

Төрт түлік төңірегі сай адамға [2, 208 б.].

Дүниенің төрт бұрышына құлақ жайған [6, 223 б.].

Осы өлең жолдарынан ақынның халық қолданысындағы тұрақты тіркестерді өз қажетіне жаратып, стилистикалық мақсатын орындай білгенін ажыратамыз. «Төрт құлақта» фразеологизмі барлығымызға бірдей таныс емес. Аталған фразеологизмінің коннотациясы – зираттың төрт бұрышы екенін аңғартады.

Ақын қолданысындағы «төрт аяғы үйлесу» тіркесі халықтағы «төрт құбыласы түгел» тіркесімен мағыналас екенін аңғарамыз.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларында жиі кездесетіні – алты санының қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер.

Алты Алашқа жайылған Мәшһүр атым [2, 106 б.].

Бұл сөзім алты Алашқа таныс болсын [7, 17 б.].

Алаш сөзі қазіргі уақытта «қазақ халқы» мағынасында ұғынылады. Алаш сөзінің өзге бір мағынасы «алты сан алаш», «алты алаш», «алаштың баласы» деген тіркестерде кездеседі. Оны ғалым Р.Сыздықова: «О баста алты сан алаш – XII ғасырдың бас кезінде, тегі, монғол шабуылына қарсы ұйымдасқан, алты тайпадан – қыпшақ, найман, қаракесек, алшын, қоңырат, жалайыр

тайпаларынан құралған одақты білдірген. Кейін бұл одақ алты сан алаш деген атпен Жошы ұлысының қарамағына кірген», - деп көрсетеді [8, 37 б.]. Уақыт өткен сайын «тайпалар одағы», «жалпы ел жұрт» мағынасындағы осы тіркес «қазақ қауымы», «қазақ халқы» деген мағынаға ие болған. Мәшһүр Жүсіптің барлық қазақ халқына танымал болғандығын жоғарыдағы мысалдардан байқаймыз. Алты Алаш тіркесін басқа ақын-жыраулардан молынан кездестіруге болады. Мысалы:

Әсет Найманбайұлы:

Алашқа атым шыққан Әсет ақын,

Өлеңім – жан жолдасым маған жақын [7, 337 б.].

Құлманбет ақын:

Алты Алашқа аты жайылған

Төремұрат, Өтендей

Ерлер еді-ау қайсары [7, 423 б.].

Махамбет:

Алты сан алаш ат бөліп

Тізгінін берсе қолыма,

Зулар едім бір көшке [7, 181 б.].

Болмаңыз алты ауызды, дін-мұсылман [7, 11 б.], – деген жолдарда ақын барлық мұсылман халықты ұйымшылдыққа, береке-бірлікке шақырады. Осы жерде алты саны көпшілік ұғымының орнына жұмсалған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында жеті санының қатысуымен жасалған тіркестер басқа сандарға қарағанда өте мол. Оған себеп – халқымыздың көнеден келе жатқан аталы сөздері, мақал-мәтелдері, қанатты сөздері, жалпы тұрақты сөз оралымдарының көбі осы жеті сан атауымен байланысты.

Жеті санына байланысты ғалым Н.Уәли: «Жеті ғалам, жеті дүние, жеті жұрт»; «жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» дейді қазақ мақалында жеті ғалам (дүние, жұрт) қазіргі тілімізде «дүние жүзі», «бүкіл әлем» дегенді білдіреді. Мұндағы жетіде сандық мән жоқ. Әлем туралы өте ерте кездегі мифологиялық түсінігін бейнелеген. Бұл түсінік бойынша жеті саны негізгі жеті бағытты білдірген. Олар – дүниенің төрт бұрышы: күншығыс, күнбатыс, түстік, терістік, аспан – жоғарғы ғалам, жер – орта ғалам, жер асты – төменгі ғалам» [9, 96 б.].

Жеті саны қазақ халқы үшін өте киелі сан. Ол діни түсініктермен де өте тығыз байланысты. Себебі Алла барлық жанды және жансыз заттарды жеті күнде жасап бітті деген түсінік бар. Осы себептен де

Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінде жеті санының қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер мол болуы мүмкін.

Жеті қат көк қуанып, қойнын ашты [3, 64 б.].

Жеті қат көк бұрынғы шығыс астрономдарының жиі қолданған термині. Барлық ғылымның бастауы болып табылатын Құран-Кәрімнің Мүлік сүресінің үшінші аятында: «Ол сондай Алла, жеті аспанды қабат-қабат жаратқан», - делінген (2.Құран-Кәрім).

Жаралған жеті күннің бәрі бірдей [2, 8 б.].

Барлық елге ортақ жеті күндік апта болуы кездейсоқ нәрсе емес. Жеті саны әуел баста уақыт өлшемі, көлемдік өлшемі болғаны, мұның жеті санының айрықша сан болуына әсер еткен.

Жеті ықылымға қазақтың атын шашқан [2, 229 б.].

Мәшһүр Жүсіп қолданысындағы жеті ықылым тіркесіндегі жеті саны сансыз, көп деген мағынада қолданылған. Ақын Қажымұқан Мұнайтыпасовтың бүкіл әлем алдындағы ерлігін жырлай отырып, осы тіркесті сансыз көп бөгде елге қазақтың атын таныстырған деген мағынада жұмсайды.

Қазақтың ұлттық танымында жеті саны өзінің тура мағынасынан өзге, ауыспалы мағыналарда қолданылып, ғалам құрылымының символы болып табылады. Осы санның қатысуымен жасалған тұрақты тіркестерді Мәшһүр Жүсіп өз шығармаларында ұлттық дүниетанымға қарай және стилистикалық мақсаттарына қарай қолданған.

Әлемдегі жанды және жансыз заттардың саны он сегіз мың ғалам делінеді. Оны жаратушы және олардың иесі тек жалғыз құдіретті Алла делінеді. Оның Мәшһүр Жүсіп өлеңдеріндегі қолданысы мол. Себебі ақын өлеңдерінде құран хикаяларын арқау қылады.

Құдіретпен он сегіз мың ғалам болды [2, 4 б.].

Жаратып он сегіз мың ғалам мүлкін [2, 4 б.].

Ғаламнан он сегіз мың әуел бұрын,

Жаратты пайғамбардың асыл нұрын [2, 14 б.].

Он сегіз мың ғаламның Алла иесі [2, 190 б.].

Он сегіз мың ғалам тіркесі де тілімізде тұрақты тұлғада қолданылады.

Сан есімдер негіз болған тіркестердің бойында халық санасындағы мифтік, магиялық түсініктер мен танымдар сақталған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы халық таным-түсінігі бойынша қалыптасқан осындай тіркестерді шығармаларында қамти білген және өзіндік қолтаңбаларын да қалдыра білген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Авакова Р.Ә. Фразеологиялық семантика. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 152 б.
- 2 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 1 т. – 425 б.
- 3 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 2 т. – 456 б.
- 4 Абай. Өлең - сөздің патшасы. Халықаралық Абай клубы. Жидебай, 2006. – 650 б.
- 5 Шәкәрім. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1988. - 560 б.
- 6 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: ЭКО, 2007. – 3т. – 480 б.
- 7 Ай-заман-ай, заман-ай (Бес ғасыр жырлайды): 2 томдық / Құрастырушы М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы – РББ, 1991. – 2 т. -496 б.
- 8 Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Арыс, 2004. - 232 б.
- 9 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: Филолог. ғылым. докт. ... дисс. – Алматы, 2007. -336 б.

Ы. АЛТЫНСАРИН ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

ТАШПОЛАТОВА М. С.

қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімі, № 111 М. Маметова атындағы жалпы орта мектеп, ОҚО, Шымкент қ.

ЭРГЕШОВА Л. Б.

3 «В» сынып оқушысы, № 111 М. Маметова атындағы жалпы орта мектеп, ОҚО, Шымкент қ.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне зиян келтіреді».

Әбу Насыр әл- Фараби.

Әр заман, тарихи әр кезең, әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарыққа шығарып отыратыны мәлім. Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған сондай тұлғалардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол жаңашыл, дарынды ағартушы ғана емес, халқымыздың теңіздей толқып тасыған інжу – маржан жырларын жақсыбіліп, еңбегіне арқау еткен. Сөйтіп, өзі өмір сүрген дәуірдің мұрат – мүдделерінің кәдесіне, ұрпақ тәрбиесіне

жарата білген тұлға. Ыбырай өзінің төл туындылары мен өзгертіп өндеген халық ауыз әдебиеті үлгілерінде олардың тәрбиелік, нақыл – насихаттық мәніне ерекше көңіл аударып отырады. Сол арқылы жас буынды адамгершілік пен ізгілікке, әділдік пен әдепке, еңбек пен зейінділікке баулуды көздейді. Оның шығармаларының бәрі дерлік мақал – мәтел іспетті ойлы да мағыналы болып, қысқа тұжырылып отырады. Қазақ халқының ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин шығармалары қазақтың қара домалақ балалары үшін үлкен мағынаға ие. Әсіресе, оның «Қазақ хрестоматиясы» оқулығы мектеп табалдырығын енді ғана аттаған бүлдіршіндерге рухани азық болды. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілейін деп тұрған өтпелі кезеңінде Ыбырай жас жеткіншектерге ой салатын, тәрбиелік мағынасы мол, түрлі қызықты әңгімелерді көптеп жазуға тырысып бақты. Ол еңбек процесінің бала тәрбиесіндегі ерекше маңызын көре білді. Сондықтан оның көптеген әңгімелерінің идеясы, Абай айтқандай «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың төңірегіне топтасқан. Әңгімелерінде балаларды тапқырлыққа, табандылыққа үйретіп, көп тұрмыс – тауқыметі – еңбек екендігін, сол себепті оның болашағы жарқын, өмір сүруі адал болатындығын көрсете келіп, жастайынан еңбексіз өскен балалардың бос белбеу болбыр болатынын барынша келемеждейді. Сонымен, Ы. Алтынсарин өзінің қара сөздерінде тәрбиелік мәнді, қысқа сюжетті, шағын әңгімелердің алғаш рет негізін салды. Осы тақырыптарға сәйкес бұл туындылардың мазмұны мен түрі өзара астасып, тың сипатқа ие болды.

Халқымыздың ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған зиялылар көшбасшысы, тұңғыш халық ағартушысы, қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күресіп, ел игілігі үшін жан аямай еңбек етудің үлгісін көрсеткен, XIX ғасырдың екінші жартысында шолпан жұлдыздай жарқырап әлем көгіне шыққан, ұлт тарихында аты мәңгі өшпейтін кемел тұлға – Ыбырай Алтынсарин қоғамдық ой-пікірдің өркендеу тарихында орин алған педагог, жазушы. Ол жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Қазақ даласындағы аумалы төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлап, балалар мен жас жеткіншектердің тағдырына терең үнілген ағартушы-ұстаз. Ыбырай Алтынсарин (шын аты – Ибраһим,) 1841 жылы қазан айының 20-сында қазіргі Қостанай облысы, Қостанай ауданында дүниеге келді. Үш-төрт жасында әкесі Алтынсары қайтыс болып, атасы Балғожаның қолында өсіп, тәрбиеленді. Атасы Балғожа би өз аймағының атақты кісілерінің

бірі болған. Ел ішіндегі көп билікті қолында ұстаған би, Орынбор әкімшілігінің алдында да беделді, белгілі кісі болған. Замана бет аласын өзінше болжаған Балғожа табысқа жетудің ендігі жолы – оқу деп біледі. Сөйтіп, немересі кішкентай Ыбырайды Орынборда ашылады деп күтілген орыс – қазақ мектебіне күні бұрын жаздырып қояды. Бидің ондағы мақсаты, әрине, немересінің бала оқытып, педагог болуы емес, әкімшілік орындарда жұмыс істеп, шенеунік, орысша оқыған «төре» болып шығуы, ата-анасын асырауы. Әлгі мектеп ақыры 1850 жылы ашылады да, оған қабылданған отыз қазақ баласының бірі – тоғыз жасар Ыбырай болады. Ыбырай мектепте сабақты ынта қойып оқиды, 1857 жылы оқуын «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығып, 1859 жылыдың тамызына дейін өзінің туған елінде тілмаштық қызмет атқарады. Мерзімдік басылымдарды оқып тұрған. Өз бетімен көп ізденіп, білім қорын молайта келе, Ыбырай өзінің алдына тілмаш болуды емес, туған халқына пайдалырақ басқа бір қызмет істедуді мақсат етіп қояды. Оның ынтасы ағартушылыққа ауады. 1860 жылы Жайықтың шығысындағы қазақтар үшін төрт бастауыш мектеп ашылған кезде, Ыбырай өзі сұранып, Торғай мектебіне мұғалім болуға рұқсат алып, сонда келеді. Бірақ мектеп бірден ашыла қоймайды. Бұл аралықта, Ыбырай ел ішінде мектептің пайдасын түсіндіріп, біраз баланы өз үйінде оқытады. Торғай мектебі 1864 жылы ғана ашылады.

Ыбырай шығармалары қысқа мазмұнды, балалардың түсінуіне жеңіл. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал – мәтел мен афоризмдерді орынды қолдану, әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері. Шығармалары мазмұны жағынан да, түрі жағынан да балалар әдебиетіне қойылатын талаптарға сай келеді. Сондықтан да Ыбырай Алтынсаринді балалар әдебиетінің негізін салушы дейміз. Тәрбие мәселесі бүгінгі өмірде де өз маңызын жойған жоқ, тіпті күн тәртібіндегі өзекті мәселе екенін де білеміз. Ана мейіріміне қанып, әке өсиетін тындап өскен бала ғана түбінде жылы жүректі азамат болары сөзсіз, олай болса, Ыбырай әңгімелерінде жасынан отбасы тәрбиесін көрген бала үлкен азамат болғанда, өз мәнінде өмір сүруге бейім болады деген нақты тұжырымдар беріледі. Көркем әдебиеттің күрделі жанры – әңгіме екені белгілі. Өйткені үлкен жанрдағы шығармаларға қойылатын талаптар әңгіме, новелла тәрізді шағын шығармаларға да қойылады. Бұл тұрғыдан алғанда Ыбырайдың әңгімелері түр мен мазмұн бірлігін сақтай отырып, негізгі мәселені жинақы, тартымды, әсерлі жеткізеді. Өзінің озық

идеяларын жеткізуде жазушы халық тілінің байлығын шебер пайдалана білді. Оның шығармаларының бұндай қасиеттері олардың жастарға да, үлкендерге де ортақ екендігін көрсетеді. Белгілі ғалым Қажым Жұмалиев: «Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде әңгіменің негізін салушы атасы болды. Көркем әңгімелердің композициялық құрылысын шебер етіп құруда да оның өзінше еңбегі бар», – деп жазды. Бұл аталған ерекшеліктер жазушының барлық әңгімелеріне ортақ... Мектеп оқулығы үшін жазылғандықтан, Ыбырайдың әдеби туындылары балалар дүниесіне өте жақын. Сондықтан да ол қазақ балалар әдебиетінің атасы деп танылған. Оның шығармалары мұғалімдер даярлайтын оқу орындарында кең көлемде оқытылады. Мектеп оқулықтарына енгізілген. Әңгімелерін идеялық нысанасы жағынан жүйелер болсақ, еңбекті сүю, қадірлеу, жақсы мінез – құлыққа бағыттау, халқын сүю махаббат – мейірім перзенттік парыз, т.б. өмірдің өзекті мәселелері қамтығанын көреміз. Жазушының адамгершілік туралы идеялары эстетикалық тәрбиемен байланыста, бірімен – бірі ұштастырыла суреттеліп отырады. Оның шығармаларынан жазушының биік адамгершілік қасиетін, азаматтық тұлғасын көреміз, сүйсінеміз. Өзінің өнегелі өмірі, тынымсыз ізденісі, жан-жақты таланты арқылы танылған Ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны орасан зор.

Ыбырай шығармаларының басты тақырыбы – еңбек. Ол еңбек адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өмір де, білім де қолға келмейді деп еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп тұжырым жасайды. Оның бұл тақырыпта жазған көптеген әңгімелері бар. Мысалы: «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейтқұл», т.б. Жазушының бір топ әңгімелері адамгершілік тәрбие мәселесіне жазылған. Адамзат баласы шыр етіп жерге түскеннен бастап ата-ананың аялы алақаны мен ыстық ықыласына бөленіп өсетіні белгілі. Ата-ана баласына небір асыл қасиеттерді үйретіп, жақсы азамат болуын тілейді және үміттенеді. Бұл тақырыпта да жазған Ыбырай шығармалары бар. Мысалы: «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Таза бұлақ», т.б. Әр әңгімесінде тәрбиенің ізі жатыр. Оны түсініп оқыған адам ғана ұлы ұстаздың шебер тәрбиеші екеніне көзі жетеді. Әңгіме-оқиғаны баяндауға негізделген қара сөзбен жазылған көркем шығарма. Әңгімеде бас – аяғы жинақы, тиянақты бір оқиға айтылады. Егер мектепте Ыбырай Алтынсаринның шығармаларын толыққанды оқытса, онда жеке тұлға бойында

адамгершілік-имандылық қасиеттері арта түсер еді, өйткені бүгінгі қоғамға өз-өзіне талап қоя алатын, адамгершілік қасиеттері бойына дарыған, бәсекеге қабілетті тұлға қажет. Кейде сәл нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмеушілік, «аз жұмысты қиынсынып», бойкүйездікке салынушылық өмірде көп кездеседі. Бұл – жақсы әдеттің нысаны емес. Сондықтан балаларды жастайынан-ақ бойкүйездікке, жалқаулыққа қарсы еңбекке тәрбиелеу мәселесіне Ыбырай ерекше көңіл бөлген. Алтынсаринның тәрбие жөніндегі негізгі тақырыбының бірі – талап. Талап етіп талпынбаса, адам баласы ешбір алға баспаған болар еді. «Талапты ерге нұр жауар» – деген халық мақалы да өмір тәжірибесінен туған пікір. Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал деді. Бұл жөнінде де елге үлгі боларлық әңгімелер жазды. Мысалы: «Бақша ағаштары» әңгімесі. Бұл әңгіменің оқушылар үшін де, оқытушылар үшін де үлкен тәрбиелік мәні бар. «Баланы жастан» дегендей, оған жас күнінен түзу тәрбие беру оның болашақ өмірі үшін керек. Есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға түседі. Кейде сол қисаюмен барып, иерт болады. Ыбырайдың бұл әңгімесі қазіргі мектеп балаларын тәрбиелеу үшін де үлгі бола алады. Сонымен қатар махаббат, мейірімділік туралы да әңгімелері бар. Мысалы: «Мейірімді бала», «Шеше мен бала», «Аурудан аяңған күштірек», т.б. Тәрбие мәселесін сөз қылғанда, ерекше тоқтап өтуге керекті мәселенің бірі – Ыбырай еңбектерінде түрлі елдердің мәдениет майданындағы өзара достық қарым-қатынастарды да бейнелеп отырады. Ыбырай балаларға шетелдің адамдарын үлгі етуі – оның жалпы адам баласының достық идеясын аңсағандығын көрсетеді. Ы. Алтынсаринның өзінің ұстаздық қызметіне байланысты қазақ жастарын оқытып тәрбиелеу мәселесін ең негізгі, басты мәселе деп есептеді. Оның шығармаларында көтерілген екінші бір өзекті мәселе: жастарды түрлі жақсы қасиеттерге баулу, жаман қасиеттерден жирендіру мәселесі. Ы. Алтынсарин өз шығармаларында жас өспірімдерді адамгершілік қасиеттерге баулып отыру мектеп пен ата-ананың ортақ міндеті деп дұрыс түсінді. Осы идея Ы. Алтынсарин әңгімелерінің негізгі арқауы. Осындай психологиялық мәнге толы әңгімелердің жас өспірімдер үшін тәрбиелік мәні аса зор. Адам өмірінде әдеттің алатын орны ерекше. Істеген істің, жүріс-тұрыстың яғни өмірдің сан саласының қай-қайсысы да жиі-жиі қайталана келе біртіндеп әдетке айналып отырады. Бірақ әдеттің де әдеті бар.

Адамда жарамды, жақсы әдеттермен қатар, қарамсыз, жаман әдеттер де болады. Мәселен, салақтық – жаман әдет. Одан тәнге де, жанға да рахмет жоқ. Осыдан халықта «Ауру қалса да, әдет қалмайды» деген сөз бар.

Адам тәрбиенің нәтижесі. Ол өмірге пешенесіне не жазылса, сонымен келмейді, оның тағдыры туысынан белгіленбейді. Күн мен Ай бәрімізге ортақ, бәріміз де адамның баласымыз, ешкімді біріннен бірің артықсын деп айыруға болмайды, – дейді Ыбырай атамыз. Ол адам психологиясының қалыптасуындағы саяси-әлеуметтік, қоғамдық-тарихи факторлардың шешуші рөлін жете түсінді. Ы. Алтынсаринның ойынша, адамның сана-сезімін негізінен тәрбие билейді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» болып қалыптасуын материалдық өмір жағдайларымен емес, идеологиялық факторлармен, ағартушылық әрекетпен тәуелді еткісі келеді. Ыбырай жеке адамның даму жолын қоғам дамуымен байланыстырып, оның адам туралы түсінігі жеке адам «барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы» дейтін қағыдаға сәйкес келді. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының бүгінгі күнге дейінгі жеткен тәрбиелік мәнінің мазмұны әлі де қолданыста. Ол ұрпағына қалдырған мұрасы – ұлаңғайыр. Небәрі жарты ғасырға жуық өмір кешкен ұстаздың өңгелі еңбегі жан-жақты зерттеліп, туған халқының керегіне жарауда.

Оның күні бүгінге дейін мектеп оқушыларының әнұраны іспетті «Кел, балалар, оқылық» атты өлеңі неге тұрады?! «Біз болмасақ, Сіз барсыз, үміт еткен достарым», – деп өзі бастаған оқу-ағарту жұмыстарының алуан қырлы асқарлы істерін, бүкіл ұлт болашағын келер ұрпағына үлкен үмітпен жүктеп, келешектен қуаныш күткен ұлы ұстаздың тындырғаны көп болса да, түнек құрсауындағы қалың елінің білім нәрінен жаппай сусындатып, ғылым мен өнер үйренуінен армандауымен кеткен. Ыбырай салған сара жол – бұл күндері қанатын кенге жайған, тамырын тереңге жіберген, экономикасы мен мәдениеті дамыған тәуелсіз Қазақстан Республикасының білім шаңырақтарында жалғасын табуда. Бала жанының зергері Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің бәр-бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұны тартымды, олардың жан дүниесіне әсер етерліктей етіп берілген. Осы әңгімелерді мұғалімдер мен ата-аналар балаларды ұқыптылық пен сабырлылыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу мақсатында пайдалануға болады. Осы орайда Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» деген сөздері Ыбырай атамыздың екі

ғасыр бұрын айтып кеткен даналық сөздерімен сабақтасқандай тәрізді. Қорыта келгенде, Ыбырай Алтынсарин – реалист жазушы, ағартушы педагог, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы, тіл тазалығы үшін күрескер, тұңғыш кеменгер. Көрнекті әдебиетші ғалым Қ. Жұмалиев өзінің «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген ғылыми-зерттеу еңбегінде педагог-жазушыға: XIX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Европа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын-жазушы Ыбырай Алтынсаринның өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор», – деп баға береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан даму институтының Ғылыми кеңесі ұсынған: «Дала Даналары» 2001ж Алматы.

2 Шеген Ахметов: «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы» Арман баспасы 2004ж.

3 Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Б. Тоғысбаев, А. Сужикова. Алматы. «Алматы кітап» баспасы, 2009ж.

4 Ә.Ы. Дербісәлин. «Ыбырай Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы» Алматы 1965ж.

5 Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр – 1914 жыл). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. З.Е. Қабылдинов, А.Т. Қайыпбаева. Алматы «Атамұра» 2008ж.

6 Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509-бет.

АНТРОПОНИМЖАСАМДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ КЕҢІСТІК

ТЕМЕРХАНОВА Б. Қ.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Антропонимика – тіл тарихын, ұлт мәдениетін зерттеуде құнды да бағалы мұра. Антропонимдер жүйесі адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Олардың кейбір топтары қазақтың ертедегі тіршілік, іс-әрекетінен және шаруашылық

күйінен мағлұмат береді. Мәселен, төрт түлік малға, шаруашылық, тұрмыстық сөздерге байланысты есімдер.

Қазақ антропонимдерінің қалыптасқан өзіндік жүйе-құрылымы бар және олар үлкен қорды құрайды. Осы қордың уақыт өткен сайын молая түсуіне антропонимдік сөзжасам саласының орны зор.

Антропонимдік сөзжасам кісі есімдері жасалуының жалпы мәселелерін зерттейді. Аталмыш жасалымдар тілдің өзіне тән заңдылықтары аясында дами келе, түрлі факторлардың негізінде дербес жүйе ретінде қалыптасты.

Қазақ тіліндегі антропонимдерді тарихи-этномәдени, әлеуметтік тұрғыдан анықтап, зерттеу олардың тамырының көне түркі (қыпшақ) кезеңімен сабақтасып қана қоймай, түркі тілдерінің басқа халықтарымен мәдени-тарихи байланысын, қарым-қатынасын да деректейді. Сондықтан белгілі ономаст-ғалым В. А. Никонов антропонимика саласының негізгі міндеттерін кезінде былай деп анықтаған: «Антропонимия может служить драгоценным источником, помогая выяснить былой этнический состав и миграции населения в прошлом, датировать, локализовать письменные памятники и т.д... Антропонимика образует в языке особую подсистему, разобраться в которой бессильны методы только лингвистики без неразрывного единства с этнографией, историей, социологией, правом» [1, 56 б.].

Қазақ тіл білімдегі ономастика, антропонимика саласын қалыптастырушы ғалым Т. Жанұзақовтың антропонимдердің қалыптасуын, даму кезеңдерін басқаша жіктегенін байқаймыз. Атап айтқанда: 1) Ескі түркі кезең (V-Xғғ.) пұтқа табынуға байланысты жалқы есімдер. 2) Ортағасырлық кезең (X-XVIIғғ.) – туыстық атаулар, тайпа, ру атауларымен, жануар мен өсімдіктер, астрономиялық атаулар, қымбат тастар мен материалдық мәдениет пен тұрмыс, әлеуметтік-саяси терминдермен байланысты. 3) XVII – XIXғғ. Кезең – негізінен аппелятивтік лексикамен байланысты қалыптасқан жаңа атаулар: Жібек, Баршын, Қамқа, Шекер, Алау т.б. 4) Кеңес кезеңі – жаңа дәуірге сәйкес жаңа ұғымдармен байланысты есімдер көріп отырғанымыздай, бұл зерттеудің нәтижесі, тілдік деректердің мазмұны нақтылығымен дәйектелген [2, 15-24 б.].

Филология ғылымдарының докторы, профессор А. Қ. Тұрышев: «Адамға ат өмірінде бір-ақ рет беріледі. Ат бүкіл қазақ халқының ұлттық ерекшелігін, таным-түсінігін, ой-арманын ап-айқын көрсетіп тұруы керек. Сондықтан да ат қойғанда өте жауапкершілікпен қараған жөн» деп көрсетеді [3].

Ғалым Б.Әбдуәлиұлының «Қазақ антропонимжасамы» (2012) атты зерттеу еңбегінде адам мен есімнің арақатынасын негізге ала отырып, кісі аттарының жасалуына тән белгілер антропонимжасам терминінің аясына топтастырылады және сөзжасамның дербес саласы ретінде қарастырылады. Антропонимжасамның дыбыстық тұлға, мағыналық болмыс, танымдық кеңістік секілді негізгі үш бағыты кешенді түрде тілдік және тілден тыс факторлар бойынша сараланып беріледі. [4, 24 б.].

Біз де ғалымның осы пікірін қуаттап, кісі есімдерінің жасалуында дыбыстық тұлға, мағыналық болмыс болатынын және олар халық танымымен тығыз байланыста екенін дәйектеп кеткіміз келеді.

Енді Мәшһүр Жүсіп «Шежіресінде» [5] кездесетін кісі есімдерінің сөзжасамдық ерекшеліктеріне назар аударайық. Олар әр түрлі сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған.

Олардың негізгілері мыналар:

1 Синтетикалық сөзжасам тәсілі арқылы жасалған кісі есімдері:

- ш тұлғасы арқылы жасалған кісі есімдері: Мапаш;
- н тұлғасы арқылы жасалған кісі есімдері: Ботан;
- лы, -лі тұлғасы арқылы жасалған кісі есімдері: Тілеулі;
- й, -ай, -ей тұлғасы арқылы жасалған кісі есімдері: Бөтей, Болай;
- дық, дік, тық, -тік тұлғасы арқылы жасалған кісі есімдері:

Орындық, Ырыстық;

-шак тұлғасы арқылы жасалған кісі есімдері: Құлыншак, Тобышак,

-ым, -ім, -м тұлғасы арқылы жасалған кісі есімдері: Санам, Қызылым, Назым.

2 Аналитикалық сөзжасам тәсілі арқылы жасалған кісі есімдері:

Бұл тәсіл арқылы жасалған кісі есімдерді жасалу үлгісіне қарай бірнеше модельге бөліп көрсетуге болады:

1 Бике тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Жолбике, Байбике, Қызданбике, Айбике, Нұрбике, Ырысбике, Жанымбике, Ханымбике, Қоңырбике, Дәулетбике, Оразбике, Елеңбике, Тілеубике, Ақбике, Мендібике;

2 Кемпіртұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Құбакемпір, Қаракемпір;

3 Қатын тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Елтиқатын;

4 Жантұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Тоғжан,

5 Бибітұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Бибіхажар, Бибісара;

6 Ай тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Айкүміс, Айдай, Айтолы, Айғаным,

7 Ақ тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Ақтоқты, Аққозы, Аққоян, Аққу, Ақпейіш, Ақене.

Кісі есімін жасаудың мұндай модельдері тек Мәшһүр Жүсіп еңбегіне ғана тән емес. Осы модельдегі кісі есімдері қазақ тіліндегі есімдердің жасалуының негізгі сипатын айқындай алады деп есептеуге болады.

Сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалғандықтан мұндай кісі есімдерінің сөзжасамдық мағынасы болатыны айқын. Бұл сөзжасамдық мағыналар себепші негіздердің мағынасы арқылы жасалғандықтан, екіншілік мағына деп танылады. Соңғы кездерде сөзжасамға қатысты жазылған еңбектерде бұл термин белсенді қолдануда.

Кісі есімдерінің көпшілігі қазіргі таңдағы қолданысында туынды сөздер ретінде қалыптасқан. Олардың барлығының жасалуының өзіндік уәжі мен дүниетанымдық сипаты бар. Шежірелерде ішінара болса да кісі есімдерінің қойылу себебі мен танымдық ерекшеліктері көрсетіліп отырылады. Мұндай деректер, әсіресе, М. Ж. Көпеев шежіресінде молырақ кездеседі. Кісі есімдерінің қойылу ерекшелігінде кездейсоқ қойылатын аттар да, ырымдап қойылатын аттар да кездесіп отырады. Көбінесе ол ер адамдардың есімдеріне байланысты. Мысалы, шежіреден Жампоз деген есімді кездестірдік.

Жампоз 1. Нар мен айыр түйенің будандасуынан туған асыл тұқымды түйе. Айырдан туган жамбоз бар; 2. ауыс. Жігіттің төресі, асылы. Не бір жайсаң мен жампоздар (Б. Аманшин) [ҚТС, 204]; Жамбоз (Гур., Маңғ.) Айыр түйе мен лөктен туған түйе тұқымы. Айырдан туган Жамбоз бар, Нарға жүгін салғысыз. Жаманнан туған жақсы бар, Адам айтса нанғысыз; Жампоз (Орал, Чап.) өткір, алғыр, пысық адам. Ой, Бөкең деген жампоз адам ғой (Х. Есенжанов) [ҚТДС, 1999, 14-15]. Жанпоз (Ақтөбе., Маң.) Кердерінің бір түрі. Арғымақтан туған қазанат, Шабуыл салса нанғысыз... Айырдан туган жанпоз бар. Нарға жүгін салғысыз (Махамбет) [ҚТДС, 1969, 109]. Жанпозы (Жамб., Шу) өткір, алғыр, пысық. Ахмет жанпозы жігіт еді [ҚТДС, 1969, 109]. Келтірілген деректерден қарастырылып отырған жампоз сөзінің қазақ тілінде жамбоз, жанбоз, жанпоз, жанпозы сияқты бірнеше дыбыстық вариантта

қолданылатынын көреміз. Бірақ бұдан олардың мағынасы еш құбылмайды. Бұл тіл деректеріне қатысты тағы бір көңіл аударатын нәрсе: қазақ тіліндегі жамбоз – жампоз – жанпоз және қырғыздарда қолданылатын жампоз ~ жамбоз формаларының мағыналары өзара сәйкес келмейді. Алдыңғы қазақ тіліндегілер, мысалы, түйе тұқымына қатысты ұғымды білдірсе, кейінгі қырғыздар айтатын жампоз есімі – бүркіттің бір түрінің атауы да, ал ондағы жамбоз лексемасы өз алдына дербес жеке сөз ретінде қолданылмайды: үнемі өзімен синонимдес қойбоз тұлғасымен қосақтаса жұмсалады. Бұл қойбоз-жамбоз қос сөзінің бірінші қойбоз сыңары да солай жамбоз компоненті сияқты жеке қолданылмайды.

Жампоз ~ жанпоз ~ жамбоз ~ жанбоз лексемасының енді морфологиялық (құрылымдық) табиғатына келетін болсақ: оның қырғыз тілінде қойбоз сөзімен құрамдасып, яғни оны жетегіне алып қос сөз жасасуына қарағанда, қарастырылып отырған форманы бір жай түбір емес, композита бітіміндегі күрделі жасалым ретінде сипаттауға, бұдан да гөрі таратыңқырай айтсақ: жеке-жеке ирандық жам және түріктік поз (боз) деген екі бөлек сөзге мүшелуге болады. Олар арнайы әдебиетте былай сипатталады: п. чаша, зеркало; титул, данный царям могущественным, а в особенности Соломону, Алекс В. и царю персид. Джемшиду; составлено из слов «великий царь» и «солнце»; он получил это название по причине необыкновенной красоты. Слово это произносят так же джами-шид и дают ему значение «чаши» или «зеркала солнца» [БСЛ, 1, 440]; тур., баш. 1) серый, беловатый, бледный, белый; сивый (масть), рыжий, жаворонок, молодежь, молодой человек (до 30 лет); 2) дж. корень инбир; 3) дж. яма, ров...; 4) кир. ковыль...; 5) дж. боз = миткаль (БСЛ, 1, 279). Бұл бесеуінің ішінен біз қарастырып отырған мәселеге қатыстысы – екінші «корень» (яғни «тек, тұқым») мағынасы. Ал жампоз//жамбоз композитасының басқы жам бөлігі – жоғарыда келтірілген иран тілдерінің дерегі бойынша ертеде «феодалдық және буржуазиялық қоғамда» аса күдіретті, ұлы патшаларға бірілетін «титул» (күрметті атак, лауазым) мағынасындағы сөз болған. Демек, қазақ, қырғыз тағы кейбір түрік тілдерінде кездесетін жампоз//жамбоз композитасын шамамен «асыл тек», «асылзада», «бекзат», «бекзада», «ақсүйек» сияқты мазмұнда сипаттауға болады деп ойлаймыз.

Жоғарыда келтірілген мысалдан көріп тұрғанымыздай халық пен қоғамның мәдени және әлеуметтік өмірі тарихи жалқы есімдер жүйесінде де бейнеленеді. Мәдени, рухани және идеологиялық көзқарастардың алмасуы ұлттық есімтанудағы жалқы есімдердің

белгілі бір типтерінің ауысуына ықпал етеді әрі соның себебі де болып табылады. Мәдениет диахрониялық тұрғыдан болады, ол синхрондық кеспе тұрғысынан алғанда түрлі уақыттың көп қабатты жасалуын білдіреді. Оның қабаттары немесе қатпарлары тарих, архиология, тіл білімі, этнография т.б. ғылыми пәндерге, түрлі әдістер мен тәсілдерге бөлінеді. Ономастикада сондай-ақ хронологиялық жағынан этностың рухани және мәдени тарихындағы түрлі кезеңдерінен бастау алып дамитын түрлі мәдени кезеңдерге бөліп көрсетуге болады.

Жалқы есімдердің ономастикалық (онимиялық) бірліктерінің түрлі типтері мен категорияларының мәдениетпен байланысы және өзара әрекеті әр түрлі болып келеді, бірақ міндетті түрде онда өзіміз байқағандай диахрониялық (хронологиялық) аспект болады.

Әр халықтың өзіндік қайталанбас ерекшеліктері, яғни ұлттық, этникалық реңк өзгешіліктері болатындығы белгілі. Ұлттық есімдер ұлттық мәдениет ерекшеліктерін білдіреді, мұндағы бір есімдерде ұлттық-тарихи болмысы айқын көрінсе, ал басқаларында оның қарқыны нашар болады, алайда оны жасаған немесе қолданушы халықтың мәдениетімен байланысы жоқ есімі табыла қоймайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Никанов В.А. Имя и общество. М: Наука, 1974 с 562.
- 2 Джанузаков Т.Дж. Основные проблемы ономастики казахского языка: Автореф.дисс.доктора филол.наук. Алма-Ата. 1976. 15-24 с.
- 3 Құндылықтардың құнсыздануы немесе ат қоя білеміз бе? «Ертіс дидары» № 6 (158) 2015 жыл, 30 шілде
- 4 Әбдуәлиұлы Б. Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері. –Астана: «Астана полиграфия», 2012. -320 б.
- 5 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 10 том. – Павлодар: «ЭКО», 2007. – 445 б.

СӨЗ ТІРКЕСТЕРІН ОҚИТУДА ДАМЫТА ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

ТЕМЕРХАНОВА Б. Қ.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
КӘРІПЖАНОВА А. О.
қауымд. профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жаңа технологиялар ішінде дамыта оқыту теориясын ерекше атауға болады. Дамыта оқыту теориясы өз бастауын И. Г. Песталоцци, А. Дистервег, К. Д. Ушинский, Ы. Алтынсарин еңбектерінен алады. Ал дамыта оқыту процесінің ғылыми негіздемесі Л. С. Выготский есімімен байланысты қалыптасты.

Дамыта оқыту технологиясының негізінде теориялық білім басты орында болуы керек деген болжам жатыр. Оқушының зиятын қалыптастыруда теориялық білім мен соны оқыту барысында мазмұндық топтастыру жасай алу қабілетін дамыту үлкен орынға ие бола алады. Яғни, оқушының оқу процесі, дәстүрлі оқытудағы эмпирикалық – индуктивтік типтен қызығушылығын дамытып отыратын теориялық- дедуктивтік типке қарай өседі. Олай болу үшін, осы мақсатқа сәйкестендіріліп арнайы жасалған білім мазмұны болуы керек және ол білім мазмұны оқытуды дәстүрліден тыс арнайы әдістер арқылы ұйымдастырылуы керек. Соның негізінде ғана оқушылардың теориялық ойлауы дамиды. Осылай ұйымдастырылған оқыту процесі арқылы оқушыларға тек жалаң білім мазмұны хабарланбайды, оның есесіне, оқушылардың мазмұндық топтастырулар жасау қабілетін дамытатын әдістер арнайы жүйеленеді.

Осы тұрғыда ғалым Н. Ж. Құрманованың пікіріне назар аударсақ: «Дамыта оқыту технологиясында оқушыға жаңа ғылыми ұғымды меңгерту мынадай кезеңдерге бөлінеді: 1) мұғалім жаңа лингвистикалық жағдайлар жасап, соны таныстырады, соған бағытталған міндеттерді шешу керектігін белгілейді; 2) берілген лингвистикалық материалға түрліше өзгерту, өңдеу жасалады, соның негізінде оқушы осы лингвистикалық материалдың бойындағы маңызды, негізгі белгілерді анықтайды; 3) танылған жаңа байланыстар мен қатынастарды ерекше таңбалармен (алдын ала келісілген таңбамен) модельдейді; 4) алдыңғы кезекте алға қойылған міндетті шешуге қажетті болып тұрған негізгі байланыстар мен қатынастарға жалпы сипаттама беріп, олардың қандай заңдылықтарға бағынатынын анықтайды» [1, б б.].

В. В. Давыдовтың айтуынша, дамыта оқыту технологиясы оқушының ақыл-ойын дамытуда жайлы мүмкіндіктерді мол-мол танып танытып береді [2].

В. В. Давыдовтың айтуынша теориялық ойлау екі негізгі формада жүзеге асырылады: 1) нақты фактілік материалдар және оларды топтастыру негізінде танылып отырған нәрсенің түпкі мәнін және оның «клеткасы» туралы ұғым түрінде белгілейтін мазмұндық, реалды абстракция жасалып шығады; 2) одан кейін сол «клеткадағы» қарама-қайшылықты ашу арқылы және оның практикалық шешімін анықтау тәсілін табу арқылы абстрактылық түпкі мән мен дамушы тұтастықтың түрлі қырларының бірлігіне деген жарылмаған бүтін, жалпы қатынастан енді нақтылыққа қарай өту жолы басталады [3, 72 б.].

Біз аталмыш технологияны сөз тіркесін оқытуда қолдандық және орта және жоғары сынып оқушыларының танымдық қызмет белсенділігі олардың теориялық ойлау әдістерін меңгеруге қабілетті екенін және сол әдістерді игеруді олардың даму ерекшеліктері қажет ететінін зерттеген ғалымдардың пікірін негізге алдық [4]. Сөз тіркесін берілетін теориялық білім ерекшеліктері: сөз тіркесін дамыта оқыту арқылы оқытудағы дамытушылық сипаты сөз тіркесінің лингвистикалық негізін жаңаша сипаттап, сөз тіркесінің модельдер жүйесін жасаумен танылады.

Дамыта оқыту технологиясының концепцияларына сай, білім беру барысындағы оқушылардың даму мазмұны, мүмкіндіктері және даму қарқындары олардың оқу іс-әрекеттеріне байланысты анықталады. Өйткені дамыта оқыту процесінде оқушы өзін мұғалім дамытуға міндетті және солай болуы тиіс объект ретінде емес, өзін-өзі дамытуға, өзгертуге қатысатын субъект ретінде орын алады. Оқушының өзінің оқу процесіндегі белсенді субъект ретінде қатысуы ғана дамыта оқыту технологиясын басқа технологиядан басты белгі ретінде ажыратып тұрады. Оқушының өзін өзгертіп, дамуына өзінің ниет қоюы мектеп жасындағы баланың дамуының негізгі мазмұнын білдіреді. Оқушының даму белсенділігін теориялық білім мазмұны арқылы ұйымдастыру, сол мақсатқа оқушымен бірлесе отырып бет алу – дамыта оқыту технологиясының мазмұнын құрайды. Ал оқушы өзінің алдына қойылған міндеттерді шешудің жолын, әдісі, амалын мұғалімнен күтіп отырмай, өз бетімен орындауға қабілеті барын көрсетуі, соны дамытуы керек.

Дамыта оқытуда оқушыға алға қойылған міндеттерді шешудің жалпы принциптері үйретіледі. Жалпы принциптерді оқушы

өзіне тек қана оқып-үйреніп отырған синтаксистік құбылыстың бойындағы сол құбылысты бар қылып тұрған, сол құбылыстың қызмет етуіне мүмкіндік жасап тұрған, сол құбылыстың даму, өзгеруін мүмкін ететін потенциалды мүмкіншіліктерін танытатын қасиеттер мен байланыстарды, қатынастарды саналы түрде ұққанда ғана аша алады.

7-10 сыныптарда сөз тіркесін дамыта оқыту технологиясындағы сөз тіркесінен берілетін білім мазмұнын іріктеуде бұл сынып оқушыларының орфографиялық машық-дағдылары белгілі бір дәрежеде қалыптасқаны назарда ұсталынады. Сондықтан да орфографиялық принциптер бұл сынып оқушылары үшін ғылыми жаңа мәлімет болуы көрінбеуі ықтимал. Осындай мәселе біздің алдымызға 7-10 сынып оқушылары үшін сөз тіркесін дамыта оқытуда негізгі теориялық тірек іздеу керектігін танытты. Ондай теориялық тірек ретінде біз мынадай жолды таңдадық:

– сөз тіркесін оқытуда логика элементтерін қолдану және оқушыларға логика элементтерін тілмен байланыстыра отырып меңгерту;

– сөз тіркесін лексикамен, морфологиямен байланыстыра оқыту;

– жаңа синтаксистік ұғымдардың енгізілуі;

– қазақ тілінің жүйелі ғылыми курсы салалы фонетика, лексика, морфологияның синтаксистік негізде оқытылуы;

– сөздің синтаксистік қызметіне сөз тіркесін құруға қатысуын да енгізу;

– сөйлем құрылуындағы сөзбен қатар сөз тіркесінің қызметін де алдыңғы қатарға шығару;

– сөз тіркесі мен сөйлем (жай сөйлем, құрмалас сөйлем) жасалуындағы синтаксистік байланыстар мен синтаксистік қатынастар табиғатына терең синтаксистік талдаулар жасату;

- сөз тіркесінің мәтін құраушылық қызметіне байланысты ұғымдар жүйесін енгізу.

Жаңа ғылыми ұғымдарды сөз тіркесін оқытумен байланысты енгізудің өзінде оқушының белгілі бір дәрежедегі даярлығы болуы керектігі естен шығарылмайды. Жаңа лингвистикалық ұғымдар енгізілгенде, оқушының олармен қалай танысатыны, қандай оқу мақсаттарын қоятыны, қандай міндеттерді шешу арқылы жаңа мазмұндық топтастырулар жасауға жете алатыны анықталады. Мұндай мәселе оқушыны орындайтын оқу әрекеттерінің барынша нақтылауын, жүйеленуін міндеттейді. Оқушы теориялық ұғымды анықтауға, талдауға кіріспес бұрын, мұғалім негізгі танытатын

объект – сөз тіркесінің табиғаты туралы білім мазмұнын есіне түсіріп, оқушының сөз тіркесі туралы білетін білімдік мазмұнын жаңа аспектіден қарауына басшылық етіп, өз ойында ол білімін жүйелеп алуына көмектеседі. Осы ретте оқушының теориялық ойлауын дамыту мақсатымен бірге оқушының тілін дамыту мақсаты да бірігіп, сөз тіркесін дамыта оқыту технологиясының толыққандығы айқындала бастайды. Яғни оқушының теориялық ойлауын дамыту міндеті оқушының тілін дамыту міндетімен біріктіріліп, оқушының жан-жақты дамуына жаңа, үлкен арна жасалады. Бұл жерде сөз тіркесінің өзі тектес басқа тіркес түрлерімен салыстыруы, құрмалас сөйлеммен салыстыруы, сөйлем мүшелері мен сөз тіркесінің байланыстығы, текст туралы ұғымдар берілуі туралы айтып отырмыз. Бұл жұмыстардың барлығы, түптеп келгенде, негізгі объект – сөз тіркесі синтаксисінің табиғатын неғұрлым терең, неғұрлым айқын таныту мақсатына қарай бағытталады.

Сөз тіркесін тілдің барлық ішкі жүйелерімен (фонетика, лексика, морфология, сөйлем, мәтін) байланыстыра оқыту арқылы, пунктуациялық, орфоэпиялық талдаулар жасату арқылы оқушыда сөз тіркесінің жүйелік-құрылымдық табиғатына мазмұндық талдау жасау дағдыларын қалыптастыруға болады. Сөз тіркесін дамыта оқыту технологиясының эмпирикалық деңгейіндегі оқушылар орындайтын ақыл-ой қызметіне назар аударсақ, ол келесідей тізбекті қамтиды: талдау – жинақтау – ұғымдық топтастырулар – байымдау – ой қорытулар.

Осы тізбек бойынша сөздердің синтаксистік байланыстары мен синтаксистік қатынастары табиғаты қайтадан, бірақ неғұрлым тереңдетіле жүргізіледі. Сөз тіркесінің табиғатын терең тану үшін оқушыларға ізденімдік-зерттеушілік мақсатқа орай іріктелген теориялық әдістер үйретіледі. Сөз тіркесін модельдеу, сөз тіркесінің ішкі табиғатындағы түрліше функциялық-стилистикалық қызметін таныту бағытындағы жұмыстар жүргізіледі. Сөз тіркесінің заттық – материалдық болмысын танытқаннан кейін, қажетті ой операциялары орнатылады. Теориялық деңгейде сөз тіркесінің меңгертілуі - осы тіл бірлігі туралы білім мазмұнының шын мәніндегі өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталғандығын көрсететін процесс. Бұл кезеңде сөз тіркесін блоктарға бөліп оқытудың маңызы зор.

1-блок - Синтагма туралы түсінік. Тіркесім. Тіркесімдік қабілет. Сөздердің лексикалық және синтаксистік тіркесімділігі. Сөз тіркесі - ерекше тілдік таңба. Сөз тіркесі және тіркес түрлері.

Сөз таптары және сөз таптарының тіркесімділігі, сөз таптарының валенттілігі. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері. Сөз тіркесінің байланысу түрлері. Сөз тіркесінің типтері. Сөздердің салаласа және сабақтаса байланысу ерекшеліктері. Предикаттық сөз тіркесінің ерекшеліктері. Сөз тіркесі және сөйлем. Сабақтаса байланысқан сөз тіркесі модельдері. Есімді және етістікті сөз тіркестері. Анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері. Сөз тіркесі синонимиясы. Сөз бен ұғым.

2-блок. Сөз тіркесі синтаксисі. Сөз тіркесінің құрылымдық түрлері. Жай сөз тіркесінің күрделену барысы. Сөз тіркесі мен құрмалас сөйлем: ортақ қасиеттері мен ерекшеліктері. Жай және күрделі сөз тіркесінің ішкі синтаксистік заңдылықтары. Матаса байланысқан сөз тіркесі. Меңгеріле байланысқан есімді және етістікті сөз тіркесі. Қабыса байланысқан есімді және етістікті сөз тіркесі. Жанаса байланысқан сөз тіркестері. Қиыса байланысу мен сөйлем мүшелері: синтаксистік ерекшеліктері. Шылаулы сөз тіркестері. Сөз тіркесінің синонимиясы. Сөз тіркесі мен синтагмалық мүшелену.

3-блок. Сөз тіркесі модельдеріндегі басыңқы және бағыныңқы мүшелерінің өзара мағыналық құрылымдық байланысуы: лексикалық және грамматикалық семантикалық талдау. Сөз тіркесі моделі және синтаксистік семантика мәселелері. Сөз тіркесінің психолингвистикалық ерекшеліктері. Сөз тіркесі мен сөйлем мүшелерінің байланысы: жалпы және қазақ тілі білімі өкілдерінің пікірлері. Сөз тіркесі және сөйлем. Сөз тіркесі және мәтін. Сөз тіркесі және орфография мен орфоэпия мәселелері.

Сөз тіркесін теориялық деңгейде оқыту мазмұнына көрсетілген тақырыптарды ала отырып, көздеген мақсатқа жету жолдары айқындалады және нақты лингвистикалық материал лингводидактикалық тұрғыдан сипатталады. Көрініп отырғанындай, бұл кезеңде оқушылар меңгеруі тиіс теориялық ұғымдар жүйесі күрделене түседі. Индукция мен дедукция әдістері мейлінше жиі қолданылуы қажет болатын тақырыптар белгіленіп берілді. Талдау мен жинақтауды қолданудың да сөз тіркесі туралы топтастырылған күрделі ұғымдар жасауға қажеттілігі анықталады. Бұл деңгейде берілетін теориялық білім мазмұны жалаң болмауы үшін, оқушылардың оқу әрекеттерінде сөз тіркесін тілдік таңба ретінде жүйелі талдау жұмысы жолға қойылады.

Көрсетілген үш топтаманың әрқайсысына кіріспе жасарда талдау принциптері туралы, осы топтама аяқталған соң қандай теориялық байымдаулар жасалу қажет екендігі мұғалімде алдын ала

белгіленеді. Үш топтамада оқушының сөз тіркесі туралы алдыңғы сыныптардағы білімдері жаңғырытылып, бірақ тереңдетіліп оқылатын тақырыптар берілді. Оқушылар меңгеруі тиіс ұғымдар жүйесі жасалынды: синтагма, тіркесім, тіркесімділік қабілет, тіркесімділік талғам, тілдік таңба, тіркес түрлері, еркін тіркес, тұрақты тіркес, аналитикалық формант, күрделі сөз, шылаулы тіркес, сөз таптарының тіркесімі, валенттілік, орын тәртібі арқылы байланысу, жалғау арқылы байланысу, интонация арқылы байланысу, шылау арқылы байланысу, қиысу, меңгеру, матасу, жанасу, қабысу, есімді тіркес, етістікті тіркес, сөздердің салаласа байланысуы, сабақтаса байланысуы, басыңқы мүше, бағыныңқы мүше, компоненттік талдау, контаминация, предикат, предикаттық тіркес, жай сөз тіркесі, күрделі сөз тіркесі, анықтауыштық мағына, тоықтауыштық мағына, пысықтауыштық мағына, тілдік жүйе, жүйелік-құрылымдылық талдау, модель, синтагмалық мүшелу, лексикалық тіркесім, синтаксистік тіркесім, синтаксистік семантика, синтаксистік синонимдер, рефлексиялық талдау, мәтін құрылымы, орфография және орфоэпия, тіл нормасы, тіл мәдениеті, шешендік сөз, ұғым, топтастырылған ұғым, теориялық ұғым, байымдау, ой қорыту, тіл, сөйлеу, ойлау механизмдері.

Бұл жерде әрбір жасалатын қадамның орындайтын міндеті көзделіп отырған мақсатқа лайықталып белгіленді. Мақсатымыз-оқушының сөз тіркесінің сыртқы көрініп тұрған белгілерін танумен шектелмей, сөз тіркесінің ішкі күйін, ішкі мазмұнын, тұтас тіл жүйесіндегі басты қызметін, функциясын тіл жүйесін құраушы басқа кіші жүйелермен тығыз байланыста тани алу сатысына өтуі болып қойылды. Сөз тіркесінің лингвистикалық, психолингвистикалық, сөздердің лексикалық және синтаксистік тіркесім ерекшеліктерін оқытуда сөздің жасалуы мен сөз тіркесінің туындауындағы, сөйлем мен сөйлеу (речь) туындағы ішкі тілдік механизмдердің қызметіне лабораториялық тұрғыдан назар салуға машықтандыру міндеті қойылды. Мұндай терең әрі нәзік талдаулар жасату барысында оқушылардың бақылау, салыстыру, эксперимент жасау, нәтижелерін топтастыру сияқты теориялық әдістерді қолдану дағдылары қалыптасады, дамиды. Ал осындай терең талдаулар жасату мүмкіндіктері тек теориялық деңгейде оқыту процесін ұйымдастыру арқылы ғана анықталып, жүзеге асырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құрманова Н.Ж. Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы. Монография. - Астана: Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту республикалық орталығы, 2007. - 160 б.
- 2 Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. – Москва, 1996.
- 3 Давыдов В.В. Виды обобщения в обучении. – Москва: Педагогика, 1972, с.315
- 4 Давыдов В.В., Эльконин Д.Б. Некоторые психологические проблемы построения учебных программ. Тезисы докладов на II съезде Общества психологов. Вып.5. – М.: АПН РСФСР, 1963.

«МӘТІН» ЖӘНЕ «КӨРКЕМ МӘТІН» ҰҒЫМДАРЫН СИПАТТАУ

ТЕМИРЖАНОВА А. Ж.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АХМЕТБЕКОВА А. М.

PhD докторы, қауымд. профессоры, С. Торайғыров атындағы ПМУ,
Павлодар қ.

Қазіргі лингвистикада мәтін ұғымы жиі қолданылатын ғана болмай, бір мағыналы емес болып табылады. Мәтіннің толық және объективтілігіне талап еткен көптеген анықтамалары осы көріністі жан – жақты қамти алмайды. Мәтін ірі ауқымды нысаны құрастыру ретінде сөйлемдерге қарағанда ірірек бірліктерді құрайды. Демек, мәтін сияқты үлкен нысанды зерттеу кезінде осы нысандардың фактілерін даралауға және сонымен қатар жаһандауды қарастыру қажет емес. Осыдан, фактілердің тек қана рационалды тіркесуі мәтіннің толық сипаттамасын бере алады.

Осы зерттеудің негізгі мақсаты – мәтін және көркем мәтін ұғымдарын түсіндіру, жіберуші мен алушы арасындағы коммуникативті нұсқама болып келеді. Дәл коммуникативті нұсқама құрылымды-семантикалық мәтін ерекшеліктерін анықтайды. Мәтін сөйлеу өнімі ретінде тек жүйелі ғана емес, өзінің мазмұны бойынша прагматикалық болып келеді.

Лингвистикалық терминдер сөздіктері осы ұғымның келесі анықтамаларын береді: «Мәтін (лат. textum – байланыс, қосылыс) – ауызекі сөйлеу шығармасы, жазуда немесе басылымда көшірмелеу [1, 553 б.]». «Мәтін – 1. Ауызекі сөйлеу шығармасы барабар. 2. Жазуда бастырылған ауызекі сөйлеу шығармасы. 3. Корпус

барабар [2, 470 б.]. «Мәтін – тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланысы негізінде түзілген жүйелі тізбесі. Мәтіннің құрылу шарттары: сыртқы тұлғалық байланыстарға, белгілі бір ішкі мазмұнға ие болуы, аяқталғандығы, қарым-қатынас жасауды іске асыру мүмкіндігіне ие болуы т.б. Мәтін – жазудың шығуымен байланысты қалыптасып, әрі қарай дамып отырған тілдік құрылым. ... [3, 208 б.]» Осыдан, тар түсінікте мәтін – ол, алдымен, жазуда бастырылған және жаңғыртылған ауызекі сөйлеу шығармасы.

Алайда мәтін ұғымын толық И. Р. Гальперин анықтайды, себебі, мәтін жан – жақты ұғым деп санайды және оның онтологиялық және функционалдық белгілерін анықтайтын бастауыш ретінде санайды. Сонымен, мәтін – сөйлем көркемділік процессінің аяқтаушылығы бар шығармасы, жазба құжаты ретінде баяндалған, осы құжатқа сәйкес әдеби өңделген; екі атаудан (тақырыбы) және ерекше бірліктер тізімінен тұратын шығарма, әр түрлі типті лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланыстармен біріктірілген, белгілі мақсаттылық пен прагматикалық нұсқамасы болатын шығармашылық [4, 18 б.].

Анықтамадан көрінетіні И. Р. Гальперин алдыңғы ғалым – тіл мамандары сияқты жазуда бастырылған шығармашылық жазба ретінде баяндалған үрдіске ерекше көңіл бөледі. Осындай аяқталғандық, әдеби абаттық, мақсаттылық және прагматикалық сияқты сипатты қасиеттер мәтінге шындықты тек көрсете қоймай, оны хабарлауға да көмек көрсетеді. Атап өткенде, жазуда бастырылған спонтандық ауызша сөйлеу мәтін болып табылмайды, себебі мәтін дыбыстық емес, графикалық түрде іске асады.

3. Я. Тураева мәтінді ауызша сөйлеумен салыстырып, ауызша сөйлеу сызбаша, себебі ол дыбыстық бейне ретінде екендігін белгілейді. Сонда ауызша сөйлеу қайтарымсыз – шықса, оның белгілі бір үзіндісіне қайта алмайсың. Ал мәтін көп өлшемді, себебі оның әр үзіндісіне қайтадан қайтуға болады. Ауызша сөйлеу – бұл қозғалыс, ал мәтін ежелі табиғатпен сипатталады, қимылсыз күйде, қозғалыс күйде болу қабілеттілігімен. Егер сөйлеу қажеттілігі аталған сөйлемнің дыбысталуы уақытпен шектелсе, ал мәтіннің қолдануы практикалық еш нәрсемен шектелмеген [5, 12 б.]. Осыдан, мәтін екілі табиғаты. ол мәтінді көрсетіп ғана қоймай, оны хабарлайды. Солайша, мәтін – тек ішкі ұйымдасқан жазбаша туынды ғана емес, өзінің мазмұны мен құрылымы бойынша аяқталған жазулы және естілетін сөйлеу. Дәл осы белгілерімен мәтін спонтанды ауызша сөйлеуден ерекшеленеді.

К. А. Филиппов мәтін ұғымының бірнеше мағынасы бар деп есептейді: біріншіден, ол авторлық шығарма немесе құжат, жазуда немесе басылымда жазылған; екіншіден, баспа жиынтығының негізгі бөлігі суретсіз, сызбасыз, сілтемесіз және т.б.; үшіншіден, музыкалық шығармаға сөздер, ноталық мәтін – ноталық жазулардың ішіндегі музыкалық материалдар жұмысы; төртіншіден, типографиялық қаріп; бесіншіден, семиотика мен лингвистикада белгілердің реттілігі, тұтастықты тудыратын және ерекше ғылымның затын құрайтын. Солай, «мәтін» сөзінің белгісіздігі лексикографиялық қайнар көздермен расталады [6, 61 б.].

Мәтін ұғымына әр түрлі көз – қарастардан келу мәтіннің жаңа анықтамаларының пайда болуына әкеледі. Көп жылдар бойы зерттеуге мәлімет болып негізінен бізге жаңа тұжырымдамаларды белгілеуге көмек беретін көркем мәтіндер қызмет етті. Олардың ішінде мәтін ұғымы әр түрлі түсіндіріледі:

1) статикалық көрініс жетекші болатын тұжырымдар. Мәтін – бұл оқырманға тіл тікелей бақылау кезінде берілген жалғыз пішін сияқты жіберушімен жолданатын ақпарат;

2) мәтін іс жүргізушілік тұжырымдамасы, тілдің сөйлеуге тірі қызмет ету қабілеттілігін ескеру;

3) мәтін қайнар көзіне – жеке адам сөйлеу әрекетіне көңіл бөлетін тұжырымдама;

4) мәтінді тіл жүйесінің деңгейі ретінде қарастыратын стратификациондық тұжырымдамалар [5, 13 б.].

Мәтінді көркем шығармашылықтың туындысы ретінде зерттеп, біз мәтін ұғымына өз бағамызды береміз: «Мәтін – стилистикалық тәсілдерден құралған, өзіне белгілі мағына беретін ақпараттық мәлімет». Дәл осындай стилистикалық таңба мәтінге оқырманға автордың не айтқысы келгенін сезінуге көмектесетін көркем бейне ендіреді., Сенсорика бейнеліліктің негізінде болады. Көркем мәтіндер тікелей сезімдік-заттық және ұғымдық-көрнекі шындық түсінігіне және адамның жандық өмірінің ашылуына, тіпті оның ең терең шегіне дейін бағытталған.

Көркем сөздің негізгі мақсаты – тілдік және спецификалық стилистикалық тәсілді қолданып, автордың ойына сәйкес және оқырманның алдында тереңірек ашылуға себеп болу. Көркем мәтін стилі, кейбір кезде поэтикалық тіл болып аталады, ең алдымен бейнелілікпен сипатталады. Әр түрлі тілдік тәсілдермен жаратылатын бейне, сезімталдық шындықты қабылдауды тудырады

және осылайша, қалаған әсерді және айтылғанға реакция жасауға көмек көрсетеді [4, 348 б.].

Мәтін көркем шығармашылықтың туындысы ретінде өзінде объективті әлем мен автордың қиялың үйлестіреді. Көркем мәтін тілі семантиканың бірімәнді еместігімен, түсіндіру көптілігімен сипатталады. Бұл қасиеттер көркем мәтіннің тілдің рәсімдеуімен тығыз байланысты болып, оған қосымша мағыналы сөздік белгілерді қолдану тән. Поэтикалық сөздің бейнелі жарықтығы, алыс көріністердің жақындығы, жаңа ассоциациялық ұғымдардың тууы, түсініксіздік поэтикалықтың зерттеуін ерекше қиын және қызықты істейді. Көркем мәтінде үш маңызды заттың арасында ерекше қатынас туындайды: шың әлемнің, ұғымдар әлемінің және мағына әлемінің.

Парадигматикалық және синтагматикалық қатынас көркем мәтінде белгілі жүйе ретінде қалыптасады. Көркем мәтін синтагматикасы баяндауда көрінеді, яғни бұл сюжеттік кеңістікте эпизодтардың арасындағы қатынас. Көркем мәтін парадигматикасы ассоциативті қатынас ретінде болады. Көркем синтагматикалық мәтін біржола берілген, ал парадигматикалық мәтін болса, керісінше, нашар және шексіз болып келеді [5, 14 б.].

А. Р. Лурия көркем мәтінге ашық мәтін мен ішкі мағына арасындағы конфликт тән екендігін белгілейді, себебі кейде мәтінде белгіленген сыртқы мәселелерден ішкі мағына жасырын тұрады, ол тек оқиғалардан, фактілерден ғана тұрмай, осы оқиғалардың артында тұрған дәлелден, автордың бұл оқиғаға келуге мәжбүрлеген дәлелдерден тұрады. Ал дәлелдер негізінен ойлап табылатындықтан, олар әр түрлі оқырманға әр түрлі көзқарастан көрінеді. Себебі оқырманның да өз көзқарасы бар. Және де ол автордың ойымен сәйкес болуға борышты емес. Сондықтан белгілі бір ойдың туу мүмкіндігі (автор мен оқырманға) өте төмен болып келеді. Осында мәтінде мәселенің басын ашу үшін белсенді саралау - мәтін элементтерін бір - бірімен беттестіру қажет. Сонда хабардың тікелей мағынасы түсіну аз, ол үшін мәтін мен хабардың ішкі мағынасын белгілейтін үрдіс қажет [7, 230 б.].

В. П. Белянин көркем мәтіннің жеті түрін бөліп шығарады:

1) жарық мәтіндер – басты кейіпкер (жазушы) барлық тіршіліктің ішкі құндылығын түсінеді және өзінің ашық түсінігін басқа адамдарға әкеледі;

2) белсенді мәтіндер – белсенді мәтіндердің мазмұны басты кейіпкердің басқа кейіпкерлердің әрекеттеріне қарама – қарсы қоюмен анықталады;

3) жай мәтіндер - жай мәтіндердің семантикасы «мен» және «дұшпан» қарсылығының болуымен анықталады;

4) көңілді мәтіндер – олар жеңіл және бос жазылады және көп мөлшерді оқиғалардың, кейіпкерлердің және әрекеттердің сипатталуымен қаныққан;

5) әдемі мәтіндер – кейіпкерлермен болатын, шынайы емес немесе қайғылы оқиғалардың көптілігі тән;

6) қажыған мәтіндер – мазмұны жағынан осындай мәтіндер алуан түрлі болады, бірақ оның идеялық бағыты бір ойға келеді;

7) күйінішті мәтіндер – осындай мәтіндерде жазушы талай жастық шақтағы орындарға қайтып келеді немесе бақытты балалық шақтың суреттерін сипаттайды [6, 202 б.].

Мәтінді көркем шығармашылықтың туындысы ретінде зерттей отырып, біз көркем мәтін көптеген түсіндірмелер мен семантиканың бірімәнді емес екендігін бақылаймыз және қорытынды жасаймыз. Поэтикалық сөздің бейнелі жарықтығы және жаңа ассоциациялардың тууы көркем мәтінді қызығырақ істейді. Түсіндірулердің көпшілігі ассоциацияларға бағытталған, олар ғаламдық және жиі бола алады. Бірақ, көркем мәтін ассоциацияларының ғаламдығы мен жиілігіне қарамастан, оқырман соңында мәтіннің бір мағынасына келеді. Көркем мәтіннің басқа белгілі жүйелермен салыстырмасы оған тек көркем бейне ғана қосып қоймай, оқырманға оны нақты сезінуге көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Справочник по русскому языку. Словарь лингвистических терминов. М.: ООО «Издательский дом «ОНИКС 21 век»: ООО «Издательство «Мир и Образование», 2003. – 623 с.

2 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. Издание 4-е, стереотипное. М.: КомКнига, 2007. – 576 с.

3 Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 440 б.

4 Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. Изд. 5-е, стереотипное. М.: КомКнига, 2007. – 144 с. (Лингвистическое наследие XX века).

5 Тураева З.Я. Лингвистика текста: (Текст: структура и семантика). Учеб. пособие для студентов пед. ин-тов по спец. № 2103 «Иностр. яз.». М.: Просвещение, 1986. – 127 с.

6 Филиппов К.А. Лингвистика текста: Курс лекций. СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та, 2003. – 336 с.

7 Лурия А.Р. Язык и сознание. – М.: Наука, 1998. – С. 230.

Қ. БІТІБАЕВАНЫҢ ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

ТЕМИРЖАНОВА Ф. Қ.

мұғалім, С. Торайғыров атындағы №22 гимназия мектебі, Екібастұз қ.

Қазіргі таңда мектеп алдындағы ең басты міндет- оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық игіліктер мен адамзаттың мәдени мұраларының сабақтастығын сақтай отырып, оқушылардың шығармашылық қабілетінің қалыптасуына жағдай жасау. Оқушылардың танымдық қабілетін арттыру, оларды білуге ынталандыру, шығармашылыққа ұмтылдыру, іздеу білуге өз ойын дәлелдеуге, тиянақты айтып беруге дағдылану сияқты сапаларды оқушы бойына дарыту-бүгінгі күндегі өзекті мәселенің бірі.

Шығармашылық қабілетті ұштап дамытатын тиімді технологияның бірі-жобалау технологиясы. Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Бұл жобаның тиімділігі-көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске, танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде. Жобалау технологиясында оқушыға жұппен, топпен бірігіп дайындайтын шығармашылық жұмыстарды беруге болады.

«Естігенімді-ұмытамын, көргенімді-есте сақтаймын, өз істегенімді – меңгеремін». Конфуций айтқандай,

Жобалауға қойылатын негізгі талаптар: зерттеу не шығармашылық бағыттағы мәні бар проблемаларды таңдау: теориялық білім мен практикалық іс-әрекет жасау белсенділігін

көрсететін нәтижелер; оқушының іс-әрекеті; жобаның құрылымы; ондағы кезеңдер нәтижелері; зерттеу арқылы іс-әрекет жүйесін көрсету, қателіктен қорықпау, мойындай білу, табандылық мақсатқа жету, нәтиже.

Іздену, зерттеу жұмысын проблема туғызады десек. Проблемаға жауабы дайын емес, беймәлім, шешімін іздейтін, жаңалықты қажат ететін мәселе деп қарау керек. Оқушы оны ізденіп, табуы қажет. Сонда біз оқушыны оқулықтағы біліммен шектемей, қосымшы құжаттарға, ғалымдардың еңбегіне, өз бетімен ізденуге, талпынуға бағыттауымыз керек.

Оқушыны көркем шығарманы оқи отырып, оның негізінде қандай проблема жатқанына, қандай мәселе көтерілгеніне, қандай кезең суреттелгеніне жетелеуге болады. Мысалы: Мұхтар Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» көркем шығарманы күнделікті сабақта талдайды. Бақтығұлдың жанталасқан іс-әрекеті, шығарманың сюжеті бойынша композициялық жоспар, кейіпкерлердің адами қасиеттері: Текіғұл, Бақтығұл, Сәлмен, Жарасбайлардың. Венн диаграммасын толтырады, тағы да басқа әдіс-тәсілдер қолданамыз. Десек те «Қараш-қараш оқиғасындағы» осы әңгіменің өзі проблемаға толы. Оқушыларға мынадай ой тастауға болады:

1 Қалай ойлайсындар, Бақтығұл кім? Ол байлардың құрбаны ма, әлде кек қайтарушы ма?

2 Бақтығұл бейнесінің негізінде жатқан проблема бар ма, бар болса не айтар едің?

3 Бақтығұлдың орнында өзін болсаң қандай әрекетке барар едің?

4 Жарасбайды өлтірген Бақтығұлдың әрекетінде қылмыстық іс бар ма? (пікірталас ұйымдастыруға болады)

5 «Қараш-Қараш оқиғасы» мен Шерхан Мұртазаның «Тұтқын бала» шығармасының байланысын табындар. кейіпкерлер туралы мәлімет іздендер.

6 Бақтығұлдың прототипі-Рысқұлхикаяттың жазылу тарихы, Бақтығұл-Рысқұл, Сейіт-Тұрар туралы мәлімет іздеу, жоба жасау.

7 Тұрар Рысқұлов туралы жазылған көркем шығармалар бар ма?

8 Тұрар Рысқұлов қайраткер ретінде қазақ еліне қандай еңбек сіңірді?

Кейде осындай проблемалық сұрақтарды өздері дайындап, шешімін табуға ізденеді.

Шығармашылық оқушылардың өз беттерімен зерттеу,іздену, қорытынды жасау іс-әрекеттеріне бағыт бере отырып, оларды ғылыми ізденіске жетелейді.

Жоба – бір нәрсенің, жаңа өнімді жасау үшін жасалынған жоспар, мәтін.

Жобаны әзірлеу барысындағы оқушының өзіндік ізденісі мен еңбектенуі аса маңызды. Ғылыми жоба жазу оқушыларды ізденімпаздықпен қатар шығармашылығын, жауапкершілігін арттырады.

Жобалау технологиясына Қ. Бітібаева төмендегіше топтап, анықтама береді.

Таблица 1

1. Зерттеу,іздену жұмыстары	Зерттеудің мақсаты,міндеті, болжам, жаңалық-табыстары, қорытынды.
2. Шығармашылық жұмыстар	Сценарий, макет.
3. Ақпараттық бағыттағы жұмыстар	Ақпарат, құжаттар жинау, презентация т.с.с
4. Модельдеу, яғни конструкциялау	Яғни бір кезеңдегі әдебиеттің дамуын модельдеу, әдеби шығармаларын инценировкалау т.с.с

«Жобалау технологиясы-оқушыларды дербес ізденіске, ғылыми-зерттеу ізденісіне жетелейтін ең тиімді жол.»-деген Қ.Бітібаева.

Модельдеу оқушылардың болжамы,көзге елестетуі, алған білімді бір нәрсеге ұқсатуынан туындайды. (алған білімді модельдей білу,оны мазмұны мен мәніне қарай көз алдыға келтіру, жобасын, сұлбасын,нобайын салу, бейнесін болжау болып табылады)

Жобалау технологиясы бойынша құрастырылған «Жыраулар шығармашылығын қорытындылау сабағының үлгісінен.

1 бағыты бойынша:

а) Мына кестені толтыр.

Таблица 2

Жыраулар	тақырыбы	Толғауларының аты	маңызы

2 «Мені тебіrentкен жырау» тақырыбына модель жасау.

3 Бір жырауды алып, поэтикасына талдау жасау.(интер тактадан көрсетіледі)

үлгі

Таблица 3

Жыраулар	Өміржайлы толғауы	тенеу	эпитет	метафора	Шешендік оралымдар	қорытынды

4 Жыраулар тақырыбына толғау, эссе жазу.

5 Жыраулар поэзиясы. (реферат жазу.мысалы: Бұқар толғауларындағы Абылай бейнесі, тарихи шындық.

6 Жыраулар тілінің сөздігін құрастыру. (топқа бөліп беруге болады.)

Таблица 4 – үлгі:

мақал-мәтел даналық сөздер шешендік сөздер басқа тілдерден енген сөздер тұрақты сөз тіркестері поэтикалық тіл а) тенеу ә) эпитет б)метафора ирония сарказм жырау жиі пайдаланатын сөздер	Оқушы толтырады

7 Жыраулар шығармашылықтарындағы үндестік пен басты ерекшеліктерді тауып, талдау жазу

Таблица 5

жыраулар	үндестік	ерекшелік	Оқушы пікірі

8 Жыраулар туралы мәлімет жинау, хронологиялық кесте толтыру.

9 а) Жырауларша толғасам... шығарма жазу. ә) Болмасаң да ұқсап бақ... өлең құрастыру. б) сөйле жырау.. жыраулар жайлы аңыздарды жинастыру, мәнәрлеп айтып беру. көрініс те көрсетуге болады.

10 ой толғау жазу. Тақырып: «Бір жақсымен дос болсаң...») Шалкиіз)2. Кеңессіз сөз бастама...(Асан қайғы), «Қайран да менің Еділім...(Қазтуған) т.б, өздері қалаған жырауды алуға болады.

Осы тапсырмалардың барлығын да жұппен, топпен бөліп орындауға болады.

Соңында пікіралмасу өткізуге болады.

Пікіралмасу тақырыптары:

1 Жыраулар шығармашылығынан не алдың?

2 Менің сүйікті жырауым (неге ұнады), сайыс өткізуге болады. (толғауларды мәнерлеп жатқа айту).

Осындай шығармашылық бағыттағы тапсырмалар, ең алдымен, оқушылардың тіл байлығын дамытады; екіншіден, тапқырлыққа, шешендікке баулиды; үшіншіден, қабілеті, дарынының дамуына түрткі жасайды; төртіншіден, алған білімді тәжірибеде пайдалануға мүмкіндік туғызады; бесіншіден, өз бетімен ізденіске, өз беттерімен соның негізінде бір «өнім» жасауға жетелейді. Бүгінгі күнде мұғалім өзі білім ала алатын адам қажет болып отырған кезеңде алған білімін түрлі проблемаларды шешуге, келешекте мамандығын тандай отырып таным белсенділігін қалыптастыра алатын тұлға тәрбиелейді.

Жобалау технологиясы бойынша оқушылармен жұмысты ұйымдастыру барысында қазіргі формация мектебінде жұмыс істеп жүрген мұғалімдердің алдында тұрған негізгі проблемалар : оқушыны оқи білуге үйрету, ойлауға, өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау. Ендеше, біздің міндетіміз өзін-өзі қадағалай алатын, іс-әрекетін ретімен орындап, өзін-өзі жетілдіретін шығармашыл, ізденімпаз тұлға қалыптастыру.

«Ұстаздың биігі, ойлана қарасаң, биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді; қол созсаң-қарсы алдында, айналсаң-артында тұрғандай» деп Сократ айтқандай, егеменді еліміздің алдыңғы қатарлы отыз мемлекеттің қатарына қосылу үшін қоғамның барлық саласында түбегейлі өзгерістер болып жатыр.

Бүгін мектеп партасында отырған оқушылар-ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Ендеше, біздің міндетіміз өзін-өзі қадағалай алатын, бәсекелестікке қабілеті мол, іс-әрекетін ретімен орындап, өзін-өзі жетілдіретін шығармашылық бағытта еңбектенетін, ізденімпаз тұлға қалыптастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ тілі мен әдебиеті , №8,, 2013ж, №9. 2014ж
- 2 Қ.Бітібаева.әдебиетті оқыту әдістемесі.-Алматы: Рауан, 2001ж
- 3 Қ. Бітібаева «Абай шығармашылығын оқыту» Алматы «Мектеп» 2006ж

ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ТЕМИРЖАНОВА М.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТҰРЫШЕВ А. Қ

ф.ғ.д., профессор С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ

Орта ғасыр жазба ескерткіштері – түркі халықтарының өткен тарихы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, тұрмыс-тіршілігі, дінінің өткен тарихынан мәлімет алуға мүмкіндік беретін асыл мұрасы. Тілдің уақыт өткен сайын дамуы тамырының тереңдігімен де өлшенеді. Халқымыздың өткен тарихын, тілін, мәдениетін білуде, атап өткеніміздей, бұл мұралардың маңызы өте жоғары. Көне түркі тілінің мұралары жинап бастырылып, транскрипциялары, аудармалары беріліп, сөздіктері жасалынды. Руна, көне ұйғыр, араб жазуларымен берілген ескерткіштердің мәтіндері, транскрипциялары, аудармалары беріліп, сөздіктері қазіргі қазақ тілінде де жарық көрді. Бұл ескерткіштердің тілі жөнінде көптеген ғылыми еңбектер, мақалалар, оқу құралдары жазылып, түркологияда қаншама дүниелердің беті ашылды, ең бастысы, тарихи тұрғыдан зерттеудің негізгі бағыттары айқындалды.

Уақыттың ұлы көшіндегі түркі халықтары осындай тарихи кезеңдерден бүгінгі ұрпаққа мол мәлімет берерліктей жазба ескерткіштер қалдырды. Түркі халықтарының рухани-мәдени, тарихи өмірінде бұл ғасырларда өмір сүрген ақыл-ой мен білімнің алып тұлғалары, көркем сөз зергерлері мен тілші-ғалымдар түркі тіліндегі көркем әдебиеттің шарықтап, өсіп-өркендеуіне мол үлес қосты. Тамыры терең халқымыздың асыл мұраларына биік баға берген Президентіміз Н. Ә. Назарбаев: «...Осынау апайтөс даланы ежелден мекен етіп келе жатқан халқымыздың тарихи тамыры тым тереңде жатыр. Оның өзіндік терең танымы, қалыптасқан халықтық салт-дәстүрі, өркендеген зор мәдениеті бар. Беймәлім

көп көне ғасырлар қойнауына үңілмей-ақ бергі, тарихқа танымал Түрік қағанаты заманынан түйдегімен жеткен тарихи-мәдени жәдігерлердің үлкен шоғырының өзі-ақ әлем алдындағы түрік өркениетін айғақтар төлқұжаты іспеттес. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі», Махмұт Қашқаридің «Түрік сөздігі», Қожа Ахмет Йассауидің «Даналық кітабы», Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» секілді ұлы шығармалары, әлемнің екінші ұстазы атанған Әбунасыр Фарабидің бұған дейінгі біршама игерілген ғажайып мұралары тұғырлы тарихтың, ұлы мәдениеттің, мол біліктің мәңгілік мәуесіндей» – деп, бұл жәдігерліктердің жаңа заманның жеке тұлғасын тәрбиелеуге зор үлес қосатынына назар аударған еді.

Орта ғасырдағы жазба ескерткіштер – сол дәуірдегі этикалық топтардың сөйлеген тілдері туралы ақпараттарды сақтап қалған бірден-бір тілдік материалдар. Сондықтан оларды жан-жақты зерттеудің нәтижесінде қазіргі түркі тілдерін, соның ішіндегі қазақ тілінің де тарихы туралы нақты мәліметтер ала аламыз. Зерттеуімізде осы кезеңді шартты түрде X-XV ғасырлар деп бөліп аламыз. Бұл кезеңнің ескерткіштері сан алуан тақырыпта жазылған. Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер негізінен XI-XVII ғасырлар аралығын қамтиды. Олар жазу үлгісіне қарай бес топқа бөлінеді:

1 Готикалық көне шрифтпен жазылған ескерткіштер (XIII – XIV ғасырлар).

2 Араб әрпімен жазылған мұралар (XI – XIV ғасырлар).

3 Армян жазуымен берілген мұралар (XV – XVI ғасырлар).

4 Орыс әліпбиімен жазылып қалған деректер (XI – XIII ғасырлар).

5 Шығыс Еуропа аймағын мекендейтін кейбір халықтардың тілінде сақталып қалған және сол елдердің өзіндік жазу үлгілерімен берілген сөздер (адам аттары мен жер-су аттары т.б.) [6].

Сонымен қатар ескерткіштер белгілі бір саяси-әкімшілік орталықтарда туып, солардың талап-тілектеріне сай жазылып отырғандықтан, қазақ ғалымдары (Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М.) оларды шартты түрде мынадай топтарға бөліп қарастырады: куман қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер, половец қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер, Орта Азия қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер, Алтын Орда қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер, Мамлюк қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер, Армян колониясының тілінде жазылған ескерткіштер.

Орта ғасырларда жазылған ескерткіштерді зерттеп, құнды пікірлер айтқан ғалымдардың тұжырымдарын басшылыққа алған М. Сабыр мынадай екі үлкен топқа бөліп қарастырады:

Көне қыпшақ ауызекі сөйлеу тілінде жазылған ескерткіштер.

Көне қыпшақ жазба ескерткіштері.

Орта ғасыр жазба ескерткіштерін жазылу мақсатына қарай

1) әдеби-діни ескерткіштер;

2) тілдік-грамматикалық зерттеулер (сөздіктер және т.б.);

3) тарихи кезеңге арналған ескерткіштер (хандар шежіресі, жалпы шежірелер, қолбасшылар мен батырлар, жорықтар туралы және т.б.) деп үш топқа бөліп қарастыру да кездеседі.

Жеке ескерткіштердің тілін арнайы зерттеумен айналысып, монографиялық еңбек жазған ғалымдар көп емес. Ескерткіштер арнайы зерттелмегендіктен, ескерткіштердің тілі жөнінде айтылған пікірлер де сан алуан. Десек те, орта ғасырлық жазба мұралар тарих, әдебиет, тіл, мәдениет, философия т.б. әр саладағы зерттеуші-ғалымдар тарапынан белгілі бір дәрежеде зерттелген. Орта ғасыр кезеңі түркі халықтары үшін өте маңызды әлеуметтік оқиғаларға толы болды. Бұл дәуірдің ең басты ерекшелігі: баршаға ортақ түркі тілінен бөлініп, дербес тілдер қалыптаса бастады. Бұған түркі халықтарының әлеуметтік даму дәрежесі, орналасқан географиялық ортасы, тіл дербестігі, діни нанымдары т.б. қозғаушы күштері себепші болды. Атап айтсақ, дәстүрлі әдеби тілдегі еңбектерге: Рабғузи-дің «Қисасу-л-Ән-бия», Құтыбтың «Құсырау уа Шырын», Рауандидің «Мұхаббатнама», Әлидің «Нахдж-әл-Фарadis», Сайф Сараидың «Гүлистан бит-түрки», Сиди Ахмедтің «Ташшүкнама», Хорезмидің «Тәржіма Шаһнама», Ахмед Йүгінекидің «Ақиқат сыйы», Әбілғазының «Оғызнама» атты еңбектері мен авторлары белгісіз «Қорқыт ата кітабы», «Сираж әл-Кулуб», «Рахат әл-Кулуб», «Миғражнама», «Дастан-и-Жұмжұма Сұлтан», «Мифта-һул-Әділ», «Тефсир», т.б. шығармалар. Ал жергілікті халық тіліндегі ескерткіштер - Қожа Ахмет Йасауидің «Диуани хикметі», Сүлеймен Бақырғанидің «Хикметі», т.б. Қыпшақ ауызекі сөйлеу тіліндегі жазбалар: «Диуани лұғат-ит-түрк», «Кодекс Куманикус», «Китаб әл-Идрак Ли-Лисан әл-Атрак» (Әбу Хаййан), «Китаб Булғат әл-муштақ фи-луғат ат-түрк» (Жамалладдин ат-түрки), «Ат-тухфат әз-Закия фи-л-Луғат-ат-Түркия», «Әл-Қауанин әл-Куллия ли-дабт әл-лұғати-т-Түркия», «Китаб әд-Дурра әл-Мудийа фи-л-Луғат ат-Туркийя уәл-Камал», «Ашшудүр әд-даһабия уә-л-қита әл-ахмадия философия-луғат-ат-Түркия» (Молла ибн Салих), «Хуласа», «Мани

әл-ғузат», «Китаб Муқад-дима» (Ас-Самарқанди), «Китаб ад-Дағуа» т.б. Армян қыпшақтары тілінде жазылған трактаттар, сөздіктер, тарихи жазбалар, т.б. осы топқа жатады. Мәмлүк қыпшақтары тілінде 10-ға жуық еңбек бар. Қыпшақ жазба ескерткіштерінің көбі қыпшақ тілінде жазылып, оғыз тілі әсер еткен (Мәмлүк, Орта Азия мұралары), оғыз тілінде жазылып, қыпшақ тілінің ықпалына түскендері аз (Хорезм нұсқалары)». Бұл орта ғасырлық дереккөздері қазіргі заманғы кешенді зерттеушіден үлкен жауапкершілікпен жүзеге асырылатын деректану жұмыстарын жүргізуді талап етеді.

Орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің тілі жекелеген категориялар бойынша қарастырылғаны болмаса, арнайы салыстырыла зерттелмеген. Тіл тарихын зерттеу арқылы қазіргі түркі тілдерінің тілдік құрылымын анықтау, осы түркі тілдерінің белгілі бір дәуірдегі ескерткіштер тіліне қатысын анықтау – ең негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

Түрколог ғалым А.М. Щербак өзінің «Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII в.в. из Восточного Туркестана» атты үлкен монографиялық еңбегінде X-XIII ғасыр Шығыс Түркістан жазбалары тілін зерттеген. Зерттеуге Йүсүп Баласағұнидің «Құтадғу білігі», Ахмед Йүгнекидің «Һибат-ул хақайиғы», Махмуд Қашғаридің «Дивану луғат-ит түрігі», Рабғузидің «Қисас-ул анбийасы», «Оғузнаме» т.б. ескерткіштер нысан етіліп алынған. Бірнеше ескерткіштер тілін салыстыра отырып, дәуір тіліне тән ерекшеліктерді, дәуір тіліне тән белгілерді анықтаған. Сондай-ақ айқындалған грамматикалық тұлғалардың ішінен сөз етіп отырған дәуірлерде көне формаларға айналғандарын соған дейінгі дәуір ескерткіштерінің тілімен салыстыра береді. Сөз таптарының морфологиялық құрылысын, сөз тудырушы аффикстердің сөзжасамдық сипатын айқындау, яғни морфологиялық сипатын жан-жақты көрсету түркі жазба әдеби тілдерінің қалыптасуы мен даму теориясын айқындауға үлес қосары сөзсіз. Осы тұрғыдан А.М. Щербак еңбегінің құндылығы жоғары. Мұндай грамматикалық тұлғалардың көрсеткіші Э.Фазылов еңбегінде де кездеседі. Э.Фазыловтың «Староузбекский язык», «Хорезмийские памятники XIV века» атты екі томнан тұратын кітабы лексикалық және грамматикалық бөлімдерден тұрады. Бірінші бөлімде ескі мәтіндегі сөздерге түсінік берілген. Автор XIV ғасыр тілінің сөздік құрамын толықтай беруге тырысқан.

XI-XIV ғасырларға қатысты автор былай дейді: «Этот период является наиболее сложным вследствие распространения книжной традиции, взаимовлияния письменных тюркских языков и влияния

на них разговорного» [10,6]. Бұл еңбекте Сайф Сарайидің «Гулистан бит-турки», Хорезмидің «Мухаббат-наме», Қутбтың «Хосрау уа Ширин», «Нахджу-л фарадис» атты еңбектері мен Мавл Қазы Мухсиннің, Мавлан Имад Мавлавидің, Ахмад Хожа ас-Сарайидің, Мавлан Исхак Туғлы Хожаның, Хаджамидің, Берке Факих шығармаларының тілі қарастырылады. Хорезм ескерткіштерінің тілі бұдан ертеректе жазылған қарахандық ескерткіштер тілімен байланысты, сол ескерткіштердің ары қарайғы жалғасы десек те болады. Сондықтан ескерткіштер тілін салыстыруда бұл еңбектің маңызы жоғары.

«Изысканный дар тюркскому языку» (Грамматический трактат XIV в. на арабском языке) атты еңбек XIV ғасыр құнды ескерткіштерінің бірі «Китаб ат-тухфат уз-закийат фил-луғат-ит-туркийя» (бұдан былай – Ат-тухфа...) шығармасының тілін зерттеуге арналған. Монографияның кіріспесін, лексика-грамматикалық очеркін, қолжазбаның аудармасын, глоссарийін, грамматикалық көрсеткішін жазған – Э. И. Фазылов пен М.Т. Зияева, 1978 жылы Ташкент қаласынан басылып шықты. «Ат-тухфа...» ескерткішінің авторы белгісіз. Осы кітапты жазу барысында белгісіз автор қыпшақ тілін негізге алуды мақсат етіп қойғандығын айтады, себебі қыпшақ тілі сол дәуірлерде кең көлемде қолданылған. «Ат-тухфа...» тек жазба мұра ғана емес, түркі тілін зерттеуге арналған грамматикалық трактат екендігі белгілі. Белгісіз автор қыпшақ тілінің қолданылу ерекшеліктерін, грамматикалық, фонетикалық ережелерін араб лингвистикалық дәстүрі бойынша талдап көрсеткен. Ескерткіш тіліндегі түбірлердің қосымшалары бір бөлек, сөзжасамы бір бөлек әңгімеленген [11, 31-82].

Орта түркі жазба ескерткіштері тілін сөз ететін келесі бір еңбек – түрколог ғалым Э. Н. Наджиптің «Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сарайи и его язык» атты еңбегі. Монография Алматы қаласында 1975 жылы жарық көрді. Кітаптың I бөлімінде морфологиялық талдаулар берілген. Мұнда Сейф Сарайидің «Гулистан бит - түрки» ескерткіші тілінің морфологиясы жан-жақты зерттелген. Сонымен бірге автор ескерткіш тілін басқа да тарихи жазбалармен және қазіргі түркі тілдері (өзбек, татар, башқұрт, ұйғыр, әзірбайжан, құмық, қарақалпақ, ноғай, түрік, қазақ) материалдарымен салыстыра отырып талдаған. Ескерткіш тілінің орта ғасырда жазылған басқа да ескерткіштер тілімен ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалған. Түркітанушы ескерткіш тіліне нақты жасаған талдауларына сүйеніп, «Гулистан

бит - түркі» ескерткіші тілін оғыз, қыпшақ тайпалары тіліне жақын деген тұжырым жасаған .

Т. Қордабаев «Түркология және қазақ тіл білімі» атты еңбегінде қазақ тілін зерттеген орыс түркологтарының ешқайсысы да сөздерді тапқа бөлгенде қандай принципті басшылыққа алатынын айтпағандықтарын [14, 116] және ол еңбектерде жеке сөздердің құрамы мен олардың қандай жұрнақтар арқылы жасалатыны, әртүрлі жалғаулар арқылы қалай түрленетіні сияқты мәселелердің ғана қамтылып, ол сөздердің неліктен белгілі бір сөз табына жататындығы, сөз таптарының неліктен жеке сөз табы болып табылатындығы, олардың өзіндік лексика-грамматикалық сипаттары қандай деген сияқты күрделі теориялық мәселелердің қамтылмағандығы туралы жазған [15, 71].

«Көне ұйғыр жазу ескерткіштерінің тілі» бөлімін Ф. Айдаров жазған. Мұнда түбір сөздер, туынды сөздер, біріккен сөздер, күрделі сөздер, көптелу, тәуелдену, септелу, жіктелу категориялары әңгімеленеді. Ескерткіштерден нақты мысалдар келтіріледі.

«Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштердің тілі» бөлімін Ә. Құрышжанов құрастырған. Ол қыпшақ тілі ескерткіштеріндегі түбірдің жай-күйін айта келіп, жалғаулар мен жұрнақтар туралы біршама мағлұмат береді [17, 213-229]. «М. Қашғари заманындағы түркі халықтарының тілі» бөлімін жазған М. Томанов «Дивану лұғат-ит түрк» сөздігіндегі түбірлер туралы баяндайды.

Аталған еңбектерде тарихи жәдігерлердің дыбыстық, грамматикалық ерекшеліктері жан-жақты ашылып, тарихи сөздік құрам, оның ішінде бір буынды, екі буынды, үш буынды сөздер және күрделі сөздер туралы құнды пікірлер айтылған. Сөз таптарының түбір, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу түрлері мен көмекші сөз таптары (служебные части речи) ретінде септеуліктер, шылаулар, демеуліктер қарастырылған. Сөз тудырушы және сөз түрлендіруші элементтердің ескерткіштердегі көріністері берілген. Қорыта айтқанда, орта ғасыр жазба ескерткіштері тілінің қазіргі түркі тілдерінің фонетикалық жүйесін, морфологиялық және синтаксистік құрылысын, сөздік қорының негізін айқындауда мәні зор. Ендігі кезекте орта ғасыр жазба ескерткіштері тілін зерттеу нысаны ретінде ала отырып, оларды алтайлық тектілден бастап көне түркі ескерткіштері тілімен, жаңа түркі кезеңі жазбаларының тілімен, сондай-ақ қазіргі түркі тілдерімен салыстыра зерттеу арқылы ортақ тілдік заңдылықтарды айқындау бүгінгі тіл мамандарының еншісінде екендігін өз зерттеуінде Э. С. Абдукамалова айтады.

Орта ғасыр ескерткіштері тілінің лексикалық бітімі біршама зерттеулерге арқау болғанымен, толық зерттеліп болды деп айта алмаймыз. Әлі алда талай зерттеушілерге нысан болар сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. - Алматы: Рауан, 1991. - 216 б.
- 2 Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 560 б.
- 3 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь. 2005. – 440 б.
- 4 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 2003. – 242 б.
- 5 Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы: Ана тілі, 1998.
- 6 Құрысжанов Ә., т.б. Ескі қыпшақ тілі. – Алматы, 2007. – 316 б.
- 7 Сабыр М.Б. Көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі. – Орал, 2009.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘН ДӘСТҮРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

ТЕМІРФАЛИНА Ә. Қ.
музыка пәні мұғалім, № 42 ЖОМ, Павлодар қ.

Ән-өмір айнасы . Мұны әннің тарихи сипаты дейміз. Әннің келесі бір қасиеті - әуезділігі, әсерлілігі, көркемділігі. Бұл уақыт сынынан өтіп, біздің заманымызға жеткен халық әндерінің барлығына тән белгі.

Зерттеудің өзектілігі: Ықылым заманнан бері сонау ғұн, сәнбий, жуан, оғыз, қыпшақ, сақ тайпаларынан бері халықтық ән дәстүрлердің алатын орны ерекше болып келеді. Мәселен, тұрмыс-салт жанрларының түп тамыры аталып өткен алты алаштан бері сабақтастығын тауып келді. Өкінішке орай, көрсетілген алты алаш тұсындағы тұрмыс-салт жырларының бүгінгі заманға жалғасып келгендігін өнер ауқымында жете зерттелмегені байқалды. Сол себепті біздер XVIII-XIX, XX-XXI ғасырлардағы дәстүрлі әндердің санатындағы халық әндеріне тоқталуды жөн көрдік. Қазақ халқының дәстүрлі әндерінің зерттеу барысын зерделеуде біздер арнайы бұл мәселені қарастырған жұмыстың өте сирек екенін аңғардық. Дәстүрлі әндердің ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесі зор. Осындай

мол мүмкіндікті тұрмыста пайдалану мақсатында біздер аталған мәселенің көкейкестігін байқадық. Бір жағынан көңіл мен көкіректі оятар, сананы жоғарыға көтереді дәстүрлі әндердің қажеттілігі мен оның жалпы өңірлерімізде сирек кездесетіндігінің арасында қайшылықтар туып, сол қайшылықты шешу мақсатында біздер тақырыпты «Қазақхалқының ән дәстүрінің тәрбиелік мәні» деп тандадық.

Ғылыми жаңалығы: Қазақ халқының ән дәстүрлігінің тәрбиелік мәнін айқындау.

Ғылыми болжамы:

1 Қазақ халқының дәстүрлі әндерінің педагогикалық негіздерін ашу, дәстүрлі әндердің аймақтық орындалу ерекшеліктерін айқындау

2 Дәстүрлі әндердің қоғамдағы алатын орнын айқындау, дәстүрлі әндердің тәрбиелік мүмкіндігін саралау

3 Дәстүрлі әндердің орындалу әдістерін жіктеу.

Қазақ халқының әуен өнері - толғау, терме, нақыл әндері және үйлену, еңбек, шаруашылық, кәсіп болып жіктеледі. Әннің бұл түрлерін тұрмыс-салт жырларынан туғандығы жайлы филологтар өз зерттеулерінде дәлелдеген. Қазақ халқының әуендік шығармашылығы өзінің санғасырлар бойындағы дамуында әуен тілінің бейнелеу құрамы жағынан негізінен, екі бағытта вокалдық және аспаптық әуен түрінде қалыптасты. Бірінші - терме сарынды және кең тынысты созып айтатын шалқымалы әннің түрлері де, екіншісі - домбыра, қобыз және басқа үрлеп ойнайтын аспаптарда орындалатын, көбінесе, белгілі бір оқиғаға байланысты болып келетін күйлер.

Кеңес өкіметіне дейінгі дәуірдегі қазақ қоғамындағы рухани өмірінің маңызды белгілі ауыз екі әуен мәдениетінің, дұрыс жағдайларда қалыптасуы, сондай-ақ, көшпелі өмір және ауыл тұрмысының көптеген тұрақты дәстүрлері халық әуен өнері қайраткерлерінің бірнеше түрін қалыптастырды. Олар - ақындар, жыршы-жыраулар, әншілер мен өлеңшілер, күйшілер мен ертеқшілер, сықақшылар және басқалары. Әдетте, олар көбінесе өзінің негізгі өнеріне қоса басқа да бірнеше өнердің иесі болды. Кеңес өкіметіне дейінгі қазақ әуенінің зерттеушілері өз еңбектерінде әуендік фольклордың өміршендігін баяндағанымен, халық өнерінің кәсіби қайраткерлері туралы аз да, сирек жазылды. Белгілі әуен зерттеушісі әрі жинаушысы А. В. Затаевич қазақ даласын аралап, жүріп, екі мыңға жуық ән-күйлер жазылды. А. В. Затаевич «Қазақ халқының мың әні», 1931 жылы « Қазақтың

бес жүз әні мен күйлері» бұл күнде де тарихи маңызы зор еңбектері бар. М. Горький, А. Затаевичтің еңбегін жоғары бағалай келіп, қазақтың ән-күйлері болашақ композиторлар үшін еңбектерінің қайнар көзі екенін дәлелдеген. Басылым ерекшелігі - мұнда көптеген белгілі халық әндерінің сөздері табылып, жазылған. А. Затаевич бастаған үлкен істі отызыншы жылдары Д. Мацуцин, Б. Ерзакович, Е. Брусиловский, А. Жұбанов, Л. Хамиди бертін, М. Төлебаевтың жалғастырып, ән - күйлерді нотаға түсті. Қазақ Республикасы Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, өнертану ғылымының докторы, республикаға еңбек сіңірген өнер қайраткері, композитор, әуен зерттеушісі, профессор Б. Г. Ерзакович өзінің бар күш жігерін табиғи қабілетін қазақ әуенінің өнеріне жұмсауды мақсат етті. Б. Г. Ерзакович аз уақыт ішінде бес жүзге жуық ән-күй жазып, оның екі жүзден аса әуенін әншілердің фортепианоның сүйемелімен айтуына өңдеді. Ол осымен ғана тоқталып қоймай, халық әншілерін бұдан да көп жинап алу мақсатымен республика облыстарына сапарға шықты. Сөйтіп, ол Семей, Солтүстік - Қазақстан, Павлодар, Ақмола және Қарағанды облыстарын аралап шығып, қазынасына 2500-ден астам ән мен күйді нотаға түсірді, біразын радио таспаларға жазып берді. Б. Г. Ерзаковичтің өзі жинақтаған қазақтың ән мен күй туындыларына, оның орындаушыларына алғаш рет толық сипаттама бергендігін ерекше атап айтқан жөн.

Экспедиция кезінде халықпен қоян-қолтық араласа жүрген Б. Г. Ерзакович қазақ әуенінің Кеңен Әзірбаев, Естай Беркімбаев, Шөкір Әбенев, Қали Байжанов, Жүсіпбек Елебеков секілді аса дарынды өкілдерімен де тығыз қарым-қатынаста болды. Атақты Естай ауылында болған сәтінде былай әңгімелеген: «Табиғатында өте байсалды, өз әндерімен өзге авторлардың әндерін салмақты саздылықпен шырқайтын Естай әйгілі «Қорланды» орындағанда бөлекше толқып кетеді. Тіпті радиоға жазу кезінде де әннің шарықтай шырқалатын тұстарында көзіне жас түсті. Тегі, жас шағында қалың мал төлей алмай сүйіктісімен айырылған жан трагедиясы оны өмір бойы толқытып өтсе керек». Б. Г. Ерзакович отызыншы жылдардың өзіндік өзі жинақтаған көптеген халық әндерін әуендік аспаптар сүйемелінде орындауға өңдеді. Мұндай әндер сол кезде радиодан көп орындалып айтылды. Ал елуінші жылдардан бастап оларды жүйелі түрде зерттеу басталды. Зерттеуші ғалымның терең білімінің арқасында дүниеге келген «Қазақ халқының ән мәдениеті» монографиясы, «Қазақ совет халық әндері» атты әуендік - этнографиялық жинағы шығарылды. Б. Г. Ерзаковичтің Ахмет Жұбанов және Мәриям Ахметовамен

бірлесіп жазған «Советтік қазақ музыкасы» деген еңбегі Қазақ ССР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды.

Тұрмыс - салт әндері адам баласының өмірге келіп ержетіп, есеюі, қаза болуы сияқты елжүлі кезеңдерге, уақиғаларға байланысты туды. Нәрестенің өмірге келуі, әр шаңырақты қуанышқа толтырып, шілдехана жасалып, ат қойылады. Кіндігі түскен баланы 5-6 күннен соң бесікке салып, түрлі ырым - жоралғылар жасалған. Ал бесікке салынған баланың өсіп жетілуінде бесік жырларының тәрбиелік маңызы зор. Бесікке салынған бөбек анасының сүйіспеншілікке толы, жанға жағымды нәзік әуеніне балқып, тәтті ұйқыға кетеді. Бесік жырларының құрылымы қарапайым болғанымен, сазы жан тебіренетер мамыражай, әрі көркем болып, жас сәбидің нерв жүйелеріне, жалпы психикасына жағымды әсер етеді, көңіл - күйін орнықтырады. Ананың бесіктегі нәрестесін уата отырып айтқан игі тілектері, болашаққа деген жақсы үміттерін сүтімен, әлдиімен ерте бастан - ақ құлағына құйылып ер жетеді. Балалар мен жастардың әндері көшпелі өмір сүрген халықтың күнделікті тіршілігіне байланысты туындаған. Балалардың өздеріне қоршаған табиғаттағы жан-жануарлармен, құстардың дыбысын, іс-әрекеттерін қызық көріп бейнелегендері «Асау мәстек», «Қоғый гөк», «Соқыр теке» және сол сияқты түрлі ойын элементтерінде кездесіп отырады. Осы ойындардың әндері де бала табиғатына сай, ойнақы, көңілді, ширақ болып келуі олардың әуендік-эстетикалық қабілеттерімен, мәнерлеп ән салу дағдыларын дамытуға септігін тигізіп отырған. Ал «Қамажай» сияқты жастардың ауыл арасындағы той-томалақ, алтыбақан және басқа ойындарында айтылатын әндері оларды әсерге бөлеп, әнге деген ынта - ықыласын қанағаттандырып, сүйіспеншілігін арттырды. Балалар мен жастар әндерінің бәріне тән ерекшеліктері олардың ойнақылығы, эмоциялық көңіл күйінің көтеріңкілігі, дидактикалық мән мағынасы күнделікті оқу тәрбие жұмыстарында пайдалануға өте қолайлы жағдай жасаған. Еңбек, шаруашылық, кәсіп әндері мазмұны жағынан бірнеше түрге бөлінеді және тақырыбы мен поэтикалық орындалатын еңбек, шаруашылық түріне байланысты. Қазақ халқының негізгі кәсіпшілігі төрт түлік малмен байланысты болғандықтан, оның өмір тіршілігінде үлкен орын алады. Халық төрт түлік малды құт санаған және Шопан ата - қойдың, Жылқышы ата - жылқының, Сексек ата - ешкінің, Ойсыл қара - түйенің, Зеңгі баба - сиырдың пірі ұғынып табынған. Аңшылық, саяткерлік әндері жігіттің арманы болған жүйрік

ат, қыран бүркіт, алғыр тазы, сұлу қызға деген ғашықтық сезім арқау болып, мінсіз сұлулық, шынайы мөлдір сезім, жан-жануар, табиғат сұлулығын дәріптейді. Егіншілік әндері Наурыз мерекесіне байланысты тақырып елеулі орын алды. Сабантой кезінде «Көусен», «Ат жел» сияқты әндер айтылған. Жұмысшы әндері Қарағанды, Қарсақпай, Жезқазған, Риддер шахталары мен рудниктері иелерінің зорлық - зомбылығы, жұмыскердің ауыр еңбектері, көрген меңхнаты тақырыптары арқау болған. Оған «Ауыр еңбек астында», «Ақшамды бермей қойды ғой» тәрізді әндерін жатқызамыз.

Үйлену әндері - қазақ халқының от басының тағдырына, жас буынның өсіп, мұрат-мақсатына жетуіне, арман-қайғысына ортақ әндері. Әдет - ғұрыпқа байланысты бұл әндердің өзі жар-жар, сынсу, қоштасу, жұбату, беташар, той бастар түрінде айтылады. Халықпен бірге жасасып, өркендеп келе жатқан бай салт - дәстүрінің ішіндегі өмірі - келін түсіру той - томалағы. Бұл жоралғы халқымыздың қадір қасиетін, өнеге өрісін, тұрмыс тіршілігін сонымен қоса адамгершілік - этикалық қағидаларын танытады. Халықтың педагогикалық шарттары мен талаптары беташарда мол көрініс беріледі. Жаңа түскен келінге тойдың ең көңілді кезінде өнеге түрінде айтылған. Беташар әдетте «Келін, келін келіп тұр, келін үйге кіріп тұр» деп басталып, келінге келген үйі мен бүкіл ауылдың адамдарын таныстырып, олардың өмірдегі, ауыл арасындағы алатын орны мен беделі, мінез ерекшелігі әзіл мен нақыл сөздермен айтылады.

Сан дәуірлік тарихы бар қазақ әуен өнері осы күнгі мәдени сатыға көтерілгенге дейін ауызша таралып жеткені мәлім. Халық әуенінің етене болып кеткені сонша, біз оларды күнде тыңдап, әуеніне соншалықты қанық болсақ та, ғасырлар асып жеткен асыл қазынаның авторларына көбінесе мән бермей, баспасөз бетінде болсын, радио, көгілдір экранда болсын «халық әні», «халық күйі» дейтін үйреншікті айдар тағып айта береміз. Әрбір әннің өзіне тән әуені бар, белгілі мазмұны бар.

Әннің интонациясы оның өлеңнің ішкі мән мазмұнымен қабысып, бірін-бірі толықтырғанда ғана емес бір тұтас дүние болады. Әннің ішкі құдіреті мен шеберлік дегеніміз - орындаған шығарманың ішкі-сыртқы сипатын, музыкалық табиғатын жан-жақты аша білуде. Әрбір әннің айтпақ ойы, идеясы түрліше. «Қазақ әндері қандай назды десенізші», - деп Затаевич айтқандай, халық композиторлары әндерінің әуендік құрылысы, өлшем ырғақтары, формасы мен өлшемдік түрленулері қаншалықты сан алуан болса, олардың адамға тигізетін әсер ықпалы соншалықты мол. Алайда

ән қаншалықты ғажап болғанымен, оның тағдыры орындаушыға тәуелді. Өйткені оны екінші рет дүниеге әкелетін адам - әнші болғандықтан, шығарманың жақсы, жаман шығуы орындаушы шеберлігіне тікелей байланысты. Мәселен, Жаяу Мұсаның «Аксисасы», Мәдидің «Қаракесегі», Біржанның «Жанботасы», Ақан серінің «Құлагері», Естайдың «Қорланы», Рамазанның «Жас қазағы» әншіден үлкен орындаушылық шеберлікті, білімділікті қажет етеді, өйткені белгілі бір туындыны жоғары дәрежеде орындау үшін бір ғана дауыстың болуы жеткіліксіз, әнші сол дауысты пайдалана отырып, әнді керек жерінде жай, әнді бірде қатты, бірде созып, бірде қысқа қайырып, өз нәшінде, келістіре шырқай білуі қажет.

Атышулы әншілеріміз Әміре, Қали, Манарбек, Жүсіпбек, Ғарифолла және басқалардың орындаушылық өнерлерінде репертуар жағынан ортақ қасиеттер болғанымен, әрқайсысы әнді түрлі ырғақ, айшық-өрнектермен безендіріп, жүз құбылта түрлендіріп, өздеріне тән ерекшеліктермен шырқайтын. «Қазақтың ән әуездерінің тамаша бір қасиеті – оның шын жүректен шыққан эмоционалдық сезімталдығымен сезгіштігі әуендерінің оралымдығы, олардың құлақтан кіріп бойды аларлығы, ән тақырыптарының әр алуандығы – осы қасиеттердің бәрі халық психикасының аса терең толғауын көрсету арқылы, қазақ әншілерінің жарқын орындаулары арқылы айқын сезіліп оырады», – деп белгілі әуен зерттеушісі, академик Б. Асафьев айтқандай, бір әнде қаншалықты әуендік нюанстар сөйлем, фраза, интонациялар бар.

Бір ән жоғары үнмен басталатын болса, екінші біреулері төменгі дыбыстан бастау алады. Міне, осылардың бәрін әнші жете түсіне біліп, сырына қана терең сезімталдықпен шырқауы керек. Сонда ғана әнші ойлаған мақсатына жетіп, тыңдаушылардың алдында абыройы артады. Орындаушылық шеберлікті сөз еткенде үлгі болатын әншілеріміз көп-ақ. Мәселен, Қали Байжановтың орындауындағы «Тоқсанбай», «Алқарай көк», «Жанбота», «Қанапия» және басқа әндер алуан түрлі сөз нақышымен, сезімді қозғайтын сан қилы нюанс көркемдігімен ерекшеледі.

Ол қайсы әнді орындаса да, ешбір артық айқайды, құлаққа жағымсыз тиетін ешбір дыбыстарды аңғармайсын, әншінің қоңыр салқын үні тыңдаушысын баурап алатындығы да сондықтан болар. Қалидың орындауындағы әрбір әнге арналған арналған домбырада кіріспелердің өзі бір-біріне ұқсамайтын өзгеше бір әсем сарында басталады, әнді дауысқа қосқанда ғана әнді орындап отырғанын сезесің. Әсіресе Біржанның «Жанботасындағы» «сабап кетті-ау,

қойып қалды-ау» дейтін кезеңдері нағыз әнші актердің қолынан ғана келетін дүние, қайталанбас қасиеттер деуге болады. Әміре, Иса, Қали, Ғаббас, Манарбек, Жүсіпбек, Ғарифолла тәрізді атақты әншілердің орындаушылық шеберлігі, олардың ән салу ерекшелігі, үлгісі өз алдына бір-бір мектеп десе де болады. Әміренің орындауындағы «Үш дос», «Ағаш аяқ», Жүсіпбектің «Сұржекей», «Көгершін», «Жас қазағы», Манарбектің асқақтата салатын «Ардақ», «Топай көк», «Паравоз» әндері Исаның желдірмелері мен Ғарифолланың жорғалаған термелері тыңдаушы көңіліне ұяллап, көпке дейін ұмытылмайтыны сөзсіз. Өйткені кез келген әншінің толық меңгеріп орындап шығуы қиын. Бұл әншінің дарынына байланысты.

Атап айтқанда, дауыс мүмкіншілігі – орындайтын әнге, ән сол дауысқа лайықты болуы тиіс. Домбыраның сүйемелімен орындағанда ғана халық әнінің әсерлігі мен әдемілігі, жүрек қылын шертетін дыбыс бояуы өз дәрежесінде шығады. Әнді қанша тамылжытып сүйемелсіз салғаныңмен оның ойдағыдай көңілге қонбайтыны белгілі. Естай ақынның «Әншінің домбырасы – қолғанаты» деп жырлауы осыған байланысты болса керек. Сондықтан да әншінің дауысы мен доомбыра үні бір-бірін толықтырып, үндесіп отыруы керек.

Әнші әуендік пауза жасағанда, сүйемелдеуші аспап шығарманың желісін, жеке интонацияларын, немесе аккордтық гармонияларын орындап, әнге көрік беріп отыратындығы аян. Бір әншінің аспапта ойнаған кіріспесінен-ақ оның қандай әнді орындайтындығы білінсе, екінші әншіден оны байқау қиын. Ол әнді соған сәйкес басқа бір үнді аккордтар, түрлі өрнектігі саздар арқылы бастайды. Бір әнші пернелерді іліп, шертіп қақса, екіншісі бес саусағымен төгілте, көсілте ойнап әнге ббасады. Осы сияқты түрлендіру, домбыра мен дауыстың бір-бірінен алшақ кетпей, өзара үйлесім табуы - әнші шеберлігі болып табылады. Әнді нақышында, бұзбай жармай айтудың оңай еместігін әншілердің өздері де мойындаған. Солардың бірі – ақын-әнші Әсет «Арғынмын, атым Әсет арындаған, арындап ән сала ма дарымаған» деп, нағыз әнші болу үшін табиғи дарынның қажеттігін, дарынсыздың әнді игере алмайтындығын атап көрсетеді. Ол:

Бозбала, осы әнімді үйренерсің,

Біраққа келтіре алмай күйзелерсің.

Асау ән жетегіне жүрмегенсің,

Біріңнен бірің көріп сүйрелерсің,- дейді. Шынында да, Әсет әндерін осы күні келістіре шырқайтын әншілердің азайып бара

жатқандығы да осындай әншілік шеберлікке байланысты екені даусыз. Орындаушылық өнері туралы сөз еткенде, бір кезде ән фольклорын насихттауға аянбай атсалысып, қазақ әндерінің інжу-маржандарын жұртшылыққа танытқан Әміре Қашаубаев, Ғаббас Айтбаев, Қали Байжанов, Манарбек Ержанов, Қосымжан Бабақов, тағы басқа майталман әншілердің есімдері ойға оралады. Алайда бұлардың әншілік шеберліктері жөнінде А.Затаевичтің жинақтарында, басқа да еңбектерде сөз болғаны болмаса, қайталанбас дауыстары күйтабақтарға, киноленталарға түсірілмей қалды.

Аталған әншілердің ізін басып, халық әндерін таратуда көп күш жұмсап, бір жағынан ұстаздық жұмыспен шұғылданған Жүсіпбек пен Ғарифолланың, бұлармен үзеңгілес Н. Әбішев, М. Көшкінбаев, Н. Әбілева, Б. Жылқыбаев, Р. Есімжанова, Ә. Нұғыманова, Ж. Қартабаева, М. Ешекеев, Д. Рақышев, М. Балқашева, Г. Ақпанова Қ. Байбосыноов, Ә. Еңкебаев, Ж. Кәрменов, Қ. Рахимова тағы басқа өнерпаздардың болғаны және бар екені қуантады. Сонау Ақан мен Біржандардан соң сал-серіліктен кейін арқаның дәстүрлі әнін мектеп етіп жалғастырушы Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, есімі қазақ музыка тарихының төрінен Әміре Қашаубаев, Қали Байжанов, Қосымжан Бабақов, Қуан Лекеров, Әлли Құрмановтармен қатар орын алатын Жүсіпбек Елебеков «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай айтқандай, өмірінің соңғы кезеңін жас ұрпаққа тәрбие беріп, әншілікке баулыды.

Өзінің әншілік өнерін биік сатыда алып жүре алатын дарынды ізбасарларын дайындауға кіріседі. 1965 жылдан бастап өмірінің соңғы күніне дейін Алматының эстрада студиясының педагогі қызметін атқарып, бойына жиған ән байлығын жас буындарға үйретуден жалықпады. Жүсекеңнің әншілік мектебінен үлгі алған Мағауия Көшкінбаев, Мәдениет Ешекеев, Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосынов, Мұратбек Жүнісбеков тәрізді белгілі әншілер ән сырының сикырлы сазын терең түсініп, сан алуан ырғақтарын, неше түрлі сұлу үндерді меңгерді. Осылайша сал-серілік заманнан келе жатқан Арқанның дәстүрлі ән өнері Арқаның дәстүрлі ән мектебі болып қалыптасты.

Өнер гүлі өмірге әнмен келдім
Думандата өңірді сәнмен келдім
Жас ұлғайып қалса да қажымаймын

Әлі дағы келеді шырқай бергім,- деп Жүсекеңнің айтқанындай, артына өлмес, өшпес із қалдырған ерен әншінің дәстүрін жалғастыратын тамаша әншілердің бары ән сүйгіш қауымды қуантады. Осылайша Арқаның дәстүрлі ән мектебі өз дәрежесінде дамуда.

Қорыта келгенде, жоғарыдағы ой-пікірлерден біздер қазақ халқының дәстүрлі әндерінің негіздері ежелгі дәуірден бүгінгіге дейін сабақтасып келгенін аңғарамыз.

Мұнымен бірге аймақтық, өңірлік айырмашылықтар бар екеніне талдау барысында көз жеткіздік.

Дәстүрлі әндер әуен және күй өнерімен салыстырғанда қоғамда орындалу барысында басымдық мәнде екені байқалды. Мұнымен бірге дәстүрлі әндердің ізгілік пен заңдылықты асыл мен жасықты, ақ пен қараны ажыратуға тәрбиелілік мүмкіндігі зор екеніне маңыз береміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Андреев И. Орта жүз қырғыз қайсақтары туралы, Россиямен шекаралас жатқан Кольван және Тобыл губерниясының бөлімдері мен қосымша бекіністерінің суреттеу. Новые ежемесячные соч.-сп.б., 1775, август /2 половина/, ч.114/.

2 Ахметова М. Ән өнері және уақыт. Алматы, Өнер, 1993 ж.

3 Ахметова М., Жұбанов А., Ерзакович Б. Советтік қазақ музыкасы. Алматы, Ғылым, 1995 ж.

4 Байділдаев Ә. Қанатты өнер. Алматы, Жазушы, 1973 ж.

5 Балтабаев М. Қазақ халқының музыкасы және студент жастар. Алматы, Ана тілі, 1991, 152 б.

ШӘКӘРІМ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫНДАҒЫ «ҒЫЛЫМ», «БІЛІМ» ЖӘНЕ «АДАМГЕРШІЛІК» КОНЦЕПТІЛЕРІ

ТІЛЕУБЕРДІ Г. Қ.
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
НУРКИНА Н. А.
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ғылым, білім, өнер концептілері Шәкәрім өлеңдерінде негізгі мәселелер қатарын құрайды. Ғылым мен білім жайлы өлеңдерінде ақын талап деген ұғымды ұтымды қолданған. Талап – адамға ықпал етудің негізгі әдістерінің бірі

Талап деген бір жүйрік тұлпар мінді,
Бабын таппай мінгенді қылар жынды.
Тауға ұра ма басыңды, тасқа ма,
Ал енді оған кісі қайтіп мінді

Талап шапса ақылға мініп алып,
Жақсы, жаман бәріне бірдей салып.
Анық ақыл адамын ашырмайды,
Еш нәрсе одан құтылмас жетпей қалып

Талап деген ындынмен ентелемек,
Ойға алып қызыққанын қылсам демек,
Ол ісі орайлы ма, орайсыз ба,
Ойланып оны ақылға салса керек
(«Талап пен ақыл» 128 бет)

Шәкәрім талапты жүйрік тұлпар атпен салыстыра отырып, осы салыстылу әдісі арқылы талапты ақылға бой ұрындырып жақсы мен жаман арасын айыра түсу үшін қолданған

Айнадай ақылыңды тат қылғандай.

Талап деген бір жүйрік тұлпар сынды.

Талап – ынта, ықылас деген атауда адамның белгілі бір іске ықыластана кірісуі.. Ал ындын пиғыл, ниет, түпкі мақсат деген мағына береді.

Сонымен бірге

Ынсап, ұят, ар, рақым, сабыр, сақтық
Талапқа алты түрлі нөкта тақтық.

Ынсап деген аспайды, кем қалмайды,
Орнын таппай ол, сірә, қозғалмайды.
Рақым жақсы көреді аяғанды,
Адамға қаттылықты ойға алмайды.

Ұят сол – аулақта ұял көргендей-ақ,
Ұрланған малың шығып бергендей-ақ.
Орынсызды істеуге өлгенше ұял,
«Ұятты күшті өлімнен» дегендей-ақ

Сабыр деген - әр іске шыдамдылық,
Қатты керек адамға бұл бір қылық.
Қолы жетпей талай жан ызданады,
Осыдан көп шығады адамшылық.

Ынсап, рақым, ар, ұят таен артық дүниені былғағаннан.
(«Талап пен ақыл» 128 бет)
Мұндағы ынсап, ар-ұят, рақым, сабыр секілді моральдық мәселері Шәкәрімнің поэзиясы.

Ерікті билеп алсын айтылған жыр,
Сырты — гүл, жарасымды, ішінде сыр.
Жаныңның ләззат алар жарығындай,
Мөңгілік өшпейтұғын төгілсін нұр.
Ән менен күйдің тілі — үн
Ұқпасаң оны, саған мін.
Мұңлы, жарлы үндер еріксіз жылатар.
Қамыққанды кейде жұбатар.
Ой, ақылымды қозғар, ән-күйді,
Жаным, жай тапқандай ұнатар
Маңызсыз айғай ән болмас,
Татымды онда мән болмас.
(«Ақындарға» 139 бет)

Ерік – адамның өз қызметін және әр түрлі психикалық процестерді өзі реттеуінен көрінетін қабілеті. Жырдың ерікті-еріксіз, мұңлы, жарлы болатындығы қамыққанда, жылағанда, қозғалғанда, жұбанғанда, нақтылылық сипатпен бейнеленеді. Уағда немесе уәде, біреуге сөз беру, ант суын ішу, серт ету адамзат баласының моральдық, адами қасиетін танытады Шәкәрім шығармаларында.

Адамшылық – адамдар арасында бір –бірімен қарым-қатынас барысында жасалатын материалдық және моральдық тұрғыдағы қайырымдылық, қамқорлық.

Шәкәрім Ар, намыс, ұят синоним сөздерді өлеңдерінде қатар пайдаланған.

Намыс сол – өзің қорлан кемдігіңе,
Құрбыңмен ұмтылып бақ теңдігіңе.
Алмай өз алдыңғының аяғынан,
Соқтықпай өзің ізден еңбегіңе
(«Талап пен ақыл» 128 бет)
Ар демек – адамшылық намыс деген,
Арың кетпес жағына қарыс деген,
Теріс ұғып жүрмесін мұны біреу,
Сөз емес күншіл болып алыс деген.

Адамшылық – адамға тән қасиет. Күншіл – сөз тудыру негіздерінің лексикалық мағынасына сай адамның қарыс-қатынасы, мінез-құлқы, іс-әрекетіне байланысты атауларды білдіреді.

Білген ердің бол шәкірті, білмегенді қыл шәкірт,
Үйренуге қылма намыс, үйретуге болма кер.

(«Насихат» 168 бет)

Ар – ұят атауымен қатар Шәкәрім намыс – арлы адамның өзіне, айналасына, ұлтына кір келтірмеу үшін күресте бойына қайрат беретін сезімі және адамшылық деген моральдық атаумен қатар беріп отыр.

Шәкәрім бұл мәселелердің бәріне өз дәуірінің азаматы, халқының перзенті тұрғысынан қарайды. Адамгершіліктің асқақ идеясына жетудің жолын іздейді. Ойға батады, толғанысқа түсті. Бұл бағыт Шәкәрімнің бүкіл шығармашылық сапарының өне бойында ақынның жан серігі болды. Осы орайда ерекше тоқталып өтуге тұрарлық шығармасы – «Жастарға» атты ұзақ өлеңі. Ең бастысы - өлеңде ақын жүрегіндегі сезімталдық пен көрегендік айрықша сезіледі. Ой- тұжырымдарында өзгеше салихалилық, салмақты тиянақтылық бар [1].

«Анық бақ деп айтарлықтай үш нәрсе бар», - дейді Шәкәрім. Олары – кірсіз ақыл, мінсіз сөз және адал еңбек. Осы бақ жолында өзі де өмір бойы адал болуды ұстанған.

Қазақ тілінде кең қолданысқа енген терминдерге Шәкәрім адалдық атты психологиялық атауды өз шығармашылығына арқау етіп ала білген. Адал – хәлал тілімізгі араб тілінен шарифат арқылы енген сөз. Бұл адамгершілік ұғымының атауы ретінде, ар-ождан, сенім көрсеткішін білдіріп, адам баласына қойылатын моральдық талапты білдіреді.

Адалдық Шәкәрім шығармаларында ерекше орын алады

Байладым, белді бекем буайын деп,

Жүректі адалдықпен жуайын деп,

(«Жастарға»)

Шынды біреу жақтаса,

Жазасызды ақтаса,

Адалдықты мақтаса –

Арсылдап оны қамаса.

(«Әлемде түгел мен көріп»)

бұл өлеңдегі адалдық – атау тұлғадағы адал сөзінен сапалық сын есім жұрнағы (– дық) арқылы жасалған. Шәкәрім лирикасының өне бойына өзек болып тартылған осы адалдық тақырыбы, ақынның

пайымдауынша, барлық жаман әдеттерден арылудың бірден-бір кілті, адамзат баласының алға дамуының сенімді кепілі ретінде адал, адалдық терминін ақын ұтымды жұмсаған.

Түбінде менде айла жоқ,

Алалға дайын мінезім

(«Мақсұтың болса орынсыз» 92 бет)

сөздің ішінде бір дыбысы басқа бір дыбыспен алмасып вариант құрап тұр – алал – адал сөзімен пара-пар.

Ақ жүрек пен таза ақыл,

Қылсаң адал еңбек, -

деген өлең жолдарында ақ жүрек - адал екеуі синоним болып тұр. Ақ эпитеті арқылы жүрекке бейнелілік сипат беріп тұр. Адал – ешкімнің ақысын жеп, ала жібін аттамайтын, кісіне қиянат қылмайтын , өз еңбегімен дүние жинап, күн көріп жатқан жан мағынасында.

Бәрінен де сол мақұл,

Артқыға жол бермек.

Сен бола гөр аққа жақ,

Болам десең адам,

Адал еңбек берер бақ,

Бассаң соған қадам.

Айнамайтын ақ жүрек пен таза ақылды жанның

Таппасы жоқ бұл өмірде, осынымды ұқ, балам!

(«Мен кетемін, келеді

Тағы өмірге мендей»)

Бұл жолдар ақынның адалдық тақырыбына, жалпы адал мәселесінің адам өміріндегі маңызына қаншалықты ден қойғанын, қандай мұрат ұстанғанын айқын аңғартады. Бұл өлең – Шәкәрімнің айтар ойы терең, шығармасы. Мұндағы ақын идеалы – ақ жүрек, адал еңбек, таза ақыл. Осы үшеуін бойына жинаған адамның жеңбейтін кедергісі жоқ. Шәкәрімнің ғибрат сөзі осы ойды кейінгі ұрпаққа барынша түсіндеруге бағышталған. Ақынның адал еңбекпен ар үшін тіршілік етуге үндеуі, адамдық ар мен еңбекті бір-бірімен байланысты түрде қарауы оның өмірден әділдікті арман еткені. Шәкәрім өз өлеңдерінде ізгі адамгершілікке салатын, надандықтан арылатын, қиындықтан құтқаратын жол ретінде адалдық ұғымын тиімді қолданған.

Адалдық, тазалық мәселесі «Ләйлі-Мәжнүн» хикаясында да жырланады.

Қыз бен жігіттің арасындағы сезім қандай кіршіксіз мөлдір, көусардай тұнық, маржандай таза, қардай аппақ десеңізші! Және олардың жүрегінде осынау махаббат атты ұлы сезімге деген адалдық шексіз. Ләйлә да, Қайыс та туғаннан өлегенге дейін осы ғажайып адалдыққа қылау түсірмейді. Адалдық сезім екі жастың қарым-қатынасындағы кіршіксіз таза, сезім ретінде махаббат атты ұлы сезімді аша түседі. Адалдық бар жерде ғана махаббат өшпес тірлік жасай алады.

Ғұмырын халқының тағдырын ойлаумен өткізген, ұлтының бойына ізгіліктің, адамгершіліктің нәрін сіңіруге ұмтылған гуманист ақын осы мақсатқа жетудің жолы жастардың жүрегіне адалдық сезімін ұялату деп білген. Ләйлә мен Мәжнүннің басындағы хикая Шәкәрімге осындай адалдықтың өшпес үлгісіндей көрінгені анық. Бір сәт ғашықтар оқиғасын баяндау арқылы одан өзінің өмір бойы іздеген бес асыл қасиетінің нышандарын табуға тырысты. Адалдыққа қарсы ұғым ретінде арам, арамдық атауы да Шәкәрім өлеңдерінде берік орын алған. Арамдық – моральдық қасиеттің адалдыққа қарама-қарсы кесапатты түрі. Оған алдау-арбау, суайттық, жымысқылық, ұрлық, опасыздық, екіжүзділік сияқты жаман қылықтар жатады делінген.

Арамдық парсы тілінде галб деген ұғымда жұмсалады екен.

Тілеймін, өлерімде сүйме мені,

Мәжнүнмен басқа жанға тәнім арам, -

(«Ләйлә-Мәжнүн»)

– деп басқа жан – адам деген мағынада. Жан, тән синонимді сөздер.

Арсыздардың арам ойы түкке тұрмай жойылып,

Аяғында хақиқатты бұл үшеуі жеңбек.

Шәкәрім бұл арада арам атауын моральдық қасиеттің адалға қарама-қарсы (антоним) кесапатты түрі, яки жамандық ой, залымдық деген мағынада пайдаланады.

Арсыздар - ар мен ұяттан безген адамдар.

Қарсы келсең, басыңды кесіп алды,

Ұнаса арамнан да ішіп алды.

(«Жуандар»)

Осы күнде арамның жолдасы мол,

Қу мен сұмды кім жиса – шын мықты сол.

Мақтан, атақ іздесең құдайдан без,

Ардан күсіп, арамның біреуі бол.

(«Елге көнсем, ақ жолдан адасамын»)

Мұны қылсаң боласың сен де мықты,

Қайдағы қу, алдампаз төрге шықты

(«Көкірікте толған шер,көңіл қаяу»)

Шәкәрім арамның жолдасы деп қу мен сұмды және мақтан, атақ үшін құдайдан безіп, қудан гөрі алдампаз атанасың, осы шумақта алдампаз ұғымы біреуді әдейі немесе ойнап айтқан өтірікке, жалған сөзге сендіру қабілеті бар адам мағынасында қолданылған. Жақсылық іздеудің жолына түсу қажеттігін, адалдық пен арамдықтың, қулық пен сұмдықтың, есерлік пен әпербақандықтың зиянды екенін айтқысы келген.

Надандық – концептісі. Шәкәрім надандықты адамның мінез-құлқындағы теріс қасиеттердің бірі ретінде қарастырады..

Еріншектік, салақтық,

Салақтықтан надандық,

Бірінен бірі туады,

Жоғалар сөйтіп адамдық.

(«Еріншек»)

Адамдық – ар – ұжданның тазалығы, адамгершілік адам атына сай қасиет.

Шәкәрім надандықтың басын осы тәрізді кемшіліктерден іздейді.

Өлеңдегі надандық деген концептіні алу мақсаты надандықтың өзі түптің түбінде осындай жолдармен туатынын топшылайды ақын, яғни еріншектіктен, салақтықтан надандықтың туындап, адамдық қадір-қасиеттен арылтатын құбылыс ретінде көрініс береді. Салақтықты ұқыпсыздық, немқұрайлық деген мақсатта қолдануда.

Жолыққан кісіге соқтық,

Қалжынға қосып айт боқтық.

Осы ғой сәулесі жоқтық,

Сен күлдің, мен білдім, әйдә! –

(«Қалжыншыл қылжақбас»)

Біздің ойымызша, өлеңнің үшінші жолында сәулесі жоқтық – оқымаған, надан, білімсіз сөздеріне синоним ретінде қарастыруға болады.

Ақын еңбектері жайлы: «Ғасырлар бойы үстемдік етіп келген надандық пен қараңғылық қазақ қоғамында бұл күнде өзінің

кертартпалық сипатын өте-мөте айқын аңғартқан еді. Қоғамдық өмірдің осы сипаты, ерекшеліктері Шәкәрім ақынның назарынан тыс қала алмады»-дейді зерттеуші [2].

Япырау, бұл не деген наданшылық,
Осынша жайылар ма жаманшылық.
Есі шығып елірген бәрі де мас,
Ар қайда, ақыл қайда, адамшылық, -
(«Партия адамдары»)
деп күйінеді ақын

Өлең шумақтарындағы арың сатып, ақылың жоғалтып, есі шыққан адам наданмен тепе-тең деген ойды Шәкәрім алға тартады. Наданшылық, жаманшылық бұл күндегі білімсіздікке, қараңғылыққа апаратын жолы деп түсінеміз.

Ар – адамгершілік, намыс, ұят деген мақсатта.

Адамшылық – лексикалық мағынасына сай адамның мінез-кұлқына байланысты атауды білдіреді.

Ақыл – сана, ес деген ұғымды білдіреді.

«Менің де көп жаралы жүрегім бар,
надандықтан қираған сүйегім бар» -
(«Міндеу мен Күндеу»)

Осы бір пікірімізді түйіндейтін болсақ, оның шығармаларындағы жан күйзелісіне байланысты туған осындай ой-түйіндер ақынның надандық түнегіне қарсы күресте шаршау, қажу сезімдерінен туғанын анық байқаймыз.

Өзімшіл, өзімшілдік – ол да ақын шығармаларында көтерілген адамгерлік концептісінің өлшемі десек те болғандай.

Өзімшілдік – жалған адамгершілік принцип ретінде аморальдық қасиет.

Өзімшіл - адамды оның қоғамға және басқа адамдарға қатынасы тұрғысынан сипаттайтын өмірлік принцип пен моральдық қасиет.

Өзімшіл - адамның туа біткен қасиеті, өзін - өзі жақсы көрушілік.
Өгейлік, өзімшілдік, бай-күндестік,
Мейірімсіз, залалкесті білгізеді, -
(«Нартайлақ пен Айсұлу»)

Өзімшіл болма, көпті ардақта,
Адамның бәрі - өз халқын, -
(«Анадан алғаш туғанымда»)

Өзімшілдің іші тар, ойы артық,

Ала алмас ол біреудің бағын тартып.

(«Шын бақ қайсы? Күншіл кім»)

Біздің ойымша, Шәкәрім өзімшіл - басқалардың мүддесімен санаспайтын, тек өз мүддесін ғана көздеуін көрсететін жеке бастық теріс қасиет деген мақсатта қолданған.

Шәкәрім Құдайбердіұлы халықтар арасындағы достықтың мәнін, адамдардың қашанда өзара ізгі ниетте болуын жырлай келе, әділет идеясын көтерді.

Әділеттілік – бұрыннан келе жатқан әлеуметтік, моральдық принцип және норма деген ұғымда жұмсалатыны мәлім.

Ой сонда неше толғау шимай салмақ,
Қайтсе жөні келер деп өлшеуге алмақ.

Дәл солай қалайын деп, ұнағанда
Ғәділетті жүрегің бір қозғалмақ

Әділет немесе ғәділет деп берілетін араб тілдерінде бұл екі сөз бір ұғымды білдіреді.

Іздеген ғашық болып бес нәрсем бар,

Берейін атын атап ұқсаңыздар:

Махаббат, ғәділет пен таза жүрек,

Бостандық, терең ғылым –

Махаббат - бүкіл адамзатқа тән сезім түрі.

Ғәділет – араб сөзі. Шәкәрім шығармасында дыбыстық өзгеріске ұшырамаған. Ал қазіргі қазақ тілінде әділет, әділдік деген мағынада.

Терең ғылым, таза жүрек – эпитетті қолданыстағы сөздер.

Залымды жек көргізіп күйгізеді,

Ақ үшін әділетті сүйгізеді.

(«Нартайлақ пен Айсұлу» 316 бет)

деп қазаргі қазақ тіліндегі әділет – яғни әділдік, жалғандыққа жаны қас, шындықты сүйгіш деген мағынада қолданыс тауып отыр.

Қара қылды қақ жармақ болды мүмкін,

Байқаңыз, қылған ісі жөнді мүмкін,

Әділ болмай, айтқанын қылмақ болса,

Осылар тәңір алды онды мүмкін

(«Жуандар»)

Алтауының ішінде ынсап әділ,

Талаптың алты түрлі бар ноктасы

(«Талап пен ақыл»)

Әділ – турашыл, шындықты сүйгіш деген мағынада қолданылады.

Талап – белгілі біреудің мұң-мұқтажы мен ынта-ықыласын қолданылатын сөз.

Әдептілікке Шәкәрім ерекше мән берген, оны адам бойындағы басты қасиеттер қатарына жатқызған. Әдептілік–белгілі бір моральдық нормалар мен принциптерді бұлжытпай орындау. Әдептілік өте қажет қасиет, сезім мөлшерінің негізі. белгісі [3]. Әдепті сөзіне синонимдер сөздігінде – сыпайы – инабатты – иманды деген синонимдік сыңарлары берілген.

«Адамгершілік» концептісін Шәкәрімнің «Еңлік -Кебек» поэмасы арқылы ашуды мақсат тұттық. Ақын бейнелеуіндегі жас батыр Кебек көп жағдайда бұрынғы нұсқаларда ұшыраспайтын қадір-қасиеттермен дараланған, поэмада, портрет бітімі, «жас бала болса да, жаны отты деп» басталады да:

Ел қамы үшін өлуге жанын сайлап,
Соғыс десе тұрмайды қойса байлап.
(«Еңлік-Кебек»)
Жайға батым, жақынға және әдепті,
Кішіні іні, үлкені ағатайлап, -
(«Еңлік-Кебек»)
Көрінгенге көз сүзген көрсеқызар,
Әдепсіз қыз дейсің ғой әлдеқандай
(«Еңлік-Кебек»)
Әдепті – инабатты, сыпайы деп те айтуымызға болады.

Бұл поэма халық аңызы ретінде жазылған идеялық-көркемдік қасиеттері биік туындысы. «Еңлік-Кебек» дастанындағы Кебек бейнесін сомдағанда да Шәкәрім оны елден асқан батыр етіп көрсетуді мақсат тұтпайды. Оның ішкі жан дүниесі мен адамгершілік қасиеттерін оқиғаның өрбуі барысында біртіндеп ашады. Кебек еркін, ел қамын ойлайтын батыл өрен. Екіншіден, оған кең таным мен бай сезім берілген, жан-дүниесі таза көркем жігіт. Ақын басты кейіпкерлерін суреттегенде сыртқы келбеті мен ішкі жан-дүниесіне қатар мінездеме беріп отырады. Бұл қасиет - Шәкәрім дастандарының басты көркемдік ерекшеліктерінің бірі. Оның ақындық тұлғасы кейіпкерлерінің сезім байлығы, арман мұраттары арқылы ғана емес, тарихи оқиғаларға терең пайымдауынан да көрініс береді. Сондықтан да ақын дастандарын қазақ өмірінің айнасы десек болады [3].

Шәкәрім өз шығармаларында адамдық, адамгершілік мәселесіне көптеп тоқтаған. Оның шығармаларында «ар білімі» деген термин көптеп қолданылған. Ол «ар» сөзін «совесть» деп

тәржімалаған. Ар дегеніміз не? Ол тек адамға ғана қатысты түсінік. Михаил Лермонтов: «Адам ісіне құдаймен бірге төреші бір нәрсе бар, ол - ар» деп айтқан. Абай аудармасында ол өлең былайша келтірілген:

Менің сырым, жігіттер, емес оңай,
Ешкімнің ортағы жоқ, жүрсін былай!
Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім,
Қазысы оның - арым мен бір-ақ құдай.

Шәкәрімнің ұстазы, әрі туысы ұлы Абайдың адамгершілік, арлылық деген ұғымдарын өзі де өміріне үлгі етіп алған.

Философ Ғарифолла Есімнің айтуынша: «арлы адам, алдымен, құдайына қараған, құдай мақұлдамайтын іске бармайтын адам. Ар - әр адамның өз ісінің төрешісі». Ғ.Есім: «Құдай құратын «сотқа» дейін адам өзінің арының алдында жауап бермек»[4],- дейді. «Менандрдың: Әр адамның құдайы - өзінің ары» деген сөзі тағы бар.

Ар - адамдық сананың негізі деп: «ар түзер адамның адамдық санасын» деген өлең жолдарымен Шәкәрім де айтқан. Шәкәрімше айтқанда ар өзіне жақын, әлі ара жігі ашылып зерттелмеген ұят, ұждан ұғымдарымен бірлікте.

Шәкәрім «Ашу мен ынсап» атты өлеңінде «ар» сөзін бірнеше рет қайталанған:

Бөріне де құлақ сал,
Рахым, ұят, ар қайда?
Және:
Көп наданнан жасқанып,
Сорлық елге бас ұрған.
Рахым, Ұят, Арының,
Бетін топырақ жасырған.
Және де:
Дайын қылдым бөрің де,
– Сақтық, Ұят, Рахым, Ар,
Ынсап деген көрің де.

Бұл өлеңде ар адам бойындағы ашу-ызаға қарсы, ынсапқа жақтас қасиет ретінде көрініс тапқан. «Жастық туралы» деген өлеңінде:

Қарамай ұят, арына,
Жанды қиып жарына, – дейді.

Шәкәрім өлеңдерінде, аудармаларында ар тазалығы, имандылық, адамгершілік мәселелерін жиі көтереді. Оның шығармаларында өзінің ішкі табиғатына, көзқарасына сәйкес

келетін және сол идеясын жеткізуге лайық детальдар мен сюжеттік элементтер тапқанда ғана сол туындыны жазуға бой ұрады.

Ар қайда? Рахым қайда? Әдеп қайда?
Быт-шыт боп неге жүрміз әрбір сайда?
Көз жұмып,»көппен көрген ұлы той» деп,
Береді бұл надандық кімге пайда?- [5]

деген қазаққа Шәкәрім ең бірінші орынға арды қояды. Көппен көрген ұлы той деген сылтау тауып арға нұқсан келеін істің бәрін ақтап алатын қазақ болмысын сынады.

«Ақылды сол – нысап пен ар сақтайды,
Арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды.
Адал сол – таза енбекпен күнін көріп,
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды». [5]

Нысап пен ардың қатар аталуы бұл екі ұғымның өзара жақындығы сабақтастығы туралы айтады. Адамда нысап болса арболғаны. Нысапсыз адам арды ойланбай-ақ аттап кететінін меңзейді ақын бұл жолдарда. Адалдықпен адал асын алған жан нағыз арлы адам деп тұжырымдайды. Ар жоқта нысап та болмайды, нысап болмаса арда болмайды. Осы екі ұғымның бірлігін терең таниды.

Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан,
Анық төмен болмай ма хайуаннан.
Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,

Өлген артық дүниені былғағаннан.[5] – деген шумақтар да Шәкәрімнің ар ғылымына дәлел боларлық өлең жолдары. Шәкәрім ар түзейтін ғылым жағында. Ол «ар білімін» жақтайды. Соның аты озғанын қалайды. Оның «Таза ақыл», «ақ жүрек» дегені жай бір қысыр кеңес емес, адамгершілік философиясынан тарайды. Ізгілік, әділеттілік бар істе басты болуға керек. «Мылтық билеп тұрғанда, әділет жоқ» деген құнарлы пікірге келеді. «Жиырмасыншы ғасырдың адамынан, Анық таза бір елді көрмей өттім» дейтіні де сондықтан. Шәкәрім өлеңдерін ұқыптап оқып қарағанымызда тек «ар» ұғымына қатысты тұстарының өзі өте мол екеніне көз жеткіземіз:

... Арам оймен ар сатып үзіп-жұлмақ, - дегені арамдықпен ардың антогонистік ұғымдар екенін сездіреді. Арлы адам ешуақытта арамдық жолын таңдамайтыны анық.

... Арсыз арам, асығыс айлакерлік,
Мұның бәрі шайтанның досы болмақ.

Арсыз арам деп жоғарыдағы ойларын бекіте түседі. Асығыс айлакерліктің де түбі қуыс. Ол қасиеттер тек шайтанға еп. Адамдық негізі болып табылатын ар ұғымы ақында түрлі контексте қарастырылады.

... Құдай кешер, Алла деп күнә қылмақ,
Ар кетіріп, ант ішіп, жан сатылмақ.
Ал келесі шумақта ар адамнан талап етілетін өзге қасиеттермен біртұтас алынады.

... Ынсап, ұят, ар, рақым, сабыр, сақтық,
Талапқа алты түрлі нокта тақтық.
Алтауының ішінде ынсап әділ,
Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық.

Төмендегі жолдарда ар ұғымына тереңдей үңіледі. Адамшылық негізі ретінде көрініп, оны жоғалтпау үшін табанды бол деген дидактикалық ой айтады.

... Ар демек - адамшылық намыс деген,
Арың кетпес жағыңа қарыс деген.

... Ар, нысаппен іс қылып, азап тартып,
Ақ жолында өледі бірталай жан.-
деген жолдарда ар намыс үшін азап тартып, жанын құрбан еткендердің жолын ақ жол деп тұжырымдайды. Ардың жолы азапты жол, ақ жол. Ақ жолмен жүріп өту үшін ар басты көрсеткіш.

... Ар, нысаптың пайдасын жан сезеді,
Өлген соң бәйге аларын біліп тұр жан.

Өлген соң, Алла алдына барғанда да қорғаның арың болады. Оны жаныңмен ұғып, жүрегіңмен бойла. Сондықтан төменгі жолдарда көрінгендей, байлық, мансап арман емес, керісінше арманы, ары зор, адамгершілікті адам ұлы болу. Бұл тұрғыда данышпан Абаймен үндестігі сезіледі. Абай ата ұлы емес адам ұлы болуды мақсат етсе, Шәкәрім де адамұлы болуды өмірлік ұстанымы еткен.

... Арманым байлық, мансап, мақтан емес -
Ары зор, ата ұлы емес, адам ұлы.

«Ақтан безген ары жоқ өңкей залым», // « Ардан күсіп, арамның біреуі бол», // «Арланбай арынды да сатасын», // «... Қаны қызып құтырып, Ар-абыройы ұмытылып», // « Наданға арамдық ар ма?!», // «Ар сатар шайға да болса» деген әртүрлі өлеңдерден алынған жолдарда арын сату, арды ұмыту сияқты мәселелерді «ызалы қол, долы жүректен» жазады. Өмірінде арды бәрінен биік бағалаған ақынды қинайтын, ашу-ызасын туғызатын да ардың тапталуы, арды сату, арды аттау сияқты ұғымдар.

« Ар түзер адамның адамдық санасын», // «Ақ жолдан айнымай, ар сақта оны біл», // «Бәрі адамның бірдей ағарып, Ары нәпсіні жеңсе тазарып», // «Ар, иманнан айырды», // «Сөз, мінезі құбылса, Ар-иманы жоқ деп біл», // «Өнер қылма, ар сатып, жалданбақты» деген жолдарда адамды түзеуші оның ары, ар жолы ақ жол деген асыл уағыздарымен қоса ары нәпсіні жеңіп адамдар ағарса деген тілек арманы көрінеді. Екі сөйлеп, екі жүзді әрекет жасайтындарды да ары жоқтар қатарына қосады.

... Адаспайсың ақылды арлыға ерсең,

Жолай көрме жылмайы сопы көрсең.

Тапқыр, адал, ақ ниет адамдардың,

Алданбайсың артынан ере берсең.

Екі жүзді жылмайы сопыдан ақылы бар, ары бар адамды артық қояды. Адам үшін ең қажеттісі – ар тазалығы мен адалдық, ақ ниеттілік пен адамгершілік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Айтбаева А. Шәкәрім Құдайбердіұлының этикалық көзқарастары» Алматы, 2004;

2 Мағауин М. Шәкәрімнің шеберлігі. // «Жұлдыз» 1988, №1; 1 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология . Алматы «Мектеп», 2002;

3 Ақатаева Ш. Қазіргі ақындық поэзияның жанрлық көркемдік стильдік ерекшеліктері Алматы, 2005;

4 Ғарифолла Есім. Хакім Абай. Алматы, Ата мұра, 1994,-2006.

5 Шәкәрім Құдайбердіұлы. Қазақ айнасы, -Алматы, 2008-286б.,

МӘТІН АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

ТОИМБАЕВА Н.

бастауыш сынып мұғалімі, Сарыарқа орта мектебі, ШҚО, Аягөз ауданы

Білім беру саласының алдындағы негізгі мақсат – оқушы бойында білім-білік, дағдыларға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде жылдам өзгеріп жатқан өмірге бейімді, өзін-өзі дамыта алатын, өз бетімен кез-келген мәселені адамгершілік тұрғыда шеше алатын, өзіндік ойы бар жеке тұлға қалыптастыру. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім жүйесі әлемдік білім кеңістігіне бетбұрыс жасауда.

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз-адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсену араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның маман-дығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Түсініп тыңдау деңгейде жан-жақты жүргізіліп, естіген хабарды қаншалықты түсінгендігі тексеріледі. Шағын өңгіме, үзінді, мақала мазмұндары оқылып, түсініп тыңдау мәтінді екі рет тыңдау арқылы екі – үш сөйлеммен мәтіннің мазмұнын айту жұмыстары жүргізіледі. Жұмыс барысында сипаттама беру, мәтін бойынша жоспар құру, сұрақ қол білу сынды жұмыстар тіл дамыту жұмыстарына негіз бола алады.

Оқу сауаттылығы – оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтінбарысында ой- толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі. Оқушылар өздері оқығандары мен тыңдағандарының ішінен оқиғаларды және фактілерді тауып, соған өздерінің көзқарасын қысқаша айтып берулері тиіс. Олар өз пікірін айту үшін мәтінді жоспар жазбаларын пайдалануына болады. Қазақ тілінде тыңдағанын, естігенін түсіну біліктілігі басқа кісілермен сөйлесуге, тілдік қарым-қатынас жасауға қажетті жағдайлар тудырады. Шәкірттер тыңдап түсінуге арналған аутентті мәтіндермен түрлендіре жұмыс істеуге, сөйлеуге одан ары қарай жаттығады, баяндамалар жасайды.

Функционалдық сауаттылықтың бір міндеті сырттай бағалау және іштей бағалау болып табылады. Іштей бағалау- оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау. Ал сырттай бағалау- әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелері. Балалар өздерінің түсініктерін құра алатын белсенді оқушылар болатын болса, онда мұғалімдер үшін де, оқушылар үшін де осы түсініктің мәнін білу қажет, өйткені ол оқуда алға қадам басуға және оған қолдау көрсету үшін керек. Соңғы зерттеу жұмыстары біздің ұғымымызда формативті бағалау үдерісінің едәуір дамуына және оны оқыту мен оқуды қолдау үшін пайдалану мүмкіндігіне ықпал етті. «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» атты модульді жиі қолдану оқушылардың білім алуында алға жылжуға септігін тигізеді. Сабақтарда осы модульді ауқымды түрде қолдансаңыз, нәтижесінде оқушылардың оқуға ынталары арттып және білім алуға қызығушылықтары оянады. Бағалау модулінің тағы бір ерекшелігі, оқушылардың оқуға ынтасын арттыру мен қатар оқушыларды өздерін бағалауға үйрету болды. Мұғалім стикерді пайдалану арқылы формативті бағалауды жүргізуі нәтижесінде оқушылардың ынталары едәуір арта бастайды. Ең алдымен оқушыларды ынталандыру үшін ынталандыру сөздерін қолдану керек. Сабақ барысында оқушы берген жауапқа «Керемет» деген сөз жазылған стикер берсеңіз, ол оқушының ынтасының артқаны байқалды. Сол оқушы келесі сұрақтарға жауап беруде белсенділік танытады. Оқушыларды формативті бағалау барысында әр түрлі стикерлерге «Жарайсын», «Өте жақсы», «Құнды идея», «Керемет» деген сөздерді пайдалану арқылы оқушылардың ынталарын арттыруға болады. Қазақ тілі пәнінен оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынандай тұжырымдаманы ұсынуға болады:

1 Оқушыларға бірінші сабақтан бастап сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу

2 Оқушылардың алған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйрету;

3 Мемлекеттік тілде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау;

4 Әлеуметтік талаптарына сай келу үшін оқушының ақпараттық технологияларды қолдану және проблемалардың шешімін таба алуға үйрету;

5 Оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуіне үйрету;

6 Оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытуы;

7 Оқушылардың әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамытуы;

8 Қазақ халқының салт –дәстүрі, мәдениеті, тарихын түсіну және құрметтеуге баулу.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін үлкен абырой, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Қазіргі жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге әлеуметтік бейімделу үдерісінде алған білімдерін пайдалана білуге үйретіп келеміз.

Мектепте қолданылатын оқыту теориясы дидактикалық ұстанымдарының негізгі түрлері:

1 Түсініктілік принципі. Бұл принциптің негізгі талабы – оқу материалдары баланың жас ерекшелігімен тікелей байланысты әрі таныс, әрі деректілікке құрылуын қажет етеді. Қазақ тілін оқыту материалдарының объектісі сөз: сөйлем, сөз тіркестері және олардың дыбыстық құрамы – оқушыға түсініксіз болса, оны қабылдай алмайтыны түсінікті, керісінше олар оқушыға етене таныс, белгілі де деректі болса оны меңгеруде қиын емес. Сондықтан да оқулықта бала түсініксіз басы артық сөздер берілмейді, сонымен қатар құрылымы күрделі грамматикалық оралымдар мен түсінікке ауыр сөйлем құрылымдары да оқу материалдарында кездеспей керек. Жаңа оқу технологияларының басты мүддесі де әр тақырыптың түсінікті болуын жіті қадағлап, талап етеді. Оқушы тілін дамытуда әр сөздің ұғынықты болуына қол жеткізуде түсініктілік принципі басты роль атқарады.

2 Ғылымилық принципі. Жоғары сыныптарға функционалдық сауаттылықты дамыту жұмыстары болмасын жаңа технологияларды оқу үрдісінде енгізуде болмасын, ғылымилық принципі басты қағида екені сөзсіз. Оқу материалдары, сол сияқты мұғалім тарапынан берілетін білім мағлұматтары мен функционалдық сауаттылықты дамыту жұмысы барысындағы ақпараттық деректер ғылыми жағынан ешқандай дау тудырмайтын, терең зерттелген, ғылыми тұрғыдан қатесіз мәліметтерге сүйенуі қажет. Онсыз функционалдық сауаттылықты дамыту жұмыстары да жаңа технологиялық кешендер оқу - әдістемелік негізін сақтай алмайды. Әрине барлық дидактикалық ұстанымдар жаңа оқыту технологияларының ұстанымдарымен

тығыз бірлікте қолданылады. Бұлайша айтқанда, функционалдық сауаттылықты дамыту жұмыстарының тапсырмалары түсінікті болып, бірақ ғылыми үрдіске қайшы болса, ең бірінші болып оқушының зиян шегері ақиқат.

3 Көрнекілік принципі. Бұл дәстүрлі принциптің функционалдық сауаттылықты дамыту жұмыстарын түсініктілікке құруда басты роль атқарады. Мәселен функционалдық сауаттылықты дамыту мақсатында жүргізілетін жұмыстарда нақты, бейнелі, дыбыстық көркем сөз арқылы бейнелеу түрлерін қолдану тиімді болмақ. Аталған көрнекіліктер тапсырманың түсініктілігін жеделдетіп, оқушының сезім мүшелерін, олардың қабылдау белсенділігін шындап, дүниетанымын жетілдіреді.

4 Есте берік сақтау принципі – оқу материалдарын, үйренген жаңа сөздерді есте берік сақтау қасиетіне қатысты. Жаңа оқыту технологияларын қолданудың өзі өтілген тақырып, білім негізі оқушының есінде сақталуын көздейді. Бұл тұста А.Байтұрсынұлының пікірін айта кету орынды. Ол: «Оқушының сабақты түсінбеуінің басты себебі оқу материалдарының қиындығынан ғана емес, мұғалім баяндауының бұлыңғырлығынан». Функционалдық сауаттылықты дамыту жұмыстарында оқушы түсінбей жаттаудан аулақ болуы керек. Керісінше логикалық жүйеде өз ара бір – бірімен тығыз байланысқан оқу материалы оқушы ойында мәңгіге ұялайды.

5 Оқушының өзіндік ерекшеліктерін есепке алу принципі. Жаңашыл технологияларды қолдануда әсіресе деңгейлеп оқыту технологиясында осы принцип маңызды роль атқарады. Бағдарламалық оқу материалдарының негізі де жаппай жалпы және бірдей білім беру принципіне лайықталғаны ақиқат. Ұжымдық жүйеде оқытудың пайдасы мол болғанымен, жеке оқушылардың түрлі психологиялық, физиологиялық тағы да басқа өзіндік ерекшеліктері жан – жақты зерттеліп, есепке алуды қажет етеді. Сондықтан сын тұрғысынан ойлау технологиясы, деңгейлеп оқыту технологиясы, ойын технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологияларының басты міндеті жеке тұлғаны тәрбиелеу болғандықтан, оқушының өзіндік ерекшелігін ескере отырып тіл дамыту жұмыстарының әр алуан жаттығу түрлерін жасауға болады. Мұның өзі тек дифференциялап оқытуды ғана емес, сонымен қатар бала тілін таба білу, оны оқуға қызықтыру, тіл дамыту материалдарын үйрету дидактикалық ұстанымдардың тұтасқан бірлігінен құралады.

6 Оқытудың тәрбиелік принципі. Барлық функционалдық сауаттылықты дамыту жұмыстарының я болмаса жаңаша оқыту технологияларының басты мүддесі сайып келгенде тәбиеге саяды. Функционалдық сауаттылықты дамыту жұмыстарының нәтижесінде тек білім көлемі ғана жетілмейді, сонымен қатар оқушының адамгершілік құндылықтары, еңбекті құрметтеу, Отанын сүю, қастерлеу, эстетикалық, ерлік тағы да басқа асыл қасиеттерін жетілдіреді. Әл – Фарабидің трактаттарында көрсетілгендей: «Тәрбиесіз берілген білім – зұлымдықтың дәні, тәрбиемен берілген білім шын асыл қазына» деп көрсетуі ақиқат. Орыс халқының демократ әрі педагогы Н. Г. Чернышевский: «Білім адамның қасиетін – сезімдерін тәрбиелейді, сезімсіз, тәрбиесіз берілген білім адамдықтың гүлін жояды. Сондықтан да қашанда оқыту ісінің басты мақсаты - сұлу сезімді ізгі қасиетті тәрбиелеу болып табылады.» [1, б.48]. Оқытудың тәрбиелік мәні туралы халық педагогикасында молынан айтылады. Сондықтан сыныпта және сыныптан тыс уақыттарда функционалдық сауаттылықты дамыту жұмыстарын мақал – мәтел, ертегі, аңыз – әңгімелер сынды халықтық шығармалар үлгілерін көбірек қамтылуы тиіс. Қазақ тілі сабақтарындағы тіл дамыту тапсырмаларын жаңаша оқыту технологиялары негізінде құруда оқушылардың білімдік және іскерлік деңгейлерін мұғалім тарапынан мұқият әрі қатаң бақылануы тиіс. Осыған орай, оқушылардың жалпы ой өрісін дамытып, функционалдық сауаттылығын дамыту мен сөйлеу мәдениетін жетілдіру оқу жылының II жартысындағы кезекті де басты міндеттер болып саналады [1, б.98].

Қорыта айтсақ, қазақ тілі пәні бойынша функционалдық сауаттылықты дамыту жұмыстарының мазмұны мен ерекшеліктерін дәл ұғып, түсіну мұғалімнің жаңаша оқыту технологияларын ұтымды қолдануына ықпал етіп, оқушы үшін үлкен шығармашылық мүмкіндіктерге жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тұрғынбаева. Б. А. Ұстаздық шығармашылық. Алматы. 2007ж
- 2 «Қазақ әдебиеті - тұлғаның рухани дамуының бастауы» - Алматы-2005 ж. 96-148 б.

КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ-ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАЛАБЫ

ТОКПАНОВА А. М.

ағылшын тілі мұғалімі, №47 орта мектеп, Семей қ.

Көптілді білім берудің проблемасы туралы отандық және шетелдік әдебиеттермен мәліметтерге сүйенсек, әр мемлекет көптілді білім беру жүйесінде өзіне тән бір ерекшелігі бар екені көрініп тұрады. Бірақ барлық жағдайларда ең маңыздысы - адам факторы, яғни көптілді білім беру барысында жеке адамның ұлтына, мәдениетіне тағы сол сияқты басқада құндылықтарына мән берілуде.

Көптілді білім беру дегеніміз - оқу үрдісі барысында екі не одан да көп тілде білім беру. Мемлекетіміздің мектеп реформасында қаралған үш тілде оқыту-қазіргі заман қажеттілігі. Осы мақсатта қазақ, орыс, ағылшын тілдері ұлтына қарамастан тең дәрежеде іске асырылады.

«Тілдің үштұғырлығы» тіл саясаты бағдарламасы күні кеше ғана айтылған дүние емес. Президентіміздің аталмыш тілдік стратегияны 2004 жылы жария еткен болатын. Ал, биылғы жылы Еуроодақтық өздерінде үштілді білім тәжірибесін заңды түрде енгізді. Бұл- тарихи қажеттілік.

Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Тіл проблемаларын оңтайлы шешу – ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халық бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудың түпқазығы болып табылады. Елбасымыз үстіміздегі жылы Қазақстан халқына арнаған “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты Жолдауында “Тілдердің үштұғырлығы” мәдени жобасын жүзеге асыруды ұсына отырып, қазақ елін әлемдегі үш тілді қатар тұтынатын білімді де білікті ел ретінде танытуымыз қажет екенін және мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ұлтаралық қарым-қатынас тілі – орыс тілі мен жаһандық экономикаға табысты кірігу тілі – ағылшын тілі болуы тиіс екенін ерекше атап көрсеткен.

Көптілділік – қазіргі заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру арқылы ғана, әлем суретін әр алуан әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің барлық ерекшеліктерін және құндылықтарын сезінуге болады.

Көптілді оқыту - жас ұрпақтың білім кеңестігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Әр адамның рухани-адамгершілігін арттыру үшін,

бүгінгі тез өзгеріп жатқан дүниеде өмір сүріп, еңбек ету үшін жан-жақты болу қажет. Осыған орай, бүгінгі таңда Қазақстанға ақпараттық-технологиялық, ғылыми, медициналық, оқу-әдістемелік т.б. салаларда жаңалықтарды, әлемдік ілгері тәжірибелерден хабары болып, бұл жаңалықтарды өзінің ана тілінде халқының игілігіне пайдалану үшін халықаралық байланыстарды нығайтып, әлем аренасына шығу үшін көп тіл білетін мамандар қажет.

Көптілді білім беруді енгізу төмендегі мәселелерге сай жүргізіледі:

- Мемлекеттік тіл ретіндегі ағылшын тілін күшейту арқылы студенттердің ұлттық біртектілігін сақтау және дамыту ;

- Бұқаралық Ақпарат Құралдары арқылы шетел тілін оқытуды ұйымдастырудың негізгі идеясын кең насихаттаудың қажеттілігін түсіндіру және білім берудің ашық жүйесін дамыту жағдайында қоғамдық пікірді ескеру;

- Шетел тілін оқытуды жүзеге асырудағы ғылыми негіз жасауда арнайы зерттеу жүргізу;

- Шетел тілін тереңдетіп оқытатын элиталық жоғары мектептер негізінде ғана шетел тілін оқыту мүмкіндігі;

- Отандық жағдайларды ескере отырып шетел тілін оқыту технологиялары мен модельдерін жасау. ҚР орта жалпы білім беру құрылымы мен мазмұны;

- Бірыңғай оқу жоспары негізінде шетел тілін тереңдетіп оқытатын мектептерге типтік оқу жоспарын жасау;

- билингвалық білім беру жалпы және жеке әдістемесін құру ;
- полилингвалық білім беруге кезеңдеп көшу үшін кадрлық, материалды-техникалық, оқу - әдістемелік негізін айқындау;

- шетел тілін тәжірибелік оқыту үшін ұйымдастыру-әдістемелік жағдай жасау.

Бүгінгі күн жастары халықаралық стандарттар деңгейіне сай білім алуға байланысты, ағылшын тілін үйрену мен тәжірибе жүзінде пайдалану қажеттілігімен бетпе-бет келіп отыр. Сонымен қатар, ағылшын тілін білу білім беру жүйесі жоғары дамыған елдерде білім алуға, ақпараттық кеңістікте байланыс шекарасын кеңейтуге ықпал етеді, қоғам қажеттілігін қанағаттандыратын білімін кеңейтуге мүмкіндік туғызады. Бұл тілді меңгеру арқылы бүгінгі күн ақпараттар ағымында жұмыс істеуге көмектеседі. Біздің ел туралы: біздің ұлттық салт-дәстүр, мәдениет пен жетістіктеріміз жайлы білім негізі және тану құралы ретінде ағылшын тілінің

маңызы өсуде. Ағылшын тілі- әлемдік білім беру кеңістігіне жету және еліміздегі басқа ұлттардың бірігуі құралы.

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрілігі жас ұрпаққа ана тілі мен қоса бірнеше шет тілдерін оқу бағдарламасына енгізіп оқытуды қарастыруда, яғни жақын болашақта көптілді білім алған мектеп түлектеріміздің халықаралық еңбек нарығындағы сұранысқа жауап беретін білікті маман болып жетілуіне септігін тигізеді [5]. Көптілді білім беру мәселесіне отандық ғалымдар мен шетелдік ғалымдар қызығушылық танытуда. Шетелдік зерттеулерде көптілді білім беру мәселесі туралы терең қарастырылған ал отандық зерттеулерде көптілді білім беру мәселесі бойынша жеткілікті ғылыми зерттеу жүргізілмеген, бірақ осы бағыттағы жұмыстар өз бастамасын тапқан.

Көптілді білім беру мәселесін зерттеуде өз үлестерін қосқан ғалымдар: Б. Хасанұлы, Е. Ю. Протасова, Л. В. Щерба, Э. Сулейменова, Н. Шаймерденова, К. С. Мусин, Д. Д. Маханова, Рысалды Қ. Т., М. П. Алексеев, А. Мартине, Б. Жумагулова. К. Ж. Кожаметова, Э. Д. Гайпов, Л. Р. Хашимов, М. Қ. Исаев, С. Выготский, Ю. С. Степанов, J. Grimes, Barbara Comrie Bernard, Crystal David, Dutcher Nadine, С. С. Кунанбаева, И. А. Зимняя, Г. В. Рогова, М. А. Хасман, Дж. Хармердің, А. Г. Делич, И. А. Пассов, Г. С. Суянова.

Екітілді немесе көптілді білім беретін инновациялық әдістемелік білім беру жүйесінде қолданып жүрген мемлекеттердің тағы бір міндеті – бұл халықаралық тілдермен бірге ұлттық және мемлекеттік тілдерінің де деңгейін көтеру болып табылады. Соңғы отыз жылдан бері дүниежүзіндегі көптілдікті зерттеген ғалым Р. Таккер төмендегідей ой қорытындылайды:

- Үй тілі мен мектеп тілі бір бірінен ерекшеленеді (ұқсамайды)
- Саналы тілді немесе бірінші тілді қалыптастыру үшін көп уақытты қажет етеді.
- Жеке адам өзінің бірінші тілінде сауаттық (әдеби) дағдысын өте оңай дамытады;
- Жеке адам бірінші тілде берілген материалдың мазмұнын, жоғары деңгейде қабылдап саналық дағдыларын (cognitive skills) өте оңай дамытады.
- Саналық/тілдік дағдылар дамытылып материалдың негізгі мазмұны қабылданса, ол оңай түрде өңделеді.
- Екінші тілдегі саналы тілдің ең жақсы дамуы бірінші тілдегі саналы тілдің жеткілікті деңгейін көрсетеді.

Көптілділік бейбітшілік пен өркениеттің орнауына себепші бола алады. Қосымша коммуникативтік мүмкіндіктер түрлі мәдениеттерді үйренуге, тануға жол ашады, бірізгілік пен тұтастықты тудырады, әлеуметтік мәртебенің биіктеуіне көмектеседі, кәсіби және материалдық жетістіктерге қол жеткізуге жағдай туғызады.

Көптілділіктің негізгі мәселелері – білім беру мен тілдерді үйрету. Онда 1990 жылдардың соңында көптілділікті дамытуға қойылған талаптар қамтылады. Бұл саяси шеттетілудің аяқталғанын және «Батыс – Шығыс» ықпалдастығының орнауының; мемлекеттер арасындағы шекаралардың ашылуы (Шенген, Нафта), қолданылу аясы тар тілдерге мүмкіндік туғызатын аймақтандыру және толықтыру принциптерін қолдану секілді қазіргі заманауи құбылыста. Біздің ғалымдарымыз бен саясаткерлеріміз көптілдік және көпмәдениеттік білім беру таптық, саяси, экономикалық және діни қарама-қайшылықтарды, ұлттар арасындағы қақтығыстар сияқты қазіргі замандағы өзекті мәселелерді шешуде маңызды роль ойнайды деп есептейді. Мұндай келеңсіз оқиғаларды болдырмау үшін, мәдени төзімділікке тәрбиелеу үшін оқушылардың бойында әр ұлттық мәдениетіне түсіністікпен қарау және танып білуге тырысу, қызуқандылыққа салынбау, құрметтеу сезімдерін дамыту керек.

Бүгінгі таңда еліміздің жоғары оқу жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне енуіне бағытталған талпыныстарды көптілділік білімге ену жағдайында білім беру мазмұнын жаңарту, оқу үдерісін жетілдіру, әсіресе жаңа жүйенің яғни көптілді білім берудегі болашақ шет тілі мұғалімінің талаптарына сай оқу үдеріс үлгісінің дербестігі мен іздемпаздығын, шығармашылығы мен оқу белсендігін дамытатын оқыту шараларын іздестіруге аса мән беруді талап етіп отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2010 жылғы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. Елдегі жоғары оқу орындары әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне еруге ұмтылулары керек» деген тұжырымы бүгінгі жоғары оқу орындарының ғылыми негізде, жан-жақты дамуына қойылып отырған талап, қоғамдық сұраныс [6]. Қазіргі таңда, еліміз өз егемендігін алып, дербес мемлекет ретінде танылуда. Сондықтан, еліміздің өркениетін көтеру мақсатында шет тілдерін меңгеру, шет елдермен қарым-қатынас орнатудың маңызы зор екендігін көрсетіп отыр. Бұл дегеніміз қазақстандықтар үшін, жастар үшін ағылшын тілін үйрену-ғылымды, экономиканы, бизнесті одан әрі

дамыту қажеттілігін туындатып отыр. Қазақстан Республикасында жүріп жатқан ғаламдану әлеуметтік экономикалық және саяси өзгерістерге байланысты шет ел тілін білуге, өз бетінше үйренуге деген құлшынысты арттырып оның рөлін күшейтіп отыр [6].

Қазіргі таңда Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың басшысымен «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын дамыту басымдыққа айналып, соның ішінде жаңғыру жағдайында әлемдік интеграцияға кірігу тілі ретінде ағылшын тіліне мән берілуде [7]. Әлемдік білім алу кеңістігінде (шет ел тілін оқыту) интеграциялық процестердің тереңдеп кең қанат жайған жағдайында шет ел тілін оқыту өзекті біліктілігі жоғары дәрежеде маманданған білімі жағынан бәсекеге түсе алатын өзін халықаралық еңбек жәрмеңкесінде еркін сезініп жүре алатын мамандар дайындау мәселесінің бөлінбес бөлігі болып табылады. Қазіргі заман тілдері, тіл үйрету оқыту бағалау европа одағы қолданған жалпы европалық біліктілік стандартына қол жеткізуге бағытталған. Мәселен мектеп қабырғасында шет ел тілін үйретудің негізі қаланса, ал университетте болашақ мамандарға шет ел тіліне кәсіптік бағдар беріледі. Сонымен қатар шет тілін оқыту мақсаттары қоғамның мұқтаждығына байланысты өзгеріп отырады.

Шет тілін оқып-үйренемін деушілердің саны күннен күнге көбеюде. Осы орайда, шет тілінің еліміздің оқу жүйесінде айрықша мәртебеге ие болғаны айқындалғандай. Бұл сайып келгенде шетел тілін соның ішінде ағылшын тілін жоғарыда айтып кеткендей мектеп қабырғасынан бастап жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесінің жаңашыл қажеттілігін тудырады [8]. Осы жаңашыл қасиеттерді талап ету барысында маманның да заманға сай білімді де білікті болуын қажет етеді. Шет тілі маманы кім қандай болу керек? - Түсіну үшін жалпы педагог кәсіби қызметінің саласына қарай ұстанамыз. А. К. Маркова сияқты педагогтың кәсіби маңызды сапаларын қарастыра отырып педагогикалық бағыттылық педагогикалық мақсатты ұйғартушылық оқытушының педагогикалық мамандықтың нормаларын ережелерін модельдерін саналы түсіну, кәсіби ұстанымның оқытушы еңбегі тұжырымдамасының қалыптасуы өзі кейбір кәсіби үлгілермен теңестіру сәйкестендіру өзін басқа референтті адамдармен бағалау өзін өзі бағалау кіреді. [9]. Оқытушының өз кәсібіне сәйкестілігінің жоспары оның педагогикалық іс әрекетке тұлғалық дайындығы болады. Мәселен шет тілі маманының өзіне тән рөлдік репертуары болады. Ашып айтқанда маманның жан жақтылығы білімділігі біліктілігі болады. Еліміздің Президенті өзінің халыққа жолдауында айтып өтті

медициналық институтты бітірген түлек ол дәрігер емес, политех бітірген түлек ол инженер емес, әр білім мекемесін бітірген түлек өзінің жұмыс істей алатынын көрсете білуі қажет және де тәжірбие жинақтауы тиіс бұл бүкіл әлемнің талабы екенін атап айтты [10]. Осыны ескере келе біз оқытушы қауім алдымыздағы студенттерге жоғары білім беріп, ертең білім ордасын бітіргеннен кейін тәжірбие жинақтай алатындай етіп сапалы білім беруіміз қажет. Оқытушының тұлғалық мінездемесінде кәсіби педагогикалық өзіндік сана сезім қомақты рөл атқарады [11]. Мұғалімнің педагогикалық іс әрекет субъекті ретіндегі кәсіби сипаттамалары олардың жиынтығында көрінеді. Себебі оқытушы тұлға педагогикалық өзара әрекеттесудің белсенді әрекеттенуші субъекті ретінде тұтас күрделі жүйе. Мұғалім мамандығы дәрігер мамандығы сияқты ең көне мамандықтардың бірі. Онда ұрпақтар сабақтастығының мыңжылдық тәжірбиесі жинақталған. Мұғалім мамандығы оның мазмұны еңбек жағдайлары сандық және сапалық құрамы өзгергенмен де кәсіптердің өзгермелі дүниесінде айнымас болып табылады [12]. Мұғалім туралы ой толғайтын себептер көп ақ. Оқытушысыз шәкірт тұл демекші ұстаз болмаса даналар мен ғалымдар болмас еді. Мектепте немесе жоғары оқу орнында қандай пән мұғалімі болмасын өзіндік ерекшеліктері бар. Кез келген оқу пәні оқытушының психологиялық портреті келесі құрылымдық компоненттерге ие: адамның даралық сапалары оның индивид ретінде ерекшеліктері темперамент нышандар адамның әлеуметтік мәні коммуникативтік интерактивтік сапалар мәртебелік позициялық ерекшеліктері іс әрекеттік кәсіби пәндік сыртқы мінез құлықтық көрсеткіштері болады. Жоғары мектепте міндетті пән болып табылатын ағылшын тілін оқыту барысын ақпараттандыру ағылшынша сөйлейтін, тыңдап түсінетін, жазатын тілдік тұлғаны қалыптастыруға қажетті дағды мен біліктің жаңашалануын қажет етеді. Жұмыста қарастырылған нәтижелер жалпы білім беретін мектептерде ағылшын тілін оқытуда студенттерді коммуникативті оқыту технологиясы негізінде сөйлеу дағдысын қалыптастырудың тиімді жүйесі ретінде ақпараттық технологияны, компьютерді мультимедианы қолданудың артықшылығы тәжірибе жүзінде дәлелденіп, негізделді.

Тілдің өзіндік заңдылықтары бар, қай тіл болмасын белгілі бір ережелерге сүйенеді. Алайда шет тілін қалай үйрену ол оқытушы мен оқушының еркінде. Осы заңдылықтарға қарамастан ағылшын тілі біздің елімізде кең етек жоюда әсіресе ағылшын тілін үйренуге құштарлық жастар арасында кең қолданыс табуда. Ендеше біз

болашақ ұстаз қауімі заманға сай боуымызды қажет етеді. Еліміздің президентінің, Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және оларды материалдық ынталандыруға жеке назар аудару қажет. Біз таңдаулы педагогикалық практика негізінде жасалған педагогтарды қайта даярлаудың жаңа үш деңгейлік бағдарламасын енгізгендігін айтып өтті. Қазақстан әлемінің жоғарғы білімді халқы үш бірдей тілмен қолдана алатын мемлекет ретінде танылуы керек деп атап көрсеткен еліміздің президенті.

Сондықтан көптілді білім берудегі ағылшын тілін үйренуге бет алатын әр түрлі деңгейдегі оқушылар мен оқытушылар тең құқықты білім алуға мүмкіндік жасауымыз қажет. Осылайша біз мемлекетіміздің әлеуметтік саяси және экономикалық өміріне белсене қатыса алатын тұлғалар дайындауға өте үлкен септік тигізгеніміз жөн.

Бұл тек тіл саласында ғана емес? сондай-ақ саясат өндіріс ғылыми салаларға мол пайдасын әкеледі дегенге шын ниетпен сенеміз.

Әр мұғалім үшін оның ең алдымен адамгершілік бағдарланған тәрбиелесуші болу ерекшелігі маңызды. Оқыту барысында үздіксіз, әрі жүйелі түрде қолданылған технология сөйлеу әрекетін қалыптастыруды тиімді меңгертеді.

Көптілді білім берудің қоршаған әлемде болып жатқан үдемелі өзгерістерге бейімделгіштігін күшейтетін лингвистикалық біліктілігі жоғары дамыған бәсекеге қабілетті жастардың қалыптасуына септігін тигізетін тұжырымдалық тұрғыдан жаңа үлгісін құруды көздейді Қазіргі кездегі жаңа білім саласына қойылатын талап жас маманның кәсіби білімділігі біліктілігі мен дағдысы Жоғары оқу орындары міндеттерінің бірі білім алушыны шынайы әлем жағдайындағы өмірге дайындау [13].

Шет тілін оқыту практикасы дәлелдегендей көптілділікте білім беру жүйесінің оқу процесіне оқитын тілдің санын көбейту арқылы емес керісінше бастауыш мектептерден бастап интерактивті негізде көптілділікті даму жолымен енгізу тиімді болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. -2002.

2 Президенттің Қазақстан Халқына жолдауы. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Астана, 28сәуір, 2010ж

3 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. -2002.

4 Хасанұлы Б. «Үштілділікке баулудың социо-психолінгвистикалық үлгісін жасау әлеуметтік қажеттілік» // Филологиялық зерттеулердегі инновациялық технологиялар атты Республикалық ғылыми тәжірбиелік конференцияның материалдары 30-31 қазан, 2012ж.

5 Президенттің Қазақстан Халқына жолдауы. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Астана, 28сәуір, 2010ж

6 Президенттің Қазақстан Халқына жолдауы. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Астана, 28сәуір, 2010ж

7 Президенттің Қазақстан Халқына жолдауы. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Астана, 28сәуір- 2010ж

8 Рысбаева Г. Қ. «Шетел тілі сабағындағы модульдік оқыту технологиясында психологиялық тренингтің элементтерін қолдану» Алматы, 2012ж- 56

9 И. А. Зимняя, Педагогикалық психология. Алматы, 2005ж -1726

10 Президенттің Қазақстан Халқына жолдауы. 2012ж

11 И А Зимняя Педагогикалық психология Алматы 2005ж -1746

12И А Зимняя Педагогикалық психология Алматы 2005ж - 1486

13 Д. Ж. Нөкетаева «Көптілділік көпмәдениетті тұлға қалыптастыру негізі» 2014ж

НИГИЛИЗМ В ЛИРИКЕ С. А. ЕСЕНИНА

ТОЛОКОЛЬНИКОВА Н. И.
магистрант, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Творчество С. А. Есенина на протяжении многих десятилетий вызывает повышенный интерес и у исследователей, и у читателей пристальным вниманием к глубинным проблемам личности поэта, которые образуют особую ауру есенинской лирики. Характерная для русской поэзии начала XX века внутренняя диалогичность («я», другой, Бог, микрокосм – макрокосм и т.д.), вызывающая острейший интерес у наших современников, присуща и лирике Есенина. Рассматривая лирического героя как художественного двойника автора, как образ, в котором духовный опыт поэта подвергается эстетическому претворению, мы считаем необходимым соотнести его эволюцию с биографическим контекстом, с проблемами и особенностями духовно-творческого самоопределения Есенина.

Нигилистические настроения отразились в мировоззрении молодого поэта. С одной стороны, он исповедовал христианскую веру. Христос для него – совершенство, и верил он в Него, потому что этого требовала душа. Однако в православии С. Есенина уже на раннем этапе проявился еретизм. Молодой Есенин верил во Христа как в гения, одаренного светлым «умом человека, как в благородную душу, образец любви к ближнему» [1, т. 3, с. 205] – и только. Он подверг сомнению Божественную суть Христа. Христос, как считал С. Есенин, указал, как надо жить, но не сказал, ради чего следует жить. Сам он пришел к выводу о том, что истина жизни – в единстве всего мира, что «все люди – одна душа» [1, т. 3, с. 206], и это убеждение впоследствии оказало сильнейшее влияние на содержание его поэзии. Однако, уверяя себя в том, что мир един, он пришел к хлыстовскому заключению о равенстве человека и Христа: «Люди, посмотрите на себя, не из вас ли вышли Христы и не можете ли вы быть Христами?» [1, т. 3, с. 205].

Есенинский нигилизм обнаруживает поведенческий и с ним связанный речевой протест против существующего миропорядка, основанного на религиозных, моральных ценностях, нормах и запретах. Лирический герой поэта с его «хулиганской» природой остро переживает этическую противоположность добра и зла. Это натура, способная, подобно Дмитрию Карамазову, «вмещать всевозможные противоположности и разом созерцать обе бездны, бездну над нами, бездну высших идеалов, и бездну под нами, бездну самого низшего и зловонного падения» [2, с. 648]. Сравним у С. Есенина: «Но коль черти в душе гнездились, / Значит, ангелы жили в ней» [1, т. 1, с. 170]. Есенинский герой воплощает естественную ступень добра, существующего до всякой рефлексии и до самосознания. Лирический герой несет в своем сердце любовь ко всему живому, естественно и произвольно любя и жалея всякую жизнь («Слишком я любил на этом свете / Все, что душу облакает в плоть» [1, т. 1, с. 183]). Именно такие инстинктивные чувства, как жалость ко всему земному, благоговение перед ним, и составляют положительно-нравственное начало личности есенинского героя.

Но в столь же естественных, полуинстинктивных чувствах, охватывающих душу до всякой рефлексии, открывается лирическому герою С. Есенина и зло: чувства гнева, нетерпения и ярости («Я кричу тебе: «К черту старое!» / Непокорный разбойный сын» [1, т. 2, с. 73]). Как отмечает А. Марченко, «в силу природной стихийности героя С. Есенина его добро очень неустойчиво» [3, с. 112]. Оно стоит перед

опасностью колебания между двумя безднами, перед опасностью вырождения в свою противоположность. Отрицая сверхличную опору («Тело, христово тело, / Выплюываю изо рта, / Не хочу воспринять спасение / Через муки его и крест» [1, т. 2, с. 63]), лирический герой приходит к тому, что темная сторона, неотделимая от зла, от влечения к хаосу, в нем активизируется. Бог, взывающий ко всему доброму в человеческой душе, отрицается в выборе зла. Ненависть к смерти, к несправедливости человеческого удела приведет есенинского героя к апологии зла и преступления. Бунтовщик, чтобы сразить зло, отказывается от добра и порождает зло. Так, герой осуществляет глубинное смешение добра и зла. В итоге он поглощается страстями, приходит к разрушению личностной плоти.

Наряду с отчаянным, наслаждающимся «пороками» герсе-разбойником, раннюю лирику С. Есенина организует другой герой, который вплоть до 1918 года в ней преобладает. Мотивы лирики С. Есенина начала 1910-х годов – жертвенная миссия поэта, одухотворенная природа, религиозное послушание, странничество, богоизбранность русского крестьянина, за которого радуется Св. Николай Угодник, чувственная и плотская любовь. Г. Красухин усматривает в ранних стихах поэта «душевное равновесие», обусловленное «усвоенными с детства христианскими ценностями». Причину нарушения равновесия исследователь видит в «утрате веры (в идеале – в Бога, в расхожем смысле – в нравственные основы жизни)» [4, с. 10]. Ранний герой лирики – это герой-послушник, внимающий Слову окружающего мира. Перед нами человек, обращенный к Богу, духовно свободный от власти земного мира, смиренно, с благодарностью в сердце принявший божественный замысел о человеке («Будь же ты вовек благословенно, / Что пришло процветать и умереть» [1, т. 1, с. 149]) – смерть, вписанную в человеческую судьбу, изначально заданную и в силу своей предопределенности не осознающуюся как трагедия. Истинная мудрость для героя оказывается в том, чтобы угадать и повторить, в земном пути божественный замысел о своей судьбе.

Ранний С. Есенин говорит о божественности личности, ибо всякий человек, вслед за Христом, должен вновь и вновь искупать вину мира, изначально трагедию бытия: «Это ты, о сын мой, смотришь Иисусом!» [1, т. 2, с. 33], «Шлет им лучистую радость во мглу / Светлая Дева в иконном углу» [1, т. 1, с. 296].

В лирике 1914 г. выразилось светлое, радостное отношение поэта к миру как Божьему Дару («Все встречаю, все приемлю, Рад

и счастлив душу вынуть» [1, т. 1, с. 56]). Пейзаж в поэзии С. Есенина одухотворен. Пейзажная метафора соединена с евангельскими образами. Так, в стихотворении «Сохнет стаявшая глина...» [1, т. 1, с. 67] образ ветра, «рыжего ласкового осленка» [1, т. 1, с. 67], сочетается с образом Христа, которому поклоняется вся природа («Никнут сосны, никнут ели / И кричат ему: «Осанна!» [1, т. 1, с. 67]). В стихотворении «Чую радуницу Божью...» природа – олицетворение Христа: «Между сосен, между елок, / Меж берез кудрявых бус, / Под венком, в кольце иголок, / Мне мерещится Иус» [1, т. 1, с. 68].

Человек – жертва в земном бытии; как только человек перестает быть жертвой и возникает активная позиция – попытка выстроить жизнь в соответствие со своей системой ценностей, происходит разрушение человека. Восстание против Сущего, революционный акт «разламывания» старого мира человеком обнаруживают себя в поэме С. Есенина 1918 года «Инония» [5, с. 217]. Поэма «Инония» воплотила образ революции, сложившейся как идея. Революция не земное дело человека. Она, аналогичная космическому взрыву, происходит в мироздании. При этом Бог вычеркивается из архитектуры мира. В качестве высшего творения остается человек со своей волей к смыслу. Бог разоблачается как собственное изобретение человека: «Даже Богу я выщиплю бороду / Осколом моих зубов / Ухвачу его за гриву белую / И скажу ему голосом вьюг: / Я иным тебя, Господи, сделаю...» [1, т. 2, с. 64]. Все, что ранее приписывалось Богу, теперь остается за человеком, поэтому все, что человек до сих пор почитал как Бога, лежит в нем самом. Человек познает свое человекобожие: «Я сегодня рукой упругую / Готов повернуть весь мир...» [1, т. 2, с. 64], «Колесами солнце и месяц / надену на земную ось» [1, т. 2, с. 76]. Есенинский герой подчиняет высшее существо силе своего отрицания, заставляет его, в свою очередь, склониться перед той частью души, которая не желает склоняться. Герой-пророк («Так говорит по Библии / Пророк Есенин Сергей» [1, т. 2, с. 63]) воплощается в сфере особого Слова. Его слово, обладающее магической, сакральной природой, выстраивается на разрушении слова христианского. Старый христианский мир «взрывается» («Проклинаю я дыхание Китежа» [1, т. 2, с. 64], «Языком вылижу на иконах я / Лики мучеников и святых» [1, т. 2, с. 64], «Все молитвы в твоём часослове я / Проклюю моим клювом слов» [1, т. 2, с. 64]). С. Есенин создает концепцию нового языческого мира.

Нигилистически-бунтарский дух пронизывает поэмы «Октоих» – 1917 (Плечью трясем мы небо, / Руками зыбим мрак») [1, т. 2, с.

47], «Преображение» – 1917 («За тучи тянется моя рука») [1, т. 2, с. 56], «Небесный барабанщик» – 1918 («Да здравствует революция / На земле и на небесах!») [1, т. 2, с. 70], «Пантократор» – 1919 («Не молиться тебе, а лаяться / Научил ты меня, Господь») [1, т. 2, с. 73].

Краеугольным камнем нигилизма С. Есенина является проблема смерти, обусловившая и природу его лирического героя, и особенность его поэтической онтологии (отношение к Богу, к смыслу бытия). В «Инонии» конечным смыслом пересотворения вселенной оказывается преодоление смертной природы человека: «Я иное узрел пришествие – / Где не пляшет над правдой смерть» [1, т. 2, с. 63]; «Обещаю вам град Инонию, / Где живет божество живых!» [1, т. 2, с. 64]. Есенинский герой не отрицает Бога, а бросает ему вызов. Он протестует против уготованного человеку удела. Бунтуя против смерти, он отвергает страдания и страх смерти.

Есенинский герой с его земной тяжестью, невозможностью вырваться за пределы плоти, реальности как таковой духовно не способен принять смерть как высший замысел Творца о человеке. Излюбленная есенинская конструкция «отрицания» («Мне не жаль вас, прошедшие годы, – / Ничего не хочу вернуть» [1, т. 1, с. 166], «Я полон дум о юности веселой, / Но ничего в прошедшем мне не жаль» [1, т. 1, с. 190]), создающая впечатление покорности лирического героя условиям земного бытия, носит заклинательный характер. Христианское представление о смерти бессильно удовлетворить и насытить волю к жизни есенинского героя, поскольку бессмертие души, понимаемое в христианстве как ее новое сознание и не зависимое от тела существование, он не принимает. «Душа подчиняется тем же законам тления, что и человеческое тело («Мне страшно – ведь душа проходит, / Как молодость и как любовь» [1, т. 1, с. 316], «Я душой стал, как желтый скелет» [1, т. 1, с. 180], «С души, немного омертвелой» [1, т. 1, с. 179]) [6, с. 234].

Детерминизм, разрушающий бытие мыслящего человека, неприятие смерти, жажда бесконечной и ясной жизни – причины бунта против Бога есенинского нигилизма. Нигилизм С. Есенина сущностно соотносим с «метафизическим бунтарем» А. Камю, восстающим «против своего удела и против всего мироздания, оспаривающим «конечные цели человека и вселенной» [7, с. 135]. Метафизический бунтарь – богохульник поневоле. Просто он богохульствует сначала во имя порядка, будучи уверен, что Бог порождает смерть и метафизический скандал» [7, с. 136]. «Если бунтарь богохульствует, то он поступает так в надежде на нового

Бога» [7, с. 196]. В «Инонии» С. Есенин создает образ нового, коровьего Бога – знак нового языческого мира: «По-иному над нашей выгибью / Вспух незримой коровой Бог» [1, т. 2, с. 65].

Доведенный в «Инонии» до предела бунт против Бога, отказ от божественной благодати закономерно приводят лирического героя С. Есенина к представлению о невозможности объективного нравственного закона, поскольку в бессмысленной действительности не может быть ни проступков, ни преступлений. Любое проявление себя в мире мыслится есенинским человеком как полезное, ведущее к удовольствию. «История религий, – читаем в «Человеке бунтующем», – составила представление о Боге как о существе преступном, угнетающем и отрицающем Человека. Тогда какой человеку смысл быть добродетельным? Если уж Господь отрицает и уничтожает человека, то нет никаких препятствий к тому, чтобы отрицать и убивать себе подобных» [7, с. 146].

С. Есенин направляет бунт на дорогу искусства. Он отрицает культивируемую социальным человеком мораль, ставя превыше всего нравственное «преступление», совершаемое при помощи слова. Здесь возможны два варианта отрицания – на уровне «поведения» и собственно поэтического слова.

Лирический герой С. Есенина существует между определением себя как хулигана и «хулиганским» «поступком». Примеры, в которых бы «проигрывалось» «преступление» («Я одну мечту, скрывая, нежу, / Что я сердцем чист. / Но и я кого-нибудь зарежу / Под осенний свист» [1, т. 1, с. 76]) у поэта единичны. Аномальные поведенческие акты (скандал, кража, мошенничество), как правило, разворачиваются через стоящие за оценочной характеристикой лирического героя смыслы. Не проповедуя злодеяния в прямом смысле слова, С. Есенин берется показать глубинный порыв протеста в условных образах человека вне закона: «разбойника» в лирике («В чернобылье перелесиц / С кистнем засяду я» [1, т. 1, с. 301]), великодушного бандита в поэмах (Номах в «Стране негодяев» [1, т. 2, с. 240–287], Пугачев в одноименной поэме [1, т. 2, с. 157–188]), в своих глубинных истоках бросая вызов нравственному и божественному закону.

Второй вариант отрицания обнаруживает себя в использовании в поэтическом тексте так называемых обценных («какую-то хреновину в сем мире» [1, т. 1, с. 197], «Кайся, сукин кот!» [1, т. 1, с. 188]), бранных («зараза» [1, т. 1, с. 158], «дрянь» [1, т. 1, с. 158], «к черту» [1, т. 1, с. 343]) слов и выражений. Эстетически установку

на функционирование в поэтическом произведении подобных лексем сам С. Есенин объясняет художественной необходимостью. В коммуникативном аспекте использование подобных семантически изолированных в контексте речи выражений имеет своей целью в пространстве собственно поэтического текста предельное обесценивание человека (адресата речи), мыслимого в христианской культуре как абсолютная, высшая, духовная ценность.

В русле этих деструктивных настроений С. Есенин пишет «Москву кабацкую». Пространство этого есенинского цикла предельно бездуховно. Это пространство кабака («Эта прямая дорога / Меня привела в кабак» [1, т. 1, с. 319]). Одна из основных форм проявления себя в мире есенинского героя – «пьянство» – достигает здесь своей кульминации. Вкушение вина здесь – не стихийное упение всеми формами материи земного пространства, не акт причащения к крови Христовой и обретения себя в этом как свободной и сознательной личности, возрастающей в своем сознании к сверхсознанию. Напротив, «алкогольное» состояние лирического героя становится знаком небытия духа, смерти сознания» [8, с. 102].

Если в творческом опыте С. Есенина «Инония» воплотила предельное отрицание Бога, «Москва кабацкая» стала протестом против человеческого удела, предопределяемого всеобщим смертным приговором: «Не умру я, мой друг, никогда» [1, т. 1, с. 159].

Тотальное отрицание первоосновы сущего, радость разрушения, обнаруживающиеся в лирике С. Есенина 1916–1921 гг., преодоление объективного нравственного закона, осуществимого исключительно в сверхличном начале, стали для лирического героя (для которого воля к жизни – это любовь ко всему живому, но не к источнику жизни, Богу) губительными. Так, лирический герой С. Есенина оказывается вне жизни, вне реальности, он открывает себя для небытия, которое со временем в есенинской лирике начинает превышать по своей значимости бытийный, реальный мир. Есенинский герой, отрицая Бога, как некое ограничивающее человека с его разрушительной жаждой свободы начало, приходит к тому, что его внутренние переживания и их внешние проявления побуждаются негативными, грешными устремлениями – воля к жизни пребывает под знаком падения.

Трагедия «метафизического бунтаря» С. Есенина заключается в том, что, начиная борьбу за свою метафизическую свободу, он не владеет основаниями своего существования, не он является причиной самого себя и своих свойств, напротив, они уже находятся в данном и

наличном бытии. Есенинский герой, преодолевающий общественные предписания с помощью индивидуализма, нравственные запреты – через волю к власти, связь с Богом – бунтом против него, знает два пути разрешения своего бытия в бессмысленном мире. Лирический герой раннего С. Есенина, отбросив всякую нравственность, исходит из представления о вседозволенности. Он стремится испытать абсолютную свободу, в пространстве которой можно оправдать любой поступок, любое «преступление», ибо нет критериев разделения добра и зла. Его последовательная позиция состоит в том, чтобы взорвать и уничтожить этот не обнаруживающий смысла мир. Зрелый С. Есенин начинает говорить о погруженности человека в себя, замкнутости его в своей самости. Лирический герой позднего С. Есенина приходит к психологически непереносимой позиции. Лирический герой поэта, отрицающий христианскую идею бессмертия, считает главной целью своего бытия этот, посторонний мир, и в результате пренебрегает миром потусторонним.

Таким образом, логика творческого и жизненного пути С. Есенина развивалась от синтеза – связи с жизнью мироздания, с Богом, со всем сущим, к нигилизму – отделенности от всеобщего Бытия, замкнутости и конечной изоляции в близком к духовной смерти небытия. Позиция лирического героя С. Есенина, определяемая спецификой его психологического склада и, в первую очередь, его мировоззренческими представлениями, – позиция изначально трагическая, тупиковая для личности, ибо она, предполагающая как свою первооснову соперничество с Богом и его моралью, приводит не к утверждению личности, а к ее разрушению.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Есенин С. А. Собрание сочинений: в 3 т. – Т. 1-3. / С. А. Есенин. – М. : Правда, 1970.
- 2 Достоевский Ф. М. Братья Карамазовы: роман в четырех частях с эпилогом / Ф. М. Достоевский. – Ижевск : Удмуртия, 1982. – 728 с.
- 3 Марченко А. Сергей Есенин: Русская душа. – М. : АСТ-ПРЕСС КНИГА, 2005. – 368 с.
- 4 Красухин Г. Легенда и реальность / Г. Красухин // Есенин С. А. Стихотворения. Поэмы. Статьи / С. А. Есенин. – М., 1998. – С. 5–16.
- 5 Мамлеев Ю. В. Духовный смысл поэзии Есенина // Столетие С. А. Есенина. Международный симпозиум. – Вып. 3. – М. : Наследие, 1997. – С. 215–221.

6 Волков А. А. Художественные искания Есенина. – М. : Наука, 1976. – 440 с.

7 Камю А. Бунтующий человек. Философия. Политика. Искусство. – М. : Изд-во полит. лит., 1990. – 415 с.

8 Павловский М. Религия русского народа в поэзии Есенина (Лингвистические соображения) // Столетие С. Есенина. Международный симпозиум. – М. : Наследие, 1997. – С. 93–115.

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІДІҢ ҚЫЗМЕТІ

УАҚБАЕВ А. Ж.

бастауыш сынып мұғалімі, Қарақұдық ЖББОМ, Павлодар облысы

Пунктуация лингвистика ғылымында толық зерттеле қоймаған, сондықтан тіл білімі проблемаларының бірі болып есептелінеді. Көркем шығармада, публицистикалық туындыларда, ресми стильдерде т.б. тыныс белгілері қызмет атқарады. Тыныс белгілерінің ресми стильде белгілі бір мағына беруде, ал көркем шығармада жазушы не ақынның айтпақ ойын, эмоциясын оқырманына әсерлі етіп жеткізуде өзіндік маңызы бар. Лингвистикада тыныс белгілерінің қызметіне қатысты санаулы зерттеу еңбектерін атауға болады. Оның қатарына Е. В. Дзякович, В. Ф. Иванова, Л. А. Будниченко, О. В. Александрованың еңбектері жатады.

Тыныс белгілері ресми стильде белгілі бір ақпаратты әсерлі етіп жеткізетін тілдік құралдардың қатарынан орын алады. Осыған байланысты қазақ тілінде пунктуация коммуникация процесінде белгілі бір ақпараттық жүйені өзінің байланыс каналымен, тілдік ақпаратымен тығыз байланыста қолданылады.

В. А. Кухаренконың айтуынша пунктуация – ауызша сөйлеудегі интонация, екпін арқылы берілетін экспрессивті-эмоционалды мағынаны жазбаша тілде оқырманға жеткізетін графикалық экспрессивтік құрал [1, 106].

Тыныс белгілері арқылы ресми стильде хабар беріледі, сонымен қатар, белгілі бір мән-мағынада қоса нақтыланады және әсер ету қызметін атқарады.

Л. Будниченконың пікірінше тыныс белгілері мағынасына байланысты екі топқа бөлінеді:

- 1) Эмотивті тыныс белгілері (леп белгісі, көп нүкте, тырнақша)

2) құрылымдық-логикалық тыныс белгілері (үтір, нүкте, үтірлі нүкте, сұрақ белгісі, қос нүкте, сызықша, жақша) [2, 25].

Эмотивті тыныс белгілері ресми стильде оқырман қауымның айтылған ойды дұрыс түсінуіне әсерін тигізіп, мәтіндегі не болмаса шығармадағы ойды нақтылауға көмектеседі. Ал көркем шығармада эмотивті тыныс белгілері түрлі эмоцияны, жақтыру немесе жақтыртпау, жағымды әсер немесе жағымсыз әсерді, сонымен қатар, нақты бір эмоция түрін (қуаныш, реніш, өкініш, риза болу, шаттану, қайғы, т.б.) оқырманға жеткізеді. Эмотивті тыныс белгілерінің (көп нүкте, тырнақша, леп белгісі) нақты мағынасы көп жағдайда контексте айқындалады.

Ал құрылымдық-логикалық тыныс белгілері грамматикалық мағынаны білдіреді, яғни ойдың аяқталуын немесе аяқталмаған, жалғасы бар екендігін, ойды немесе пікірді нақтылауға, себебін білдіруге (қос нүкте), қарама-қарсы мәнді беруге және мақсатты білдіруде, бірден екінші ойға ауысу мақсатында (сызықша), санамалауда, топтауда (нүктелі үтір, үтір), сұраулы мағынаны (сұрақ белгісі) беруде жұмсалады.

Іскери стильдегі эмотивті тыныс белгілердің бірі болып табылатын леп белгісі, көп нүкте, тырнақшаның қызметіне тоқталайық.

Қазақ тілінде леп белгісі интонациямен байланысты. Эмоциялық бояуы мол сөйлемдерден соң қойылып, сөйлеушінің түрлі эмоциясын (қуану, шаттану, риза болу кей жағдайда бұйыру, ашулану) береді. Ресми стильде леп белгісі бұйыру мәнін жеткізеді.

Ал көп нүктенің қолданысына назар салар болсақ, көп нүкте үнсіздікті, ауыр халді жеткізу үшін, күрсіністі жеткізу үшін, ойдың аяқталмағандығын, жалғасы бар екендігін білдіру үшін т.б., мақсаттарда қолданылып, шығармада белгілі бір қызмет атқарады. Ресми стильде көп нүкте ары қарай жалғасы бар, аяқталмаған ойды жеткізу мақсатында, сондай-ақ, баяндамадағы белгілі бір ғылыми еңбектен алынған үзінді мәтін екендігінен хабар береді.

Мысалы, көркем шығармада: «Сендердің алдарыңда ... алғанына арманым жоқ ... кемпірге көздерінің ... қырын салындар ... қош кешіндер ...»(Ж.А.) деген тілі әрең келді. Кейіпкер сөзінде көп нүктенің қойылуы, кейіпкердің ауыр халін, қиналысын білдіреді.

«Ол кетеді ... соғысқа барған кісінің тірі келуі екі талай-ау... аман болса, қашан келер? Егер, зәуде жазым болса, өліп кетсе... Жоқ бірге туған бауыры, қуатты ... ағасы өлмеу керек ... Құдай-ай! Сақтай

гөр!»). Жаман сұмдықты ойламайыншы...» (Ж. А.) Монологтағы көп нүкте кейіпкердің толғанысын, уайымын білдіреді.

Ал ресми стильдегі көп нүкте: «... трароппп....., деген ойды құптаймыз»

Н. С. Валгина «Многоточие может означать прекращение повествования по воле автора, так как это повествование представляется излишним по ходу развития сюжета или художественного образа... Пусть читатель сам вообразит себе, что там увидели участники событий, а пишущему достаточно поставить многоточие» [3, 96].

Көп нүкте арқылы автор оқырманға ары қарай ойды өзінің өрбітуіне мүмкіндік береді. Өзіндік көзқарасына сәйкес қорытындылауына, шешім шығаруына, талқылауына ой тастайды.

Тырнақша ресми стильде түрлі мағына беру мақсатында жұмсалады.

Мысалы мамандық атаулары, пән аты мына анықтамада тырнақшаға алынған:

Филология ғылымдарының кандидаты. Кандидаттық диссертациясын 2003 жылы ақпан айында «Қазіргі қазақ балалар драматургиясы» тақырыбында 10.01.02 - «Қазақ әдебиеті» мамандығы бойынша Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Ғылыми кеңесінде қорғаған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары аттестациялық комитетінің 2003 жылғы 20 маусымдағы шешімімен (№8 хаттамасы) филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алған. Диплом № 0010588.

Көркем шығармада қаламгер көп жағдайда тырнақшаның кекесін, мысқыл, астарлы ойды беру қызметіне сүйенеді. Мысалы,

Дегенмен, соңғы кездері музыкалық білімі шамалы, тіпті нота дегеннен мүлдем хабары жоқ «жұлдыздардың» қаптап кеткені жасырын емес (Жас Алаш, 23 шілде, 2005).

Мұнда шындыққа дұдамал ойды білдіреді. Ащы мысқылды жеткізу үшін де қызмет атқарады. Мысалы, Қазір «гүл – қала, арман-қаланы» күл қоқыс басып барады (Жас Алаш, 30 қазан, 2004). Қаланың тазалығы атына сәйкес келмей бара жатқандығын мысқыл арқылы берген. Ал ресми стильде тырнақша мекеме атауларын, газет-журнал атауларын, баяндама атауын, кей жағдайларда мерзім, уақыт тырнақшаға алынады. Бұйрық, резалюция тырнақшаға алынады.

Б. С. Шварцкофф пікірінше, тырнақша - мысқылды оқырманға күшейтіп жеткізумен қатар мәтіннің бүкіл мазмұнын беретін мағыналы сөзге көңіл аудартатын құрал, мұндай жағдайда тырнақшаны қолдану эмоционалды-экспрессивтік немесе мағыналық шарықтау шегін білдіреді [4, 116].

Қорыта айтқанда, тыныс белгілері ресми стильде ойды нақты жеткізуші, ал көркем мәтінде, публицистикалық жанрларда, т.б. экспрессивтік-эмоционалдық мағына беру мақсатында жұмсалып, оқырман сезіміне айтарлықтай әсер етеді, кейде көріктеуіш мәнге де ие болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Kuharenko V.A. A Book Of Practice In Stylistics. M.: Higher School, 1986, -
- 2 Будниченко Л. Экспрессивная пунктуация в публицистическом тексте (на материале языка газет) // СПб., Госуниверситет, 2003, -121 с
- 3 Валгина Н.С. Русская пунктуация: принципы и назначения. -М., 197, -
- 4 Шварцкофф Б.С. О факультативных случаях употребления кавычек // Нерешенные вопросы русского правописания. -М.,1974. -125 с.

ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЭВФЕМИЗМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

УНГАЕВА Н.

магистрант, С.Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Табу мен эвфемизм бір –біріне ұқсағанымен, екеуі екі түрлі тілдік құбылысқа жатады. Мифтік ескі наным бойынша атын тура айтуға тыйым салынған сөздердің тіл білімінде табу деп аталатыны белгілі. Сананы қараңғылық жайлаған өткен замандарда адам баласы өмірді жете танып білмеу салдарынан, зат пен оның атауы арасында табиғи байланыс бар деп түсінген. Адамзат өзі тудырған кейбір сөздерді күнделікті тұрмыста өз атымен атамай, басқаша атауға мәжбүр болған. Мұндай тыйым салынған сөздер дүниежүзі халықтарының көпшілігінде кездеседі. Бұл құбылыс түркі тілдес халықтар тарихында да кең тараған.

К. Аханов «Тіл білімінің негіздері» атты еңбегінде: «Кейбір нәрсенің не құбылыстың атын тікелей айту дөрекілеу, қолайсыздау болып көрінгенде, олар басқа сыпайы, майда сөздермен ауыстырылып айтылады. Бұл құбылыс эвфемизм деп аталады» – дейді [1, 136].

Тіл білімінде эвфемизмдердің теориялық мәселелері Б. А. Ларин, М. Ковшова[2], Л. А. Булаховский[3], А. А. Реформатский [4] сынды тілші ғалымдар еңбектерінде түрлі нысанда көрсетіліп, оның тілдік материалдардағы әмбебап дамуы мен пайда болуы, ерекшеліктері ескеріледі. Ал В. И. Жельвис, Н. А. Евсева сынды ғалымдар эвфемизмдерді диахрондық және синхрондық нысандар тұрғысынан қарастырса, В. П. Москвин, Е. И. Шейгал, Т. Л. Павленко т.б. эвфемизмдердің түрлі жасалу жолдарын көрсетеді. Эвфемизмдерді кешенді түрде (тілдік, әлеуметтік, танымдық феномен) тану Н. В. Тишина еңбектерінде кең қолданыс табады. Ол эвфемизмдердің сәтті шығуындағы негізгі белгі – интенсивтілік (сыпайы әрекет, әсер) деп таниды. Эвфемизмдерді эвфемизмдер семантикасы, эвфемизмдер формасы деп бөліп көрсетеді. Ал В. П. Москвин эвфемизмдерге кең көлемде классификация жасап уәжділік, метафоралық, метонимиялық, перефраздану, эллипсис, антономазия сынды қасиеттерін ұсынады [5,18].

Эвфемизм – тілдік факт. Тілдік қарым-қатынасқа бағытталған. Сөйлеудің айналымы. Сөйлеу актісі – сөйлеудің пайда болуының негізі. Т. Г. Винокур сөйлеу актісі жайлы айта келе, «мақсат», «сендіру», «әрекет, жағдай» үшеуі бірігіп «амал-тәсіл» деген категорияны құрайды деп көрсетеді [6, 32].

Қазақтың ескі ғұрпы бойынша келін боп түскен қыз күйеуінің туған-туыстарын өз атымен атамайтын болған. Олардың әрқайсысының жасына, жолына қарай лайықтап ат қойған.

Мысалы, қайын сінділеріне шырайлым, еркем десе, қайын аға, қайныларына би аға, мырза аға, мырза жігіт, айдарлым, шырақ, тетелес деген сияқты аттар берген. Сол сияқты ата-әне, абысын-ажын, нағашы, жиендерге дейін өз есімдерімен атамай, өз тарапынан ат қойып шыққан. Келін ат қойғанда кездейсоқ түрде емес, ат қоятын адамның мінез-құлқын, түр-тұрпатын, өнер-талабын жан-жақты тексеріп, түрлі қасиеттеріне сәйкестендіріп атаған. Жасы үлкен адамдардың аттары басқа зат атауларымен аттас болса, онда келін оларға да басқаша жаңа ат ойлап табатын болған. Мысалы, Тышқанбай болса - қаптесер деп, Бүркітбай болса - үлкен құс деп, Жылқыбай болса – мінгіш деп атаған.

Ауылды жерлерде әлі күнге дейін жасы егде адамдар арасында осы салт сарқыншақтары сақталған. Бұлар қазір кездесе қалса, ескі ырым, діни ұғым бойынша емес, халықтың этикалық-эстетикалық қалыптасқан көне нормасы түрінде жұмсалады. Ұят сақтап, сыпайыгершілік білдіру, иба рәсім ретінде қолданылады. Демек табудың бұл түрінің мән-мағынасы түбірімен өзгерген деуге болады.

Қазақ тіліндегі табудың енді бір түрлері табиғаттың дүлей күшімен, адамды опат қылатын ауру аттары мен жыртқыш аңдар атауларымен тікелей байланысты. Мысалы, ерт кезде қазақтар жай түсті деудің орнына, адамға кесірі тиіу мүмкін деген наныммен оны жасыл деп атайтын болған. «Шешек» ауруын атымен атаса, жұғады деп, оны өз атымен атамай әулие, қорасан, мейман деп атаған.

Эвфемизм табу сияқты үрейленуден туған соқыр сенімге негізделмейді, сыпайыгершілік пен әдептілікке негізделеді. Демек қазіргі кезде қолданылып жүрген эвфемизмдер халқымыздың бүгінгі таңдағы қалыптасқан этникалық және эстетикалық нормасының көріністері деп есептеледі.

Жалқы есімнің (антропонимнің) магиялық күшіне сенуге негізделген табу түрін Ш. Уәлиханов атап өткен: «Рым называется также обряды, исполняемые в видах предзаменования. Например, у кого нет сыновей, то родятся девочки, те дают последней из своих дочерей имя Ул-туган – сын родился, Майкет, чтобы оно было предзаменованием для сына» [7, 362]. Ш. Уәлиханов сипаттаған кейбір ырымдар, негізінен, сөздік табу мен эвфемияны білдіреді. Ол былай деп жазады: «Особенно много рывмов киргизы наблюдают во время походов и баранты. Слова: «Тус» – сходи с лошади, «байла» – связи, дабы получили дурным предзаменованием, заменяют благоприятными для них по смыслу словами: конь, бекет. Песен не поют: вместо сапты аяк говорят джулды аяк, кобылу называю жеребцом, потому что ездить на баранту на кобылах считается неблагоприятным для успеха; назначения кобылиц, по мнению киргизов, есть расплод и кумыс, а не поход» [7, 364].

Ә. Қайдар атап көрсеткендей: «У тюркских народов была выработана целая система табуирования. Под табуирование подпадали самые различные аспекты религиозно-анимистического, мифологического, астрологического и других верований. ...Словесные запреты в прошлом начались казахами на наименования хищных зверей и диких птиц, признанных тотемами, а также предметов охоты и ремесла, различных топонимических персонажей (албасты, шайтан, марту, жезтырнак, жалмауыз кемпір, пері и

др.), болезней, на названия природных явлений и небесных тел (кемпіркосақ, нажағай, ай, жұлдыз) и даже на собственные имена старших из почитаемых людей, что основывались на общественном этикете» [8]. Діни-мифологиялық дүниені қабылдауда тыйым сөзді айту ол сол сөзбен айтылған қауіпті нәрсені шақырады деп сенеді.

Табу мен эвфемизмдер «әйел тілінде» жиі кездеседі. Әйел тіліндегі кейбір сөздердің табуға айналып, эвфемизмденуінің негізінде сөздің магиялық күшіне деген сенім жатыр. «Ат-жылқы, азу – тіс, бөрі-қасқыр – ұлыма, өрен – бала, қарак (қарағым) – көз, жойқын – су, жылқы – мал, жын – боқ, тұсақ – лақ, төбе – бас, сүйреткі – шана, ұқ – тыңда, қый – тезек, ақ – шанқан, қара – баран, сары – шикіл, көш – жөнеу, айдар – төбешаш, пышақ – еткесер, балға – соғар» деп тура атамай, ауыстырып атау әйел тіліне тән. Сөздік табудың шығу тегі әр түрлі болуы мүмкін, дегенмен кез келген жағдайда олардың негізінде шындыққа деген салттық көзқарас болады. Болмыс әлемі жанды, естиді, сөйлейді, саналы, яғни мифологиялық дүние қабылдауда аңдар, табиғат, заттар және т.б. тірі, саналы нәрселер болған.

Көріп отырғанымыздай, ырым-тыйым және табу сөздерге деген халықтың суггестиясы мифологиялық санамен, наным-сеніммен, салт және ырым-жоралармен тығыз байланысты.

Сөздік табудың шығу тегі әр түрлі болуы мүмкін, дегенмен кез келген жағдайда олардың негізінде шындыққа деген салттық көзқарас болады. Болмыс әлемі жанды, естиді, сөйлейді, саналы, яғни мифологиялық дүние қабылдауда аңдар, табиғат, заттар және т.б. тірі, саналы нәрселер болған. Көрнекті этнограф және фольклоршы Д.К. Зеленин алғашқы сөздік тыйымдар алғашқы қауымдық аңшылардың қарапайым ғана абай болуынан (абайлаушылығынан) пайда болған деп есептейді: олар адам тілін түсінетін қырағы аңдар сөздерін естіп қойып, қақпан мен садақтан құтылып кетуі мүмкін деп ойлады [9, 110].

Сөздік табулар мен қазақ табу сөздерінің көзі тек аңшылық қана емес, сондай-ақ өз кезінде Ш. Уәлиханов әскери жорықтардың ықпалы болғанын айтады. Ә. Қайдар атап көрсеткендей: «У тюркских народов была выработана целая система табуирования. Под табуирование подпадали самые различные аспекты религиозно-анимистического, мифологического, астрологического и других верований» [8, 46]. Табу мен эвфемизмдер «әйел тілінде» жиі кездеседі. Қазақ әйелі тілінің осы ерекшелігіне ең алғашқылардың бірі болып шығыстанушы-академик А. Н. Самойлович назар

аударды. Ол өзінің «Запретные слова в языке казак-киргизской замужней женщины» атты мақаласында бірқатар табу мен эвфемизмдерді келтіреді: «Ат-жылқы, азу-тіс, бөрі-қасқыр – ұлымы, өрен-бала, қарақ (қарағым)-көз, жойқын-су, жылқы-мал, жын-бок, тұсақ-лақ, төбе-бас, сүйреткі-шана, ұқ-тында, қый-тезек, ақ-шанқан, кара-баран, сары-шикіл, көш-жөнеу, айдар-төбешаш, пышақ-еткесер, балға-соғар» [10, 167].

Вербальды және вербальды емес табу тыйымдар көп және олар киелі лексиканың пайда болуы мен қолданылуының негізі және көзі болып табылады.

Табу мен эвфемизмдердің арасындағы себеп-салдарлы тығыз байланысты Ә. Қ. Ахметов былайша көрсетеді: «...табу мен эвфемизмдердің арасындағы байланысты себеп пен салдар деп қараған жөн, өйткені эвфемизмдерді тудыратын табу. Сондықтан да олар бірінсіз бірі жүре алмайды. Сосын табу эвфемизмдерді тудырып қана қоймай, оларға үнемі өз орнын беріп, өзі солардың тасасында бой жасырады» [11, 7].

Әдетте, табу мен эвфемизмдер мифологиялық дүние қабылдау аспектісінде қарастырылады, бұл тұрғыдан алғанда олар киелі лексиканың бірліктері ретінде көрінеді. Сонымен қатар табу мен эвфемизмдердің кейбір разрядтары тек мифологиялық емес, өзгеше сипатқа да ие болады. Мәселен, зерттеушілер былай деп көрсетеді: «На современной стадии развития общества религиозные эвфемизмы в Европейских языках являются уже пережитком или отголоском более ранних эпох. Для современного языкового употребления значительно большую роль играет социальный и моральный эвфемизм. В силу сложившихся условий в обществе не всегда возможно или целесообразно называть вещи их действительными именами. Это невозможно либо из этических соображений, соображений вежливости, либо вследствие некрасивости и запретности вещей. Этические эвфемизмы заключаются главным образом, в смягчении понятий или в замене родного слова словом из какого-либо иностранного языка» [12, 8].

Табу мен эвфемизмдердің пайда болу себептері алуан түрлі болуы мүмкін: этикалық, саяси, мифологиялық-діни және т.б. Сол себепті: «Қазіргі кезде эвфемия құбылысын:

- эвфемизмдерді социолингвистикалық аспектіде;
- эвфемизмдерді этнолингвистикалық аспектіде;
- эвфемизмдерді тіл мәдениеті аспектісінде;
- эвфемизмдерді психолингвистика аспектісінде;

– эвфемизмдерді функционалды стилистика мен сөз стилистикасы аспектісінде;

– эвфемизмдерді мәдениеттаным (культурология) аспектісінде т.б. қарастырудың мәні өте зор.

Киелілігі тұрғысынан табу мен эвфемизмдердің лингвистикалық табиғатын біз этнолингвистикалық және лингвомәдени аспектілерде зерттейміз, себебі олардың пайда болуы, қолданылуы мифологиялық санамен, наным-сеніммен, салт және ырым-жоралармен тығыз байланыста қарастырылады. Табу мен эвфемизмдер әр түрлі түркі тілдеріндегі материалдар бойынша зерттелді.

Табу сөз бен жөн-жора (салт) арасындағы байланыс қазақ халық емшілерінің емдеу тәжірибесінде де аңғарылады. Бұл жөнінде акад. Ә. Қайдар былай дейді: «Нам хорошо известно, например, ритуал лечения у казахов при укусе змеи, когда знахарь-лекарь вступает в «словесное состязание» с укусившей человека змеей, если она была поймана в момент укуса. Смысл этого «состязания» заключается в том, что каждый из «состязающихся» пытается отгадать имя или кличку своего «партнера». «Состязание» заканчивается смертельным исходом для одного из них в тот момент, когда называется чью-то имя, т.е. раскрывается секрет табуирования. Именно поэтому строго запрещалось произносить имя знахаря-лекаря вслух в момент проводимого им сеанса «лечения» [8, 46].

Әлем халықтарының көпшілігінде, оның ішінде қазақ тілінде жалқы есімдер табуға айналған.

Эвфемизм, сыпайы сөз – мағынасы тұрпайы сөздерді сыпайылап жеткізу. Эвфемизм сыпайыгершілік, әдептілікке байланысты туған, тіл-тілдің барлығында кездесетін құбылыстардың бірі. Сөйлеуші белгілі бір тілдік ұжымда қалыптасқан этикеттік нормаларды сақтауға тырысады. Адамның сезіміне, көңіл-күйіне ауыр тиетін сөздерді жұмсартып қолдану эвфемистік тәсіл. Мысалы, біреу өлді деудің орнына демі бітті, қайтпас сапарға кетті дейді. Сондай-ақ адамның дене мүшелеріндегі кем-кетікті саңырау (кұлағының мүкісі бар), кедей, жарлы сөздері «қалтасы жұқа», байға тиді (күтты орнына қондырды) т.б. деген эвфемизмдермен ауыстырылады. Бұл жағынан эвфемия этикеттік нормамен байланысып жатады. Эвфемизм тілдің лексика – фразеология жүйесінде кездейсоқ құбылыс емес, бастапқыда бұл ұғым белгілі бір қоғамда «айтуға ұят салынатын сөздерді басқа сөзбен ауыстыру» дегенмен шектеледі. Тыйым салынған іс-әрекет, зат, құбылыс т.б. «табу» деп, ал іс-

әрекеттің сол затты, құбылысты, нәрселеді білдіретін атаулары «табу сөз» деп арнайы терминмен аталды.

Эвфемизмнің тұрақты яғни ревелантты белгілері, біріншіден, тыйым салынған сөздерді (мифологиялық, діни, саяси, әкімшілік, идеологиялық т.б.) басқа атаулармен ауыстыру, екіншіден, белгілі бір тілдік ұжымда айтуға ұят саналатын сөздерді (кейбір дене мүшелері, жыныстық қатынасқа байланысты атаулар, физиологиялық зат алмасумен байланысты кейбір атаулар т.б.), үшіншіден, сөйлеуші ұғымында, түсінігінен «дәрекі», «әдептілікке» жатпайды-ау деген сөздерді басқаша сөздермен (қарапайым лексика) ауыстыру, төртіншіден, тыңдаушыға «жайлы», «жағымды» болып көрінетін сөздерді таңдап, талғау. Міне, бұл аталғандарды эвфемизмдердің тұрақты белгілері деп атауға болады [13]. Түркі тілдеріндегі эвфемизмдердің этномифологиялық, этнопсихологиялық негіздерін көрсете келіп, Ә. Қ. Ахметов табу мен эвфемизмнің тілдің табиғаты мен қоғамдық мәнін тереңдетіп түсетін теориялық тұжырым ұсынады: «...табу мен эвфемизмдердің арасындағы байланысты себеп пен салдар» деп қараған жөн. Өйткені эвфемизмдерді тудырып қана қоймай, оларға үнемі өз өмірін беріп, өзі солардың тасасына бой жасырады [14].

Эвфемизмдердің жасалу жолдары әр түрлі. Солардың ішінде ең өнімділері троптың түрлері арқылы, атап, айтқанда, метафора, синекдоха, метонимия, литота тәсілдері арқылы жасалған эвфемизмдер жиі кездеседі.

Профессор Ә. Қ. Ахметов өзінің зерттеулерінде эвфемия құбылысына жан-жақты талдау жасай келіп, табу мен эвфемизмдердің тілмен бірге туып, бірге жасайтын, бір-бірімен ажырамас құбылыс екенін көрсетеді. Эвфемизмдер, автордың айтуынша, табу немесе тыйым болған жерлердің бәрінде кездеседі, яғни табусыз эвфемизмдер болмайды. Ал түркі тілдері бойынша зерттеулерге қарағанда, табу «күні біткен», ал эвфемизм, өмір сүретін құбылыс тәрізді көрінеді.

Профессор Ә. Қ. Ахметов: «Табу мен эвфемизмдердің шығу тегін қуаласа, олар адамзат тарихының түпкіріне қарай жетелейді. Оған тереңірек бойласақ, табу мен эвфемизмдер адам баласының рухани мәдениетінің бастапқы сатыларынан бастап күні бүгінге дейін қалыптасқан дәстүрлі наным-сенімдермен де, әдет-ғұрып, салт-санасымен де, қазіргі заманның басты діндерімен де, тіпті өзіміз өмір сүріп отырған дәл бүгінгі таңдағы тіл мәдениетімен де тікелей байланысты екеніне көз жеткіземіз.» [14]. Эвфемия құбылысы

«тыйым» жүрген жерде еш уақытта жоғалмайды, яғни табу болған жерде ғана эвфемизм болады, табусыз эвфемизм болмайды. Бұл екеуінің диалектикалық бірлігін ескермеген кезде «эвфемизм сөзді көріктеу, әшекейлеу» деген стильдік амал-тәсілдің бірі болып көрінеді. Мысалы, кейбір оқулықтарда эвфемизмдер көріктелуші тәсіл деп, жаңсақ түсіндіріледі. Сөйтіп, эвфемизм белгілі бір құбылыс, зат, нәрсе, әрекетті айтудың жанама номинациясы екендігі айқындалмай, тура номинациясымен шатастырылады. Ал эвфемистік қолданыстың ең негізгі мәні – сөздің тыйым салынбаған бейтарап формамен ауыстыру болып табылады. (8).

Мысалы, айтуға «ұят» саналатын сөздер, ауру атаулары, өлім-жетімге байланысты сөздер. Сөздің табулық формаларымен бірге эвфемистік формалары да синонимдік мәнде қолданылады. Өйткені жеке адамдар арасындағы коммуникацияда табулық форманы эвфемистік формамен ауыстыру қажет болады. Мысалы, аурудың нақты атын атамай, «ауыратыны бар еді», кедейлер – «әл-ауқаты төмен адамдар».

Қазақ тілінің сөздік қазынасында өте ертедегі наным-сенімдерге қатысты бірқатар сөздер кездеседі. Бір қызығы, олардың түсіндірмесі Орталық Азия мен Батыс Сібір өлкелерін мекендеген түркі халықтарының тілдерінен табылады. Мысалы, қайрақан / қайраған деп Сібір түркілері: алтайлықтар, тувалықтар, телеуттер табиғат иесін, жебеуші иені атаған. Оны монғолдар да біледі, бұлар да хайрхан – тау, су сияқтылардың иесі. Егер ертеректе қазақтар ұлыстың ұлы күнінде – наурыз мейрамында: Көш, қайрақан, көш десіп, Көз көрместей өш! десіп тілек білдіретін болса, Мұхтар Әуезов Қобыландының анасының аузына: Қарғысы қайрақан, Қарғысынан сен сақта! деген сөздерді салса, ежелгі ата-бабаларымыз да қайрақанды иенің бірі деп, оның ішінде қарғысы қатты ие деп таныған болар. Бірақ қайткенде де соңғы бес-алты ғасыр бойында бұл нанымды қазақтар ұмытқан, сондықтан оның атауы да ақын-жыраулар тілінде ұшыраспайды. Сол сияқты тақыр таяң тіркесін де V-VII ғасырлардағы түріктердің көк тәңірге шалатын құрбандығының атауынан (тығыр тарих) қалған сөз болу керек деген топшылауымыз дұрыс болса, бұұл да мұсылман дінін қабылдаудан көп бұрынғы өте ерте кезде ата-бабаларымыз қолданған атау болып шығады, бірақ осы атау білдіретін реалиидің (тау-тас, су иесі деп танудың) өзі халық санасынан кеткеннен кейін, бұл сөз сол иенің атын емес, әуелі сол иеге шалынатын құрбандық дегенге, одан соң құрбандық шалынатындай қиындық туған кезді атауға жұмсаған

болар. Сондықтан мұндай кезді тықыр таяң кез немесе тықыр таянды деп атағанболар, я болмаса тықыр дегеннің өзі тау-тас иесі дегенді білдіріп, оның қаһары төнген сәтті тықыр келіп қалды (таянды) деп айтатын болу да мүмкін. Қайткенде де бұл жердегі тықыр «дыбыс» деген ұғымдағы сөз емес.» [15].

Табу, негізінен алғанда, этнографиялық ұғыммен байланысты. Мұнымен бірге оның тілге, тілдің датихында да қатысы бар. Ерте замандарда адамдар әртүрлі қате түсінік, теріс ұғымның, салдарынан кейбір заттардың аттарын тікелей атауға тыйым салып, оларды басқаша атайтын болған. Бұл құбылыс әдетте табу деп аталады. Кейбір заттарды өз атымен атамау (табу) теріс ұғым, қате түсініктен, «ерекше күшке» сеніп, сана-сезімінің дінге шырмалануынан туған. Мысалы, қазақта осы жайды аңғартатын және оны бір жағынан, сықақ, келеке етіп баяндайтын мынандай бір аңыз бар: «Ауылдағы шалдар мен қайын ағаларының атын (ал олардың аттары: Қамысбай, Өзенбай, Қойшыбай, Қасқырбай немесе Бөрібай, Бәкібай, Қайрақбай болса керек) атамайтын келін бір күні қамыстың арғы шетіндегі өзенге суға барса, бір қойды қасқыр жеп жатыпты-мыс. Келіншек қойды қасқырдан құтқарып алып, бауыздайды да, ауылға келіп қайын енесіне: «Сылдыраманың ар жағында, сарқыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен, жаныманы білемеге білеп-білеп жіберіп, бауыздап келдім, - депті-мыс.». Бұл мысалдағы сылдырама – қамыс, сарқырама - өзен, маңырама – қой, ұлыма – қасқыр, жаныма – бәкі, пышақ, білеме – қайрақ».

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аханов, К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.
- 2 Ковшова, М. Семантика и прагматика эвфемизмов. Краткий тематический словарь современных русских эвфемизмов. – Москва: Гнозис, 2007. – 320 с.
- 3 Булаховский, Л. А. Введение в языкознание: Часть 1, 2 3-е изд. М.: 2004.
- 4 Реформатский, А. Введение в языковедение. – М., 1967. С.99
- 5 Москвин, В.П. Эвфемизмы в лексической системе современного русского языка. Изд.4, изд-во URSS, 2010.
- 6 Винокур, Т.Г.. Закономерности стилистического использования языковых единиц. – 2-е изд. – Либроком, 2009. – 242 с.

7 Уәлиханов, Ш. Көп томдық шығармалар жинағы.- Алматы, 2010.- 376 б.

8 Қайдар, Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1988. – 304 б.

9 Зеленин, Д.К. Табу слов у народов Восточной Европы и Северной Азии // Музея антропологии и этнографии. Т.8. Л., 1929.- 151 стр.

10 Самойлович, А.Н. Запретные слова в языке казак-киргизской замужней женщины. Петроград: «Живая старина», 1915, т. 24.

11 Ахметов, Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер: Филол.ғыл.док.дисс.автор. Алматы, 1995. –62 б.

12 Токарев, С.А. Ранние формы религии и их развитие. М: Наука, 1964. 399 Стр.

13 Есімова, Ж. Қазақ салтындағы естірту, көңіл айту, жұбату сөздерінің эвфемистік сипаты // «Қазақ және орыс тілдерін оқытудың жаңа бағыттары» атты республикалық ғылыми-практикалық конф. материалдары. – Алматы, 2008. –164-167 бб.

14 Ахметов, Ә. Қазақ тіліндегі табу мен эвфемизмдер. Филол. ғылым. кандид. дәрежесін алу үшін жазылған дисс. – Алматы, 1973. – 164 б.

15 Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. I бөлім. –А., 2003. -85-99 бб.

М. ШАХАНОВТЫҢ МАХАББАТ ЛИРИКАСЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ–СТИЛЬДІК ӨЗГЕШЕЛІГІ

УРУСБАЕВА Д. Б.

оқытушы, Павлодар медициналық жоғары колледжі, Павлодар қ.

Қазақтың ғашықтық жыры әсемдікті көбіне лирикалық тәсілде суреттейді. Жыр ойлы, нақышты, нәзік сөзбен аса көркем, биік талғамды жанрға арналады. Жағымды кейіпкерлер жағымды да тапқыр, жаужүрек және асқан көрікті болып келеді. Мұндағы негізгі сарыны адам өміріндегі әсем сезімді аялау, кіршіксіз таза күйінде өмірден өту болып саналады. Кейіпкерлер өмірдің қиын-қыстау шатқалынан жасқанбастан, өз көңілі сүйіп ұнатқан ғашық жар іздейді. Ғашықтық жырлар өзінің тақырыбы жағынан өткен дәуірдің күрделі әлеуметтік проблемасына құрылған мазмұнды, шыншыл эпостың бірі – адам еркіндігі, әйел тендігі мәселесі туралы

айтылатын жырлар. Махаббатты жырлау сонау көне заманнан, ауыз әдебиетінен басталатыны белгілі.

Мәселен, «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырларында ғашығын іздемек болған баласына анасы:

«Сансыз жылқың, сан қойың қалды артында. Кімге тастап кетесің, Қозы Көрпеш?» - десе, ұлы:

«Сансыз жылқы, сан қойым қалса артымда бір күнде қырылса да керек емес» - деп жауап қатады.

Міне, мұнда Қозының махаббат үшін ештеденен тартынбауы айтылған. Сондай-ақ Қозының одан әрі жол азабына шыдауы, қауіп – қатерден сескенбеуі – бәрі де махаббатқа деген шексіз құштарлықты танытады.

Міне, осы ұлы сезім махаббат тақырыбында М. Шаханов қалам тартқан. Адал махаббаттың тірегі-имандылық, таза жүрек, үлкен рух. Шынайы сезімсіз махаббат жоқ. Сол махаббат қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі Мұхтар Шаханов шығармаларында қалай жырланады? Бұрын махаббаттың жақсы жақтарын көп жазды. Қайшылықтарын көрсетпеді. Бірақ тек жақсы көру жеткілікті емес. М.Шаханов сол сезімнің қайшылықты жақтарын жазады. Шын сүю, махаббатқа адал болу, сезімге берік болу.

Ақынның «Ла-Валлетта маңындағы түн немесе қасиет мұнарасы» атты шығармасында жүрген жігіті тастап, үміті шарт үзілген, сырын ашқан қыздың:

Сырымды ашсам сенгендігім, бұйырмаңыз айыпқа,

Кейде өзімді ұстатамын ескегі жоқ қайыққа.

Қандай қорлық шынымен – ақ ескексіз боп қалдым ба?

Осы ұзақ саяхатқа шығар жолдың алдында

Шорт үзіліп үмітім,

Ойда – жоқта тастап кетті, сенген, сүйген жігітім.

Көкірегімде өшпенділік барда мен де өшпеймін,

Бұл қылығын қашан көзім жұмылғанша, кешпеймін - деген сөзіне өлеңдегі қаһарманның жауабынан ақынның махаббат туралы ойы байқалады:

– Жоқ, сен оны сүймейсің, сүймегенсің және де

Шын махаббат, қалқам – ау, қара күшке көне ме?

Шын махаббат – қасиеттен құралатын мұнара,

Қасиетке сызат түссе, мұнара аман тұра ма?

Ғашық адам сүйгеніне өзінің

Жаманшылық ойлай ма екен, сірә да?

Ақын Мұхтар Шаханов келтірілген өлеңде махаббаттың күдіреттілігін «Шын махаббат, қалқам – ау, қара күшке көне ме?» деген тармақта берсе, келесі тармақта махаббаттың биіктілігін яғни ұлылығын мұнараға балайды, оның өзі жай мұнар емес, қасиеттен құралатын мұнара. Махаббатты осылай бағалаған ақын қасиетке сызат түсірмеу керектігін ескере отырып, қаһарманның өзіне : «Ғашық адам сүйгеніне өзінің жаманшылық ойлай ма екен, сірә да?» деп сұрақ қою арқылы махаббатты бағалай білу керек екендігін ескертеді.

Ақын Мұхтар Шахановтың махаббатқа бағасы мұнымен толастамайды. Ақын «Эверестке шығу» деп аталатын өлеңде:

Махаббат та шың сияқты:

Күн жақындап қосылса,

Бұлт қонатын тасына,

Қыран тектес жандар ғана

Шыға алатын басына...– дейді. Көріп отырғанымыздай, жоғарыда келтірілген туындысында ақын махаббатты мұнараға баласа, соңғысында шыңға теңейді. Яғни, ақын үшін махаббат - өмірдегі ең биік нәрсе. Соңғы келтірілген үзінді де ақын «Махаббат та шың сияқты» дей келіп, одан кейінгі жолдарында сол шыңның биіктігін күннің қасына жақындауымен, бұлттың шыңның тасына қонуымен сипаттаса, қасиетін қарапайым адамның емес, тек қыран тектес жанның басына шыға алуымен сипаттайды. Яғни әдеттегі емес, ерекше адамның махаббаты.

М. Шаханов шығармаларын зерттеуші ғалымдардың бірі Бақыт Кәрібаева «Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы» атты еңбегінде ақынның махаббат лирикасы туралы:

«Мұхтардың махаббат лирикалары абстракт ұғымнан емес, оқиғадан өрбиді. Оның тұрақты кейіпкерлері, сезімнің «тарихы» бар. Сезімнің қызыл шоғында суарылған махаббат типтік характерлер болып сомдала қалады.» - деп көрсеткен.

Шындығында да, М. Шахановтың әр алуан тақырыпқа жазылған шығармаларының дені сюжетке құрылады. Ақын диалог арқылы өз бейнесі мен лирикалық кейіпкер бейнесін ұштастырып, өлеңге қандай да бір оқиғаны өзінк ете отырып, өзінің ойын айтады.

Мәселен, «Әйелдер» деп аталатын өлеңінде аурухана ауласында бір қыздың бал ашқанын айта отырып:

Науқастан ба ерініңіз кезерген

Жазыласыз,

Налымаңыз бекер сіз.

Әйтсе де әйел қауымына ежелден
Немқұрайды қарамайды екенсіз.
Сүюді сіз ерлік теп те айтасыз,
Онсыз ақын боларсыз ба ой өрген.
Дегенмен сіз абайлаңыз, байқаныз,

Бағыңыз да, сорыңыз да әйелден – дейді. Демек, ақын тілінде «сүю – ол ерлік» «ой өрген»-тын тіркес. Ақын күрделі сезімді байқатады. Өлеңде ақынның мұраты арықарай жалғасын тапқан. Ол мұрат - әйелге деген махаббатты ашу, оның өмірдегі орнын көрсету. Мұны ақын сөзімен айтар босақ:

Әйелдерге немқұрайды қарайтын
Еркекті мен санамаймын еркек деп.
Қай кезде де сұлулықтың жолы –мүз.
Әйел – біздің әзиз байлық қорымыз.

Ақынның өзіндік биіктеуі көрінеді. Мұнда философия бар. Ол махаббат философиясы.

Ақынның махаббат тақырыбына жазылған өлеңдерінің бірі – «Тереңдік жыры». Мұнда сүйгені үшін бәріне шыдаған жанды суреттейді. Өлеңнің бірінше тармағандағы алғашқы сөздердің «өзіңсіз» сөзімен басталуы ары қарай өлеңде не айтылмақ екенін бірден аңғартады. Ақын лирикалық қаһарманның сүйгеніне көңілін:

Мен десе жаның даладай,
Мен десе күлкің мөп – мөлдір.

Мұнда дерексіз ұғымды заттандыру қолданған. Өлең жолдардағы жанын далаға теңеу арқылы көрсетеді. Берілген өлеңнің:

Тереңім сенсің, еңселім

Өлеңім сенсің, еңселім - деген жолдардағы «тереңім», «өлеңім» дегендер ұйқаса құралған ауыстырулар. Өлеңдегі:

Көрмедің әсте сенімнің гүлін солдырып,
Шыдамды тәңірім сыйлапты саған мол қылып.

- тармақтарындағы «сенімнің гүлі» тіркесі – шарттылық.

М. Шаханов махаббат тақырыбына өлеңмен қоса, поэма да жазған ақын. Ақынның «Махаббатты қорғау» деп аталатын поэмасы көркемдегіш құралдарға толы. Оған дәлел ретінде төмендегілерді атауымызға болады:

Біз екеуіміз жолықтық,
Бірақ тым кеш жолықтық,
Достасудан от тұтап, қоштасуға қорықтық.
Маған құйды жарығын сенің көңіл терезең,
Арқамызда – күзар шын,

Алдымызда – өр өзен.

Өр өзеннен өтуге кім береді қайықты,
Кім бар бізді түсінер, қане кім бар байыпты?

Өлең жолдарындағы достасудан от тұтауы, көңіл терезесінің жарық құюы - бәрі поэзияға тән шарттылыққа құрылған тіркестер. Өмір жолында кезесетін қиындықтар «күзар шын», «өр өзен» деген тіркестермен ауыстырылып алынған, яғни метафоралық тіркестер. Кейінгі жолда өмірдегі ауыртпалықты жеңуде кім қол ұшын береді деген тіркес «өр өзеннен өтуге кім береді қайықты» деген жолдармен ауыстырылған.

III бөлімдегі:

Амал бар ма, махаббатқа жан пидалық ете алмадың,

Аққу-арман жалт бергенде, қуып көрдің, жете алмадың - деген жолдардағы «аққу-арман» - эпитет. Ақын махаббатты арманға (сағымға) балай отырып, нәзік, аппақ құс – аққу арқылы махаббаттың нәзіктігін көрсетіп отыр. Сол аққу - арманға жете алмаған лирикалық қаһарманды жанармайын жағып бітірген машинаға теңейді:

Жете алмадың,
Көлеңкеңнен алыс ұзап кете алмадың,
Жанар майын жағып біткен машинадай от алмадың.
Еркін қайда,
Сертің қайда,
Ең шешуші кез келгенде, тілің тістеп тұрып қалдың.
Еңселім деп ойлаушы едім
Еркелеуші ем ерге балап,
Ең шешуші кез келгенде тұрып қалдың жерге қарап.

Күрделі сезім сипатталған. Мұнда лирикалық қаһарман көңілі тыныш еместігі, қандайда бір махаббат сезімінің туғандығы бақшадан алма ұрлаған балаға теңеледі. Ол сезімнің әлі батыл емес екенін сезім сөзін айқындайтын «үркек» эпитеті ашқан. Жастық шақтың соңғы тіркесі «отыздың орманы» сөзінен, жастық шақтың ортасы «Жиырманның көк балауса белесі» тіркесімен алмастырыла алынған.

М. Шахановтың махаббат лирикалары абстракт ұғымынан емес, оқиғадан өрбиді. Сезімнің қызыл шоғында суарылған асыл махаббат типтік характерлер болып сомдала қалады. Ештеңе де ұмыт емес, жалған емес. Сонау бір қызыл гүлдей жастық өмірде өзегіне өрт боп түскен гүл мінезі «Құдаша» бейнесі:

Күлкіңнен нәр алып бір
Ауылыңа барғанымда

Жүргенсің балалықтың
Балауса орманында.

Сезім сол күйінде жыр болып төгілмей ме. Оның образы жылдар озған сайын қаншалық даралана түссе, сезімі де ақ шағаладай апайқын. Ең бастысы сезім жомарттығына кенелесіз.

Махаббатты алғаш талантқа теңеген де – М. Шаханов Бұл махаббаттан күдірет көру. Барлық рухани күш-қуаттың биігіне балау.

Ғалым Мәшһүр – Жүсіптің:

«Көркем әдебиеттің басқа салалары тәрізді поэзияда да тіл байлығының, тіл мәдениетінің маңызы алабөтен. Поэзия тілінің өзіндік ерекшелігі болатыны да белгілі» - дейтін пікірін негізге алсақ, оған дәлел ретінде М. Шахановтың талданған шығармаларын айта аламыз.

Ақын М. Шаханов аталған шығармалардан басқа да көп туындыларында махабат тақырыбын жырлаған. Ақынның махаббатқа берген бағасы да зор. Ақын түсінігінде махаббат олбиік, ұлы сезім.

ЗНАЧИМОСТЬ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ ЗАНЯТИЙ В ИЗУЧЕНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА

ХАЛМЕТОВА Д. И.

педагог дополнительного образования, учитель русского языка и литературы, ОСШ №110 им.З.Хусанова, г. Шымкент

«Корень учения горек», - говорили древние римляне. И вколачивали школьные премудрости розгами.

Древние истины мудры: Никто не спорит. «Как заставить учиться?» - нередко такой вопрос встает перед учителями. Ребенок приходит в школу с огромным желанием учиться. Как надолго удержать в нем это чувство радостного удивления перед тайнами, которые его там ждут? Как увлечь его, заинтересовать, с помощью каких средств и методов сделать обучение увлекательным? Не заставлять, а заинтересовывать, надо сделать серьезное обучение занимательным, давая интересные уроки. Яркость, эмоциональность, разнообразие видов работ, содержательный урок, вызывающий самостоятельный поиск ребенка, активность его пытливого, ищущего ума – вот к чему надо стремиться.

Занимательность на уроке – это отнюдь не синоним развлекательности, а, наоборот, напряженный труд и постоянный поиск.

Подлинные знания и навыки приобретаются в процессе активного овладения учебным материалом. Активность же при его усвоении требует внимания к изучаемому материалу, заданиям учителя, формулировке правил и заданий учебника. Интерес ребенка как нельзя лучше помогает легче запомнить, повышает работоспособность.

Учеба - это серьезный труд. И именно поэтому обучение должно быть интересным и занимательным, так как интерес вызывает удивление, желание понять, будит мысль.

Ведь не секрет, что русский язык считается одним из самых трудных школьных предметов. С одной стороны, знание родного языка дается ребенку с детства, он овладевает им так же естественно, как дышит и растет. С другой стороны, это сложная дисциплина, требующая большого труда.

Почему дети так безграмотны?

Причин много, но главные две: первая - из школы ушла наука; вторая – игровые, занимательные, нестандартные методы обучения не стали ведущими.

Заучивание слово в слово правил не помогает ребенку выработать лингвистическое чутье, стать грамотным. Более того, родной язык нередко становится для учащихся ненавистным, скучным, сухим сводом этих орфографических и пунктуационных правил.

Большую роль в решении этой задачи могут сыграть разнообразные формы уроков, дополнительные занятия, с элементами игры, призванные учить живому языку.

Всякое познание начинается с удивления. А удивление есть момент пробуждения интереса к предмету изучения. В преподавании русского языка особое значение приобретает развитие интереса к предмету у каждого ребенка. Всегда можно найти что-то увлекательное в жизни (оно окружает нас). Надо только найти это и подать детям, побуждая их к подобным находкам и открытиям.

Почему бы не включить в школьный курс сочинения на грамматические темы? Кроме совершенствования письменной речи, логического построения текста, увеличения словарного запаса, эти темы способны напрямую развивать орфографическую зоркость, помогая практическому усвоению теории грамматических правил.

Далее на каждом уроке (в определенном объеме) давать знания о значении, истории и происхождении слов. Ведь этимология – один из наиболее интересных и увлекательных разделов науки о языке, который сможет помочь учителю добиться лучшего

усвоения учащимися значения слов, а также сознательного овладения навыками правописания трудных орфограмм.

Порой этимологическая справка становится незаменимым средством предупреждения орфографических ошибок, например, слов с непроверяемыми орфограммами. Она очень важна как вспомогательный материал при словообразовательном анализе.

Учащихся с первых уроков надо вводить в удивительный мир слов, давать толкование фраз, использовать на уроках элементы занимательной фразеологии. То, что интересно, всегда легче запоминается.

Большое внимание надо уделять развитию связной речи. Этому могут способствовать и загадки, которые активизируют мышление, дают большие возможности для наблюдений за окружающим миром, тренируют внимание и память, развивают любознательность. Создавая свои учебники для детей, К.Ушинский и Л.Толстой обязательно включали в них как необходимый компонент народные загадки.

Урок в пятом классе по теме: «Звонкие и глухие согласные в середине и на конце слова» можно начать с загадок, чтобы заинтересовать детей, настроить их на работу.

«Без рук, без ног, а рисовать умеет» (Мороз).

«Сижу верхом, не знаю на ком. Знакомца встречу, соскочу – привечу» (Шапка).

Учащиеся называют отгадки, объясняют орфограммы и сразу же сами объявляют тему урока и его задачи.

Игра «Не подведи свой ряд» дает представление о том, как дети усвоили эту тему.

Учащиеся первого ряда называют слова со звонкой или глухой согласной, учащиеся второго ряда называют эту орфограмму. А дети третьего ряда объясняют, почему нужна именно эта согласная, а не другая, и подбирают проверочное слово.

В конце урока можно предложить интересное задание: составить сказку о медведе. В тексте должны быть слова со звонкими и глухими согласными. И дети стараются, пишут. Зачитывается несколько сказок. Получилось хорошо. Урок прошел интересно.

Есть и другие игры, например: «Одень корень». На доске записан корень – вод-. Предлагается одеть корень так, чтобы получились родственные слова. Игра «Изучаем прилагательные». На одной стороне ученик пишет прилагательные, на другой стороне второй

ученик пишет существительные. Задание: сочинить небольшую историю с включением в текст записанных слов.

У учителя для проведения игр на уроках много материала (картины, таблицы, рисунки, интерактивная доска).

Очень важны шарады, ребусы, кроссворды. Этот занимательный материал поможет детям в усвоении орфографии.

Ценным методом стимулирования интереса к учению можно назвать метод познавательных игр, который опирается на создание в учебном процессе «игровых ситуаций». В практике используются игры с познавательным содержанием, игры-путешествия, игры-викторины и т. д.

Обращение к системе различных приемов облегчает запоминание и увеличивает объем памяти за счет искусственных ассоциаций. Всякое запоминание легко и привлекательно, если опирается на интересные, занимательные формы обучения.

Ключевая задача дальнейшего совершенствования учебно-воспитательного процесса - повышение эффективности урока, прежде всего путем четкого определения его целей и подчинения этим целям содержания всей работы.

На дополнительных занятиях также как и на уроках русского языка в комплексе должны решаться все образовательные задачи курса:

- изучение основ науки о языке;
- обогащение словаря учащихся;
- усвоение школьниками норм русского литературного языка;
- развитие связной речи;
- формирование навыков правописания.

Кроме образовательных, дополнительные занятия ж позволяют также решать ряд общепедагогических задач: нравственное воспитание учащихся, развитие их мышления, формирование умения самостоятельно мыслить и совершенствовать культуру речи.

Как обучать русскому языку? Как усилить практическую направленность обучения? Особое место в работе занимают также и такие формы занятий, которые обеспечивают активное участие в уроке каждого ученика, повышают авторитет знаний и индивидуальную ответственность школьников за результаты учебного труда, способствуют созданию атмосферы сотрудничества и коллективизма.

Среди этих форм выделяются такие, как лекции, семинары, практикумы, консультации, зачеты, конференции, исследования.

Переход к методике варьирования методов обучения способствует развитию инициативы и творчества учащихся, стимулированию и мотивации учения и познания предмета. Нетрадиционные формы обучения связаны, с одной стороны, с содержанием самой учебной деятельности и процессом ее выполнения, с другой – с более широкими взаимоотношениями ребенка с окружающей средой.

Для того чтобы сформировать интерес к изучаемому предмету, используется весь арсенал методов организации и осуществления учебной деятельности - словесные, наглядные, практические, поисковые, занимательные, самостоятельной работы или работы под руководством учителя, которые позволяют разъяснять учащимся значимость учения как в общественном, так и в личностном плане – для получения желаемой профессии, для активной общественной и культурной жизни в обществе, они воспитывают чувство долга и ответственности перед коллективом, учителями, родителями и перед самим собой.

При переходе к изучению той или иной темы надо специально поработать над тем, чтобы вызвать у учеников интерес к ее изучению. В свое время активно применялись для этого термины «интригующее начало урока», «эмоциональная завязка урока» и т. п. Сейчас учитель также не упускает возможности тщательно продумать начало урока, чтобы оно захватило ребят своей необычностью, яркостью, которая позволяет затем удачно организовать изучение нового материала. Для этого можно использовать анализ отрывков из художественной литературы, дополнительный материал, посвященный жизни и деятельности выдающихся ученых и общественных деятелей. А также создание ситуаций новизны, актуальности, приближения содержания к самым важным открытиям в науке, технике и достижениям современной культуры, искусства, литературы, к явлениям общественно-политической внутренней и международной жизни.

С этой целью подбираются специальные примеры, факты, иллюстрации, которые в данный момент вызывают особый интерес в стране, публикуются в печати, сообщаются по телевидению и радио. В этом случае ученики ярче и глубже осознают важность, значимость изучаемых вопросов и оттого относятся к ним с большим интересом.

К методам стимулирования и мотивации учения можно отнести метод создания познавательного спора, метод организации учебных дискуссий. Спор вызывает повышенный интерес к теме.

Для этого, например, специально предлагается ученикам высказать свое мнение о причинах того или иного явления, обосновать ту или иную точку зрения. Здесь традиционным стал уже вопрос «А кто думает иначе?». А если такой пример вызовет спор, то ученики невольно распределяются на сторонников и противников того или иного объяснения и с интересом ждут аргументированного заключения педагога.

Учителя, наверно, не раз наблюдали, как меняется активность учеников в споре, как они перестают отвлекаться посторонними делами, как загораются у них глаза. Спор вызывает прилив новых сил и желаний.

Дискуссия на уроках организуется и путем обсуждения мнений учеников о том, как наилучшим образом построить ответы на тот или иной вопрос, какой избрать план изложения вопроса. И это тоже вызывает интерес к изучаемому предмету.

И еще немало важный аспект – это создание в учебном процессе ситуаций успеха у учащихся, испытывающих определенные затруднения в учебе. Без переживания радости успеха невозможно по-настоящему рассчитывать на дальнейший успех в преодолении учебных затруднений.

Все эти методы позволяют учителям в каждом конкретном случае избрать те из них, которые наилучшим образом соответствуют решаемым учебно-воспитательным задачам, особенностям учеников, степени развитости у них познавательного интереса с тем, чтобы приподнять его на новый, более высокий уровень.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Аксютенко В.Н. Формирование познавательных потребностей старшеклассников средствами развития общеучебных умений. Тамбов. 1990
- 2 Алферов А.Д. Родной язык в средней школе. Опыт методики. М., 1912
- 3 Аристова Л.Г. Об условиях развития самостоятельности учащихся на уроках. Казань, Таткнигоиздат, 1960.
- 4 Арская А.Р. Самостоятельная поисково-познавательная деятельность учащихся и её роль в повышении практической направленности уроков русского языка. Методические рекомендации. Л., 1989

Ш.ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДІН ТАҚЫРЫБЫ

ХАСЕНОВА Ә.
профессор, магистрант, ИНЕУ, Павлодар қ.
ЖҮСІПОВ Е. Қ.
профессоры, ф.ғ.к., ИНЕУ, Павлодар қ.

Ш. Құдайбердіұлының дін тақырыбына жазған шығармаларында ақынның мұсылман дінін терең білгендігін, оны өз ойымен өлшеп, өз ақылымен сүзгіден өткізген, ұлы Абай үлгісімен таразылағандығын байқаймыз. Ақынның дінді тануын бірнеше ерешеліктерімен жіктеуге болады.

1 Ақынның мұсылманшылдықты қазақы дәстүр үлгілерімен танығандығын.

2 Ислам діні қағидалары мен тарихын ұлы Абай үлгісімен ұғынғандығын.

3 Ақынның Хафиз, Толстой дін танымдарынан ортақтық тапқандығын.

4 Өз оқуы, ақыл таразысымен қорытуынан

Дін жолын адамшылық жолы деп таныған ақын мұсылманның бір парызы қажылықты өтеген. Шәкәрім қажының 1911 жылы «Мұсылмандық шарты» деген еңбегіне тоқталатын болсақ, жазушы бұл кітапта мұсылманның бес парызын оқырманға жетік түсіндірген. Мұсылманның бес парызы: шахада, намаз, закат, ораза, қажылық.

Мұхаммед пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтқан: үмметім жетпіс үш ағымға бөлінеді. Жетпіс екі тобы Отта, ал біреуі Жәннатта болады». Сахабалар: «Ол құтылған топ кімдер?», - деп сұрақ қояды. Бұған пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Олар, мен және менің сахабаларым ерген нәрсеге ілескендер», - деді. Бұл хадис бірнеше сахабалардан жеткен. Ойшыл ақын «Арақ, мастық, жар, жаң, шатақ, иманның шешуі» атты туындысында діннің жетуі, таралуы жайлы өз ойын жеткізді.

Құранның шын мағынасын шатақ ұғып,

Молдалар маған қоймақ көпір деп ат.

Ақылыңа сынат да дәлел айтқан

Құраннан табылады талай аят.

Құран сырын ұға алмай бұзса-дағы,

Жасырылмай жарқырап тұр көрәмат

Жаман тәпсір жайылып жер жүзіне

Дін десе тұра қашты есті азамат.

Бар обалы олардың тәпсіршіде,

Адасып нұрлы аятқа жағыпты тат.

Ол қатені түзеткен әлімдер көп,

Соның сөзін оқысам боламын шат [1, 215].

Бейіс, дозақ молда айтқан сияқты емес,

Ақылды адам оны анық сондай демес.

Құрсақтағы балаға осы өмірді

Ұқтыр десе айтар ең қандай кеңес?

Шыннан өзге құдай жоқ,

Анық құдай - шын құдай.

Ұқпай қалма алаң боп,

Шын болмаса кім құдай? [1, 241].

«Ақыл сенбей сенбеніз, бір іске тез келсеңіз» деген Абай қағидасын берік ұстаған Шәкәрім діннің соқыр сенімін мансұқ етіп, дін иелерінің азғындығын әшкерелейді. Ғалым, ойшылдардың жазғандарына да талғаусыз табына бермейді, өз ақылына жүгініп, сыншыл ой көзімен қарап оқиды.

Адасып дінші азғанын

Пәншілер ғылым қазғанын,

Философ ойшыл жазғанын,

Сынауға енді бұрдым бас, - дейді. Өзінің зертеп іздену жолы осындай болса, сол кезде өз халқының күйінішті тағдырына дерттеніп, терең тебіреніп, көп өлең жазады. Ол өлеңдері туралы айта келіп, былай дейді.

Тағы да талай сөз жаздым,

Елім тәлім алсын деп,

Қазақтың мінін көп қаздым,

Адам емес, ансын деп,

Өнер-білім білмеген,

Бірінді-бірін күндеген.

Тура жолмен жүрмеген

Төрт аяқты малсың еп

Сөзіме құлақ қоймады,

Партияға тоймады,

Кім өз елін ойлады,-

Надандықта қалсын деп?! [1, 248].

Шәкәрім өзінің жазған өмірбаянында ойлаған ойын, сезім-сырын, наным-танымын, істеген ісін, қысқасы, бар шынын – жасырмай да асырмай, қалықсыз көңілмен айқындап, ашық айтады.

Ол ойлаудан, үнемі тебіреніп толғанудан тынбайды.

Қырықтан аса бергенде,
Ақылым қалды шерменде,
Дінім қалай, жаным не?
Жоғалам ба өлгенде?
Әлемді кім жаратқан,
Осыншама түрлеп таратқан,
Көрінген сансыз планета,
Бірінен бірі бөлек пе?
Ахирет деген немене?
Шыққан жан қайта келе ме?
Кіре ме осы денеге,
Дәлелі қайсы сенгенде?
Осы оймен Мекке барғамын,
Әр түрлу кітап алғамын,
Ақылға сыймас жалғанын
Алмадым сынап келгенде.
Ноқтасыз оймен тексердім,
Бояулы діннен сескендім.
Дін шатағын көп көрдім,
Қатесін сынап тергенде.
Іздедім, таптым анығын,
Тастадым ескі танығын.
Хақиқат нұрдың жарығын,
Жарылды жүрек көргенде [1, 248].

Шәкәрім Меккеге барғанда, шарифаттың мұсылмандарға міндет еткен бес парызының бірі – қажылық борышын өтеп және «қажы» деген атақ-дәреже алайын деген оймен бармаған. Не үшін барғанын өзі де ашық айтып отыр, және шынымен мұсылмандық жолын қуып, толық қажы (хажы харамайын) болу үшін, Мұқаммет пайғамбардың жерленген орнына, Медицинаға да барып тәуен етуі керек еді. Шәкәрім онда бармаған, басқа үлкен қалаларда – Стамбулда, Парижде болған.

Шәкәрім Мекке сапарна қамқор ағасы, ұлы ұстазы Абай дүниеден қайтқан соң, бір жылдан кейін барған. Негізгі көздеп барған жері, үлкен мәдениет орталығы, бай кітапханалары бар – Париж, Стамбул қалалары болған. Әдейілеп іздеп барған өзіне керегін со қалалардан тапқанын өзі де айтады ғой.

Ал, Меккеге бару себебі: «Құдайдың үйі» дер жүрген Меккені көзімен көріп білу үшін және ондағы Құнанбай тәкиясын көру үшін

болуы керек. Шәкәрімнің өзінің шежіре кітабында Мекке туралы бар жазғаны: «1874 жылы қажыға барғанда (Құнанбайды айтады. Қ.М.), қазақ қажыларытүсетұғын Меккеде бір тәкия, яғни үй сатып алып, құдайы қылып еді... Мен пақыр 1905 жылдан 1906 жылға қарай қажыға барғанда тәкияны көрдім», - дейді [2, 118].

Шәкәрім дін мәселесіне көзқарасында фанатик емес, ол схоластик дінді тіпті мойындамаған, діни соқыр сенімнен мүлдем аулақ, сыншыл еркін ойдың, өз сөзімен айтқанда, «ноқтасыз ойдың», «сау ақылдың» адамы.

Ақылмен таппақ иман жоқ,
Ойлаудан ақыл тыйған жоқ.
Талай дінді тексердім,
Ешбір ойға сыйған жоқ.
Тамам діннің түбі бір,
Бояған, бұзған салып тұр.
Діншілдің кебі адас жүр
Бір орынға жиған жоқ.
Алпыстан жасым асқанша,
Жетпіске аяқ басқанша,
Зарладым, жаздым, ұқтырдым,
Құлаққа ешкім құйған жоқ.
Философ, ойшыл, данышпан,
Терең ойлап, алыстан,
-Құдай бар ма! Жан бар ма?-
Деп, ақылмен жарысқан.
Ахирет, құдай, жан сырын,
Тексере келіп әрбірін,
Шеше алмай анық тағдырын,
Әр түрлі айтып қарысқан,
Оны да сынға салғамын,
Керектігін алғамын,
Қалдырып қате, жалғанын,
Шатақ ойлап шабысқан,
Жан сыры деп жазылған,
Психология деген пән,
Орайсыз оцлап адасқан,
Оған да едім танысқан,
Тәпсіршіл, діншіл сопының
Кітабын да оқыдым.
Тазартып талай қоқымын,

Түзеттім дінді шалыстан.
Отыз жылдай жинағаным,
Сау ақыл менін иманым,
Аламын соған сыйлағаның,
Мейлің күл, мейлің намыстан [1, 252].

– деп, осы айтқан сыншыл ой-пікірімен ғана шектеліп қалмайды.

Одан әрі жаратылыс дүниесінің пайда болу себеп-салдарына да ой жүгірте келіп:

Жаралыс басы – қозғалыс,
Қозғауға керек қолғабыс,

Сол мәнменен бол таныс, – деп ойын бір түйеді де, жаралыс тарихи туралы өз түсінігін таратып, талдап береді:

Жан беріп жарық нұрдан,
Күн – атам жерді буаз қылған.
Өсімдік туған осыдан.
Жетіліп, өсіп толғанда дән,
Құр болған дәнде неше мың сан,
Жаралып шықтық біз, сонан.
Ұсақ құрт дәннен жарып шыққан,
Асқан құрттар әр түрлі тән.
Құс, балық, шаян, көп айуан,
Айуаннан өсіп болдық адам,
Кейіміз есті, кейіміз надан.
Жанымыз – күннен келген нұрдан,
Тәніміз – топырақ пен судан,

Күн – атам, анық жер – анам, – деп қорытады. Шәкәрімнің философиялық ой жүйесінен материалистік бағыт-бағдар байқалады. Дін мен ұлтты екі бөлек деп қарап, бұны тағы да адамшылықпен таразылайды. Орыстың ұлы ақын жазушыларын еркеше атап, қазақ халқын, «өнерді, білімді елден» - орыс халқынан тағлым алуға шақырады.

Білсе егер, Салтыков пен Толстойн,
Сезсе олардың айтылған терең ойын.
Гоголь мен Пушкиндерден ғибрат алып,
Қазақтың бөлер еді-ау нұрға бойын.
Лермонтов, Некрасовтай ақындарын,
Өнеге етсе, олардың мақұлдарын.
Өзімшіл, надандықтан көзі ашылып,
Аңғарар адал жолға жақндарын.
Сұрқия, залымдардың алма тілін,

Беті тұнық, асты лай, ол бір жылым.

Өнерсің өнеге алсаң үлгілі елден,

Адамдық, өнермен берер білім. [1, 328].

Шәкәрім Лев Толстойды нағыз әділеттің, анық ардың иесі деп танып, оның данышпандығын, ұлы адамгершілік қасиетін, адал жүрек, ақ көңілімен ардақтап, өзін Толстойдың шәкіртімін деп білген.

Жазушылық қызметінде Абай мен Толстойдың дәстүрін берік ұстаған Шәкәрім, шындықты жазумен, анық ақиқатты ашық айтудан тайсалмаған, мал-басыма зардабы тиер деп, қобалжымаған да қорықпаған. Бұл ақынның діни танымынан анықтығын, түсінігінен беріктігін айғақтайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шәкәрім. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.

2 Шәкәрім. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» // Кітапта: Әлем: – Алматы: Жазушы, 1991. – 183 б.

МӘШҲҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДІН ТАҒЛЫМЫ

ХАСЕНОВА Ә.

профессоры, магистрант, ИНЕУ, Павлодар қ.

ЖҮСІПОВ Е. Қ.

ф.ғ.к., профессоры, ИНЕУ, Павлодар қ.

Қазақ руханиытындағы көрнекті тұлғалардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұрпаққа қалдырған көркем мұрасы ұшан теңіз. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмір сүрген кезеңде жазылған шығармалары XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезі. Қазақтың ең бір шұрайлы жерлері орыс переселендерінің иелігіне көшкен шақ болатын. Сондықтан да болар, ақынның 1907 жылы жарық көрген кітабы «Сарыарқаның кімдікі екендігі» деп аталады. Ақын шығармалары жанры жағынан да мол салалы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары: ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, көлемді дастандарға, тіпті XX ғасырдың екінші жартысы, XX ғасырдың бас кезі үшін сирек кездесер естелік, өзі жайындағы өмірбаяндық шығармаларға дейінгі аралықты қамтиды. Бұның ортасында ақынның өлендерінің өзін жанрлық жағынан бірнеше топтарға бөлуге болады. Мәшһүр жастайынан сөз білер жандармен қатар жүріп, солардың мәнді сөзін жинай жүреді, баға бере жүреді.

Ақын – діни сауатты, дін тарихын, ислам заң, қағидаларын терең білген адам. Оған дәлел – діни дастандары мен басқа да шығармалары. Осы тұста Мәшһүр-Жүсіптің қазақ даласына мұсылман, адамзат, әлем мұраларын жайған тұлға болумен де орны өзгеше. Құранды қазақ ұғымына, ұлт танымына лайықтап, жұрт жайына қарай түсіндірген.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының діни танымдарын анықтауда бірнеше шығармаларына назар салуға тура келеді.

1 Ақын өлеңдеріндегі діни насихаттар.

2 Мұсылман діні тарихына қатысты тарихи оқиғалардың өлең мазмұнына алынуы.

3 Мұсылман пайғамбарлары мен әулиелері, танымал тұлғалары туралы діни дастандар.

Ақын қазақ танымына лайықтап, діни түсініктерді ұлттық түсініктермен беруде көркемдік айшықтарды да соған лайық қолданады. «Тарының қауызына сыйдыру», «Бақ құсу қону», «Алдаушы дүние» (алдамшы дүние – жалған) т.б. ұлттық таным-түсініктердің екі дүниемен байланысына назар аудартады. Сонымен бірге ақынның араб тілінің сөздерін қазақы танымға салып, өз жеке ақындық стилін танытатын үлгілер жасайтыны да мол. Соның ішінде қазақ тілінде «нәпсіні тию», «нәпсіні жену» деген танымдары да ақын ұлттық бояумен қолданып қана қоймай, оның терең мағынасына мән береді. «Нәпсіңді атқа мінгізбе» өлеңінде:

Жаяу қыл, нәпсіңді атқа мінгізбей бақ,

Міне қалса, жортқызып, желгізбей бақ.

Өзін-өзі бағуға көп әл керек,

Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ, – деп, жаңа тіркес жасайды.

Әрі ол тіркестің бояуы да нақты, айқындылығымен өзгеше. Мәшһүр шығармаларының қай жанрын алсақ та, туындыларында мұсылман дінін тазалық пен адамшылықтың белгісі деп таниды. Бұл адамшылық қазақтың ұлттық танымдарымен астасып келеді. Жаратушы хақ, оның қалауынсыз ештеме болмайды, пайғамбар жаратушының елшісі, жақсылық пен адамгершілік қаншалықты ескерусіз қалмайтыны сияқты жамандық пен жауыздық та жаратқанның назарынан тыс қалмайды, адамдар ортасы мейірім мен махаббатқа толған шақта жаратқан да бар сыйын аямайды деген халықтық түсініктер түрлі өлең, жыр-уағыз, өсиет, насихат, оқиғалармен бейнелі жетеді.

Ғалым Қ. Мәшһүр-Жүсіп ақын өлеңдеріндегі «нәпсі» туралы жан-жақты талдау жасайды.

«Көркемдік үндемігі, жалғастығы дегенде, біздіңше, сонау көне замандағы Жүсіп Баласағұннан (11 ғ.), Қожа Ахмет Иассауиден (12 ғ.) бастау алған дәстүр сабақтастығына алдымен назар аударған жөн. Мәселен, Қожа Ахмет Иассауиде «нәпсі» тиуралы айтылғанда, оған үнемі дерлік «ит» сөзін қосарлау орын алатыны бұған дейінгі зерттеулерде орынды көрсетіліп келді. Біз осы орайда «ит» деген сөздің де, ұғымның да мағынасы кең екенін, Қожа Ахмет Иассауидің көбінесе бұл баламаны ит қомағайлығы, «ашкөздігі» тұрғысына қолданғанына көңіл бөлгіміз келеді:

Бұл ит нәпсі қор қылды-ау мені талай,

Халайықтың қалмасын көңілі қалай?!» – деп келіп, Қожа Ахметтегі нәпсі иттің аузын жабу арманға қол жеткізу, Абайда көрсеқырлықпен ауысқанын айтады [1, 500-501].

Ғалым Мәшһүр-Жүсіптегі нәпсінің кең ұғымға ауысқандығына бірнеше дәлел келтіреді.

1 Нәпсінің заттанғандығын, деректі ұғымға айналғандығын;

2 Дамыту әдісін үстегендігін;

3 Соңғы жол қорыту, ойды бекіту, шумақ композициясын шебер қолдана отырып, ойды да тереңдете, кеңіте қолданғандығын дәлелдейді [1, 500-501].

«Махаббат – сәулесі зор құдай нұры» дейтін ақын жырларында:

Жарлық жетсе алладан кім қалмақшы,

Құтқармайтын даяр ғой бір қармақшы.

Пұлсыз берген құдайым әуелде өзі,

Құнсыз қылып бір күні өзі алмақшы («Салдым айғай»), – десе, ендігі бір жерде:

Шариғат қылса хакім қандай қатты,

Дер едік жарық сәуле таң жаңа атты.

Қолына көптен бері тимеген соң,

Сағынды дін мұсылман шариғатты, – деп, халықтың еркіндігін дінінің еркіндігімен қатар алады.

Ұлттың еркіндігі, елдің тәуелсіздігі ой еркіндігімен, жан, таным еркіндігімен, тәуелсіздігімен бірдей екендігін таныған ақын бұл ойын белгілі «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабында ары қарай өрбітеді. Еркіндік пен тәуелсіздіктің басты белгісі – ой мен таным, дін еркіндігі дегенді нақ басып айтқан ақын сол дінді қоғау мен сақтаудың қажеттілігін де ескертеді.

Дініңді кім қорласа – сол өш-қасың,

Қорлықтан ақпап па еді көзден жасың

Үйде өлген мың шіріктің бірі болмай,

Жұрт үшін арманың не кетсе басың.

Мәшһүр-Жүсіп Құрандағы 114-сүрені, соның ішіндегі «Фил» сүресіндегі Абыраһа мен Мұтылаб туралы оқиғаны қазақы таныммен жырлап шыққан. Бұнда Иеменді басып алып, қағбаға, сонда тұрара Мұтылаб жеріне шабуыл жасамақ болған Абыраһа жайында сөз болады. Құдай үйіне беттеген Абыраһа әскерінің азаппен, сұмдық жайда қырылғаны жөнінде айтылады.

«Абыраһа мен Мұтылаб» деген өлеңінде ақын жақсылық пен жамандықты, мейірім мен жауыздықты қатар алады. Өлең жауыздық пен мейірім туралы болғандықтан да шығар, ақын қатарластыра алу арқылы жақсылықтың жеңеріне сөз қолданысымен де барады.

Мұтылаб бір һәм болды мұны көріп,
Шақырады құрайышларға әуез беріп.

Баршасын дүниенің жинап алды,
Меккелік арабтардың бәрі келіп.

Аз уақытта насыралардың өліктері,
Ыстықтан сасып кетті соның бәрі.

Меккенің адамдары ғамкүн болды,
Лаж жоқ, тазартпасқа болмады, әні!

Мұтылаб дұға қылды Хаққа және:

– Біздерден кетсіндер, – деп – үшбу пәле.

Сол заман жаңбыр жауып, бір сел келіп,
Өліктің бәрін алып кетті бәрін һанма.

Ақын барлығы да жаратушының бұйрығымен болады. Жаратқан бұйрығынсыз іс болмайды. Адал көңіл, таза ниетпен тілеген тілектің орындаларына сенеді.

«Піл жылы» деп аталатын осы кез, яғни Мұхаммед пайғамбар туған жыл екен. Бұл мұсылман тарихшылары Ибн Хишаша, Табери, Ибн Халдун секілді жандар жазған оқиға. Бұл да – Мәшһүр-Жүсіптің мұсылман тарихын терең білгендігінің дәлелі.

Мен-дағы зікір ойладым мұның бәрін,

Білем деп хикаясын әркім оның

Расулдың жасы шарпы қырыққа келіп
айтайын пайғамбарлық келгендерін.

Алладан жәрдем тілеп, һәм ғинаят.

Үшінші рәкім шаздан ойладым хат.

Шаһитке оқиғасын айтпағыммен

Расулдың рухы бәкір болған мүшат, – дейді сөз соңында ақын.

Мұсылман тарихымен, жалпы адамзат тарихымен жетік таныс ақын сол исламның адам баласы тарихындағы тазалық

пен адамгершілікке негізделген дін екендігін тани отырып, оның жақсылыққа бастар, адамшылыққа қызмет етер танымдарымен қазақ даласын таныстырған. Бұл тұста ақын ұлттық бояумен, халықтық түсінікке жақын жырды, өлең мен лириканы қалауы да жай емес.

«Жаппардың әңгімесі» деп аталатын өлеңде:

Көрсеткен көп халыққа мылжызатты

Хақ расул барша жағынан шарапатты

Патша бол Хақ расул тұрғанында

Бар екен бір сахаба Жаппар атлы

Белгілі жомарт, мағлұм сахаба еді

Бай еді өзі жомарт, инабатлы.

Мәшһүр-Жүсіп өлеңдеріндегі дін сөздерінің қолданысы сол кездегі қазақтың дін оқуын оқыған, ислам тарихын, танымын жетік білетін тұлғаларының тіліне жақын келеді. Бірақ бұлардан ақын шығармаларының өзгешелігі – халыққа бейтаныс ұғымдарды да көп қолданатындығы. Бұл сөздер жай қолданылып қоймайды, өлеңнің өн бойында оған түсінік беріледі, анықтама жасалады. Бұндай тәсілді жасаудың жолы да әр түрлі. Бірде ақын аңызды пайдаланса, бірде шындық оқиғаны, бірде ислам уағыздары т.б. қолданады. Сол арқылы танымның, ойдың қолданыс аясын кеңейте түседі. Өлеңдерде араб тілінің сөздері молынан ұшырасады. Соның ішінде қазақы қалыпқа түсіп кеткен, ұлттық тіл ерекшеліктерін бойына әбден сіңірген сөздер қазақ тіліндегі айтылу ерекшеліктерін сақтаса, діни түсінігі әлі де бейтаныс сөздер араб тіліндегі қалыппен қолданылады. Бұл діннің қадірін арттыру мақсатымен берілсе, екіншіден, халықтың діни сауаты үшін де қажет екені белгілі

19- ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет саяси, қоғамдық-әлеуметтік, рухани, мәдени оқиғалармен байланыста дамыды. Әдебиеттің бағытын анықтауына төмендегідей тарихи оқиғалардың әсері болды. 1860 жылдардан бастап Ресей патшасының қазақ жерін, елін отарлауы толығымен аяқталды. Қазақ жері Ресей мемлекетінің меншігі болып саналды.

Қазақ халқы жерді пайдаланушы ғана болды. Атақоныс жерінен айрылған қазақ елінің әлеуметтік жағдайы төмендеді. Бұл халықтың рухани жүдеуіне, танымының бұзылуына әкелді. Билікке жақсам деген жаңа би-болыстар шықты. Абай айтқан «Болыс болдым мінеки» өлеңіндегі өзгеге жағымпаз, жалтаң мінезді билеушілер көбейді. 1861 жылы Ресейде крепостнойлық (басыбайлылық) тәртіп жойылды. Бостандық алған орыс шаруалары қазақ даласына қоныстандырылды. Ресей жерінен ағылған орыс шаруалары өзімен

бірге басқа мәдениетті әкелді. Салық төлеудің жаңа тәртіптері бекітілді. Салықтың негізгі бөлігін қазақтарға салды. Қазақ ұлтын патша әскері қатарына алмады. Саудагерлер қатары көбейді. Салт-дәстүрін өзге арнаға бұрған бөлек танымды шығарды. Патшаның қорғаныс күші – казак-орыстар көп билікке ие бола бастады. Өзен, көлдер маңайы секілді жайлы жерлер казак-орыстарға берілді. Тіршілікке қолайсыз өлкелерге қазақтар еріксіз қоныстанды. Қазақ халқы кедейшілікке, жоқшылыққа ұрынды. Қазақ елін билеудің патша мүддесіне бағындырылған ережесі («Жаңа низам») шықты.

Билік басына патша үкіметі қалаған адамдар ғана қойылды. Орыс шаруаларының қоныс аударуына байланысты қазақтар да отырықшылыққа көше бастады. Капиталистік қатынастар, қалалар, өндіріс орындары пайда болды. Өндіріс орындары казак шаруаларының өндірген затын (ет, тері, жүн, сүт, т.б.) арзан бағамен алды. Орыс тіліндегі мектептер ашылды (Орынбор, Орал, Троицк, Торғай, т.б.). Қазақ халқы жаңа тұрпатты мектептерде білім ала бастады. 19- ғасырдың екінші жартысында әдебиетте жаңа бағыт өкілдері шықты. Олар халықты білім алуға шақырды. Мәдениет пен өнерді үйренуге насихаттады.

Ақын халықтың ұлттық танымы мен иманды түсінік, санасынан алыстамауын қалады. Сондықтан да болар, шығармаларында казак халқының танымына ыңғайлы, елдік сипатына, ұғымына қолайлы мұсылмандық қалыпты шығармаларында насихат етті. Мұсылман дінінің ұстанатын – адамшылық, тазалық қағидалары казак халқын сақтайтын таным екендігін негіздеді. Осы тұста ақын шығармаларында қолданатын дін сөздерінің сипаты казак тілінде түрлі үлгіде көрініс бергендігін атаған орынды.

Ақынның замандастары, мұсылманша оқығандардың қай-қайсысы да араб тілін кеңінен пайдаланған. Араб тілінің көптеген сөздері сол кезеңнің өзінде казак ішіне сіңісіп, қазақтың төл сөзіне айналып кетті. Кейбірі негізгі сөздік қорымыздан орын теуіп, күні бүгінге дейін төл сөздерінің барлық белгілерін қабылдаған.

Мысалы: Өшһөрәт апат деп айтқан Хәдис; Ғаламға абрахмет нұрын шашар; Пайдасын милләтінің түгел ойлап; Ғибадап қанша қылған құлшылықтан; Айтады әмір мәғруф насихатын; Әлхари мақтап болмай болсын ақпап; Әл-сафар бір қатпа боп шәйна лашқар; Ғафурым нәхтли әр кез бермедікер; Ширабап Тәшүрадай көрінетін; Ғаріплік бұл жалғанда біздің баста; Хумаюн жаләл жұпты өткен екен; Ғелаз шәдадінің уысында; Азажад әл-қаста ғуми әлджар; Фарағат рақат жазған жоқ ты бізге, Лағынға жол үстіне ұшыратып кез; Бас-

басына бір мәсуәк омырауында; Тамиғтың тырнауышы болсын деп сол; Парахзат патша болып орнын алды. т.б.

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында мұсылман дінінің негізгі қағидалары мен ережелері ұлттың түсінігіне лайықталып беріледі. Сонымен бірге халық танымын кеңейтіп жаңа ұғымды қалыптастыру мақсатын көздеген тың идеялармен де ерекше. Ақынның шығармалары жаратушыға сену, мойындау, Аллаға деген махаббаттан басталып, адамға деген тазалыққа жалғасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр-Жүсіп Қ. «Суреткер ақын» // Кітапта: Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Шығармалары. Т.4 – Павлодар: ЭКО, ҒӨФ, 2005 – 535 б.

2 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Шығармалары. Т.2 – Павлодар: ЭКО, ҒӨФ, 2003 – 384 б.

3 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Шығармалары. Т.3 – Павлодар: ЭКО, ҒӨФ, 2003 – 382 б.

4 Жүсіпов Е. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы шығыс әдеби дәстүрі: Филол ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дис. авторефераты. – Астана, 2001. – 30 б.

ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ДӘУІРЛЕУ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ Б.КЕНЖЕБАЕВТЫҢ ОРНЫ

ХОШОРБАЙҚЫЗЫ С.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖҮСІП Қ. П.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жиырмамыншы ғасырдың алғашқы ширегіндегі казак ұлты зиялыларының мерзімді баспасөзде жарияланған мақалаларында көтеріліп, ғылыми еңбектерінде, оқулықтарында жалғастық тапқан әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесі әр кез күн тәртібінен түспегеніне қарамастан күні бүгінге дейін толық шешімін тапқан жоқ деуге болады. Оның басты себебі кешегі отаршылдық пен тотариталдық жүйе қысымы салдарынан әдебиет зерттеушілердің тарихи шындыққа негізделген біртұтас бағыт ұстана алмауынан, пікір қайшылығының өткір өрістеуінен еді. Солай бола тұрса да шовинистік көзқарас ықпалында кетпей, тоталитарлық жүйе бағытына ілеспей тарихи фактілерге арқа сүйеген, өз ұстанымы

үшін қайсарлық таныта білген ғалымдар да болды. Ол – қазақ әдебиеттану ғылымында әдебиет тарихын түркі халықтарының бәріне ортақ дәуірден бастаудың негізін салып, орнықтырған профессор Бейсенбай Кенжебаев еді.

Қазақ әдебиеттану ғылымы алғашында өткен кездерде жасалынған қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылықтары жайлы әртүрлі деңгейде айтылған пікірлер түрінде өмірге келді. Түрлі мақсатта көрінген В. В. Радлов, П. М. Мелиоранский, А. Е. Алекторов, Н. И. Ильминский, Г. Н. Потанин, А. Янушкевич, Ә. Дибаяев секілді жат жұрттық ғалымдардың қазақ әдебиеті, оның ішінде поэзиясы хақындағы құнды пікірлерінің болашақта жасалынар әдебиет тарихы үшін маңызы айтарлықтай болды. Әдетте, әрбір ұлт өзінің ұлттық тарихын, әдебиетін, өнерін негізінен өзі зерттейді. Ал қазақ әдебиетінің тарихын жасаудың алғашқы кезеңінде оған басқа ұлт өкілдерінің араласуының бірнеше себептері болса, соның ең негізгісі әдебиетті зерттейтін ұлттық кадрларымыздың жоқтығы еді. Бұл мәселелер турасында Дандай Ысқақұлы өзінің «Әдебиет тарихын зерттеудің өзекті мәселелері» атты көлемді мақаласында кеңірек тоқталады [1].

XX ғасырдың бас кезінде Ресей империясында бұрқ-сарқ қайнап жатқан саяси оқиғалар қазақ даласына да жетіп, ұлт-азаттық қозғалыс өріс алды; ұлттық сана-сезім оянып, ұлттың ұлт болып өмір сүруіне негіз болатын рухани таяныштар ізделіне бастады. Рухсыз ұлттың басқа халықтармен терезесі тең өмір сүре алуы – неғайбыл. «Тарихын жоғалтқан жұрт – жоғалған жұрт» (М. Дулатов. «Қазақ», 1915, №155). Сондықтан да қазақтан шыққан зиялы азаматтар мамандықтары басқа болғандықтарына қарамастан, халықтың ұлттық сана-сезімін ояту, қалыптастыру мақсатымен, қазақтың азаматтық тарихын, әдебиетін, мәдениетін зерттеуді өз қолдарына алды. Осы кездерде Ә. Бөкейхановтың, А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, Х. Досмұхамедовтің, С. Торайғыровтың, М. Жұмабаевтың, Ж. Аймауытовтың, С. Сәдуақасовтың, М. Әуезовтің, Р. Мәрсековтің, Қ. Кемелгеровтің, Ы. Мұстамбаевтың, С. Қожановтың, С. Сейфуллиннің т. б. «Қазақ», «Айқап», «Сана», «Лениншіл жас» секілді басылымдарда жарияланған материалдарында қазақ әдебиетінің тарихын жасауға тікелей қатысты алғы шарттар жасалынды. Бұларды болашақта жасалар әдебиет тарихының дайындық материалдары, яғни «шикізаты» деуге болады.

1917 жылғы Қазан төңкерісі әлемге жаңа заманның басталғанын жариялады. Революция Ресей империясындағы барлық езілген халықтарға азаттық, теңдік әкеледі деген үміт ақталмай, орыс отаршылдығы жаңаша формада, социалистік мазмұнда күшейе түсті. Бодандықтың салдарынан саяси-экономикалық, мәдени-әдеби салаларда кенжелеп қалған халықтарды маркстік-лениндік ілімге сүйеніп отырып, қоғам дамуының капиталистік сатысынан өтпеген, артта қалған, халық ретінде пісіп жетілмеген, әлі ұлт болып қалыптаспаған, ұлттық тарихы, әдебиеті жоқ бұратаналар санап, біз олардың ұлт болып ұйысуына, яғни социалистік ұлт болып шығуына көмектесеміз деген, түптің түбінде басқа ұлттардың жойылуына, ұлтсыздандыруға апаратын құйтұрқы саясат күшейе түсті.

Міне, осындай ұлт тағдырына қауіп төнген кезде Ресей құрамындағы түркі тектес ұлттардың зиялы азаматтары өздерінің де басқалар сияқты ұлт екендігін дәлелдеу мақсатымен азаматтық тарихын, ұлттық әдебиетін, мәдениетін іздей бастады. Қазақтың да бұрыннан келе жатқан ұлт, дамыған ұлттық әдебиеті, мәдениеті бар халық екендігін дәлелдеп, жазылған мақаланың бірі С. Сәдуақасовтың «Қырғыз әдебиеті» («Трудовая Сибирь», 1919, №1) тақырыбындағы тарихи-сыни очеркі болды. Орыс тілінде жазылған мақаланың негізгі мақсаты қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті төмен деп түсінетін орыс оқырмандарына өткен дәуірлерде ұлттық әдебиеттің, әсіресе ауыз әдебиетінің дамыған, бай түрі болғандығын, оның өзгелерге ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктерін таныстыру болған. Смағұл қазақтың жазба әдебиетінің тарихын Мәшһүр Жүсіптің, Абайдан бастаған. Қазақ әдебиетінің ірі өкілдері ретінде М. Дулатовтың, А. Байтұрсыновтың, М. Жұмабаевтың, С. Дөнентаевтың, Ф. Қарашевтің, Ш. Құдайбердиевтің, С. Торайғыровтың, А. Мәметовтің, С. Сейфуллиннің, т. б. шығармаларын талдап, сипаттамалар берген.

Осы кездерде бұрындары қазақ әдебиеті болды ма, болса, қай кезден бастап бар деген мәселе көтерілді. Отаршылдар негізінен, қазақтарда шын мәніндегі әдебиет болған жоқ деген таптық ілімге сүйенген бағытты ұстанса, ұлтжанды қазақ зиялылары әдебиет болғандығын дәлелдеуге кірісті. М. Жұмабаев 1923 жылы қазақта бұрындары дамыған әдебиет болмаған дегендерге қарсы «Өткен дәуірдегі теңіздей тұңғыық әдебиетіміздің бізге бұл күнде адасқан ұшқындары, тентіреген тамшылары ғана жетіп отыр. Көбі, көбі болғанда ең сұлулары ұмытылған, желдей өскен жыраулармен бірге топыраққа айналған. Баяғыда отыз күн, отыз түн айтылатын

Қобыландылардың ауызда адасып, азғантайы ғана қалған. Талай түндерге созылған ертегілердің басы қайырылып, аяғына жетіп, шоп-шолақ қалған» [2, 340] – деп, өткен замандарда жасалынған әдеби мұрамыздың ұмытылып бара жатқандығына жұртшылық назарын аударды.

Ұлттық дамудың әдебиеттегі рухани тамырларын үзіп тастау мақсатымен жүзеге асырыла бастаған пролетарлық мәдениет бағытына қарсы Мағжан 1924-1926 жылдары «Алқаның» бағдарламасын дайындады. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, Ж. Тілеулин, С. Дөнентаев, М. Әуезов, С. Сәдуақасов, Е. Омаров, С. Қожанұлы, Е. Алдоңғарұлы, Ж. Сәрсенбіұлы сияқты қазақтың біртуар алашшыл азаматтары қолдаған бағдарламада да бұрындары қазақ халқының бай әдебиеті болғандығын дәлелдей түскен. Мағжан әдебиеттің деңгейі қоғамдық дамумен тікелей байланысты болуына орай феодалдық дәуірде өмір сүрген қазақ халқының әдебиеті де төмен деген пікірдің сыңаржақ екендігін айта келіп, «техника мәдениеті тіпті төмен болғанымен», «өзінше терең әдебиеті болған һәм бар» деп дәлелдеді. Дәлелге «кешегі Мұрат, Махамбет, Базар, Шортанбай, Ақан сері сықылды ақындардың елдің мұнын, зарын, ой-қиялын жырлай білген шын жыраулар екенін» алға тартты. Осында ол қазақтың ұлы ақыны Абайдың поэзиясын аса жоғары бағалады.

Келтірілген мысалдардан қазақ әдебиетінің тарихына қатысты алғашқы зерттеулердің алдымен, ұлттық әдебиеттің ғасырлар бойы дамып келе жатқан бай тарихы бар екендігін дәлелдеуден басталғандығын көреміз. Қоғамдық өмірде үстемдік құрған таптық идеологияны әдебиет пен мәдениетке де қолданып, тұрпайылықпен жүзеге асыра бастаған кездерде оған қарсылық ретінде айтылған осы сияқты пікірлердің болашақта жасалар қазақ әдебиетінің тарихы үшін саяси жағынан да, ғылыми жағынан да практикалық маңызы аса зор болды. Саяси қудалауларға қарамастан, алашшыл азаматтар халықтың болашағы үшін ұлттық әдебиет тарихын жасаудың аса қажеттілігін, оны қай бағытта жазу керектігін батыл көрсетіп берді.

Қазақ әдебиетінің бастау бұлақтарын анықтау, тарихын кезеңдерге бөлу жолындағы ізденістерде қазақ әдебиеттану ғылымы ұзақ жолдардан өтті. Жиырмамыншы жылдардың соңына қарай қазақ әдебиетінің өткендегі даму жолдарын зерттеп, дәуірлерге бөліп, ғылыми жүйеге түсіруге ұмтылған еңбектер көріне бастады. А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» (1926) қазақ әдебиетін ғылыми тұрғыдан тұтастай алып, теориялық, тарихи тұрғыдан

зерттеудің жолдарын алғаш рет жүйелеген еңбек болды. Мұнда жалпы әдебиетті ауыз әдебиеті және жазба әдебиет деп екіге бөліп, ары қарай тағы да іштей түрлерге, жанрларға жіктеген. Қазақтың жазба әдебиетінің тарихын «діндар дәуір», «ділмар дәуір», «сындар дәуір» аталған кезеңдерге бөлген. Діндар дәуірге араб, парсы үлгісіндегі діни бағыттағы әдебиетті, ділмар дәуірге орыс әдебиетінен өнеге ала бастаған кезден бергіні, сындар дәуірге Абайдан кейінгі кезді жатқызған. Мұнда әдебиеттің тарихын кезеңдерге бөлуге алғаш рет әрекет жасалынып, ғылыми ұстаным ретінде хронология емес, әдебиеттің негізгі бағыты, мазмұны, сыйпаты алынғандығы көрінеді. Сөйтіп, А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышында» тұңғыш рет қазақ әдебиетінің тарихын кезеңдерге бөліп, оны дәуірлеудің өзіндік принциптері ұсынылды.

1927 жылы М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» шықты. Кітап осылайша аталынығанымен де онда негізінен қазақ халқының ауыз әдебиеті қарастырылған. Мұнда ауыз әдебиетіне анықтама беріліп, сыршылдық салт өлеңдері, әңгімелі өлеңдер (батырлар әңгімесі, ел помасы, тарихи өлеңдер), айтыс-тақпақ, ертегі, мақал-мәтел, жұмбақ түрлеріне жіктелінген. Әдебиеттің тарихын әңгімелегенде, ХІХ ғасыр әдебиетін «зар заман» әдебиеті атаған. Қазақ әдебиетінің тарихын Асан Қайғыдан бастап, Бұқар, Махамбет, Шортанбай, Мұрат, Ыбырай, Ығылман, Абай, Нармамбет сияқты ұлт мүддесін жырлаған ақындардың шығармашылықтарын жоғары бағалаған. Ұлт-азаттық күресті жырлаған ақын-жыраулардың поэзиясын насихаттады деген айыппен «Әдебиет тарихы» жарық көре салысымен «қамауға алынды».

Халел Досмұхамедовтің «Қазақ халық әдебиетінде» (1928, орыс тілінде) ауыз әдебиетінің табиғаты, жазба әдебиеттен ерекшелігі, халық өмірімен байланыстылығы кеңінен әңгімеленді. «Халық әдебиетінің қайсы бір үлгі нұсқасының із-түзсіз жойылып кетуі мәдениетіміз үшін орын толмас өкініш болмақ» деп білген Халел қазақ ауыз әдебиетінің 46 түрін көрсетеді. Тәуелсіздік алғанға дейін фольклористика ғылымында қазақ ауыз әдебиетінің он шақты-ақ түрі ғылыми айналымда болып келгенін ескерер болсақ, Х. Досмұхамедов зерттеуінің мәні мен маңызы толығырақ түсініледі. Халелдің Махамбет, Мұрат, Шортанбай туралы зерттеулері кейіннен қазақ әдебиетінің тарихын жасау кездерінде кірпіш болып, қаланды десе де болғандай.

Қазақ әдебиетінің өткен кездердегі тарихын зерттеу істерінде С. Сейфуллин айтарлықтай еңбек сіңірді. Ол жиырмамыншы

жылдардың соңына қарай баспасөз бетінде ауыз әдебиетін, әдеби мұраны жинауға үндеген бірнеше хат-мақала жазды. Нәтижесінде «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1931), «Қазақ әдебиеті» (1932) өмірге келді. Профессор Т.Кәкішевтің дәлелдеуі бойынша, С. Сейфуллин қазақ әдебиетінің тарихына арнап бірнеше кітап жазуды жоспарлаған. Бізге жеткені соның екеуі ғана.

Сәкен қазақ әдебиетінің төңкеріске дейінгі дәуірін сол кездің саяси-әлеуметтік жағдайына орай, үлкен екі кезеңге бөледі: 1). «билер дәуірі», 2). «орыс патшасына бағынған дәуір». 1932 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінде» осының алғашқы кезеңі «билер дәуірінің» әдебиеті ғана қамтылған. Мұнда негізінен қазақтың ауыз әдебиеті түрлерге, жанрларға жіктеліп, қарастырылған. «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» хрестоматиясына Бұхар, Балқы Базар, Шортанбай, Досқожа, Сүйінбай, Шөже, Балта, Кемпірбай, Жанақ, Түбек, Орынбай, Сералы, Тоғжан, Құлмамбет, Жамбыл, Майкөт секілді ақындардың өлең, айтыстары енген. Бұлардың біразы баспа бетін алғаш рет көрсе, ал енді кейбіреулері күні кешегі тәуелсіздік алғанға дейін «жабық» болып келді. Сөйтіп Сәкен Сейфуллиннің «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары», «Қазақ әдебиеті» атты еңбектері ұлттық әдебиеттің тарихына тұңғыш рет хронологиялық, хрестоматиялық жүйемен желі болып тартылып, қазығы болып қағылды.

XX ғасырдың бірінші жарымындағы қазақ әдебиетінің аса ірі өкілі, социалистік реализм әдебиетінің ту ұстаушыларының бірі С. Мұқанов қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу істеріне аса қомақты үлес қосты. Жазушының әдебиет тарихына қатысты зерттеулерін іштей жіктесек, ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті, Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті болып келеді. Сәбит қазақ әдебиетінің тарихын ХҮІІІ ғасырдан бастап зерттеген. Оның себебін осыған дейінгі ақындардың аттары жөнді сақталмағандығымен, «белгілі дәуірде жасаған ақын бар, ол ақынның белгілі шығармасы бар ғасыр қазақ әдебиетінің тарихында ХҮІІІ ғасыр» болғандығымен түсіндіреді. Сонан соң бұл дәуірдің әдебиетін «қазақ халқының тәуелсіздігін қорғау жолындағы күресін сипаттайтын әдебиет» деп анықтаған.

С. Мұқановтың «ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті туралы» көлемді зерттеуі алдымен, «Халық мұғалімі» (1941, №6-12) журналында жарияланды. Автор осы кездің әдебиетін 1) ұлт бостандығы үшін күресудің әдебиетке әсері, 2) «Зар заман» әдебиеті, 3) ақын және айтыстар, 4) шығыс әдебиетінің әсері, 5) просветительлік әдебиет деп, жіктеп қарастыруды жоспарлаған.

Кейін кітап болып шыққанда, біраз өзгерістер байқалады. Алдымен, кітап «Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942) аталған. Бірінші тарау «Бостандық күресі», екіншісі «Зар заман», үшіншісі «Айтыс туралы» болып өзгеріп, бастапқыда жоспарланған «Шығыс әдебиетінің әсері», «Просветительлік әдебиет» тараулары кітапта жоқ.

Кітаптың «Бостандық күресі» тарауында Бұхар жыраудың, Сырым Датұлының, Махамбет Өтемісұлының өлеңдеріне, Жанқожа батыр, Кеңесары-Наурызбай туралы жырларға, «Бекет батыр» дастанына тоқталған. Автор зар заман әдебиетін Асан қайғыдан бастап, оның өкілдері ретінде Бұхар жырау, Махамбет, Шортанбай, Мұрат, Ыбырай Алтынсарыұлы, Нармамбет, Шернияз, Досқожа, Күдері, Нысанбай, Ығылман сияқты ақындарды атап, өлеңдеріне талдаулар жасайды.

Сәбит Мұқановтың қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың, ойшыл ақыны Абай Құнанбаевтың өмірін, шығармашылығын зерттеп, іргелі зерттеулер жазғаны белгілі. Бұл еңбектер қазақ әдебиетінің тарихына қосылған сүбелі үлес болып, өзінің ғылыми құндылығын күні бүгінге дейін жойған жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ысқақұлы Д. Әдебиет тарихын зерттеудің өзекті мәселелері // 20.03.2012.

2 Жұмабаев М. Шығармалары. А., 1989, 340-б.

ПОЭЗИЯДАҒЫ АДАМ СЕЗІМІ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ

ШАЛАБАЕВА А. А.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖҮСІП Қ. П.

ғылыми жетекші, С.Торайғыров атындағы ПМУ, профессор, Павлодар қ.

Ұлттық рухтың бір символы қазақ поэзиясында Дала болып келген. Осы даланың табиғатын жырламаған ақын жоқ та шығар.

Кеңшілік Мырзабеков халқына деген сүйіспеншілікті, табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынасты, махаббатты, достық пен адамгершілікті негізгі нысанаға алып, қазақ поэзиясының көкжиегін кеңейтіп, ерекше еркін тыныспен, пішіндік, мазмұндық ізденістер нәтижесінде туған көптеген жыр жинақтарымен әдеби қауымның

ықыласына бөленді. Ақынның жырларының ішінде оның табиғат туралы жырларын ерекше атап кетуімізге болады.

Ақын шығармашылығына орынды да әділ баға бергендердің бірі Ғұсман Жандыбаев. Ол: «Кеңшіліктің табиғат лирикаларын оқып отырып, біз оның тау суындай таза, жайлау көркіндей тартымды ажар сымбатына тәнті боламыз. Өлең бояуын табиғаттың өзінен сүзіп алу, оның әрі мен нәрін сол қалпында сақтап қалу Кеңшіліктің басты көркемдік ерекшелігі...» [1, 73 б.] деп оқырманның ойындағысын айта білген.

К. Мырзабековтің сиқырлы да көркем, айшықты тілі әсіресе табиғатты суреттегенде көрінер еді, ол табиғат суреттері сол кездегі тіршілікпен, адамдар тағдырымен бірге астасып жататыны сондай, сол сәтте сол суреттің ішіне еніп, сол жердің ауасымен бірге тыныстап жүргендей боласың, бірге сүйсінесің.

Сағымды көкжиекке дала күрмеп,
Жапырақ жанданады самал үрлеп.
Жапырақ шайқалғанда, саусағымен
Шертеді шабытымның шанағын кеп.
Осы бір көркем бейнелі, әсерлі жолдарды [2, 32 б.]

Біздің ауыл ар жағы көкпенбек қыр,
Ізгі жауын себелеп көктем кеп тұр.
Қаулап қырға шашадан көк мелдеп тұр,
Қорық болмай әне бір шалғын табан
Өріске өткен малға өткел боп тұр...[2, 35 б.] – деген өлең жолдарын оқып отырып, өзіңіздің сол табиғаттың ортасында тұрғандай, ана бір аталған шалғын табаннан сізде малмен бірге өтіп бара жатқандай боласыз. Сосын бірде:

Қозы көш жерде, қол созып белде,
көк шалғын
Көк шалғын қаулап, желкілдеп кетті
акжал күм... [2, 35 б.] – десе

Тағы бір жерде:
Дүр етіп лезде, бүр жарған кезде дүзген тал,
Тобылғы сайға, торыңды сайлап қызбен бар,
Қолаң шағыр мен қоламта күлгін көкпектің
Арасында аршын тұяқтар тиген іздер бар...[2, 22 б.] - деп, хас шеберге тән қасиетпен жырлайды.

Сарғайған дала сазды
Әйет құмы бұркылдап,
Саржайлауда анау,
Сері өзен ақса сылқылдап
Құр құрлап қырдан
Қайырып қайтсам құлын тай,
Әр көде басы дуадақ ұшса пыр пырлап... [2, 58 б.]

Дарынды суреткердің табиғат суретін шебер қолмен қойғандай көз алдына келтіріп, сол даланың тұнық ауасымен сізді тыныстатқандай болатыны да таңғажайып. Мұндай көркем тілді, бейнелі әсем суреттер К. Мырзабековте молынан кездеседі.

Ақынның поэзия әлемінен алатын орны оның тіл кестесімен, ізденісімен, содан туындағын шынайы да шымыр бейнелі сөздерімен бағалағанады, анықталады. «Өйткені, ақын сезімнің драматизмі тым нәзік. Оның сезімдік көңіл-күйі, сағынуы ме аңсауы, эпикалық үлгіге қалай айшық табады десеңізші. Ұйыған сүттің дірілдеген сезім, оның сюжетті дүниесін түгелдей лирика мүлкіне айналдырады. Ақындық парасаты мен асқақ сезімі, тасқа басылғандай анықтық табады. Ешкім орап өте алмайтын кендікпен, ешкім өшіре алмайтын мәңгілікке ұласады. Сезімін сабыр мен санаға бағындыра отырып, оның бар мәйегін шығаратындай. Бар маңызын ұсынатындай. Табиғат пен адам жанының, өмір мен өнердің үйлесімін байқаймыз. Әсер, сезім, ой қатар өрілсе ғана, өлең- өлең» дейді әдебиеттанушы ғалым Б. Кәрібаева [3, 149 б.]

К. Мырзабеков өлеңдеріндегі табиғаттың бейнелену тәсілдері өзінің ешкімді қайталамас ерекшелігімен құнды. Ақын жырларына сипаттама бергенді, сан алуан тақырыпты игеруін сөз етсек, тым жеткіліксіз болар еді. Ал, әр өлеңіндегі туған жердің ерке бұлағындай екпінді, сыршыл да сазды ырғақты, шебер қолдан шыққандай келісті өрнекті, бедерлі түйінді айтқанда, ақын жырларындағы табиғатты еске алуымыз заңды. Оның әр өлеңінен табиғаттың тізбек-тізбек көріністеріне жан бітірген шеберлікті көруге болады, түйдек-түйдек қалқып жүрген ақша бұлттар, ашық аспан, мөлдір бұлақ суретін тани аламыз.

Махаббат сезімін суреттеуде де ақындар табиғатты көркемдік нысан, ондағы құбылыстар мен заттарды деталь ретінде үнемі назардан тастамайтынына осы өлеңдер мысал бола алады.

Сөз суреттілігі Кеңшілік ақынның «Шешемнің бір хаты» өлеңінде сәтті үйлесімімен орын алған:

Сен кеткен соң кешкісін суға бардым,

Сол шау өзен жататын қырда қалғып,
– Суға неге келдің – деп тулап алды,
Толқып тұрған кеудемнен тырнап алды.
Мен келемін, сендерді ойлап келем,
Ойларымды сендерге арнап келем,
Екі шелек екі отау, екі отауды
Бір ағашпен көтеріп жалғап келем [2, 72 б.].

Өлең бейнелілігі сонда – суға барған шешеге өзен тіл қатады, халін сұрайды, балаларын сұрайды. Қамкөңіл ананың көңіл-күйі сол сумен тіл қатысуда көрінеді. Өзеннің адамға тән мінез-әрекетпен көрінуі кейіптеуге мысал болса, екі шелек – екі отау, иықтағы иінағаш – екі отауды жалғап келе жатқан ана көңілі толығымен ауыстыруға мысал. Символдық сипаты бар «Бозша тал» өлеңінде ауыстырудың өзіндік ерекше өрнегі бар. Әуелі бозша тал кәдімгі табиғат өскіні ретінде сипатталып, сонан соң ол адамға тән іс-әрекетке ие болады:

Табанында тесік өкпе, тозса қар,
Жазғытұрым жылайды екен бозша тал
Жаңбыры жоқ көк аспанға телміріп,
Сағымы жоқ көкжиекке көз сатар [2, 29 б.].

Бозша тал адамша жылап, адамша аспанға телміріп, көкжиекке көз қадаса, «атан жығар азулы жел» бозша талдың «белін бұрап өтеді». Бозша тал өскен табиғат та адамға тән іс-әрекетпен көрінеді. Жылап тұрған бозша тал уақыт заңымен әлі-ақ бұр ашады. Осы ойды жеткізген ақын түйіні мүлде басқа арнадан шыққан:

Бөу, Махаббат, бозша талың болайық,
Өліараңа – сынауыңа шыдайық.
Тал екеш тал жылап тұрып күрессе,
Күресейік – Махаббатқа лайық [2, 29 б.].

«Адам – бозша тал» параллелі ақын қолданысындағы тың сурет. «Бала гүл туралы баллада» өлеңін метафоралық өлең деуге болады. Өлең мәтінін толығымен келтірейік:

Жон-жонастың жаңа туған тұрғыны,
Он екіде ашылмаған бір гүлі,
Жазғытұрым жауқазынға жолықтым,
Қабағында бар екен сәл кірбіні.
Сәл тоңазып, дір-дір еткен демінен,
Бейкүнә да пәктігіне сеніп ем.
– Сыз өтті ме, табаныңнан, арқаннан,
Жылытайың, – дедім, – келші, сені мен.

Жәудіреген қадап маған жанарын,
Бөу, бейкүнә! Сөзін айтты баланың:
– Жылытыңыз, жылытыңыз, – деді ол
Үзілмейтін болса егер де сабағым [2, 43 б.].

Ақын шумақтарына әдемі ой өрнегі сіған. Өлең мазмұны сырт сипаты жағынан гүл туралы сияқты. «Қабағында сәл кірбіні бар жауқазын» символдық мәнге ие екенін ескерсек, өлеңнің астарлы мазмұнын аңғарамыз. Яғни жауқазын, бала гүл – балғын бойжеткеннің метафорасы.

Ақынның табиғат болмысына сезімталдықпен қарап, сыр түйетініне, сол сырды бейнелі өлең жолдарына айналдыра алар шеберлігіне тағы бір мысал – «Мен тал көрдім, солқ-солқ еткен құба тал», – деп басталатын өлеңі. Бұл өлеңде құба талдың тағдырына алаңдай отырып, соры мен бағы бірдей талдың уақыт балтасынан аман қалғандығы жырланып, сол арқылы лирикалық қаһарманның айтар ойы түспалданады. Табиғаттағы тал, гүл, өзен сияқты нысандар көп жағдайда егізделіп, салыстырылып, адам болмысымен ауыстырылып, кейіптеу, метафора, егіздеу сияқты тәсілдердің арқасында көркем дүниеге айналуы поэзияға тән болса, сыршыл да сезімтал ақын Кеңшілік қаламынан мұндай көркемдік бояуы қалып, сезімге суарылған өлеңдер көптеп туған. Сондай-ақ адамның көңіл-күйін табиғат құбылыстары арқылы, немесе керісінше бейнелеу де поэтикалық тәсілдердің мүмкіндігінің, поэзияның көркемдік деңгейінің жоғарылығының куәсі. Табиғат құбылыстары адам өмірімен салыстыру, сол арқылы астарлы ойды бейнелеу тұрғысынан келгенде ақынның соншалықты аңғарымпаздығын баса айтқан жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жандыбаев Ғ. Талантқа – талғам таразы. Әңгімелер, трактаттар, сұхбаттар, мақалалар. – Алматы: «Баспалар үйі», 2015.
- 2 Мырзабеков К. Жолға салдым көшімді. -Астана: Елорда, 2002. – 208 бет.
- 3 Кәрібаева Б. Қара өлең және лирика. – Алматы, 2001. – 173 бет.

К. МЫРЗАБЕКОВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕГІЗДЕУЛЕР

ШАПАБАЕВА А. А.

магистранты, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖҮСІП Қ. П.

ғылыми жетекші, профессор, С.Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Стиль мәселесі әдебиеттану ғылымының маңызды нысандарының бірі екені белгілі. Қазіргі қазақ поэзиясындағы стиль туралы сөз қозғағанда нысанға алынған кезеңдегі поэзия стилін қарасырғанда негізгі басты назарда ұстауымыз керек дейтін заңды сауал туындайды.

Жалпы поэзиядағы стиль мәселесі туралы бірсыпыра зерттеу еңбектері жарық көрді. Олардың қатарында алдымен айтарымыз – Қ. Жұмалиевтің «Стиль - өнер ерекшелігі» еңбегі болса, одан кейін Қ. Мәшһүр-Жүсіптің «Қазіргі қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» атты еңбегін ерекше атауға болады. Бұл еңбекте поэзиядағы стиль мәселесі жаң-жақты сараланып, стильді көркемдік әдіс және бейнелілік тұрғысынан қарауға баса назар аударылған.

Көркем әдебиеттің басты негізі – сөз болса, сөз қолданысының әрбір суреткердің даралығын байқатар қыры стиль ауқымына қатысты. Қазіргі поэзиядағы стиль мәселесін сөз еткенде Қ. Мәшһүр-Жүсіп тұжырымдарына қосыла отырып, лирикалық қаһарман сипатына, суреткердің сөз қолдану ерекшелігіне ерекше назар аудару қажет. «Қазақ ақындарының қаншалықты толысқан суреткер екенін айқындау үшін, стиль де, көркемдік әдіс те жалаң алынбай, үнемі бейнелілік тұрғысынан саралану қажеттігі де дау туғызбайды» – деп ой түйеді ғалым [1, 381 б.].

Өмірді көркем бейнелеу сипаты, ең алдымен, ақынның сол өмірді бейнелеу үшін таңдаған әдісінің негізінде айқындалады. Бейнелеу, көркемдеу түрлерінің лирикадағы қызметі көп қырлы. «Тілімізде бейнелеу үш мәселені қамтиды. Бірінші, танымдық; екінші даралау; үшінші субъективті бағалау. Осы ерекшеліктер суреткер үшін дара, эстетикалық, көркемделген бейне жасаудағы құбылғудың маңыздылығын арттыра түседі» [2, 204 б.]-деген Л. И. Тимофеев тұжырымына сүйене отырып, психологиялық егіздеудің стильдік ізденістегі орнын, ақындық даралықты танытудағы мәнін терең тануға К. Мырзабеков өлеңдерін талдап қарастырдық.

К. Мырзабеков өлеңдерінде кездесетін психологиялық егіздеу тәсілі тұспалдаумен, ауыстырумен ұласып жатады. «Өкені

сағынамын» өлеңіндегі психологиялық егіздеу дәл осы сипатта көрінеді:

Кім әкесін өлімге қия алады,
Тұрды әкемнің қанырап үй-орамы.
Жемге кеткен қарлығаш қайта оралмай,
Қызыл шақа біз қалдық ұядағы [3, 14 б.].

Ажал атты оралмас сапарға кеткен әкені «жемге кеткен қарлығаштың қайта оралмауы», өздерінің тым жас жетім қалғанын «қызыл шақа біз қалдық ұядағы» түрінде суреттеу әрі егіздеу, әрі тұспалдау. Көркем әдебиеттегі көркемдегіш құралдар бір-бірінен мүлде алшақ кетпей, кей тұстарда бірігіп кететіні осы жолдарды дәлел етеміз. Табиғат құбылысын көңіл-күймен егіздей беретін дәстүрлі үлгі К.Мырзабеков шығармаларының бір сипаты болып табылады. Көктем мезгілімен көңіл-күйді егіздейтін тәсіл:

Дірілдеп жатқан көзіме түссе таң шығы,
Дүрмек көктемнің құлаққа келсе шаң-шұңы.
Бойымды менің дір еткізеді, дүние-ай,

Тамырыма тұнған аяулы сезім талшығы [3, 19 б.] - деп жырланған жолдардан көрінеді.

Қар жауды бүгін, қар жауды бүгін,
Мезгілдің тағы жалғасты заңы,

Менің де денем мұздады [3, 16 б.] – делінген жолдарда көңіл-күй қыс мезгілімен, жауған қармен егізделе отырып, лирикалық қаһарманның жан әлемі танытылады. «Өліара мезгіл» өлеңі тұтасымен психологиялық егіздеу тәсілімен туындаған. Ақын өлеңдерінің көркемдік жүйесінде егіздеу түрлері қатарласа келетін тұстар бар. «Құрақ жыры» өлеңі – әрі психологиялық, әрі синтаксистік параллелизм үлгісімен жазылған:

Көл жиектеп желкілдейтін көк құрақ,
Жел иектеп селкілдейтін көк құрақ,
өсе-өсе қамыс болдың сен, міне,
Өсе-өсе жігіт болдым мен, міне [3, 42 б.].

Өлеңнің соңғы шумағында философиялық түйін жасалады:

Ей, жас құрақ, біздегі сәл айырма,
Адамға тән... мен айтпай-ақ пайымда.
Біздің қыр да сендерге ұқсас тек қана,
Әр дауыспен айтылатын қайырма [3, 42 б.].

Екі құбылыс салыстырыла, егізделе келе, тіршілік, ғұмыр заңдылығын танытар тұжырым осылайша шығарылады. Ақынның көңіл-күйді, өмірлік құбылысты табиғатпен егіздей суреттейтін

өлеңдері әдемі көркемдік мазмұн түзіп, түйсікке әсер етер жанды суретке айналады. Тағдыр мен табиғат – ақын үшін егіз құбылыс.

Қара бұлтты үйіріп, селмен ұрып,

Дауылымен түйіліп, желмен ұрып.

Тағдыр мені тезіне салып алып,

Жібергісі келеді «пенде» қылып.

Бұлт артында білдім мен шуақ барын,

Дауыл ғой деп дәлемді құлатпадым [3, 146 б.].

Өлең жолдарынан көріп отырғанымыздай, тағдырды табиғатпен ұқсастыра отырып, табиғатқа тән әрекетті тағдыр әрекеті түрінде сипаттау арқылы психологиялық егіздеу тәсілі туындаған. Және де бұл жерде символ, яғни түспалдау да көрінетінін білуіміз керек.

Психологиялық егіздеудің маңызды көркемдік қызметі құбылыстарды, заттарды егіздей, салыстыра суреттеу арқылы адам санасына әсер етер, эстетикалық ләззат берер поэтикалық сурет туындату болса, ақындар бұл тәсілдің мүмкіндігін өздерінің лирикалық туындылары арқылы кеңейте түсті. К.Мырзабеков өлеңдері соның бір мысалы.

Ақынның психологиялық егіздеу тәсілімен туындаған «Екі өзен» өлеңінің де көркемдігі сәтті шыққан. Бұл өлеңде ауыстыра бейнелудің де сипаты бар (мен де өзенмін). Өлеңде екі зат – екі құбылыс қатарластыра алынып, егіздей жырланады. Ақынның «Бозша тал», «Қар жауды бүгін», «Қаймақ көл ме..» т.б. өлеңдері психологиялық егіздеу түрімен жазылған туындылар.

К. Мырзабеков өлеңдеріндегі психологиялық егіздеулері ақынның поэтикалық стиліне ықпал етеді және олар ұқсас, шектес құбылыстарды салыстыру арқылы поэтикалық сурет тудырып, ақынның стильдік қолтаңбасын байқатып тұрады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр-Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. монография:– Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2011.- 442 б.

2 Тимофеев Л. Слово о стихе. – М., 1982.

3 Мырзабеков К. Жолға салдым көшімді. -Астана: Елорда, 2002. – 208 бет.

ҚУАТ АРАБДАНҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

ШАРИПОВ Қ. Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, Новомир ЖОББМ, Павлодар облысы,
Железин ауданы

Тарихтың сан ғасырлық сүрлеуінен өтіп, бүгінгі әлемдік деңгейде дербес мемлекеттік тұлғасымен танылып отырған қазақ елінің әдеби, мәдени құндылықтары – уақыт өткен сайын рухани әлемде із қалдырған айтулы мұралармен толыға түсетін халықтық қазына. Соның ішінде, халық ақындарының поэзиясы, әдеби мұрасы – түпкі тамырын фольклордан тартып, нәрін жазба әдебиетімізге құйған арналы сала.

Әдеби мұрасы бүгінгі тәуелсіз таным тұрғысынан сараланып, талдап, әдебиеттану ғылымында жүйелеуді қажетсініп тұрған халық поэзиясы өкілдерінің бірі – Сілетілік ақын Қуат Арабданұлының әдеби мұрасы болып отыр. Дегенмен Арқа бойында ақындық өнерімен танылған, поэзиясының өзіндік бағыт-бағдары бар, есімдері аталмай, шығармашылығы зерттелмей жүрген ақындар да баршылық.

Ақынның шығармашылық өмірбаяны әлі ғылыми айналысқа түскен жоқ. Ол туралы зерттеушілер С. Негимов, І. Қарағозин баспасөз беттерінде және шығармалар жинағында біраз мәліметтер берді. Қуат ақын шығармашылығы жайында зерттеу объектісі ретінде қаралу керектігі 1990 жылдардың өзінде-ақ айтылған болатын. Ақын жайында алғаш танымдық мақала жазған КСРО журналистер одағының мүшесі, журналист Илияс Қарағозинның «Арқа ажары» газетінде «Сілетілік ақын Қуат Арабданұлы туралы» деп аталатын мақала жариялайды. Мақалада ақынның шығармашылығы, аңыз әңгімелер және де шыққан тегі, туған жері жөнінде мәліметтер кездеседі. Қуат ақын ғылыми ортаға белгісіз болғандықтан оның өмір деректеріне, тегіне тоқталып өтсек, ақын 1802 жылы Ақмола уезіне қарасты Сілеті болысында дүниеге келген. Сілеті болысының бүгінгі орыны Солтүстік Қазақстан облысына қарасты (Қызылжар қаласы), Уәлиханов ауданы, Құлыкөл (Чапай) ауылы. Ақынының руы Орта жүз ішіндегі Арғын тайпасының Қанжығалы руынан болады.

Кейінгі жылдары ақын шығармашылығы С. Ғылмани, Ж. Әбілшеулы, Ф. Мұқатов, Ф. Омаров, Қ. Мүтәліпұлы сынды т.б. елге белгілі адамдардың жинақ кітаптарында жарық көрді. Қуат Арабданұлының өмірі мен әдеби ортасы Илияс Қарағозин

мақаласында айтылады. Бұған бірден бір себеп болатын Қанжығалы Бөгенбай батырдың ұрпағы, арғынның ақсақалы атанған Саққұлақ шешеннің замандасы деп келтіреді.

Ақынның өмір тарихында Саққұлақ би бір жиында ақынды сынау үшін «Қуат, сенің ақындығыңды мына жұрт бағаласын, екі адал екі арамды бір ауыз сөзге сыйғызып айтып берші деген уақытта Қуат ақын тайсалмастан:

Ит бауда,

Теке тауда.

Құлан қырда,

Құндыз суда» – [1,9] деп табан астын жауап берген. Саққұлақ би ақындығына тәнті қалып, өзінің қамқорлығына алып, қандай да бір жиын бола қалса Қуат ақынды жаныан бір елі тастамайтын деген ел аузында аңыз-әңгімелер сақтаулы.

1878 жылы Ерейментауда керей Сағынайдың асында Ақан серінің Құлагері жөнінде:

Салғанда Құлагерлеп Ақан бай-бай,

Момындап біздің сақаң салды айғай.

Жиналып қарауылға қанжығалы,

Болғанда басқасының жері шалғай [1,14], - деп басталатын ұзақ жырынан бірер шумағы ғана бар деп І.Қарағозин осылай түйіндейді. Бұл тұрғыдан саралап келгенде ақынның алдағы мұраларын зерттеу барысында Құлагердің өлімі жөнінде біраз сырдың беті ашылар еді.

2014 жылы ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы деректерді, ел аузынан, көнекөз қариялардың, ақынның туған-туыс, ұрпақтарынан жинастырып, игі істің бастамашысы болған Құлықөл ауылының тұрғыны Ерден Сағындықұлы есімді азаматтың бастамасымен ақын мұрасын жинастыруыма себепкер болды.

2015 жылы «Заманымызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары» атты Садуақас Ғылманидың шығармалары басылым беттерінен жарық көрді. Кітапта «Боранбайдан Қуат Тәңірбергенұлы ақынның сөздері» деп келеді. Қуат ақынның тегін жоғарыда айтып өттім, осыған қарағанда ақынның тегі жөнінде жаңылыс кеткен. Аталмыш еңбекте ақынның сөз саптауы, шешендігі, тапқырлығы жөнінде жәдігерліктер көптеп кездеседі.

Өз елінде Бердібек деген бір баймен бір тойда қатар отырады. Отырған бай Қуат ақыннан жиіркеніп, әрі отыр деп – жекіреді. Сонда ақын «сенің байлығың маған жұқсын, менің майлығым саған жұқсын» [2.47 б] – депті.

Тағы бірде Қуат ақын Атбасарлық нағашыларына жол жүріп, амандық білісіп барғанда, ақынның қолына су құйып әзірленген жиен қарындасы Қанжығалы ақын Қуат па, сол аттас басқа біреу ме? – деп «аға қолыңызға су тұрмай кетті ғой», – дейді. Сонда Қуат ақын бірден:

Аған жасы алпыстан асып қалды,

Тісі мұқап, тілдігің басып қалды.

Көріліктен шаш-сақалға нысан кіріп,

Басыма ақ көбігін шашып қалды.

Қайтпаған қара тастан алмас денем,

Босандап, суы қайтып, жасып қалды.

Талғамай алабұртқан ұшар жүрек.

Аптығып о да қажып, басып қалды,

Торғындай үлбірген ақ денемді,

Бұл күнде кемпір сипап, басып қалды.

Қолға су құйғанменен қайда тұрсын,

Қан кеміп, денеден ет қашып қалды.

Қарағым, назар көзің маған салма,

Артымда жиырма бес қашық қалды.

Жақсыға жар табылу қиын емес,

Сынауың жолсыз, шырақ, кәрі шалды [2.56 б], – депті. Ақынның суырып салма таланты, ойға жүйрік, сөзге шешендігі, сүбелі, дуалы сөздерінен өткір тілді құдыретті сөз иесі екендігі көрініп тұр. Қай заманда, қай дәуірде болсын қазақ ақындары сөз құдыретін күрмейттей білгендіктен ақын Қуаттың бойында «ақындық» мәртебе бой алған, ой алған.

Бай, кедей деп бөлінген заманда ақын сөздері, өлеңдері тақырыптық жағынан қанатты, нақыл сөз болып келеді. Соған бірер дәлел өз заманында бай мен атқамінерді мақтап, жағынып, кедейді келемеждеп жүрген біреуге айтқаны:

Әрбіреу өлең айтып ақын болған,

Жағынып жақсылармен жақын болған.

Мадақтап бай мен сұмды атқамінер,

Кедейді келекелеп, күні солған.

Нашарды келемеждеп жағынса да,

Олжасы шамалы ғой мұнан алған.

Әркімнің қорлауында мазақ болып,

Қор қылып, аласың-ау мына жалған, – депті. Заманында Сүйінбай, Жамбыл, Шал ақын, Біржан сал т.б. қазақ ақындары, сал-серілер әр уақытта халық жадында, халықтың сөзін сөйлегендіктен

халық ақындары деп әдебиетімізде орын алды, сөзі өткір тұлғалармен замандас – ақын Қуат Арабданұлыда дара қасиетімен белгілі болған ақындардың бірі.

Академик С.Қасқабасов: «жыршы – елдің тәуелсіздігін негізгі тақырыпқа айналдырады, ал ақын – адамның тіршілігі мен сезімін суреттейді» [3.116 б]. Ақындық поэзия ауызша және жазбаша дәстүрде желісі үзілмеген мәселе. Қуат ақын жырларыда, өлендеріде адам тіршілігін, адам құбылысын, адам бойындағы рухани имандылықты, имани қасиеттілікті, ар-ұжданды насихаттайды. Ақындық поэзия дәстүрі ежелгі түркі және ислам өркениеті қалыптасып, XV-XX ғғ қазақ поэзиясында тұрақты сақталған игі үрдіс. Яғни қай ғасырда болмасын ақын, жыршы, жырауларда ислам мәдениетінен хабардар болып өлеңмен кестелеп, өрнектеп отырды. Ақын өлендеріде күні бүгінге дейін ауызша таратылып ел аузында сақталып жетті.

М. Әуезов: «Қазақ халқының ақындық-қабілет дарыны өмірде ақындардың ерекше типін туғызады. Бұл біздің заманымызға дейін жеткен бұрынғы ақындық қазыналарды сақтап қалған әрі жыршы, әрі импровизатор ақындар» [4.35 б] – дейді. Тума талант, өзіне тән сөз саптасы, айту нақышымен ерекшеленетін, заманында төкпе жырдың төрінен көрінген Қуат Арабданұлы ақындық қазынаны, жыршылықты, ақындық типті, импровизаторлық үрдісті сақтаған ақындардың бірі.

Қорытындылай келгенде Қуат Арабданұлының мұраларын зерттеу барысында бірнеше-саран жинақталған ой-пікірлер жүйеленіп, әдеби мұрасына біраз да болса ғылыми тұжырым жасалды. Қуат Арабданұлы – қазақ әдебиетінің тарихында өнерпаздық қасиеттерімен, ақындық қуатымен, айтыскерлігімен, халқымыздың белгілі бір кезеңдегі рухани өміріне өз тарапынан игілікті ықпал жасай алған, соңында сыр сырлы сөздері мен ұтымды ойларын қалдырған халық ақыны.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Илияс Қарағозин шығармалар жинағы. Астана. «Елорда», 2010 – 408 б.
- 2 Садуақас Ғылмани. Заманымызда болған ғұламалар тарихы. Астана. «Дайк-Пресс», 2015 ж.
- 3 Қасқабасов С. Алтын жылға. Зерттеулер мен мақалалары. – Алматы: «Жібек жолы». – 2013 – 520 б.
- 4 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: ҚМКӘБ, 1962 – 428 б.

АЙТЫС, ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ШӘКЕНОВА М. М.
қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, № 24 ЖОМ, Павлодар к.

Қазақтың ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан айтыс жанрының туу негіздері мен өзіне тән ерекшеліктері, даму тарихы бар.

Айтыс – халық ауыз әдебиетінің ерекше бір түрі. Айтыс қазақтан басқа арабтың бәдеуилер тайпасында және түрік тілдес елдердің бірқатарында, ірі ақындар айтысы Үндістан халықтарында бар.

Кейбір зерттеушілер айтыстың алғашқы шығу тегі өте ерте заманнан келе жатқанын айтады. Оның әуелгі элементі көркемөнердің түрлері сараланып, бір-бірінен әлі ажырамай, бәрі бірігіп бір бүтін өнер саналып, әні де, өлеңі де, оны шығару да, орындау да, қимыл, бет құбылысы, тағы басқалары да қосыла жүрген дәуірде туса керек деп топшылайды. Айтыстың алғашқы адымы осы кезеңде басталса керек.

Айтыстың ескі түрі деп есептелетін бәдік айтысының негізінде адам баласының табиғатқа әсер ету мақсаты жатса, басқа айтыстардың ішінде қайсысы ерте, қайсысы кеш туды, оны айту қиын.

Дегенмен, кейбір айтыстардың мазмұнына, лексикасына, сөйлем құрылыстарына қарап, қай заманда пайда болғанын топшылауға болады. Мысалы, жануарлар айтысына, өлі мен тірінің айтысына қарағанда, жұмбақ айтысының анағұрлым кеш туғандығы анық.

Салт айтысының ескі түрі қыз бен жігіт айтысында негізгі тақырып – жастық көңіл күйі мен өнер сынасу болса, ақындар айтысында өнер салыстыру, сөз сынарудың үстіне әр ақын өз руын дәріптей жырлаушылық келіп қосылғанын көреміз. Әсіресе бұл XIX ғ. етегін кеңірек жайған. Осы дәуірде өмір сүрген атақты ақындар: Шөже, Балта, Орынбай, Кемпірбай, Тезекбай, Сүйінбай, Түбек, Омарқұл, Тәбия, Мұрат, Сүгір, Жаскілең, Бала Омар, Біржан, Сара, т.б. түрлі тақырыпта шығарған қысқа өлендерімен қатар, айтысқа түсіп, сан алуан сөз тартыстарын бастарынан кешірген және тарихта көпшілігінің аттары осы айтыс арқылы сақталған.

Айтыс жанры қазақ ауыз әдебиетінде саны жағынан да, сапасы жағынан да айрықша орын алады. Тек қазақта ғана емес, бүкіл Шығыс елінде бар айтыс қазір өзінің жанрлық қасиетін, түрін қазақ әдебиетінде ғана сақтап қалып отыр.

Айтыстың өзіне тән ерекшеліктері бар. Ақындар айтысында «жаттама (трафарет) өлендер аз болады» (С. Мұқанов). Олар өлеңді

табан астында шығарады, тосыннан айтысады. Айтыс үстінде талай күтпеген жайлар кездеседі. Айтысар тақырыбы белгісіз, тосын сұрауларға тап болады. Екі ақын да бірін-бірі тығырыққа қамау үшін, бірін-бірі сүріндіру үшін, өмір құбылыстарын жұмбақ етіп те тартады. Сонын бәріне ақындар жөпелдемеде жауап беруге, дәлел айтуға әзір болуы керек. Мұның бәрі ақындардан сөзге жүйріктікті, білгірлікті, тапқырлықты, ұсталықты қажетсінумен қатар, ел-елдің шежіресін, тарихын, жер жайын, этнографиялық ерекшеліктерін білуді керек етеді. Олай болмаған күнде құр ділмарлықпен ештеңе өндіре алмайды, сайыста дәрменсіз болып қала береді. Жаттанды сөз өрнегін қолдану ақынға абырой әпермейді.

Ақындар айтыстың бас кезінде асқақ әуенге басады, өздерінің мойны озық сөз жүйрігі екенін таныта, қарсылас ақынын тұқырта, кеміте, үркіте сөйлейді. Әсет пен Ырысжан айтысында Ырысжан:

Дау айтып күні бұрын көрсетпелік,
Майданда озса жүйрікке есептелік.
Орта жүз түгел білген Ырысжанмын
Үш кессе қауқарым бар кесірткелік, –
деп, Әсетті ықтыра сөз тастайды, ал Әсет оған:
Айыр көмей, жез таңдай, қаусырма жақ,
Алты арысқа білінген екен мәнмін, – деп, асқақ жауап қатады.

Ақындардың бірден асқақ кетуі тек бірін-бірі ығыстырып үркіту, тұқырту ниетін көздемейді, олар сонымен қатар бір-бірінің аяқ алысына, сөз саптасына, өнерлілігіне барлау да жасау мақсатын көздеген. Сөз майданында тосын кездескен, бір-біріне танымал емес ақындардың мұндай барлау жасауы табиғи да.

Ақындар айтысының тағы бір ерекшелігі «ойында өрелік жоқ» дегендей, айтысқа үлкен де, кіші де, еркек те, әйел де қатынаса береді. Тек талант-дарыны болса, бәйгеге түсер шамасы болса болғаны. Майталман ақынның жарыста таныла бастаған балаң ақынмен, ұлғайған ақынның жас қыз, келіншекпен айтысуы, сөзбен сілкілесуі шам емес.

Сонымен қатар айтысып отырғанда, ақын өзінің жеңілгенін білу де айтыстың негізгі шартының бірі болып саналады. Сөзге сөз табу, орынды жерінде ұтымды сөз айту сияқты өзінің, жеңілгендігін білу де жоғары бағаланады. Жеңілгеніне қарамай, құр босқа төпей беруді көпшілік дарындылық, ақындық деп танымайды. Мұндай қылықты қазақ айтысқыштық, ұтымшылық деп санамайды. Оны қазақ «сиыршылау» деп атайды. Шынайы ақын өзінің ұтылғанын білсе, бірден жеңілгенін мойындап, әрі қарай сөз таластырмайды.

Ауыз әдебиетінің басқа жанрларына қарағанда, айтыстың ерекшелігі – оған көптеген әйел ақындар қатынасқан. Қазақ ақындар айтысында талантымен танылып, бүкіл елге аты жайылған әйгілі ақындар аз емес. Сара мен Ырысжан, Ақбала мен Күнбала, Тоғжан мен Тәбия сияқты ақындар – топтан озған жүйріктер. Осындай аяулы өнер иелерін халық қатты ардақтаған.

Ақындар айтысының ендігі бір ерекшелігі – онда «Халық театрының анық, дәл ұрығы бар» (М.Әуезов), айтыс әсерлі болуы үшін ақындар домбыраның не сырнайдың, қобыздың сүйемелдеуімен, әнмен айтады. Театр актерлеріндей олар сан алуан құбылыс жасайды.

Тарихта аты мәлім қазақ ақындарының көпшілігі осы айтыс өлеңдерінде тәрбиеленіп өсті. Айтыс – ақындық тәрбие мектебі. Сөз сайысы үстінде оның ақындық өнері шыңдала береді. Ақындар шаршы топ алдында сарапқа, сынға түскендіктен, сөзінің мазмұны мен көркемдік жақтарына зер салады. Айтыс жырларындағы үздік образ, шешен сөздер осы айтыс үстінде туған.

Айтыстың көркемдік ерекшелігі. Өлшеусіз талант әрі әнші екі саңлақтың шешен сөздері – өзінің көркемдік жағынан күні бүгінге дейін үлгі. Бұл айтыстың сөздері анықтық, тазалық, дәлдік жағынан болсын, көркемдік, сұлулық жағынан болсын қазақ поэзиясының төрінен орын алады.

Үздік теңеу, эпитет, жалпы троп пен фигураның бұл айтыстан небір шұрайлылары табылады.

Ақиық, мұзбалақпын жерге түспес,

Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес, – деген жолдардағы эпитеттік метафоралар, «қырандай желді күнгі аспандаймын» деген жолдағы теңеу үздік образдар екені сөзсіз.

Біржан өзін де, біреуді де дәріптегенде, өте шебер және көбірек қолданатын әдісі – метафора, әсіресе оның ұлғайған түрі.

Сол көркем сөз айшықтарын екі ақын да өз арман-мұраттарын, мұң-шерін айтып беру үшін шебер пайдалана білген. Біржан сөздеріндегі алуан түрлі эпитет, метафоралар, Сара сөзіндегі үздік теңеулер соны да көркем.

Біржан мен Сара айтыстарында ақындық көркем тілдің және бір түрі – ирония мен сарказмды шебер де ұтымды қолданған. Әсіресе айтыстың соңында Сараның Жиенқұлды шақыр деген жеріндегі сөз, сөйлем құрылысын алсақ, түгелдей ирония, сарказмға құрылады.

Көріңсін Біржан салға ай секілді,

Ақ құйрық көңіл ашар шай секілді,

Ұсынса, қол жетпейтін арғымағым,

Біржанға баламаймын тай секілді...

Мұнда сөйлемнің сыртқы құрылысы көркем, асыра мақтау болса да, ішкі мазмұнында Жиенқұлдың шын суреті мен шын қасиеті бұл мақтауды жоққа шығарады да, оны иронияға (әжуаға) айналдырады. Мұнда сырт жағынан болса да мақтау бар. Ал екінші үзіндіде Сара Жиенқұлды ашық шенейді:

Қонжиып мінер Құла жорға барса,
Келе алмас ол шірігің қорғаласа,
Ол бізді шын масқара қылар сонда,
Қорс етіп бармаймын деп үйде қалса.

Алдыңғы үзіндіде ішкі мазмұнына сыртқы құрылысы керісінше келсе, соңғы үзіндіде өзінің барлық күйін ашық, улы сарказммен айтып, Жиенқұлды өлтіре сынады. Сол арқылы өз басын малға сатып, сүймеген адамына бергелі отырған айналасына да наразылығын білдіреді.

Сөйтіп, «Біржан мен Сара» айтысының негізгі түйіні – әйелдің бас бостандығы. Өткен ғасырда екі саңлақтың үн қосып, әйелдің бас бостандығын жырға арқау етуі, ескі феодалдық салтқа қарсы шығуы өз дәуірі үшін прогресшіл идея еді.

Құрылысы, түрі жағынан алғанда, бұл айтыс – салт айтыстың ең биігі.

Қорытынды

Жұмысымызды қорыта келсек, қазақ әдебиетін оқытуда мектеп оқушыларына халық ауыз әдебиетінің «Айтыс» жанрын оқыту арқылы оқушыны шешендікке, тапқырлыққа баулимыз. Жастардың айтысты талғампаздықпен түйсіну, эстетикалық тұрғыдан қабылдау қабілетін дамыта аламыз.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» жасалып, онда білім беру жүйесін ақпараттандыра отырып, білім берудің сапасын анықтаудың ұлттық жүйесі тәрізді мәселелер қарастырылды. Осыған орай біз айтысты оқытуда ақпараттандыра отырып оқушы санасына айтыс туралы көптеген мәліметтер беруге болады. Айтысты ақпараттандыра отырып оқыту – оқушылардың сөз мәдениетінің, тіл талғамының орнығуына әсерін тигізеді. Қазіргі таңда білім беретін мектептің алдында әдебиеттің, көркем өнердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылар бойында әсемдікті сезе білетін, өнер шығармаларын дұрыс қабылдап түсіне, түйсіне білетін, бойында ұлттық Отаншылдық рухы мықты жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұр.

Тәрбие – адамзат баласымен бірге жасасып келе жатқан процесс. Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәрбиесі болады десек, біздің, қазақ халқына тән өзіндік ұлттық нақыштарды көптеп кездестіре аламыз. Ол музыка тұрмыс-салт әндерінен, айтыс өнерімен халықтың салт-дәстүрінен, кәсібінен, қолөнерінен, ұлттық тағамынан, киімінен т.б. көрініс табады. Жас ұрпақты тәрбиелеудегі өнердің алатын орны ерекше.

Айтыс өнері сан ғасырлардан бері бірде дамып, бірде тоқырап, халқымен біте қайнасып талай өткелектерден өтсе де, жойылмай келе жатқан поэзиялық жанр екені белгілі. Айтыс үстінде әр ақын өз елінің (жерінің) намысын қорғайды, табыстарын мақтан ететіндігін оқушыларға түсіндіріп, өздері де «болмаса да ұқсап бағуға» тырысуға тәрбиелеу керек. Көбіне ақындар ел атынан сөйлеп отырған. Айтыс арқылы біз балаларды «адамның баласы» болуға тәрбиелей аламыз. Халықтың атынан сөйлеуге үйретеміз.

Айтыс – дүние жүзіндегі басқа ешбір халықта жоқ, өнерді тамашалауға жиналған жұртшылықтың делебесін қоздыратын, ұлттың намысын қайраққа салатын, көрермен қауымның ыстық ықыласына бөленген, қазақ халқының ұлттық мақтанышы. Айтысқа қатысатын екі ақынның да артында арқа сүйер іргелі елі бар, сондықтан айтыскер ақындар ешкімнен қорғаламай (жасқанбай), халықтың айтар сөзін айшықты өлең жолдарымен өрнектеп, ел жақсыларының даңқын ақсактатып, қалың бұқараның аузында жүрген шырқыраған шындықты дүйім жұрттың алдында ашық жайып салып отырған. «Хан» демей, «Қара» демей, елге тізесін батырған озбырлардың қылықтарын әшкерелеп, өткір сынның тезіне салған. Қанша жерден жек көргенмен, ешбір билеуші айтыскер ақындардың аузына қақпақ қоя алмаған. Айтыс өнерінің өміршендігі де осында жатса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009.

2 Байтанасова Қ.М., Айтұғанова С.Ш. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2008.

3 Ақшолақов Т., Жұмажанова Т., Қалиев С., Дүйсебаев С. Қазақ әдебиеті: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2005.

4 Ақшолақов Т., Жұмажанова Т., Қалиев С., Дүйсебаев С. Қазақ әдебиеті. Әдістемелік нұсқау. – Алматы: «Мектеп», 2005.

5 Асыл Ұ, Жұмажанова Т., Бейсенбаев Ф. Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. – Алматы: «Мектеп», 2005.

6 Ғабдуллин М., Ысқақов Б. Халық ауыз әдебиеті. Оқу құралы. – Алматы, «Мектеп» баспасы, 1974.

7 Әуезов М. Әдебиет туралы. О литературе. Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1997.

8 Көкейтесті әдебиеттану. 3 кітап. / Құрастырып, баспаға әзірлеген ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ғылымға еңбек сіңірген қайраткер, профессор Р.Н. Нұрғали. Астана, Күлтегін, 2003.

9 Құсманова К. «Біржан-Сара айтысының» тілдік ерекшеліктері: Канд. дис. автореф. – Алматы, 1999.

10 Қирабаев С. Айтыс – асыл қазына // Егемен Қазақстан. – 2003. 18 наурыз.

МАЗМҰНЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, с.ғ.д., А. Әрсариевтің алғы сөзі.....5

1 Адам потенциалының жағдайы мен дамуы 1 Состояние и развитие человеческого потенциала

1.1 Интеллектуалды және мәдени-рухани даму 1.1 Интеллектуальное и культурно-духовное развитие

1.1.5 Әдебиет және филологияның өзекті мәселелері 1.1.5 Актуальные вопросы литературы и филологии

Абдрахманова Г. С. Қазақ тілі сабағында қолданылатын әдістер.....	5
Абдрахманова Р., Жүсіпов Н. Қ. Мақал-мәтелдердің жиналу жағдайы	10
Абдукаимова Н. Т. Проблемное обучение на уроках русского языка.....	16
Абдуллаева Қ. М. Көркем прозадағы тенеулердің қолданылу ерекшеліктері.....	20
Абдықадырова Т. Р. Рухани көсемдік - тұлғалық қасиеттің шыңы	25
Абдыханова Б. А. Прецентті мәтіндердің лингвомәдени қызметі.....	32
Абжалова Ұ. С. Қазақ тілін оқытудағы педагогикалық жағдай	39
Абтрахимова Т. Р. Развитие познавательной активности дошкольников через приобщение их к математическому творчеству.....	42
Акылбекова М. Н. Развитие функциональной грамотности при работе с текстом на уроках русской литературы	47
Ақпарова З. Б. Қазақ тілі пәнін оқытудың кейбір мәселелері	53
Алтынбекова Г. А. Қазақ тілі сабақтарындағы инновациялық әдістер мен технологиялар ...	59
Альмукашева А. М. Использование технологии развития критического мышления на уроках русского языка и литературы.....	62
Аманжолова Д., Қадырова Б. М. Тіл және мәдениет	67
Аманова М. А. Духовно-нравственное воспитание младших школьников	70

Асанбаева Е. Б., Жүсіп Қ. П. Публицистикалық мәтіннің дискурсивтілігі.....	73
Асанбаева Е. Б., Жүсіп Қ. П. Дискурс түсінігі және публицистикалық дискурстың ерекшеліктері	79
Асегова Ж. Эпикалық жырлардағы толымсыз ұйқастар сипаты	85
Аскарова К. А. Классикалық үлгідегі әндердің жана әуендегі орындалымы және оның тәрбиелік мәні	94
Ахметова Ж. Ж. Развитие творческих способностей детей дошкольного возраста средствами театрально – игровой деятельности	101
Аятхан Б. Әдеби шығармалар арқылы балалардың тілін дамыту.....	104
Байдаулетова Г. Т., Баратова М. Н. Р. Тоқтаров шығармашылығы	109
Баизбаева Т. С. Использование инновационных технологий на уроках русского языка	115
Бейсенова А. Қ. Қазақ тіліндегі статикалық кеңістік қатынастың берілуі: көмекші есімдер мен үстеулер	118
Бухарзада М. Тіл мен философия сабақтастығын зерттеудің қазіргі бағыттары.....	123
Дурсунова Д. И. Қазақ халқының сәндік ою-өрнектері	128
Дүйсенова М., Жүсіпов Н. Қ. Батырлар жырының тарихилығы	133
Елемесова Г. Н., Жүсіпов Н. Қ. Қаһармандық эпосты зерттеу мәселелері.....	138
Ельшебаева С. М. Формирование навыков критериального оценивания на уроках английского языка.....	146
Ерохина И. В. Использование видеоматериалов при формировании межкультурной коммуникативной компетенции у студентов в обучении иностранному языку.....	151
Жармағамбетова Л. У. Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін оқытудың тиімді жолдары.....	158
Жолдасова А. К. Табиғат құбылыстарының метафора арқылы бейнеленуі.....	163
Жүнісқали Ә. Қ. Шетелдік білім алушыларына қазақ тілін оқытудағы кейбір мәселелер.....	171

Здор Е. В. Семантические признаки производных эмотивов в русском языке	176
Зейнулина А. Ф. Мастерство психологического анализа в произведениях Ж. Аймауытова.....	183
Ибраева Ә. Т. Көркемдік таным мен шығармашылық шеберлік.....	191
Иманбаева А. Н. Лингвоаксиологический аспект жилища с позиции «сьемное/ временно/ разделяющее с кем-либо».....	198
Иңкәрбекова А. Т., Жүсіпов Н. Қ. Қазақ эпосын зерттеу мәселелері.....	203
Камалова Е. И. Содержательные аспекты в контексте полиязычного образования	209
Конратбаева Ш. Бизнес аударма артықшылықтары.....	212
Курбанова А. Т. Сабақтарда сын тұрғысынан ойлау технологияларын қолдану	216
Қазиева Б. Ә., Қадырова Б. М. Тілді әлеуметтік тұрғыдан зерттеу әдістері.....	219
Макенова К. Т. Роль семьи в обучении и воспитании детей.....	225
Матайбаева Ж. С. Ақпараттық-коммуникативті технологияларды қолдана отырып, оқушылардың қазақ тілі пәніне деген қызығушылығын арттыру.....	229
Маханбетова Д., Жүсіп Қ. П. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің даралық стилі	234
Мукатаева Ж. Т. Языковое воспитание и социализация личности через взаимодействие семьи и школы в контексте национальной идеи «Мәңгілік Ел»	237
Мукышова А. Т. Ауыз әдебиеті – тілді дамытудың құралы.....	245
Мухташ Х. Бастауыш сыныптарда халық ауыз әдебиетін оқытудың маңызы.....	252
Нургожина Н. А. Рамазан Тоқтаровтың «Бақытты құлдың ақыры» атты шығармасындағы мақал - мәтелдердің қолданысы	257
Нуркина Н. А., Тілеуберді Г. Қ. Қ. Мырзалиев шығармаларының жанрлық ерекшеліктері	262
Омарова Б. Б., Сапгаева А. Б. Үш тілді меңгеру – заман талабы.....	270
Omarova R. A., Soltanbay S. S Zur Vielsprachigkeit durch die Übersetzung	274

Орумбаева М. К. Художественные традиции русской литературы XIX века и новаторство автора в романе василия гроссмана «жизнь и судьба»280	Сембина Ж., Саликжанов Р. С. Национализм в сфере межэтнических отношений: аспекты национальной безопасности382
Панова С. А., Жахина А. Т., Какенова А. Н. Опыт методической работы в разработке словаря биологических терминов для развития полиязычных навыков (компетенций) школьников288	Смағұлова Г. Ж. «Қазақ тілі сабағында ақпараттық – коммуникативтік технологияны (АКТ) қолдану тиімділігі»389
Рахатжан А., Жүсіпов Н. Қ. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры және Мәшһүр Жүсіп293	Суондикова М. М., Қарипжанова А. О. Көркем мәтін дискурсындағы сандар суггестиясы401
Рахимова Г. И., Баратова М. Н. Қазақ әдебиеті сын тарихының даму кезеңдері301	Ташполатова М. С., Эргешева Л. Б. Ы. Алтынсарин әңгімелерінің тәрбиелік мәні407
Рахметова А. А., Қарипжанова А. О. Синоним фразеологизмдердің қатысымдық табиғаты305	Темерханова Б. Қ. Антропонимжасамдағы танымдық кеңістік413
Рудь А. С. К проблеме художественной антропологии русской литературы313	Темерханова Б. Қ., Кәріпжанова А. О. Сөз тіркестерін оқытуда дамыта оқыту технологиясын қолдану419
Сабыржан С. Неологизмдердің қолданысқа енуі317	Темиржанова А. Ж., Ахметбекова А. М. «Мәтін» және «көркем мәтін» ұғымдарын сипаттау425
Сағитова Г. Қ. Тілді дамытуда тірек сызбалардың рөлі323	Темиржанова Ф. Қ. Қ. Бітібаеваның Жобалау технологиясы арқылы оқушыларды шығармашылыққа баулу430
Садвакасова Ж. Е. Оқу үрдісінде білім технологияларын қолдану, интерактивтік әдістерді пайдалану жолдары326	Темиржанова М., Тұрышев А. Қ. Орта ғасыр ескерткіштері тілінің зерттелуі және лексикалық ерекшеліктері435
Садриденова Б. Н. Формирование ключевых компетенций, обучающихся на уроках русского языка и литературы332	Темірғалина Ә. Қ. Қазақ халқының ән дәстүрінің тәрбиелік мәні441
Салимова Е. Ж. Бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыру мәселелері341	Тілеуберді Г. Қ., Нуркина Н. А. Шәкәрім тілдік тұлғасындағы «ғылым», «білім» және «адамгершілік» концептілері449
Самарова А. Т., Баратова М. Н. Қазақ әдебиетін оқытудың мәселелері347	Тоимбаева Н. Мәтін арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары463
Самсенова Г. С., Жумабекова Б. Б. Русский язык в вузе: проблемы преподавания351	Токпанова А. М. Көптілді білім беру-қазіргі заман талабы468
Сардарбекова В. Г. Роль художественной литературы в развитии детей дошкольного возраста357	Толокольникова Н. И. Нигилизм в лирике С. А. Есенина475
Сардарбекова В. Г. Закаливание дошкольников летов в условиях детского сада360	Уақбаев А. Ж. Тыныс белгілерінің қызметі483
Сарсекеева А. К., Тұрышев А. Қ. Мәшһүр-Жүсіптің синтаксистік шартты мағыналы сөздері364	Унгаева Н. Тіл білімінде эвфемизмдердің зерттелуі486
Сейполдаева С. Д. «Оқушыларға тұрақты тіркесті менгерту» мұғалімдерге арналған әдістемелік көмек құралы369	Урусбаева Д. Б. М. Шахановтың махаббат лирикасының жанрлық-стильдік өзгешелігі495
Сейсенбаева А. Қазақ баспасөзінің зерттелуі374	Халметова Д. И. Значимость дополнительных занятий в изучении русского языка500
	Хасенова Ә., Жүсіпов Е. Қ. Ш. Құдайбердіұлының шығармаларындағы дін тақырыбы506

Хасенова Ә., Жүсіпов Е. Қ.	
Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы дін тағлымы	511
Хошорбайқызы С., Жүсіп Қ. П.	
Әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесіндегі Б.Кенжебаевтың орны	517
Шалабаева А. А., Жүсіп Қ. П.	
Поэзиядағы адам сезімі және табиғат	523
Шалабаева А. А., Жүсіп Қ. П.	
К. Мырзабеков өлендеріндегі психологиялық егіздеулер	528
Шарипов Қ. Ж.	
Қуат Арабданұлының әдеби мұрасы	531
Шәкенова М. М.	
Айтыс,оның түрлері мен көркемдік ерекшеліктері	535

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«XVII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

16 ТОМ

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева
Корректорлар: А. Елемесқызы, А. Р. Омарова
Компьютерде беттеген А. Т. Бектемирова
Басуға 28.03.2017 ж.
Өріп түрі Times.
Пішім 29,7 × 42¹/₄. Офсеттік қағаз.
Шартты баспа табағы 31,4. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 2986

«КЕРЕКУ» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.